

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

1 кітап



ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ИНСТИТУТЫ

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігі
Отбасылық Тәрбиелеу Институты

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

1 КІТАП

Астана, 2012

УДК 37.0 (072)

ББК 74.9

Е 81

Педагогтар, мектеп психологтары, сыныптан тыс жұмыс бойынша мамандарға арналған әдістемелік құрал.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің қолдауымен дайындалған.

Пікір жазушылар:

Қ.М. Қазкенов – «Нұр отан» ХДП АҚФ ПӘЗОА, академик, профессор, философия ғылымдарының докторы.

Я.Н. Оспанова – педагогикалық ғылымдарының кандидаты, доцент.

А.С. Нұрадинов – Л.Гумилев атындағы ЕҰУ психология кафедрасының доценті, психология ғылымдарының кандидаты.

С.Л.Евдокимова, Н.А.Цветкова

Е 81 Отбасылық тәрбие. Сынып жетекшілеріне, мектеп психологтарына және мектептің басқа да мамандарына арналған әдістемелік құрал. - Астана, 2012.

1-ші кітап - 296 б.

ISBN 978-601-7397-15-9

Отбасы мен мектептің өзара байланысының тиімділігін арттыру – қазіргі замандағы көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Тұлға аралық қарым-қатынастар, жұбайлар мен ата-аналардың өзара әрекеттесуі, әрине, баланың психологиялық, зияткерлік және әлеуметтік дамуы үшін жағымды жағдайларды туғызады және оған рухани құндылықтар, адамгершілік нормалары мен тәртіп үлгілері мен қарым-қатынас тәсілдерін жеткізеді. Отбасылық тәрбиеге әсерін тигізетін, балалар тәрбиелейтін мекеменің ешқайсысы, эмоциялық сала мен сезімді тәрбиелеуге әсерін тигізетін үлгіні ойлап шығара алмайды. Бірақ, ата-ананың педагогикалық құзырсыздығы – отбасылық тәрбиеге кері әсерін тигізіп, жастар арасында өмірге деген адекватсыз және негативтік өмірлік ұстанымдарды қалыптастыруына әкеліп соғуы мүмкін, ал бұл құбылыс, өз кезегінде, Қазақстан Республикасының әлеуметтік дамуына кедергі келтіруі ықтимал.

«Отбасылық тәрбие» әдістемелік құралы мектеп мамандарының назарына мектептің ата-аналармен бірлесіп қызмет атқаруындағы дәстүрлі және жаңа, заманауи үлгілерін ұсынады, оларды дәрістік сабақтар, интерактивті семинарлар мен пікірталастар, дөңгелек үстелдер, тренингтер өткізу үшін қажетті материалдармен жабдықтайды, білім беру мекемесінде қызмет атқарушылар және ата-аналар үшін де пайдалы көптеген жадынамалармен бар. «Отбасылық тәрбие» әдістемелік құралының авторлары, тәжірибе көрсетіп отырғандай, ата-аналарда көптеген қиындықтар туғызатын отбасы тәрбиесінің мәселелерін қарастырады.

УДК 37.0 (072)

ББК 74.9

ISBN 978-601-7397-15-9 (1-ші к.)

ISBN 978-601-7397-14-2

© С.Л.Евдокимова, Н.А.Цветкова, 2012.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 ТАРАУ. Отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігінің үлгілері	15
1.1. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті	16
1.2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері және әдістері	22
1.2.1. Ата-аналар жиналысы	25
1.2.2. Жалпымектептік және жалпы сыныптық конференциялар	29
1.2.3. Көрнекілік насихат	30
1.2.4. Отбасыларға қатысу	30
1.2.5. Ата-аналармен хат алмасу	31
1.2.6. Ашық сабақтар	32
1.2.7. Ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы	32
1.2.8. Ата-аналардың Педагогикалық білімдер Университеті	33
1.3. Педагогтың жеке қасиеттері, оның отбасылық педагогика мәдениетін көтеруді ұйымдастырудағы рөлі мен қызметі	42
2. ТАРАУ. ҚАЗАҚ ОТБАСЫСЫ: ДӘСТҮРЛЕР МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАН	50
2.1. Қазақтардың отбасылық тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрлер	51
2.2. Заманауи қазақ отбасындағы отбасылық салт-дәстүрлер	58
2.3. Ата-аналармен жүргізілетін интерактивті сабақтар материалдары	60
2.3.1. «Отбасындағы эмоционалдық ахуал» сауалнамасы	60
2.3.2. «Теңгерім шеңбері»	63
3 ТАРАУ. ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ СТИЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАНЫҢ ДАМУЫНА ТИГІЗЕТІН ЫҚПАЛЫ	65
3.1. Отбасылық тәрбиенің стильдері	65
3.2. «Отбасылық тәрбие туралы» семинар-практикум	73
3.2.1. Кіріспе	74
3.2.2. «Отбасылық тәрбиенің стратегиясы» тесті	74
3.2.3. «Баланы ести білу» рөлдік ойыны	76
3.2.4. Ата-аналар қарым-қатынасының сауалнама-тесті	78
3.2.5. «Үлгілі ата-ана» жаттығуы	83
3.2.6. «Отбасы» жаттығуы	84
3.2.7. «Алақандар» жаттығуы	84
3.2.8. Ата-аналарға арналған үй тапсырмасы	85
3.2.9. Рефлексия	86

4 ТАРАУ. БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ	87
4.1. Ана – бала өмірінде	87
4.2. Ана тақырыбына байланысты интерактивті семинарлар материалдары	100
4.2.1. «Қалай жақсы ата-ана болуға болады» жадынамасы	100
4.2.2. «Сіз қандай анасыз?» тесті	102
4.2.3. «Сіз жақсы анасыз ба?» тесті	106
4.2.4. «Ата-ана махаббатының түрлері» сауалнама-тесті	110
4.2.5. «Қамқорлық мөлшері» тесті	112
5 ТАРАУ. ӘКЕ БАЛА ӨМІРІНДЕ: ОНЫҢ РӨЛІ МЕН ЫҚПАЛЫ	114
5.1. Отбасыдағы және бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі	114
5.2. Әке тақырыбына байланысты тәжірибелік сабақтарға арналған материалдар	129
5.2.1. «Мен қандай әкемін?» тесті	129
5.2.2. «Мен әкелердің қай түріне жатамын?» тесті	133
5.2.3. «Сіз жақсы әкесіз бе?» тесті	135
5.2.4. «Әкелерге арналған уағыздар» жадынамасы	136
6 ТАРАУ. ОТБАСЫ ІШІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС. БЕЙПІЛАУЫЗДЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ	138
6.1. Отбасыдағы қарым-қатынас және оның баланың қалыптасуына әсері	138
6.2. Әке тақырыбына байланысты интерактивті сабақтар материалдары	147
6.2.1. «Жарнамаға қарсы (бейпілауыздылыққа қарсы) ұрандар құрастыру»	147
6.2.2. Әңгімелесушіні тыңдай білу дағдысын үйретуге арналған жаттығулар	147
6.2.3. Көпшілдік деңгейін бағалау (В.Ф. Ряховскийдің тесті)	148
6.2.4. Нақыл сөздерді талқылау	150
7 ТАРАУ. МАДАҚТАУ МЕН ЖАЗАЛАУ: ПАРАСАТТЫ ТЕҢГЕРІМДІ ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ	151
7.1. Тәрбие әдістері	152
7.2. Ата-ана махаббаты: баланың оны көре, тыңдай және сезе білуіне қалай қол жеткізуге болады?	153
7.3. Тәрбиеліліктің талаптары	157
7.4. Жазалау	161
7.5. Ата-аналар жиналыстарының материалдары	165
7.5.1. «Балаларды ынталандыру және жазалау» тақырыбына арналған сауалнама	165

7.5.2. «Сіз қандай ата-анасыз» тесті	166
7.5.3. Ата-аналарға жадынама	167
7.5.4. «Тәрбиенің үш ережесі»	168
7.5.5. В.А.Сухомлинскийдің отбасы тәрбиесі уағыздары	169
7.5.6. «Баланы жазалаудың салдары» жадынамасы	169
7.5.7. «Өз баламды жақсы білемін бе?» тесті	171
7.5.8. «Баланы қалай мақтау қажет?» тренингтік сабағы	171
7.5.9. Д. Карнегидің кеңестері: «Адамды ренжітпей және наразылық туғызбай өзгертудің тоғыз ережесі»	176
8 ТАРАУ. БАЛАЛАР – АТА-АНАЛАР ҚАҚТЫҒЫСТАРЫ	
алдын-алу және позитивті реттеу	178
8.1. Ата-аналар мен балалар арасындағы келіспеушіліктердің пайда болуы себептері	178
8.2. Келіспеушіліктерді реттеудің конструктивтік тәсілдері: балалар да, ата-аналар да ұтады	184
8.3.Тәжірибелік сабақтар үшін материалдар: тесттер, жадынамалар, жаттығулар	192
8.3.1. Тиімді коммуникация ережелері	192
8.3.2.«Кикілжің жағдайларында стратегияны таңдау» тесті	195
8.3.3. Жаттығу: «Өз сөздігінің бағын қалай отауға болады?» (конфликтоген сөздерден арылу)	198
8.3.4.«Кикілжің жағдайларда жұбайлардың өзара әрекеттесу сипаты»	199
8.3.5.Кикілжің жағдайлардан сабақ алуға көмектесетін нұсқаулар, ұсыныстар	206
9 ТАРАУ. ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУДЫҢ	
АЛДЫН-АЛУ	207
9.1. Жасөспірімдердегі суицидалды мінез-құлықтың себептері мен ерекшеліктері	208
9.2. Суицидалды мінез-құлықтың белгілері	217
9.3. Жасөспірімдер өзіне қол жұмсаудың алдын-алу және болдырмау шаралары	220
10 ТАРАУ. ОТБАСЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ. РУХАНИ -	
АДАМГЕРШІЛІК ДАМУ МЕН ТӘРБИЕЛЕНУДІҢ	
МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ:	233
10.1. Генограмма - шыққан тегінің тарихын зерттеудің негізгі технологиялық тәсілі	235
10.2. Отбасымен жұмыс істеуге қажетті түзетуші техникалар	242
10.2.1. «Отбасылық фотосурет»	242
10.2.2. «Отбасылық мүсін» және «Отбасылық хореография»	243
10.2.3. «Рөлдік карта ойыны»	248

10.2.4. «Отбасылық салт-жоралар»	250
10.2.5. «Әлеуметтік салт-жоралар»	252
10.2.6. «Ұқсас жағдайларды құру» әдісі	255
10.2.7. «Сөйлемді аяқта» психологиялық ойыны	256
10.2.8. «Құндылықтарды алыстыру»	257
10.2.9. «Сабаннан жасалған мұнара» жаттығуы	259
10.2.10. «Отбасылық кеңістік»	260
10.2.11. «Өзара жағымды мінез-құлық» әдісі	262
10.3. Отбасыны психологиялық-диагностикалық зерттеу әдістері	263
10.3.1. «Отбасының өмірлік жолындағы маңызды жағдайлар» әдісі	263
10.3.2. «Ата-ана шығармасы» әдісі	269
10.3.3. Балаға отбасында берілетін махаббаттың түрін анықтау әдісі	271
10.3.4. Ата-аналардың балалармен өзара әрекетін зерттеуге арналған сауалнама (ВРР)	273
10.3.5. Ата-ана нұсқамалары мен әсер етуін өлшеу әдісі (PARY)	279
ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ	292

КІРІСПЕ

«Отан – отбасынан басталады» дейді қазақ халқының мақалы. Отбасыда тәрбие беру – әрбір адамның жеке тұлға, азамат және Адам ретінде қалыптасуының «альфасы мен омегасы» болып табылады.

Отбасылық тәрбие туралы түсінік энциклопедиялық сөздікте «Отбасының ересек мүшелері мен отбасылық тәртіптің балаға жүйелі мақсатты түрде әсер етуі» деп берілген. Отбасылық тәрбиенің басты және ортақ міндеті – қазіргі әлеуметтік жағдайда балаларды өмірге дайындау; нақтырақ міндеті – олардың әдеттегі тұлға ретінде қалыптасуына қажетті білім, дағды мен іскерлікті меңгертуі. Отбасылық тәрбие ересектердің өзін-өзі тәрбиелеуі, балаларға тиімді педагогикалық әсер ететін мінез-құлықтарының қасиеттері мен белгілерін қалыптастыруымен тығыз байланысты. Отбасылық тәрбиеге көптеген факторлар әсер етеді: балалар мен ата-анасының тұқым қуалаушылық және биологиялық (табиғи) денсаулығы; отбасының материалдық-экономикалық қамтамасыз етілуі, оның әлеуметтік жағдайы мен өмірдің тәртібі; отбасы мүшелерінің саны, тұратын жері, баланың ересекке қарым-қатынасы. Осының бәрі әрбір нақты жағдайда бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Отбасыдағы тәрбиенің басты міндеттері болып:

- баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету: оның дене дамуы, зияткерлік, рухани-адамгершілік және жалпы мәдениеттік дамуына қамқорлық жасау;
- баланың денсаулығын сақтауға қамқорлық жасау;
- оның талабын, мүддесін және икемділігін дамыту;
- оқу үрдісі кезінде көмек көрсету;
- қоғамда өмір сүріп, еңбектенуіне, әлеуметтенуіне көмектесу;
- еңбек тәрбиесі;
- мамандық таңдауында көмектесу, бала тұлғасында шығармашылық потенциалды дамыту;
- айналасындағы адамдармен адамгершіліктік, эмоционалдық, толеранттық қарым-қатынасын орнықтыру және қолдау көрсету;
- жыныстық тәрбие; болашақ отбасылық өмірге дайындық;
- жауапкершілікті қалыптастыру, елжандылық пен ауызбіршілік құндылықтарына, отан үшін белсенді жұмысқа дайындығына бағыттау;
- өзін-өзі тәрбиелеу мен есейген кезінде өзін-өзі дамытуға дайындығы.

«Балаларды тәрбиелей отырып, қазіргі ата-аналар елдің келешек тарихын, демек - әлем тарихын тәрбиелейді» – деп жаңашыл педагог А.С.Макаренко¹ жазған.

¹ А.С.Макаренко. Ата-аналарға арналған кітап. Саратов кітап баспасы, 1953 ж.. – 336 б.

Отбасылық тәрбиенің қиындық туғызатын мәселелері біз өмір сүретін қоғамның басты проблемалары болуы да мүмкін. Сондықтан, өзінің ұлттық қайта өрлеуі кезеңінен өтудегі тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған басты міндеттерді айқындауда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өскелең ұрпақтың тәрбиесіне басты назар аудару қажеттілігін атады: «Мұнда, негізгі орын әрине отбасыға беріледі, бірақ мемлекет те бұл мәселеде шет қалмау керек. Бала бақшасынан бастап мектепте, колледжде немесе жоғары оқу орнында жастарды біз тек қана оқытып қоймай, тәрбиелеуіміз қажет. Атақты орыс ғалымы, еуразиялылық идеясының авторы Лев Гумилев өз кезінде «халықтың күші оның санында емес, ұрпақтары мен әлемге мұра ретінде қалдырған рухани мәдениетінде» деп атаған еді. Біздің жастарымызды басқаларды тыңдай білу және сыйлау, тілін және салт-дәстүрлерін құрметтеуге үйретуіміз қажет. Онсыз заманауи әлемде жетістікке жете алмайсың. Жас қазақстандықтар өз елінің ұландары болуға тиіс, этникалық немесе конфессиялық немесе басқа негіздегі кез-келген экстремистік идеяларға сенімді иммунитеті болуы керек. Сонда ғана біз дағдарыстар мен басқа әлемдік құбылыстардың бетін қайтара аламыз, және де Қазақстанды гүлденген жетістікті мемлекет қыламыз»².

Отбасылық тәрбиенің маңыздылығы мен қажеттілігі бүгінгі күнгі отбасылық институттың жағдайына басты назар аудару керектігін тудырады. Соңғы жүз жыл ішінде діннен, мемлекеттен, әскерден, білімнен, нарықтан көп уақыт бұрын пайда болған ежелгі әлеуметтік институттың бірі қоғамдағы болып жатқан сол экономикалық, саяси, құқықтық өзгерістерді көрсете отырып, терең трансформация үрдісіне енген болып шыға келді.

Бастапқыда отбасы адамның өмірі мен қызметін ұйымдастыру бойынша негізгі функцияларды жинақтаған. Кейінірек біртіндеп функциялардың бір қатарынан босай отыра, оларды басқа әлеуметтік институттармен бөлісе келе, отбасы өзі ғана жүзеге асыра алатын немесе өзінде ғана жүргізілетін арнайы қызмет түрін бөлек алып қарастыру мүмкін еместігі фактісіне келіп тірелді.

Дәстүрлі қоғамды жетілдіру үрдісінде басқа әлеуметтік институттардың отбасылық қызметтерді өзіне «тартып алуы» байқалды, себебі, ХХ ғасырдың басынан әр түрлі әлеуметтік институттар бұрын-соңды отбасыға ғана тән болған функцияларды жинақтап орындайтын болды: мектептер мен балабақшалар – білім мен тәрбие функцияларын; полиция мен әскер, қорғау мен қорғаныс функцияларын; қызмет көрсету саласы, тамақтандыру, бос уақытты ұйымдастыру және т.с.с.

² Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясының материалдары. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясындағы сөйлеген сөзі. Астана, 2006 жылдың 24 қазаны.

Осыған орай, көптеген зерттеушілер алдында, отбасы, адамның одан тыс өмір сүру мүмкіндігі болмайтын, әлеуметтік негізгі институты болып қала алатындығы жайлы сұрақ туады. Бұл мәселе отбасылық жұптардың тұрақсыздығы санының өсіп келе жатқандығымен дәлелдене түседі, ол мәселе айырылысу санының көбейгендігін көрсетіп отыр (Қазақстанда 2009 жылы тіркелген 140,8 мың некенің 40 мыңға жуығы бұзылған), некеге отырудың төмен сапасы, бала санының аздығы немесе баланы қаламауы, толық емес отбасыларды тәрбиеленіп жатқан балалар мен жетімдер санының көбеюі, рухани-адамгершілік тұрғыдағы дағдарыс пен күйзелістің ұлғайуымен сипатталып отыр. Некеге тұрудың өзі сән болмай қалды. Қазақстандық жастардың құндылықтары лауазымында отбасы тек қана төртінші орында болып отыр. Егер де бұрындары отбасысы жоқ адам бақытсыз немесе толыққанды емес болып саналса, қазіргі кезде жалғыздық көбінесе қалыпты жағдай ретінде, тіпті кейде тартымды өмірлік жасалымдай қабылданады. Азаматтық некелер көбейіп келеді: отбасылық жұптардың үштен бірі бүгінде некелік одақтың осы түрін қалаған³.

Сонымен қатар, отбасылық институттың қалыпты құндылықтарын көрсететін басқа да беталыстар байқалады. Мысалы, көп балалы аналар санының өсуі: егер 2005 жылы бес және одан да көп баласы бар аналар Қазақстанда 251 921 болса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 300 мыңға көтерілді, 40 мыңнан астам көп балалы ана қатарына қосылды. Үйлену тойының салт-жоралғылары мен басқа отбасылық мерекелерде ұлттық дәстүрлердің жаңғыруы да қуанышты жағдай.

Осы және басқа көптеген факторлар пәлсапашыл ойшылдардың отбасыны табиғат тамашасы деп сұлу сөз үшін ғана айтпағандығын білдіреді. Отбасының біртұтастығына, қоғамның өмір сүруге қабілеттілегі мен жекелеген әрбір адамның бақыты тәуелді болады. Және де бүгінгі таңда отбасы әлеуметтік-экономикалық құрылымы қандай болса да қоғамның мінсіз негізі болып қала бермек.

Отбасы, сонымен бірге, мүшелері некелік немесе туыстық қарым-қатынас арқылы, жұбайлардың арасындағы өзара қарым-қатынастың тарихи нақты жүйесі - әлеуметтік институт пен өзара жауапкершілік арқылы байланыста болатын әлеуметтік-психологиялық қауымдастық - шағын топ болып саналады. Отбасы өмір сүрудің тәсілі ретінде болуын тоқтатып, эмоционалдық қолдау көзі болып танылды: тек қана отбасысында адам өзінің қажеттілігі мен қажет болуы, қамқорлық таныту мен қамқорлық алуын қанағаттандырады. Шағын әлеуметтік топ ретінде отбасы келесі белгілері арқылы тәрбиелеуге тиімді орта ретінде қарастырылады:

– мүшелерінің тұрақты және ұдайы байланыста болу мүмкіншілігін қамтамасыз ететін отбасы құрамы (бала әр түрлі жастағы, әр жыныстағы, әр түрлі мамандықтағы адамдармен қарым-қатынас мүмкіндігіне ие болады);

³ Қазақстанның демографиялық жыл сайынғы басылымы 2009: М.ж. / ҚР статистика агенттігі. К.С. Әбдиев ред. – Алматы, 2009.

балаларына еліктеу үшін үлгілі болып табылатын жұбайлардың — ата-аналардың тәрбиеге басшылығы;

– отбасы берекелігі, мақсаттарының біртұтастығы;

– отбасы мүшелерінің арасындағы көңіл-күй қарым-қатынасы;

– отбасының барлық мүшелерінің жеке құқықтарын сыйлауға және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мейлінше ықпалын тигізуге негізделген өзара қарым-қатынастар;

Бастапқы әлеуметтендіру кезеңінде, әсіресе бала сөйлей бастағанда, өзін қоршаған заттардың қасиеттерімен таныса бастайды, осы кезде отбасы адамның бүкіл күрделі құрылымының негізін салатын психологиялық іргетасының басты тірегі болып келеді.

Отбасы – әртүрлі жастағы, жыныстағы, мамандық қажеттіліктегі және әртүрлі мүддедегі жақын адамдармен бірлесе отырып қоршаған адамдармен әрекеттесудің бастапқы үлгілерін игере бастайтын бекет болып танылады. Ол мінез-құлық түрлерін, психологиялық механизмдер мен қоғамда жетістікті өмір сүруге қажетті әлеуметтік құндылықтарды игере бастайды. Көбінесе, ортақ анықтамаға сәйкес, «Әлеуметтік тәрбие – адамның дамуына қажетті жағдайларды (материалдық, рухани, ұйымдастырушылық) мақсатты түрде құру болып табылады». Әлеуметтік тәрбие - тәрбиенің барлық түрлерін қамтиды (адамгершілік, еңбек, дене тәрбиесі және т.б.). Әлеуметтік тәрбиенің басты мақсаты еңбекқор және азаматтың қоғамдық қызметтерін орындауға дайын адамды қалыптастыруға негізделген.

Жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру қазіргі заманғы тәрбиенің басты мақсаты (идеалы) болып табылады. Тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен дамуында күшін және денсаулығын нығайту мақсатындағы дене тәрбиесінің рөлі ерекше.

Адамды әлеуметтендіру үрдісі әрекет, өзіндік сана және қарым-қатынас сияқты негізгі салаларда айналады. Солардың әрқайсысында да басты рөлі отбасыға беріледі. Барлық өзара әрекеттесулер бір топтың - отбасының шеңберінде жүзеге асатындықтан, баланың отбасыға қатысты екендігін саналы түрде қабылдауы жүзеге асырылады. Бұл өзара әрекеттесулер оның отбасыдағы жыныстық рөлін танып білуін ғана емес, баланың бойында отбасы бейнесінің қалыптасуына да ықпалын тигізеді. Басқа әлеуметтік рөлдер туралы түсініктері баланың санасына отбасыдағы ересек мүшелердің көзқарастарын бақылау арқылы да енеді.

Барлық тұлға аралық қарым-қатынастар кешенінің, жұбайлардың өзара әрекеттесуінің арқасында отбасы баланың психикалық, дене, зияткерлік және әлеуметтік дамуына жақсы жағдай туғызады, рухани құндылықтар, адамгершілік қалыптары мен қарым-қатынас тәсілдерінің жүйесін береді.

Отбасылық тәрбиенің ерекшелігі мен жан-жақтылығы өз сипаты бойынша эмоционалды болып келетіндігінде болады және өз негізінде ата-аналар мен балалардың өзара махаббатына ие болады. Ешбір балаларды

тәрбиелеуші мекеме отбасылық қарым-қатынасқа, эмоционалдық сала мен сезімдерді тәрбиелеуге ықпал ететін модельді ойлап шығара алмайды. Отбасылық тәрбие, бала бойында, отбасылық-тұрмыстық рөлдерді білуді, басқаларды түсіну мүмкіндігін, өзін-өзі өзектендірілу қабілетін дамытады.

2011 жылғы қаңтардағы Елбасының Жолдауында Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандық отбасының әлеуметтік рөлін нығайту міндетіне «Әлеуметтік модернизациялау - жаңа әлеуметтік саясат» атты толық тарауын арнаған еді. Онда Президент отбасы институтын күшейтуге жақсы ықпалын тигізетін басты мақсаттарды анықтап берді. Олардың бірі отбасы мен білім беретін әлеуметтік институттардың, әсіресе мектептердің өзара әрекеттесуін күшейту болып табылады. Сапалы отбасылық тәрбие ата-ана мен ұстаздардың, мектеп психологтарының, басқа да оқушылармен жұмыс жүргізетін мамандардың бірлесіп кіріскен күштерінсіз мүмкін болмайды. Біріншіден, балаға отбасы мен мектептің қоятын талаптары рухани адамгершілік құндылықтар мен ұстанымдарды, тәртіптік нормаларды білдіре отыра, бір-біріне қарама-қайшылықта болмауға тиісті. Екіншіден, тіпті жақсы көретін және бала тәрбиесіне басты назар аударушы ата-аналар өз білімін көтеруге мұқтаж болады, оған білім беруші мекемелердің қызметкерлері ұтымды түрде көмек бере алады.

Демек, оқыту және тәрбиелеуге балалар ғана емес, ата-аналар да мұқтаж. «Ата-ананы тәрбиелеу» - халықаралық термин болып саналады, ол ата-аналардың өз қызметтерін орындауға көмек көрсету дегенді білдіреді. Көмек әр түрлі үлгіде болып келуі мүмкін, бірақ, ең басына баланың қалыптасуы мен оның толыққанды дамуына әсер ету мәселелері бойынша қажетті білім қойылады.⁴

Ата-аналық жауапкершілік мәселесі халықаралық деңгейде қойылуда (бала құқығы туралы Конвенция, 1989 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған).⁵

«Ата-аналарды тәрбиелеудің стратегиялық мақсаты – әрбіреуіне білімді, өз құндылықтарын, ұстанымын және күтулерін, өзіндік ата-аналық сезімдері мен мақсаттарын сезіне білуіне және сондықтан өзінің сүйікті баласының үйлесімді тұлға болып қалыптасуы үшін қайсы бірін бақылап, түзету мен енгізуге қабілетті болуына көмектесу.

Ата-ана мен мектептің өзара әрекеттесуі үрдісі ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне және бос уақыттағы сыныптан тыс қызметке белсенді түрде

⁴ Ю.Хямяляйнен Ата-аналарды тәрбиелеу: тұжырымдамалар, бағыттар мен перспективалар: бала бақша тәрбиешілері мен ата-аналарға арналған Кітап.М., Баспа: Просвещение, 1993, 112 б.

⁵ Бала құқығы туралы Конвенция, 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас ассамблеясының №44/25 резолюциясымен қабылданған.

қатыстыруға, балалар және педагогтармен тиімді түрде ынтымақтастығын дамытуға бағытталған болуы тиіс.

Мектеп пен ата-ананың өзара әрекеттесуінің басты функцияларына жатады: ақпараттық; тәрбиелік-дамытушылық; қалыптастырушы; күзеттік-сауықтыру; бақылаушылық; тұрмыстық. **Өзара әрекеттесу міндеттері:**

баланың тәрбиесі мен дамуына отбасының жауапкершілігін арттыру – ата-аналар бойында белсенді тәрбиелік-педагогикалық ұстанымын қалыптастыру;

белгілі бір жас ерекшеліктері кезеңдеріне баланың психикалық дамуы саласындағы күзіреттіліктерін арттыру үшін **ата-аналарды педагогикалық біліммен және біліктілікпен қаруландыру күшін арттыру;**

отбасының мәдениеттік деңгейін арттыру, кикілжіңсіз ата-ана-бала қарым-қатынасының дағдыларын қалыптастыру.

Педагогтар мен мектеп психологтарының күш салулары көпшілік ата-аналар арасында ең жанды және игілікті қолдау табуына еш күмән жоқ. Көптеген мамандар соңғы жылдары қуантатындай беталыстардың белгіленіп, күшін арттырып келе жатқанын көрсетіп отыр: қазіргі заман ата-аналары балаларды дамытудың тәрбиесі мен әдістері туралы ақпаратты қабылдап, сараптап және меңгеруге дайын болып келеді, тәжірибеде алынған білімдерін пайдалануға, өздерінің балалық шағында кездестірген проблемаларынан аулақ болуға талпынады.

Өздігінен шеттелу ұстанымындағы ата-аналар («Баланы мектепке бердім-өздері білсін, менің ісім-оны киіндіру, тамағын тоқ қылу») немесе елемеу ұстанымындағы ата-аналарды («Мен өзім ата-ананың көмегінсіз-ақ өскенмін, балам да онсыз өседі») бірлесіп жұмыс атқаруға уәждеу, мектеп педагогтары мен психологтарының маңызды міндеттерінің біріне жатады. Оны шешу үшін, ата-анаға қатысты мектептің тәрбиелік жігерінің ұтымдылығының маңызды шарты ретінде ата-ана болу мен отбасылық тәрбие туралы білімді бере білу үлгісі екенін естен шығармау керек. Дәрістік материалды нақты, қысқа, дәл болғандығымен қатар, оған өзіндік сараптау жүргізу үшін есте қалатын сұрақтар мен мысалдарды келтіру керек. Ұсынылатын тестік әдістер психодиагностика саласындағы арнайы білімін қажет етпеуі және уақытының көбін алмауы қажет. Тесттердің нәтижелері ата-аналарды қызықтыруға, өз әрекеттері мен қызметтерінің салдарын ойластыруға бағытталған.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, тағы да бір рет атап өтетін мәселелерге тоқталайық:

1) Қазіргі уақытта әлеуметтік басыңқы міндеттердің бірі ретінде Қазақстан Республикасының мүддесіндегі жастардың еңбектік және зияткерлік мүмкіндіктерін дамыту және жүзеге асыру, жетістікті әлеуметтендіру мен жастардың өзін тиімді түрде жүзеге асыра білуі қарастырылады.

2) Осыған орай, адамгершілігі мол, тәуелсіз, креативті, саналы тұлғаны тәрбиелеу – маңызды тәжірибелік сұранысқа ие болып отыр. Қажетті психологиялық-педагогикалық рөлді бұл жағдайда отбасы атқаруға тиіс.

3) Заманауи отбасы, ондағы өзара қарым-қатынастар және оның тәрбиелік потенциалы түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр, бірақ отбасылық тәрбие өзінің педагогикалық-психологиялық мазмұнын сақтап қала береді.

4) Отбасы тұлғаның қалыптасуының маңызды әлеуметтік ортасы және белгілі бір өмір сүру үлгісі, ойлары мен қарым-қатынастарын құруға жауап беретін психологиялық қолдаудың негізгі институты болып саналады. Дәл осы отбасыда өскелең ұрпақтың адамгершілік негіздері қаланады, ол адамдармен қарым-қатынасқа түсудегі бастапқы мектебі болып табылады.

5) Ата-аналардың педагогикалық біліксіздігі, отбасыдағы психологиялық жайсыздық пен тұрақсыз эмоционалды ахуал жастардың бойында адекватты емес және негативті өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруы мүмкін.

6) Күрделі заманауи жағдайларда отбасыға мектеп тарапынан жүйелі және білікті көмек қажет. Педагогтар мен ата-аналардың өзара ынтымақта жұмыс істеуі үрдісі кезінде ғана оқушының үйлесімді, жан-жақты тұлға ретінде жетістікті дамуы мәселесін шешуге болады.

7) «Ата-аналарды тәрбиелеу» мектеп оқушысы ата-анасымен шығармашылық ынтымақтастықтығын реттеу үшін қажет актуальды және ең маңызды міндет болып келеді.

Біз «Отбасылық тәрбие» әдістемелік құралының осы үрдісте тиімді көмекші болатынына сенеміз.

Құралдың мақсаты: педагогтар мен мектеп психологтарына мектептің ата-аналармен бірлесіп қызмет атқаруындағы дәстүрлі және жаңа үлгілерін беруге, дәрістік сабақтарды, дөңгелек үстелдерді, пікірталастарды және тренингтерді өткізуге қажетті материалдармен жабдықтау, олардың мамандық тиімділіктерін арттыруға қатысты тәсілдер туралы ұсынымдама беру. Оның үстіне, біз мектепте қызмет атқаратын мамандарды педагогикалық және жеке тұрғыда өзін дамыту мен өзін жетілдіруге ұмтылдыруға тырыстық.

Әдістемелік құралдың барлық тарауларының нақты құрылымы бар.

Біріншіден, оларда педагогтар мен мектеп психологтары білімдері әртүрлі деңгейдегі, жас ерекшеліктері де әртүрлі деңгейдегі балалармен жұмыс жүргізу үшін дәрістерге қажетті жеткілікті түрде кең көлемді материалдар енгізілген. Дәрістік материалды бере отыра, біз қабылдауға жеңіл болу мақсатында мазмұндаудың анықтылығы, нақтылығы мен қисындылығы принциптеріне сүйендік. Ата-аналармен жүргізілетін сабақтардың тақырыптарын отбасылық тәрбие үрдісі үшін көкейкестілігін анықтадық: мектепке психология маманымен, сынып жетекшісімен немесе басқа педагогпен кездесуге келген ата-ана өзінің күнделікті отбасылық өміріндегі шешуі қиындық туғызатын көкейкесті сұрақтарына жауап алғысы келеді.

Екіншіден, әдістемелік құралдың барлық тарауларына тәжірибеде теориялық білімдерін бекіту үшін материалдар енгізілген: қызықты тесттер және сауалнамалар, ата-аналардың білімдерін толықтыруға маңызды сұрақтар, бір ақынның айтқанындай «Теория құрғақ, достым, ал өмір ағашы мәңгі жасыл бола бермек». Сондықтан, ата-аналармен жұмыс істеуде интерактивті әдістер өте маңызды болып келеді («интерактивті» сөзі interactive ағылшын тілінен

аударғанда «өзара әрекеттесу» дегенді білдіреді, ол өз кезегінде inter «аралық», act «әрекет ету» деген сөздерден құралған). Осылайша, интерактивтілік нақты жағдайда педагогтар мен ата-аналардың бірігіп әрекеттесуін қарастырады, бұл ата-аналардың тестілеуге, сауалнамаларға, рөлдік ойындарға қатысуында көрінуге тиіс.

Әдістемелік құрал сынып жетекшілеріне, мектеп психологтарына, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырушыларға арналған, бірақ, ол білім мекемелерінде қызмет атқаратын басқа мамандар үшін де пайдалы болатыны сөзсіз, құралдың көптеген бөлімдерін оқушылардың ата-аналарына оқып танысу үшін ұсынуға болады.

Біз ұсынып отырған материалдар педагогикалық ұжымның және ата-ананың баланың тұлға ретінде дамуына ұмтылыстарында білім мекемелерінің мамандарына көмек көрсететініне және оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналарды тартуға жаңа жолдарды іздеп табуына ықпалын тигізетініне сенеміз.

I ТАРАУ. ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

**“Адамның ойлап шығарған екі
шығармашылығын ең қиын деп
табуға болады: басқару өнері мен
тәрбиелеу өнері ...”**

Иммануил Кант

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімділігі мектеп пен отбасы қарым-қатынасының деңгейіне байланысты болады. Сонымен бірге, олар тәрбиелеуші ортаның факторлары кешенін құрастырады, сөйтіп оқу-тәрбие үрдісінің жетістігін анықтайды. Отбасының, мектептің, қоғамның ұмтылатын идеалы жан-жақты дамыған, салауатты, еңбек ете білетін және еңбекті сүйетін білімді адам.

Мектептегі балаларды отбасыда тәрбиелеудегі рөлі туралы А.С.Макаренко былай деп жазады: «Жақсы отбасылар да және жаман отбасылар да болады. Отбасы дұрыс тәрбиелеп жатыр деп сендіруге де болмайды. Отбасы қалай тәрбиелегісі келсе өзі біледі деп те айта алмаймыз. Біз отбасылық тәрбиені ұйымдастыруымыз қажет және де ұйымдастырушының басы болып мемлекеттік тәрбиенің өкілі – мектеп саналуы тиіс».⁶

Бұл тұрғыда мектептің оқушылардың ата-аналарымен жүргізетін жұмыстарының негізгі міндеттері айқындалады:

- ата-аналарға жүйелі түрде жан-жақты педагогикалық білім беру: оларды отбасылық тәрбие шеңберінде тәрбиелік-білімділік қызметтің теориялық білім негіздерімен және тәжірибесімен таныстыру;
- ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне белсенді қатысуға тарту;
- ата-аналарда өзіндік білім алуға қажеттілікті қалыптастыру;
- отбасылық тәрбиенің алуан түрлі әдістерін сараптау, үздік тәжірибелерді таңдау, жинақтау.

Ата-аналармен педагогтардың тығыз қарым-қатынасы арқылы педагогикалық үрдіс ұтымды болады: ата-аналармен жақсы қарым-қатынасқа түсу арқылы педагог бала туралы көп білетін болады, ол баланы тәрбиелеуде оңтайлы оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік береді; ата-аналар мұғалімдермен ынтымақтастықта әрекеттесе отыра өздерінің педагогикалық құзіреттіліктерін арттырады, бала өміріне бұрынғыдан белсендірек қатысады, оларды жақсы түсінеді және олармен мейлінше үйлесімді қарым-қатынас жасауға тырысады. Ең басты артықшылығы, біртұтас

⁶ А.С. Макаренко. Шығармалар жинағы, 4 т. М: АПН РСФСР баспасы, 1957, 504 б.

тәрбие орталығын құру әрбір мектеп оқушысының потенциалдық мүмкіншілігін ашуға ықпалын тигізеді. Біртұтас тәрбиелеуші кеңістікке түскен балалар өздерін ыңғайлы, сенімдірек сезінеді, нәтижесінде жақсы оқуға тырысады және үлкендермен және құрбы-құрдастарымен қақтығыстары азая түседі.

1.1. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті

XXI ғасырдағы тәрбие үрдісінің күрделенуі ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату қажеттілігін анықтайды. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті кішігірім педагогикалық мағынада олардың тәрбиеші ретіндегі сауаттылығының дәрежесін білдіреді және отбасылық және қоғамдық тәрбиеде көрінеді.

Педагогикалық мәдениет туралы ойлар мен ережелер, оқытудың мақсаттары мен міндеттері, олардың отбасылық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі рөлдері, көптеген педагогтар, психологтар, жазушылар, философтар, қоғам қызметкерлерімен зерттеліп, дайындалған: А. Адлер, Р. Дрейкурс, Б. Скинер, П.Ф.Лесгафт, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, В.С.Соловьев, В.В.Розанов, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский және басқалары.

Сөйтіп, атақты педагог және дәрігер, физикалық білімнің негізін қалаушы Петр Францевич Лесгафт (1837-1909) «Отбасылық тәрбие және оның маңызы» атты кітабында мектеп білім беру жүйесінің бөлігі ретінде отбасылық және жалпы мектептік білімді шектемеуі қажет, керісінше, отбасы мен мектептегі білім балалардағы жеке қабілеттерінің дамуына әрекет етуіне, олардың бойында өз бетімен қызмет атқаруға қабілеттілікті тәрбиелеуге себебін тигізуге тиісті. Ол үшін ата-аналардың тәрбие мен білім беру саласындағы білімі жеткілікті болуы қажет: «Бала отбасы мүшелерінің жетілуіне маңызды себеп болуға тиіс» деп жазады⁷.

Әртүрлі тәрбиелеуші институттардың – мектеп пен мектептен тыс мекемелердің, балалар ұйымдары мен отбасының – ынтымақтастықта болуының идеясын Антон Семенович Макаренко (1888-1939) дамытқан. Ол мектептің отбасымен тең құқылы негізде тәрбиелеудің біртұтас міндеттері мен мүдделерін жүзеге асырудағы мектептің өзіндік функциялары мен отбасының өзіндік ерекшеліктерінің бірлесуі арқылы өзара әрекеттесе білуін талап еткен. А.С.Макаренконың отбасылық тәрбиеге көзқарасы В.А.Сухомлинскийдің (1918-1970) еңбектерінде жалғасын тапты. Ол «Кез-келген жемісті тәрбие жұмысы жалпы мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын педагогикалық ағарту ісін жетілдірмей, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтермей мүмкін болмайды» деп санаған.⁸ Ол мектептің қажетті

⁷ П.Ф. Лесгафт. «Баланы отбасыда тәрбиелеу және оның маңызы», 8 бас. – М.: «ЛИБРОКОМ» Кітап Үйі, 2010. – 216 б.

⁸ В.А. Сухомлинский Павлыш орта мектебі. – М.: Просвещение, 1979.
В.А. Сухомлинский Ұлыма хат.– Москва, Просвещение. 1987

міндеті ретінде «анаға табынуды» құру деп санаған. Индивидтің биологиялық және әлеуметтік тұтастық ретіндегі даму теориясына сәйкес отбасы мен мектепте білім мен тәрбиенің сабақтастығын сақтауды педологияның өкілдері де қажетті деп тапқан – П.П.Блонский (1884-1941), Л.С.Выготский (1896-2934), Д.Б.Эльконин (1904-1984).

Ата-аналардың тәрбиелік және білім беру қызметінің негізі болып, олардың педагогикалық мәдениеті саналады, ол, өз кезегінде, отбасылық тәрбиеде қателіктерді болдырмауға және қалыпсыз жағдайларда дұрыс шешім тауға ықпалын тигізеді. Өздерінің педагогикалық мәдениетін көтере отыра, ата-аналар баланың даму үрдісін бұрынғыдан тереңірек түсіне біледі, демек, баланың әлеуметтік ортаға бейімделуінде маңызды көмек көрсете алады деген сөз.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылатудың негізгі міндеттері:

- ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі мақсаттарды ұғына білуі;
- ата-аналардың әрбір жеке тұлғаның дамуындағы бірегей ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсіне білуі;
- ата-аналардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттері мен мүмкіншіліктеріне сәйкес балалардан талап етуді қалыптастыру және дұрыс түсіндіре білуі;
- баланың тұлғасын дамытудың нақты педагогикалық жағдаятында ата-аналардың барабар шешім қабылдай алуы;
- ата-аналардың сәйкес жағдайларды, әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдай білуі мен оларды сауатты пайдалана алуы.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату жұмысы жалпы педагогикалық принциптерге негізделеді. Бірақ, отбасылық тәрбие өзінің заңдылықтарына ие болатындықтан, бұл ортақ принциптер спецификалық өзіне тән ерекшеліктермен толықтырылады. Солардың бірқатарын ұсынамыз:

1. Педагогикалық ағарту мен ата-аналардың өз білімін көтеру бірлігінің принципі. Педагогикалық ағарту ата-аналарға тек қана баланың тұлға ретінде дамуы заңдылықтары туралы білім береді, балалармен тиімді қарым-қатынас жасаудың түрлері мен әдістерін ұсынады. Ата-аналардың педагогикалық өз білімдерін көтеру баламен қарым-қатынастың ең тиімді тәсілін таңдау мүмкіндігін береді, отбасы ішіндегі әрекеттердің әдістері мен тәсілдерін тәжірибеде жетілдірілуге жағдай туғызады.

2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерінің алуан түрлілігі принципі. Бұл принциптің мазмұны отбасының педагогикалық мәдениетін көтерудің ұжымдық үлгілеріне қисынды қосымша болатындығымен, ата-аналармен дифференциалды және жеке талап негізінде топтық және жеке жұмыс жүргізумен айқындалады.

3. Отбасылық тәрбиенің жағымды тәжірибесіне сүйену принципі. Педагог отбасымен жұмыс істеген уақытында отбасы ішіндегі тәрбиенің тәжірибесі мен дәстүрлерін, ұлттық және діни ерекшеліктерін ескеруі қажет, және осылар

негізінде ғана, отбасының педагогикалық шеберлігін одан әрі шыңдау бағдарламасын жүзеге асыруы керек.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату тек қана теориялық білімдерін қалыптастыруды емес, сонымен бірге ата-аналардың тәрбиелік қызметтегі тәжірибелік дағдыларды игеруін көздейді (мақсат қоя білу қызметі, ұйымдастырушылық, коммуникативтілік, сараптау-бағалау, болжаушылық).

Мақсатты тұжырымдау қызметі, бөрінен бұрын, ата-аналардың тәрбие мақсатын анықтай білуімен, балаға әсер етудің түрлері мен үлгілерін таңдай білумен жүзеге асырылады. Ата-аналардың тәрбиелеу қызметі, жалпы айтқанда, бүгінгі күннің талап етуімен қойылған стратегиялық, жедел мақсаттарға бөлінетін педагогикалық міндеттерді үнемі шешу үрдісі болып табылады. Оған ата-аналардың өзінің тәрбиелеу қызметінің жоспарын құрастыру да кіреді. Ата-аналардың ұйымдастырушылық қызметі отбасыда әртүрлі педагогикалық үлгілер мен баланы тәрбиелеудің тиімді әдістерін пайдалану арқылы тәрбиелік қызметті ұйымдастырумен айқындалады.

Коммуникативтік қызмет ата-аналар және балалар, отбасының басқа мүшелері және қоршаған адамдар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты тағайындаумен, сыйластық пен өзара түсіністік ахуалының болуымен мазмұндалады.

Сараптау-бағалау қызметі ата-аналарға отбасылық тәрбие берудің моделін зерттеуге, балаға әсер етудің таңдаған үлгілері мен әдістердің дұрыстығын зерделеуге, отбасылық тәрбиедегі регрессивті беталыстарды түзетудің бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Болжаушылық қызметі баланың тұлғасына тәрбиелік ықпал етудің ұзақ мерзімді жобаларын дайындауға, дамудың әртүрлі нұсқаларын болжауға мүмкіндік туғызады.

Тәрбиелік қызметтің жоғарыда аталған түрлерінің бірігуі және оларды ғылыми-техникалық біліммен интеграциялау ата-ананың педагогикалық мәдениетін анықтайды. Әрине, әртүрлі ата-аналар педагогикалық мәдениеттің әр түрлі деңгейінде болады. Ата-ананың педагогикалық мәдениетінің деңгейі деп ата-аналардың баламен педагогикалық өзара іс-әрекеттегі білімі, дағдысы мен іскерлігіне, оның жеке тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді түсінуіне және оны отбасы мен қоғамның мәдениеті және дәстүрлеріне тартуға негізделген отбасыдағы тәрбиелік үрдісті тиімді ұйымдастырудағы дайындық дәрежесін (жоғары, орта немесе төмен) айтады.

Отбасының педагогикалық мәдениетінің деңгейі кеңейтілген отбасымен байланыс, отбасылық тәрбиенің дәстүрлерін генетикалық тұрғыдан бекіту, ата-ана тұлғасының жеке басының ерекшеліктері, олардың мамандық қызмет атқару салалары, өмірлік тәжірибенің молдығы сияқты факторларға байланысты болып келеді.

Ата-аналар педагогикалық мәдениетінің деңгейі келесідей жағдайлармен анықталады:

а) ата-аналардың баланы тәрбиелеуге **дайындығы** (баланы тәрбиелеу және дамытуда адамгершілікті жауапкершілікте болуы; педагогикалық білімі мен дағдыларының болуы және оларды тәжірибеде пайдалануы; өзінің және балаларының өмірін педагогикалық мақсатты түрде ұйымдастыру білуі; балалардың іс-әрекетін педагогикалық сауаттылықпен сараптай білу).

б) тәрбие үрдісін жүзеге асыруды **қалауы** (тәрбие бойынша қызметтің белсенділігі мен жүйелілігі және ол туралы білім; тәрбиенің басқа институттарымен үнемі байланыс).

Педагогикалық мәдениет деңгейлерінің (жоғары, орта және төмен) мазмұны **бірнеше критерийлер** бойынша қарастырылады:

- 1) тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін ата-аналардың сезінуі;
- 2) отбасылық өзара әрекеттестіктерінің әдістерін меңгеруі;
- 3) педагогикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті болу.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті, **жоғарғы деңгейі** келесідей сипатталады:

1) Ата-аналар тәрбиенің басты мақсаты - дамыған, әлеуметті белсенді тұлғаны қалыптастыру қажеттілігін түсінеді. Бағыттарды ата-аналар таңдайды және баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес, отбасыдағы тәрбие жұмысының мазмұнын құрайды. Баланың жеке дамуы кезеңінде қалыптасатын негізгі қасиеттер туралы нақты біледі.

2) Ата-аналар балалармен өзара әрекеттесе отыра әр түрлі әдістемелерді пайдаланады және оның жағымды қасиеттеріне сүйенеді, оған өз бетінше әрекет ету мен жеке ойын білдіруге қамқорлық танытады, оның өз әрекетін сараптауға, өзін тәрбиелеуге талпындырады. Ата-аналар ынталандыру мен жазалау әдістерін теңгерімді түрде пайдалана біледі, олардың балаға қойылатын талаптары келісілген болады, отбасының әр түрлі мүшелерінің тәрбиелік ықпал етулері бір-біріне қарама-қайшы келмейді. Баламен қарым-қатынас стилі демократиялық сипатта болады: оның пікірі тыңдаулы болады және назарға алынады. Бала сыйлы, отбасының тең мүшесі болып саналады.

3) Ата-аналар педагогикалық өз білімін көтерумен белсенді айналысады, балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиетті оқиды және пайдаланады, қиындық туған кездері білікті мамандарға – сынып жетекшілерінен, мектеп психологтарынан және әлеуметтік ұстаздардан көмек сұрайды. Ата-аналар өз баласының қоғамдық өміріне қызығушылық білдіре отырып, өздері де белсене қатысады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің **орта деңгейі** келесідей сипатталады:

1) Ата-аналар тәрбие жұмысының бағыттары туралы үстіртін түсінікте болады және оларды тәрбиенің басты бағыттарымен байланыстыра алмайды. Олар бала бойында тұлғаның қандай қасиеттерін сіңіру қажет екендігін

түсінеді, бірақ баланың жас ерекшелігі мен жеке дамуының кезеңін үнемі дәл анықтай алмайды. Баланың бойында дамып келе жатқан қасиеттер қоғамның сұранысына үнемі сәйкес келе бермейді.

2) Отбасыда баламен өзара әрекеттесудің әртүрлі әдістемелері пайдаланылады, бірақ олардың саналы түрде сәйкестікте болмауы мүмкін – қарым-қатынас тұтас, ата-ананың көңіл-күйі мен тілектеріне тәуелді болып келеді. Немесе ата-аналар өзара әрекеттесудің тек бір ғана әдістемесіне тәуелді болады (ғылыми, жалған ғылыми) және баласының жеке басының ерекшеліктеріне қарамастан сол әдістемеге бар ынтасымен беріледі. Ата-аналар баланың жағымды қасиеттеріне сүйенеді, бірақ оған еркіндік беруге, өзінің жеке шешім қабылдауы мен әрекетіне қамқорлықты аз танытады.

Балаға отбасының әр түрлі мүшелерінің тәрбиелік ықпал етуінің келісімді болмауы да байқалады.

3) Ата-аналар өзінің білімін көтерумен жүйелі түрде айналыспайды, баланың қоғамдық өмірі туралы, бір жағдайдан екінші жағдайға ауысқан кезде ғана біліп сұрастырады, мектепшілік іс-шараларға көмек көрсетуі өз, тілегі бойынша емес, педагогтардың сұранысы бойынша ғана жүзеге асырылады. Ережеге сай сияқты, ата-аналар тәрбие бойынша кеңестерді сұрамайды, бірақ оларды жақсы тыңдайды.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің **төменгі деңгейі** мынадай белгілермен көрсетіледі:

1) Баланы тәрбиелеу ата-аналар үшін өмірлік маңызы бар міндет болып табылмайды, олар отбасыдағы баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері туралы түсініктері болмайды. Ата-аналар тек тұлғаның кейбір қасиеттерін анықтай алады, бірақ нақты тәрбиелік міндеттер мен мақсаттарды қойып, оларды шеше алмайды.

2) Баламен өзара әрекеттесу әдістемесі отбасыда болмайды. Өзара әрекеттесудің авторитарлық әдістеріне жүгінеді (бұйрық, жарлық, талап ету, жазалау). Ата-аналар баланың өздігінен және еркімен әрекет етуін басып тастайды, немесе, керісінше, бақылаусыз әрекеттер жасауға жол береді. Ата-аналар баланы өз әрекеттеріне талдау жасауға шақырмайды, отбасының әр түрлі мүшелерінің тәрбиелік талаптары мен әрекеттері балаға қатысты сәйкессіздікте болады және көбінесе қарама-қайшы болып келеді (мысалы, әкесінің тыйым салған әрекеттерін шешесі ынталандырады).

3) Ата-аналар педагогикалық өз білімін көтерумен айналыспайды, мамандардың кеңестері мен ұсыныстарына құлақ аспайды және баланың қоғамдық өмірімен қызықпайды.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениет деңгейі олардың саналы түрде тырысуымен және сол сияқты, отбасы ішіндегі қарым-қатынастың өзгеруімен, әлеуметтік мәртебедегі өзгерістер, сонымен қатар мектептің ата-аналарды тәрбиелеу бойынша іс-шараларында ата-аналарды ынталандырудың сауатты әрекеттері нәтижесінде өзгеріп отырады.

Ата-аналарды өздік білімін көтеруге ынталандыру үшін олардың педагогикалық мәдениет деңгейлерін білу қажет. Ол үшін келесі әдістерді пайдалануға болады: ата-аналарды тестілеу және сауалнамалар алу; ата-аналармен жеке әңгімелер; оқушылармен жекелеген әңгімелер; оқушының отбасысына бару; «Менің үйім», «Менің отбасым» (бастауыш сыныптарда) тест суреттерді зерделеу; рөлдік және проблемалық жағдайларды модельдеу және т.б.

Педагогикалық мәдениетін анықтауға бірінші қадам ретінде ата-аналарға келесі сауалнаманы ұсынуға болады:

1. Өз балаңызды қандай білім негізінде тәрбиелейсіз?
 - а) теледидар немесе радиодан хабарларды тыңдайсыз;
 - б) ата-аналарға арналған дәрістерге барасыз;
 - в) педагогтардың ұсыныстары негізінде;
 - г) өзіңіздің өмірлік тәжірибеңізді пайдаланасыз.
2. Тәрбиелеуде қандай әдістерді көбірек тиімді деп санайсыз?
 - а) ынталандыру;
 - б) жазалау;
 - в) талап ету;
 - г) үйрету.
3. Сіз ынталандырудың қандай түрлерін жиі пайдаланасыз?
 - а) сөзбен мақтау;
 - б) сыйлықтар беру;
 - в) аймалау;
 - г) баламен бірге уақыт өткізу.
4. Сіздің ойыңызша, тәрбиелеуде жазалаудың қандай түрі әрекет етеді?
 - а) қол үшін жұмсау;
 - б) сөзбен қорқыту;
 - в) ойын-сауықтан шектеу;
 - г) өзіңіз реніш білдіру.

Тәрбие үрдісіне ата-аналардың қатысу дәрежесін анықтау үшін келесі типтегі сауалнамаларды пайдалануға болады:

1. Өзіңіздің балаңыз Сізге ұнай ма?
2. Балаңыз не айтып тұрғанын Сіз тыңдайсыз ба?
3. Балаңыз сөйлеп тұрғанда Сіз оған қарап тұрасыз ба?
4. Сіз балаңызға сөйлеп тұрған сөзінің маңызды екендігін сезіндіре аласыз ба?
5. Баланың сөйлеген сөзін түзетесіз бе?
6. Балаңыздың қателіктер жіберуін болдырасыз ба?
7. Сіз балаңызды мақтайсыз ба, құшақтайсыз ба?
8. Сіз балаңызбен бірге күлесіз бе?
9. Сіз балаңызбен күнделікті әңгімелесуге уақыт бөлесіз бе?

1.2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен үлгілері.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығындағы басты рөлді сынып жетекшілер мен мектеп психологтары атқарады. Осылардың жұмысынан отбасының мектеп тарапынан бала тәрбиесі мен тұлғаның дамуына қатысты саясатты түсінетіндігі, оны жүзеге асыруда қаншалықты белсенді қатысатындығы байланысты болады. Оның үстіне отбасы балаларды тәрбиелеудегі басты тапсырыс беруші мен одақтас ретінде көрінуі керек, ал ата-аналар мен педагогтардың талпыныстарын біріктіру бала үшін қолайлы жағдайды жасау ретінде танылуы қажет.

Отбасы мен білім мекемелері мамандарының бірлесіп әрекеттесу негізінде өзара мүдделілік, бір-біріне сенімділік, қолдау мен көмек көрсету, шыдамдылық пен бір-біріне төзе білу принципі болу керек. Қарым-қатынас, ынтымақтастық тепе-тең болып жүзеге асырылуы керек – педагогтар мен ата-аналардың мұндай бірлесіп қызмет атқаруында ешбір жағы басқару немесе бақылау құқығына ие бол алмайды.

Ата-аналармен конструктивті өзара әрекетте болуға педагогтардың ата-аналармен қарым-қатынасындағы келесі ережелерді сақтауы ықпалын тигізеді:

- Ата-аналарға түсінікті тілде сөйлеу – арнайы терминологияны қолданбау арқылы;
- Нақты болу, қойылған сұрақтарға толыққанды жауап беру;
- Белсенді болу, ата-ананың бастауынсыз-ақ онымен диалогты өзі бастау: ата-аналар педагогтан интервью алмауы тиіс;
- Ата-ананың эмоционалдық жай-күйін есепке алу;
- Үйретуден, ақыл айтушылықтан, өр көкіректіктен бас тарту;
- Серіктестік тұрғысында сөйлесу;
- Ата-анамен сөйлесу мазмұнын алдын-ала дайындау;
- Қайырымды болу;
- Ата-ананың мүддесін қорғап, әкімшілік тарапынан ата-анаға басымдылық танытатын құралға айналмау;
- Ата-анадан немесе басқа туыстардан алынған ақпаратты құпия түрде сақтау.

Ата-аналардың мұғалімдермен қарым-қатынасы тәжірибесінде мектепке келуші ата-аналардың балаларын үлгілі деп атауға болмайтынын көрсетеді. Тіпті, қарым-қатынас сипаты қатысушылардың жеке қасиеттеріне байланысты болса да, педагогтардың жіберетін бірқатар ортақ типтік қателерін атауға болады:

- Тиімді келіспеушіліксіз қарым-қатынас техникасын білмеу;
- Жұмсақтықтың болмауы, ата-анаға қатысты қатал күтулер;
- Ата-аналарды бағалау;
- Ата-аналарға қатысты директивті ұстаным;

- Ата-ананың сөздері мен әрекеттеріне жауабындағы әбігершілік, артық эмоционалдылық;
- Қарым-қатынасты күрделендіретін стереотиптер мен ұстанымдарды пайдалану;
- Ата-анаға өзінің күтетін жағдайларын жапсыру (проекция);
- Басқыншылық, әдепсіздік;
- Немқұрайлылық, жабырқаулылық.

Ата-анамен педагог-психологтың әңгімелесу мақсаты ортақ (бір нәрсе туралы ақпараттандыру) немесе нақты (сыныптың алдыңғы күндердегі саяхаты жайында әкесін шақыру) болады. Бастысы– ата-аналармен тек қана қажет нәрсе туралы, керек уақытында сөйлесу қажет.

Мектеп мамандары - сынып жетекшісі, мектеп психологтарының ата-аналармен қарым-қатынасы негізгі үш бағытты қарастырады:

- ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту;
- ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне тарту;
- ата-аналарды мектеп басқаруда, ұйымдастыру іс-шараларына қатысуға баулу.

Ата-аналармен жүргізілетін **жұмыс түрлері мен үлгілері** осы ынтымақтастықтың мазмұнын толыққанды көрсетуі керек және бағытталуы қажет:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату (педагогикалық-психологиялық ағарту жұмысы үлгілері);
- отбасының тәрбиелік мүмкіндігін күшейту;
- отбасы мен мектептің бірлесіп әрекеттесуін нығайту.

Әрбір білім мекемесі ата-аналармен жүргізілетін жұмысында, оның ішкі пәлсапасына, білімділік бағдарламасына қаншалықты сәйкес келетін үлгілерін таңдап пайдаланады.

Ата-аналармен жұмыстың тиімділігіне кепіл болып табылатын:

- ата-аналармен бірлесіп жұмыс істегенде, пікірлес адаммен жұмыс істеумен барабар болатындай ұстаным («ата-ана – жау, бәсекелес, конкурент» ұстанымының орнына);
- бала мен ата-анаға мейірімді қарым-қатынаста болу (педагогтың айып тағу ұстанымының орнына);
- баланың проблемасын шешудегі педагогтың мүдделі болуы («формальды қарым-қатынас» орнына);
- ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың жүйелілік сипаты («бір реттік» аяқ асты болатын іс-шаралар орнына).

Сонымен қатар, ата-аналармен жұмыс істеудегі дифференциалдық түрлерін де атауға болады, олар әр отбасының өмір сүру жағдайын, ата-аналар жасын, тәрбие ісінде олардың дайындық деңгейін есепке алуды қарастырады. Дифференциалдық жұмыс түрлері тиімді байланыс табуға, әрбір отбасыға жеке көзқараста болуға көмек көрсетеді. Дифференциялау оқушылардың

отбасыларын зерттеудің белгілі бағдарламасы негізінде жүргізілуі тиіс, олар сауалнама алу, тестілеу, отбасыларға бару сияқты әдістерден құралады. Нәтижесінде келесі мәселелерді анықтау қажет:

– отбасының құрылымын (отбасы құрамына неше адам кіреді, олардың жасы, білімі, мамандығы, отбасының психологиялық жағдайы мен ахуалын (тұлға аралық қарым-қатынастар, байланыс түрлері);

– отбасылық өмірдің стилі мен көңіл-күй сипаты: отбасыда қақтығыстардың болуы, оларды шешу себептері мен тәсілдері, ата-аналар мен балалардың жағымсыз толқуларының болуы;

– отбасыдағы ананың әкенің, арғы аталарының әлеуметтік мәртебесі, ата-аналардың тәрбие үрдісіне қатысу дәрежесі, оларды баланы тәрбиелеуге деген тілектерінің болуы;

– отбасыдағы тәрбиелік жағдайы, үйдегі педагогикалық жүйенің болуы немесе болмауы (тәрбиенің мақсаттары, міндеттері мен әдістерін түсінуі), ана мен әкенің отбасылық педагогикалық қызметке қатысуы (конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік).

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс үлгілері үнемі өзгеріп отырады: кейбіреулері тиімділігінің болмауынан өз маңыздылығын жоғалтады, басқалары – пайда бола бастайды: кеңінен интерактивтік жұмыс әдістері пайдаланылып келеді, олар ата-аналарды оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне тиімдірек баулуға мүмкіндік туғызады («интерактивный» сөзі ағылшын тілінен аударғанда ”interact”, “inter”- өзара, “act”- әрекет ету).

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ҮЛГІЛЕРІ

Дәстүрлі	Дәстүрлі емес
<ul style="list-style-type: none"> • Ата-аналар жиналысы • Жалпы мектептік және жалпы сыныптық конференциялар • Көрнекілік насихат • Отбасының үйіне бару • Ата-аналармен хат алмасу • Ашық сабақтар • Ата-аналарды мектептің өздік басқаруына тарту: жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар комитетін құру; • Педагогтың/психологтың/сынып жетекшісінің жеке кеңестері 	Педагогикалық білім Университеті: <ul style="list-style-type: none"> • Дәрістер • Психологиялық тренингтер • Дискуссиялар, пікірталастар • («Дөңгелек үстелдер») • Практикумдар • Ата-аналар кештері • Ата-аналар оқулары • Ата-аналар рингтері • Отбасылық тәрбие тәжірибесін талқылау

1.2.1.Ата-аналар жиналысы.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерінің ішіндегі кең таралған түрі – ата-аналар жиналысы. Ата-аналар жиналысы мұғалімдер ортасында сабақтар мен «сыныптан тыс жұмыстан» гөрі қиынырақ «жанр» болып саналатыны заңдылық. Мұнда бір-бірін тыңдап, ең басты үшінші жақ - балалардың проблемаларын талқылау үшін білімділік үрдіске қатысушы екі жақ та қатысады - педагогтар мен ата-аналар. Сондықтан да, сынып жетекшілерінің қызметтік міндеттерінің ішіне ата-аналар жиналысын өткізуге бірінші жол берілген. Бұл жағдай сынып жетекшісіне ата-аналар жиналысын дайындау, өткізу және қорытындысын шығару кезеңдерінде үлкен жауапкершілікті жүктейді .

Ата-аналардың жиналысқа қатыспайтындығы, сынып жетекшісімен әңгімелесуге келмейтіндігі жиі айтылады, бірақ бұл мәселеге таң қалмау керек сияқты. Ата-аналар жиналысы, көбінесе, ата-аналардың өзіне мін тағуға, педагогтардың әдеттен тыс дәрежелік танытуына әкеліп соғатын ұрыс-керіске айналып кетіп отыратыны анық. **Сынып жетекшісіне есте сақтау үшін келесі мәселелерге назар аударайық: ата-аналар жиналысы, бұл біріншіден, теория мен тәжірибе көмегі арқылы ата-аналарды жақсы ата-ана болу өнеріне баулу.** Мектеп психологтары үшін ата-аналар жиналысы педагогикалық үрдісті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып саналады. Мектептің психологиялық орталығының барлық қызметкерлері –психологтар, логопедтер, әлеуметтік ұстаздар ата-аналар жиналысына үнемі қатысып отыруы қажет.

Ата-аналар жиналысы:

- ұйымдастырушылық;
- ағымды немесе тақырыптық;
- қорытынды;
- жалпы мектептік және сыныптық болып бөлінеді.

Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы жылына екі рет өткізіледі. Жалпы мектептік ата-аналар жиналысының негізгі мақсаты ата-аналарды мектептің міндеттері мен мақсаттарын, тәрбие үрдісін жоспарлау (ашық есік күндері, өздік басқару мен шығармашылық күндері), белгілі бір уақыт кезеңіндегі қорытынды, мектепті реформалау жағдайындағы проблемалар және перспективалармен таныстыру болып табылады. Бұл жиналыстарда директор, оның орынбасарлары, ата-аналар комитеті сөз алып, есеп береді. Бірақ ата-аналар жиналысы салтанатты түрде өтуі де мүмкін. Дәстүрлі жалпы мектептік ата-аналар жиналысы мектеп мерейтойына, ата-аналарды құрметтеуге, олимпиада мен сайыстар жеңімпаздары-оқушыларды марапаттауға да арналуы мүмкін.

Мектептің ардагер ұстаздарын құрметтеуге байланысты жүргізілетін жалпы мектептік ата-аналар жиналысы да тамаша дәстүрге айналуы мүмкін

болмақ. Мұндай жиналыстар ата-аналарға жағымды әсер етеді, өздерінің отбасыдағы ұстанымдарын жақсы жаққа өзгертуге ынталандырады.

Ата-аналармен мектептің бірлесіп қызмет атқаруындағы маңызды баспалдықтың бірі – сыныптың ата-аналарының жиналысы. Олардың мақсаты: сыныптың оқу-тәрбие жоспарының міндеттерін талқылау, тәрбие жұмысын жоспарлау, мектеп және отбасының тығыз байланыста болу стратегиясын анықтау, актуальды педагогикалық проблемаларды қарастыру, тоқсан немесе жылдыққа қорытындыларды шығару.

Тақырыбы кең көлемді, ол ата-аналармен мектептің жүргізген жұмысының міндеттері мен мақсаттары негізінде ата-аналар сұранысы арқылы анықталады.

Ата-аналар жиналысын ұйымдастыруда оқушылардың үлгерімі басты фактор болып қалмауын есепке алған дұрыс.

Сыныптық ата-аналар жиналысында тек қана оқушылар үлгерімі емес, сонымен қатар, өзекті педагогикалық мәселелерді қарастырғанда ғана тиімді болады.

Ата-аналар жиналысы ата-аналардың педагогикалық-психологиялық ағартудың мектебі болып қалыптасуы керек, олар педагогикалық көзқарасты кеңейтіп, жақсы ата-ана болуға тырысуын ынталандыруы керек. Ата-аналар жиналысында оқушылардың оқу жетістіктері сарапқа салынады, олардың мүмкіндіктері, оқу қызметіндегі сыныптың жылжу дәрежесі сипатталады.

Ата-аналар жиналысы мұғалімге оқушылардың жеткен жеістіктерін паш етуге мүмкіндік береді. Бұл кезде ата-аналар жиналысындағы әңгіме тек қана баға туралы емес, сонымен бірге білім сапасы, танымдық және адамгершілік мотивацияға сәйкес зияткерлік талпыныстары туралы да айтылуы қажет. Ата-аналар жиналысында талқыланатын тақырыптар келесідей болуы мүмкін:

«Зиянды әдеттер және олармен күресу жолдары».

«Отбасылық дәстүрлер».

«Біздің ата-тегіміз».

«Қызығушылық әлемі: баланы мамандық таңдауға қалай дайындау керек».

«Салауатты өмір салтын қалыптастыру».

«Оқушылардың азаматтық толықтығы және белсенділігін тәрбиелеу».

«Баланың сыртқы және ішкі мәдениеті. Ол неге байланысты болады?».

«Баланың отбасыдағы, мектептегі, социумдағы құқықтары мен міндеттері».

«Компьютермен байланыс мәдениеті».

«Кітап және оның өмірдегі орны».

Ата-аналар жиналысына педагогтардың оқушылар қолөнер шығармашылығының, оқушылардың оқу үрдісінен тыс жетістіктерінің көрмесін дайындауы қажет. Ата-аналар жиналысын өткізудің көптеген нұсқалары бар. Олардың сипаты мен бағыттылығын өмірдің өзі балалар ұжымындағы жұмыстың жүйесінің өзі ұсынады. Жиналыстың тақырыбы мен өткізу әдісі оқушылардың жас ерекшеліктерін, ата-аналардың білімділік және мүдделік деңгейлерін, мектеп алдында тұрған тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін ескеруі қажет.

Ата-аналар жиналысын өткізуге ұсынымдамалар:

1. Ата-аналар жиналысы балалардың қателіктері мен жеңілістерін атап өтіп қана қоймай, ата-аналарға білімді таратуы керек.
2. Жиналыс тақырыбы балалардың жас ерекшеліктерін ескеру керек.
3. Жиналыс теориялық және тәжірибелік сипатта болу керек: жағдайларды сараптау, тренингтер, пікірталастар және т.с.с.
4. Жиналыста оқушылардың тұлғалық қасиеттері талқыға салынбауы тиіс.

Ата-аналар жиналысына, әрине, алдын-ала дұрыс дайындалған жөн. Әрбір ата-ана жиналыс өткізілетін күні мен мерзімі белгіленген, ата-анасының аты-жөні және жиналыстың күн тәртібі көрсетілген жиналысқа шақыру қағазын алу тәжірибесі кеңінен таратылып келеді.

Бұл өте маңызды, себебі ата-аналар жиналыста маңызды емес мәселелер қарастырылады деп ойлау мүмкін. Оның үстіне көптеген аналар мен әкелер жиналыстың кеш аяқталуын біліп, үй шаруасын тыс қалдыруды қаламауы мүмкін.

Ата-аналардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған ата-аналар жиналысы да маңызды болып келеді. Бұл мақсатқа жету үшін ата-ананың аты-жөні көрсетілген бейджер (төске тағатын визиткалар) көмектеседі. Сынып жетекшілері бейджерді алдын-ала дайындап әрбір ата-анаға жиналыс алдында таратады. Мұндай «кішігірім» қамқорлық ересектерге үлкен қуаныш әкеледі: мектепте олардың келуін күткендігі оларға ұнайды.

Негізгі сұрақтардан басқа жиналысты өткізу бағдарламасына ата-аналар арасында пікірталастар (әзілдік, арнайы), миға шабуыл, сонымен қатар, шай ішу (формальды түрде емес кездесу), ойын ойнау сияқты түрлерді енгізуге де болады. Кейде жиналыстарда балалар да қатысуы мүмкін. Және де бұл кездесу уақытында аяқталуы тиіс. Ата-аналар жиналыстан кетіп бара жатып оларды мектепке шаруашылық мұқтаждыққа ақша жинау үшін емес, балалар өміріне маңызды мәселелерді бірлесіп шешуге келетінін түсініп кеткені абзал болар еді.

Ұлыбритания мектептерінің тәжірибесін қарастыруды дұрыс санадық. Оларда ата-аналар жиналысын өткізудің бірнеше үлгісі тәжірибеге енгізілген: триместр бойынша қорытынды жасау және оқушыларды жетістіктері үшін марапаттау; әртүрлі пәндердің мұғалімдерімен әңгімелер және кездесулер өткізу. Педагогтармен әңгіме-кездесулер (жиналыстар-әңгімелер): олардың мақсаты – ата-аналарға бір кештің ағымында баламен жұмыс істейтін барлық педагогтармен кездесуге мүмкіндік беру, сұрақтар қою, жетістіктері туралы ақпарат алу, оқудың нәтижелілігін көтеру жайында бірлескен әңгімелер жүргізу.

Жиналыстың бұл үлгідегі өткізілуі баланы бірнеше маман оқытып жатқан мекемелерде тиімді болады: жалпы білім беретін мектептің орта және жоғары буыны немесе мамандандырылған балабақша (мысалы, логопедтік). Мұндай

жиналыстар салтанатты сөйлеуді, құттықтауды, оқу жоспарымен танысуды қарастырмайды. Бұл педагогтар мен ата-аналардың іскерлік жұмыс кездесуі. Мұндай үлгідегі жиналыстарға дайындық оны өткізу туралы ата-аналардың алдын-ала хабардар болуымен мазмұндалады. Мысалы, мерзімі жобамен оқу жылының басында хабарланады, содан кейін -өткізерге дейін бір ай бұрын (ата-аналар жоспарларын кұуда түзетулер енгізу үшін) тағы құлаққағыс қылады. Бірнеше күн бұрын өтетін уақыты, аудитория нөмірі көрсетіліп шақырту қағазы беріледі. Жиналыс үлкен аудиторияда немесе бірнеше көрші бөлмелерде өткізіледі.

Әрбір үстелде оқытушының тегі мен аты, әкесінің аты көрсетілген кесте орналастырылады. Үстел алдында ата-аналар үшін орындықтар қойылады (екі орындықтан кем емес), ата-аналар кейді бірге, кейде балаларын ертіп келеді (балалар бұл кездесуге келетіндігі жайлы алдын-ала хабарланады). Педагогпен әңгімелесу үшін өз кезегін күтіп тұрған ата-аналарға кеңістік ұйымдастыру керек.

Педагогтар ата-аналарды өз кабинеттерінде тоса алады, бірақ мұндай үлгіде өткізу жедел болмайды, себебі ата-аналар уақыттарын сыныптан сыныпқа ауысумен өткізіп алады, ал оқытушылар балаға қатысты бір сұрақ туындағанда бір-бірімен қарым-қатынасқа түсе алмайды.

Мұндай жиналыс-әңгімеге педагогтың дайындығы келесідей мазмұнда болады: оқытушы балалардан алдын-ала ата-аналарының жиналысқа келтіндігі жайлы сұрастырып біледі және әңгімелесуге кететін уақытты жобалайды. Одан кейін ол оқушылардың тізімін жасап, өзіне белгілерді жазып алады: оқушының жағымды жақтарын, нені және қалай жетілдіру керектігін, жыл соңына дейін оқушыдан қандай нәтиже күту керектігін, балалар мен ата-аналарға деген тілектерін және т.с.с. Педагогтың міндеті ата-аналарға қажетті объективті ақпарат беру, қажетті сұрақтарды қою және бұдан кейінгі бірлескен жұмысқа ата-аналарды ынталандырумен айқындалады. Әңгімелесу үлгісіндегі жиналысты әрбір жарты жылдықтың ортасында немесе триместрде өткізген дұрыс болады (Ұлыбританиядағыдай), бұл кезде оқушылар белгілі нәтижелерге жетеді, бірақ қорытынды шығаруға, белгілі нәрселерді жетілдіруге және өзгертуге алда әлі уақыт болатын кезеңде өтеді.

Мұндай жиналысты өткізу күні сабақтар әдетте қысқартылған бағдарламамен өткізіледі, себебі педагогтар дайындалып үлгеруі керек және жұмыс күнінің аяғына дейін шаршамауы қажет.

Мұндай жиналыстардың жағымды жақтарына әдетте әрбір педагогпен баланың жетістіктерін талқылау мүмкіндігі жатады. Ереже бойынша, бірінші кезекте ата-аналар негізгі пәндер бойынша мұғалімдермен әңгімелесуге уақыт табады, бірақ музыка, бейнелеу, дене тәрбиесі сияқты пәндердің ұстаздары ата-анаға ерте мамандық таңдау бағыты бойынша көмек көрсете алады. Сөйтіп, жиналыс-әңгіме ата-аналарға барлық оқытушылармен бірге баланың жеістері мен жемістері, қиындықтары мен қабілеті туралы сөйлесуге мүмкіндік береді, және де оның келешектегі мамандығы туралы да әңгіме қозғай алады.

Жағымсыз жақтарына әдетте ұйымдастырушылық сұрақтарды шешу қиындықтары жатады: нақты бір оқушының ата-анасымен жеке әңгіме регламентінің сақталмауы, ата-аналардың қажетті педагог босағанша кезек күтіп тұруы. Сонымен қатар, мұндай кездесулер мұғалімнен толыққанды дайындалуын көбірек талап етеді және әдеттегі дәстүрлі жиналыстан гөрі уақтты көп алады.

1.2.2. Жалпы мектептік және жалпы сыныптық конференциялар

Бұл балаларды тәрбиелеу туралы білімдерін тереңдету және бекітуді қарастыратын педагогикалық ағарту ісінің бір түрі. Конференциялар ғылыми-тәжірибелік, теориялық, оқырмандық, аналар және әкелер конференциясы болып бөлінеді. Конференциялар жылына бір рет өткізіледі, және де егжей-тегжей дайындалуды талап етеді және ата-аналардың белсенді қатысуын қарастырады. Оларға әдетте оқушылар жұмысының, ата-аналарға арналған кітаптардың көрмелері мен көркемөнерпаздар ұжымының концертін дайындайды.

Конференция тақырыптары нақты болу керек, мысалы «Баланың өміріндегі ойынның рөлі», «Отбасыдағы жасөспірімдерді адамгершілікке тәрбиелеу» және т.с.с. Ата-аналардың назарын аударып және материалдарды жинақтау үшін алдын-ала өткізілген педагогикалық білім университетінің сабақтарында сауалнамалар өткізілуі кейде ұсынылады.

Конференция әдетте мектептің директорының кіріспе сөзімен ашылады (егер бұл жалпы мектептік болса) немесе сынып жетекшісі сөз сөйлейді. Өздерінің отбасылық тәрбие тәжірибесі туралы қысқаша ата-аналар сөз алады. Мұндай қысқаша хабарламалар үш-төртеу болады. Қорытындысын жүргізуші шығарады. Конференцияда талқылауға ұсынылған жобалы тақырыптар:

1. Бала оқығысы келмейді. Оған қалай көмек көрсетуге болады?
2. Баланың жаман есі, зейіні. Оны қалай дамыту керек?
3. Отбасыдағы жалғыз бала. Тәрбиедегі қиындықтарды меңгеру жолдары.
4. Балаларды жазалау. Ол қандай түрде болуы мүмкін?
5. Балалардың қапалануы. Ол неге әкеліп соғады?
6. Ұялшақ бала. Ұялшақтық мәселелері мен оны шешу жолдары.
7. Отбасыдағы дәрекілік пен түсініспеушілік.
8. Отбасыдағы дарынды бала.
9. Баланың достары – дос па әлде қас па?
10. Бір шатырдың астындағы үш ұрпақ. Қарым-қатынас проблемалары.
11. Отбасыдағы жыныстық тәрбие.
12. Нашақорлықтың алдын-алу.

Ата-аналар конференциясы (жалпы мектептік, сыныптық) мектептің тәрбие жүйесінде маңызды рөлін атқарады. Оларда уақыт өте келе белсенді мүшесі болып келетін қоғамның өзекті мәселелері талқыланады.

Конференцияның ерекшелік белгісі нақты шешімдерді қабылдауымен және аталған проблема бойынша іс-шараны тағайындаумен мазмұндалады.

1.2.3 Көрнекілік насихат

Педагогикалық насихатты жүзеге асыру кезінде көрнекіліктің әртүрлі сәйкестігін пайдалануға болады. Бұл ата-аналарды тәрбие мәселесімен тек қана қабырға газеттері, тақырыптық көрмелердің материалдары арқылы таныстырып қоймай, тәрбиелік-білімділік үрдісті, жұмыстың алдыңғы қатарлы әдістерін көрсетеді, ата-аналарға қажетті ақпаратты жеткілікті, түсінікті түрде жеткізеді.

«Ата-ана, Сіздер үшін» деген топтық стендтерді рәсімдеуге болады, онда екі бөлім бойынша ақпарат беріледі: мектептің/сыныптың күнделікті өмірі (алуан түрлі хабарландырулар) және отбасы мен мектепте тәрбиелеу бойынша ағымды жұмыс түрлері.

Жыл басында, ереже бойынша, ата-аналармен педагогикалық кеңесте жылдық жоспар талқыланады. Одан соң, педагогтар бір тоқсанға белгілі бір тарау бойынша тәрбиелеудің міндеттері туралы ақпарат береді, сабақтардың бағдарламалық мазмұнын хабарлайды, ата-аналарға мектептегі жұмысты қалай жалғастыру керектігі туралы кеңестер береді. Кез-келген жастағы оқушылардың ата-аналары сабақта және сабақтан тыс кезде орындалған олардың жұмыстарына сүйсініп қарайды. Мұндай жұмыстарды арнайы бұрышта көрсету пайдалы болады. Көрнекілік насихат сияқты жұмыстың бұл үлгісіне мәтіндік және бейнелеу материалдардың біртұтастығын, мазмұнын егжей-тегжей тексере отырып, байыптылықпен қарау керек. Көрнекілік насихаттың барлық үлгілерінің бірігуі ата-аналардың педагогикалық білімінің толығына ықпалын тигізеді, оларғы үй тәрбиесінің дұрыс емес жақтарын қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

1.2.4. Отбасының үйіне бару

Оқушының отбасысына бару – педагогтың ата-анамен жүргізілетін жеке жұмысының тиімді үлгісі. Отбасыға бару кезінде оқушының үй жағдайымен танысу, отбасылық тәрбиенің микроклиматын зерделеу, балалар мен ата-аналардың жеке ерекшеліктерін бақылауға болады. Оқушының отбасысын зерттеу педагогқа онымен жете танысу, өмір стилін ұғынуға, отбасыдағы дәстүрлер мен рухани құндылықтарды көруге, оқушының ата-анасымен қарым-қатынасын бақылауға мүмкіндік туғызады. Педагог оқушының ата-анасымен баланың мінезі, оның қызығушылықтары мен талабы, ата-анасы мен мектепке деген көзқарасы туралы әңгімелеседі, ата-анасын оның үлгерімі туралы хабардар етеді, үй тапсырмасын орындау бойынша ұйымдастырушылық кеңестер береді және т.б. Осы кезде мұғалім психологиялық-педагогикалық диагностиканың дәстүрлі әдістер кешенін пайдалануына болады: бақылау, әңгімелесу, тестілеу, сауалнама алу, балалар шығармашылығының материалдары және т.б.

Бірақ, бұл үлгіні пайдалану кезінде орындау кезінде, ыңғайсыздыққа, келеңсіз жағдайларға әкеліп тірейтін жағдайлардан аулақ болу үшін ережелерді ескеру қажет. Бәрінен бұрын, жұмыстың бұл үлгісі туралы (педагогтың жоспарлы отбасыға келуі туралы) ата-аналарға алдын-ала айтып қойған жөн, мысалы, ата-аналар жиналысында. Оның үстіне, отбасының өмірімен жете танысу «жазалау шарасы» емес, ата-аналармен өзара әрекеттесудің бір үлгісі екенін атап өту қажет.

Ата-аналардың келісімін алғаннан кейін педагог баратын мерзімі мен уақытын белгілейді, және міндетті түрде қайтатын уақытын көрсетеді. Кездесудің ұзақтығы ата-аналармен бірге тағайындалады. Барар алдында педагог мақсатын, түсіндіруі қажет, мысалы, баланың мектепке бейімделуіне көмектесу.

Отбасыға бару кезінде қарым-қатынас формальды түрде болмауы үшін, өзімен бірге оқушының бір жұмысын (мысалы, оның суретін) немесе отбасының бірлесіп қызмет атқаруы үшін материалдарды ала барған дұрыс болады. Отбасыға барудың нәтижесі болып қолдан жасалған қуыршақ, ойыншық болуы мүмкін. Әңгіме тақырыбын алдын-ала ойластыру керек. Отбасыға барған кезде баланың қатысуы міндетті түрде болады, себебі мұғалімнің келуі оның тәртібіне немесе қу үлгеріміне шағымданумен түсіндірілуі мүмкін. Әңгімені бастамас бұрын баланы бір әрекеті үшін міндетті түрде мақтау керек: тәртібі, ынтасы, білімі үшін. Әрбір баланың мақтауға тұрарлық қасиеті болады. Баланың үйінде болған кезде педагог отбасы мүшелерін көбірек тыңдауға тырысуы керек. Бұл баламен қарым-қатынасты жақсартуға себебін тигізетін, келешекте баламен қарым-қатынас әрекетін жақсартатын, отбасы мүшелерінен жаңа ақпаратты алуға көмек көрсетеді. Үйге келіп кетуді педагог алдын ала келісілген уақытпен аяқтау керек.

1.2.5. Ата-аналармен хат алмасу

Ата-аналармен хат алмасу - балалардың жетістіктері туралы ата-аналарды жазбаша түрде ақпараттандыру. Соңғы уақытта интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдалану кеңінен тарады. Жазбаша түрде ата-ананы олардың қатысуға міндетті іс-шаралар туралы хабарлауға болады; отбасыны мерекелермен құттықтауға, балаларды тәрбиелеу бойынша кеңестер мен ұсынымдамалар беруге болады. Хат алмасудың басты шарты - игілікті сөздер, ақпараттың дәлдігі.

Интернет арқылы хат алмасу мектеп сайтында пайдаланылады. Педагогтар аналар мен әкелердің сұрақтарына жауап береді, ата-аналар – отбасылық тәрбиенің жеке тәжірибесімен бөліседі. Мұндай диалогтың нәтижесінде, электрондық түрде қарым-қатынас жасайтын серіктестер жиналатын, педагогикалық білім Университеті шеңберінде «дөңгелек үстелдер» болуы мүмкін. Әрине, бұл қызмет-педагогтардан көп уақытты талап етеді, сондықтан кеңінен пайдалануға ұсынылмауы мүмкін.

1.2.6 Ашық сабақтар

Әдетте ашық сабақтар ата-аналарды пән бойынша жаңа бағдарламамен, сабақ беру әдісімен, мұғалімнің талабымен жете таныстыру үшін ұйымдастырылады. Ашық сабақтар бастауыш мектептерде жиі өткізіледі. Жарты жылда бір-екі рет ата-аналарға ашық сабақтарға қатысу мүмкіндігі беріп отыру керек. Бұл көптеген қазіргі мектептегі оқу қызметінің күрделілігі мен ерекшелігін түсінбейтін немесе біле бермейтіндігінен туындаған шиеленістерден аулақ болуға мүмкіндік береді.

Ашық сабақтар күні мектепте ата-аналарға ыңғайлы уақытқа белгіленеді, мысалы, сенбі күндерінде. Бұл күндері педагогтар өз шеберліктері мен балалардың қабілеттерін кеңінен танытатын сабақтарын дәстүрден тыс үлгіде береді. Күн ұжымдық сараптаумен аяқталады: жетістіктер, ашық сабақтардың қызықты түрлері, танымдық қызметтің нәтижелері атап өтіледі, проблемалар қойылып, перспективалық міндеттер белгіленеді.

1.2.7. Ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы

Педагогтардың ата-аналармен жұмыс жүйесі оларды мектептік өзін-өзі басқаруға тартады. Заңды түрде оқушылардың ата-аналары мектеп ұжымына кірмейді, бірақ олар мектептің жемісті еңбек етуіне педагогтардан кем мүдделі болмайды. Әлеуметтік тапсырыс берушілер бола тұра, олар мектеп өмірінің қызметіне ықпал ету мүмкіндігіне ие болып, қатысқысы келеді. Сонымен қатар, ата-аналар тең құқылы мүшелер ретінде мектеп кеңесінің құрамына ене алады.

Сыныптағы ата-аналар комитеті – сынып жетекшісінің ерекше инициативті ата-аналарымен бірлесіп қызмет атқарудың бір үлгісі болады. Ата-аналар комитеті мектептің ата-аналар комитеті туралы ережесі негізінде жұмыс істейді. Ол сынып жетекшісімен және оның басқаруымен педагогикалық білім бойынша, ата-аналармен байланысты орнату, сынып балаларын тәрбиелеуге көмек көрсету бойынша бірлесіп атқаратын жұмысты жоспарлайды, мектеп пен отбасының бірлесіп атқарған жұмысын қорытындылайды, сараптайды және бағалайды. Ата-аналар өкілдері, сынып жетекшілерінің көмекшілері жалпы мектептік ата-аналар кеңесіне кіреді. Бұл – тәрбиелік міндеттерді шешу үшін мектеп пен отбасының ұмтылыстарын біріктіретін барлық ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды реттеуші штаб.

Бірлескен демалыс іс-шараларын ұйымдастыру.

Көптеген мектептерде ата-аналар – сыныптан тыс шаралардың жиі қонақтары болып тұрады. Бұл, мысалы, «Мен, әкем, анам-спорт сүйер отбасымыз», 8 наурызға арналған таңертеңгіліктер мен «Көгілдір оттар», «Мамандықпен кездесу» кештері, көркем өнерпаздар концерті болуы мүмкін. Бұл шаралар ата-аналарға балаларын танып білуге, бұрын-соңды байқалмаған қырлары мен талаптарын көруге мүмкіндік береді. Сыныптың тіпті жүйелі емес, анда-санда бір болатын ата-аналармен өткізілетін істерінің тигізетін тәрбиелік ықпалы мол болады. Педагогтың жұмысы ата-анамен тығыз

байланыссыз, ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне белсенділікпен баулусыз жүзеге асырылуы мүмкін емес.

Өкінішке орай, көптеген ата-аналар өз жұмыстарында шамадан тыс жүктелген, сондықтан мектеп пен баласының сыныптастары тұрмақ, өз баласына қарауға да шамасы келмейтін мысалдар кездеседі. Оған қарамастан, тәжірибе көрсетіп отырғандай ынтагерлер әрқашан да табылады. Көбінесе, бұл спортшылар және жаттықтырушылар, олар әртүрлі спорт секцияларын ұйымдастырып, мектептегі дене шынықтыру мұғалімдерімен бірлесіп жарыстар ұйымдастырады.

Шығармашылық үйірмелер – балаларды дамытудың маңызды құралы – мектептен тыс та жұмыс істей алады. Егер де анасының өз үйінде қыз балаларды жинап ала алатын мүмкіндігі болатын болса, ол үй үйірмесіне жетекшілік ете алады, мысалы, «Жас шебер», және сол әрекеті арқылы болашақ аналар мен үй иелерін тәрбиелеуге орасан зор көмегін тигізеді. Ата-аналардың мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтудағы, би кештері мен кездесу кештерін өткізген уақытта кезекшілік ұйымдастыруында көрсететін көмегі сол.

1.2.8. Ата-аналардың Педагогикалық білімдер Университеті

Педагогикалық білімдер Университеті – бұл ата-аналарды педагогикалық - психологиялық ағартудың үлгісі болып табылады (әртүрлі білім мекемелерінде ата-аналармен жүргізілетін бұл жұмыс үлгісі әртүрлі аталады, мысалы, «Ата-аналарға психологиялық көмек мектебі», «Тиімді ата-аналық мектебі» немесе «Психология сағаттары» дәріс клубы). Университеттегі сабақтар ата-аналарды педагогикалық мәдениет негіздерімен, қажетті білімдермен қаруландырады, жас ерекшеліктері мен ата-аналар сұраныстарын есепке ала отырып тәрбиенің ата-аналардың қоғамымен, отбасылардың мектеппен байланысын тағайындауға, сонымен қатар, тәрбие жұмысында мұғалімдер мен ата-аналардың ынтымақтастығына ықпалын тигізеді.

Мұндай Университеттің қызметі жалпы мектептік ата-аналар жиналысында қабылданып, мектеп басшысымен бекітілген Ережелер негізінде жүзеге асырылуы маңызды болады. Ереженің үлгісі төменде берілген (үлгіге алынған ереже нақты оқу мекемесінің басшылығы, педагогтардың ұсыныстарына сәйкес өзгеруі мүмкін).

Педагогикалық білім Университетінің Ережесі.

1. Жалпы ережелер

1.1. Педагогикалық білімдер Университеті балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесінде мектеп пен отбасының ынтымақтастығыны тағайындау мақсатында құрылған.

1.2. Педагогикалық білімдер Университеті өз қызметін білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, мектеп Жарғысына, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Педагогикалық білімдер Университетіне қатысушылар болып ата-аналар, педагогтар, психологтар (мектепте істейтін басқа қызметкерлер) танылады.

1.4. Педагогикалық білімдер Университеті өз қызметін мектеп директоры бұйрығының негізінде жүзеге асырады.

1.5. Педагогикалық білімдер Университеті қызметінің негізгі принциптері:

- еріктік,
- құзыреттілік,
- этиканы сақтау.

2. Педагогикалық білімдер Университеті қызметінің негізгі бағыттары:

- ата-аналарға психологиялық көмек көрсету,
- ата-аналардың психологиялық білімдері деңгейін көтеру,
- отбасылық тәрбиенің үлгілі тәжірибесін насихаттау.

3. Педагогикалық білімдер Университетіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

3.1. АТА-АНАЛАР (заңды өкілдер) құқылы:

- баланы дамыту бойынша білікті кеңестік көмек алуға;
- балалармен үйде қарым-қатынасты ұйымдастыруда тәжірибелік көмек алуға;
- баланы тәрбиелеуде тәжірибемен алмасу;

3.2. МЕКТЕП құқылы:

- отбасылық тәрбиенің үлгілі тәжірибесін зерттеп, таратуға;
- Педагогикалық білімдер Университетінің жұмыс жоспарын пайда болған жағдайлар мен ата-аналар тілектеріне орай өзгертуге;

3.3. МЕКТЕП міндетті:

- Педагогикалық білімдер Университетінің жұмысын мектеп директорының бекіткен жоспарына, ата-аналардың проблемалары, тілектері мен мүделеріне сәйкес ұйымдастыруға;
- ата-аналарға кеңестік және тәжірибелік көмек көрсетуге.

4. Педагогикалық білімдер Университеті қызметін ұйымдастыру:

4.1. Педагогикалық білімдер Университетінің жұмысы мектеп базасында жүзеге асырылады.

4.2. Жұмыс ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша жоспарланады.

4.3. Қорытынды жиналыста Педагогикалық білімдер Университетінің өткен мерзімдегі жұмысының нәтижелері шығарылады.

4.4. Педагогикалық білімдер Университеті қызметінің формалары:

- дәрістер;
- дискуссиялар;
- психологиялық тренингтер;
- практикумдер;
- рөлдік ойындар;
- жеке кеңестер беру;
- отбасылық тәрбие тәжірибесін талқылау;
- басқалары.

Университет сабақтарының бағдарламасын құрастыру маңызды міндет болып табылады, оны орындауға педагогтар мен сынып жетекшілерін, психологиялық қызмет мамандарын тарту керек.

Бұл жұмыс үш кезеңнен тұрады.

1-кезеңде оқу жылының басында мектептің ата-аналар құрамын тексеру жүргізіп, оны сараптау қажет (толық және толық емес отбасылар саны, жасына қарай диапазонын анықтау: 30, 40-қа дейінгі, 40-тан асқан ата-аналар саны; жоғары, арнаулы орта, орта білімі бар ата-аналар саны; мүліктік деңгейі: аз қамтамасыз етілген, орта және жоғары қамтамасыз етілген отбасылар саны; бейберекет нашар отбасылар (маскүнем ата-аналар).

2-кезеңде сауалнама мен жеке әңгімелесу әдістері арқылы ата-аналардың білім берудегі сұраныстарын, талаптарын және мектептің педагогикалық ұжымының жұмысын бағалауды анықтау керек.

3-кезеңде барлық алынған мәліметтердің жиынтығын сараптап, барлық анықталған факторларды есепке алатын Педагогикалық білімдер Университеті сабақтарының бағдарламасын жасау үшін мәліметтер базасын құру қажет.

Педагогикалық білімдер Университетінде сабақтарды ұйымдастыру формалары алуан түрлі болу керек: дәрістер, әңгімелер, практикумдер, ата-аналарға арналған конференциялар және т.с.с. Бағдарламада педагог-психолог қызметінің әртүрлі бағыттары көрсетілуі керек: ағартушылық, тренингтік, кеңестік және әдістемелік.

Сабақтардың көбінен кең тараған формаларына қысқаша сипаттама берейік.

Дәріс – тәрбиенің кейбір тұстарының маңыздылығын ашатын психологиялық-педагогикалық білім берудің формасы. Ең жақсы лектор – балалардың қызығушылықтарын білетін, тәрбиелік жағдаяттар, құбылыстардың сараптауын жүргізе алатын мұғалімнің, тәрбиешінің өзі.

Сондықтан, дәріс кезінде құбылыстардың себептері, олардың жүру механизмі, бала тәртібінің механизмі, оның психикасының дамуының заңдылықтары, отбасылық тәрбиенің ережелері ашылуы керек.

Лекцияны дайындау кезінде оның құрылымын, логикасын ескеру керек, негізгі идеялар, ойлар, фактілер мен сандарды көрсетіп жоспар құруға болады. Дәріс кезінде қарым-қатынас әдісі еркін әңгімелесу, мүдделері ортақ адамдардың диалогы.

Дәрістердің тақырыптары ата-аналарға қызықты, көкейтесті және алуан түрлі болу керек, мысалы, «Отбасылық тәрбие деген не?», «Кіші

жасөспірімдердің жас ерекшеліктері», «Мектеп оқушысының күн тәртібі», «Өзін-өзі тәрбиелеу деген не?», «Отбасылық тәрбиедегі жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін есепке алу», «Бала және табиғат», «Бала өміріндегі өнер», «Отбасыда балаларды жыныстық тәрбиелеу» және т.с.с.

Ата-аналармен қарым-қатынас кезінде көбірек тиімді болып келетін коммуникативтік қарым-қатынас стиліне қатысты педагогтарға ұсынымдамалар:

- Фактілерді түсінікті, нақты жеткізе білу, пікірлерді нақты аргументтеу;
- Іс жүзіндегі материалдарды, ашық мысалдарды пайдалану;
- Түсінікті тілде сөйлеу;
- Қысқа, әрі нұсқа сөйлеу (Плутарх «Сөздің күші –кішігірім сөзбен көп нәрсені жеткізе білуде» деген);
- Грамматикалық нормалар мен айтылу ережелерін сақтау;
- Маңызды ойларды жаңа үлгіде бірнеше рет қайталау;
- Әңгіменің соңын, нүктесін қою үшін нақтылап дайындау керек;
- Ақпаратты ата-аналар жақсырақ түсініп алады.

Практикум – баланы тәрбиелеу бойынша ата-аналарда педагогикалық іскерлікті тудырудың, пайда болатын педагогикалық жағдайларды тиімді шешудің, тәрбиелеуші-ата-аналардың педагогикалық ойлау қабілетін өздігінше жаттықтырудың формасы.

Педагогикалық практикум кезінде мұғалім ата-ана мен балалардың арасында пайда болатын кез-келген қақтығыстық жағдайдан шығуды ұсынады, қандай-да бір жағдайда немесе іс жүзіндегі нақты кездескен мысалдарды түсіндіруге мүмкіндік береді.

Педагогикалық пікірталас (диспут) – педагогикалық мәдениетті көтерудің қызықты формаларының бірі. Диспуттың ерекшелігі оған қатысушылардың барлығын қойлыған проблеманы талқылауға қатысуыға тарту, жинақталған тәжірибеге сүйене отырып, фактілер мен құбылыстарды жан-жақты сараптай білу дағдысын қалыптастыру.

Пікірталастың ұтымдылығы көбінесе, оның дайындығына байланысты болады. Жобамен бір ай бұрын қатысушылар диспуттың тақырыбымен, негізгі сұрақтарымен, әдебиетпен танысады. Дискуссияның ең жауапкершілікті бөлігі – пікірталасты жүргізу. Бұл жердегі үрдіс көбінесе жүргізушіге (педагог немесе ата-аналардың біреуі болуы мүмкін) байланысты болады.

Алдын-ала сөйлеу регламентін белгілеп алу қажет, сөйлейтін сөздерді тыңдай отыра, өз ұстанымын дәлелдеу, қорытынды жасауы қажет. Пікірталастың ең басты принципі – қатысушының ұстанымы мен пікіріне сыйластықпен қарау.

Пікірталастың тақырыптары ретінде кез-келген отбасылық және мектеп тәрбиесіне қатысты өзекті проблема қарастырылады, мысалы:

1. *Сіздің балаңыз-мектеп оқушысы. Бірінші сынып оқушысының күн тәртібі.*

2. *Баланың тән саулығы –жақсы оқу үлгерімінің кепілі.*

3. *Отбасының адамгершілік сабақтары – өмірдің адамгершілік сабақтары.*

4. *Ойынның бала өміріндегі орны.*

5. *Бала емес, бірақ әлі есеймеген.*

6. *Жыныстық айырмашылықтар мен жыныс проблемалары.*

7. *Балалар суицидінің себептері.*

8. *Ата-аналар ажырасқан кезде.*

9. *Отбасыдағы қақтығыстарды болдырмау.*

10. *Мектептік оқушылықтың қиындықтары.*

11. *Баланы жақсы көруге және өзін жақсы көргізуге қалай үйретуге болады?*

12. *Жақсы ата-аналар. Олар кімдер?*

13. *Мектептегі тәрбие жүйесі ата-аналар көзімен.*

14. *Оқушылардың бос уақыты мен айналысатын қызығушылықтары.*

15. *Отбасыдағы дарынды бала.*

16. *Мамандық таңдау кімнің ісі?*

Ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер – жаттығулардың, рөлдік ойындардың кешені. Тренингтік жұмыс кезінде ата-аналардың тәрбие үрдісінде қолданып жүрген стереотиптерін түсінуі және проблемаларға жаңа көзқарасты қалыптастыру жүзеге асырылады. Тренингтердегі бастапқы нүктесі келесі формулалармен мазмұндалады:

“Басқа адамды өзгерткің келсе - өзің өзгеруге тырыс!”

Тренингтердің мазмұны келесі ережелерге негізделеді:

- балаларды тәрбиелеу – бұл ата-аналардың өзін-өзі тәрбиелеуі;
- тәрбие – баланың мінез-құлқының ерекшеліктерін тыңдай және ести білу, түсіну мен сезіне білу;
- ата-аналардың қорғаулы болуға және теңдікке құқықтары бар;
- ата-аналар өздерінің «ішкі Мен» тілінде сөйлей білуі қажет.

Ата-аналар тренингі – өзінің баласының мінез-құлқына көзқарасын және өз баласымен қарым-қатынасын өзгерткісі келетін ата-аналармен жүргізілетін белсенді жұмыс түрі. Ата-аналар тренингтерінде екі ата-ана да қатысуы керек. Бұл жағдайдан тренингтің тиімділігі артады және нәтижелері көп күттірмей белгілі болады.

Тренинг 12-15 адамнан тұратын топпен жүргізіледі. Егер барлық ата-аналар тренингке үнемі белсенді қатысып отырғанда, ата-аналар жетістіктерге жететіні анық. Тренинг нәтижелі болу үшін, ереже бойынша, 5-8 сабақтан тұру керек. Ата-аналар тренингі мектеп психологымен өткізіледі, ол ата-аналарды бір уақытқа өздерін бала ретінде сезінуге, тағы да бір рет балалық шақтың әсерін сезінуге мүмкіндік береді.

Ата-аналар «балаларша бет-аузын тыжырайту», «менің сүйікті ойыншығым», «менің ертегілік бейнем», «балалық шақтың естеліктері», «менің отбасым туралы фильм» сияқты тренингті тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды.

Рөлдік ойындар – қатысушылардың педагогикалық біліктілігінің қалыптасу деңгейін зерттеу бойынша ұжымдық шығармашылық қызметінің формасы. Рөлдік ойындардың тақырыптары келесідей болуы мүмкін: «Сіздің үйіңіздегі таңғы уақыт», «Бала мектептен келді», «Отбасылық кеңес» және басқалары. Рөлдік ойындардың әдісі тақырыпты анықтауды, қатысушылар құрамын белгілеуді, олардың арасында рөлдерді бөлу, мүмкін болатын ұстанымдарды алдын-ала талқылау және ойынға қатысушылар мінез-құлқының түрлерін қарастыруды анықтайды. Мұнда ойынға қатысушылардың мінез-құлқының (жағымды/жағымсыз) бірнеше нұсқасын көрсетуге болады және бірлесе отырып талқылау арқылы осы жағдайға қолайлы ұтымды нұсқасын таңдайды.

Жеке тақырыптық кеңестер. Қандай-да бір күрделі проблеманы шешуде педагог оқушының ата-анасынан тура көмек алуы мүмкін және бұны дұрыс қабылдау қажет. Ата-аналармен жүргізілетін кеңестер өздеріне де, мұғалімдерге де пайдалы. Ата-аналар мектеп істері жөнінде және баланың тәртібі туралы дұрыс пікірде болады, ал мұғалім-әр оқушының проблемасын түсінуге қажетті мәліметтерді жинақтайды.

Ақпаратпен алмасқаннан соң екі жақ та, мүмкін, ата-аналар әрекетінің нақты формаларына қатысты келісімге келер. Ата-аналармен қарым-қатынасында педагог әбден әдептілік пен бипаздық таныту керек. Ата-аналарды ұялтып, оның баласына қатысты парызын орындамағандығын айтуға болмайды. Мұғалімнің қарым-қатынасы келесідей үлгіде болу керек: «Алдымызда ортақ проблема бар. Оны шешу үшін қандай шешімдер қабылдаймыз?». Әдепті және бипаздықты сақтап сөйлесу, әсіресе, балалары жаман қылық істемейтіндігіне сенімді ата-аналармен сөйлескенде қажет болады. Ұтымды кеңестер беру принциптері – бір-біріне сенімді қарым-қатынастар, өзара сыйластық, қызығушылық таныту, біліктілік.

Жеке кеңестер (баланың тәртібі мен мектеп істері, оның проблемалары туралы нақты баяндайтын ақпаратпен алмасу).

Жеке кеңестер – сынып жетекшісінің отбасысымен өзара әрекеттесуінің маңызды формасы болып табылады. Ата-аналардың мазасыздығын, баласы туралы айтуға қорқыныш сезімде болуын болдырмау үшін ата-аналармен жекелеген кеңестер, әңгімелер жүргізу керек. Кеңеске дайындалар уақытта сыныппен жұмыс істеу жоспарына көмектесетін жауаптары бар сұрақтардың бірнешеуін дайындап қою қажет. Жеке кеңес беру таныстыратын сипатта болады және ата-аналар мен мұғалімдер арасында жақсы байланыс орнығыуына ықпал етеді. Мұғалім ата-аналарға бейресми нені айтып таныстырғысы келетіндігіне мүмкіндік беруі керек және өзінің баламен жұмыс істеуіне қажетті мамандық мәліметтерін анықтап алуы қажет:

- бала денсаулығының ерекшеліктері;
- оның әуестенуі, қызығушылығы;
- отбасыда қарым-қатынасқа көңіл бөлу;
- мінез-құлық реакциялары;
- мінезінің ерекшеліктері;

- оқу мотивациялары;
- отбасының рухани құндылықтары.

Тақырыптық және жеке консультациялар егер де өздігінше, бала тәрбиесіндегі проблемаларын шеше алмаған жағдайында ата-аналардың өздерінің сұрақтары бойынша өткізіледі. Тақырыптық және жеке консультациялар ата-аналар үшін сынып жетекшісінің ұсынысы бойынша да өткізіледі. Бұл кеңестер мұқият дайындықты қажет етеді. Кеңес беру дайындық кезеңінде баламен, оны қоршаған айналамен жете танысу керек, оның үстіне бұл үрдісті жүзеге асыруда әдептілік пен іскерлік қажет. Әрбір кеңес проблемаларды талқылауды ғана емес, оның шешуінің тәжірибелік ұсыныстарын да қарастырады. Кез-келген сынып жетекшісі осындай кеңес беруді өткізе бермейді, сондықтан осы мәселені шешуде білікті мамандарды тарту қажет.

Кеңес беруге өткізуге қойылатын талаптар:

1. Кеңес беру ата-анасының немесе сынып жетекшісінің, немесе оқушының сұранысы бойынша өткізіледі.
2. Кеңес беру уақытында талқылануға жататын проблема сынып жетекшісіне мәлім болуы керек. Ол сынып жетекшісімен әртүрлі ұстанымдар тұғырынан қарастырылған: баланың, ата-ананың, педагогтардың.
3. Кеңестің барысында қызығушылық танытқан жақтарға өз пікірін айтуға және осы проблемаға деген өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру қажет.
4. Ата-аналарға көмектескісі келетін кеңеске қатысушылар проблеманы шешуде біліктілік таныта білуі керек.
5. Кеңес беру ақыл үйретусіз, қауіп төндірмей, жайлы ахуалда өту керек.
6. Кеңес беру барысында баланың бойындағы жақсы қасиеттерге көңіл бөлу арқылы ғана проблемалар жайында сөз қозғау керек.
7. Кеңес беру барысында балаларды бір-бірімен салыстыру, бүгінгі күнмен салыстырғандағы үлгерімі мен кемшіліктері туралы айтқан орынсыз болады.
8. Кеңес беру ата-аналарға мамандар, педагогтар, сынып жетекшілерінің проблемалары бойынша нақты ұсынымдамаларды беруі керек.
9. Кеңес беру келешекке бағытталған және отбасыдағы оңтайла өзгерістерге әсерін тигізетін болуы керек.
10. Кеңестің нәтижелері бөтен адамдардың әңгіме тақырыптарына айналмау керек.

Ата-аналар оқуы – ата-аналарға тек қана педагогтардың дәрістерін тыңдап қоймай, проблема бойынша әдебиетті оқып, оны талқылауына қатысуға мүмкіндік беретін ата-аналармен жүргізілетін қызықты жұмыс түрлерінің формасы болып табылады. Ата-аналар оқуларын келесідей ұйымдастыруға болады: оқу жылының басындағы алғашқы ата-аналар жиналысында ата-аналар өздерін толқытып жүрген педагогика мен психология мәселелерін анықтайды. Мұғалім ақпаратты жинайды және сарапқа салады. Мектеп кітапханасы мен

басқа мамандар көмегі арқылы қойылған сұраққа жауап беретін кітаптар таңдалып алынады. Ата-аналар ұсынылған кітаптарды оқиды, содан кейін одан алған мәліметтерін ата-аналар оқуларында пайдаланады. Ата-аналар сұрақтың өзіндік түсінігін және кітапты оқығаннан кейінгі мәселелерді шешуге ұстанымдарын өзгерткендігін баяндай білуі қажет.

Ата-аналар кештері – ата-аналар ұжымын тығыз байланыстыратын жұмыс формасы. Ата-аналар кештері жылына екі-үш рет өткізіледі. Бұл баласының досының ата-анасымен араласатын, балалық шақтарының қызықты сәттерін еске түсіретін, өмірдің бала мен ата-ананың алдына қойған сұрақтарына жауап іздеткізетін қызықты мереке. Ата-аналар кештерінің тақырыптары алуан түрлі болуы мүмкін. Бастысы, олар бір-бірін тыңдай және тыңдата білу, өзін, ішкі дауысын тыңдай алуға үйрету қажет.

Ата-аналар кештерінің тақырыптары, мысалы:

1. Баланың дүниеге келуі және оның дамуындағы алғашқы бірінші жылы.
2. Баланың алғашқы кітаптары.
3. Баламның келешегі. Қалай көрінеді?
4. Баламның достары.
5. Отбасымыздағы мерекелер.
6. Біздің отбасыдағы «болады/рұқсат» және «болмайды/рұқсат жоқ» мәселелері.
7. Отбасымыздың туған күні. Қалай тойлаймыз?
8. Бұрынғы айтылған әндер және қазіргі балалар айтатын әндер.

Кештерді өткізу түрлері ұсынылған тақырып бойынша өз пікірлерін айтқызып қана қоймай, басқа ата-аналардың талқылауларында өзіне пайдалы нәрселерді алуға, өзінің тәрбиелік арсеналына жаңа қызықты дүниелерді енгізуге мүмкіндік береді.

Ата-аналар рингтері – ата-аналар қарым-қатынастары мен ата-аналар ұжымының қалыптасуының дискуссиялық түрі. Ата-аналар рингі педагогикалық мәселелер бойынша сұрақтарға жауап түрінде дайындалады. Сұрақтарды ата-аналардың өздері тандайды. Оларда әртүрлі ұстанымдар, әртүрлі пікірлер болуы мүмкін. Аудиторияның қалған бөлігі пікірталасқа кіріспейді, тек қана өз ойларын қол шапалақтау арқылы қолдап отырады. Ата-аналар рингтеріндегі эксперт ретінде оқушылар отырады, олар, өз кезегінде, отбасының қайсысы дұрыс жауап беруге тырысқанын анықтайды.

Тағы да естеріңізге саламыз: ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың қай түрі болмасын оның педагог-ата-ана жүйесіндегі өзара әрекеттесу тиімділігін ескеру қажет. Бәрінен бұрын – кезеңмен жүріп отыру. Мысалы, бірінші кезеңде жоғарыда аталғандай теориялық негіздерді білу, педагогқа ата-ананың сеніміне кіруге, мүмкіндік береді. Осы кезең аяқталғаннан кейін ғана басқа міндеттерді шешуге кірісу керек.

Айтарлықтай, ата-аналармен жұмыс істеудің тағы бір тиімділігі ретінде жұмыстың жүйелілігін атауға болатын сияқты, себебі, қандай да бір іс-шараның жақсырақ дайындалғанына қарамастан ата-аналарға, балаларға, педагогтарға еш пайдасын тигізбеуі мүмкін.

Дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістер, сынып жетекшілерінің ата-аналармен өзара әрекеттесу формалары бір ортақ міндетке әкеледі – ол заманауи мәдениет өміріне еніп келе жатқан ұрпақты бақытты қылу.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың өзегі – интерактивтілік: жұмыстың барлық формаларында қатысушылары талқылайтын, өз пікірлерін ашып айта алатын диалогтар, өз қарсыластарымен пікір таластыратын дискуссиялар. Интерактивтік әдістер тәрбиені қатысу және өзара әрекеттесу арқылы белгілейді. «Мен естісем – ұмытамын, мен көрсем - түсінемін, мен өзім жасасам - есімде қалады» делінген қытай мәтелінде.

Ата-аналармен өзара әрекеттесудің белсенді әдістері:

– ата-аналарды белсенді ұстанымға ие болуына ынталандырады, оларды педагогикалық үрдістің белсенді қатысушысы ретінде танытады;

– ата-аналардың психологпен бірлесіп әрекеттесу дайындығын тереңдетеді;

– педагогтар мен психологтарға ата-аналардың күтпелі нәтижелерін, толқуларын, үрейлерін түсіндіруге мүмкіндік береді; бұл педагог – ата-ана қарым-қатынасының қызметі ата-аналар үшін айқын емес, сондықтан отбасылық тәрбие туралы жоғары құндылықты ақпарат алуға, яғни, әлеуметтік қажеттілік факторының әсерінен еркін тұрған ақпаратты алуға мүмкіндік береді;

– психологтың ата-аналарға ықпалын тереңдетеді; олар жалғамсыз өмір сүрудің және соған қолма-қол әсерін білдіре алу тәжірибесін алады, бұл жағдайлар психологоялық білімінің және дағдысының ықпалдастығына көмегін тигізеді.

Қатысу мен өзара әрекеттесу әдістемесі отбасылық тәрбиеге оның заңды мағынасы мен әсерін қайтара отырып, тәрбие үрдісіне ата-аналарды толығымен баулиды.

Ата-аналармен мектепте жүргізілетін жұмыстардың іс жүзінде болатындығының көрсеткіштерін дайындаған маңызды рөлін атқарады. Сандық көрсеткіш ретінде: 1) педагогикалық білім Университетінің сабақтарына қатысушы ата-аналар санының өсуі; 2) психологқа ата-аналардың өтініштермен келу санының өсуін белгілеуге болады.

Келесі жағдайлар тиімділіктің сапалы көрсеткіштері бола алуы мүмкін:

- ата-аналарда психологиялық білімнің пайда болуы;
- ата-аналардың әңгімелер мен пікірталасқа белсенді қатысуы;
- тәрбие тәжірибесі бойынша басқа ата-анамен бөлісу;

- өз қателіктерін түсіну;
- балалар мен өз әрекеттерін сараптау, кездесетін құбылыстың себебін іздеу.

Сапалы көрсеткіштің мониторингін жасау үшін ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық сабақтардан кейін сауалнама өткізу қажет. Үлгісі төменде көрсетілген:

САУАЛНАМА

Құрметті ата-аналар! Педагогикалық білім Университетінің жұмысына қатысқаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз және төмендегі сұрақтарға жауап берулеріңізді өтінеміз. Рахмет!

1. Сізге қызықты болды ма? (иә/жоқ)
2. Сізге ыңғайлы /жайлы болды ма? (иә/жоқ)
3. Ақпараттың пайдасы болды ма? (иә/жоқ)
4. Сізге қай жағы ұтымды болып көрінді? _____
5. Талқыланып жатқан проблемаға көзқарасыңыз өзгерді ме? (иә/жоқ)
6. Осы алған біліміңізді ата-аналық тәжірибеде пайдаланамын деп ойлайсызба? (иә/жоқ)
7. Келешекте қандай тақырыптарды талқылағанды пайдалырақ деп ойлайсыз? _____
8. Осы педагогикалық білімдер Университетінің сабақтарына тағы қатысқыңыз келе ме? (иә/жоқ)
9. Сіз педагогқа/психологқа кеңес алу үшін жеке келгіңіз келе ме? (иә/жоқ)
10. Сіздің тілегіңіз _____

1.3. Педагогтың жеке қасиеттері, оның отбасының педагогикалық мәдениетін арттырудағы рөлі мен қызметі.

Педагогтың қызметі жетістікті болу үшін қандай болуы керек деген сұрақ педагогиканың теориямен де, тәжірибемен де айналысып жүрген ғалымдарын толқытқан. Қазіргі педагогиканың атасы деп саналатын Ян Амос Коменский (1592-1670), мұғалім адамгершіліктің бейкүнәсыздықтың үлгісі болу керек деп санаған. Ғалым тәрбиені түсіністігі мол, қақтығысы мен шиеленісі жоқ ұжым ішінде жүзеге асыру керек деген пікірді ұсынады.

Француз ағартушысы Жан Жак Руссо (1712-1778), баланы біріншіден адам болуға үйрету керек, сосын барып сот, солдат болуға үйрету керек, ал балаға жолдас бола білген педагог авторитарлық танытпай, баланы дамытуға қабілетті.

XIX ғасырда педагогиканың көптеген идеяларын орыс жазушысы Лев Николаевич Толстой (1828-1910) дамытты. Идеалды мектеп деп ерікті ынтымақтастық түріндегі, мұғалімдердің білімді беріп, оқушылардың оны еркін қабылдауын санаған. «Тәртіп, әрине, қажет, бірақ оларды мүлдем жандарына байлап қоюға болмайды: балалар оның қажеттілігін сезіне білу керек. Бұл

педагогтың өз оқушылары алдындағы мәртебесі биік болған кезде, оқушыларын өзінің пәніне қызығушылықпен және тұлғалық күшімен баули алған кезде жүзеге асырылады». Л.Н.Толстойдың өзі педагог-тәрбиеші ретінде үлгілі мысал бола алады: оның тұлғалық күші замандастары мен ұрпақтарын таң қалдырған. Татьяна Львовна жазушының үлкен қызы, әкесін былай деп суреттейді: «Өзінің құштарлықтарымен үнемі күресуде, өзін қатал сынаққа алатын, өзіне деген талабы жоғары, оның үстіне арманшыл оптимист, ешқашанда өкінбейтін, кез-келген қиын жағдайдан жол таба білетін, кез-келген проблеманы, бақытсыздық пен жайсыздықтарды шешуге ұмтылып тұратын адам болған».⁹

Мамандық шеберлігі мол, өз ісіне берілген, өзіне жоғары талап қоя білетін, өзінің мамандық және кәсіптік міндеттерін түсіне білетін, отбасының ұлттық және діни салт-дәстүрлерінен хабардар – бұл педагогтың, психологтың және де басқа білім мекемелерінде қызмет атқаратын мамандардың еңбегін жемісті қылудың кепілі болады.

Ата-аналармен жұмысын тиімді қылатын педагогтың мағыналы қасиеттеріне педагогикалық рефлексия мен коммуникабельділігін (ашықтығын, жанасқыштығын) жатқызуға болады. Ата-аналардың педагогпен өзара ынтымақтастығы кезіндегі педагогикалық рефлексия – бұл педагогтың өзіне өзара әрекеттесу субъектісі ретінде қарау біліктілігі, демек, өзінің реакцияларын, эмоцияларын, өзінің жеке педагогикалық ықпал етулерінің нәтижелілігі мен мақсаттылығын өзі бағалай білу шеберлігі.

Педагогтың ата-анамен байланыс кезіндегі ашықтығы, сөйлесе білу мәдениеті мен тәртібі маңызды рөлді атқарады, себебі, бұл қасиеттер ата-аналар ойында педагогтың тұлға ретінде танылуы, өз баласының оқуы мен тәрбиесін сеніп тапсырған кәсіпкер екендігі жөнінде пікір қалыптастырады. Егер, педагог ата-аналармен өзара сыйластық қарым-қатынасты орната алмаса, кері эмоцияларды жақындата берсе, басыңқылық танытып, ата-аналардың көңіл-күй жағдайын ескермесе өзінің педагогикалық мақсаттарына жете алмайды. Педагогтың ортақ коммуникабельді білімділіктерінің арасында ата-аналармен өзара ынтымақтастық тиімділігін ұйымдастыруға ерекшелерін атап өтуге болады:

- **өзінің мінез-құлқын басқара алу біліктілігі** (эмоционалдық ағындарға берілмеу, өте сыпайы және әдепті болу, О.Уайльдтің айтуынша «жек көрушілік» тудыратын ағайынгершіліктен аулақ болу);

- **тыңдай білу** (сөзді бөлмей, әңгімесінің сөзін қолдап, оның айтқан әңгімесіне қызығушылық таныта отыра);

- **жеке өзіне және өзінің педагогикалық шеберлігіне деген сенімділіктің жоғары деңгейін қалыптастыра білу** (диагностикалық және түзету жұмыстарының қарама-қайшылық келтірмейтін және дәйекті тактикасын дайындау, ұзартылған әсер беретін тәжірибелік әдістер мен техникаларды пайдалану; кез-келген техника аспап тәріздес болады, пианино

⁹ Т.Л. Сухотина-Толстая Естеліктер –359 б.

немесе балға болсын; балға қару ретінде пайдаланылса, пианино – тітіркендіретін көптеген дыбыстар шығаратын немесе тамаша музыка әуенін беретін аспап; кез-келген аспаптың құндылығы оны қалай қолданатындықтан және пайдаланушының біліктілігіне тәуелді болып келеді);

- Өзін ата-аналардың алдында шебер маман ретінде көрсете білу (сұрақтарға жауап берген кезде нық және анық жауап беру, нәтижелермен асығыс білдірмеу, ата-аналардан алынған ақпаратты жақсы ойластыру, өзінің ұстанымын анық айта білу, баланың қиыншылықтарына талдау жасау).

Ата-аналармен жұмыс істеуге қатысушы ретінде кез-келген білім мекемесінің маманына ұйымдастырушылық-қызметтік картасын жасау қажет болады, ол мамандық қызметі саласында адекватты түрде өзін бағалауды қалыптастыра отырып, педагогикалық рефлексия үрдісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мектеп психологының осындай қызметінің картасын мысал ретінде келтіріп отырмыз.

Ұйымдастырушылық-қызметтік карта

Жұмыс мазмұны	Психолог қызметі		Ата-ана қызметі	
	Психологтың әрекеті	Берілген әрекеттің мағынасы	Берілген әрекеттің ата-ана (бала) үшін мағынасы	Ата-ананың әрекеті (баланың)
Ағарту	Дәрістер оқу, семинарлар өткізу	Баланың психикалық үрдістеренің, эмоционалдық еріктік саласының, жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту туралы түсініктерін кеңейту, білімдердің әлеуметтік-мәдени деңгейін көтеру. Ата-ананың баласына қатысты және өзінің ата-ана ретіндегі қалыптасқан стереотиптерін мәселендірілуі.	Психологиялық ақпаратты алу	Дәрістерді тыңдау, дәрістерге, семинарларға қажетті қызықты материалдарды, нақты тақырыптарды талқылауға қатысу.

Тренинг-тер	Ата-аналар-мен іскерлік ойындар мен жаттығу-лар өткізу. Ата-аналар-мен және балалар-мен ойындар және жаттығу-лар өткізу	Басқаның рөлін қабылдап алу (мысалы, баланың) дағдысын, баланың әрекеттерін көру, есту, салыстыру және болжау қабілетін қалыптастыру, белгілі бір жағдайларда бала немесе ересек адамның басынан кешіретін эмоционалдық жағдайын сынау, олардың себептері мен әсер етудің тиімді жолдарын анықтау, теңдік принциптерін мойындай отыра қарым-қатынаста болуға үйрену. Ата-ананың позициясын қамтамасыз ету.	Топ тарапынан психологиялық қолдау, «жалғыздық» стереотипін бұзу	Іскерлік ойындарға қатысу, жаттығуларды орындау, эмоцияларды, әрекеттерді және нәтижелерді талқылау (білді, түсінді, сезінді).
Ата-аналар мен балалардың бірлескен сабақтары		Балалар мен ересектер арасында сенімдік қарым-қатынасты, жақын адаммен өзара әрекет ете білу, басқа адамға жауапкершілікте болу, өзіне лидерлік рөлді қабылдап алу дағдыларын қалыптастыру. Ата-ананың тұлғалық есейгендігін дамытуға жағдай жасау. Оның баламен психологиялық қауіпсіз жағдайда нақты қарым-қатынас кезіндегі ұстанымының өзгеруі.	Ата-аналық өзін бағалау сезімін көтеру, ата-ана қамқорлығын жүзеге асыру, отбасылық демалысты ұйымдастыра білуді қалыптастыру. Бала – ата-ана көңіліне мұқтаждықты, ересектермен бірлескен	Ұйымдасқан ойын қызметіне қатысу.

			ойын қызметіне қажеттілігін қанағаттандыру	
Консультациялар/ Кеңес беру	Жеке кеңес беру	Нақты отбасының проблемасын зерттеу, себебін анықтау, берілген сұрақтың шешімін іздеу. Проблеманы бірлесіп шешу, ата-ана мен психолог диалогы кезінде ақылгөй ұстанымын ояту үшін жағдай жасау.	Психологиялық қолдау	Қиын жағдайлар туралы әңгіме

Сөйтіп, оқушылардың ата-аналарымен педагогтардың өзара әрекеттесуінің тиімділігінің кепілі болып жұмыс үрдісінде мұғалімнің өзімен саналы, мақсатты, шығармашыл түрде жұмыс істеуі, оның оқушылардың отбасы мүшелерімен өзімен теңдес серіктестер ретінде сөйлесе алу біліктілігін атауға болады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру бойынша қызметтің жүйелілік сипаты педагогтардың, мектеп психологтарының және әлеуметтік ұстаздардың жұмыстары белгілі бір әдіспен ұйымдастырылған, әрқайсысы келесі әрекеттің себебі және келесісінің нәтижесі болып табылатын әрбір қадамын ойластыруды қарастырады.

Мұндай қадамдар ретінде педагогтың ата-аналардың **педагогикалық білімін арттыру үрдісіндегі функцияларын** қарастыруға болады:

1. Диагностикалық функция – оқушылардың ата-аналарының түгелдей құрамын зерттеу, сыныптың әлеуметтік картасын жасау, ата-аналардың педагогикалық мәдениеті деңгейін, отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау.

2. Мақсатты бағдар мен жоспарлау функциясы – ата-аналарды бастапқы зерттеу нәтижелерін, ата-аналардың педагогикалық мәдениеті деңгейін көтеру үшін мектеп мамандары қызметінің мақсаттары мен міндеттерін есепке алу; ата-аналармен бұдан әрі қарай жүргізілетін ұжымдық, топтық және жеке жұмыстардың түрлері мен әдістері.

3. Ұйымдастырушылық функциясы – ата-аналардың біліктілігін көтеруге арналған іс-шараларды дайындау. Бұл кезеңдегі мектеп мамандарының міндеті олардың күштерінің бірігуімен айқындалады – дайындыққа педагогтар да, мектеп психологтары да, әлеуметтік ұстаздар да қатысу керек. Егер де іс-шараның өткізу үлгісі бойынша қажет болса, балаларын тәрбиелеудегі жетістікке жетіп жүрген ата-аналарды да тартуға

болады. Сөйтіп, дәрістерге, семинарларға, ата-аналар жиналыстарына, консультацияларға, пікірталастарға материалдарды таңдау жүзеге асырылады, жоспарланған іс-шаралардың сюжеттік жолдары дайындалады.

4. Мотивациялық функциясы – педагогтың ата-аналарды өзін-өзі тәрбиелеуге, білім алуға ынталандырып оятуы. Ата-аналардың бірлесіп қызмет атқаруға дайындығы, мектеп шеңберінде ата-аналардың өздігінше білім алуына жағдай жасау педагогтың міндетіне кіреді.

5. Коммуникативтік/жанасқыштық функциясы – педагогтың оқушылардың ата-аналарымен ең қолайлы тұлға аралық қатынасын тағайындау және қолдау.

6. Коррекциялау/түзету функциясы тәрбие үрдісіндегі қателіктерді жою, ата-аналардың педагогикалық білімі, дағдысы мен іскерлігіндегі кемшіліктердің орнын толтыру, ата-аналардың баламен қарым-қатынасын жақсарту.

7. Координациялау/біріктіре отырып үйлестіру функциясы – ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру бойынша біртұтас жоспарлар мен міндеттерді дайындау, мамандар мен ата-аналардың педагогикалық күштерін келістіру, сәйкестендіру.

8. Бақылау-сараптау функциясы – ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру бойынша отбасы мен мектептің бірлескен жұмысының нәтижелерін: олардың тәрбиелік қызметтегі біліктілігін, дағдыларын, іскерлігін сараптау және бағалау.

Қорытындысында, ата-аналармен өзара ынтымақтастықта жұмыс істейтін педагогтардың есіне келесідей ережелерді ұсынып отырмыз.¹⁰

Ата-аналармен жүргізілетін диалогтарда:

1. Егер сұрақ қойсаңыз, әңгімелесушінің жауап беруін күтуіңіз керек.
2. Өз пікіріңізді айтқан соң, ата-ананың пікірін тыңдаңыз.
3. Егер келіспесеңіз, мына сөздерді дәлелдеп, қайталаңыз: «Кәнеки, ойланып көрейік», «Бірлесіп істейік», «Сіз өзіңіз қалай ойлайсыз», «Маған Сіздің пікіріңіз қызықты», «Менімен келіспейсіз бе, неліктен?» және т.с.с.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру үшін есте сақтау қажет:

1. Қарым-қатынаста бола білу талабы – мұғалімнің мамандық қасиеті. Мұғалім жоғары психологиялық мәдениетке ие болуы керек: сөйлесе білу, әңгімені жүргізе білу, әңгімелесушіні тыңдай және түсіне білу, өзара әрекеттесе және әсер ете білу.

2. Ата-аналарды шеттетпеңіз, керісінше оларды әрекеттесуге тартыңыз. Педагогтардың кейбіреулерінің ата-аналарда өзіне қарсы тұрған адамды көруі жиі кездеседі. Көбінесе, мұғалімдер ақыл беріп, үйрете бастайды. Ананың немесе әкенің сезімін түсінуге тырысыңыз, өзара әрекеттесіп, қызмет істеуде оларға сүйене біліңіз.

¹⁰ Н.В. Самоукина, ...ойнайтын ойындар, ...Дубна: Феникс, 1997 ж.

3. Өзіңізде ата-анамен тең ұстанымда болуға тырысуды дамытыңыз. Оқушыны тәрбиелеу мектеп пен отбасының бірлескен күштері мен ұмтылыстарына негізделеді. Педагог пен отбасы мүшелерінің күштерін біріктіруді бір-біріне деген теңдік ұстанымын өзара және сыйластықты түрде таныған кезде біріктіруге болады. Бұл бағыттағы бірінші қадамды ұстаз жасау керек, себебі бұл оның біліктілік шеңберіне жатады, оның кәсіптік шеберлігін танытады.

4. Адамдарғы өздерінің маңыздылығын сезіну өте ұнайды. Ата-аналарды ынтымақтастыққа шақыру олардың бұл үрдістегі маңыздылығын сезіндіру болып табылады.

5. Ата-анаға өзіңіздің балаға деген сүйіспеншілігіңізді көрсетіңіз. Ата-анамен, психологиялық байланыс, мұғалімнің бала бойындағы жағымды жақтарын көріп, байқап, оған деген сүйіспеншілігін танытқан кезде бірден пайда болады.

6. Ата-аналармен ынтымақтастықтың жаңа үлгілерін іздестіріңіз. Мысалы, ата-аналардың біреуіне бала тәрбиесінде кездестіріп жүрген қиындығымен, оны қалай шешуге тырысып жүргендігі жайлы ата-аналар жиналысында сөз сөйлеуіне ұсыныс жасаңыз. Бұл мәселені ата-аналар талқыласын, өзінің баласымен қарым-қатынаста қиыншылықтары болып, сол мәселенің шешімін таба білген ата-ананың сөз алуы басқаларға сабақ болар еді. Өзіңіздің жеке көзқарасыңызды және ұстанымыңызды сақтап қалуға ұмтылмаңыз.

Мұғалімнің жетістігі ретінде өзінің айтқаны дұрыс болып шыққандағы әңгімесін ғана емес, ата-аналарды бала тәрбиесіне белсенді қатыстыруға баули алған кездегі мұғалімнің әрекетін де санауға болады.

7. Оқушының жеке қасиеттерін емес, көкейкесті мәселені талқылаңыз. Ата-аналар алдында оқушының оқу мен тәртібі туралы қорытындыларыңызды айтыңыз, ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндіктерін талқылаңыз. Ата-аналардың осы мәселенің дұрыс шешілетініне деген сіздің сеніміңізді сезінгені маңызды болып табылады.

8. Ата-аналардың жеке мүдделерін есепе алыңыз. Ата-аналармен әңгімелескен кезінде мұғалім көбінесе олардың бала тәрбиесіндегі жұмысын белсендіруін талап етеді. Мұғалім анасының жұмыстан кетуі, немесе жарты күндік жұмысқа ауысуына, және толығымен бала тәрбиесіне көңіл аударуы жайлы кеңес береді. Егер мұғалім ата-аналардың мазмұнды және қызықты өміріне құқығын таи біліп, бірақ осы әрекеттерге баланы да тартсын деген ұсыныс жасаса, мейлінше дұрыс болар еді.

9. Сіз оқушыңыздың ата-анасымен проблемаға бірге қарсы тұрсыздар, бір-біріңізге қарсы емессіз.

Қиын оқушының ата-анасымен әңгімелесу ұтымды өтеді деп айтуға болады, егер де келесі шарттар орындалса:

- қарама-қайшылық пен қақтағысты болдырмаса;

- жазғыру мен кінәлаудан өзін-өзі ұстай алса және ата-аналарды ұстай білсе;

- тәрбие мәселесін ата-аналарға түсінікті қылып ұтымды тұжырымдаса;

- ата-аналар мен мектеп мамандарының бірлескен әрекеттерін талқыласа;

Сонымен бірге, өмірлік бақылаулар мен көптеген педагогтардың педагогикалық тәжірибеден түйіндеген ойлары негізінде ой-пікірлерді келтіріп отырмыз.

Педагогтар мен ата-аналардың есіне: «Балалар өмір сүруді өмірден үйренеді». Егер:

- баланы үнемі сынап берсе, ол жек көруді үйренеді;

- баланы мұқата берсе, ол тұйық болуды үйренеді;

- баланы мақтаса, ол игілікті болып үйренеді;

- баланы қолдаса, ол өзін бағалауды үйренеді;

- баланы жазғыра берсе, ол кінәлі болып өмір сүруге үйренеді;

- бала шыдамдылықта өссе, басқаларды түсінуге тырысып үйренеді;

- бала адалдықта өссе, әділетті болуға үйренеді;

- бала қауіпсіздікте өссе, адамдарға сенуді үйренеді;

- бала қастастықта өссе, басқыншыл болып үйренеді;

- бала түсіністік пен жылы шырайлы ахуалда өссе, ол осы өмірде махаббатты табуға үйренеді.

2 ТАРАУ. ҚАЗАҚ ОТБАСЫ. ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН.

*Адамға ең алдымен тәрбие қажет:
тәрбиесіз алынған білім -
адамзатқа зиян келтіреді.*

Әл-Фараби

Бүгінгі Қазақстан – қазақстандық мемлекеттіліктің негізіндегі бірегей моделін құра білген мемлекет ретінде танылып отыр. Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай бес принципке негізделеді:

1) қоғамның идеологиялық, адамгершілік, рухани негізін қалайтын, даму үшін қоғамға үнемі жаңа күш беріп отыратын этникалық, конфессиялық, мәдени және тілдік көптүрлілік принципі; тарихи қалыптасқан полиэтникалықты және поликонфессионалдықты, Қазақстан стратегиялық үстемділікке және ұлттық күшке де айналдыра білді.

2) мемлекеттің Қазақстанның барлық этностарының мәдениеті мен тілдерін дамыту үшін жағдай жасау үшін мақсаттылық принципі;

3) толеранттылық және келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілік принципі;

4) қазақ этносының консолидациялық рөлінің принципі;

5) Қазақстан халықтары бірлігінің принципі.

«Қазақ халқы әрқашанда интегратор болған. Келешекте де ол Қазақстан қоғамының консолидациялаушы орталығы болып қала беру керек» деп атап өтті Н.Ә.Назарбаев.¹¹

Қазақтар әр түрлі кезеңдерде өз жерінде көптеген халықтарды қабылдаған. Бұл революцияға дейінгі Ресейден келген қоныс аударушылар мен жер аударылғандар, кеңес тәртібінің саяси қуғыны мен депортациясына ұшырағандар. Өткен ғасырдың 40-жылдары Қазақстанда арнайы қоныс аударғандардың саны бір миллион екі жүз мыңға жеткен болатын. Ол жылдары көптеген немістер, шешендер, ингуштар, корейліктер, гректер, поляктар және басқа халықтар қазақ отбасыларында пана тапты, ағайындық көмек ала алды.

Одан кейін тың тарихы басталды. Қазақстанға барлық Кеңес Үкіметінің түкпір-түкпірінен 600 мыңнан астам адам келді, оның ішінде 350 мыңы жастар болды. Келгендердің көбі осында қалып, жаңа Отанын тапты. Ұлы даладағы ежелгі қасиетті дәстүрдің бірі қонақжайлылық болып саналған.

Қазақтар қонақтарды шын көңілмен қарсы ала білді. Сондықтан да, бүгінгі таңда қазақ халқына мемлекет ұлттық бірліктің нығайыуындағы елдің болашағына үлкен жауапкершілік артады.

¹¹ Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президентінің Кіші ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі, 24 қазан, 2006 жыл.

Бірлік пен ынтымақтастыққа жету үрдісінің маңызды бөлігі ретінде, әрине, халықтардың әрқайсысының мәдени мұрасын оқып үйрену арқылы өзара байыту болып табылады. Бұл тұрғыда қазақтардың отбасылық тұрмысында қалыптасқан дәстүрлерге, қазақ отбасыларындағы отбасылық тәрбиенің психологиялық ерекшеліктеріне жақсы назар аудару керек. Қазақ отбасыларының тұрмыстық тұспалдарын білуі педагогтарға да, мектеп психологтарына да, басқа ұлттың ата-аналарына да жақсы білу қажет. Бұл өзара түсіністік үрдісін тереңдетеді, қарым-қатынас үрдісін тиімдірек қылады, көбінесе надандық пен көргенсіздікті болдыратын әдепсіздіктен бас тартуға мүмкіндік береді, қазақстандық мектептерде жұмыс істеу үшін басқа мәдени-этникалық жағдайда құрылған психологиялық техника мен әдістерді бейімдеуге жағдай жасайды.

2.1. Қазақтардағы отбасылық тәрбиенің ұлттық дәстүрлері.

Қазақстан аумағындағы тарихи халықтар көшпенділікпен өмір сүрген. Бұл ақиқатпен қазақ отбасының өмірінің тұрмыс-тіршілігін анықтайтын сол дәстүрлері байланысты және осымен түсіндіріледі. «Отбасы» «ошақ-бастау»-қазақ үшін киелі ұғым. Туыстық қатынастар - оның өмірінің ерекше құрамдас бөлігі; әрбір қазақ біреуге «туыс» – ұлы немесе қызы, ағасы немесе әпкесі, күйеуі немесе әйелі. Туыстық қатынастарға мұндай ерекше мағына беретін басқа бір халықты табу қиын.

Отбасылық тәрбие идеялары, махаббат, ата-ана, балалар, бабалар туралы түсініктер халық педагогикасында көп ғасырлық тәжірибе негізінде құрылған. Олар ғасырдан ғасырға, отбасыдан отбасыға дәстүрлер, ұлттық-этникалық салттар, фольклор, қолданбалы-декоративті өнер арқылы беріліп, халықтың өзін көрсетуге, өзінің ұлттық мәдениетін, ұлттық мінезі мен психологиясын паш етуге мүмкіндік береді.

Қазақтардың көбінің отбасылары әлі күнге дейін ұлттық дәстүрлерді қатаң сақтайды. Дәстүрлерге деген ерекше құрмет қазақ халқына ғасырлардан аман өтіп, бірыңғай ұлттық білім ретінде сақталуына мүмкіндік берді.

Дәстүр бойынша, қазақтар үлкен отбасы болып өмір сүреді, қазіргі кезде де жеке нуклеарлы (құрамына ересектердің бір ұрпағы ғана кіретін) түрде өмір сүріп жатқан отбасыларды сирек кездестіресің: қазақ салты бойынша кенже ұлы ата-аналарымен бірге тұрады және өзінің отбасысын ата-аналарының үйінде құрайды; сондықтан, ержеткен ұл бала кәмелеттік жасқа толып, қаржылық өзін-өзі қамтамасыз етуі тұрақтанып, некеге тұрса да ата-аналарының үйін тастап кетпейді. Сөйтіп, бір отбасыда үш-төр-бес ұрпақ өкілдері тұрады.

«Бауырым» («Менің бауырым») – қазақтар туған адамын осылай атайды, туыстық сезімдерге адам ағзасындағы «ауырып, қайғыратын» бауыр мүшесі «жауап береді». Ең жақындары және туғандары, ол, әрине «Ата-Ана». «Әке», талассыз, беделді адам болып саналады. Оның сөзі барлық отбасы үшін заң.

«Ана» («Шеше») әрқашан күйеуімен ақылдасады, немесе сұрақтың шешуін күйеуіне қалдырады, бірақ, күйеулер әйелдерінің пікірінен алыстаған емес.

Қазақ отбасылары – көп балалы болады: 6-8 баласы бар отбасы қалыпты болып саналады, үлкен және кіші балаларының арасындағы жас ерекшелігі 20-25 жыл болуы мүмкін. Ата-ана «парызы» – өз баласына ақыл үйретіп, дұрыс жолға салу: «Жақсы бала әкесінің басын төрге сүйрейді, жаман бала – босағаға сүйрейді» деп айтылған қазақ мақалында. Ұл ұрпақ жалғастырушысы болып саналады. Сондықтан, ұлдарын әкелері қыздан арман бағалаған. Қыз әкесінің үйіндегі қонақ болып саналады, өз кезінде отбасысын құра, басқа үйге кетеді. Балалар қазақ отбасыларында махаббат пен ата-анаға сыйластық ахуалында тәрбиеленеді. Оның үстіне отбасылық тәрбиенің тәрбиелеуші факторлары болып ата-аналардың өз тұлғалары, олардың өмір сүру келбеттері, еңбекке көзқарасы, өмірлік құндылықтары мен басыңқылықтарының жүйелері, мысалы, мақсатқа жету жолындағы қажырлық жауапкершілік, басқа ұлт өкілдері мен діни нанымдағы өкілдерге деген сыйластықтары саналады.

Н.Ә.Назарбаев ата-аналарының өз балаларының азамат болуына ықпалын былайша сипаттайды¹²: «Мен әкемнің қай кезде ұйықтайтыны тіпті, бір минутқа отырғаны есімде емес¹²». Қызылшаны егумен айналысатын, анама да осындай көзқарас. Ол балалар бойына сіңіп, берілген. «Әкем жер аударылған балкарлар тілінде жақсы сөйлейтін, олардың арасында өзінің адамындай болып кеткен.. Балкарлармен, түріктермен араласып, шешенмен, тіпті, немістің балаларымен анда-санда солардың тілдерінде сөйлесіп қоятын».

Қалыптасып келе жатқан ер балаға бұл құбылыстардың маңыздылығын қайта бағалау қиын. Оның көзінше, Қазақстанның барлық халықтары қазақстандық мемлекетті құрушы тең құқылы адамдар болып саналды.

1929 жылға дейін Назарбаевтың әкесі, үш жасында жетім қалған, бай қуатты орыстың Никифоров деген отбасысында қара жұмысшы болып жұмыс істеген. Ол бұл отбасыға 11 жасында келген. Орысша тез үйреніп кетіп, шаруашылықты тез меңгеріп алады, ал жылдар өте келе лайықты жұмысшы болып саналады. Етіктерді қайып тігу, жер жырту, диірменді иіре білу, жәрмеңкеде сауда-саттық жасау сияқты жұмыстардың барлық түрлерін оңай атқарып жүреді, бір сөзбен айтқанда оның қызмет диапазоны орыстардың арқасында кеңіді. Сауатсыз болған адам, ол, мысалы, жеміс ағаштарын будандастыруды білетін. Барлығы баққа келіп бір жағынан апорт, бір жағынан алмұрт салбырап тұрған тамаша жеміс ағаштарына қайран қалатын.

Сондықтан ұл бала бойында орыстар туралы ең жақсы жылы сөздер қалған. «Әкем ешқашанда орыстардан жамандық көрмеген». Осындай әкесінен қалған психологиялық нұсқама ұлы үшін де өзі ізін қалдырып кетті.

¹² Н.Ә.Назарбаев «Оңсыз және солсыз». Өмірбаян беттері, ойлар, ұстаным. Баспаның сұрақтарына жауаптар. 1991, 256 б.

Кейінірек, Қазақстан Республикасының Президенті болғанда, Н.Ә.Назарбаев өткенге ой ша шолу жасай отырып, былай деп баяндайды: «Мен қазір менің кішкентай аралас және ұсқынсыз шамалған орыс-қазақ мектебінде, егер де онда қазіргі «Ұлттық тазалықты» қызғанушылар жұмыс істесе, қанша тор қоюға болды екендігін ойлаймын. Оларда орыс сыныптары да, қазақ сыныптары да болды, екеуінде де йр ұлттың балалары сабақ оқыды. Кейде «қабырғаға қабырға», көшемен көше болып та төбелесетінбіз. Бірақ топтар ұлт құрамы бойынша ешқашан бөлінген емес. .. Осылайша бірегей тұлғаның ұлттаралық негізі қалыптасқан еді.

Әкесінің қолдауын Н.Ә.Назарбаев толығымен есейген кезінде де сезінді. Ол кезде болашақ Президент Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түспекші еді. «Әкемнің жалғыз бұқасын сатып, маған ескіше -2800 рубль бергені есімде».

Қазақ отбасысының ішіндегі ортақ негізін қалаушы принцип – «Үлкен-Кіші» принципі, ол отбасының үлкен мүшесі өзінің мәртебесін сезініп, кішіге үлгі болу керектігін білдіреді, ал кішілері үлкенін сыйлап, одан үлгі алу керек. Осы принципке сәйкес тәрбиеленген адам оны әмбебаптық ретінде қабылдайды: кез-келген ересек үшкен адамға сыйластықпен қарау керек, ал олар, өз кезегінде, өзінен кішілердің сыйластығына сенімде болады. Сондықтан, «Үлкен-Кіші» принципі бойынша тәрбиеленген жас адамдардан көлік ішіндегі қарт адамдарға орын беру, көшеден өткізу немесе сөмкесін апарып тастау туралы сұрауға болады. Қазақ отбасыларында аға ұрпақтың беделі жоғары болған, қарттық пен қариялыққа сыйластық дамыған. Күш-қуатынан айырыла бастаған қарттарды қолдап, олардың соңғы күндеріне дейін қасқорлық көрсету баланың парызы (ереже бойынша, отбасының қартайған мүшелеріне қамқорлық таныту тұңғыш немесресінің немесе оның ата-анасының мүддесінде болады).

Қайрымды ата-аналар балалық парызын орындаған ұлдарына бата береді. Бата қол жаю арқылы айтылады: адам бетінің алдына екі білегін қосып ұстап, ашық алақанын жая отырып, бата берген. Бата беруші тілегін айтқан соң «Аллаху әкбар» немесе «Әмин» (араб. «Аяқталды») деп айтады, содан кейін бетін алақандарымен сипайды. Балаларынан бата алған адам туыстарының және өзін қоршағандардың ортасында үлкен сый-құрметке ие болады. Қазақ тілінде «племянник-племянница» және «дядя-тетя» деген түсініктер жоқ. «Аға» - бұл туған ағасы да, туысы да болып келеді. Соған сәйкес, «Апа» – апайы да, тәтесі де болып келеді. Бұл қазақтардың өзіндік өмір ұстанымдарынан пайда болған дәстүр, бұрынғы заманда өлімнің көптігінен бір-біріне туыс отбасылар жақын тұрды, бір-бірін қолдауға тырысқан. Ата-аналары қайтыс болса, балаларын тәрбиелеуге ағасы немесе апасы, демек туыс ағасы мен тәтесі алып отырған. Сондықтан, туған аға мен туыс ағасының арасында саналы түрде айырмашылық жасалмаған, бала екеуін де аға деп атаған. Бұл дәстүр келешек үшін, өскелең ұрпақтың өмірлігі үшін ағайын-туысқандардың бірлескен жауапкершілігінің ерекше жүйесін көрсетеді: ешқандай да бала қараусыз қалмауы керек, тағдыр тәлкегіне салынбауы керек. Бұл дәстүрдің игі мысалы

ретінде жазушы-драматург Мұхат Омарханұлы Әуезовтың (1897 – 1961) өмірбаянын атауға болады. Ол әке-шешесінен ерте айырылады: әкесі Омарқан ұлының үш жасында қайтыс болады, ал шешесі Нұржамал – он бес жасқа келгенде өледі. Кішкентай Мұқтарды Қасымбек ағасы тәрбиелеп, оның білім алуына қамқорлық көрсетеді: ағасы басында Мұқтарды медресеге оқуға береді, сосын, Шыңғыс болысындағы Семей қаласына қалалық орыс училищесіне орналастырады. Бұл алған білімі жазушының шығармашылық қызметіне негіз болды. Егер қазақ тілінде үлкен туыстарды бөліп қарастырмаған болса, өзінің кіші қарындасына да ер адам әртүрлі ат қояды: қазақтар кіші қарындасын «Қарындас» десе, қыз бала өзінен кіші қызға «Сіңлі» деген. **«Қарындас»** (бір қарыннан) деген сөз үлкен ағасы оған деген туымтық жауапкершілікті сезінуі қажет дегенді білдіреді. Үлкен ағасы қарындасының тағдырына, шектен шықпай, қатысуға құқысы бар. Ата-анасының дауыс құқығы болмаған жерде, үлкен ағасының қарындасына қатысты шешімдер қабылдауы әбден мүмкін болған. Мысалы, қарындасын ренжіткен болса, күйеуінің үйінен алып кету немесе қарындасының өзін істеген қылықтары үшін жазалау. Негізінде, қыз баланы-қарындасты туған үйінде қорғаған, еркелеткен, сондықтан ағасының осылай жазалауы шартты түрде болатын. Ол кез-келген жағдайда көмек көрсетуге міндетті болады. Туған ағасы жоқ болса, мұндай көмекті туыс ағасы көрсеткен. үлкен апасы барлық жағынан оған үлгі болады дегенді білдіреді. Үлкен қызға ата-аналары, әрине, жақсы үлгі көрсете отыра, кіші бауырлары мен сіңілілеріне деген жауапкершілікті артады. **Апалы-сіңілілер** ерте ме, кеш пе бір-бірінен алшақтауға мәжбүр болады, күйеуге шығады, әр жаққа кетеді. Сондықтан, бойжеткен кезінде қыз балалар бір-бірімен тығызырақ қарым-қатынаста болады да, оларға ешкім кедергі келтірмейді. Шешесі, осы жағдайды түсіне отыра, екеуіне бір тапсырма береді. Белгілі жасқа дейін қыздарға екі түрлі көзқарас болады. Бір жағынан оларды үй еңбегіне араластырады, және олар үй шаруасының көптеген бөлігін атқарады, ал екінші жағынан олар өз үйінде «қонақ» болып саналады, және де ерекше құрметте болады. Олардың ата-аналарының үйінде болғаны ұзаққа бармайды, оларды басқа үйге тұрмысқа кетуге дайындайды. Осыған байланысты, үйде бірінші рет жеңге келген кезде қыз балалар жұмыстан жеңілдеп, үй шаруасына араласпайды. Ата-аналарының қыз балаға қарым-қатынасы өте сыйластықты түрде болады. Қазақ отбасындағы, **«Аға» мен «Іні»**, үлкен және кіші ұл балалар арасындағы қарым-қатынас аса маңызды болып табылады, өйткені олар өмір бойы, арасын суытпай, әкелерінің дүниесін мұра қылып, шаңырағын қаңыратпай, ұрпағын жалғастыру. **Әке шаңырағы** - ұрпақ шаңырағының белгісі, әдетте аға-інілерінің ішіндегі сыйлы лайықтысына, беріледі. Үлкенге немесе кішіге, бұл жерде нақты ережелер болмаған. Ол жас кезінен бастап өзін байсалды және тәртіпті көрсеткен отбасы мүшесіне берілген. Әке шаңырағына ие болу- үлкен мәртебе болған. Бұл берілген үй - туған-туыстардың ішіндегі ең үлкен шаңырақ болып саналған. Бұл **«Қара шаңырақ»** иесіне, әйеліне ерекше жауапкершілікті жүктеген. Алыстан келген туыстар осы үйге арнайы «Сәлем беруге» келеді, сондықтан осы үйде ағаларының қартайып отырған ата-аналары өмір сүреді.

Бұл үйде, әдетте, отбасының маңызды мәселелері шешіледі. Шаңырақ астында ұрыс-керіс болмаған. Кейбір шектен шығып кеткендерге: «Шаңыраққа қарап сөйле» деген сөздер айтылған. Мұндай жайлы жағдайлар пайда болады проблемаларды шешуге оңтайлы әсерін тигізеді.

Әрине «шаңырақтың» иесі тектің, бабаларының салт-дәстүрін лайықты жалғастырып, ұрпақ қамына байланысты іс-шараға қатысып, басқа елдердің алдында өзінің ата –тегінің мүдделерін көрсетіп, қорғау, өз балаларын ғана тәрбиелеп қоймай, туыстарының бала тәрбиесі үшін де жауапта болуы қажет.

Қазақтарда «Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тынысы бар» деген мақала бар. Басқаша айтқанда, ағасы бар адам қамсыз, ал інісі бар адам жайлы болады дегенді білдіреді. Бұл мақал ағайындылардың бір-біріне ерекше көзқараста болатынын білдіреді. Үлкен ағасы кіші інісін материалдық жағынан қамқорлыққа алуға міндетті, ал, кіші інісі, өз кезегінде, үлкен ағасын ұсқа-түйек шаруалар мен істерден босатуы тиіс. Оның үстіне қарым-қатынастың мұндай жүйесі ағалардың үйленуінен кейін тоқтап қалмаған.

Үйленгеннен кейін қазақ отбасысына жаңа мүше – **келін** түседі.

Атасы мен Енесі келінді қабылдай отыра өзінің қыздарына тең қылып ұстауға тиісті болады, себебі өздерінің қыздары ертелі-кеш тұрмыс құрып, ата-анасының үйінен кетеді, күйеуінің үйіне келін болып түседі. Ата-ене келіннің де біреудің әлпештеп отырған баласы екенін ұмытпауы тиісті болған және осыған сәйкес оның ата-аналарының алдында жауапкершілігін мойындаған. Тектің басшысы ене болып саналады: ол отбасының ішкі қарым-қатынас және тұрмыс ережелерін анықтаған. Үлкен отбасының анасы, сый-құрметке лайықтанған, егде тартқан әйелдің, кейде, үй иесі - күйеуінен де мәртебесі жоғары болған. Оның беделіне нұқсан келтіргендерге «Ананың ақ сүтін сыйла» делінген. Жас отбасыда алғашқы нәресте туған кезде атасы мен әжесінің (жас отбасы үшін олар ата-анасы болады) немесе үлкен ағасының (егер бұл кезге дейін мұрагері болмаса немесе мүлдем бала жоқ болса) тәрбиесіне берілетін. Бұл дәстүр «**Бауырына салу**» деп аталады. Бұрынғы кездері тектің жалғасуы үшін көшпенділік өмірдің ауыр жағдайларында отбасыны ұйымдастырудың мұндай түрі мақсатты және қажетті болған сияқты.

Қазақ отбасында, ұлдарының әйелі – жас келіншек, өзін жаңа үйде жақсы сезінуі үшін, дәстүр бойынша, отбасының мүшелері бұл үрдісті мүмкіндігінше жеңілдетуді тағайындаған. Тұрмысқа шыққаннан кейінгі бір жылдан соң, жас келіншек өз ата-аналарына барады, бірақ оны ешкім қамауда ұстамайды. Бұл өзінің туғандарының әсер етуінсіз әйелдің бағынышсыздықта, өздігінен болып үйренуі үшін жасалған.

Шешесі жағынан барлық туыстар - «**Нағашы**» деп аталған. Қазақ дәстүрлері әйелдің отбасысының барлық мүшелеріне қажетті жағдайда материалдық көмек көрсетуді белгілеген. Өз кезегінде «**Жиен**» өзінің мұндай құқығын біле тұра нағашысынан сыйлықтар мен ерекше ізеттілікті талап еткен. Мысалы, кішкентай жиенге сый ретінде малдың ішінен құлын немесе бұзауды атаған, ол өсіп үлкен мал болғанды әкеліп беретін болған.

«Қайны аға» (күйеуінің үлкен ағасы) – жас келіншектің ерекше сыйластық пен құрмет көрсететін, қандай да болмасын жұмысты орындатуға тапсырыс бере алмайтын адамы. Жас келіншектің қайны інісімен (күйеуінің кіші інісі) қарым-қатынасы басқаша болған: оған жас келіншек кез-келген жұмысты тапсыра алады, ал қайнысы оны жеңгесі тапсырғандықтан жауапкершілікпен орындайды. Және де жеңгесімен қайнысының эмоционалдық қарым-қатынасы да ерекше болып келген: жеңгесі қайнысымен әзілдесіп, қалжыңдасатын, еркелететін. Қайнысының есімін атамай, мысалы «Еркеш» деген атпен атаған. Осылайша олардың мейірімділік қарым-қатынастары қаланатын болған. Өзінің қайны апасымен (күйеуінің үлкен апайы) және қайнысіңілілерімен (күйеуінің кіші қарындастары) келін өте сыпайылық қарым-қатынаста болады. Үлкен үйлердің ұлдары көп болады, олардың әйелдері бір-бірін **«Абысын»** деп атаған. Үйленгеннен соң ағайындылар бір-біріне жақын тұратын болғандықтан, әйелдеріне бір-бірімен тату тұру керек болатын. «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп» – делінеді қазақ мақалында. Ұрысатын әйелдердің күйеулері де бір-бірімен тіл табыса алмайды, оларға отбасылық шаруашылықты жүргізу қиынға соғады, бұл туыстық отбасылардың жайлы өмір сүруіне өз әсерін тигізеді.

Күйеу баланың әйелінің туыстарымен қарым-қатынасы сыйластықпен айқындалады, ол мүмкіндігінше өзінің қайны атасы мен енесінің үйіне жиі барып тұруы керек. Осылайша жұбайлар бір-біріне және айналадағыларға өздерінің ата-аналарына бірдей қарайтынын байқатқан. Әйелінің басқа туыстарына қатысты **«Жездесі»** (апасының күйеуі) мейірімді болуы керек, **«Балдыз»** (әйелінің кіші інісі немесе сіңілісі) – оның ең жақын туыстары болып келеді. **«Бажа»** (қыздардың күйеулері) бірге жиі жинала бермейді. Негізінен бажалар қайны атасының үйінде жиналады, сондықтан үлкен сыйластықты көрсетеді. Бажа деп бір-бірімен туған қыз балалардың күйеулерін де атайды, бұл өте жағымды туытқандықтың белгісі болып саналады. Қазақ отбасыларындағы тағы бір туысқандық байланыс - **«Бөле»** болу (ағайын туысқандардың қыздары мен ұлдары, қыздардың балалары). Бір-біріне өте мейірімді қарайласатын апалы-сіңілілердің балалары-бөлелер бір-біріне де ыстық болады. Бөле деген сөздің өзі «бөлек» дегенді білдірсе де, шешелерінің арқасында олар бұл қатынастың маңыздылығын түсініп, сезінеді. Үйленген жастардың ата-аналары, жігіттер мен қыздар, **«Құда»** және **«Құдағи»** (құдалар) бір-біріне туыс болып саналады, құдалық басталғаннан бастап бір-біріне сыйлықтар береді, **«Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық»** деген мақалдың мағынасы осыдан шыққан. Құдалар бір-бірін қонаққа шақырады, көбінесе қыздың немесе жігіттің ата-аналары құдасының үйінде басқа балаларының құдаларымен танысады, бұл туысқандықтың жібін ұзарта түседі.

«Құда бала» – ерекше мәртебеге ие болады. Бұл құданың кіші баласы. Дәстүр бойынша, әкесі, **«Бас құда»** сияқты, «Құда бала» ерекше құрметте болады. Сол сияқты **«Құдаша»** да ерекше орында болады. Бұл атпен күйеу баланың немесе келіннің апайы аталады. Тұрмыс құрмаған құдаша құдалардың туыстарына келін болатындай мүмкіндікте болады. Бұл бірінші құдалықтан

кейін туысқандардың бір-біріне деген сенімі мен сыйластығы қалыптасып, туыстықты жалғастырғысы келетін сыңай танытқанда жүзеге асырылады.

Қазақ отбасыларындағы бір тектің туыстарын **«Бір туған»** деп атайды. Мысалы, «Туған аға». Сонымен қатар, отбасыларда «Өгей»: «Өгей әке», «Өгей ана» и «Өгей бала» деген туыстық атаулар болады. Атауының өзі отбасының бұл мүшелеріне деген қарым-қатынасты білдіреді: өгей әке немесе шеше «өздерінікіндей» болу үшін тырысып бағады. Бірақ, тіпті өгейлердің тұмаған балаға жақсы көзқарасының өзі туысқандарының назарында әрқашан болады. Болған кездің өзінде де олардың «бөтен» екендігін әрқашан есінде сақтау керек болған.

«Ата-Әже» үшін **немерелері** мен **шөберелері** өте ыстық болады. Ал егер де **неменесін** көретін болса, олар құдайдың ризашылығын алған өте бақытты қариялар болып саналады. Атасы мен әжесі немерелеріне өздерінің ерекше ыстық сезімі мен балаға деген мейірімділігін еркелетіп **«Айналайын»** деген жылы сөзбен айтқан.

Әжесінің рөлінің үлгісі ретінде ұлы ақын, жазушы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абайдың (1845-1904) әжесінің өмірбаянынан көруге болады. Абай өте сезімтал бала болып өскен, әкесі Тобықты руының үлкені-Құнанбайдың қаталдығын ерекше сезінетін. Баланың есінде қалған естеліктерін шешесі Ұлжан мен әжесі Зере жұмсарта білген. Ақылды, данагөй, жұмсақ және мейірімді әжесі немересіне көп көңіл бөлетін, өзінің әңгімелерімен немересінің көптеген сұрақтарына жауап бере білген. Абайда қазақ халқының жазылмаған дастандары, өлеңдерімен таныстырып отырған. Осылайша келешек ақынның бойына тамаша қасиеттерді сіңіре білген. Қоршаған ортаны терең түсінуге қабілеттілігін, табиғат сұлулығының ерекше тұстарына сезімталдығын, мұқияттылығын. Болашақ ғалым, саяхатшы, Орта Азияны зерттеуші, кішкене Шоқанның өсуіне маңызды ықпалын тигізген әжесі Айғаным екендігін академик Әлкей Марғұлан мазмұндаған. Ақылды, талғампаз әйел кішкентайынан ерекше дарынды баланың аңғарымпаздығын байқамауы мүмкін емес еді. Ол Шоқанға қызықты өлеңдер, мақал-мәтелдер, тарихи жағдайлар мен өзі қатысқан оқиғаларды айтып беріп отырған. Әжесі туралы Шоқанның есінде тамаша естеліктер қалған: дарынды және көп қырлы, халықтың салт-дәстүрінен білгені мол әжесінің айтқандарын өмір бойы ұмытқан емес.

Қайтыс болған адамдарды өлгеннен кейін «аруақ» (бабаның жаны) деп еске алады. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген қазақ мақалы тағы бар. Қазақтар өз уақытында қайтыс болған адамдарды еске алу – ас беруді өткізіп отырады. Қонаққа туған-туыстары шақырылып, Құранның сүрелері оқылады. Осы іске құран оқитын молда немесе оқи алатын ақсақалдың бірі шақырылады. Құранды оқу қол жаю арқылы бата берумен аяқталады. Жиналғандар үй иесін аруақтарды осылайша еске алғандығы үшін ризашылығын білдіріп, оған денсаулық пен табыс тілеп тарайды.

2.2. Қазіргі заманауи қазақ отбасысының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері

Жоғарыда сипатталған қазақ отбасысының құрылымының көп жерлері қазіргі күнге дейін сақталып келген. Сонымен қатар, қазақ отбасысы халықтың көп ғасырлық тәжірибесін өзіне жинақтай отырып, ХХ және ХХІ ғасырларда болған әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірдегі түбегейлі өзгерістерді нақты көрсетеді.

Тарихи перспективада қазақ отбасысының тұрақтануы мен дамуын зерттеген Х.А.Арғынбаевтың¹³ пікірі бойынша қазақ еркектері мен әйелдерінің психологиясы, олардың қарым-қатынасы өзгерген. Халықтың көптеген салттары пайдаланылмайды және кейбіреулері мүлдем жойылып кеткен. Қазақ отбасысының мүшелері арасында көптеген өзгерістер байқалады. Келіннің күйеуіне де, туған-туыстары мен ата-анасына қатысты тәуелді болу жағдайы тіпті өзгеріске ұшыраған. Қазіргі отбасының стереотипі болып келіннің күйеуінің ата-анасымен ерікті түрде қарым-қатынасы саналады. Қайны ата, әсіресе қайны ене үй шаруашылығын жүргізуге, бала бағуға жақсы көмек көрсетеді, осылайша келіннің қызметтік баспалдақпен көтерілуі үшін өзін жүзеге асыруына жақсы жағдай жасайды.

Қазіргі қазақ отбасысындағы күйеуі мен әйелінің арасындағы қарым-қатынас өзара махаббат, сыйластық, бір-біріне көмек беру және қолдау негізінде құрылады, ал некеге тұрудың басты шарты – еріктілік, өзара сезімнің екі жақтан бірдейлігі, басқа сұрақтар бойынша да жастардың өзара шешім қабылдай алуы. Қазіргі күнге дейін ата-аналардың некелік жар таңдауға ықпалы сақталып қалған. Соған қарамастан, қазіргі кезде бүгінгі еркектер мен әйелдердің жеке өмір стилін өз еркімен таңдау беталысы өсіп келе жатса да, күнделікті өмірге көптеген дәстүрлі этникалық құндылықтардың еніп келе жатқанын байқауға болады.¹⁴

Ұлттық дәстүрлер қайта жаңғырып келеді, әсіресе, қазіргі қазақстандық тарихшы, этнограф С.Х.Шалғынбаеваның айтуынша, республиканың мәртебелі этносы урбанизацияланған қала ортасында жақсы дамыған. Жүргізілген этноәлеуметтік сауалнама анықтағандай, той, бала туу және бала кезеңіне қатысты салт-дәстүрлер тұрақталып қалған салт-әдстүрлер болып шықты. Заманауи қазақ отбасысында «қырқынан шығару», «тұсау кесу», «сүндетке отырғызу» салттары сақталған.

Қазіргі таңда үйлену тойы алдындағы және үйлену тойының өзінде жасалатын рәсімдері тұрақты болып саналады. Мысалы, қалыңдықты көру, жасауын көру, шашу шашу, отқа май құю, күйеу балаға төс жегізу, құдаларға - жамбас беру, жар-жар, беташар, сыңсу, құдаларға кит кигізу және т.с.с.

¹³ Х.А. Арғынбаев. Қазақтардың отбасы мен некесі. Автореф., дис. тар.ғыл.докт. – Алматы, 1975-130 б.

¹⁴ Шалғынбаева С.Х. Алматы және Тараз қалаларының қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары мен әлеуметтік мәдени бейнесі (этноәлеуметтік зерттеу): автореф., дис.тарих ғыл.канд. – Алматы, 2002. – 29 б.

Қалым институты мен өткен заманның некеге байланысты салдарлары қазір жойылғаны белгілі. Бірақ қызға жасау беру салты сақталып қалды. Қазіргі жасаудың, әрине, мазмұны мен тағайындамасы бойынша көп айырмашылығы бар, және тек қана материалдық-экономикалық көмек пен бірлесіп өмір сүруіне негіз болу үшін жас отбасының мүдделеріне қызмет етеді.

Бірақ, зерттеушілердің пікірінше, қазіргі кезде қызығушылық танытып отырған бірнеше салт-дәстүрлерді да қарастыруға болады. Мысалы, қазақтар ежелгі заманнан бері неке заңы бойынша әйелі күйеуінен 8 жастан артық үлкен болмауы керек болған, ал ер адам өз әйелінен 25 жас үлкен болуы рұқсат етілген. Оған отбасыда қалыптасқан үйлесімділіктің тұрғысынан түсініктеме беруге болады: еркек пен әйелдің арасындағы көп жас бойынша айырмашылық түсінбеушілікті туғызады, ізінше, жұбайлардың әлеуметтік-психологиялық және психо-физиологиялық сипаттамасында келіспеушіліктер мен қауырттылықты болдырады.

Бұл отбасылық рөлдер, мақсаттар, құндылықтар мен отбасылық өмірдің тәртіп туралы сәйкес келмейтін мүдделерде көрінуі мүмкін. Оған қарамастан, Қазақстан үшін мұндай некелер сирек емес. Басқа мысал, «Сүйіндір» деген әдет-ғұрыпқа байланысты бала туғаннан кейін бала туған қызын бірінші анасы барып көруі керек, содан кейін ғана оған басқалары баруы мүмкін болған. «Сүйіндір» салтының негізінде терең психологиялық мағына жатыр – шешесі туған қызымен «ана» атанған жаңа рөлінде және жаңа әлеуметтік мәртебесінде кездеседі. Ол оның эмоционалдық қолдауын сезеді және өзінше одан бір аманат алады, осы рөлді атқарауға тілегін тыңдайды, шешесі қызын туысқандарымен кездесуге дайындайды, өзінің немересін қуанышпен қарсы алады. Сөйтіп, жас бала туған қыздың шешесінің әрекеті қызының жаңа өмірге әлеуметтік-психологиялықдайындығына көмек ретінде көрінеді. Бірақ, қазіргі заманның қарқыны, жас отбасының географиялық алшақтығы бұл дәстүрді сақтауға мүмкіндік бермейді.

Заманауи қазақ қоғамында «Аталық» деген дәстүр сақталмайды десе де болады, бұл дәстүр бойынша бірінші ұлы ата-анасының отбасысына беріледі, олар оның тәрбиесімен айналысады. Сөйтіп, баланың үлкен ретінде жүйелеуші және реттеушінің рөлін атқаруға қажетті ерекше қасиеттері пайда болады деп саналған. Бірақ, қалалық өмір сүру жағдайында, бұл салт алғашқы бала туған ата-аналардың келісім бермеуінен сақталмайды: олардың айтуынша, қарт адамдардың қазіргі өмір қойып отырған талаптарға сәйкес келу мүмкіндігі болмайды. Олар баланы қоғамның бүгінгі өміріне дайындай алмайды. Осыған орай, баланы өзінің отбасысына қайтарып беру жағдайлары жиі кездеседі.

Қазір мұраға құқылық деген салттың да сақталмағандығы белгілі (әке мұрасы). Осыған байланысты, кіші ұлы өзінің жеке шаруашылығын құрамайды, ал әкесінің жиған-терген мұрасына ие болып, қартайған әке-шешесіне қамқорлық таныта отырып, қара шаңырақ иесі болып қалады. Бұрындары бұл ғұрып қазақтардың отбасылық өмірінің маңызды бөлігі болып саналған. Осылайша, қазіргі қазақтарға, бұрынғыдай отбасылық құндылықтарды құрметтеу, өздерінің этномәдени құндылықтарын қайта өрлету және оларды

отбасылық өмір сүру үрдісінде сақтау тән деп айтуға болады. Ең қасиетті құндылықтары - отбасы, бала-шаға, денсаулық және жақындарының амандығы. Отбасылық өмірде олар үшін, ең алдымен, күйеуі мен әйелінің өзара сыйластығы мен бір-біріне деген махаббаты жағымды көңіл-күй, келешектен жақсы үміт күту маңызды болып келеді.¹⁵

Қазіргі қазақ отбасыларының құндылықтары жетістікке жетумен байланысты болады, олар үшін әлеуметтік қабылдау маңызды болып саналады. Олар – жақсы көретін, жауапкершіліктер мол, риясыз ата-аналар, баласының жеке қасиеттерін, талаптарын жақсы біледі.

Оның үстіне, қазіргі қазақ отбасыларында баланың мінез-құлқына ата-аналық бақылауды жүргізудің жоғары деңгейі қалыптасқан. Әкесі мен шешесі отбасы мен жалпы баланың тағдырына тең жауапкершілікте болады. Отбасылық тәрбие стилінде кеңінен тараған басым гиперпротекция, ол балаларға көп нәрсеге тыйым салу талаптарының көптігі, істеген тәртіпсіздіктері үшін қатты жазаламайтындығымен анықталады.¹⁶

Қазақ халқының отбасылық педагогикасында оның идеалдары әсер етеді, тәрбиенің тәсілдері мен мақсаттары туралы көрінісін жүзеге асыруы жолындағы әрекеттер, бала бойындағы ұлттық мінез-құлықты қалыптастыруында, лайықты өмір сүруге дайындауда көмегін тигізуде. Ата-аналар мен үлкендерді сыйлау және жақсы көруге тәрбиеленген балалар ұлттық мінездің жақсы қасиеттерін танып білуге ықпал етеді. Басқа мақсат – жағымды адамгершілік қасиеттерді сіңіре отыра (еңбексүйгіштік, шыдамдылық, ынталылық, қарапайымдылық, адалдық болашақ үй иесін тәрбиелеу.

Қазақтардың салт-дәстүрлеріне арналған ата-аналармен дәріс сабақтардың қорытындысын жасай келе, ойлануға келесі сұрақтарды берген жөн болады:

1. Отбасыларыңызда ата тегіңізден келе жатқан салт-дәстүрлер бар ма? Қандай? Сипаттап беріңіз.
2. Отбасыда әдеп-ғұрыптарды, салт-дәстүр мен рәсімдерді сақтау қандай рөлді атқарады?
3. Ал өзіңіз отбасыңызда дәстүрлеріңізді жасайсыз ба? Қандай? Сіздің бұл ынтаңызды басқалары қолдай ма?

2.3. Ата-аналармен жүргізілетін интерактивті сабақтардың материалдары

2.3.1. «Отбасыдағы эмоционалдық жағдай» сауалнамасы.

¹⁵ Н.П. Мальтеникова, Полимәдени ортада ата-аналылықтың қалыптасуының этнопсихологиялық ерекшеліктері (қазақ, татар және орыс отбасыларының мысалында). Кан.дисс.: Қорған, 2005.

¹⁶ А.Д.Давлетова, Ата-ана отбасысының психологиялық кеңістігінде тұлғаның бағытталуы (қазақ отбасысын зерттеу материалдарында). Кан.дисс. М., 2003.

Сауалнама мақсаты: ата-аналарға отбасыдағы эмоционалдық жағдайдың қандай екенін, басқа сөзбен айтсақ, «үйдегі ауа-райы» қандай екендігін ойлануға мүмкіндік беру. Үйдегі ауа-райының өзгеруі үшін, бір нәрсені өзгерту керек пе, өз күші жететіндігін немесе кеңес алу үшін мамандарға бару керектігін бағалау.

Нұсқау: нәтижесі барынша анық болу үшін берілген пайымдамаларға дұрыс, шын жауап беруге тырысыңыз:

1. Біздің отбасы өте тату, берік.
А. Иә Б. Жоқ
2. Демалыс және мереке күндері барлығымыз бір дастархан басында жиналып, уақытты қызықты өткіземіз.
А. Иә Б. Жоқ
3. Кейбір үй-ішінің қоғамы менің ашуымды келтіреді.
А. Иә Б. Жоқ
4. Біздің үй өте ыңғайлы, жағдайлы және жылы.
А. Иә Б. Жоқ
5. Біздің отбасылық өмірімізде арамыздағы үйлесімділігімізді бұзатын құбылыстар болып тұрады.
А. Иә Б. Жоқ
6. Әрқайсымызға ең жақсы демалыс - үй жағдайында болатындығымыз.
А. Иә Б. Жоқ
7. Кейде отбасыда қақтығыстар болып тұрады, бірақ олар тез шешіледі.
А. Иә Б. Жоқ
8. Үй-ішіндегілердің жаман әдеттері менің ызамды келтіреді.
А. Иә Б. Жоқ
9. Мен «Менің үйім-менің қамалым» деген мәтелмен толығымен келісемін.
А. Иә Б. Жоқ
10. Біздің өзара қарым-қатынасымызға достарымыздың отбасыларына жиі баратынымыз ықпал етеді.
А. Иә Б. Жоқ
11. Біздің отбасымызда өте ашушаң адам бар.
А. Иә Б. Жоқ
12. Біздің отбасымызда әрқайсымыз қолдау мен түсіністік табады.
А. Иә Б. Жоқ
13. Біздің отбасымыздың кейбір мүшелерінде сыйымсыз мінезі бар.
А. Иә Б. Жоқ
14. Біздің отбасымызда бір-біріне сыйластық пен түсіністік бар.
А. Иә Б. Жоқ
15. Үйге қонақ келсе ұсақ-түйек ұрысу мен жанжалдасулар болып тұрады.
А. Иә Б. Жоқ
16. Ұзақ мерзімді іссапарлар үйімді және отбасымның мүшелерін сағындыртады.
А. Иә Б. Жоқ

17. Отбасымыздағы үйлесімді және қайырымдылық ауа –райын біздің үйде, бір-ақ рет болған, таныстарымыз да байқайды.

А. Иә Б. Жоқ

18. Отбасымыздың мүшелері арасында кей-кезде қатты ұрыс-керістер болып тұрады.

А. Иә Б. Жоқ

19. Үйдегі ахуал кейде маған кері әсер етіп, сарыуайымға (депрессияға) ұшыратады.

А. Иә Б. Жоқ

20. Мен өзімнің жалғыздығымды және ешкімге керек еместігімді қатты сезінем.

А. Иә Б. Жоқ

21. Біздің отбасымызда жазда табиғат аясында бірге демалу дәстүрі бар.

А. Иә Б. Жоқ

22. Барлық шаруашылық істерді бірігіп істейміз, себебі осылайша қызықты және тез болады.

А. Иә Б. Жоқ

23. Біз отбасымызда бір бөлмеге жиналып алып ән салып, сүйікті аспаптарымызда ойнағанды ұнатамыз.

А. Иә Б. Жоқ

24. Ереже бойынша, отбасымызда тыныштық пен бақыттың иісі сезіліп тұрады.

А. Иә Б. Жоқ

25. Біздің үйімізде қиын және ауыр ахуал тұрады.

А. Иә Б. Жоқ

26. Ашуландырудың басы болып мен үшін отбасымыздың кей мүшелерінің дауыс көтеріп сөйлеуі ызаландырады.

А. Иә Б. Жоқ

27. Біздің отбасымызда дөрекі сөйлемейді, кейбір қылықтарымыз үшін бір-бірімізден кешірім сұраймыз.

А. Иә Б. Жоқ

28. Отбасылық мерекелер шулы дастархан басында өтеді.

А. Иә Б. Жоқ

29. Жұмыстан не оқудан кейін мен үйге баруға асықпаймын, мені ешқандай жақсылық күтіп тұрған жоқ.

А. Иә Б. Жоқ

30. Отбасы мүшелері үнемі мені жайдан-жай ренжіте береді.

А. Иә Б. Жоқ

31. Біздің үйімізде үнемі тазалық пен тәртіп бар.

А. Иә Б. Жоқ

32. Кейде мен ешкімді, тіпті отбасымның мүшелерін естігім және көргім келмейтіндей көңіл-күйде боламын.

А. Иә Б. Жоқ

33. Біздің отбасымыздың мүшелері арасында дүрдараз қарым-қатынас.

А. Иә Б. Жоқ

34. Біздің отбасымыздың кейбір мүшелері туған үйінде өздерін ыңғайсыз сезінеді және үйде сирек болуға тырысады..

А. Иә Б. Жоқ

35. Үйіміз әрқашанда қонаққа толы.

А. Иә Б. Жоқ

Нәтижелерді есептеу: әрбір «Иә» деген жауапқа: 1, 2, 4, 6, 7, 9, 10, 12, 14, 16, 17, 21, 22, 23, 24, 27, 28, 31, 35 сұрақтары үшін және әрбір «Жоқ» деген жауапқа 3, 5, 8, 11, 13, 15, 18, 19, 20, 25, 26, 29, 30, 32, 33, 34 сұрақтарына 1 ұпайдан қосу керек.

8 ұпайдан төмен. Мұндай нәтиже сізді елеңдету керек, сіздің отбасыңызда теріс эмоциялар өте көп. Отбасылық өмірді Сіз қиын және шыдамсыз қылып бағалайсыз.

9-15 ұпай. Сіздің отбасыңызда ауыспалы эмоционалдық жағдай, демек, кей уақыттарда үйіңізде махаббат пен үйлесімділік табылса, кей кездері қақтығыстар мен ұырс-керістер болып тұрады. Күйзеліс кезінде сіз серіктесіңізге риза болмайсыз, уақыт өте бере өмір реттеле бастайды, сіз ескі ренжулеріңізді ұмытасыз.

16-22 ұпай. Сіздің отбасыңыз жағымды энергетикамен ерекшеленеді. Әрине, сіздерде барлығы бірдей жақсы бола бермейді, бірақ, кішігірім жайсыздықтар махаббат пен түсінушіліктің арқасында білінбей қалады.

23-35 ұпай. Отбасының мұндай эмоционалдық аясы туралы армандауға болады. Сіздер идеалды отбасы, көңілді және татусыздар.


2.3.2. «Теңгерім шеңбері»¹⁷ әдісі

Бұл әдістің мақсаты – ата-аналарға өздерінің отбасылық өмірінің әртүрлі салаларымен қаншалықты қанағаттанатындығын түсінуге көмектесу.

Нұсқау: Сіздердің алдарыңызда «Теңгерім шеңбері». Оның 6 секторы біртұтас отбасының негізгі компоненттерін көрсетеді. Отбасы 6 маңызды қызмет атқарады: репродуктивті – өмірді өндіру: балалардың тууы, адамзат ұрпағының жалғасуы; экономикалық – өмір сүруге тәсілдерді өндіру, отбасылық бюджеттің құрылуы; шаруашылық-тұрмыстық–өз шаруашылығын жүргізу, үйді жасау, отбасы мүшелерін тамақпен және жылумен қамтамасыз ету; тәрбиелік – балалардың тұлғасын қалыптастыру, оларға тілді, салт-дәстүрлерді үйрету, еңбек дағдысын қалыптастыру; қалпына келтіру – денсаулықты, өмірлік тонусын қолдау, отбасының барлық мүшелерінің бос уақыты мен демалысын ұйымдастыру; коммуникативтік/қарым-қатынастық – әлеуметтік қоршаған ортамен – достармен алыс туыстармен қарым-қатынаста болу. Дөңгелектің әрбір бізі – 0-ден 10-ға дейінгі бөлгіш шкаласы деп ойлаңыз.

¹⁷ Н.А. Цветкова. Дағдарыссыз отбасылық өмір. М.: Центрполиграф, 2010. – 157 б.

Ұпайлары қазіргі күні аталған отбасылық өмір саласына қаншалықты қанағаттанған дәрежесін білдіреді: ортасында, дөңгелектің білігінде - 0 ұпай, ең төменгі дәрежедегі қанағаттанғандық, ал дөңгелектің шеңберінде жоғары он ұпай жайғасады. Қазіргі кезде отбасылық өмірге қанағаттанғаныңыздың деңгейін бағалаңыз және әрбір бізге бүгінгі күні отбасылы өміріңізге қоятын бағаңызды қойыңыз (0-ден 10-ға дейінгі диапазонда). Ұпай қойылғаннан кейін сізге нүктелерді бір-біріне қосу ғана қалады және өзіңізге сұрақ қойыңыз: отбасымдағы теңгерім, үйлесімділік расында да отбасымда болу үшін не істеуім керек?



«Теңгерім шеңберіне» берілген түсінік:

Репродуктивті – өмірді өндіру; экономикалық – өмір сүруге тәсілдерді өндіруі, отбасылық бюджеттің құрылуы; шаруашылық-тұрмыстық – өз шаруашылығын жүргізу; тәрбиелік – балалардың тұлғасын қалыптастыру; қалпына келтіру – денсаулықты, өмірлік тонусын қолдауы; коммуникативтік/қарым-қатынастық – әлеуметтік қоршаған ортамен – достармен алыс туыстармен қарым-қатынаста болуы.

3 ТАРАУ.

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ СТИЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАСЫН ДАМЫТУҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

*Дүниеге келген адамның ең
қасиетті құқығының бірі – мейірімді
және дұрыс тәрбие алу құқығы.*
К.Д. Ушинский

Отбасылық тәрбиенің стилі туралы әңгіме – педагогикалық білімдер Университеті бағдарламасының қажетті, маңызды бөлімі. Бұл тақырыппен жұмыс істеудегі формасы ретінде дәрістерді, пікірталастарды, семинарларды атауға болады.

3.1. Отбасылық тәрбиенің стильдері

Бала үшін отбасы – оның туған ұясы және өмір сүретін негізгі ортасы (материалдық және рухани). Отбасыда оның өзін түсінетін қандай болмаса да – дені сау ма әлде ауыру ма, мейірімді немесе қайырымсыз ба, тіл алғыш па немесе тәртіпсіз бе..., қай күйінде болмасын қабылдайтын, жақын адамдары, жақындары бар, өйткені ол өз үйінде.

Сені айтулы себептерсіз-ақ жақсы көреміз:
Немере болғаның үшін,
Ұлым болғаның үшін,
Сәби болғаның үшін,
Өсіп келе жатқаның үшін,
Анаң, әкең тартқаның үшін...
Бұл махаббат өмірінің соңына дейін қалады
Сенің құпия қамалың болады.

(В. Берестов).

Дәл осы отбасыда бала қоршаған дүние туралы алғашқы түсініктерді алады. Отбасы – белгілі бір рухани-психологиялық ахуал, бұл бала үшін адамдармен қарым-қатынас жасау мектебі. Дәл осы отбасыда баланың жақсылық пен жамандық, тәртіптілік, материалдық және рухан құндылықтарға сыйластықпен қарау туралы түсініктері қалыптасады. Отбасыдағы жақын адамдарымен ол махаббат, достық, жауапкершілік, әділдік сезімдерін бірге сезінеді. Бірақта, оғаштық болып көрінетін жайт, басында жағымды қалыптасқан үйлесімді сезімдер гаммасы жағымсыз факторы болатып кетуі әбден мүмкін екендігі. Бұл жерде ата-ана махаббат сезімдерінің көрсету мөлшері маңызды. Ата-анасының махаббатын толық ала алмаған бала көбінесе мейірімсіз, ашушаң, басқа адамның сезімдеріне жаны ашымайтын, ұжымға сыймайтын, кейде – тұйық, өте ұялшақ болып өседі. Ал шексіз махаббат,

еркелету, құрметтеуді көріп өскен бала ... кішкентай адам өзінің бойында өзімшілдік пен менмендікті, ерке-шолжандылықты, екіжүзділікті қалыптастыра бастайды.

Басқаша айтқанда, отбасының тәрбиелік әсер ету нәтижесі ата-анасының адал ниеттеріне ғана байланысты болмайды, сонымен бірге, өздерінің пиғылдарын өмірде қалай жүзеге асыратындығына да тәуелді болады. Заңды түрде сұрақ туады: баланы тәрбиелеудегі отбасының жағымды жақтарын көбейтіп жаман жақтарын азайту үшін не істеуге болады? Ол үшін отбасылық ішкі әлеуметтік-психологиялық факторлардың ішінен тәрбиелік маңызы болатындығын анықтап алу керек.

Сіз қалай ойлайсыз, баламен өзара әрекеттесуде ата-ананың тактиканы таңдауына не әсер етеді? (сөз сөйлеу кезінде аудиторияның назарын аудартатын сұрақтарды қойып отыруға болады, бұдан әрі біз оларды белгілеп отырамыз).

– ата-аналар мен балалардың психологиялық ерекшеліктері, олардың сәйкестігі;

– ата-аналардың өздерінің тәрбиеленген дәстүрлері;

– ата-аналардың бала тәрбиесіне пайдаланатын ғылыми-педагогикалық әдебиеті, білімділік деңгейі;

– отбасының адамгершілік ұстанымдары.¹⁸

Психология саласының мамандары ата-ана мінез-құлқының бірнеше стильдерін бөліп қарастырады. Оның үстіне, бұл стильдерді ата-аналардың өздері сезіне бермейді. Олар баланы қабылдау дәрежесі және бақылау деңгейімен сипатталады.¹⁹

1) Отбасылық тәрбиенің индифференттік түрі (әртүрлі әдебиет көздерінде «гипоқамқорлық», «немқұрайлы тип» деген терминдер кездеседі) бақылаудың төменгі деңгейі және салқын қарым-қатынаспен сипатталады. Мұндай ата-аналар балалары үшін ешқандай шектеулер қоймайды, өзінің жекебасты мәселелерімен айналысып жүреді және қарым-қатынасқа жабық болады. Оларды баланың ішкі жан дүниесі қатты толғандырмайды, олар, әдетте, баланың талаптары мен сұраныстарына немқұрайлы қарайды, оларға көңіл қою керек деп санамайды. Осындай тәрбиелік стильді ұстанатын ата-аналар егер баласының тамағы тоқ, киімі бар болса, мектепке барып отырса, ата-ана парызы орындалады деп санайды. Олар, мүлтіксіз, жазалау мен ынталандыру әдістерін ретсіз пайдаланады. Баланы жазалай отырып, сол жерде-ақ ынталандырады, тек қана бала ата-анасына кедергі болмаса болды.

Мұндай отбасыдағы басты тәрбиелік әдіс – қамшы мен аялы алақан. Ата-аналар өзінің баласымен қарым-қатынасты, бала бойында жағыну,

¹⁸ Н.И. Дереклеева. Ата-аналар жиналысы. 5-11 сыныптар. – М.: ВАКО, 2004. – 240 б. («Педагогика. Психология. Басқару» сериясы).

¹⁹ В.М. Минияров. Отбасылық тәрбие психологиясы (диагностикалық-коррекциялық саласы). – М.: МПСИ; Воронеж: МЕУ «МОДЭК» баспасы, 2000, – 256 б. («Мектеп психологының кітапханасы» сериясы).

жалпақтау сияқты қасиеттердің пайда болуына жол беретін, баланың айналасындағылармен өзара әрекеттесу формаларын, еріксіз әдетке айналдыратындай, қылып қалыптастырады.

Мұндай отбасыларда тәртіп формасын таңдау мәселесінде балаға ерік берілген, бірақ қоғамда одан өзін-өзі ұстаудың әдепті ережелерін талап етеді. Мұндай балаларда құпия көп болады, бұл үнемі олардың сақ болып жүретіндігіне әкеліп тіреді. Тіпті, өз балаларының зияткерлік қызметін де мұндай отбасыларда одан сайын пайда көру үшін ынталандырады. Қалай ойлайсыз, мұндай отбасыда бала қандай болып өседі? Мұндай тәрбие нәтижесінде тұлғаның конформды әлеуметтік-психологиялық типі қалыптасады.

Мұндай балалар, әдетте, өз ойы болмайды, шынайы көңілмен жаны ашып, аяушылық білдірмейді (себебі, оларды үйретпеген); көбінесе ой еңбегін де, қимыл еңбегін де жақсы көрмейді. Бұл тенденция өмірінің барлық кезеңдерінде орын алады. Мұндай отбасының балалары проблемалық мінезқұлыққа жақын болады.

2) *Отбасылық тәрбиенің либералдық түрі (немесе енжарлық)*. Бақылау деңгейі төмен, бірақ қарым-қатынастары жылы. Мұндай отбасыдағы ата-аналардың басқарушылық рөлі мағыналы емес, олар баланы тәрбиелеуді білмейді және тәрбиелегісі келмейді, бірақ, оның тұлғасын жоғары бағалайды, кішігірім қателіктерін кешіреді, онымен сөйлеседі, сенеді, шектеулер мен тыйымдар қоймайды. Бірақ ойлану қажет: бала осындайеркіндікті көтере ала ма? Бұл еркіндікті саналы түрде пайдалана біле ме? Бала өзіне өзі берілген, және оның бұдан былайғы мінезін болжау мүмкін емес, себебі ол көбінесе, қандай ортада өмір сүріп, оқитынына байланысты болады. Баланың тәртібін отбасысының бағалай алмауы оны бейәлеуметтік топтарға әкелуі мүмкін, себебі оның қоғамда өзін ұстай алу, жауапкершілікті тәртібіне қажетті психологиялық механизмдері қалыптаспайды. Есейе келе, мұндай балалар өздеріне қарсы шықпайтындармен қақтығыса бастайды, басқа адамдардың мүдделерін есепке алу қабілеті болмайды, шектеулер мен жауапкершілікке дайын емес болады. Екінші жағынан, ата-аналар тарапынан басшылықтың аздығы енжарлық пен немқұрайлылықтың белгісі болып табылады, балалардың өздеріне деген сенімділігі төмен болады.

3) *Отбасылық тәрбиенің авторитарлық/өктемшіл түрі* (кейбір әдебиет көздерінде сонымен қатар «автократтық», «диктат», «үстемдік» деп кездеседі) – бұл бақылаудың жоғары деңгейі және салқын қарым-қатынас. Баламен осы стильдегі қарым-қатынасты ұстаушы ата-аналар оның қандай болып өсетінін жақсы түсінеді және оған барлық күшін жұмсайды. Отбасыдағы диктат, отбасыдағы мүшелердің бірінің басқа мүшелерінің жігерлілігін, өзіндік құнын сезінуін үнемі басып отыратындығымен көрінеді (көбінесе ересектер).

Бұған келесі себептер әсер етеді:

– ата-аналардың ақталмаған үміттері және өзінің отбасылық өмірімен немесе балаларымен қанағаттанбауы, баланы эмоционалдық тұрғыдан қабылдамау;

– ата-аналардың өздері балаларға қатал қарайтын отбасыда өскен, және олар ата-аналарының тәрбиелік стилін өздерінің отбасысына ауыстырады;

– ата-аналар өздерінің балалары туралы басқа адамдардың пікірін өте маңызды деп санайды және өз балаларын бақылауда сол пікірлер негізгі деп санайды.

Мұндай отбасыларда баланың еркіндігі қатты реттеледі және бақыланады. Ата-аналар өздерінің баласын жоғары адамгершіліктік адам болып өсуін армандайды, және оның мінез-құлқын үнемі бақылайды- балаға не кию керектігін, кіммен дос болу қажет екенін бұйырады, баланың күн тәртібін өздері белгілейді.

Ата-аналар жазалау шараларын жиі пайдаланады. Бұл ата-аналардың басқарушылық дауысында, айқайында, жазалауда байқалады, кейбір ата-аналар өздерінің балаларын қатты жазалайды, кейде басқалардың көзінше ұрып-соғады, онымен өзінің баласының алдындағы билігінің үстемдігін көрсетеді және өзінің осы әрекетін ата-аналары да осындай жазалаумен өсіргендігін, содан «Жақсы адам» болғандығын айтып, ақталады.

Ойланыңыз, мұндай ата-аналар үшін берілген тәрбиелік әдіс несімен пайдалы?

Баланың күнделікті осындай басымдылық көріп өскені жайлы болады деп ойлайсыз ба?

Берілген отбасыдағы бала қандай болып өседі және кейін оның ата-ана мен баласының арасындағы қарым-қатынасы қаншалықты жылы болады?

Мұндай отбасыдағы балалар ата-ана мейірімінің, жылуының, мақтау мен қолдауының жетіспеушілігін сезінеді. Олар өздерінің әлсіз жақтарын жақсы біледі (себебі бұл туралы ата-анасы үнемі есіне салып отырады) және өздерінің жақсы жақтарын көрсетуден мүлдем айырылған болады. Егер ата-аналар баласының қандай-да бір жақсы әрекетін байқаса, олар міндетті түрде, одан бір кемшілік тауып, соған нұсқайды да отырады. Ата-аналар өз баласының пікірін тыңдауды міндетті деп санамайды. Олар үнемі өздерін үйретуге дайын еместігін естеріне салып отырады.

Ата-аналар педагогикалық және адамгершілік жағынан ақталған шешімдерді қабылдау қажеттілігі бар нақты жағдайлардың, тәрбиелеу мақсаттарының, адамгершілік нормаларының мақсаттары негізінде балаға талап қоюы, әрине, дұрыс. Бірақ, әрекет етудің барлық түріне жазалау мен бұйрық беруді жатқызатындар баланың қарама-қарсы шығуы, қорқытуымен кездеседі: екіжүзділікпен, алдаумен, дөрекі қылықтармен, кейде ашық жек көрушілікпен. Тіпті, қарама-қарсы әрекет етуден беті қайтқан болса, тұлғаның көптеген жеке қасиеттері де сынады: дербестігі, өзінің қажеттілігін сезінуі, жігерлілігі, өзіне және өз мүмкіндігіне сенімі. Ата-аналардың аяусыз өктемшілдігі, баланың пікірі мен мүддесін есепке алмауы, балаға қатысты мәселелерде оның сөзін тыңдамауы, - осының бәрі оның тұлға ретінде қалыптасуындағы жеңілсіздердің кепілі болып табылады. Нәтижесінде – баланың жігерсіздігі немесе тәуелді болуы, немесе өктемшілдігі мен бой берместігі. Кез-келген жағдайда – психологиялық сәтсіздік болып танылады.

4) *Отбасыдағы гипер қамқорлық* – ата-аналардың өз еңбегімен баланың талаптарын қанағаттандыра отыра, оны қандай-да бір қиыншылықтар мен күш жұмсаудан босатып, барлығын өз иығына алуындағы қарым-қатынас жүйесі. Отбасылық тәрбиенің мұндай стилі кейбір себептерге байланысты болады: баланың кішкентай кезінен денсаулығының нашар болуынан және ата-анасының мінезінің ерекшеліктерінен. Нәтижесінде, ата-аналары тым күмәнданғыш болады және баланың кез-келген ауруына қатты уайымдайды. Олар баланы назардан тыс, қамқорлықсыз бір минут та қалдырмайды; кішкентай кезінен бастап өз тарапынан және де басқа ересектер мен балалардың тарапынан келетін жазалаудан қорғап отырады. Мұндай отбасыларда баланың кез-келген өтініші қанағаттандырылады.

Тәрбиенің бұл стилі қаншалықты тиімді болады, айтыңызшы?

Оның жақсы жақтарын неден көресіз?

Кемшіліктері неден көрінеді?

Ата-аналарға баланың осындай ата-ана назарында болғаны ыңғайлы, олар баланың дағдарыстық жағдайлары мен өскендегі аурулары айналып өтеді деп ойлайды. Тұлғаны белсенді қалыптастыру мәселесі екінші орынға шегеріледі. Ата-аналар, былайша айтқанда, балаларының үй сыртына шыға бере нақты қиыншылықтармен кездесуге дайындығына өздері тосқауыл қояды.

Мұндай отбасындағы бала қандай болып өседі?

Отбасылық тәрбиенің бұл стилі үрдісінде инфантильді әлеуметтік-психологиялық тұлғаның түрі қалыптасады. Сыртқы қамқорлыққа қарамастан, қамқорлық тәрбие стилі бір жағынан, балалар мен жасөспірімдердің өзіндік мағынасын шектен тыс асырып жіберетіндігіне, екінші жағынан – оның бойында қауіптенгіштік, көмексіздік, әлеуметтік оярудың кешігуіне әкеліп соғады. Дәл осы, балалар ұжым ішіндегі өмірге дайын емес болып шығады. Жасөспірімдердің осы санаты үнемі өткінші шақта жүйкелік дағдарыстарға ұшырайды. Тура осы балалар, тіпті еш нәрсеге ренжімейтіндей болып тәрбиеленгендер, ата-аналарының шексіз қамқорлығына қарсы шыға бастайды.

5) *Бейберекеттік стиль (тиянақсыз басшылық)* – бұл тәрбиеге деген біртұтас көзқарастың жоқтығы, балаға деген нақты, анық талаптың қойылмауы және ата-аналар арасында тәрбие тәсілдерін таңдаудағы қарама-қайшылықтар, келіспеушіліктер.

Отбасында осындай жағдай болса баланың дамуында қандай салдарлар болуы мүмкін?

Тәрбиенің мұндай стилінде, тұлғаның базалық қажеттіліктерінің бірі – қоршаған ортаның тұратқытылығы мен реттілігінде, қылықтарындағы және бағалауындағы нақты нық бағыттардың болу қажеттіліктері қатып, дамымай қалады. Ата-аналардың күтпейтін әрекеттері баланы тұрақтылықтан шегереді және жоғары дәрежедегі қауіптенгіштігіне, импульстілігіне жол береді, ал күрделі жағдайларда тіпті, бой бермейтіндік пен басқыншылыққа, әлеуметтік бейімделе алмайтындығына әкеледі. Мұндай тәрбиеде өзін-өзі бақылау және жауапкершілік сезімі қалыптаспайды. Пікірлерінің шикілігі және баланың өзін-өзі төмен бағалауы байқалады.

Сөйтіп, баланы қалай тәрбиелеуге болады?

б) *Беделді тәрбие (әртүрлі әдебиет көздерінде «үйлесімді тұлға», «демократтық стиль», «ынтымақтастық» терминдері кездеседі) жылы қарым-қатынас пен бақылаудың жоғары деңгейін көрсетеді.* Ата-аналар өз балаларының өсіп келе жатқан дербестігін түсінеді және ынталандырады және олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жеке жауапкершілікте болады. Ата-аналар қарым-қатынасқа ашық, дайын және балаларымен отбасыдағы тәртіп ережелерін талқыға салады. Белгілі бір тәртіпте өзінің талаптарын өзгертуге жол береді.

Тәрбиенің үйлесімді стилі, әрине, баланың үйлесімді типін қалыптастырады. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы кезінде барлық бала сияқты тәртіпсіздік жасауы мүмкін, бірақ барлық ескертулерге саналы түрде қарап, тез түзелуге тырысады. Мұндай балаларда өзін-өзі бағалау сезімі және еріктік қасиеттері ерте пайда болады. Олар өмірге бейімделген, өздеріне нық сенімді және жауапкершіл тұлға болып өседі. Балалар отбасылық проблеманы талқылауға қосылады, шешім қабылдауға ұсыныстарын береді, ата-аналарының пікірі мен кеңестерін тыңдайды және талқылайды. Ата-аналар балаларынан ойланып істелінген әрекеттерді талап етеді және оларға көмектесуге, сұраныстарына дұрыс көңіл бөлуге тырысады. Мұнда, ата-аналар мықтылығын көрсетеді, әділеттілік және тәртіпті сақтау туралы қамқорлық жасайды, ол дұрыс әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастырады.²⁰

Баламен үнемі терең психологиялық байланыс – тәрбиеге деген жан-жақты талап, ол біркелкі дәрежеде барлық ата-аналарға ұсынылған, бұл қарым-қатынас кез-келген жастағы балаға өте қажет.

Ата-аналармен байланысты және бірге шыдамдылықты сезіну балаларға ата-ана махаббатын, қамқорлығын түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, отбасыда қандай қарым-қатынас типі қалыптасса, баланың дамудағы мінез-құлқы және оның тағдыры соған байланысты болады. Отбасылық тәрбиенің негативті тараған факторлары ретінде келесілерді санауға болады:

– материалдық ретінің факторларының сәйкессіздік әсері: заттардың тым көп болуы немесе жетіспеушілігі; өсіп келе жатқан адамның рухани сұраныстарын жүзеге асырудан гөрі материалдық жайлылықтың басымды болуы, материалдық сұраныстары мен оларды қанағаттандыру арасындағы үйлесімдіктің болмауы, тым ерке және нәзік болуы, отбасылық экономиканың құқықсыздығы;

– ата-аналардың рухсыздығы, балалар рухын тәрбиелеуге талпынысының болмауы;

– отбасыдағы адамгершіліктің болмауы, құлықсыз қылықтың болуы;

– отбасыдағы позитивті ахуалдың болмауы; жайсыз отбасыларда ұрыс-керіс, қол жұмсауды көріп өсуі, ата-аналардың айқайласуы балаға өте теріс әсер

²⁰ Д. Карнеги, «Достардың сенімділігінде қалай болу керек және адамдарға ықпалыңды қалай тигізу керек» ағыл. тілін. ауд.: Д.С.Лободенко – Мн.: ООО «СЛК», 1997 – 640 б.

етеді және бұдан әрі қарай психологиялық проблемалардың негізі болуы мүмкін;

– кез-келген түрдегі табынушылық (ақша жинау құмарлығы, діни, музыкаға, спортқа құмарлық...)

– психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы сауатсыздық (тәрбиенің мақсаттылығының болмауы, принциптердің жоқтығы, балаларға ауыр рухани жаралар салу);

– ата-аналардың өздері пайдаланып жүрген доктринасына сенімділігі (әдетте көнерген немесе қате) өздеріне сырттан қарауға, баласының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін есепке алуға мүмкіндік бермейді, сондықтан, тиімсіз, үлгішіл әрекет ету жеміс бермейді;

– ересектердің құқыққа қарсы әрекеттері;

– өктемшілдік немесе «либералдылық», жазасыз қалушылық және бәрінкешірімділік – бұл бір таяқтың екі ұшындай – баланы тәрбиелеуде пайда әкелмейді: оларда дүние туралы тұрақсыз бейне қалыптасады, ол, өз кезегінде, жасырын түйсіктерін дамытуға және барабар емес мінез-құлыққа әкеліп соғады.

Жақсы ата-ана болу өнері келесі принциптер жүйесіне негізделеді:

1. Балалар махаббат, бақыт және мейірімділік жағдайында тәрбиеленуі керек.

2. Ата-аналар өз баласын сол күйінде қабылдап түсіне білу керек және оның бойында жақсылықты дамытуға тырысу керек.

3. Тәрбиелік ықпал етулер жас ерекшеліктері, жыныстық және жеке басының ерекшеліктерін есепке алуға негізделуі керек.

4. Шынайылықтың, тұлғаның өзіне деген үлкен сыйластықтың және оған деген үлкен талаптың диалектикалық бірлігі отбасылық тәрбие жүйесінің негізіне салынуы тиіс.

5. Ата-аналардың өзінің тұлғалары – балалардың еліктеуіне нақты модель болады.

6. Тәрбие өсіп келе жатқан адамның жақсылығына сүйене отырып құрылуы керек.

7. Баланы дамыту мақсатындағы отбасыдағы кез-келген әрекет ойынға негізделуі керек.

8. Оптимизм – отбасыдағы баламен байланыстың стилінің негізі және түрі.

Сауатты ата-ана болуға тырысып жүрген, тәрбиенің үйлесімділік стилін қалаушы ата-аналар үшін тәжірибелік басшылыққа алуға АҚШ мұғалімдері, мектептің және әлеуметтік жұмыстың педагогтары бірлесіп 300 маманнан астам адам шығарған жадынама ұсынылады. Ол «Жемісті тәрбиенің он кілті»²¹ деген атау алды.

1. Тәрбиеге бейресми түрде қараңыз. Баламен өткізген уақыттың санына емес, сапасына көңіл аударыңыз. Қазіргі өмір бәрімізді уақытымызды еріксіз әңгімелесу, балалармен байланысудан үнемдеуге үйретті, сондықтан

²¹ Жемісті тәрбиенің он кілті. //Бірінші қыркүйек. – 2003, №21.

баланың іле-шала қызықты айтып жатқан әңгімесін тыңдай отыра, біз өзіміздің проблемамызды ойлап, терең ойға шомылып отырамыз. Қарым-қатынас жасай алмайтын ата-аналардың балалары өздерін жаман ұстайтындығы және адасқандай сезімде болатындығы ғылыми түрде дәлелденген. Сондықтан, тіпті, теріс көңіл аудардың өзі де (қолдамау, сөз қылу), елемегендіктен және салқындықтан жақсы болады.

2. Аз сөйлеп, көп істе. Статистика бекіткен: бір күнде баламызға 2000 (!) жуық ақыл-кеңес пен ескертулер береді екенбіз! Сондықтан, балаларымыздың «естімейтіндігі» де ғажап емес. Егер сіздің өтінішіңізге қарамастан балаңыз шұлығын теріс аударған күйі лақтыра салса, бір күні сіз де сол қалпында жуып бере салыңыз. Өзі оны жуып, кептірудің өзі мүмкін емес екендігін сезінсін. Испен көрсеткен, сөзден гөрі дәлірек болады.

3. Балаларға олардың күшті екендігін жариялы түрде сезіндіре біліңіз; әйтпесе олар өздері астыртын тәсілдерін тауып алады; Ол үшін балалармен үнемі кеңесу керек, оларға таңдау, сатып алу, ақша санау, қиын емес тағамдарды дайындау құқығын беру керек; Екі жастағы балаға пластикалық

ыдысты жуысуға, жемістер мен асханалық қасықтарды сөрелерге жинастыруға әдбен болады. Әрине, сіз мұны тезірек істейсіз. Бірақ, бар мәселе осында ма? Егер балалардың көмегінсіз істі тындырсаңыз, сіз олардың қажеттілік пен күштілік сезімдерін жоясыз.

4. Сіздің сөздеріңіз бен істеріңіз неге әкеліп соғатынын ұмытпаңыз. Өзіңізден «Мен кіріспесем не болар еді?» деп сұрап отырыңыз.

Егер қажет болмаған жағдайда біз кірісіп кетсек, балаларды өзінің әрекетінің салдарын көру мен қателіктері негізінде үйренуден шеттетеміз. Сөйтіп, нағыз өмірді ұрысып ақыл үйретумен және қорқытумен алмастырамыз. Егер балаңыз өзімен бірге таңғы асын алуды ұмытып кетсе, оны күнделікті сөмкесіне салып отыруды қойыңыз. Оған оны ұмыттырып, қарны ашқан кезде таңертеңгі асын өзі салып отыруға үйретіңіз.

5. Сіздің барлық ережелеріңіз бен талаптарыңыз қисынды және балаға түсінікті болу керек. Ол үшін, келесі жолы ол киноны фильмотекаға тапсыруды ұмытып кеткен кезде, оған ұрсуға асықпаңыз-ол ренжіп қалады, және сабағыңыз далаға кетеді. Ол бұл мәселені өзі ойлап, қарызға ақшаны қайдан табуға болатындығын шешсін. Салдары бала үшін өзінің тәртібімен қисынды түрде байланысқан болуы керек. Тек қана өзінің қарызын қайтарған кезде сіздің әрекетіңіздегі қисынды байқайды.

6. Қақтығыстардан қашқақтаңыз. Егер балаңыз сізді айқайлаумен, ренжумен, ашушандықпен тексерсе немесе сізбен дұрыс сөйлеспесе, кетіп қалып, көрші бөлмеде тосатыныңызды айтқаныңыз абзал. Егер сіз ренжіп, ашулансаңыз-жеңілгендігіңіз.

7. Кінә мен кінәліні бір жерге тоғыстырмаңыз. Бала бір жаман нәрсе істесе, ол жамандығы емес, ол не істесе де оны жақсы көретінін сезіну керек. Өзіңіздің талаптарыңыздың дұрыстығына күмәндансаңыз, «Бұдан балаңыз өзіне-өзі сенімдірек бола ма?» деген өзіңізге тура сұрақ қойыңыз.

8. Бір мезгілде мейірімді және қатал да бола біліңіз. Мысалы, сіз қызыңызға бес минутта киіну қажеттілігін айттыңыз, әйтпесе машинаға түнгі көйлегімен отырғызатындығын ескертесіз. Белгіленген уақыт өткен соң оны машинаға ақырын апарып отырғызуға әбден құқыңыз бар. Тіпті сендірейін: келесі жолы таңертең киіндіру проблемасы болмайды. Бірақ бұл кезде сіз әділетті және мейірімді бола білуіңіз керек.

9. Мәңгілік туралы әрқашан есте сақтау керек, сөзіміздің қазір ғана емес, балаларымыз өздерінің немерелерін тәрбиелеген кезінде де алдынан шығатынын ұмытпайық. Осы ойларды қорыта келе егер де келешекте бұл ісіміз балалымыз бен немеремізге пайда әкелсе қиын және ауыр проблемаларға кезек беріп, проблемаларды тез және қарапайым шешуден бас тартамыз. Егер біз баланы ұра алатын болсақ, онда бір минут ішінде проблеманы шешуге тырысып басқа адамнан бір нәрсені талап ету кезіндегі агрессивті әрекеттерге үйретеміз.

10. Бірізді болыңыз. Егер дүкеннен кәмпиттер алмаймын десеңіз, еркелігіне, қорқытуына, көз жасына қарамастан, балаға қанша жаныңыз ашып, аяушылық танытсаңыз да, сөзіңізде тұрыңыз. Бала сіздің өз сөзіңізде тұра алатыныңызды көріп, тіпті де сыйлайтын болады.

3.2. «Отбасылық тәрбиенің стильдері туралы» семинар-практикум

Іс-шараны өткізудің мұндай түрі ата-аналарға ақпаратты алып қана қоймай, баланың дамуы заңдылықтарын ойластыруға, кездесу тақырыбының ішкі дүниесіне әсер етуге, ата-аналық ұстанымын сезінуге, басқа ата-аналармен өз ұстанымын салыстыруға, әдеттегі қателердің көрнекті үлгісін көруге жетелейді. Бұл әдіс ата-аналар үшін проблемалық жағдаяттарды құрып қана қоймай, кім «ата-ана – бала» жүйесіндегі өзара әрекеттесудің тиімді тәсілдерін қарастырғысы келетіндерге - белсенділік танытуға мүмкіндік тудырады. Оның үстіне, белсенділікке дайын емес ата-аналарға тыңдаушы орнында болуға мүмкіндік береді.

Семинардың мақсаты:

Ата-аналарға өзіндік баламен ынтымақтастық стилін, балаларды түсінуге кедергілерді түсінуге ықпалын тигізетін жағдайларды ұйымдастыру; балалық – ата-аналық өзара қарым-қатынастардың жетілдірілу қажеттілігін қалыптастыруға әрекет ету.

Көрнекілігі:

«Отбасылық тәрбиенің стильдері» сауалнамасының бланктері,
Мультимедиялық құрал-жабдықтар,
Магнитофон,
Релаксация үшін аспапты музыка жазылған дискілер,
«Жемісті тәрбиенің он кілті» ата-аналарға арналған жадынама.

Кеңістікті ұйымдастыру:

Жиналыс басталғанға дейін, ата-аналар жиналғанша, жұмыс проблемаларынан дем алып, семинардың тақырыбына бағытталуы үшін ақырын баяу әуен жүріп тұрады және презентация слайдтар көрсетіледі; ата-аналар ерікті түрде жайғаса бастайды.

Жобаланған өткізу уақыты : 1-1,5 сағат.

Кездесу барысы:

3.2.1. Кіріспе

Отбасы тәрбиенің басты институты болып табылады. Баланың кішкене кезінде отбасыдан үйренгені өмірінің ағымында сақталып қала береді. Бірақ, отбасы тәрбиенің жағымды да жағымсыз факторы ретінде болуы мүмкін. Тұлғаға жағымды әсер ету оған деген жақын адамдардың – анасының, әжесінің, атасы мен әжесінің, ағасы мен апасының қарым-қатынасынан артық ешкім әрекет ете алмайтындығын білдіреді. Сонымен қатар, бала тәрбиесіне отбасыдан артық ешқандай әлеуметтік институт орасан зиян келтіре алмайды.

Бүгін біздің кездесуімізде отбасылық тәрбиенің әртүрлі стильдерін қарастырамыз, және олардың бала тұлғасын қалыптастыруға қалай ықпал ететінін байқаймыз.

3.2.2. Ата-аналардың өздерін диагностикалауы. Тест «Отбасылық тәрбиенің стратегиясы».²²

Бала тәрбиесі жөнінде көптеген теориялар бар. Ата-аналар, балаларын тәрбиелей отыра, бұл мәселе төңірегінде теориямен айналыспайды, өздерінің ішкі сезімі қалай нұсқаса, өмірлік тәжірибе мен қалыптасқан жағдайға негізделіп солай әрекет етеді. Жай сөзбен айтқанда қалай шықса солай болады. Ал ол қалай шығуы мүмкін? Осы қарапайым тест арқылы өздеріңіздің отбасыңыздағы тәрбие стратегиясын бағалап көріңіз.

Нұсқау: берілген төрт жауаптың өзіңіз қалайтынын белгілеңіз.

1. Сіздің ойыңызша, адам мінезі немен анықталады – тұқым қуалаушылықпен бе әлде тәрбиемен бе?

А. Әрине тәрбиемен.

Б. Туғанда берілген қабілеті және өмір сүру ортасының жағдайымен.

В. Тек қана туғандағы берілген қабілетімен.

Г. Өмірлік тәжірибесімен.

2. Балалар өз ата-анасын тәрбиелейді деген ойға қалай қарайсыз?

А. Бұл сөздер жиынтығы, шындыққа үйлеспейді.

²² Т.А.Фалькович, Н.С.Толстоухова, Л.А.Обухова, Ата-аналармен істелетін жұмыстың дәстүрлі емес түрлері. – М.: Білімдері үшін «5», 2005. – 240 б. («Әдістемелік кітапхана» сериясы).

Б. Осы оймен толығымен келісемін.

В. Ата-аналардың бала тәрбиелеуші дәстүрлі рөлін ұмытпаған жағдайда ғана осы оймен келісемін.

Г. Жауап беруге қиналамын, ол туралы ойлаған емеспін.

3. Тәрбие туралы ойлардың қайсысы ұтымды деп ойлайсыз?

А. Егер балаға айтатын еш нәрсеңіз болмаса, оған барып жуын деп айтыңыз. (Эдгар Хоу.)

Б. Тәрбие мақсаты – балаларды бізсіз өмір сүруге үйрету. (Эрнст Легуве.)

В. Балаларға нұсқау емес, мысалдар керек. (Жозеф Жубер.)

Г. Ұлынды тыңдай білуге үйрет, сонда қалғанына да үйрете аласың. (Томас Фуллер.)

4. Ата-аналардың жыныс мәселелері туралы балаларына айту керек пе?

А. Мені ешкім үйреткен жоқ, оларды да өмір өзі үйретеді.

Б. Балалардың осы мәселе бойынша қызығушылық танытқандығын түсінікті түрде қанағаттандыру керек деп ойлаймын.

В. Балалар толық есейгенде, ол туралы да әңгіме қозғау керек болады. Ал мектеп жасында ең бастысы азғындықтың түрлерінен оларды қорғауды қамтамасыз ету қажет.

Г. Әрине, мұны бірінші ата-аналар айту керек.

5. Ата-аналарға балаларының қалтасына ұсақ-түйек ақша беруі қажет пе?

А. Егер сұраса, беруге болады.

Б. Нақты мақсаттарға үнемі белгілі бір соманы беріп, шығындарын бақылап отыру керек.

В. Баланың ақшаны ұстап үйренуі үшін нақты бір мерзімге (бір аптаға, айға) белгілі мөлшерде ақшаны беріп отыру керек

Г. Кейбір соманы белгілі мерзімге береміз, сосын шығындарды сенімді әңгіме кезінде талқылаймыз.

6. Балаңызды сыныптасы ренжітсе не істейсіз?

А. Ренжимін, баламды сабырлыққа шақыруға тырысамын.

Б. Ренжіткен баланың ата-анасымен сөйлесуге барамын.

В. Балалар өз қарым-қатынастарын өздері шеше алады, оның үстіне олардың ренжулері ұзаққа бармайды.

Г. Мұндай жағдайларда өзін қалай ұстау керектігіне кеңес беремін.

7. Балаңыздың бейпілауыздығына қалай қарайсыз?

А. Біздің отбасыда, тіпті тәрбиелі адамдар ортасында бұл дұрыс емес екендігін түсіндіруге тырысамын.

Б. Бейпілауыздықты жатырда жатқанда-ақ қойғызу керек! Жазалау мұнда қажетті, ал тәрбиесіз құрбыларымен қарым-қатынасты келекшекте сақтандыру керек.

В. Онда тұрған не бар! Біз барлығымыз осы сөздерді білеміз. Оған мән берудің қажеті жоқ.

Г. Бала біздің көңілімізге қонбайтын тәсілмен болса да өз сезімін білдіруге құқылы.

8. Сіздің жасөспірім балаңыз ата-аналарынсыз достарымен бірге саяжайда демалғысы келеді. Сіз жіберер ме едіңіз?

А. Жок, мұндай жиылыстар жақсылыққа апармайды. Егер балалар демалғысы келсе, ата-аналарының бақылауында өткізсін.

Б. Мүмкін, егер де оның достарының тәртіпті және сенімді екенін білсем.

В. Ол өзі шешім қабылдай алатын саналы адам. Бірақ, әрине, ол болмаған кезде мен қобалжимын.

Г. Тыйым салуға себеп көріп тұрған жоқпын.

9. Балаңыздың сізге өтірік айтқанын білсеңіз, не істер едіңіз?

А. Оның өтірігін әшкерелеп, ұялтуға тырысамын.

Б. Егер себебі тым мағыналы болмаса, мән бермеймін.

В. Ренжимін.

Г. Неліктен өтірік айтқандығының мәнісін ашып көруге тырысамын.

10. Сіз балаңызға лайықты үлгі бола аламын деп ойлайсыз ба?

А. Әлбетте

Б. Тырысамын.

В. Үміттенемін

Г. Білмеймін

Нәтижелерді өңдеу:

Мінез-құлық стилі	Сұрақтар нөмірлері									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Беделді	Б	В	В	Г	В	Г	А	Б	Г	Б
Авторитарлық/өктемшіл	А	А	Г	В	Б	Б	Б	А	А	А
Либералды	В	Б	Б	Б	А	А	Г	В	В	В
Индивидуалды	Г	Г	А	А	Г	В	В	Г	Б	Г

Тест нәтижелерін интерпретациялау:

Кестені пайдалана отырып, өзіңіз таңдаған жауаптар нұқасын белгілеңіз және ата-ана мінез-құлқының біріне сәйкес келетін типін анықтаңыз.

Жауаптардың бір типінің көбірек болуы отбасыңызда тәрбиенің белгілі бір стилі қалыптасқандығын білдіреді. Егер Сіздің жауаптарыңыздың ішінде ешқандай категориядан жауаптар артық болмаса, онда, мүмкін, тәрбиенің қарама-қайшылықты стилі жөнінде әңгіме болады деген сөз, онда нақты принциптердің болмағандығы мен ата-аналардың мінез-құлықтары аяқ асты көңіл-күйіне байланысты болатынын білдіреді. Балаңызды қандай адам ретінде және өзіңізді ата-ана ретінде қалай көргіңіз келетіндігін түсінуге тырысыңыз.

3.2.3. «Баланы ести білу» рөлдік ойыны.

Ойында жасөспірімнің, оның әкесінің, шешесі мен әжесінің рөлін орындатқын төрт ата-ана қатысады. Келесі жағдаят ұсынылады: «Балаңыз мектептен ашулы келеді, портфелін бұрышқа лақтырып, айқай салады: «Бұл мектепке мен енді бармаймын! Онда математика мұғалімі маған жайдан-жай

тиісе береді! Бақылау жұмысын өзім орындағам, ол көшіріп алдың дейді!
«Ертең ата-аналарыңды мектепке ала кел» деді».

Актер-ата-аналарға ақырын ғана келесідей нұсқамалар беріледі:

- «бала» ашуланады, өте қатты әсермен қарсылық көрсетеді, өзінің дұрыстығын дәлелдейтін бірнеше аргументтерге жүгінеді;
- «әке» мінез-құлықтың авторитарлы/өктемшіл стилін көрсетеді (баланы басыну, айқайлау, қорқыту және т.б.);
- «шеше» гипер қамқорлық танытушы ата-ананың рөліне кіріседі (баласын жақтайды, ол үшін күйеуімен ұрысады; мұғалімдердің әділетсіздігін айтады және т.с.с.);
- «әжесі» мінез-құлықтың ретсіз, тиянақсыз стилін көрсетеді (ұлы мен келінінің көзінше жаман болып көрінгісі келмейтіндей жағдайда отырады; біресе ұлын, біресе келінін жақтап, өз сөзіне күмәнданады; өзінің кеңестерін нақты бере алмайды және т.с.с.).

Қалған көрермен – ата-аналарға барлық жағдайды бақылау, ата-ананың өз баласымен әңгімедегі оңы мен солын, баламен қарым-қатынастағы кеңінен тарлаған кемшіліктерді бақылап отыруға тапсырма беріледі.

Рөлдік ойынды орындаған кезде психолог мінез-құлықтың берілген тактикаларының конструктивті емес екендігін мейлінша ашық көрсетуге көмектеседі. Жағдайды сараптау «актерлерге» сұрақ қоюдан басталады:

1. Қазір не сезінесіз?
2. Өз рөліңізді орындағанда не сездіңіз?
3. Өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз?

Сезімдерді сараптау және қорытындыларды тұжырымдау.

Көрермендерді бақылаған жағдайларды сараптау мен қорытындылауға шақыру.

Жүргізуші:

- Балаңыз мектептен келіп, портфелін бұрышқа лақтыра сала, мектепке енді бармаймын деп айқай салады. Қалайша дұрыс әсер ету керек? Балаға не айту қажет? Тура осы кезде өзіңіз шаршап, ашуланып, өз проблемаларыңызбен басыңыз қатып тұрса да қалай байсалдылық сақтауға болады? Ойға әдетте әдеттенген дағдылы жауаптар келеді, олар бізді қателерімізге әкеліп тірейді:

- Бұйрықтар мен қорқытулар («Бармағаны несі?! Надан болып қалғың келе ме? Аула сыпырушы болып? Оқымасаң - менен бір тиын да алмайсың!»);

- Балаңыз мүлдем тыңдауда қалған кезде ақыл үйрету, моральды ұғындыруға тырысу;

- Сынау, сөгіс жасау («Барлығының баласы бала да, менікі... кімге тартып туған екенсің? Тағы не бүлдірдің?! Егер тағы осылай істесең, онда..!»)

- Зерттеулер, тексерулер, айыптаулар («Өзің кінәлісің! Мұғаліммен дауласпа! Екіге оқитын оқушысың!» және т.с.с.);

- Проблеманы «жуу» және мұғалімнің ұстанымы, жағдайдың ерекшелігін есепке алмай баланы толығымен «тазартып алу»;

- Сонымен қатар, дайын шешімдерді ұсыну («Осылай істе...», «Ертең мұғалімге былай деп айт..»), бұлар баланы өздігінен үйренуіне кедергі болады, және бейқам болып өседі.

Бұл біздің дұрыс емес әрекеттеріміздің түгелі емес. Мүмкін, біз осы әрекеттерді жасауда, әрине, түсіндіру, үйрету, ұялту, кемшіліктерін атау үшін жаман ойдан аулақ болармыз, ал негізінде, іс жүзінде - өзіміздің теріс эмоцияларымызды шығарамыз. Әрине, біздің мұндай мінез-құлығымыз баламен жақсы байланыс орнатуға, үйлесімді дамыған баланың қалыптасуына және проблеманы шешуге әсерін тигізбейді. Керісінше, екі жақтың да ашуланшақтығы мен өкпесі ұлғайып, қақтығысқа әкеліп соғуы мүмкін.

Талқылау кезінде психолог келесі жағдайларға көңіл аударады:

- Берілген жағдайдағы ата-аналардың ұстанымдарының сәйкессіздігі-әкесінің қатал, авторитарлы/өктемшіл стилі, қамқорлық танытушы анасы мен әжесінің бейқамдық стилі;
- Көріністі ойнау кезінде ауызша емес белгілерді бақылау;
- Берілген өзара әрекеттесу әдістерінің тиімсіздігін, қарама-қайшылығын бірақ, соған қарамастан, олардың кеңінен тарағандығын, және, ата-аналардың баласының тәрбиеге неліктен көнбейтіндігін түсінбеушілігін нақты көрсету;
- тағы да басқалары.

Отбасыдағы қарым-қатынасты жақсарту мен өзара түсіністікке қол жеткізу үшін қандай-да бір тәжірибелік амалдар бар ма?

Ең кеңінен тараған (және әділетті болып табылатын) балалар мен жасөспірімдердің ата-аналары жағына айтатын шағымы «Олар мені тыңдамайды!» деген арызы.

Ата-аналарға сұрақтар:

1. Біздің көрінісімізде балаңыз тыңдалып, оны тыңдай білдік пе?
2. Қалай ойлайсыз, қандай себептер бойынша бұл ылғи болып тұрады?
3. Берілген жағдайда балаңыз қандай сезімде болды?
4. Берілген жағдайда бала ата-анасының қандай сөздері мен әрекеттеріне мұқтаж болды?

Күрделі баланың әлемінде болып жатқан құбылыстарды көрмеу, түсінбей, асығыстық білдіру, қызы мен ұлының проблемасына солардың көзімен қарау, өзінің өмірлік тәжірибесінің жақсы екендігіне паңдық сенімді болу - бұл, бірінші кезекте, ата-аналар мен балалардың арасындағы қарым-қатынастың психологиялық кедергісі.

3.2.4. Ата-аналар қарым-қатынасының тест-сауалнамасы (авторлары – А.Я. Варга, В.В. Столин).

Ата-аналар қарым-қатынасының тест-сауалнамасы бала тәрбиесі мен олармен қарым-қатынас сұрақтары бойынша психологиялық көмек сұрайтын

тұлғалардың ата-аналық қарым-қатынасын анықтауға бағытталған психологиялық-диагностикалық аспапты көрсетеді.²³

Ата-аналар қарым-қатынас балаға қатысты алуан түрлі сезімдердің, баламен қарым-қатынаста тәжірибелік мінез-құлықтық стереотиптерінің, баланың тұлғасы мен мінезінің ерекшеліктерін қабылдау ерекшеліктерінің жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Сауалнама құрылымы: сауалнама 5 шкаладан тұрады.

1. “Қабылдау-шеттету”. Шкала балаға интегралдық қарым-қатынасты көрсетеді. Шкаланың бір полюсінің мазмұны: ата-анасына баласы сол қалпында ұнайды. Ата-ана баланың жеке тұлғасын сыйлайды, оған сүйсінеді. Ата-ана баласымен уақытын көбірек өткізуге тырысады, оның жоспарлары мен қызығушылықтарын қолдайды. Шкаланың басқа полюсінде: ата-ана өз баласын жаман, икемі жоқ, сәтсіз адам ретінде қабылдайды. Оған баласы төменгі қабілеттілігінен, жаман әдеттері мен ақылының аздығынан өмірде жетістіктерге жетпейтіндей көреді. Көбінесе, ата-ана баласына ашулы, ренішті, ашулы болады. Олар балаға сенбейді және сыйламайды.

2. “Кооперация” – ата-аналар қарым-қатынасының қажетті бейнесі. Мазмұны бойынша бұл шкала келесідей қарастырылады: ата-ана баласының ісі мен мүдделеріне қызығушылық танытады, баласына көмек көрсетуге тырысады, оған жаны ашиды. Ата-ана баланың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін жоғары бағалайды, оны мақтан тұтады. Ата-ана балаға сенеді, дауласқан мәселелерде соның көзқарасы жағына шығады.

3. “Симбиоз”— баламен қарым-қатынастағы тұлға аралық қашықтықты білдіреді. Бұл шкала бойынша жоғары ұпайдарда ата-ана баласымен симбиоздық қарым-қатынаста болға ұмтылады. Бұл беталыс былайша суреттеледі – ата-ана баламен бірге өзін біртұтас адам сезінеді, баланың барлық тілектерін қанағаттандырып, өмірдің сәтсіздіктерінен қорғауға тырысады. Ата-ана баласы үшін үнемі қауіптеніп тұрады, баласы оған кішкентай және қорғансыз болып көрінеді. Ата-ананың қорқынышы бала жағдайларға байланысты, жекелене бастағанда көтеріледі, себебі ата-ана өз еркімен баласына еркіндікті бере қоймайды..

4. “Авторитарлық/өктемшілдік гиперэлеуметтендіру” – баланың мінез-құлқына бақылау бағыты мен үлгісін бейнелейді. Осы шкала бойынша жоғары ұпай болса ата-аналық қарым-қатынаста авторитарлықтың айқын көрінетіндігін байқауға болады. Ата-ана баласынан мінсіз тыңдағанды және тәртіпті талап етеді. Ол балаға барлық жағынан өзінің пікірін жапсырады және оның көзқарасын есепке алмайды. Баланың еркіндік танытқандығы үшін қатты жазалайды. Ата-ана баланың элеуметтік жетістіктерін, оның әеттерін, ойлары мен сезімдерін мұқият қадағалайды.

²³ Т.А.Ратанова, Н.Ф.Шляхта, Тұлғаны зерттеудің психодиагностикалық әдістері, Оқу құралы. – М.: Флинта, 2005, 125 б.

5. “Кішкентай бейбақ/жолы болмағыш бала”— ата-ананың баланы қабылдау мен түсінуін бейнелейді. Осы шкаланың жоғары мәндерінде берілген ата-ананың қарым-қатынасындағы ата-аналық қарым-қатынас баланы тежеушілік, оған жеке және әлеуметтік тұрақсыздығын бетіне басу талпынысы баршылық. Ата-ана баласын, нақты жасына қарағанда, кіші қылып санайды. Баланың қызығушылықтары, ойлары, мүдделері мен сезімдері ата-анасына балалық болып, салмақты емес болып көрінеді. Бала бейімделмеген, қолынан ешнәрсе келмейтін, жаман әдеттерге тез ілесетіндей болып көрінеді. Ата-ана баласына сенбейді, оның жеңілістері мен кемшіліктеріне өкініш білдіреді. Осыған орай, ата-ана баласын өмірдің қиындығынан қорғап қалып, оның әрекеттерін бақылауға тырысады.

Сауалнама мәтіні.

1. Мен әрқашанда балама жанашырлықпен қараймын.
2. Баламның не ойлайтынын біліп отыруды мен өзімнің парызым деп санаймын.
3. Өзімнің баламды сыйлаймын.
4. Менің баламның мінез-құлқы нормадан ауытқитын сияқты.
5. Баланы жаралайтын өмірдің проблемаларынан алыста ұстау керек.
6. Менің баламның маған сенетінін сеземін.
7. Жақсы ата-аналар баласын өмір қиындықтарынан қорғайды.
8. Менің балам маған жиі ұнамайды.
9. Мен балама әрдайым көмектесуге тырысамын.
10. Баланы қорлау кездерінің жағайында оның балаға пайда әкелетіні де болады.
11. Мен өз балама қатысты өкінішті сезінемін.
12. Менің балам өмірде ешнәрсеге қол жеткізе алмайды.
13. Менің баламды барлығы мазақ қылатын сияқты
14. Менің балам жек көрініштен басқаға тұрмайтын әрекеттерді жиі жасайды.
15. Өзінің жасына қарағанда балам ересектеу.
16. Менің балам өзін әдейі жаман ұстайды, мені ашуландыру үшін.
17. Менің балам барлық жамандықты тез сіңіріп алады.
18. Қанша тырыссаң да менің баламды жақсылыққа үйрету қиынға соғады.
19. Баланы қатты ұстау керек, сонда одан тәртіпті адам шығады.
20. Менің баламның достары үйге келгенді ұнатамын.
21. Мен өз баламның істеріне араласамын.
22. Менің балама барлық жамандық «үйір» болады.
23. Менің балам өмірде жетістікке жете алмайды.
24. Топ ішінде басқалары өз балалары туралы айтқанда, мен ұяламын, себебі менің балам сондай ақылды және талапты емес.
25. Мен өз баламды аяймын.

26. Мен баламды өзімен жастылармен салыстырғанда, олар маған ересектеу болып көрінеді.
27. Мен баламмен бос уақытымды рақаттанып өткізем.
28. Мен баламның өсіп, есейіп кеткеніне өкінішпен қараймын, оның кішкентай кезін сүйсініп еске аламын.
29. Мен өзімді балама жек көрінішпен қарайтынымды жиі байқаймын.
30. Менің балам өмірде мен жетпеген жетістіктерге жетсе деп армандаймын.
31. Ата-аналар баладан талап етіп қана қоймай, өздері балаға бейімделуі керек.
32. Мен баламның барлық тілектерін оындауға тырысамын.
33. Отбасылық шешімдер қабылдағанда баланың да пікірін ескеру керек.
34. Мен баламның өмірімен өте мүдделенемін.
35. Баламен қақтығыста мен оның өздігінше дұрыс екенін жиі мойындаймын.
36. Ата-аналардың қателесітіндігін балалар ерте біледі.
37. Мен өз баламмен әрдайым санасамын.
38. Мен балама достық сезімдерін сезінемін.
39. Менің баламның қырсықтығының негізгі себебі – менменшілдік, қыңырлық, жалқаулық.
40. Демалысыңды балаңмен өткізсең демалу мүмкін болмайды.
41. Ең бастысы - балада лайықты, қамсыз балалық шақ болуы керек.
42. Маған, кейде, баламның жақсылыққа ешқандай қабілеті жоқ сияқты болып көрінеді.
43. Мен баламның қызығушылығын ұнатамын.
44. Менің балам кез-келген адамды жынды қылып жібереді.
45. Мен баламның реніштерін түсінем.
46. Менің балам мені жиі ызаландырады.
47. Баланы тәрбиелеу-жүйкені құрту.
48. Балалық шақтағы қатал тәртіп күшті мінез-құлқын тәрбиелейді.
49. Мен өз балама сенбеймін.
50. Қатал тәрбие үшін балалар соңынан рахмет айтады.
51. Кейде мен өз баламды жек көретіндей болып көрінемін.
52. Менің баламда абыройлы қасиеттерден гөрі кемшіліктер көп.
53. Мен өз баламның әуестілігін бөлісем.
54. Менің балам өз бетінше бәр нәрсені де істей алмайды, ал істесе, міндетті түрде, ойдағыдай атқара алмайды.
55. Менің балам өмірге лайықты үйренбеген болып өседі.
56. Менің балам өзіме сол қалпында ұнайды.
57. Мен баламның денсаулығын жіті бақылаймын.
58. Мен баламмен жиі сүйсіне таңырқанамын.
59. Баланың ата-аналардан құпиясы болмау керек.
60. Мен өз баламның қабілеттері жоғары деңгейде деп ойламаймын және мұны өзінен жасырмаймын.

61. Баланың ата-аналарына ұнайтын баламен дос болғаны дұрыс болады.

Сауалнама кілті:

1. Қабылдау-шеттету: 3, 4, 8, 10, 12, 14, 15, 16, 18, 20, 24, 26, 27, 29, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 52, 53, 55, 56, 60.

2. Мінез-құлықтың әлеуметтік болғандық бейнесі: 6, 9, 21, 25, 31, 34, 35, 36.

3. Симбиоз: 1, 5, 7, 28, 32, 41, 58.

4. Авторитарлық/өктемшілдік гиперәлеуметтендіру: 2, 19, 30, 48, 50, 57, 59.

5. «Кішкентай бейбақ»: 9, 11, 13, 17, 22, 28, 54, 61.

Тест ұпайларын санау тәртібі

Тест ұпайларын барлық шкалалар бойынша санау кезінде «дұрыс» деген жауап ескеріледі.

Сәйкес шкалалар бойынша жоғары тест ұпайы келесідей түсіндіріледі:

1 – қабылдау-шеттету;

2 – сәлеуметтік қажеттілік, кооперация;

3 – симбиоз;

4 – авторитарлық/өктемшілдік гиперәлеуметтендіру;

5 – инфантильдеу/тежеу (инвалидизация) «Кішкентай бейбақ».

Тест нормалары кесте түрінде, сәйкес шкалалары бойынша пропайыздық дәрежемен келтірілген =160.

1 шкала: «қабылдау-шеттету»

шикі ұпай	0	1	2	3	4	5	6	7	8
Пайыздық дәреже	0	0	0	0	0	0	0,63	3,79	12,02
шикі ұпай	9	10	11	12	13	14	15	16	17
Пайыздық дәреже	31,01	53,79	68,35	77,21	84,17	88,60	90,50	92,40	93,67
шикі ұпай	18	19	20	21	22	23	24	25	26
Пайыздық дәреже	94,30	95,50	97,46	98,10	98,73	98,73	99,36	100	100
шикі ұпай	27	28	29	30	31	32			
Пайыздық дәреже	100	100	100	100	100	100			

2 шкала: әлеуметтік қажеттілік, кооперация

шикі ұпай	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Пайыздық дәреже	1,57	3,46	5,67	7,88	9,77	12,29	19,22	31,19	48,82	80,93

3 шкала: симбиоз

шикі ұпай	0	1	2	3	4	5	6	7
Пайыздық дәреже	4,72	19,53	39,06	57,96	74,97	86,63	92,93	96,65

4 шкала: авторитарлық/өктемшілдік гиперәлеуметтендіру

шикі ұпай	0	1	2	3	4	5	6
Пайыздық дәреже	4,41	13,86	32,13	53,87	69,30	83,79	95,76

5 шкала: инфантильдеу/тежеу (инвалидизация)

шикі ұпай	0	1	2	3	4	5	6	7
Пайыздық дәреже	14,55	45,57	70,25	84,81	93,04	96,83	99,37	100,0

Бұл сауалнаманы өткізуді екі кезеңге бөлген дұрыс: ата-аналар үйде сауалнама сұрақтарына жауап бере отырып, кестені шикі балдармен толтырады. Ал, психолог артынан ата-аналармен талқыланатын нәтижелердің қорытындысын жасайды.

3.2.5. «Мінсіз/идеалды ата-ана»²⁴ жаттығуы.

«Жақсы адамнан жақсы бала туады» – дегенді жиі естиміз. Бірақ, жақсы ата-ана деген кім-оған жауап беруге қиналамыз.

Жаттығудың мақсаты әрбіреуіңіз ақ қағазға өзіңіздің жұбайыңыздың бойынан ата-ана ретінде қандай қасиетті көргіңіз келетінін жазу. Жүргізуші, кімде тізім көп болса, соған сыйлық беріледі деп жарыстық сипатқа шақыруы да мүмкін.

Ата-аналар жұмыстарын аяқтаған кезде, психолог сахнаға жеңімпаздарды шақырады: өзінің серіктесі туралы күтпелі тізімнің ең көбін құрастырғандарды. Олар басында өздерінің жазғандарын қол шапалақпен оқып шығуы керек. Тізімнің әрбір бөлімін талқылап, көрсетілген қасиеттердің мағынасы туралы сөйлеседі. Ең бастысы анасына немесе әкесіне қарап психолог жай ғана бір сұрақ қойғанда болады: «Осы қасиеттердің бәрін жұбайыңыздан күтесіз, ал өзіңіз қандайсыз?»

Қосымша сұрақтар:

1. Балаңыздан кешірім сұрай аласыз ба?
2. Мұндай жағдай сіздердің байланыстарыңызда болды ма? Қашан? Жиі болып тұра ма?
3. Сіз өз балаңыздан нені үйренуге дайынсыз?

²⁴ М. Кипнис. Отбасылық қарым-қатынас тренингі. 2 бөлім. Ата-аналық. – М.: - 89», 2008. – 144 б. (Әрекетті тренинг).

Жүргізушінің қорытындысы: Адамның кез-келген әрекетін бағалауда кейбір идеалдар мен нормаларға сүйенеді. Тәрбиелік жүйеде мұндай абсолюттік норма жоқ сияқты. Біз ата-ана болып, күйеу немесе әйел болып үйренеміз, кез-келген істе шеберліктің құпиясын ашып, табамыз.

3.2.6. «Отбасы» жаттығуы.

1) Отбасының әртүрлі мүшелерінің рөлін ойнаушы бірнеше қатысушы шеңбер жасап, ортаға бір-бірінің қолынан ұстап шығады; кейбіреулер арасында оларды өзіне тартып қояды, кейбіреулер шығып кетеді. (Жүргізушінің түсіндірмесі: «Отбасыға жаңа мүшелер келуі мүмкін, ал кейбіреулер одан шығып жатады; адамдар бірге тұрады, бірақ ол отбасы емес»).

2) Отбасының тамыры зерттелгенде (аяқтарыңмен тарсылдатып «тамырларды» сезініңіздер) дәстүрлер, мықты эмоционалдық байланыстар (ортаға жақындауға болады; бір-бірінен алшақтау, қолды жібермей тұрып, артқа иілу) пайда болады, мұның өзі – нағыз берекелі, ынтымақты отбасы.

3) Егер біз бала тәрбиесі туралы айтсақ, ол үнемі жеңіл бол бермейді, тіпті проблемалы да болады («бала» «ата-анасының» қолынан түспейді, секіреді,

айқасқан қолдарға отыруы мүмкін; екі жағынан екі көршісі – ол «ата-аналары»). Жүргізуші «ата-аналарға» «Қалайсыздар?» (ауыр, бірақ отбасы әлі тұр; ата-аналарға проблемалар көбірек тиеді, бірақ басқаларға да оңай емес)

деген сұрақ қояды.

4) Ал отбасының кейбір мүшелерінің шығып кететін жағдайы да болады: отбасыдан немесе тәрбиелеу үрдісінен (қатысушылар біреуден кейін шеңберден шығады, «бала» барлығының мазасын алуды жалғастырады (Жүргізуші: «Баланы тәрбиелеу оңай емес, оның үстіне бала тәрбиеге көнбесе, онда отбасы мүшелеріне мүлдем қиын болады)

5) Ал, қазір, барлықтарыңызды орындарыңыздан тұруды сұраймын. Тұрғандардың аяқтарына қарап тұры, нақты отбасыларыңыздың мүшелерін және олардың сіңірген еңбегін елестетіп көріңіз. Бұл шеңбердің күшін, отбасының күштілігін сезініп көріңіз. Осы шеңберден күш алыңыз. Арасында бұл күшті отбасылық альбомдарды көру, отбасыдағы салт-дәстүрлерді сақтау арқылы осы күшті балаларға беріңіз. Қорытындысында жүргізуші осының барлығын бақылап тұрғандармен пікір алмасады.

Жүргізушінің қорытындысы: «Шеңбер – отбасы мүшелерінің бірлігі мен бір-біріне жақындығының белгісі. Егер ата-аналар бұл сезімді құра алмаса, бала өзін артық санайды, онда одан «эмоционалды мүгедек» өсіп шығуы ықтимал».

3.2.7. «Алақандар» жаттығуы

Баяу музыка ақырын жүріп тұрады. Жүргізуші барлығын көздерін жұмыс, қолдарын тізелеріне алақандарымен жоғары қоюын сұрайды. Бір адам екіншісіне келіп, өзінің алақандарын оның алақандарына салады, және оның орнына отырады, ол әрі қарай жаттығуды жалғастырады және с.с. Жаттығу үндеместен 5-7 минут ішінде орындалады.

Жүргізуші әсерлерін айтып, ортаға салуды өтінеді(сіздің жағдайыңыз қалай өзгерді?) жән ешкім жақындамағандардан да сұрайды («Сіздер не сездіңіздер?»).

Бұл жаттығу бізді неге үйретеді?

Жүргізушінің қорытындысы: «балалар үшін ересектердің жақындауы, назар аударуы өте маңызды. Бір адамның ашық алақаны екіншіге тигенде екі адам арасында байланыс орнайды: үшіншісі жоқ, бала мен ата-ана арасына ешкім кедергі болмайды – не екінші ата-анасы, не әжесі, не басқалары. Әрине, бұл байланыс үшінші біреуге қарсы дегенді білдірмейді, әйтпесе ол баланың невротиптік тұлғасын қалыптастыруға әкеліп соғады! Отбасыдағы тәрбиелік тактикалардың келісімділігінен басқа диадикалық қарым-қатынас та орнау керек: әкесінде де, анасында да, әкесі мен баласында, анасы мен баласында да.

3.2.8. Ата-аналарға үй тапсырмасы

Ғалымдар баланың махаббат пен мейірімділік атмосферасында өсіп, тәрбиеленсе одан бақытты және жолы болғыш адам өсіп шағатынын бұрындары-ақ дәлелдеген. Махаббатты көрсетудің әртүрлі тәсілдері бар. Соның бірі-құшақтасу. Медицина мен психология мамандары отбасыда құшақтасудың қажетті екендігіне көз жеткізді. Бұл махаббатты сырттай білдіру болса да, әрқашанда ыңғайлы, барлығына жағымды және кез-келген жасқа қажетті. Күніне өмір сүру үшін бес рет құшақтасу, ал қолдау үшін-10 рет, баланың дамуы үшін 15 рет құшақтасқан дұрыс деп дәлелденген. Ең жақсы нәтижеге жету үшін баланы мерзімінде күні бойы құшақтау керек. Берілген ұсынысты орындау үшін арнайы жаттығу қажет емес және сондықтан сіздің үнемі үй тапсырмаңыз болады.

Сонымен қатар, келесі тапсырмаларды орындауға тырысыңыз:

1) Жиналыстан кейінгі төрт күн ішінде ешқандай жағдайда да балаға дауыс көтермеу. Сіздің тапсырмаларыңызды орындаудың басқа тәсілдерін ойластыру. Ең бастысы-айқайсыз.

2) Жиналыстан кейінгі екі күн ішінде «Бар ұйықта!» дегеннің орнына «Қазір жатасың ба әлде 10 минуттан соң ба?» деп, «Сүтті бір стакан ішесің бе әлде жарты стакан ішесің бе?», «Мектептен бірде келесің бе әлде кешігесің бе?» деген сұрақтарды пайдаланыңыз, әдеттегі «Менің айтқанымды істе» дегендердің орнына «Мен ұсынғандай істесең қайтеді» дегенді пайдаланыңыз.

3) Қатты ашуланған минуттарда баланы қарама-қарсы отырғызып бір минут бойы басынан аяғына дейін мұқият қарап, өзіңіздің мінезіңізге ұқсастығын байқаңыз.

Бұл жаттығу немен бітеді деп ойлайсыз?²⁵

²⁵ Ю.Б. Гиппенрейтер. Баламен сөйлесу. Қалайша? – М.: ЧеРо, Сфера, 2003. – 253 б.

3.2.9. Рефлексия.

Талқыланатын мәселе бойынша ортақ қорытындыларды тұжырымдау.

Сұрақтарға жауаптар:

1. Бүгінгі кездесу Сізге несімен көмектесті?

2. Қай бөлігі ерекше қызықтырды?

3. Сіздің келешекке ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз.

Кездесу аяғында ата-аналарға жадынамалар ұсынылады:

I. Отбасыдағы тәрбие принциптері:

1. Денсаулық мәдениеті, балаға қойылатын ата-аналардың талаптарының біртұтастығы.

2. Баланы сынаудың барабарлығы және баланы мақтаудың маңыздылығы.

3. Отбасының әрбір мүшесінің отбасы өміріне еңбекпен қатысуы, жеке үлгі.

4. Балалар мен ересектер арасында материалдық және рухани құндылықтарды тең бөлу.

5. Баланың тұлғалылығын қабылдау, сыйлау.

II. «Жетістікті тәрбиенің он кілті» (дәрістік материалды қараңыз).

4 ТАРАУ. БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ

*Ел болашағы аналардың қолында.
Оноре де Бальзак*

*Адам бойындағы ең асылдардың бәрі
күннің көзі мен ананың сүтінен.
Максим Горький*

4.1. Ана - бала өмірінде

XIV Далай-лама сұхбаттың бірінде одан адамзатты не құтқарады деп сұраған екен. Оның жауабы «Ана» болған. Анасы баласына тумай тұрып-ақ әсерін тигізеді: оның әрі қарай дамуы анасының бала біткендегісіне де тәуелді болады, оның баланың әкесіне деген қарым-қатынасына да, жүктіліктің өзіне де байланысты болады. Баланы көтеріп жүрген кезіндегі отбасылық қарым-қатынас пен ананың бала көтеру уақыты маңызды болады –жүктілікке ол ауру ретінде қарай ма, әлде қалыпты жағдай ретінде қабылдай ма, тұйық немес белсенді өмір сүре ме, баланы сүйіспеншілікпен ойлай ма әлде жүктілікті елемей ме.

Зерттеулер ананың жүкті кезінде басынан өткізген қатты есеңгіреулерден баланың дамуында тежеулер болдыруына әкеліп соғатынын дәлелдеді, санмен айтқанда жүктілік кезінде есеңгіреулердің салдары ұл балаларда көбірек болады²⁶.

Туғаннан кейін анасы баласын асырайды, тәрбиелейді²⁷. Осы кезде ана мен баланың арасындағы биологиялық байланыс олардың қалған өмірін мықтап бекітетін психологиялық байланысқа айнала қоймайды. Ананың бала тәрбиесіне тигізетін әсерінің сипаты мен дәрежесі, соңғы кездері айтылып жүргендей, ана мен бала арасында қалыптасатын «бір-біріне құштарлық»

сапасы және дәрежесімен айқындалады. Құштарлық деп психологияда қатты өзара байланыспен, екі жақты интенсивті сезімдер және маңызды эмоционалдық байланыстармен сипатталатын қарым-қатынастар аталады.²⁸

Бір-біріне деген құштарлықтың ең сезімтал кезеңі баланың бірінші жылында қалыптасады. Мұның келесідей кезеңдері болады:

- 0-6 ай – баланың үлкенмен жақындасу және байланысуының жүзеге асуы басталады, ол балаға өмір сүру үшін қажет; құштарлықтың мінез-құлықтық моделі қалыптасады.

- 6-12 ай – бала өзінікін бөтеннен айыра бастайды; 6-7 айлық балада қорқыныш қаупі туады; анасының бейнесі мен құштарлық мүсіндерін нақты бөлу интернализациясы жүреді;

²⁶ А.И. Захаров. Балалардың неврозы және психотерапия. СПб.: Лениздат, 2000 ж.

²⁷ З. Фрейд. Психоанализге кіріспе. Дәрістер. М.: Ғылым, 1991 ж., 456 б.

²⁸ Г. Крайг. Даму психологиясы. М.; СПб: Питер, 2002 ж.

• 2-3 жасқа дейін – анасынан алшақта болу реакциясы пайда болады және дамиды; бұл жастағы анамен айырылысу, алшақтау бала үшін махаббаттағы невротикалық қажеттіліктің дамуын әкелетін қауіп факторы ретінде көрінеді.

Мұнда құштарлықтың сапалы мазмұны әртүрлі болуы мүмкін²⁹:

1) Сенімді құштарлық – баланың қауіпсіздік қажеттілігін толығымен қанғаттандырады, ана мен баланың өзара бірлесіп позитивті эмоционалды қабылдауын, баланың танымдық белсенділігінің жоғары деңгейімен сипатталады;

2) Қобалжу-амбивалентті (қарсылықты) құштарлық – баланың анасы тарапынан көмек пен қамқорлықты алудағы сенімсіздігімен, эмоциналдық байланыстың негізгі белгісі ретіндегі қобалжулықпен, анасымен жақындасуға байланысты іздеудің мінез-құлықтық стратегиясымен, ересектен айыруға айқын дистресспен құштарлық объектісіне қосылу (қуаныш пен ашушандық) амбивалентті әсер етуімен, қоқытулы жағдайда танымдық қабілетінің күрт төмендеуімен, немесе жақын ересек адамымен айырылысу жағдайымен сипатталады; ересек адаммен айыру кезіндегі реакциясы «алдамшы өлім» формасында, немесе импульсивті-басқыншылықты формасында айқын көрінеді;

3) Қорқынышты-алыстау құштарлығы – анамен эмоциялық байланыстың негізгі сипаты болып қорқыныш тұрады; бала анасының тарапынан шеттету қаупін күтеді, оның көмегінің болмауынан қауіптенеді; осыған байланысты бала анадан қашу стратегиясын таңдайды; баланың танымдық белсенділігі қашудың шектелген стратегиясы болып шығады;

4) Қорқынышты-ұйымдаспаған құштарлық баланың әлемді жау ретінде және қастандық істеуші ретінде қабылдауымен белгіленеді; қорқынышты жақындары да (анасы да) тудырады; қауіптену мен қорқынышта болу баланың мінез-құлқында ретсіздікті, ұйымдаспағандығын болдырады;

5) Құштарлықтың дамуының ең жағымсыз нұсқасы болып оның болмағандығы саналады; бұл, егер басында сенситивті кезең болмаған жағдайда болуы мүмкін (анасы баласын туа сала әжесіне берсе).

Егер 12 айға дейін құштарлық қалыптаспаған болса, баланың психикалық дамуы бұзылады.

Көптеген зерттеушілер сенімсіз құштарлық баланың бойындағы «МЕН-ін» бұзуға, өзін-өзі төменгі дәрежеде бағалауға, жоғары эмоциялық тұрақсыздыққа, жоғары дәрежедегі қорқынышқа, **мінез-құлқының делинквенттігіне** (лат. delictum – әрекет, ағылш delinquency –құқық бұзу) әкеліп соғады деп дәлелдеген. Адамның адамдарға да, қоғамға да зиянын келтіретін қоғамға қарсы құқық бұзушылық тәртібі.

Сондықтан, баланың бойында құштарлықты қалыптастыру мәселесі **ананың базалық мінездемесі және баламен өзара әрекетке түсетін басқа адамның сипатымен айқындалады**. Мұндай ананың базалық қасиеттері ретінде қарастырылатын:

²⁹ Р.Кемпбелл. Өз балаңды қалай шынымен жақсы көре алу / ағылшын тілінен аудару. СПб.: Мирт, 1995.

- **баланы эмоционалды қабылдау** (баланың тұлғасын жақсы көру және сыйлау);

- **баланың мінез-құлқына деген сезімталдық**, сенситивтілік; оның қажеттіліктері, мұқтаждықтары мен тілектері туралы белгі беретін ерекшеліктерінің мінез-құлқын бөліп қарастыру;

- **баланың жағдайын түсіну және баланың барабар когнитивті бейнесі**;

- **баланың қажеттіліктеріне сезімталдық**; ананың баланың мұқтаждығы мен мүддесіне жауап бере білу мейірімділігі;

- **тұрақтылық, бірізділік**, балаға анасының мінез-құлқында бағытталуын қамтамасыз ететін ананың мінез-құлқының қарама-қайшылықта болмауы және оған барабар жауап беруі;

- **оның белсенділігі мен потенциалдық мүмкіндіктерін** ескере отырып баламен дамыған позитивті қарым-қатынас жасау.

Басқаша айтқанда, **анасының сүйіспеншілігі мен махаббатына баласы солай жауап береді**. Оның үстіне балалар жақсы дамиды.

Ал ананың мінез-құлқында құштарлықтың кері әсерін қандай себептер болдырады? **Ең алдымен, оның аналық ішкі ұстанымының болуы**. Ол ата-ана отбасысының әсерімен, әкенің баламен өзара байланысымен, өзіндік өмірлік құндылықтармен қалыптасады. Ананың баламен өзара байланысы моделін анықтайтын ананың тәрбиеге қатысты төрт нұсқамасы қарастырылады:³⁰

1. Ананың баланың талаптары мен мінез-құлқына жеңіл бейімделуі.

Ана баланың жаңа жағдайлары мен жаңа мүмкіндіктеріне сәйкес тәрбиелеу әдістерін тез және барабар ауыстыра алады, соның талаптарын жақсы түсінеді; оған баламен қарым-қатынаста жағымды –эмоционалды үндестік сәйкес. **«Тәрбиелеу- өмірдің қуанышы»**.

2. Баланың мінез-құлқына ананың саналы мақсатты бейімделуі, барлық күшті мобилизациялауды талап етеді. Барынша білікті және тиімді ана болмай қалу қаупі. **«Баланы тәрбиелеу- үлкен жауапкершілік»**.

3. Ананың нұсқауы, ең алдымен, парыз және жауапкершілік сезімімен анықталады. Баланы эмоционалды қабылдау деңгейі- төменірек. Ананың баланы тәрбиелеу - ауыр жұмысты ешнәрсеге қарамай атқару керек дейтіндей сипатта болуы тән. Мұндай ана, тіпті, қатал және талап қойғыш болады. Ал бала, кішкентай кезінен бастап өзі көргісі келген тәрбиелік қарым-қатынастан айырылады, ол, өз кезегінде, оның өміріне теріс әсер етуі ықтимал. **«Тәрбиелеу-менің парызым және азабым»**.

4. Ананың мінез-құлқы баланың қажеттіліктеріне сәйкес емес. Мұның себептері анасының баласын түсінбегендегі төменгі дәрежесі және осыған сәйкес, сезгіштік пен ықыластылықтың төменгі деңгейі. Балаға деген эмоционалды көзқарастың жағымды – эмоционалдытан амбивалеттілік жағына өзгеруі жиі кездеседі. Мұндай аналар үшін тәрбие ісімен айналысу-

³⁰ Джон Боулби. Құштарлық. – М.: Гардарики, 2003. – 477 б.

ауыр азап болып саналады! Олар аналық қызметтеріне немқұрайлы қарайды және тұрақты орындамайды. Бұл топқа тек қана баланың кішкентай кезінде ғана араласқысы келетін аналар жатады. Міндетті түрде, бұл соңғы жағдайда сенімсіз, қашқалақтайтын және ұйымдаспаған құштарлық қалыптасады.

Ананың өз баласына салауатты құштарлығы балаға келесі ұғымдарды білдіреді:

- анасы сияқты сенімді;
- сол сияқты бірқалыпты;
- оларға сенуге болады.

Осылайша, **баланың өзіне, қоршағандарға айналасындағы дүниеге деген сенімінің қалыптасуына тек қана ана ерекше жауапкершілікте. «Бесік тербеткен қол, шынында да әлемді билейді»** (Уильям Росс Уоллес).

Анаға құштарлық сапасы соңынан балалардың есею кезіндегі романтикалық, тұлға аралық қарым-қатынастарына жақсы әсерін тигізеді. Сонымен қатар, психологтар баланың бойында ертеде қалыптасқан құштарлық стилі оның жұмысқа деген көзқарасын қалыптастырады деп дәлелдеген.

Балалық шағында қалыптасқан қауіпті екіұдайлық құштарлықта есейген кезіндегі адамдардың бойында мақтауға тәуелділік, шеттеп қалу қаупі пайда болады. Бұл адамдар өмірдегі ыңғайсыздықты жиі көреді. Ана мен баланың салауатты жағымды құштарлығын дамыту үшін не істеу керек?

Ол үшін қажет:

- баланың «Мен» деген бейнесін қалыптастыруға жағдай жасау; ол үшін әрекеттерін, ойыншықтарын, ойын серіктестерін таңдау еркіндігін беру қажет;
- баланың өз пікіріне құқығын, өздігінше әрекет етуін және тәуелсіздігін сыйлау;

– алғашқы күннен бастап оған саналы түрде назар аудару, оның талап-тілектеріне сезімталдықпен қарау.

Кішкентай сәби кезіндегі құштарлықтың белгілі түрінің пайда болуы баланың бұл қарым-қатынас түрінің өмір бойы есінде қалатындығын білдіреді. Зерттеулер құштарлық типтерінің адамның бүкіл өмірінің кезеңдерінде дамитындығын, ал құштарлық моделінің осы дамуға негіз болатынын дәлелдеп көрсетті. **Туғаннан кейін анамен бала арасында қалыптасатын қарым-қатынастар адамның эмоционалдық қарым-қатынастарының бүкіл әлемі дамитын негіз болып табылады.**

Көптеген ғалымдар ерте балалық шағының жағдайын және оқу үлгерімінің жағдайын мектептегі бастауыш сыныппен байланыстырады: сәби кезіндегі анасының әсер ету сипаты бастауыш мектеп жасы кезіндегі жемістілігі немесе жеңілісін анықтайды; бірақ, сәбилік кезінде болған анасының балаға деген терең белгілі көзқарасы кішкентай, орта және ересек жас кезінде ешқайда кетпейді, ол өсіп келе жатқан адамға ықпалын тигізіп отырады.

Көптеген уақыт бойы әйелдің бойындағы аналық сезімдер орасан зор деп саналып келді, бұл аналардың қасиеттері туралы тұжырымдамасының

растығын американдық психолог Гарри О.Харлоу адам тәріздес маймылдармен өткізген көпжылдық тәжірибесінің нәтижелерінен кейін күманға алды.

Тәжірибе өткізушілер маймыл-макакалардың жаңа туған балаларын аналарынан айырып көрді, содан балаларының жаман дами бастағанын байқады. Сол кезде оларға вольерлер «жасанды анасын» - терімен қапталған сыммен тартылған қаңқаларды енгізді. Маймыл-балалардың мінез-құлқы жақсы жаққа қарай өзгерді: олар аналарының үстінен жорғалап, ойнап, қауіптенген кезде қойнына кіріп жүгіре бастады. Бұл маймыл балаларына жасанды анасы мен табиғи анасының арасында айырмашылық жоқ сияқты болып көрінді. Бірақ, олар өсіп, тұқым бергенде алмастырудың толыққанды болмағанын байқады: аналарынан алыста өскен маймылдарда мүлдем аналық мінез-құлық болмаған! Олар өздерінің «жасанды аналарындай» өз балаларына немқұрайлылық танытқан. Оларды ұрып, шеттете бастаған. Кейбір балалары өліп қалған, ал кейбіреулерін зертхана қызметкерлері құтқарып қалған.

Алынған негіздемелерге сәйкес жоғары аналық мінез-құлық өзінің балалық шағындағы тәжірибесі негізінде қаланатыны анықталды. Бұл идея ана болудың кешігіңкіреп шыққан зерттеулерінде расталды, **ол аналық сфераның қалыптасуының 6 кезеңін бөліп қарастыруға мүмкіндік берді.**³¹

Бірінші кезең – өз анасымен әрекеттесу – қыз баланың жатырдағы дамуында қалыптасады да өмір бойы жалғасады. Ол аналық мінез-құлықтың құндылықтары мен эмоционалдық негізін қалыптастырады. Ана қызы үшін маңызды бейне, қызы мен анасы арасындағы, аналықтың әлеуметтік мәдени тәжірибесінің бітімшісі болып табылады. Анасымен әрекеттесу тәжірибесі өзінің жеке әйелдік ұқсастығын қалыптастырудың негізі болып табылады.

Екінші кезең - қыз баланың ана рөлінің мазмұнын түсінуін қамтамасыз етеді: «отбасы» және «шешесі мен қызы» ойынын ойнау қыз бала үшін аналық мінез-құлық төңірегінде тәжірибе жүргізу мүмкіндігін ашады. Ойын («анасы мен қызы») халық педагогикасында бұрыннан бері қыз баланы ана мектебіне дайындаумен айқындалған болатын. Қуыршақ шешесінен қызына беріліп отырған, оны сақтап, арнайы дайындаған. Қыздар оған киім тіккен, ойнап, мерекелерде шығарып жүрген. Қуыршақты қыз бала қалай ұстаса, қандай ана болатындығы туралы тұжырымдаған. Қуыршақтар мен ойын баланы болашақ өмірге дайындаудағы әлеуметтендірудің маңызды элементі болып табылады.

Үшінші кезең (4 – 5-тен 12-ге дейін) – ата-аналары қыз баланы кіші бауырларын бағып, тәрбиелеуге баулыған кезі жүзеге асырылады. Тарихта белгілі, анайылық мәдениеттерде алты-жеті жасар қыз балалар алты айлық пен одан үлкен балаларға қамқорлық таныту үрдісіне тартылатын болған. Қыз баланың өзінен кіші бауырлары мен сіңілілерін бағу үрдісі балаға қараудағы эмоционалдық жеке стилін қалыптастырады, сондықтан ол өте маңызды болып саналады. Бала бағуға негізін қалыптастыру үшін сенситивтік кезеңі болып 6-10 жас саналады. Дәл осы кезде, қыз бала, бала бағып жүріп,

³¹ Г.Г.Филиппова. Ана психологиясы: оқу құралы. – М.: Психотерапия институтының баспасы, 2002. – 240 б.

өзінің қажеттілігін маңызды, салмақты, ересек қызметте жүзеге асыру мүмкіндігін алады, оның үстіне бұл қажеттілік өзіне ұнайтын ойын үлгілерінде, баланың денсаулығы мен өміріне толық жауапкершіліксіз өтеді.

Жасөспірімдік кезең неліктен бала күтетін сенситивтіктің аймағынана неге кіргізілмеген деген сұрақ туындайды. Бойжетіп қалған қыз бала, бала бағудағы техникалық дағды мен біліктілікке ие болмай ма? Оның үстіне осы жасындағы ана болу перспективасы оған кішкентай мектеп оқушысы жасынан гөрі жақынырақ емес пе?

Себебі, баламен алдын-ала эмоционалды-жағымды қарым-қатынастың қалыптаспағанынша, балаға қарау техникалық дағдысына ауысу, жасөспірімде жиіркеніштік пен теріс қараушылықты тудыруы мүмкін, ал кішкентай сиблингіне көңіл аудару қажеттілігі (ағыл. sibs, siblings – бауыры (інісі) және қарындасы (әпкесі) – бір ата-ананың ұрпақтарын білдіретін генетикалық термин. Бір ата-анадан туған аға-қарындас немесе әпке-інісі, бұлар егіздер емес) өз құрдастарымен араласуға уақыттың жеткізбеуін тудыратын, қарауындағы сәбиді кедергі, өзінің қызығушылықтарын іске асыру жолында бөгет, жағымсыз жүк ретінде қабыл алуын қалыптастырады.

Тура осындай нұсқама жас аналарда жиі кездеседі, оларда жасөспірім кезінде бала бағу тәжірибесі мол болады.

Төртінші кезең - аналық және жыныстық салалардың мотивациялық негіздерің дифференциациялау - қыз баланың жыныстық жетілу кезіне келеді. Бұл кезеңнің басты міндеті олардың бірінші бөлінуіне негізінде жыныстық өмір мен ана болу құндылықтарын интеграциялау, бала тууға байланысты, соның ішінде, баланы некесіз туу мен тәрбиелеудегі психологиялық проблемаларды қыз баланың қабылдауы.

Бесінші кезең – өзінің баласымен өзара әрекеттесу – жүктілік кезеңі мен баланы күту және тәрбиелеу кезеңінде аналық ұстанымның қалыптасуын анықтайтын бірнеше кезеңдерден тұрады.

Алтыншы кезең- балаға тұлға ретінде құштарлық пен махаббатының қалыптасуы. Бұл кезеңдік модельден ананың қыз баласының аналық болашағына деген жауапкершілігі айқын көрініп тұр. Тек қана өзінің анасынан қыз бала сыйлыққа қуыпшақтар алады, тек қана анасы кішкентайларды бағу бойынша ұсынымдама береді, ынтасын жігерлендіреді және оның әрекетін қолдайды. Барлық кезеңдерден жетістікпен өте біле, қыз-бойжеткен-әйел өз баласына шынайы сүйіспеншілікпен қарай алады.

Өз баласын жақсы көру – өмірге ризашылықтың өзін-өзі жүзеге асыра білгендіктің сезімін білдіретін үлкен қуаныш. Бірақ, ол барлық аналарға қолжетімді емес. Балаға деген махаббат ананың туа біткен қабілеті емес және бала туа сала сиқырмен келетін дүние емес. Осы таза сезімге жету үшін не кедергі болуы мүмкін?³² Көбінесе өз баласын жақсы көруге баланы тәрбиелеуге қатысты ананың өмірлік маңызды қажеттіліктерінің фрустрациялануы кедергі болады (латын тілінен frustratio – алдау, босқа күту) – қандай-да болмасын бір талаптарын қанағаттандыра алмауға жеткізетін психикалық жағдай. Бұл жағдай

³² А.С. Спиваковская. Қалай ата-ана болуға болады. М.: Педагогика, 1986. 160 б.

ашуланшақтық, қауіпшілдік, қобалжулық, қажығушылықта білінеді; осы кезде адамның тиімді қызмет етуі көп-көрім азаяды. Баланың тууы мен тәрбиеленуі, көбінесе, қажеттіліктің кеңдеген спектрлеріне кедергі болуы мүмкін. Олардың маңыздылығы анасы (әкесі) үшін көбінесе ата-ананың өз басының толығы дәрежесімен анықталады: ұйқыға және дем алуға деген қажеттілік; қауіпсіздікке; достармен қарым-қатынасқа деген қажеттілік; жеке жетістіктері; кәсіптік өсуі:

- бала бейнесін теріс қасиеттердің проекциясы ретінде мистификациялау және бұрмалау; анасының бойында жек көрініш тудыратын баланың тұлғасымен идентификациялау және осының салдарынан балаға теріс эмоциялық қарым-қатынасты аудару;

- балаға негативті эмоционалдық көзқарас құштарлықтың, анасының басынан өткізген психологиялық жарақаттың қалыптасуына баланың тууы мен оны тәрбиелеудің сенситивті бастапқы кезеңінің тұп-тура келуі нәтижесінде пайда болады: мысалы, жақын адамынан айырылу; бала жарасын ұлғайтушы немесе сол жараны әкелуші ретінде қабылданады;

- анасының тұлғалық ерекшеліктері (тұлғаның невротикалық түрі, көңіл-күйінің бұзылуы, тежеушілігі, құштарлықтың барабар емес типі); баланың психикалық дамуын бұзатын әсер ретінде «шизофреногендік ана» болуы мүмкін, ол өз баласымен қарым-қатынаста салқындылық, теріс қараушылық пен эмоционалды қашықтық, баланы дұрыс сыйламау мен жеткіліксіз тануды байқатады. Оның мінез-құлқы төменгі эмпатиялықпен, үстемшілдігімен, адуындылықпен сипатталады. Депрессияға ұшыраған аналар да баласынан теріс айналуы мүмкін тәрбиенің бұл стиліндегі ерекше сипаты немесе үлкен гипоқамқорлық, немесе жалпы қатаң бақылау болады, мұнда бала бойындағы кінәлік пен ұялу сезімі тәрбиелік әсер етудің негізгі әдісі жүзеге асады;

- баланың жеке психологиялық ерекшеліктері – «қиын темперамент», шектен тыс қызбалыққа салыну, тәртібінің проблемалары, көңіл қоймау, импульсивтілігі - ата-аналар қатынасының жанама болуын қалыптастырады (ата-аналар балаларын соншама жетілген күшті темперамент ретінде қабылдайтындығы анықталған); ананың баласына деген эмоционалдық көзқарасын қалыптастыруда маңызды болып олардың темпераменттерінің дәрежесін салыстыру саналады, егер баланың темпераменті анасының темпераментіне қарсы келсе, бұл оның тұлғасының негативті сипаттамасы немесе тежелушілік пен жетілмегендік мінездемесі ретінде қабылданады: мысалы баланың импульсивтілігі мен екпінділігі, анасының асықпайтындығы мен ұстамдалығына қарама-қайшы, анасы бұл жағдайда баласын әлсіз деп санайды;

- анасының өз некесіне қанағаттануының төменгі дәрежесі, жұбайлар арасындағы қақтығыстық жағдайлар.

Өз баласына деген сүйіспеншілігі жоқ жағдайға тап болатын аналар кінәлі сезімін, депрессияны, қауіпшілдік пен қобалжулыққа душар болады, психологиялық көмекке мұқтаж келеді.

Аналық махаббат жайында көптеген психологтар, педагогтар мен философтар жазған, Э. Фроммның пікірінше, бұл - эволюция үрдісі кезінде пайда болған махаббаттың бірінші түрі, әр адамның тәжірибесіндегі махаббаттың бірінші тәжірибесі. Бұл «Екі түрлі бастапқылық аналық махаббатты адамзат махаббатының барлық түрінің прототипі қылады. Аналық махаббат қамқорлық пен жауапкершіліктен құралған, бұл нағыз, иррационалды махаббат, беруге деген ұмтылысы көп болатын әлсізге деген махаббат.³³

Австриялық психолог, психиатр және ойшыл Альфред Адлердің³⁴ ойынша, ана –баласына өзінің жеке аналық даңғойлығына емес, шынайы, оның жайлылығына негізделген махаббаты болатын адам. Бұл таза махаббат балаға деген нағыз қамқорлықтан шығады және баланы үйлесімді тұлға ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Оның күйеуіне деген нәзіктігі және басқа адамдар мен балаларға деген сүйіспеншілігі осы үлгінің арқасында әлемде отбасы мүшелерінен басқа, басқа да маңызды адамдар бар екендігін түсінетін бала үшін рөлдік модель болып саналады. Егер анасы баласы мен қоғамнан қашқақтап, тек қана күйеуінің жанынан шықпаса, оның балалары өзін қажетсіз және алданғандай сезінеді және де есейе келе, қоғамда өз күшетірін толығымен жүзеге асыра алмайды.

Кейінірек баланың дамуы мен оның әлеуметтенуіне аналық тәрбиенің негативті аспектілерінің ықпалы туралы сұрақты зерттеу ананың тұлғасында жағымсыз кейбір жағдайларын және ана мен баланың қарым-қатынасының гипер әлеуметтенген стереотипін анықтауға мүмкіндік береді.³⁵

- бала мен ананың қарым-қатынасының қатып қалған және гиперәлеуметтенген стереотипі;
- ананың отбасыда және тәрбиеде доминантты болуына ұмтылу;
- ананың баламен қарым-қатынасындағы тым қатал тәртіпке нұсқамасы, олардың жеке бастылығын есепке алмау;
- баламен бақытсыздық болу мүмкіндігі туралы ананың шектен тыс идеялары және осыған орай шектен тыс қамқорлығы;
- аяқ асты балалар белсенділігін мойындамау, сирек аймалау және күлімдеу;
- баланың әрбір қадамын бақылау, ерте әлеуметтену, қажетті, барлық жағынан шектелген тәртіп дағдыларына үйрету.

Мінез-құлықтың әртүрлі стильдеріне сәйкес қазіргі кезде аналардың 4 түрі қарастырылады³⁶:

³³ Э.Фромм Жаксы көру өнері. Махаббат табиғатын зерттеу. Л.А. Чернышеваның ауд. E.Fromm. The Art of loving. An Enquiry into the Nature of love М.: Педагогика 1990.

³⁴ А.Адлер. Өмір сүру ғылымы. Ағылшын мен неміс тіл.ауд. Киев: Port-Royal, 1997.

³⁵ А.И.Захаров. Балалар мен жасөсіпiрмдердегi невроздардың психотерапиясы. Л.: Медицина, 1982 ж.

³⁶ А.Я. Варга. Жүйелi отбасылық терапия. Қысқа дәрістік курс. – СПб.: Речь, 2001.

Салмақты, байсалды ана – аналықтың нағыз эталоны. Ол баласы туралы үнемі хабардар. Оның проблемаларына нақты әсер етеді, дер кезінде көмекке келеді. Оны мейірімділік пен қайырымдылық аясында қамқорлықпен өсіреді.

Үрейлі ана – баласының денсаулығы туралы ойлардың билігінде жүреді. Ол барлық жағдайларда баласының жағдайына қауіп төніп тұрғандай сезінеді. Ананың қауіпшілдігі мен қобалжулығы отбасының барлық мүшелерінің тынышын алатын ауыр отбасылық атмосфераны құрайды.

Мұнды ана – үнемі наразы болып жүреді. Ол өзі және өзінің келешегі туралы ойлармен толғанып жүреді. Оның мазасыздығы мен нервоздылығы баланы ауыр жүк, мүмкін болатын бақыт жолындағы кедергі ретінде ойлауға әкеледі. Қорытындысы анық: баланың анасымен жолы болған жоқ.

Сенімді және адуынды ана өзінің баласынан не қажет екенін нақты біледі. Ол баласының өмірін туғаннан бастап жазып қойған, және жоспарынан бірде-бір шегініс жасап, тайқымайды. Өзінің идеалды моделі бойынша баланы құрап алып, оның қайталанбастығын жояды, өз бетімен қызмет етуге ұмтылысын тоқтатады.

Ананың сезімталдық, эмоциялық ұстанымына байланысты анасының балаға деген көзқарасының 8 түрі қарастырылады: (бұл түрге бөлудің негізінде махаббат сезімінің үш компонентті моделі жатыр, бұған сәйкес махаббат – сүйіспеншіліктің, сыйластық пен жақындастықтың тіркесі; осыған сәйкес, қарама-қарсы полюсте –қарама-қарсылықты, қашықтық пен жек көрушілікті көрсететін қарым-қатынас).³⁷

Аналық көзқарастың 8 түрі:

Махаббат/ шеттету түрлері	Махаббат / шеттету сипаттары	Ата-аналар мінез-құлқы	Ата-аналар кредосы
1. Іс жүзіндегі махаббат	Ұнату, сыйластық, жақындық.	Баланы қабылдау; көңіл қою мен қызығушылық, оның құқықтары мен міндеттерін сыйлау; ынтымақтастық және оған көмекке келуге дайындығы.	«Мен өз баламды осы қалпында жақсы көрем, ол ең жақсы бала»

³⁷ А.С. Спиваковская. “Қалай ата-ана болуға болады: ата-ана махаббатының психологиясы туралы”. М.: Педагогика, 1986. 160 б.

2. Шеттетілген махаббат	Ұнату.	Сыйластық, қашықтық баланы қабылдау; көңіл қою мен қамқорлықтың жетіспеушілігі, гипо-протекция; кооперацияның және көмектің төменгі деңгейі.	«Менің балам өте жақсы, бірақ менің қолым бос емес».
3. Әрекетті аяушылық	Ұнату, сыйласпаушылық, жақындық баланы қабылдау.	Оған сенімсіздік; шамадан тыс қамқорлық.	«Балам сонша ақылды және дамыған болмаса да мен оны жақсы көремін, себебі ол менің балам».
4. Мейірімді шеттету	Ұнату, сыйласпаушылық қашықтық, баланы қабылдау; шеттелу; гипопротекция.	Сәтсіздікті баланың ауруымен, тегінің жамандағымен ақтау.	«Менің баламды осындай болғаны үшін кіналамаймын, оған объективті себептер бар».
5. Жеккөрініштікті шеттету.	Сыйласпаушылық, қашықтық, баланы қабылдамау.	Қарым-қатынасты шектеу; елемеу; елеусіздікпен шектесетін гипопротекция.	«Өзімнің баламды жек көрем және онымен істі болғым келмейді!»
6. Жеккөрініштік, жаратпаушылық,	Сыйламаушылық, жақындық.	Баланы шеттету, жалпы бақылау, жазалауды қолдану, ынталандырудың болмауы, ата-аналар тәрбиелік жүйесінде тыйымдардың көп болуы.	«Менің баламның жаман екендігінен мен қиналамын және бейнеттенемін».

7. Ізіне түсу.	Жеккөрініштік, сыйластық, жақындық.	Басыңқы гиперпротекция, қатал қарау, жалпы бақылау.	«Менің балам – оңбаған, Мен оны дәлелдеймін».
8. Бас тарту, жеккөрініштік,	Сыйламаушылық, қашықтық, баланы шеттету.	Гипоқамқорлық және қараусыздық, енжарлық елемеу.	«Мен бұл оңбағанмен сөйлескім де келмейді!»

Ана мен баланың қарым-қатынасы қалыптасқандығынан оның қауіпсіздігін, еркіндігін, өзін бағалау деңгейін түсіну байланысты болады. Егер баламен байланыста жұмсақ, нәзік, жайлы бола білсе, оны көңілдендіру және эмоционалдық қолдау көрсете алса, мұндай ананың баласы сәби кезінен ойында ашықтық, ұғымтал, ойлап тапқыштықты көрсетеді. Ал жасөспірім жасында оның баласына лидерлік белгілері тән болады: елгезектік, жігерлілік, жанашыр бола білу, дербестік, замандастарының арасындағы беделділік (бұл жасөспірім үшін өте маңызды).

Анасының махаббатын толық көрмеген балалар қарым-қатынасқа тәуелділікке кез болады, есейе келе серіктестері мен жақындарына байланып қалады, олардан үлкен махабатты талап етеді; олардың өзін-өзі бағалауы тұрақсыздықпен сипатталады, әлемге деген сенімі өте төмен деңгейде; (олар өмірен сыйлық күпейді, керісінше, жамандық қана күтеді»).

Тек қана балаға терең сүйіспеншілікті, оның ерекшеліктерін сыйлауды, оған жақын болу тілегін **үйлестірген ананың әрекетті махаббаты ғана балаға қорғаныштықтың сезімін береді:**

- қорғаныштықтың сезімін;
- қауіпсіздік;
- өмір сүрудің формалды емес саласына қауіпті және бейтаныс әлемді енгізетін баспана;
- оның өмірдегі маңыздылығы мен қажеттілігі туралы айтады;
- сенімділікті нақты сезінуді береді;
- тек қана тәндік емес, рухани азықпен қамтамасыз етеді;
- адамдарға, әлемге, өзіне сену қабілетін сыйлайды;
- текке, ұлтына қажеттілік сезімін сіңіреді;
- баланың өзіне есейе келе жауапкершілікті алуына мүмкіндік беретін тұлғалық кеңістікті тағайындайды;
- басқа адамдармен байланысты орнатып, дамытуға көмектеседі.

Бұларсыз баланы салауатты дамыту мүмкін емес! Оның үстіне ересек өмірде де бұл қасиеттер қажет болады, себебі олардың бәрі– бақытты өмірдің компоненттері болып табылады. Сол қасиеттерді өзін лайықты, байсалды, бірізді ұстай алатын анасы ғана бере алады.

Адам өздігінен зияткерлік жігері арқылы қажеттілік сезімін біле алмайды. Санасы оған сүйікті екендігін білдіруі мүмкін, бірақ балалық шағында ол аналық махаббатты толығымен сезінген болмаса, оны өмір бойы махаббатқа лайықтылығы, оны жақсы көре ме жоқ па деген сезімді ойлар мазалайтын болады. Егер анасы жаны ашыса, шыдамдылық таныта алмаса, баласы ары қарай басқаларан да аяушылық сезімін қабылдай алмайды, сондықтан, айналасындағыларды өзіне салқын қарайды деп кіналайды.

Егер анасы тұлғаға жеткілікті мөлшерде махаббатымен тұлғалық шекараларын қамтамасыз ете алмаса, онда ересек адам бұл кемшілікті қалпына келтіру үшін орасан зор ішкі ресурстарын жұмсайды, ал бұл көптеген теріс құмарлықтар мен тәуелділіктерге әкелуі мүмкін. Оның мінез-құлқы төменде келтірілген негативті модельдердің бірімен сипатталуы мүмкін:

- қарым-қатынастағы жақындықтың қаламауы және қиыншылығы;
- барлығына жағыну әдеті;
- сезімдерін басу, серіктесі үшін ашыла алмауы;
- ешқандай лайықты себепсіз қарым-қатынастағы сезімдерінің басқыншылығы;
- басқалардың, отбасы мүшелерінің шектен тыс бақылауы;
- адамдарға сенімсіздігі...

Анасы ұлына өзінің өмір туралы түсінігін, еркектер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастарды түсінуді сіңіреді. Сондықтан да ер адам саналы түрде өзіне анасына ұқсайтын қыз іздейді. Егер анасымен қарым-қатынасы жаман болып қалыптасса, жас жігіт мінезінде анасына қарам-қарсы келетін қасиеттері бар қызды іздейді. Болашақ жар ретінде еркек өз әйелін жақсы көретін болады, оның анасына деген махаббаттың айнасы тәріздес мазмұнды білдіреді. Шешесі қызына жұбайылық, ер адамдармен

байланыс, отбасылық құндылықтар, ана болу туралы түсініктерді ұғындырады.

Сөйтіп, айтылғандарды қорыта келе, американдық психологтар Генри Клауд пен Джона Таунседтің пікірлерін пайдаланайық.³⁸ Олар «ана феноменіне» көп уақыттарын бөліп, зерттеген, біздің өмірімізде үлгілі ана болудың алты құрамдас бөліктерін қарастырған:

- баламен эмоционалдық байланысты қолдау керек;
- әлсіз болмай, ұстап қала алатындай болу керек (өзін билетпеу);
- баланың бөлінуіне кедергі жасамай, оған көмектесу керек;
- баладан барлық жағынан жетілдірілгенін талап етпей, баланың кемшіліктерін қабылдау керек;
- балалық күйінде ұстап қалмай, есеюге көмектесу керек;
- «жұмыртқа басқан тауық» сияқты өзін ұстамай, балаға жеке өмірге шығуына көмектесу керек. Сонымен қатар, жақсы ананың белгілерін сипаттаған.

³⁸ Г. Клауд, Дж. Таунсед. Адамдар қалай өседі/How People Grow. М.: «Триада» баспасы, 2009 ж., 464 б.

Жақсы ана тәрбиеде қателіктер жібергенін мойындайды және осы факторды өзінің өмірінде есепке алады; өзінің қателіктерін кінәсыз және аяушылықсыз түзейді. Ол қолынан барлығы бірдей келу мүмкін емес екендігін біле тұра, өзінің жіберген қателіктерінен тоқырап қалмайды, себебі оларды түзетуге, қателіктерге сүйене отырып үйренуге және әрі қарай жылжуға дайын болады.

Жақсы ана баласының жақсы көретін ең алғашқы адамы екенін түсінеді. Ол ұлы немесе қызының бірінші «махаббат нысаны». Эмоционалды, тіндік, зияткерлік және әлеуметтік даму үшін адам тек қана сүйікті болып қоймай емес, сүйіп үйрену керек. Махаббат жанға азық, адамдардың қарым-қатынасын әртүрлі бояуға бояйды, өмірді үмітпен толықтырады. Жақсы көру қажеттілігі – адамның негізгі қажеттіліктерінің бірі, оны қанағаттандыру үшін белгілі бір тұлға қажет болады. Егер анасы осы тұлғаға сәйкес келсе, махаббат соған ауысады. Егер болмаса – бала жалғыздықта қалады немесе жек көрінішті басынан кешіреді. Сондықтан анасы өзімен жұмыс істейді, ұлы мен қызы үшін лайықты нысанды қамтамасыз етеді. Қорыта келе, баланың дамуына оған анасының көзқарасы, оның ата-аналық мінез-құлқының стилі ғана емес, сонымен бірге баланың әкесімен қарым-қатынасы да қатты әсерін тигізеді.

Психология классиктері үйлесімді тұлғаның қалыптасуы үшін әкелік те аналық та махаббаттың қажеттілігін көрсетті. Ана мен ана махаббатын бұрмалау, рөлдерін инверсиялау (латынның «*inversio*» - аудару, қайта алмастыру) баланың дамуында бұзушылықтар мен бұрмалауға әкеледі. Эрих Фромм әке мен ана рөлінің бұзылуы мен инверсиясы кезінде баланың дамуының келесідей үлгілі сценарийлерін береді:³⁹

– жақсы көретін, бірақ шамадан тыс адуынды ана мен әлсіз, тәуелді әкесінің тіркесі ұл балаға ерекше теріс әсер ететін анасынан тым тәуелді болуға, қамқорлыққа жақын болуына, тәртіптіліктің, жауапкершіліктің, дербестігінің болмауына әкеліп соғады;

– жақсы көрмейтін анасы мен әлсіз, тәуелді әкесінің одағы баланың орталықтану мен қарапайым аналық махаббатқа зар болуына әкеледі; бұл жағдайда өзінің жекеменшік жұбайылық өмірінде адам сүйікті болуға тырысады, бірақ өзі жақсы көруге тырыспайды;

– салқынқанды, қашықтықты, шеттеген ана және басқыншыл, қатал әке жұбы бұл жағдайда, бала әкесіне бағытталған болады, себебі әкелік махаббатты, аналыққа қарағанда, ол ала алады; сонда ол үшін басты құндылықтар болып заң, тәртіп және бедел саналады, қалай болса да жеміс пен жеңіске бағытталған салқынқанды карьера қуушы қалыптасады; «еркектік» қызмет түрлері, сезімдердің болмауы, төменгі эмпатия байқалады, қыз балаларда анасымен идентификациялану қиындықтарынан жыныстық рөлдік ұқсастықтың қалыптасуында проблемалар жиі кездеседі; өзінің жеке отбасысында жұбайлық қарым-қатынастардың сол моделі қайталанатын;

³⁹ Э.Фромм. «To Have Or to Be?» («Бір нәрсенің қолда болғаны немесе біреу болу»), М.: АСТ, 2000.

– баланың ата-анасы бір-бірін жақсы көрмегендіктен суық және ұстамды болады және де жақын байланыстар мен сезімдерді көрсету кемшілігін көрген бала үнемі қорқыныш пен үрейде болады, тұйықталып қалады, күйзелу мен қияли әлеміне кетеді.

Адольф Адлер ата-аналардың сәтсіз некесі жағдайында бала үшін әлеуметтік белсенділіктің, жетістіктерге жетуге ұмтылудың қажетті жағдайы болатын әлеуметтік мүддесін дамыту үшін мүмкіндігі аз болады. Егер әйелі күйеуіне эмоционалдық қолдау көрсетпесе және өз сезімдерін тек қана балаға көрсетсе, олар жапа шегеді, себебі шектен тыс қамқорлық әлеуметтік қызығушылықты өшіреді. Егер күйеуі өз әйелін ашық сынап-мінесе, балаларының екі ата-анаға да сыйластығы жойылады. Күйеуі мен әйелі арасында келіспеушілік болса, балалар ата-аналардың біріне жақындаса бастайды да екінші ата-анаға қарсы шығады. Бұл ойында, әрине, балалар ұтылады: олар ата-аналарының арасындағы өзара махаббаттың жоқтығынан көп нәрсені жоғалтады⁴⁰.

Сондықтан, Роберт Рождественскийдің сөзімен айтқанда, әрбір ересек адам есте сақтауы керек:

Қаласаңыз да, қаламасаңыз да,
Мәселенің мағынасы мұнда:
Ең алдымен біз – ата-анамыз,
Қалғанын кейін көрерміз!

4.2. Ана болу тақырыбына байланысты интерактивті сабақтардың материалдары

4.2.1. Ата-аналарға жадынама «Жақсы ата-ана болу оңай ма?»

Құрметті ата-ана!

Жадынамасы бар жай ғана ақ қағаздың парағы балаңызбен қарым-қатынасқа басқаша қарау мүмкіндігін бере қоймас. Бірақ, егер де, Сіз – өткен күнмен ғана өмір сүрмей, нақты өмірмен, бүгінгі күнмен де өмір сүретін адам болсаңыз, сонымен бірге, Сіз ертеңге де сеніммен қарайтын адам болсаңыз, бұл естелік балаңызбен жылы қарым-қатынасты сақтауға көмектеседі.

Бұл естелікті өзіңіздің жұмыс үстеліңіздің үстіне іліп қойыңыз және кейде бұл естелікте жазылған ережелер мен талаптарға қалай сәйкес болып отырғаныңызды талдап отырыңыз.

Баламен жанды қарым-қатынасты ешқашанда үстел үстіндегі балаңыздың фотосына алмастырмаңыз!

1. Сіздің балаңыз бен отбасыңыз - өміріңіздегі ең басты құндылық екенін ұмытпаңыз!
2. Отбасы сізден ешқайда қашпайды деп ойламаңыз, оны «содан кейін» қарастыруға болатын маңызды істер қатарына жатқызбаңыз.

⁴⁰ Л.,Хьелл, Д. Зиглер «Тұлғаның теориялары (негізгі ережелер, зерттеулер және қолдану)». – СПб. Питер Пресс, 1997. – 608 б.

3. Өз балаңызға неліктен жұмыста таң атқаннан кешке дейін жүру қажет екендігін түсіндіріңіз.
4. Балаңызды өз жұмысыңызбен таныстырыңыз. Ол Сізбен бірге жұмыс істейтін адамдар үшін Сіздің орныңыз бөлек екенін сезінсін.
5. Өз жұмысыңызды балаңызға жаман жағынан көрсетпеңіз. Сізді жұмыстан күтіп отырғанда балаңыз жаман көңіл-күймен келетініңіз туралы ойламау керек.
6. Балаңызға өзіңіздің жеңістеріңіз бен жетістіктеріңіз туралы айтып отырыңыз.
7. Үйге келгеннен кейін балаңызбен қарым-қатынас барынша жиі болуын қамтамасыз етіңіз.
8. Жұмыстағы келеңсіз жағдайларды балаңызбен қарым-қатынасқа аудармаңыз.
9. Балаңызбен әңгімелесуді көңілді түрде жүргізуге тырысыңыз.
10. Күнделікте бағасын ғана емес, бүгінгі күннен алған әсері мен жолдастарымен байланысындағы көңіл-күйі жайлы да сұрастырыңыз.
11. Аз болса да бос уақытыңызды, оның достарымен танысып, араласуға жұмсаңыз.
12. Кешіңізді теледидар көру, мағынасыз телефонмен сөйлесулер, кір жуу мен үй жинауға кетіре бермей, балаңызбен ең маңызды, ең қымбат мәселелер жайында құшақтасып отырып әңгімелесіңіз.
13. Балаңызды жан-жақты бақылаңыз, оның ішкі жан дүниесімен танысыңыз, кешігіп қалмаңыз!
14. Үйге кешігіп келгеніңіз немесе орындамаған уәдеңіз үшін баланы сыйлық әперумен алдамаңыз: уақыт өте келе ол Сізді емес, сыйлықты ғана күтетін болады.
15. Балаңызды үйде жақын адамдарды тоса білу дәстүріне үйретіңіз. Мүмкін, бұл - әдемі, жүрекке жылы салт ретінде көрінер: үстелдегі әдемі салфеткалар, хош иісті тамақ, жақсы музыка және үйге кіріп келе жатқан Әке мен Шеше. Уақыт өте келе осындай дәстүрді қалыптастырған ата-аналар өздерінің есейген балаларын әңгімелесу үшін осылай күтіп отыратын болады.
16. Балаңызды жарты сөзден тоқтатпаңыз, асықпаңыз, оны мұқият тыңдауға тырысыңыз.
17. Ол Сізді құшақтағысы келгенде одан безбеңіз, қол сілтемеңіз, сізді құшағына алуға мүмкіндік беріңіз. Бұл оған күні бойына жаңа кездесулер, өзіне сенімділік, эмоционалдық қуат береді. Баланы бұл мүмкіндіктен айырмаңыз!
18. Есіңізде сақтаңыз! **Бүгінгі күні балаңыздың Сізбен қарым-қатынасынан айырсаңыз, қартайғанда өзіңізбен қарым-қатынасын үзесіз деген сөз!**

Есте сақтаңыз: бу мерангтың қайта айналып келетін қасиеті бар!

Сіздің ата-аналық бақытыңыз өзіңізбен әрқашан бірге болсын!

4.2.2. «Сіз қандай анасыз?» тесті

Тест сұрақтарына жауап бере отыра, өзіңіздің қандай ата-ана екеніңізді білуіңізге болады. Жауап берерде Сіз мынадай белгілерді кездестіресіз (18 жас) немесе (15 жас). Жай ғана өзіңіздің балаңыз 18 немесе 15 жаста өзін қалай ұстау керектігін көз алдына елестетіңіз. Барлық сұрақтарға жауап берген соң қай әріптің астында жауаптарыңыз көп шыққанын санаңыз. Егер, мысалы, Сізде жауаптардың көбі «г» әрпінің астында болса, Сіз зияткер-анасыз. Және де бұл тестің басты мақсаты Сіздің кемшіліктеріңізді өзіңізге көрсету емес, балаңызды дұрыс түсінуге көмектесу екенін ұмытпаңыз!

Тест сұрақтары:

1. Балаңыздан нені талап ету қиынға соғады?

- а) басқалар туралы ойлауды;
- б) уақытында келуді;
- в) таза болып қалуды;
- г) сыпайы болуды;
- д) бір нәрсенің мысалын келтіруді;
- е) алдамауды.

2. Сәбидің бөлмесі үшін қандай жиһаздарды таңдар едіңіз?

- а) Көгілдір аспанда ақ бұлттары бар ашық қызғылт тұсқағаздар;
- б) шашақтары бар күлгін түстес шымылдық;
- в) бүкіл бөлмені теңіз тақырыбында ұстау;
- г) ақ көбелектері бар сары тұсқағаздар;
- д) ашық бояуларды пайдаланасыз;
- е) қызыл түсті жұмсақ мақпалдан жабу.

3. Сізде балаңыз (8 жас) тіл алмайтындай сезім пайда болды. Сізге көзқарасын өзгерту үшін әрекетіңіз:

- а) оған ақыл үйретесіз;
- б) неге осылай істеді деп сұрайсыз;
- в) аз уақыт қыдырып және демалып келуге жібересіз;
- г) мінездеріңіздегі айырмашылықты түсіндіресіз;
- д) істегені туралы ойлануға бұрышқа қалдырасыз;
- е) сыйлық бересіз.

4. Балаңыз үлкен дүкенде адасып кетті. Оны қайдан іздейсіз?

- а) тәтті тағам сататын бөлімде;
- б) эскалаторлар жанында;
- в) көліктер мен мотоциклдерге қосалқы бөлшектер сататын бөлімде;
- г) ойыншықтар бөлімінде;
- д) балмұздақ сататын бөлімнің жанында;
- е) кассалар жанында.

5. Теледидар – таяқтың екі ұшы сияқты ұғым, себебі ол :

- а) ата-аналарды алмастырады;
- б) сабақтардан алаңдатады;
- в) баланы бұзады;
- г) бір нәрседе жақсы түсінуге көмектеседі;

- д) білімді қылады;
- е) оны көргенді билеп алады?

6. Сіздің балаңыз, бір нәрсені жасырып жүргенін келесідей жағдайларда (15жас) түсінесіз:

- а) үндемей, ойланып жүрсе;
- б) ашуланып, бой бермесе;
- в) тым менмен болса және көңіл-күйі ауыса берсе;
- г) алаңғасар;
- д) ұқыпсыз және ашушаң;
- е) күйгелектеніп, бет алды нәрселерді айтса.

7. Балаңызбен (10 жас) әңгімелесу кезінде сіз бейпіл сөз естисіз. Сіз:

- а) оған ұрсасыз;
- б) ұрасыз;
- в) ренжисіз және есікті қатты жабасыз;
- г) олай істеуге болмайтынын түсіндіресіз;
- д) қапаланып, дәл солай жауап бересіз;
- е) оны қайдан естігенін сұрап, білесіз.

8. Ұлыңыз (18 лет) Сізден қайта-қайта ақша сұрай береді. Тіпті жиілеп кеткендіктен Сіз:

- а) сізден қанша ақша алғанын санайсыз;
- б) осы жолы неге қажет болғанын сұрайсыз;
- в) бергіңіз келмесе де бересіз;
- г) ақша беруден тез бас тартасыз;
- д) оның сұранысын естімеген боласыз;
- е) өз әмияныңызды бересіз.

9. Сіз үшін баланың болашағы – ол, оның:

- а) бақытты және дені сау болғанында;
- б) сіз қойған мақсаттарды игергенде;
- в) барлық істе бірінші болғандығында;
- г) барлығынан пайда таба білгенінде;
- д) өз ойларын өмірде іске асыра алғанда;
- е) белгілі жағдайдан шығып кете алатыны.

10. Балаңыз (қыз немесе ұл бала) 13 жаста. Кездейсоқ жуынатын бөлмеге кіріп қалып, балаңыздың жалаңаш тұрғанын көріп, Сіз қалайсыз:

- а) Ештеңе байқамағандай сыңай танытасыз;
- б) Үстіне бір нәрсе жабуды сұрайсыз;
- в) сыртқы әлпетіндегі өзгерістерімен құттықтайсыз;
- г) тез шығып кетесіз;
- д) оған қолыңызды тигізесіз;
- е) есіңіз шығып қалып, бірден кіріп кеткеніңізге кешірім сұрайсыз.

11. 16 жастағы ұлыңыз оның құрбы қыздарының біреуі бүгін үйге қонатытын айтты. Сіз:

- а) оған жұмсақ төсек-орын жаясыз;
- б) бірден бас тартасыз;

- в) алдымен оны таныстыруды сұрайсыз;
- г) оған жеке бөлме дайындайсыз;
- д) бұдан былай бұл тақырыпта сөйлеспейсіз;
- е) бұл қалыпты жағдай деп қабылдайсыз.

12. Сіздің ойыңызша, аға мен қарындас арасындағы алтын ереже қандай?

- а) бір-бірін қолдау;
- б) бір-біріне барлығын жасырмай айту;
- в) жиі төбелесу;
- г) біріне бірі аздап қана бір нәрселерді айту;
- д) ешқандай проблемаларымен бөліспеу;
- е) әпкесінің (ағасының) әрекеттерін сөкпеу;

13. Оған (қызға, ұлға) білім алуын барынша толық болу үшін не істеу керек?

- а) қалжың сезіміне ие болу;
- б) кішкене қаттылау болу;
- в) кішкене сырбаздық болу;
- г) жігерлі болу;
- д) кішкене есалаң болу;
- е) өз өмірін өзгерту.

14. Сізге балаңыздың ең жаман жерін білгендігіңіз; ол:

- а) есірткі тартаныны;
- б) көлікті құжатсыз жүргізуі;
- в) оқуға түсу емтиханынан құлағандығы;
- г) АҚТҚны жұқтыруы;
- д) мотоциклді бас киімсіз айдауы;
- е) әмияндарды ұрлауы.

15. Балаңыздың өз әңгімесінде «Менің қарттарым» дегенді айтқанын естіп, Сіз:

- а) өзіңіздің жастық шағыңыз туралы есіне түсіресіз;
- б) түсінбеген болып, қайта сұрайсыз;
- в) айнаға қарайсыз;
- г) онымен ұрысасыз;
- д) әңгімелеспейсіз;
- е) оған өз ата-аналарыңыз туралы айтасыз.

Егер Сіздің жауаптарыңызда бір әріпке сәйкес келген жауаптар көп болса, онда сіз мынандай ананың түріне жатасыз:

А типі: «Тауық-ана» – білетін және қамқор, өзінің беделін отбасылық қақтығыстарды басу үшін де, бірде-бір адамды өз орнына қою үшін де пайдаланудан қорықпайды; Сіздің ұраныңыз – емдегенен гөрі алдын-алу. Сондықтан, ойланбастан, кеңестеріңізді оңға да солға да бересіз - олар әрқашан ақылды кеңестер. Егер де сізді тыңдамаған біреу болса, ыстық кешірімдерін қабылдауға ақылдылығыңыз жетеді. Балалар өскен соң оларға қамқорлық таныту тілегіңіз олардан қолдау таппайды деп қорықпаңыз.

Б типі: «Жабысқыш-ана» – сіздің ойыңызша, анасы баласына бір минутқа да отыруға мұрша бермеу керек, сондықтан, сіз оған тіпті түкке тұрғысыз істерді де тапсырасыз. Құттықтаймыз: сіз бұл жағынан чемпионсыз. Сізді, өз ойыңызша, оларға бір жақсылық жасағанда балалардың жүрегін ауырттым деген күдік мазаламайды. Сіз балалардың өзіне таңдау жасауға жол бермейсіз және сізге дұрыс сияқты болып көрінетін нәрселерді істеуге кеңес бересіз, оның үстіне жиі-жиі «Бұл сендердің игіліктерің үшін» деп қайталауды да ұмытпайсыз. Бірақ, сіздің үнемі қамқорлыққа алу тілегіңіз балаларыңыз үшін өмірде өздері қалаған нәрселеріне жетуге кедергі болуы үмкін. Оларға сіздің тарапыңыздан келетін шегі жоқ қамқорлықтан құтылуға мүмкіндік беріңіз.

В типі: «Импрессарио-ана» –сіздің балаңыздан артық әлемде ешкім жоқ деп санайсыз. Олардың саны жоқ дарындылықтарын үнемі мақтай отыра, басқа аналарды қызғаныштан көгертесіз. Тек сіз ғана, осылайша, жасанды түрде нақты жағдай мен шындықты үстемелеп, асыра көрсете аласыз. Берік, батыл және нәзік бола отырып, сіз тек қана бір тілегіңіздің орындалуын қалайсыз: балаларыңыздың талаптарын дұрыс бағалау, оларды басқа аналарға қойылған қақпан сияқты орналасқан әртүрлі салтанаттарға (кейбіреуін өзіңіз ұйымдастырасыз) шығаруға мәжбүр етіп, әртүрлі салада көру және де сіз басқа аналардың балалары сіздікінен артық өзін көрсете алмайтынын алдын-ала біліп отырасыз. Сіз өз балаларыңызды атаққұмар, мансапқұмар адам ретінде тәрбиелеймін деп ойланбайсыз.

Г типі: «Зияткер-ана» – баланың тәрбиесі үлкен жайсыздықтарға байланысты, соның қалыпты жағдайда жүзеге асырылуы үшін теорияның қомақты үлесі қажет. Сізге осы жетіспейді. Сіз дастархан басын арнайы бала тәрбиесі үшін шақырыған семинар өткізетін үстелге айналдырасыз және қатысып отырған әрбір адамға айтылғанның бәрін «конспектілеуге» итермелейсіз. Мұндай жағдайда сіздің шақырғандарыңыз тезірек кетсек екен дегеннен басқаны ойламайды. Тым өз ойыңызбен айналысып кетіп, сіз балаларыңыздың өмірінің эмоционалдық жағын және жеке проблемаларын ұмытып кетесіз.

Д типі: «Көкек-ана» – аналардың мұндай түрі балалармен айналысқанның орнына елге көрініп, кештерге барып, ресторандарда тамақтануға құмартып тұрады. Шынында да, баланы тәрбиелеу сіздің уақытыңызға және қалыпты өмір сүру дәстүріне шек қоятыны анық. Сіз қорғаушы-періштенің толық қарама-қарсылығысыз. Өзіңіздің балаңызды күтушіге тапсырып қойып, өзіңіздің ата-аналық рөліңізді ұмытасыз және оның көзінше тауық-ана болып көріну артық деген ойға келесіз. Сіз, балаларыңыздың сұраныстары мен талаптарын елемей жүргеніңізге, ешқашанда, сол үшін, кішкене болса да, ұялу немесе қысылуды білмейсіз.

Е типі: «Супер ана» – сіз үлгілі анаға мысал боласыз. Берік, өзіне сенімді, ешқашан ештеңеге наразылық білдірмейтін, таңертең әтештермен бірге тұрып, кеш жататын ана. Сіздің күніңіз шаруашылық және үй жұмыстарымен бірдей толықтырылған. Батыл және көңілді, сіз біруақытта жақсы ана және тамаша әйел болып үлгере аласыз. Іскерлік әңгіме жүргізе отыра, сіз балаңыздың

жағдайын білу үшін үйге телефон шалып үлгеруге дайынсыз. Келе жатқан кәрілікке берілмейтен, сіз тіпті есейген балаларыңыздың өміріне белсенді түрде қатыса алуды білесіз, әрине, бұл жағдайда, өзіңізді де ұмытпайсыз. Сонымен қатар, сіз тек қана супер емес, мәңгілік анасыз. Және де сіздің күйеуіңіз үшін: сіздің жаныңызда ол басқа біреу емес, тек қана «суперәке» бола алады!

4.2.3. «Сіз жақсы анасыз ба?» тесті

Нұсқау: әрбір сұраққа ұсынылған төрт нұсқадан сіздің пікіріңізге сәйкестігін белгілеңіз.

1. «Өмір сүру үшін қажетті ең жалғыз нәрсе - балалар» дегенмен келісесіз бе?

- а) жоқ;
- б) толығымен келісемін;
- в) балалар – өміріңіздің бір бөлігі, бірақ толық емес;
- г) барлығы қандай бала екендігіне байланысты.

2. Сізге бала бағушыны шақыртуға тура келді деп ойлаңыз. Сіз оны қайдан іздейсіз?

- а) сіздің балаңыз ең қарапайым бала, оған кәдімгі бала бағушы керек;
- б) бала үшін ештеңені аямаймын – менде ең жақсы бала күтуші болу керек. бірақ ондайды қайдан табамын?;
- в) сіз бала бағушыны келісім жасай отыра, барлық детальдарын анықтап алып, достарыңыздың кепілдікте болуы арқылы ғана шақырасыз;
- г) таныстар арқылы, агенттік арқылы іздейсіз.

3. Сізге жаңа бала күтушінің бақылайтын жасырын камераларды орнатуды ұсынды (материалдық жағын біз қарастырмаймыз).

- а) сіз балаңыз өзі барлығын айтып береді, ал күтушісі бір нәрсені дұрыс істемеуге бата алмайды деп үміттенесіз;
- б) қажеті жоқ деп бас тартасыз (адамдарға сену керек);
- в) келісесіз (сәбидің қауіпсіздігі мен денсаулығы бәрінен де қымбат);
- г) не істеріңізді білмейсіз (ерекше ынтасыз келісесіз).

4. Сіздің балаңызға тәрбиешілері, көршілер шағым айтады:

- а) сіз балаңызды өте қатты жазалайсыз, себебі ол сізді басқалардың алдында ұятқа қалдырды;
- б) балаңызды мұндай нәрсе істемеуі мүмкін емес деген оймен қорғайсыз;
- в) екі жақты да мұқият тыңдап алып, сосын барып шешім қабылдайсыз;
- г) жұрттың көзінше өтірік балаға ұрысқан боласыз, ал өзіңіз жасырын түрде оған қолпаштау көрсетесіз: көзіңізді қысып, осылай дұрыс деген ниет білдіресіз.

5. Балаңыз сабағыңды оқы, ойыншықтарыңды жина деген өтінішті орындамаған...

- а) ұрыс пен жылауға дейін жетсе де сол тапсырмасын қалай да болса орындатсыз;

б) барлығын өзіңіз жинайсыз, ал сабақтарын өзіне ыңғайлы уақытта орындауын сұрайсыз;

в) бәрін ойынға айналдыра отырып, осы істің орындалғандығына қол жеткізетіндей жасайсыз;

г) көндіруге тырысасыз, болмаса, өзіңіз берілесіз.

6. Балаңыз қалтаңыздың шамасы келмесе де қымбат ойыншық әперуін өтінеді.

а) «сөйлесуді» қатал түрде тоқтатасыз («Сенде ойнайтын нәрселер жеткілікті»);

б) каражат іздеп тауып, сатып аласыз;

в) ашық мойындайсыз: «Бізде қазір мұндай ақша жоқ»;

г) көңілін аударып, арзанырақ нәрсені алып беруге тырысасыз.

7. Сіз қателік жасадыңыз. Баланың алдында кінәңызды мойындай аласызба?

а) ешқашан, ол беделіңізді түсіреді (ата-аналар- құдайлар, олар қателеспейді);

б) сіз қателік жасай алмаймын деп ойлайсыз;

в) әрине;

г) тек қана қажет жағдайларда, ынтасыз;

8. Сіздің балаңыз күшік (мысық) әперуін өтінеді:

а) қандай шешім қажет болса, соны түсіндірмей-ақ қабылдайсыз;

б) келісесіз: оның барлық талап-тілегін үнемі қабылдайсыз;

в) бұл үшін жағдайыңыз жете ме, соны талқылайсыз (ит-ойыншық емес);

г) ойыншық күшік әперуге тырысасыз.

9. Сіз балаңыздың өзіңізге тартып өскенін қалайсыз ба?

а) әрине, бала ата-анасына ұқсауға тырысу керек;

б) бастысы, өзі риза болса болды;

в) бұл дұрыс емес: ол сайқымазақ емес, басқа біреу болу керек. Одан да өз ата-анасынан жақсырақ, бақыттырақ болсын;

г) бұл сіздің қолыңыздан келмейді, сіз не «иә» немесе «жоқ» дей алмайсыз.

10. Сіз отбасыдағы жалғыз баланы үнемі ата-анасы, әжелері еркелетіп өсіреді, содан бала «елдің еркесі» болады дегенге келісесіз бе?

а) оны қаталдықта тәрбиелеу керек;

б) тым болмаса балалық шағы бақытты болсын, әлі көретін қиыншылықтары алдында болады;

в) мұндай қауіптілік бар, бірақ барлығы ата-анаға байланысты;

г) еркелесін, бірақ шектеп шықпай ғана.

11. Баламен қарым-қатынас кезіндегі қиын жағдайларда психологқа бару қажет пе?

а) жоқ, шешесінен артық проблеманы ешкім шеше алмайды;

б) егер бала үшін бұл жемісті болса;

в) психологқа жағдай қиындап кетпейінші бару керек, әйтпесе, тіпті күрделеніп кетуі ықтимал;

г) тек қана ерекше жағдайларда.

12. Менің балам кішкентай болғандықтан оған бәріне рұқсат беруге болады дегенді дұрыс деп ойлайсыз ба?

а) жоқ, ол үлкендерді тыңдап, отбасыға кішкене де болса маңызы бар жұмыстарды орындауы керек;

б) толығымен келісемін;

в) барлығын рұқсат берсе, онда «кішкентай құбыжық» өсіп шығады, сосын оны қалай қалпына келтіруге болады?;

г) барлығын емес, бірақ көп нәрсеге.

13. Баланы тәрбиелеу жөніндегі бөтен кеңестерге құлақ саласыз ба?

а) ешкімді тыңдамаймын – ата-аналар өздері жақсы біледі;

б) ең бастысы, балам бақытты болса болды;

в) барлығын тыңдаймын, бірақ өзім шешім қабылдаймын;

г) егер де қажет болса.

14. Балаңыз балабақшаға бару керек деп санайсыз ба?

а) міндетті түрде жіне де ең қарапайымына;

б) үйде, анасының қол астында тәрбиелеген дұрыс, болмаса, ерекше, тамаша балабақшаға апару керек;

в) балалар үшін балабақшаға бару маңызды, ол «әлеуметтендіру» деп аталады. Егер өзі теңдестермен араласпаса, мектепке қалай барады?

г) үйде де жақсы, балабақшада болса да жаман емес.

15. Балам дұрыс тамақтанбайды, тәттіге құмартады.

а) оған қатты ұрсып, тамағын тауысып жеуге мәжбүрлейсіз;

б) не істесе де өзі білсін, сіз оны мәжбүрлей алмайсыз;

в) әртүрлі қулыққа барасыз, бірге тамақ дайындауға ұсыныс жасайсыз («Өзім дайындап, өзім жеймін» ойыны), бұл Марсқа ұшатындар үшін космостық сорпа дегендей...;

г) кішкене болса да ботқа жегеніне қуанасыз, ал тәттілерді тығасыз.

16. Сіздің балаңыз тым толып кеткенін көз алдыңызға елестетіңіз.

а) белсенді демалыс туралы маңызды әңгіме жүргізесіз, мысалдар келтіресіз;

б) ал мен не істей аламын?;

в) сырғанау арқылы жүгіру, қыдыруға мәжбүр етесіз, өзіңіз шаңғыға бірге тұрасыз, толық адамдарды мазақ қылады деп ақырын айтып көресіз;

г) мүмкін толықтығы генетикалық тұрғыдан болар?

17. Бақшада, мектепте балаңыздың модаға сай емес киіміне сырттай күледі.

а) балаңызға киім киюдің маңызды емес екендігін түсіндіресіз;

б) ең жақсы дүкенге барып, әдемі киімдерді сатып әпересіз (оның үстінде ең жақсы киім болу керек);

в) өзінде бар гардеробтың ішінен сай келетінін таңдайсыз;

г) әңгімені басқа тақырыпқа аударасыз.

18. Сізге агенттіктен телефон шалып, тегін түрде балаңыздан «теле жұлдыз» жасауға ұсыныс жасайды:

а) төлем туралы сөз болмау керек, кімнің-кімге ұсыныс жасағаны әлі белгісіз;

б) әрине, келісесіз, кез-келген қажеттілігін төлейсіз, қажет болса-қарызға аласыз, мүмкін болса, көлігіңізді, пәтеріңізді сатасыз;

в) бұдан былай хабарласпауын өтінесіз (бала дұрыс қалпында өсіп-өну керек, «жұлдыз» ойыны ересектерді де бұзады, ал балаларды одан да ...);

г) келіссеңіз де, ерекше ынтамен емес, егер де ақша көп шықпайтын болса ғана.

19. Балаңыз компьютермен өте айналысып кеткен, Интернетте көп отырады.

Сіз қарсы емессіз бе?

а) егер сабағын дайындап , үйге көмектесе, менің бақылауыммен ғана;

б) өзіне керек болса, ойнай берсін;

в) Интернет – тамаша нәрсе, бірақ онда ересектердің өзіне де кіруге болмайтын жерлері бар. Ал компьютерлік «атқыш ойындар» балаға сана бере қоймайды. Сондықтан күніне 1 сағаттан артық емес. Сабағын істеу керек, қыдыруы керек, шахмат ойнайды...

г) ол кейін жалығып, өзі тастап кетеді.

20. Сіздің балаңызды сөзуар-өсекші деп санамай ма?

а) бала тәрбиешілерімен де, мұғалімдерімен де барлығымен бөлісу керек;

б) егер оны ренжітсе, ол шағымдануы керек;

в) жоқ, өз теңдестері арасында ол үлкен күнә болып саналады, онымен ешкім араласпайтын болады;

г) барлығы жағдайға байланысты болады.

21. Сіз балаңызды сараң деп ойлайсыз ба?

а) сараң емес, ұқыпты: барлығын беріп тастасаң, өзінде не қалады?

б) менің баламның қолынан басқа ешнәрсе келмейді;

в) мен тіпті оны ұстап қаламын, әйтпесе ол бәрін таратып жіберуге дайын;

г) кімге не беру керектігіне байланысты.

22. Сіздің пікіріңіз: балаңыздың замандастарымен қарым-қатынаста болуының маңыздылығы қаншалықты?

а) бірақ бұлар жақсы отбасылардың балалары болуы керек;

б) не үшін? Мен бармын ғой!;

в) бұл өте маңызды;

г) бұл қара бастың қамы емес, бастысы – қарым-қатынас деңгейі.

23. «Ата-аналардікі әрқашанда дұрыс» деген пікірге қалай қарайсыз?

а) толығымен дұрыс;

б) сіз осы туралы армандайсыз;

в) мүлдем келіспеймін;

г) сіз «әрқашан» деген сөзді ұнатпайсыз.

Қорытындылау:

Егер де жауаптардың көбінде:

«А». Сіз балаңызға тым қатал қарайсыз, үстемшілсіз. Сіздің тәрбиелеу нұсқаңыз баяу әсер ететін тәріздес. Сіз балаңызды, оның «менін», даралығын «сындырасыз» және ол сіздің аузыңызға қарап отырады, содан кейін, есейген кезінде көне бергендіктен шығып, қарсы тұруы да ықтимал. Нәтижесі қапаландырады. Сізге тәрбиеге деген көзқарасыңызды тезірек өзгерту керек..

«Б». Сәбиіңізге барлығын кешіресіз, ол бір нәрсені бүлдіруі мүмкін деген сізде ой болмайды. Сіздің сәбиіңіз ертегі кейіпкері емес, тірі адам! Сөйтіп еркелеген «мамасының баласын» өсіресіз. «Егер қызынды зейнетке дейін асырамасаң, сен қандай анасың» деген мәтелді білетін боларсыз. Бұл сіз туралы айтылған. Ойланыңыз.

«В». Сіз, біздің заманымыздың Ушинский мен Песталоцциісіз деуге болады. Тамаша, ақылды ана. Бастысы, қол жеткізгеніңіз – баламен қарым-қатынастағы махаббат, түсінушілік және сенімділік. Жалғыз ғана қауіп тудыратын нәрсе – сіз ұстанатын тәрбиелеудің барынша демократиялық стильде болуы, мысалы: қызым-құрбым, ұлым-танысым), ол бала мен ересек арасындағы қажетті шекараларды жоюы мүмкін. Бірақ, сіз оны түсінеді деп ойлаймыз.

«Г». Сіздің үйреншікті ісіңіз – компромисске/келісімге келу. Сізден жақсы келіссөз жүргізуші және дипломат шығар еді. Әрине, сіздің балаңызға деген махаббатыңызға қоятын кінә жоқ. Бірақ, тәрбиелеуде негізгі жүйенің жоқтығы сезіледі. Бүгін сіз барлығына рұқсат бересіз, ертең-тыйым саласыз. Осылайша, кез-келген адамды шатыстыруға болады. Кішкентай адам сіздің өзіңізге деген сенімнің жоқтығын сезеді және істі өз пайдасына қарай айналдырады. Мүмкіндіктер шекарасын тексереді. Осылайша, ең соңында балаңыз мойныңызға отырып алуы мүмкін. Ойланыңыз: келісімге келу деген ұмтылыс сізде қайдан пайда болды? Мінез-құлқыңыздың жігерсіздігінен бе? Әлде сіз өз жұмысыңызбен және өзіңізбен айналысудан қолыңыз босамай ма? Сізге жақсы психологқа бару керек.

4.2.4. «Ата-ана махаббатының бет-жүзі»⁴¹ сауалнама-тесті

Тест ата-аналарға көмекші болып табылады және қарым-қатынастарыңыз қандай негізде құралатынын бағалауға мүмкіндік береді. Егер де келіссеңіз-1 ұпай, келіспесеңіз-0 ұпай қоясыз.

1. Есейген соң, бала өмірде қиыншылықтармен міндетті түрде кездеседі, сондықтан ата-ана парызы - оны қиыншылықтардан қорғау.
2. Кейде баланың өсіп, есейіп кететіндігі өкінішті-ақ: себебі кішкене кезінде өте сүйкімді болады.
3. Егер сәби өтірік айтса, ол тек қана қиялын ауызша айтып тұр деген сөз.
4. Қазіргі мектеп бағдарламалары өте ауыр.
5. Ана бала мен әкенің арасындағы эмоционалдық көпір сияқты, себебі әкелер өте қатал болып келеді.

⁴¹ «Мектеп психологы» журналы.- №21.-1999, 13 б.

6. Егер бала пайдалы іспен айналысып, ешқандай жетістікке жетпесе де, оны талпынысы үшін мақтау керек.

7. Табиғи аңғалдық – бұл кемшілік емес, балалық шақтың құндылығы.

8. Сіздің балаңыз егер мұғалімдер оған дұрыс қараса, оқуда алда болар еді.

9. Әрбір балада өзінің кемшіліктерінен маңыздырақ болатын артықшылықтары бар.

10. Әкесі мен анасының бала тәрбиесіне қатысты пікірлері әртүрлі болған кезде ананың көзқарасын таңдау қажет, себебі әйелдер – тәрбиелеуші болып туады.

11. Бала кезінде спортпен айналысу жоғары дәрежеге жету үшін ғана емес, жалпы денесінің дамуы үшін де қажет.

12. Үстел басында ең дәмді тағам балаларға тиесілі болу керек.

13. Балалардың тыңдамаушылығы баладан ата-ананың көп нәрсені талап етуінен туындайды.

14. Егер бала қараңғылықта ұйықтағысы келмесе, оның керуетінің жанына түнгі шамды жағу керек.

15. Көптеген балалық тәртіпсіздіктер өзімен жастылардың әсерінен болады.

Нәтижелері:

12-15 ұпай:

Әке: Балаға деген қарым-қатынасыңызда Сіз ананың көзқарасымен бөлісесіз. Бұл, бір жағынан, жаман емес, себебі біртұтас ата-аналық стратегияға әсерін тигізеді. Бірақ, Сіз тәрбиедегі дәстүрлі еркектің рөлін бағаламайсыз. Сіздің балаға деген талабыңыз көңіл-күйіңізге байланысты. Ойланыңыз: балаңыздың ойлау, эмоционалдық және дене дамуын толыққанды ынталандырасыз ба? Сіздің тарапыңыздан балаға жылы көзқарас жетіспейді.

Шеше: Тәрбиелеудегі қалыптасқан махаббат пен қамқорлыққа аналық тәрбие түрі, бірақ, мұндай тәрбие кейін баланың өз бетімен жұмыс жасауына кедергі келтіретінін ұмытпаңыз. Себебі, өмірде оған Сізді қуантып қана қоймай, проблемасын өзі шешуіне тура келеді.

8 ұпайдан төмен:

Әке: Сіз балаңызды тұрақты және жетістікті тұлға ретінде көргіңіз келеді, дәстүрлі еркектік тәрбиеге көңіл бөлесіз. Сіздің талаптарыңыз бен бағаңыз оның жетістікке жетуін ынталандырады. Бірақ, бұл талаптарды тым жоғарылатып жібермеңіз, тым қаталдық танытпаңыз.

Шешесі: Сіз, көбінесе, тәрбиелеудің әкелік стилін қабылдайсыз, сіздің балаға деген махаббатыңыз оған деген жоғары талаптарға сәйкес келеді. Сіздің мақсаттарыңыз дұрыс, әрине, бірақ, кішкене жұмсақтау болсаңыз, құба-құп болар еді.

Егер **әкесі мен шешесі** бірдей **9-12** ұпай жинаса, шектігі жоқ, аралық позиция деп саналады. Бұл кез-келген артықшылықтан сақтайды. Бірақ, эмоцияға беріліп кетуден аулақ болуды ойлаңыз. Өз балаңызға мұқият қарап, сіздерден тағы нені күтетінін бақылаңыз.

4.2.5. «Қамқорлық өлшемі» тесті

Нұсқау: баланың мінез-құлқы мен дамуындағы көптеген кемшіліктер балаға деген ата-ананың жеткіліксіз көңіл аударуынан туындайды. Бірақ, психологтардың пікірінше, шектен тыс қамқорлық кемшілік сияқты қауіпті де болады. Бұл тест сіздердің тәрбиелік ұстанымдарыңыздың қаншалықты дұрыс екендігін айқындауға мүмкіндік береді.

Алдарыңызда 15 пікір. Бір қарағанда, олардың барлығы бірдей тәрбиеге қатысы жоқтай болып көрінеді. Соған қарамастан, әрбір тұжырымның қарсысына берілген сұрақ бойынша сіздің ойыңызға сәйкес келетін балдың санын қойыңыз.

«Үзілді-кесілді қарсымын» – 1 ұпай.

«Мұнымен келісуге асықпас едім» – 2 ұпай.

«Бұл, дегенмен, дұрыс шығар» – 3 ұпай.

«Өте дұрыс, мен дәл осылай деп ойлаймын» – 4 ұпай.

1. Ата-аналар баласына көмектесу және игеру үшін барлық пробелемаларды сезе білу керек.

2. Жақсы ата-ана үшін тек қана өзінің отбасысымен байланыста болу жеткілікті.

3. Жас баланы жуындырған кезде құлап қалып, мертлікпеу үшін әрдайым мықтап ұстап тұру керек.

4. Бала өзі жасауға міндетті нәрселерді орындаған кезде, ол дұрыс жасайды және осыған байланысты бақытты болады.

5. Баланың спортпен айналысқаны өте жақсы. Бірақ спорттық жекпе-жекпен айналысудың қажеті жоқ, себебі денесіне жарақат түсіріп, психикалық бұзушылықтарға әкелуі мүмкін.

6. Тәрбие-ол ауыр еңбек.

7. Балада ата-анасынан жасыратын құпиясы болмау керек.

8. Егер де ана балаға қатысты міндеттерін атқара алмаса, ол, бәрінен бұрын, әкесінің отбасыны ұстауға байланысты өз міндеттерін дұрыс орындамағандығын білдіреді.

9. Аналық махаббат шамадан тыс болмайды: махаббатпен баланы бұза алмайсың.

10. Ата-аналар баланы өмірдің негативтік жағдайларынан қорғау керек.

11. Баланы үй шаруасына тым қатты үйрете беруге болмайды, себебі кез-келген жұмысқа зауқы соқпай қалуы мүмкін.

12. Егер анасы үйге, балаларына, күйеуіне басшылық жасамаса, барлығы да нашар ұйымдасқан болар еді.

13. Отбасының ас үлесінде барлық дәмді және тәтті тағам ең бірінші балаға берілуі керек.

14. Жұқпалы аурулардан жақсы қорғану – айналадығлармен байланысты шектеу.

15. Баланың теңдестерінің арасынан кімді дос етіп таңдауына ата-аналар ықпал ету керек.

Нәтижелерді өңдеу

Егер сіз 40-тан астам ұпай жинасаңыз, сіздің отбасыңызды балалық-орталығы деп атауға болады. Демек, баланың мүдделері сіздің мінез-құлқыңыздың басты себебі. Мұндай ұстаным қолдау табады. Психологтар мұны шектен тыс қорғау деп атайды. Мұндай отбасыларда ересектер барлығын бала үшін өздері істейді, оларды алдамшы қорқыныштан қорғайды, өздерінің талаптарының, ойларының, көңіл-күйлерінің ізімен жүруді талап етеді. Нәтижесінде, бала бойында ата-аналардан пассивті тәуелділік қалыптасады, ол есею кезінде тұлғалық өсуіне кедергі келтіреді. Сізге өз балаңызға көбірек сеніп, сенімділікпен қарауыңыз, оның пікірлері мен ойларын тыңдай білу керек, «баланы тәрбиелеу- оларды бізсіз өмір сүре білуге үйрету» деп бекер айтылмаған ғой.

Егер сіз 25 ұпайдан кем алсаңыз, өзіңізді тәрбиеші ретінде бағаламайсыз, кездейсоқтық пен жағдайлардың үйлесімді келе қалуына арқа сүйейсіз. Іскерлік және жұбайлық қарым-қатынастағы проблемаларыңыз сізді балаңыздан жиі алшақтатады.

5 ТАРАУ. ӘКЕ БАЛАНЫҢ ӨМІРІНДЕ: ОНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ЫҚПАЛЫ

*Әкеңнің баласы емес,
Адамның баласы бол.*

Абай

*Жақсы әкелер болмаса,
жақсы тәрбие болмайды.*

Н. М. Карамзин

5.1. Отбасы мен бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі

Әйгілі педагог-практик, баланың тұлғасын жоғары құндылық ретінде тану, адамгершілік принциптеріне негізделген бірегей педагогикалық жүйені құрушы Василий Александрович Сухомлинский (1918-1970) ата-аналарға былай деп жазған: “Ондаған, жүздеген мамандықтар, кәсіптер, мамандықтар бар: бірі темір жолын құрайды, басқасы үй салады, үшіншісі бидай өсіреді, төртіншісі адамдарды емдейді, бесіншісі киім тігеді. Бірақ, өзі әмбебап, өзі күрделі және өзі асыл жұмыс бар, барлығы үшін біртұтас болып тұрған, сонымен бірге өзіндік және әрбір жанұяда қайталанбас біртума, - бұл адамды жарату... Күзетшіден бастап министрге дейінгі кез-келген қызметкермен, одан та талапты адаммен ауыстыруға болады. Ал жақсы әкені дәл осындай жақсы әкемен алмастыру мүмкін емес».⁴²

XX ғасырда көптеген елдерде қоғамдық санада қазіргі заман әкелерінің әлсіздігі мен барабар еместігі туралы, әкелік біліктіліктің жоқтығы жайында стереотип кеңінен тарады. Мысалы, ғалымдар мен публицистер былай деп жазады:

- әкесіздіктің өсуі, отбасыда әкенің жиі болмауы (2010 жылы Қазақстанда әрбір тоғызыншы отбасы толық емес болған; 500 мыңнан астам баланы әйелдер жалғыз тәрбиелейді);⁴³
- аналық қатынасқа қарағанда әкенің баламен байланысының маңызының жойылуы мен азаюы;
- әкелердің педагогикалық біліктілігінің жоқтығы;
- әкелердің тәрбиелік қызметтерді атқаруға қызығушылығының болмауы және қабілетінің жоқтығы, әсіресе сәбилерді күтуде.⁴⁴

Адамзат тарихында отбасы институтының сәтсіз дамуының айқын көрінетін теріс мысалдары бар. Мысалы, балалығы мен жастық шағы Германияда өткен белгілі американдық психолог Эрик Эриксон (1902-1994) Гитлердің үкімет басына келу себептерінің бірі ұлдарының көзінде әкелерінің беделінің жоғалғандығынан деп жазады.⁴⁵ Ғалым XIX ғасырдың аяғы мен XX

⁴² В.А. Сухомлинский. Жүрегімді балаларға беремін. – Киев: Радянськ мектебі, 1974 ж.

⁴³ ҚазТаГ материалдарынан.

⁴⁴ А.И. Антонов. Отбасының кіші әлеуметі. – М.: Бас., Инфра-М, 2005.-368 б.

⁴⁵ Э. Эриксон. Балалық пен қоғам. – СПб: «Питер», 1996.

ғасырдың басындағы неміс отбасысының тарихын қақтығыс топ ретінде сипаттайды. 1910 жылдары әкелік беделді жоққа шығару, оның ойынша, жасөспірімдік экстремистік қозғалыстарға, бандаларға, Данышпандық, Нәсілдік, Табиғат, Мәдениет сияқты мистикалық-романтикалық табынушылықтар жолын ұстаушылыққа әкеліп соғады. Бозбалалар анасы ашық немесе жасырын түрде солардың жағында тұр деп санаған, ал әкесін жау еретінде қабылдаған. Нәтижесінде Эриксон, Гитлер «идеалды» әкені алмастырушы ретінде қабылданған. Бірақ, көптеген зерттеулер айтқандай, өзінің «МЕН-ін» әкесінен немесе атасынан қабылдап алған және балаларға абсолютті үстемдік орнатуға ұмтылған «адуынды ана» нұсқасы бұдан да жаман болады. Мұндай аналардың балалары отбасыдан кетіп қалады, қаңғырып өмір сүреді.⁴⁶

Жақсы әке болуды – «қажет», «қиын», «тамаша» деген сөздермен сипаттауға болады. Және тек қана керек емес, қажет! Әкесімен баласының қарым-қатынасы анасына қарағанда жиі болмайды, себебі әкесі анасының күзіреттілігіндегі барлық жағынан қорғаушы, сақтаушы, жақсы көруші рөлін ойнамағандықтан болар. Әсіресе, анасы басты адам болып саналатын, бала өмірінің алғашқы үш жылы. Тіпті ең қамқоршыл әке осы кезде оның «көмекшісі» ғана болып жүреді. Әрине, баланы күтудегі әкенің көмегі маңызды, әйеліне жағымды эмоциялар береді, өзіне-өзі келіп, дем алып алуына мүмкіндік туғызады. Бұл әйел үшін емес, бала үшін маңызды. Бала анасына ғана көңіл аударуға бейімделген: оның осы жастағы дамуы мен айналамен қарым-қатынасы анасы арқылы жүреді. Соған қарамастан, психологтар бұрыннан бері және үнемі баланың туған күнінен бастап әкенің болуы бала үшін маңызды екенін мазмұндайды:

- әке балаға бірінші сыртқы нысан болып табылады және ерте идентификация кезінде модель болып табылады;
- әкелер баланың анасынан бөліну үрдісін антандырады, сөйте тұра әлеуметтендіру үрдісін жеделтеді;
- отбасыда әкесінің болмауы немесе өзінің міндеттерін орындамауы бала бойында психопатологияның пайда болуына әкеліп соғады⁴⁷;

Бала есейген сайын оған әкесімен қарым-қатынас маңыздырақ бола бастайды және 6 жасынан бастап оның рөлі ептеп бірінші орынға шыға бастайды. Өсіп келе жатқан сәби отбасыда әрқайсысының өзінің «амплуасы» бар екендігін нақты сезінеді.

Анасының күзіреттілігі – киіндіру, тамақтандыру, жылылық пен ыңғайлылықты қамтамасыз ету; ал «үлкен» істерді жүзеге асыру – үйге жөндеу жұмысын жүргізу, көлікті немесе басқа техниканы жөндеу, зияткерлік әңгіме жүргізу – бұл әкесінің айрықша күзіреті. Әрине, қазіргі заманда ата-аналар рөлдерін айырбастап алады, бірақ дәстүрлер қалыспайды.

⁴⁶ М. Джеймс. Неке мен махаббат/ Ағыл. ауд., – М., 1985.

⁴⁷ Т.В. Андреева. Қазіргі отбасының психологиясы. Монография. – СПб.: Речь, 2005.

Отбасыдағы әкенің рөлі өте күрделі мазмұнда болады; ол келесі параметрлер бойынша айқындалады деп саналады:⁴⁸

- әкесінің отбасыдағы адамдар саны мен соларға жауап беретіндердің саны;
- оларға жүргізетін үстемдігінің дәрежесі;
- тура жақындықта баласымен өткізетін уақыттың саны;
- әйелімен және балаларымен өткізетін уақыты және осы байланыстардың сапасы; қандай тәсілмен ол балаларын күтумен айналысады;
- әкесі балаларды іскерлік пен дағдылыққа тура және жанама үйретуде қаншалықты жауапты болады;
- оның балаға қатысты рәсімдердің іс-шараларға қатысуы;
- отбасыны ұстау үшін қаншалықты еңбек етеді;
- отбасының ресурстарын ұлғайту және қорғау үшін оған қаншалықты күш жұмсау қажет.

Әке белгілі бір мінез-құлық көзін, сенімділік пен сыйластық үлгісін көрсетеді. Әке- тәртіп пен реттіктің белгісі. Әкесінің беделінсіз өсіп келе жатқан бала тәртіпсіз, әлеуметтік жат қылықтарды істеуші, ересектер мен балаларға қатысты қарым-қатынаста ашушаң болып өседі. «Әке – дүние, еңбек және техника туралы танымдардың көзі болып табылады, ол болашақ мамандыққа бағытталуға ықпалын тигізеді және әлеуметтік пайдалы мақсаттарды құрайды»⁴⁹.

Тек қана әке бала бойында жігерлілік пен топтық басымдылыққа қарсы шығу қабілетін қалыптастыра алады.

Баласы анасына қаншалықты байланып қалған болса, айналасындағылардың агрессиясына қарсы тұруда барынша төмен белсенділік танытады. Бала әкесіне жақындығы төменірек болса, баланың өзін бағалауы төмендеу болады, рухани және әлеуметтік құндылықтармен салыстырғанда материалдық және жеке құндылықтарға көбірек көңіл бөледі.

Әкесінің жеке қасиеттері, соның ішіне балаларына деген махаббатты да кіреді, баланың дамуына мағыналы түрде әсер етеді. Әке махаббаты баласына жалғызбасты ананың толыққанды қамтамасыз ете алмайтын эмоционалды-психологиялық жайлылығын сезінуге мүмкіндік береді. Әке махаббаты ұлы мен қызын балаларға және қоршағандағыларға деген ер адамның махаббатын қалай көрсететіндігіне үйретеді.

Бала мен әкесінің арасындағы жылы қарым-қатынас өте құнды: «Нәзік еркектің қатысуымен тәрбиеленген бала есейгенде әкесіз өскен балаға қарағанда басқа адамдармен жақсы қарым-қатынасқа түсе алады. Әкесіз өскен

⁴⁸ М.Уэст, М.Коннер және Л.Б.Шнейдер отбасылық қарым-қатынас психологиясы. Дәрістер курсы. – М.:Сәуір, Пресс; ЭКМО-Пресс баспасы, 2000.

⁴⁹ Ю.В.Борисенко. Әке болу психологиясы / Практ. псих. журналы. – 2007. – № – 3-217 б.

бала өзінің жоқшылықтарының орнын кейін толтыра алады, бірақ оның бастапқы межесі қолайсыз болады».⁵⁰

Әкесіз және әкесімен өскен балаларды салыстырғанда әкесіз өскендердің құштарлықтың төменгі деңгейімен, қобалжулық деңгейі жоғары болатындығы анықталған. Оларда невротикалық белгілер жиі кездеседі. Әкесінің жоқтығы оқуда және балалардың өзін сыйлауында теріс әсер етеді.⁵¹

Суық әкелердің балалары ұялшақ, үрейленгіш болып келеді, олардың мінез-құлқы бейәлеуметтік болады. Керісінше, әкесімен эмоционалдық жақындық балаға жағымды әсер етеді.

6 жастан 11 жасқа дейінгі әкелері өсірген ұл балаларды аналарымен өмір сүретін ұлдармен салыстырғанда әкелерімен тұрған ер балалардың өмірдің әртүрлі жағдайларына тез бейімделетіндігі анықталған.

Жалпы алғанда, бала толыққанды тұлға болып қалыптасуы үшін жалғыз ана жеткіліксіз болады. Баланың көз алдында еркектік мінез-құлық моделі болу керек. Жақсы көретін әке анасына қарағанда тиімдірек тәрбиеші болатындығы жиі кездеседі. Ол балаларды қамқорлығын аз көрсетіп, өздеріне жекебастылық пен еркіндікте береді, сөйте тұра балада өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастырады. Сондықтан, әкемен жағымды қарым-қатынас бала бойында байсалдылық, ұстамдылық, оптимистік, өзін бақылаудың жоғары дәрежесі, әлеуметтік нормативтерді жақсы түсіне білу, қоршаған ортаның талаптарын жемісті меңгеру сияқты қасиеттерге ие болады.

Әке баланың жыныстық идентификациясында да маңызды рөл атқарады. Еркектік және әйелдік белгілердің қалыптасуы 6 жасқа дейін жүреді. Бұл өте нәзік үрдіс, атап айтқанда, негізгі рөлді сонда әке атқарады. Оның үстіне, қыз балалар үшін де және ер балалар үшін де. Әкесі қызын, мысалы, көлік жөндеуге өзімен бірге алмайды. Осылайша ол оның бойында әйел мінез-құлқының қажеттілігін қалыптастырады. «Сен анаңа көмектес, мен еркектің ісімен айналысамын». Қызына жылап алуға рұқсат беріледі және әкесі оны аяйды, ал ер баласын ұялтуы мүмкін.

Әкесінің қызын мақтан етуі өте маңызды, оған сен қандай әдемісің деп айтып отырғаны абзал, өскен соң өзінің сыртқы бейнесінен қысылмайды, ер адамдармен қарым-қатынастары үйлесімдірек болады. Оның үстіне әкесінің бейнесі қыз баланың өзіне таңдаған өмірлік досының - жас жігіттің типажына әсерін тигізуі мүмкін: ол өзінің таңдағанын әкесінің бейнесімен салыстырады, әсіресе, егер бақытты отбасыда өссе. Егер, мысалы, оның ата-аналарының отбасысында ақшаны әкесі тапса, онда қыз бала отбасысын ұстайтын жігітті іздеуге тырысады, себебі қыз баланың бойында еркектік мінез-құлықтың стереотипі қалыптасқан.

Ұл бала өзін еркек ретінде өзі достық қатынаста болған ұлдар мен еркектердің үлгісі арқылы тани бастайды. Ол өзіне ұнамайтыннан үлгі ала алмайды. Егер әкесі үнемі шыдамсыз және ашушаң болса, ер бала қоғамда ғана

⁵⁰ И.С.Кон. Тұлға және өзіндік сана. М.: "Политиздат", 1984.

⁵¹ Ю.В.Борисенко, А.Г.Портнова. Қазіргі қоғамда әке бола білу проблемасы//Психология сұрақтары. 2006. № 3. 122-130 б.

өзін ыңғайсыз сезінеді, сонымен қатар басқа ұлдар мен еркектердің ортасында да қысылады. Мұндай ұл бала анасына жақын және оның әдеті мен мүдделерін қабылдайды.

Егер баласы әкесін ұнатпаса, онда еркектің мінез-құлқында баланы қабылдамау байқалғаны. Тіпті, ол дұрыс сөздер айтса да, бәрібір дауысы, сөйлеу мәнері мен көзқарасы білдіріп қояды. «Әке, жүрші!» деген кез-келген ұсынысқа «Қойшы! Келесі жолы» дегенді естулер де болады. Мұндайда әкесіне қалай ренжімеске? Қатал әке қызына ерекше азаптар әкелмейді, себебі шешесі олардың қарым-қатынасын түзететін буфер, делдал ретінде болады. Осы кезде шешесі «ерекше қатал әкеге» қарсы баласымен бірлесіп коалиция құруға тырыспауы керек. Ұлы анасының құлағына : «әкеме айтпай-ақ қояйық!» деп сыбырласа – бұл әкесіне қарсы коалиция құруға алғашқы қадам болып табылады. Анасы баласына, бұл жағдайда, жасырғысы келген нәрсесін әкесіне өзі барып айтқандығы жөн екендігін түсіндіру қажет. Үзілді-кесілді бас тарту кезінде баланы таңдау алдына қою керек: «әкең бәрібір біліп қояды. Бірақ оған сенің айтқаның дұрыс болады» немесе жай ғана біздің отбасыда бұлай істемейді деп айту керек. Бұл аргумент жақсы әрекет етеді – себебі бала өз отбасысына жатқысы келеді, кішкене блоктың бөлшегі болғысы келеді.

Әкесінің «қаталдығы» жиі кездерде, мысалы, балаға артық ойыншықты сатып алуға рұқсат бермеу, онда ойыншықтардың онсыз да көптігімен негіздегенінде ғана білінеді. Немесе баладан тек қана өзінің бөлмесінде ойнауды талап етуінде білінеді. Бірақ бұл отбасылық қарым-қатынастарға енгізетін саналы бастамасы. Кейбір әйел адамдарды еркіне жіберсе, бұл құпия емес, баласына түгел нәрсеге рұқсат бере бермекші.

Балада өмірге тұтынушылық көзқарасы болмау үшін міндетті түрде шектеулер болу керек болғанда, осы әкесі регламенттеуші кедергіні қоя алады. Кейде, тіпті, керісінше де болады: әкесі барлық ойыншықтарды сатып ала береді. Егер ойыншықтарды өзі үшін сатып алған болса, онда өзінің «ойнап бітпеген» балалығы білінеді. Егер бірлескен жұмысқа баланы баулығысы келсе, онда бұдан артық ештеңе жоқ!

Еркек – озат мұғалім: ол балаға конструкторды қалай жинау керектігін, ұшақ моделін жинауды көрсетеді және баланың ойына келмейтін ойынның бұрылыстарын ойлап табады. Өзінің менталитеті бойынша анасы балаға ойыншық әперіп, сосын ол туралы ұмытуға дайын тұрады – анасында үй шаруасы бойынша басқа да шаруалары жетерлік. Әкелер көбірек қазымыр болады: олар бәрін көрсетеді және әңгімелеп береді.

Баламен айналысуға уақыты болмайтын немесе айналысқысы келмейтін жағдайлар әкелерде жиі кездеседі. Баласы өзін керексіз болып сезінбес үшін, аптасына әкесі баласына қанша уақыт бөлу керектігін есептеп шығаруға бола. Мұнда көп нәрсе айналасындағыларға байланысты болады: егер отбасы мүшелерінің әкесінің жұмыстан кеш келуін, демалыс күндері балық аулауға немесе іссапарға кетуін қалыпты жағдайда қабылдаса, онда бала үшін әкесінің үйде болмауы трагедия емес.

Аптасына баласымен бірнеше сағат қарым-қатынас бала өміріне күнделікті қатыспағандығының орнын толтырады. Бірақ, бұл жанында отырып газет оқып отырған емес, толыққанды қарым-қатынас болуы керек. Егер үнемі қолы бос емес әке баламен демалысының жарты күнін өткізсе, әкенің жоқтығы толықтырылады. Әсіресе, мектепалды және бастауыш мектеп жасындағы балаға онымен қарым-қатынас үшін әкесінде белгілі уақыты бар екендігі және ешқандай балық аулау, телефон қоңырауы оны одан айра алмайтындығын сезінгендігі тамаша болар еді.

Баласының тәрбиесімен айналыспайтын әкесі баласы үшін ең жақын адам болып саналатын жағдайлар да кеңінен тараған. Бұл әдетте әкесі жоқ отбасыларда кездеседі. Мұнда ойдан қиялдан туған әкелер үлгі бола бастайды. Сонымен бірге, баламен бірге тұратын немқұрайлы әкеден бала көзінің пірін жасамайды. Жасөспірім кезеңі әр нәрсені өз орнына қойып береді. Баласы әкесінің өзіне ойлап шығарған адамына сәйкес келмегендігін білсе, орнын кім болса сол басуы мүмкін: жаттықтырушысы, көршісі, тіпті сектаның өзі де...

Ал келіп-кететін немесе «жексенбілік әкелер» ше? Көбінесе олармен кездесу балаға сыйлықты көптеп әперумен аяқталады. Мұндай әкелер балаларын өздеріне шықырып алуды, немесе олармен қыдырып келуді қалайды. Бұл негізінен дұрыс та, себебі, «үйдің» аумағынан кеткен соң, бала екінші ата-анаға қатысты өзін бірқалыпты ұстайды. Ол тіпті анасы және әжесіне айтпаған сырларын айтып бөлісуі де мүмкін. Осы жағдайда да ол әкесін жалған сезімсіз тындай алады.

Анасы мен әкесінің арасында қарым-қатынастар қалай қалыптасса да, баласы үшін әкесі әрқашанда туған адам, оның біртұтас ажырамас бөлігі. Тіпті әкесін сирек көрсе де (мысалы әке-шешесінің айырылысқан кезінде) бала ол туралы көп ойлайды. Себебі бала мен әке арасында айырылысу деген ұғым болмайды... Әкесінің жақсы немесе жаман екендігі анасына ғана түсінікті. Ал ұлы немесе қызына – бұл әрқашанда қуаныш және мереке.

Бала отбасыға сенеді, оның қалыпты тұрмыс-тіршілігін мәнеп-сынамай, қабылдайды, енеді. Отбасы ол үшін – жай ғана папасы мен мамасы емес, ол өмір сүру бейнесі, тұрмысы, қалпы, кейде қажетті немесе жағымсыз болса да, өзін сатпайтын отбасысы. Ал сол ұяның жылы және қамқор, махаббат, түсіністік және бір-бірін қадірлеуге толы болғаны қандай қажет! Бірақ! Өкінішке орай....

Әкелер қандай болады? Көбінесе жиі кездесетін әкелер типажын қарастырайық.

1. Әке - идеал, үлгі.

Мұндай еркек тек қана отбасысымен тұрады, отбасысында және отбасысы үшін қызмет етеді. Оны ата-аналар жиналысында көруге болады. Тәрбиешілер мен мұғалімдер бала тәрбиесіне қатысты мәселе бойынша үнемі анасымен емес, әкесімен бөлісе алады.

Мұндай әке әйелі мен балаларының көңіл-күйін үнемі сезеді. Ол наразылық пен өкпесін білдірмейді, керісінше қобалжытып отырған проблемаларды анықтап білуге тырысады. Кез-келген жеке (қызметтік)

проблемаларды және қуаныштарды әкесі үйіне әкеледі, себебі әйелімен бөлісе біледі. Одан кейін олар бірігіп оны отбасылық кеңеске шығару қажеттілігін шешеді. Егер бала төсекте суық тиіп жатқан болса, әкесі оны көңілдендіруге тырысады: «Біз әлі көп кітап оқимыз! Мозаика жинаймыз!»

Немесе, мысалы, отбасыда бір үлкен проблема пайда болды— әкесі жұмыссыз қалды! Қорықпаңыз, сіздің батырыңыз өзінің уақытын қайғырып отырумен өткізбейді. Ол бұрын қолы жетпеген пайдалы жұмыстардың біразын атқарып тастайды. Ол немен айналысты деп сұраңыз? Әкеміз былай деп жауап беруі ықтимал: біріншіден, балалармен көбірек сөйлестім, екіншіден, пәтерде жөндеу жұмыстарын жасадым... былайша айтқанда, жаман айтпай жақсы жоқ».

Үлгілі әкелер тек қана мейірімді және ықыласты емес, ол қатал және әділетті. Ешқашан баланы еркелетпейді, тек қана тәрбиелейді, баланың өзінен бір нәрсені сұрамшақтануына жол бермейді. Үй шаруаларында анасының жанынан табылады, оның үстіне бұл істі оңайлықпен тындыра біледі. Мұндай әкенің баласы қандай болады? Идеалды әке әрдайым өте жақсы күйеу болады. Еркек пен әйелдің осыншалықты бірлесе алып тиімді қызмет атқара білетіндігін көріп тұрған өскелең ұрпаққа тамаша үлгі болады. Мұндай әкені балалар өте жақсы көреді. Өзінің құпиялары мен жаңалықтарын көбінесе ең бірінші әкесімен бөліседі. Бірлесіп отбасылық уақыт өткізу және ата-аналарының бір-бірін алмастыра білуі үйдегілерді бір-біріне жақындастырады. Олар бір-бірін түсінетін, мейірімді, ашық болып өседі. Олар ата-анасына барлық істерде көмектеседі: үй шаруасы болсын, жөндеу жұмысы болсын, әжелері мен аталары туралы да ұмытпайды...

Ұлы немесе қызы дербестік алғаннан кейін отбасының қаржылық проблемаларын шешуге қатысады. Ұйымшыл өзара әрекеттесудегі ата-аналар тәжірибесі балалар өмірінде жалғасын табатыны сөзсіз. Қандай болмасын өмірдің жағдайларына тап болса да, қиыншылықта қорған бола алатын, күшін қалпына келтіруге, махаббат пен бақыт минуттарын сыйлауға дайын мықты және бейбіт сүйгіш қорғаны бар.

2. Келіп-кетуші әке.

Бұл тек «айырылған әкелер» ғана емес, сонымен бірге уақыты тығыз адам болуы да мүмкін. Келіп-кетуші әкелерді екі топқа бөлуге болады.

Біріншісіне «еңбекқор-еркектер» жатады. Олар жалпы танылған «нағыз еркектің» шаблонына сәйкес келетін бос уақытты өткізуге дейінгі әдеттегіліктің жүгін арқалап келеді: жұмысқа ерте кету, жұмыстан кейін-теледидар алдында отыру, балық аулау, гаражға бару.. Әйелі мен балаларынан алысырақ...

Екінші топ – бизнес-әкелер. Олар қомақты қаражат табады және осымен оның отбасыдағы рөлі жеткілікті деп санайды. Мұндай күйеулердің әйелдері— өмірдегі лайықты серіктің эталоны болады. Ол күйеуінің айнасы іспеттес: сұлу, көркем, дарынды, талапты, үйшіл және баласүйгіш. Егер туғаннан кейін сұлу әйел толықсып кетсе, әкесі өзіне көңілдес әйел таба қояды. Барлық келуші әкелер баласы ұйықтап жатқанда кештетіп келеді. Демалыс күндері қолдарынан

теледидардың пульттері түспейді және жылы жұмсақ жерге орналасып: «тым болмаса үйде дем алсам бол ма» деп күрсінеді. Және демалады... ал олардың маңайында әкенің қатысуын талап ететін өмірлік жағдайлардың біршамасы өтіп жатады. Кішкентай баламен қарым-қатынаста епсіз келеді. Тұйық шеңбер пайда болады: әкесі отбасыдағы сирек келетін қонақ, шешесі баласын әкесіне сеніп тапсыра алмайды, әкесі бұдан әрі алшақтай бастайды.

Мұндай әкенің баласы қандай болмақ? Ол анасына тым жақын келеді. Бала бақшада мұндай балалар кешке әкелері алып кететіндерге қызығып қарайды. Сәби, ереже бойынша, анасына наразылығын білдірмейді. Бұл уайым жүрегінің түбінен орын алып, өмір бойы қалып қояды. Оның келешегі анасына байланысты болады. Егер ол баласының көзінше әкелік беделін сақтап қалса, онда сәби ең жаман дегенде барлық бала сияқты өседі. Ал жақсы жағдайда – барлық жағынан әкесіне тартқысы келіп, басшылық дәрежеге ұмтылады.

Мұндай отбасыдағы ер бала тым нәзік және басылған болып өседі. Ал қыз бала, есейе келе, махаббат мәселесінде үлкен проблемаларға тап болады. Осы жерде оның ыңғайлы «өскен соң, әңгімелесеміз» деген мәтелі қайта айналып келеді. Мәселе әкесінің «әңгімелесуге дайын» болған кезінде, керісінше, баласының ата-анасымен сөйлескісі келмейтіндігінде.

3. Әкесі – тәуелді адам.

Мұндай әке, негізінде бала сияқты. «Менен отбасы үшін де, өзім үшін де жауапкершілікті алып тастаңыздар, мені асырап алыңдар! Мен ересек бол алмаймын және болмаймын да» деп айтатындай. Мұндай өзін-өзі тежеушілік балалық анасының отбасыда адуынды болғандығынан бастау алады. Тіпті, өзі әке болған кезде де, оған деген анасының ықпалы тоқтамайды. Көбінесе, мұндай әйел жастар арасындағы қарым-қатынасқа араласуын қоймайды. Бірақ бекер!

Мұндай еркектер, көбінесе, өздері іздегенді табады, олардың отбасылық өмірі тұрақтылықпен айқындалады. Бірақ билік тізгіні-әйелінің қолында болады. Күйеудің өзі де, оған, шынымен айтқанда, номиналды түрде ғана қажет, ол үшін әйелі күйеуін тамақтандырады, киіндіреді, кейде тіпті қатаң бақылауда ұстайды. Бірақ, жұбайлардың бір-бірін ақырын жек көре бастайтын кезі келеді..

Мұндай әкенің баласы қандай болады? Бала бәрін түсінеді және көреді. Ол кішкентай болғанда тәуелді әкесін қатты жақсы көреді: кіммен осылайша арпалысып, ойнауға болады? Себебі отыз жасқа келгеннің өзінде әкесінің бойында қызбалығы алты жастағы баладан да көп болады, бірақ, есейген соң бала әкесіне күрт өзгереді: сыйластықпен қарамай қояды. Оның жағына, кейде, тіпті тіл тигізген сөздер де естіліп жатады. Тура сол, қызы немесе ұлының көзінше, әйелі қымсынбай-ақ пайдаланатын сөздер.

Қу жасөспірім тәуелді әкесіне қалай келу керек екенін әрдайым біліп отырады, одан ақша сұрап, немесе жаңа кроссовкиді әперуін қалай талап етудің жолын біледі. Балалар есейгенде олар әкесіне аяушылық танытып, оның көңілді, тіпті дарынды болғандығына қарамастан, әлсіздігіне аянышпен

қарайды... Бұл отбасыларда баланың тұлғасын антогонизм принципі қалыптастырады. Ата-анасының мінез-құлқысын қабылдамау балаға өзінің мінез-құлқын үлгілі қылып қалыптастыруға мүмкіндік береді.

4. Әке-жай ғана көрермен.

Сол бір балалық шақ кезінде отбасы шешесіне сүйенетін, бірақ соңғы сөзді әкесі айтатын. Көрермен-әке көбінесе ақылды, тұрақты жалақысы бар, әйеліне ажарсыз қызды алады. Ол әйелдің амбициялары, сұраныстары, қиялдары аз болады және онымен неке де тұрақты болады. Мұндай өмірдің ащы тәжірибесімен үйренген әйелдер күйеуін сол қалпында қабылдайды, ешқандай негізсіз шағым жасамайды. Үйде отбасы басшысын әрдайым дәмді кешкі ас, таза пәтер, күтілген балалар мен түсінетін әйелі күтіп отырады. Тағы не қажет? Отбасыда біздің батырымыз көп сөйлемейді, әйелдері мен балаларына қызметтік жаңалықтарын жеткізбейді, бірақ көбінесе көңілі толмай отырады. Көрермен-әке барлық әкелік міндеттерді орындайды: күнделігін тексереді, тыңдамағандарды қысып алады, баламен зообаққа барады, репетиторларға ақысын төлейді, мүмкіндігінше әйеліне ыдыс-аяқ жуатын машина алып береді немесе шаруашылыққа көмекші жалдайды, бірақ, өзі ыдыс-аяқ жумайды. Мұндай отбасылар, ереже бойынша, өзінше бақытты болады. Бірақ, әйелдері кейде шаршағандықтан немесе эмоционалдық кедергі болғандықтан түнде жылап та алады. Бірақ оны кім көре біледі?

Оның баласы қандай болып өседі? Оның баласы әйелдер мен еркектердің рөлін мүлде теңбе-тең қабылдайды. Әзірше қызы мұндай әкемен мақтанады. Әкесінің қызы барлық жағынан атақ құмар болып өседі. Баланың күнделігінде ылғи бестіктер мен педагогтардың мақтаулары осыдан болады. Оның болашақ таңдаған жігіті – әкесіне ұқсас адам болмақ. Әкесінен толыққанды көңіл қоюды, жылылықты ала алмаған қыз бала есей келе, саналы түрде өзіне жар таңдайды. Ол өзіне шеттеліген адамдай қарайтын ер адамға таңдауын салады, ал осы кезде нағыз сенімді және нағыз сезімге лайықты жігіт одан үмітін үзеді.

Мұндай отбасылардағы ұл бала әкесінің менмендігіне шатысқан ерекше прессингті сезінеді. «Мен музыкант бола алмадым, бірақ сен міндетті түрде музыкант боласың!». Ұлынан музыкаға қызығушылығы бар екенін ешкім сұрамайды. Әкесі айтты, анасы үндемеді. Және бұл дұрыс емес! Ол әдетте жақсы ана, баласын жүрегімен сезеді. Ұлы өскенде әкесінің ықпалынан босап, зеріктіргіш музыка сабақтарынан босайды!

5. Әке – отбасылық қысымшысы (жендет, езуші, қинаушы).

Бұл жерде үнемі «қолы қышып тұратын» еркектер туралы әңгіме емес. Біздің батырымыз- қатал өмірлік принциптері (мысалы, тәртіпке деген көзқарасы), барлығына қарсы келетін туғанда берліген тілегі және «Еркектікі әрқашанда да дұрыс!» деген ұранмен білінетін есерсоқтығы негізін қалайтын мінез-құлықтың иесі. Мұндай әкелер туралы: «Ақылды, талапты, бірақ мінезі ауыр» деп айтады. Өзінің сыйымсыздығын біле тұра, езуші әке екі тактиканың бірін таңдайды. Ол сосын «Сен менің жекеменшігімсің және де осыған лайық

болуға тырыс» деген принциппен қарым-қатынасын құру үшін некеге тұруға асығады. Немесе басқа жақта өсіп келе жатқан баласын қатты ойлаушы мәңгілік бойдақ болып қала береді. Мұндайда әкесі баласына қажеттіліктен гөрі, әке баласына қажеттірек болады.

Жендет-әке үшін, үнемі аңғармай аңсап ұмтылатын, өзінің меншікті позитивті «МЕН-і», үлгісі ретінде, таза сәби бейнесі, дәл сол, жұмақ бұрышы сияқты болып табылады. Ол өзімен өзі келісім таппайынша, баланың анасының жүйкесін тоздыруды жалғастыра береді. Ал ұлына немесе қызына өте сезімталдықпен қарайды. Оларға, егер отбасыда тұрмаған болса, барлық бос уақытын арнауға, бір нәрсеге үйретуге, бір жерлерге апарып келуге, көрсетуге тырысады. Мұндай жағдайда балалар арқан тарту ойынының қатысушылары болып шыға келеді, себебі ата-аналар бір-біріне қатал қарама-қарсылықта болады. Мұндай әкенің баласын қатты жақсы көруіне қарамастан, ол кішкене адам бойында өмірге деген сақтық және жаугершілік көзқарасты қалыптастырады. Бала өзін жалғыз сезінеді, сондықтан әрдайым неше түрлі үрейлерге жолығады. Сондай сәбилер, есейе келе, нервозды, күдікті, айналасындағыларға қастықпен қарайтын болып өседі. Соңында біреулері (әлеуметтік өмірдегі сәтті) жалғызбасты-бүлікшіге айналады. Басқалары қарсыласудан шаршағандықтан, жуас, жағымпаз, жарамсақ болып қалады. Бірақ іштей өзін осы қасиеттері үшін жек көреді.

6. Әке – үлкен дос.

Жұмыстан келе сала бұл әке ойынның түр-түрін бастап кетеді: басында баласымен бірге конструкторды шашып, сосын құрастырады, сосын тығылмақ ойнайды. Бірақ «үлкен досы» қажет нәрсенің барлығын орындаған болып тоқтайды. Ал тамақ дайындау, дәрігерге апару, балабақшаға жазылу сияқты кішкентай істерді ол анасына қалдырады.

Мұндай әке болу – тамаша! Бірақ! Егер өмірде балаға дос болғысы келетін адамдар көп жолықса, оған әке кім болады? Балаға осы үлкен бейтаныс әлемде не істейтінін білетін, нақты «Иә» немесе «Жоқ» деп айта білетін, адамдардың бар екендігіне сену өте қажет.

7. Әке – отбасы қолбасшысы.

Көбіне дәстүрлі түрі. Барлық үй шаруасы (тамақтандыру мен суға түсіру) оған қызықсыз. Әсіресе, егер жұбайы өзіне бұл міндеттерді артып алса және өзі атқара алатын болса. Онда оған қыстырылудың қажеті не? «Отбасы қолбасшысы» - еркектің ісімен айналысқан кезде ғана өзін қолайлы сезінетін ер адам. Сондықтан, құмырадағы сүтті түйіршіксіз дайындау-оның жұмысына лайық емес. Мұндай әке өзінің беделіне ешкімнің күмәндануына жол бермейді. Жай ғана «Жоқ» деп қатал айтқан сөзіне бала бірден сабырына түсу керек. Оның үстіне, ол сәбиді барлық қажетті жағдайларға үйретеді және баланың өз тілегіне қарамастан оны нақты өмірге қайтарады.

8. Ерекше әке.

Оған баланы күндіз де, түнде де тамақтандыру рахат болып көрінеді, 50 секунд ішінде жөргегін ауыстыра алады және жылап жатқан баланы жұбатуды біледі. Кейде дәстүрлі міндеттерді анасынан да жақсы білетін ерекше әке! Мұндай тауық-әкелердің бір кемшілігі – тағы бір ана болумен айналысу және болу..., демек әйеліне қосымша емес, бәсеке болып шыға келеді. Ал әкесі анасының орнын алса, әкесінің орнында кім болмақ?

Әдетте мұндай әкелер анасының күйеуіне, көңілде, еркек ретінде наразылығы бар отбасыларда пайда болады. Бірақ, көбінесе, мұндай жағдайлар анасын міндеттері қатты шаршататын отбасыларда кездеседі. Ал әкесінің мұндай әрекеті балаға анасының алшақтауын елемеуге, орнын толтыруға мүмкіндік береді.

9. Әке – үнемі жас жұбай.

Тоғыз ай жүктілік кезінде ол жатырдағы баланың әр қимылына тыңдап, көзіне жас келгенше толқып жүреді. Бірақ анасының баласымен үйіне келуінен бастап ол нәзік әке болуын күрт тоқтатады! Әрине, ол баласын өте жақсы көреді, оның күлкісіне таңқалады және әрдайым көмектесуге дайын... бірақ, ол өзінің мотоциклінен, достарынан, сүйікті істерінен бас тарта алмайды. Сонымен қатар, сәбимен сіз бұрынғыдан көп айналысатындай болып көрінетін әсерден арыла алмайды. Баланы ұйықтатарда несіне оның төсегінің жанында екі сағат тұру керек, немесе оның жылағанында не тұр? Басқаша айтқанда, оған басқа біреумен өзінің әйелін бөлісу өте қиын! Отбасыда мұндай әкемен анасына қолдау жетіспейтін болады, ал әкесі «қолына күрек тимей қалған» адамның қалпында тыныштықта қала береді. Ұлына жақсы үлгі болар емес- ау!

Оқушылардың әкелеріне өздік талдау жүргізуге арналған сұрақтар:

1. Жоғарыда аталған түрлердің қайсысына өзіңізді жатқызар едіңіз?
2. Келешекте өзіңізді әкелердің қандай түріне жатқызғыңыз келеді?
3. Өзім болғым келетіндей әке болу үшін, әйелімнен қандай көмек алуым қажет?

Әрине әкелердің басқа типологиясы да бар. Солардың бірін келтірейік.⁵²

«Ескі заманның» дәстүрлі әкесі, ол өзінің отбасысына басшы ретінде қамқорлық жасайды. Әкесінің рөлі, әртүрлі мәдениеттерде айырмашылықта болса да, келесі басты функциялармен айқындалады: 1) отбасы мен балаларды қамтамасыз ету; 2) отбасы мен балаларды қорғау; 3) баланы тәрбиелеудегі тәсіл ретінде ата-ана үстемдігін орнату, балаларды тәртіпке, ережеге үйрету, қажет болған жағдайда жазалау.

Дәстүрлі еркектің «дұрыс» моделі ең алдымен оның жұмысымен және отбасы асыраушысы ретіндегі жемісімен байланысты: ер адам шаршаусыз шалдығусыз жұмыс істеу керек, жұмысты көтеріу керек, ақша табу қажет және мүмкін болса отбасыда да жеміске ие болуы керек. Саналы немесе күңгірт

⁵² И.С.Клецина. Маскулиндылықтың зерттеу аналитикалық жолдарындағы әкелілік. Ресей қоғамындағы әйел. Ресейлік ғылыми журнал. № 3 (52) – 2009. 29-41 б.

ұғыну арқылы осы модельге ереді, ол оларға басшылық жасайды. Мұнда рөлдік мінез-құлықтың басқа модельдерін игеру үшін еркектердің мүмкіндіктері шектеледі. Дәстүрлік әкеліктің рөлінің басқа аспектісі – отбасыдағы басшылық функциялары. «Дәстүрлі әке» өз отбасысына басшы, тәлімгер ретінде қамқорлық танытады. Дәстүрлі әкелер еш жағдайда - өзінің істері мен қызметтік баспалдақта отбасы үшін өздерін құрбан қылмайды.

Қазіргі әкелерге берілген образға сәйкес келу қиын болады. Себебі көптеген отбасыларда асыраушы әкелер ғана емес болып саналады.

Заманауи өркениеттің қауіптерінен балаларды қорғау жеке адамның қашықтық қарым-қатынасқа түсу стилі балалармен қабылданбайды және отбасыдағы бір-біріне деген бөтендік пен қақтығыстарға әкеліп соғады. Осы дәстүрлі модельдің қисынды жалғасы іспеттес «болмайтын/жоқ әке» моделі саналады. Мұндай еркектер үшін әке болу тек қана отбасы мүшесі болуды білдіреді.

«Болмайтын әке» (жоқ болғаны, ең алдымен, психологиялық тұрғысынан жоқ, ал отбасыда ол болады). Ол балаларының күнделікті өміріне мүлдем қарамайды, немесе балаларымен айрылысу арқасында байланысты үзіп алған; басқаша айтқанда, болмайтын әке – өз балаларымен ешқандай қарым-қатынаста болмайтын еркек. Мұндай еркектер үшін әке болу тек қана отбасы мүшесі болуды білдіреді.

«Жауапкершіл әке» балаларды күту және тәрбиелеу үрдісіне белсене қатысушы, бірақ мұндай әкелердің балалардың дамуына қосар үлесі анасынікіне⁵³ қарағанда аз болады. «Жауапкершіл және қамқор әке» - «жаңа еркектің» бір маңызды сипаты.

Әкеліктің негізгі көрсеткіштері: балалармен эмоцияланады жақын болу; баланы күту, қарым-қатынасқа түсу және онымен ойнауға кірісу; балаларға қамқор болу; олардың тән мен рухани дамуына жауапкершілікте болу.

«Жауапкершіл әке» болып жемісті және белсенді әдеуметтік салаға жататын еркектер саналады, олар жеке-материалдық – материалдық-рухани дамудың белгілі деңгейіне жеткен соң, өздерінің отбасыға деген көзқарасын өзгерте бастайды және балаларды тәрбиелеуде қызығушылық танытады. Олар баланы туу үрдісіне дайындалуда тең құқылы қатысушылар болып шығады. Әкелердің өзіне, әйелінің жүктілік үрдісі кезіндегі «ақпараттық кеңістікте» болу, қызық бола бастайды. Болашақ әкелер әйелдеріне тууға көмектеседі, бала туғанда қасында болады, бұл мамандардың айтуынша балалармен эмоционалдық байланысты қылыптастырады, кішкентай сәбилерге күнделікті баппен қарауды жүзеге асырады. Әкелер аналарымен бірге баланы күтеді және ұлдарының да, қыздарының да тәрбиесі мен дамуына белсенді кіріскен болады.

Дамып келе жатқан еркектің түрі ретіндегі **«Жаңа әке»** (new father), отбасысы үшін ғана жауапкершілікте болып қоймай, жұбайымен үй міндеттерін тең бөліседі, және бала күту, олардың дамуы мен тәрбиеленуі міндеттеріне де кіріседі. «Жаңа әке» – бұрынғы модельдерге қарағанда аз тараған түрі және,

⁵³ Кон И.С. Еркектің рөлі мен гендерлік тәртіп //қоғамдық пікір жаршысы. 2008. № 2 (94) наурыз-сәуір, 37-43 б.

көбінесе, батыс мәдениетіне тән болып келеді. Жаңа әкелікке бетбұрыс, көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, XX ғасырдың ортасында қоғамдағы әйелдің рөлінің өзгеруіне байланысты басталған.⁵⁴ Өндіріс үрдісіне әйелдерді тарту, олардың қоғам өміріне белсенді қатысуы еркектердің отбасылық шаруашылық қызметі мен бала тәрбиесіне көбірек қатысуына мәжбүр етті. Берілген тенденцияның дамуына әкелерге аналарымен бірдей бала күту бойынша демалысты беретін көптеген әлемдік мемлекеттердің отбасылық саясаты ықпал етеді.

Әкелікті «белсендіруге» бағытталған әлеуметтік саясаттың барлық шаралары, «Жаңа» - жақсы көретін, қамқор әкенің бейнесі ата-ана мінез-құлқындағы еркектер үшін жаңа салаларда еркектердің қатысуын көбейтуге ықпалын тигізді. Мұндай әкелер мінез-құлықтарының ерекшеліктері ата-ананың рөлінің барлық салаларында эгалитарлық (тең құқылық) принципін болуымен айқындалады. Мұндай әкелер өз балаларымен үнемі қарым-қатынаста, олардың істері мен проблемаларына қатысады, балаларымен көп уақытын өткізеді, олармен ойнайды және оқуда көмектеседі. Мұндай әкелердің сәбилерді үш жасқа дейін тәрбиелеудегі еңбегі мол; егер де дәстүрлі әкелерде мұндай үлесі болмаса, басқа жаңа әкелерде ол ананың үлесімен тепе-тең болады.

Бұл модельдің ең басты ерекшелік белгісі әкесінің үй жұмысы еңбекақыға альтернатива болуын мойындағандығында, сондықтан отбасының өмір сүруінің белгілі бір кезеңінде ол өзінің қызметтік мамандығын тастауға және үй әкесі болуға дайын болатындығында, себебі «...бала үшін жылылық, қамқорлық пен жақындық оны әкесі не шешесі жүргізіп жатқанына қарамастан бірдей жағымды болады».⁵⁵

Мұндай әкенің жұбайылық қарым-қатынасының бұзылуы немесе айырылысуы кезінде анасымен бірге балаларды қамқорлыққа алу жүзеге асырылады. «Жаңа әкелік» еркектерге әлеуметтік стереотиптердің кедергілерін игере отырып, іштей өздерін өзгертуге, мүмкіндік береді.

Ал енді – бірнеше пайдалы кеңестер.

Мектепалды және бастауыш мектеп жасындағы баланың әкесіне нені істеуі керек:

- Ұлыңыз немесе қызыңызға шын көңілмен қуаныңыз!
- Кішкентай адаммен сөйлесе отырып, он есімімен жиі атаңыз.
- Өз балаңызбен бірқалыпты, қамқорлық, көңілдендіретін дауыспен сөйлесіңіз, балаңыз сізге бір нәрсе айтқанда, оны мұқият тыңдаңыз, көзіне қарап, әңгімесін аяқтағанша ешқашан жаңылдырмаңыз.

⁵⁴ Р.В.Овчарова. Ата-аналықты психологиялық қолдау. – М.: Психотерапия институтының баспасы, 2003. – 319 б., 55 б.

⁵⁵ И.С. Кон. Өзгермелі замандағы еркек. – М.: Уақыт, 2009. – 496 б.

• Баламен ойнаңыз, бір уақыт кішкене қызға немесе ұлға айналып кетуді үйреніңіз: сәбиіңіздің әкесімен не анасымен мұндай ойынынан қуанышында шек болмайды!

- Балаңызға не айтқыңыз келгенін нақты және дұрыс айтыңыз.
- Баланы жиі мақтаңыз, ережелерді сақтауға, кез-келген жігерлігі үшін күшіңізді салыңыз.
- Балаға барлығын қарапайым және түсінікті қылып түсіндіру қажет.
- Балалардың өлеңдері, әндері бар дискілерді сатып алыңыз, баланы оны қайта-қайта тыңдай білуге үйретіңіз.

Балаңызда басқа құрбы-құрдастарына айтып бере алатын әсерлері көп болуын қамтамасыз етіңіз: орманға не театрға бару, саяхатқа шығу, балық аулауға, саяжайға бару.

• Балаға үлгі болыңыз: ол сіздің жиі кітап, журнал оқып отырғаныңызды көрсін.

• Балаңызға күнде кітап оқыңыз және оқығаннан не түсінгенін, жағымды кейіпкерін сұрап отыруды ұмытпаңыз.

• Басында баладан «Не?», «Қалай?», «Қандай», сосын «Не үшін?» және «Неліктен?» деп сұраңыз.

• Баланы сұрақ қоя білуге үйретіңіз және олардың әрқайсысына жауап беруге тырысыңыз.

• Баламен бірге ертегілер, тарихтар, ойындар ойлап шығарыңыз; баланың ой-қиялын үнемі дамыту қажет, баланың басқа баламен ойындарын ынталандырыңыз.

• Баланың қабілетін арттырыңыз: баланы қызықтыратын сурет, би немесе спорттық үйірмелерге жазыңыз.

• Баланы үй істеріне қатысуға шақырыңыз.

• Балаға ұнайтын нәрсенің барлығына қызығушылық танытыңыз: сурет салу, коллекциялау, қию, жапсыру.

• Күнделікті сәбимен таза ауада екі сағаттай қыдырыңыз, таңертең және кешке екі сағаттан болса дұрыс болар еді.

• Балаңызды қалжыңды түсінуге үйретіңіз.

• Барлық отбасы қатысатын істерді ойлап табыңыз.

• Баламен бірге оның тегін, атын, мекен-жайын, телефонын, балабақша немесе мектеп телефондарын, мекен-жайын жаттап алыңыз.

• Шыдамды болыңыз!

• Балаңыздың темпераментінің ерекшеліктерін байқай біліңіз. Сәбидің әрекетіне өзіңіздің талабыңызды осы ерекшеліктерге сәйкес құрастырыңыз.

• Өз бала шағыңызды, өз тілектеріңізді, өз қызығушылықтарыңызды жиі еске алыңыз.

• Бала тәрбиесі бойынша кітаптарды оқыңыз.

Ал мыналарды ешқашан да істемеу керек:

- Балаңыз сізбен сөйлесіп тұрған кезде теріс қарамаңыз, тоқтатпаңыз, кетіп қалмаңыз.

- Балаңыздың сізге айтқан әңгімесінің қызықты екенін көрсете біліңіз.

- Балаңыздың сөйлеуін әрбір сөзден кейін тоқтатпаңыз, өзіңіз онымен дұрыс сөйлесуге тырысыңыз.

- Өз балаңызды басқа балалармен салыстырмаңыз. Сіздің балаңыздың өзі бірегей, ол осындай бір өзі ғана.

- 10 жасқа дейінгі ширақ, белсенді баланы көңілсіз жұмыс басына ұзақ отырғызып қоймаңыз, оған кішкене жүгіріп, секіріп алуға мүмкіндік беріңіз, сосын ғана ісін әрі қарай жалғастырсын.

- Баяу балаға бір нәрсені жылдам істетуге тырыспаңыз. Сізбен немесе басқа баламен жарыстыру бұл жерде дұрыс болмайды.

- Балаға тым көп сұрақтар қоймаңыз.

- Ережелермен өмір сүруді, баладан ең қатал тәртіпті талап етумен, бастамаңыз: алдымен оны өзін күту, өз бөлмесін жинау, киім-кешегін жинастыру сияқты қарапайым нәрселерді істеуге үйретіңіз, содан кейін одан дағды мен тәртіпті талап етіңіз.

- Баланы басқа балалар мен ересектердің көзінше сынамаңыз.

- Тәртіп ережелерін сақтаудың тым үлкен тізімін құрастырмаңыз.

- Бала бәрін бірдей есіне сақтап, орындай алмайды.

- Онымен бірге ережелердің үш аймағын құрыңыз және біртіндеп оған жаңа ережелер қоса бастаңыз.

- Баланың мінез-құлқында аяқ астынан болатын жағдайлар, сізге түсініксіз ерекшеліктер сізді мазаламасын.

- Баладан сіздің айтқан қисынды ережелерді, тілектеріңізді, түсіндірулеріңіз бен абстрактты талқылауларыңызды түсінуді талап етпеңіз.

- Себебі анықтамалмағанынша, айқайламаңыз, ашуланбаңыз, баланы жазаламаңыз. Өз балаңызды тыңдаңыз және оған сеніңіз.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, әке мен бала арасындағы рухани жақындылық, әкесінің бала тәрбиесіне белсене қатысуы баланың дамуы мен мінез-құлқына, оның бүкіл өміріне көп факторлы әсерін тигізетінін тағы бір рет атап өтуге болады. Сондықтан ер адамның әйелімен бірге осы күрделі өнерді басынан кешіре отырып, басынан бастап нағыз әке болуға тырысуы қажет, егер де алғашқы екі жылда әкесі балаға қатысты барлық жұмыстарды әйеліне берсе, ол әрдайым барлық мәселелерде басты болып қалуы мүмкін және кейінірек өзіңіздің құқытарыңыз бен міндеттеріңізді жүзеге асыру қиынға соғады.

Әкесінің өз баласын тәрбиелеуге шеттетілген көзқарасы негативтік салдарларға әкеледі:

- ұлдар азамат болудан қалады; баланың көзінше анасының иығында барлық әлем тұрғандай болады: ол отбасының өмірімен байланысты барлық негізгі проблемаларды шешеді;

- еркек – әйелді қорғаушы адам ретіндегі ой бала санасында қалыптаспайды;

- ұлды үй шаруасына баулу өте қиын – көз алдында «ақ саусақты биалай» киген еркетің бейнесі тұрады;

- анасының өзі – шаршаған, ашуланғыш – балалар мен күйеуіне жылылық пен жанға жайлылықтың негізгі көзі бола алмайды.

Ер адамның жақсы әке болуы үшін өзіне мақсат қою керек – отбасыдағы баланы тәрбиелеуге қажетті жағдайларды жасау, олар:

- отбасылық жайлылықтың атмосферасы;
- отбасыдағы үнемді ұйымдастырылған тұрмыс, баланың күн тәртібі;
- өз баласына деген махаббат;
- баланың тұлғасын сыйлау;
- ата-анасының екі жақтық беделі;
- отбасының барлық мүшелері тарапынан, сонымен қатар мектеп мен отбасыдан келісілген біртұтас талаптар.

5.2. Әкелік тақырыбына байланысты тәжірибелік сабақтардың материалдары

Төменде келтірілген тесттерді ата-аналар семинарлары, консультациялық кездесулерде пайдалнуға болады.

5.2.1. «Мен қандай әкемін?» тесті.

Керемет үлгілі ата-аналар болмайды, бірақ өзінің тәрбиелеу мәнерінде қателерін байқау өте күрделі. Ұсынылып отырған тест (негізіне, авторлары А.Я. Варга және Столин В.В., кеңінен танымал болған ата-ана қарым-қатынасының сауалнамасы алынған) өз балаңызды тәрбиелеуде қандай қателіктер жіберетініңізді түсінуге көмектеседі.

Нұсқау: Жиырма бес пайымдамаларды оқып шығып, өзіңіз келісетініңізді белгілеңіз. Әрбір келіскен пайымдамаға 1 ұпайдан қойып отырыңыз.

1. Менің балам өзін әдейі жаман ұстайды, ол әдейі мені ашуландыру үшін істейді.

2. Есейген соң, бала өмірде қиыншылықтармен міндетті түрде кездеседі, сондықтан ата-ана парызы - оны қиыншылықтардан қорғау керек.

3. Балалық шақтағы қатал тәртіп күшті мінез-құлқын тәрбиелейді.

4. Кез-келген отбасылық проблемаларды шешуде баланың пікірін ескеру қажет.

5. Мен баламды өзімен жастылармен салыстырғанда, олар маған ересектеу болып көрінеді.

6. Мен әрдайым балама көмектесуге тырысамын.

7. Менің балам өмірде мен жетпеген жетістіктерге жетсе деп армандаймын.

8. Мен өз баламды аяймын.

9. Жақсы ата-аналар баласын өмір қиындықтарынан қорғайды.
10. Менің баламды барлығы мазақ қылатын сияқты.
11. Мен баламның өсіп, есейіп кеткеніне өкінішпен қараймын, оның кішкентай кезін сүйсініп еске аламын.
12. Маған ата-аналар балаларынан талап етіп қана қоймай, өздері соған үйрену керек сияқты.
13. Балалық шағындағы қатал тәртіп мінезін қалыптастырады.
14. Балама ең жақсы дос- мен өзім деп санаймын.
15. Менің балам барлық жамандықты тез сіңіріп алады.
16. Балалар есейген соң қатал тәртіпке рахмет айтатын болады.
17. Балаңмен жазғы демалысты өткізсең демалу мүмкін болмайды.
20. Ең бастысы-балада лайықты, қамсыз балалық шақ болуы керек.
21. Баламен қақтығыста мен оныкі өзінше дұрыс деп кейде қабылдаймын.
22. Менің баламда ата-аналарынан құпиясы болмау керек деп ойлаймын.
23. Менің балам өз бетінше бәр нәрсені де істей алмайды, ал істесе, міндетті түрде ойдағыдай атқара алмайды.
24. Менің балам кез-келген адамды жынды қылып жібереді.
25. Балалар өз ата-аналарының қателесетінін ерте түсінеді.
26. Баланың оның ата-анасына ұнайтын баламен дос болғаны дұрыс болады.
27. Менің балам өмірге үйренбеген болып өсетін сияқты,

Нәтижелерді қорытындылау:

Мінез-құлық стереотипі

«Наразы әке»	1, 5, 17, 22, 25
«Бетімен жіберуші әке»	4, 8, 12, 19, 23
«Сақтаушы әке»	2, 9, 11, 14, 18
«Өктемшіл әке»	3, 7, 13, 16, 20
«Бала бағушы әке»	6, 10, 15, 21, 24

Мінез-құлықтың бір стереотипі екіншісіне ұқсастықта болатынына назар аударыңыздар. Мысалы, әрбір шкала бойынша 4-5 ұпай алсаңыз, сіз бір мезетте «үнемі наразылықта болатын өктемшіл оққағар әке» болуыңыз мүмкін.

«Үнемі наразы әке».

Ерекше белгілері. Сізге мүлдем ұнау мүмкін емес. Психологтардың айтуынша өз балаңызды шеттету бұл жағдайда терең санадан тыс деңгейде жұмыс істейді. Тіпті әкесі жазғыруын дауыстап айтпаса да, ол бәрібір баласы басқаларға қарағанда әлсіздеу және үлгерімі төмендеу деп іштей қобалжуда болады. Қызы немесе ұлын өзінің өлшемдері бойынша бағалау әдеті баланың нақты жетістіктерін көрмеуге де әкеліп соғады. Мысалы, әкесі – бағдарламашы болса, баласының кез-келген басқа істердегі жемістері оған маңызды болмайды.

Салдары. Қабылданбаған балаларда өзін-өзі төмен дәрежеде бағалау қалыптасады. Өз күшіне сенімсіздікпен қарайтын, ол өздігінше әрекет ете алмайды. Оның үстіне, тәрбиенің мұндай стереотипі бойберместік пен тіл

алмаушылыққа әкелуі мүмкін– әкенің махаббатының болмағандығынан бала әдейі өзін ата-анасын ашуландыру үшін осылай көрсетеді.

Түзету жолдары. Жоғарыда аталған барлық дұрыс тәрбиелемеудің бес түрінің ішінен осы стереотипті түзету қиынырақ болады. Әдетте ата-ана махаббаты көзсіз және уақытта шексіз болады. Проблеманың қайнар көзі әкесінің балалық шағында, кездейсоқ жүктілікте және т.с.с болуы мүмкін.

Егер сіз әкелердің осы санатына жататын болсаңыз, тіпті жасырын камерамен үйде не болып жатқандығының барлығын түсіргенге дейін, өзіңіздің мінез-құлқыңызға сырттан қарап көріңіз (осыны істеп көруге тырысыңыз). Жасалған бейнежазбаны көру баланы қабылдамауыңыз - өзіңізге жағымсыз шындықты документалды растауға көмектеседі және де, мүмкін, неліктен наразылықта болатыныңызды түсінуге де септігін тигізер.

«Сақтаушы әке»

Ерекше белгілері. Сақтаушы (әке өзінің баласы жайлы біреуге айтып жатқанда ойланбастан «Біз» деген сөзді қолданады («Біз балабақшаға барамыз», «Біздің ішіміз ауырады»). Мұндай әке өмірі бойы баламен қарым-қатынасын призма арқылы ғана қарайды: ол жай ғана ақша тауып қоймайды – ол осының бәрін баланың болашағы үшін істейді. Мұндай әке баласын өзінің тұлғасының жалғасы ретінде қарастырады, бірақ, сәбидің өз қызығушылықтары мен мүдделері бар жеке тұлға екенін түсінбейді.

Салдары. Тым жақын қарым-қатынастың салдарынан бала ересек адамның көңіл-күйне тәуелді болып тұрады. Егер әкесі мұңая қалса, баласы да қобалжиды. Бәрінен де есейген балаға қиын болады – қарым-қатынастың осындай дұрыстыққа жанамайтын тәжірибесін алып, ол адамдарға дәл осындай тығыз эмоционалды қарым-қатынасты алу үшін ұмтылатын болады. Бірақ, бұл жағдайда оны түңілулер күтіп тұруы ықтимал. Сондықтан тура осындай тұлғалар тәуелділікке бейім болады: нашақорлыққа, алкогольге, құмарлық ойындарға.

Түзету жолдары. Егер сіз «Сақтаушы әке» болсаңыз, онда психологтар баладан басқа нәрсемен айналысуға нұсқау береді.

Қызығушылықтың күшті болуына байланысты сіздің баланың өмірін бұзуға уақытыңыз азырақ болады. Сонымен қатар, өзіңізден бұрынғы міндеттерді түсіріңіз – балаңыз өз мәселелерінің кейбіреуін өзі шешуге тырыссын. Сонымен бірге балаңызға мінез-құлықтың әртүрлі типтерімен танысуы үшін басқа адамдармен байланысқа түсуіне мүмкіндік беріңіз, мысалы, спорт секциясына жазыңыз.

«Өктемшіл әке»

Ерекше белгілері. Өктемшіл типтегі әкелер көбінесе өз ата-аналары тарапынан да өктемшілдік көрген отбасыларда кездеседі. Мұндай әкеде ұлымен немесе қызымен қарым-қатынасы негізінде үнемі қатал шектелген және қатаң ережелермен бақыланған. Айтпақшы, ең қызығы: әкесінің беделі оның біліктілігі мен дағдысына емес, оның жасының үлкен болғандығына негізделеді.

Салдары. Сәби кезінде әкесінің өктемшілідігінен басылып қалған және қыңырлық танытуға болмайды деп үйретілген бала есейе келе сол күйімен өз эмоцияларын сөзбен жеткізіп үйрене алмайды. Ол кез-келген қайғыны басынан қиын қылып өткізеді, ол ішіндегісін шығара алмай, өзіне көмектесе алмайды. Ал бұл психосоматикалық проблемалардың пайда болуына бірінші қадам. Осындай өктемді жанұяда өскен балалар үлгілі және көнгіш болады. Бірақ та, оларға шығармашылық батылдық пен ақылының орамдылығы жетіспейді, бірақ нақты қойылған міндеттерді олар басынан аяғына дейін орындап шығады.

Түзету жолдары. Егер де сіз баланы басқаруды тоқтата алсаңыз, бұл өте жақсы. Бірақ, аяқ аястынан өзін қайта түзету барлығының қолынан келе бермейді. Берілген жағдайдан шығар жол – ұлымен немесе қызымен өзін қалай ұстау керек екендігінің ережелер жинағын құрастыру. Сонымен қатар, баламен ойыншының жасына, оның күші мен пікіріне тәуелсіз ойындарды ойнау керек.. Тамаша нұсқа – «Монополия» және лото, немесе осы ойындарды сіздерден кім болса да ұтып алады, сондықтан өзіңіздің өктемшілдігіңізбен балаңызды баспайсыз.

Тек қана басшылық жүргізуді ғана емес, бірақ солармен тең дәрежеде бола алатыныңызды балаға көрсетуге тырысып, өзіңізді қолыңызда ұстаңыз.

«Бетімен жіберуші әке»

Ерекше белгілері. Мұндай әкенің баласы, былайша айтқанда, әкесінің төбесіне шығады. Бірақ әкесінің тарапынан ешқандай сөгіс естімейді, себебі қалыптасқан тұлғаға ұрсуды жөн көрмейді (тіпті ол үш жаста болса да). Бетімен қоя беруші әке оның баласының айналадағыларға қандай ыңғайсыздық әкелетінін сезбейді. Егер де бөтен біреулер сәбиге ескерту жасауға тырысса, ол бірден оған жаугершілік көзқарас таныта бастайды. Баласының жағымсыз мінез-құлқының себептерін іздегеннің орнына осы әрекетін ақтауға себеп ізделеді де, әрине, табылады.

Салдары. Кезінде тәртіптің шекаралары берілмеген бала әлеуметтің мағынада нағыз жабайы болып өседі. Қоғам бұл жабайыны қабылдамайды, ал оның көптеген әрекеттері дөрекілік пен арсыздық ретінде қабылданады. Егер сәбидің барлық «Істегім келеді» дегеніне көне берсе, қоғамда жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды дөрекі бұзатын психопаттық тұлға қалыптасады. Оның үстіне өзі осындай адам ешқашан неге оған осылай қарайтындығын түсіне алмайды. Оның эмпатиялық сезімі отбасылық қарым-қатынастың әсерінен сол күйі дамымай қалды, сондықтан ол оған біреудің ренжуін мүлдем түсінбейді.

Түзету жолдары. Бұдан былай сізге сезімдермен емес, ақылмен әрекет ету керек. Балаңыздың кез-келген ісіне бөтен адамның көзімен қарауға тырысыңыз. Әрине, ақырында сіз кінәланған баланы кешіресіз, бірақ өзінің әрекетінің кері байланысын міндетті түрде сезінуі қажет – тіпті, кішігірім ренжігеніңізді де өткізбеніз. Сіз балаңызға күнделікті оның әрекетінің жақсы не жаман екенін түсіндіруге міндеттісіз. Егер сіз өзіңізге ие бола алмасаңыз және сол қалпы балаңызға көне берсеңіз, қатал бала күтушінің жалдаңыз.

«Бала бағушы әке»

Ерекше белгілері. Бұл әке өз баласын оның нақты жасынан кішірек қылып қабылдауымен сипатталады. Ол баласына өздігінен бір қадам жасатпай, үстінен шаңын қағып отырады (Құлап қалады! Қорқып кетеді! Көңіл-күйі бұзылады!). Сонымен қатар, баланы өмрдің кез-келген қиындықтарынан қорғап қалуға ұмтылу баласына деген табиғи махаббатқа байланысты болады, мұндай әрекет әкесінің ішкі проблемасымен түсіндіріледі. Мысалы, бұрынғы кездері баламен болған қандай да бір қайғының қатты әсер етуі мүмкін (кейде тіпті жеке басындағы емес). Немесе, мысалы, әкесі оның алдында бір әрекеті үшін кінәлі сезінеді. Сізді бала бағушы әкеге айналдырған себепті түсіну – ол, біріншіден және негізінен, пайда болған жағдайды түзетудегі ең басты қадам.

Салдары. Балаға қойылатын талаптар оның нақты мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді, ол қыңыр болып өседі.

Мұндай ерке болып өскен сәби ата-анасын да және басқа қоршағандарды да келешекте өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәсіл ретінде ғана қабылдайды. Сонымен бірге, оның өзімішділігінен зардап шегіп жүрген кезде, оның өзінің бойында замандастарының ортасында бейімделуде қиындықтар пайда болады: бала бақшасында топ есіктің алдына тізіліп тұра қалады, ол ол тәрбиеші өзін киіндіргенше күтіп тұрады.

Түзету жолдары. Ең сенімді жолы –баланың дамуының негізгі нормативтері жазылған жақсы кітап оқып көріңіз және онда жазылғандардың барлығына сену керек. Содан кейін өз балаңызға осы нормативтерді өздігінше игеруге мүмкіндік беріңіз. Демекші, мамандар тағы бір байқаған жағдай, бала күтуші әкелер бір баласы бар отбасыларда сирек кездесетінін анықтады. Сондықтан алдын-алу шаралары ретінде отбасыда тағы балалар болғаны дұрыс шешім болады.

5.2.2. «Әкелердің қандай түріне жатасыз?» тесті.

Нұсқау: әкелердің қандай түріне жататандығыңызды анықтау үшін ұсынылған сұрақтарға: «келістім» - 2 ұпай, «онша келіспеймін» - 1 ұпай, «келіспеймін»- 0 ұпай қою арқылы біліңіз.

Келесі пайымдамалармен келісесіз бе:

1. Ер адам кішкентай баладан гөрі, ересек балалармен жұмысты жақсы игереді.
2. Айырылсқаннан кейін балалар анасымен қалу керек.
3. Әдетте жақсы күйеу-ол жақсы әке де болады.
4. Еркектер әйелдер сияқты сезімдерін ашық білдірмеу керек.
5. Бала тәрбиелеуде әкенің пікірі шешуші болады.
6. Бала туғаннан кейін әйелі күйеуіне аз көңіл бөледі.
7. Жаман әкеге шыдағанша, әкесіз өскен жақсы.
8. Әйелі күйеуінен не нәрсені жақсырақ істейді деп саналатындықтан, әйелдің өзі-ақ баланы тәрбиелесін.
9. Егер бала бір нәрсені істей алмай жатса, шешесінен көмек сұрау керек.

10. Балаға деген махаббатың күшті болса, оны тәрбиелеу жеңілірек болады.

11. Әкесі баласының тәрбиесіне әйелі сұраған кезде ғана кірісу керек.

12. Ата-аналары айырылқан соң шешесімен қалған кішкентай бала әкесінің жоқтығын мүлдем сезінбейді.

13. Шешелер әдетте балаларын тым еркелетеді.

14. Әкелерге жазғы демаласын отбасысымен өткізген дұрыс.

15. Ұл бала кішкентай кезінен-ақ қызға қарағанда басқаша тәрбиелену керек.

16. Кейбір балалар анасынан гөрі, бос уақытын әкесімен өткізгенді дұрыс көреді.

17. Сізде әйеліңіз үшін балаңыз сізден гөрі маңыздырақ болатындай сезім болады.

18. Тәрбиенің барлық мәселелерінде сіз әйеліңізді жетістікті түрде алмастыра аласыз.

19. Бала анасынан гөрі, әкесін қатты сыйлау керек.

20. Сіздің әйеліңіз балаңызбен сіз айналыса бастағанда кірісе береді.

21. Қажет болса күйеуі жаңа туған баланы күтуді әйелінен де жақсы атқарады.

22. Әкесі ұлынан гөрі, қызына маңыздырақ.

23. Сіздің әйеліңіз сізді дұрыс тәрбиелеуші ретінде қабылдамайды.

24. Отбасыда әже болса, баланы тәрбиелеу оңайға тиеді.

Ал енді сұрақтардың әрбір тобында қанша ұпай жинағандарыңызды есептеп көріңіздер (топ типке сәйкес келеді).

Бірінші: 1, 4, 5, 12, 13, 15, 19, 22.

Екінші: 2, 6, 8, 9, 11, 17, 22, 23.

Үшінші: 3, 7, 10, 14, 16, 18, 21, 24.

БІРІНШІ ТҮРІ – «Дәстүрлі». Әке – отбасы басшысы және бала тәрбиесі мәселесін шешудегі соңғы бекет. Кейде ол тым катал болады; балалардан өзі міндеттерін орындауды талап етеді. Балалар өздерін ұстамды, қалыпты ұстайды, себебі олар әкесінің олардың сезімдері мен тілеулерін білмейтінін сезеді.

ЕКІНШІ ТҮРІ – «Болмайтын/жоқ». Номиналды түрде болады, ал негізінде болмайды. Бұл күйеуінің әйеліне бала тәрбиесінде толық бостандықты беріп қойған кезінде болады. Ол бұл мәселеде әйелінің орнын бәрібір бас алмаймын деп ойлайды және де жұмысбасты болып жүреді. Оның негізгі міндеті – отбасыны қаржымен қамтамасыз ету. Тіпті бос кезінде де ол балалармен айналысуға құмартпайды. Уақыт өте бере балалар өзіне салқын қарайтындығы таң қаларлық емес.

ҮШІНШІ ТҮРІ – «Заманауи/қазіргі заманғы әке». Балалармен қарым-қатынаста болу, оларға қамқорлық таныту – қалыпты табиғи құбылыс. Ол балаларын жақсы көреді, оларға онысын көрсетуге ұялмайды, үлкен балалармен ойнай алады, тіпті кішкене сәбилерді күтуге де дайын тұрады.

Балалар өте жақсы көреді. Өзінің ең асыл тілектерімен олар анасынан гөрі, әкесімен бөліседі. Сіз өзіңізді әкелердің қандай түрлеріне жатқыссаңыз да Агния Бартоның сөзімен айтқанда: «Қандай болсын әкелер керек, қандай болсын әкелер маңызды» екенін ұмытпағаныңыз жөн. Баланың мінез-құлқының, жеке көзқарасының, өмірлік жолын таңдауының, өмірде өз орнын түсіне білуі үшін! «Әкесіздік» деген сөздің өзі үкім сияқты айтылатыны жай емес қой. Әкесінің назарынан тыс қалған балаларда балалық шағы да, тіпті бүкіл өмірі де ауыр болмақ.

5.2.3. «Сіз жақсы әкесіз бе?» тесті

Бұл нәтижелерді кекесінді комментарийлеумен берген тест. Сондықтан, осындай мысқылдың орынды болатын жерінде ғана пайдаланаңыз.

Нұқсау: сұрақтарға шынайы жауап беріңіз. Сонда жақсы әкеге лайықты екендігіңізді білесіз.

Иә	Кейде	Жоқ
1. Баланың қойған сұрағына сіз «Көп білсең-тез қартаясың», «Өскенде өзің білетін боласың» деген сөздермен жауап қайтара саласыз ба?		
0	2	5
2. Сіз балаңызға неліктен тыйым салғаныңызды түсіндіресіз бе?		
4	2	0
3. Өз балаңыздың адресіне келеке ететін ескертулерге жол бересіз бе?		
0	0	5
4. Жақсылап тұрып ұрып алу әлі ешкімге де жаман болған емес деген пікірді қолдайсыз ба?		
0	2	5
5. Баланың өзінде құпиялары болу мүмкін деп есептейсіз бе?		
3	2	0
6. Балаңыз ыдысында тамағын қалдырып қойса, сол үшін ұрысасыз ба?		
0	1	4
7. Балаңыздың кемшіліктерін біле тұра, оның жетістіктеріне қуанасыз ба?		
3	2	0
8. Балаңызбен уақытты шынай көңілмен өткізесіз бе әлде мәжбүрлікпен өткізесіз бе?		
5	1	0
9. Сізге оның әңгімесінің тыңдап, онымен ойнаған, тіпті жанында жай болғанның өзі ұнай ма?		
5	2	0
10. Балаңыз сізді қатты ашуландырғанда өзіңізді сабырлы ұстай аласыз ба?		
5	2	0
11. Балаңызды сынағанда сіз оған «мен болсам сенің жасыңда..» деп жиі айтасыз ба?		
0	2	5

12. Оны әділетсіз жазалып, ренжіктеніңіз үшін баладан кешірім сұрай аласыз ба?		
5	3	0
13. Балаға берген уәдеңізді ұмытасыз ба?		
0	2	5
14. Балаңыз бір жағдайда көмек қажет қылса, сіз жұмысыңыздан немесе қызықты телехабардан басыңызды ала аласыз ба?		
5	2	0
15. Әйеліңіз жоқта балаңызға тағы ас (түскі, кешкі ас) дайындап бере аласыз ба?		
4	2	0
16. Оған сабағын дайындауға көмектесеіз бе (бала бақшадағы тақпақты)?		
5	3	0
17. Оны бала бақшадан, мектептен, үйірмеден қарсы аласыз (алып кетесіз) ба?		
5	2	0
18. Оның немен айналысатынын, сүйікті ойыншықтарын, ойындарын білесіз бе?		
5	3	0

Ұпайларды есептеген соң:

80-нен 83-ке дейін – сіз тіпті үлгілі әкесіз! Құттықтаймыз! Ду қол шапалақ! Қанат бітті екен бе сізге? Ал егер қалжыңсыз айтатын болсақ, кей жерлерде сіз тіпті өзіңіздің маңыздылығыңызды артықтау қылып жібергенсіз... тіпті, кішкене ғана... Солай ма?

60-тан 79-ға дейін – сіз кей-кезде көңіл бөле білетін, кей-кездері беймаза болатын бірқалыпты әкесіз. Балаңызбен уақытты жиі өткізесіз, өзіңіздің қызметіңізді «+5» орындайсыз. Бірақ, сізге мұнайда қызметіңізді орындау маңыздылығынан гөрі, баланың сезімі артық екені сезінбейді ме?

35-тен 59-ға дейін – сізбен балаңыз жалығып, зерікпейді. Балаңызбен әрдайым не ойнап, не туралы сөйлесу керектігін білесіз. Тек қана, кей уақытта болмашы нәрселерден қателіктер жібересіз. Бірақ, шыдамдылық керек, сонда сіз «керемет» әке бола аласыз.

19-дан 34-ке дейін – өкінішке орай, өз әрекеттеріңізде бірізді емессіз. Сіз «кейде» ғана үнемі жасалатын әрекеттерді жасайсыз. Есіңізде ұстаңыз: балалар да уақыт өте келе сізді «кейде» елемеуі мүмкін.

18-ден төмен алған әкелерге – балаларыңызға жанымыз ашиды дегіміз келеді.

5.2.4. «Әкелерге өсиет» жадынамасы

1. Баланы кемсітпеңіз.
2. Әдепке үйрете адамсынбаңыз.
3. Барлық жағынан оған беделді болыңыз.
4. Баланы әрқашан мұқият тыңдаңыз.

5. Онымен араласуда оның бойында жағымсыздық пен жек көрушілікті тудыратын сөздерден аулақ болыңыз.
6. Уәделерді қорқытумен алмаңыз.
7. Бетінен қақпаңыз.
8. Балаға тұлға ретінде қараңыз.
9. Қатал және мейірімді бола біліңіз, себебі, «Әкенің қаталдығы – тамаша дәрі: онда ащыдан гөрі тәттісі көбірек» (Эпитет, ежелгі грек философы, тарих).

6 ТАРАУ. ІШКІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС. БЕЙІПЛАУЫЗДЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ ҰЛТ МӘДЕНИЕТТІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУДЫҢ ШАРТЫ

*Маған белгілі жалғыз ғана бір байлық –
адамдар қарым-қатынасының байлығы.
Антуан де Сент-Экзюпери
Сөз – ойдың айнасы.*

Сенека

6.1. Отбасыдағы қарым-қатынас және оның бала тұлғасына ықпалы.

Отбасыдағы қарым-қатынас оның өмір сүру қызметінің негізгі кезеңі болып табылады, оның қызмет ету тиімділігін, даму мен өсудің ресурстарын анықтайды.

Қарым-қатынастың позитивтік дағдылары отбасыға дағдарыстармен күресуге, қиын жағдайларды ұтымды жолдар таба білуге (оларды арасында – өте ежелгілері де бар: кіммен аралассаң соған сеніп, соны сыйлау; оның саған деген көзқарасы жақсы екеніне сену; адам- ең жоғары құндылық және онымен сыпайы, ұқыпты, әдепті түрде араласу керек) көмегін тигізеді.

Салауатты отбасы, былайша айтқанда, әрбір адам өзінің үздік қасиеттерін көрсетуге және өзінің кемшіліктерін жоюға мүмкіндік алатын отбасы сипаттарын ойластыра отырып, атақты американдық психолог және отбасылық психотерапевт Вирджиния Сатир (1916-1988) қарым-қатынас сапасын үшінші орынға қойып отырғаны кездейсоқ емес.

Осы сипаттарға назар аударыңыз⁵⁶:

1. Отбасының әрбір мүшесі басқаларымен тең дәрежеде қабылданады.
2. Отбасыда бір-біріне сенімділік, ашықтық және адалдық қалыптасқан және қолду табады.
3. Отбасыдағы қарым-қатынас – конгруэнтті (отбасының әрбір мүшесі өз сезімін «Екі қақпансыз», мәжбүрлі болудан аулақ болып, шынайы білдіре алады).
4. Отбасы мүшелері бір-бірін қолдайды.
5. Отбасының әрбір мүшесінде отбасыға жауапкершіліктегі өз бөлігі бар.
6. Отбасы мүшелері барлығы бірге демалғанды ұнатады: отбасы болып бірге рахаттанып, қуанған олар үшін маңызды.
7. Отбасыда дәстүрлер мен салт-дәстүрлер бар, олар құрметтеледі және сақталады.
8. Отбасы мүшелері әрбіреуінің ерекшеліктері мен бірегейліктерін өздеріне қабылдайды.
9. Отбасының әрбір мүшесінің сезімдері қабылданады және талқыланады, әрқайсысы өзін қобалжытып жүрген мәселелерді ортаға сала алады, себебі оны тыңдап қана қоймай, түсінетініне сенімді болады.

⁵⁶ В. Сатир. Отбасы психотерапиясы. «Ювента» баспасы, Санкт-Петербург, 1999, 283 б.

Бұл тізім бойынша ойлану керектігін сезінесіз бе? Ол бізге қарапайым болып көрінетін нәрселер туралы ойлануға мүмкіндік береді. Себебі барлығымыз қарым-қатынасты бір қарапайым, адамға ауадай қажет нәрседей қабылдаймыз емес пе. Бірақ біз бұл ауа мен атмосфераны өзіміз құрайтынымызды ұмытпауымыз керек. Және де қоршаған адамдармен, балалармен қарым-қатынас жасауды үйрену, өз бойында осы үшін қажетті қасиеттерді дамыту - бұл біздің күнделікті міндетіміз. Ата-аналар да, педагогтар да балалардың қарым-қатынасқа түсе білуін, мейірімді және әдепті болуын қалайды. Бұған қалай қол жеткізуге болады?

Бәрінен бұрын, есте сақтау керек: ата-аналардың қарым-қатынас стилі – бала үшін үлгі болады. Отбасыңыздағы қарым-қатынас мәдениетін дамытыңыз, барлық тақырыпта сөйлесіңіз, сізді қобалжытып жүрген түгел мәселелерді ортаға салыңыз, қазір болып жатқан жағдайды және үш жыл, төрт жылдан соң он жыл өткенде неге ұмтылатыныңызды талқылаңыз.

Отбасыда қарым-қатынас барда, онда отбасылық жайлылық та бар. Адамдар бір-бірімен байланысын үзсе, бір-бірін түсіне алмайды және де қызықсыз бола бастайды: күйеуі әйелін түсінбейді, ата-аналары балаларын. Ата-аналар «Қай кезде қарым-қатынас жасаймыз: жұмыс, үй тапсырмасын тексеру, кір жуу, үтіктеу, тіпті күш жетпейді» дегенді жиі айтады. Алдамаңыз! Себеппі салдармен шатастырмаңыз! Көбінесе отбасыдағы бір мүшенің екіншісінен көбірек жұмыс атқаратындығынан уақыттың аз болуы мүмкін, жәнеде «Шын көңілмен» қарым-қатынас жасап, әңгімелесудің болмағандығынан да уақытыңыз жетпей жатады. Егер де сіз қарым-қатынас жасап үйренсеңіз, серіктесіңізге бірқалыпты және сенімді түрде өз арман-талаптарыңызды жеткізе білсеңіз «Уақытым жетпейді, үйде жолдасым да көмектеспейді» дегеннен біржола құтыласыз. Ал өз балаларыңызға отбасылық бақыттың сипаттарын біртіндеп сіңіре бересіз. Ата-аналар отбасысындағы ынтымақтастық олардың әрі қарай өмірін құрастыруға көмегін тигізеді.

Отбасылық қарым-қатынас теңізіндегі компасы болып келесі ережелер қарастырылады:

1. Отбасының әрбір мүшесін сыйлаңыз. Сыйлау – пікірімен, әдеттерімен, мүдделерімен, талғамымен санасу. Басқаларды сыйлай отыра, ақылды өзіңізді де сыйлаңыз: өзін сыйламаған адамды сыйлау қиынға соғады.

2. Бір-біріңізбен тек қана әңгімелесіп қоймай, тыңдай біліңіз.

3. Бір-біріңе жол беруді үйреніңіздер, демек, басқа адамның қажеттіліктерімен санасу қажет. Саналы ой көрсетіп, қақтығысқа апармаңыз. (Дейл Карнегидің кеңесін ұмытпаңыз: «дауласқанда жену үшін бір-ақ жолы бар – оған кіріспеу»⁵⁷).

4. Әдепті болыңыз, басқаларды сіздің кеңесіңізді тыңдамаса да, кемшіліктері үшін сөкпеңіз. Одан да қиын жағдайда не істеу керектігін тағы бір рет ақылмен кеңес беріңіз.

⁵⁷ Д. Карнеги «Достарды қалай жаулап алу керек және адамдарға ықпалынды қалай тигізу керек», «Современный литератор», 2006 ж.

5. **Өз проблемаларын өздері шешеді**, үшінші адамдарды қоспайды, баланы қатыстырмау және көзінше шешпеу арқылы.

6. **Бір-біріңізге деген өкпенізді үшінші адамға айтпаңыз**, тіпті ол аналарыңыз немесе достарыңыз болса да.

7. **Жайдан-жай ренжіменіз**;

8. **Отбасыға** балалармен, ересек балалармен және отбасының басқа мүшелерімен **келісіп алмай, қонақ шақырмаңыз**.

9. **Балаларды тәрбиелеудің бірыңғай ережесін жасап алыңыз**: талап, жазалау мен ынталандырудың келісілген бірыңғай жүйесі.

10. **Отбасыдағы басқа мүшелердің хаттары мен жеке жазбаларын оқымаңыз**. Бөлмесіне кірерде (тіпті баланың бөлмесіне) есік қағу қажет. Ағылшын тілінде тіпті мұндай әрекетке арнайы термин де бар: **privacy** - отбасының әрбір мүшесінің құқығын сыйлау (жеке кеңістікке деген).

11. **Туыстарыңызды балалардың көзінше**, ал балаларды басқа адамдардың көзінше **жамандамаңыз**.

12. **Жұмыстағы қарым-қатынас стереотиптерін үй жағдайына ауыстырмаңыз**: үйде барлығы тең құқылы, тіпті басқасы сізден екі есе артық тапса да.

13. **Ұрыстардан кейін (олар болады, әрине!) ұзақ уақыт үндемей қоймаңыз**, жақындарыңызды бұлай жазаламаңыз. Ол эмоционалдық сууға және алыстауға әкеліп соғады. Сізге бұл қажет пе?

14. **Бір-біріңізге қамқорлық танытыңыз**, басқалары сіздің жақсы көретіндігіңізді сезінсін.

15. **Бір-біріңізді қорламаңыз, тіл тигізбеңіз**. Сабыр сақтап, «салқындауға» уақыт беріңіз. Бірқалыпты, жайбарақат сөйлесуге тырысыңыз. Әйтпесе, адамды сіз шеттетесіз, және қақтығысыңыз ұзарып кетеді.

16. **Бейпіл сөздерді пайдаланбаңыз** – ол өздеріне сенімсіз адамдардың қаруы! Боқтап сөйлеу – бұл жағымсыздық жиынтығы ғана емес, бұл адамның рухани дүниесін жегідей жейтін у сияқты, оның адамгершілік- рухани қасиеттерін құныдылқтарын өлтіреді. Дәрекілік өзіңіздің әлсіздігіңізді жасыруға мүмкіндік береді және толық жеңіліске тең келетін сенімсіздікке әкеледі.

Бұл тізімдегі соңғы, 16-ші туралы ерекше айта кету керек. Себебі боқауыздық, бейпіл сөйлеу қазіргі кезде жастардың нормасы, қазіргі заманның белгісі болып кеткен. (бір мектептің оқушыларынан сауалнама жүргізгенде боқауыздықты ең басымдылық әдеттердің бірі деп оқушылардың 78% атап өтті).

Мұндай құбылыстар соңғы кездері, өкінішке орай, көптеген адамдарда кездеседі, әсіресе жастар қатарында. Бұл балалардың бейпіл-, боқауыздылық болуының себебі неде? **«Копролалия»** (грек сөзінен копрос – боқ, кір және лалия – сөз) – осылай медицинада аурушандық, кейде жеңдірмейтін боқтауға деген, еш себепсіз, тартынымды атайды. Әдетте көпшілік бейпілауыздылық 7-сыныптан басталады, бірақ кейбір балалар боқтауды ерте жасынан бастап үйренеді.

Бастауыш сынып оқушылары бейпілауыз сөздерді үлкендерден естігендіктен пайдаланады және олардың қалай айтылатынын, басқаларға қалай әсер ететінін көргісі келеді. Кейде олар жай ғана өзінің сүйікті кейіпкеріне ұқсағысы келеді. Егер кішкентай бала жиі боқтанып сөйлесе, мүмкін, оның отбасысында ыңғайсыз жағдайлар жиі болып тұратын шығар. Ол басқаша сөйлей алмайды (отбасыда осылайша ғана тілдеседі); немесе бала кез-келген қырымен өзіне назар аударуды талап етеді.

Әдетте жасөспірім балалар өз орталарында ғана бейпілауыз болады. Бұл олар үшін өзін-өзі тағайындаудың, өзінің есейгендігін темекіні, алкогольды, нашаны пайдалану арқылы дәлелдеу тәсілі ретінде көрінеді. Оқушылар боқауыз сөздерімен ата-аналарын, мұғалімдерді елең еткізгісі келеді, оларды ашуландырып, олардан өзінің эмоциналдық тәуелсіздігін білдіргісі келеді. Әдетте ер балалар қыздардан гөрі көбірек боқтанады. Ал қыз балалардың аузынан ол одан да жаман естіледі.

Боқтықты пайдалану алкогольді, никотинді, есірткіні пайдалану тәуелсіздігімен парапар болады, бұл үрдісте үш кезең қарастырылады. **Бірінші кезең:** адам боқтықты бірінші рет естігенде ұялып, жиіркеніште болады. **Екінші кезең:** компания үшін, немесе босаңсу үшін адам өзі осындай жаман сөзді бірінші рет пайдаланғанда. **Үшінші кезең:** адам мұндай сөзге үйрене бастайды, ол енді оны пайдалануға ұялмайды. Әрі қарай адам осы сөздерді айналадағыларды байқамастан, кеңінен пайдалана береді. Одан кейін – ол тіпті боқауызсыз түсінісе алмайтын болады, басқа жақсы сөздерді ұмытады.

Егер балаңыз осындай сөздерді пайдаланса, не істеуіңіз керек?

1. Балаңызға сіз үшін бұл сөздің үзілді-кесілді ұнамайтындығын терең түсіндіріңіз.

2. Бұл пайдаланған сөзі сізді ренжіткендігін, сізге ұят болғанын түсіндіріңіз.

3. Балаға бұл жағымсыз, лас сөзді ешкімге айтпасын деп нақты тапсырыңыз. Тек қана жаман балалар мұндай сөздерді қолданады. Сен ондай емессің ғой?

Балаға сіздің айтқандырыңыз бірден әсер етпеуі мүмкін. Бірақ ол бәрібір сізді естіді, тек қана сөздің сөздеріңіз оған бірден әрекет етпейді.

4. Егер сіздің көзіңізше балаңыздың достары боқауыз сөздерді пайдаланып тұрса, онда нақты және бірден өз ұстанымыңызды білдіріңіз: «Біздің үйде мұндай сөздерді пайдаланбайды!». Қонақтар тараған соң, міндетті түрде осы жағдайды балаңызбен талқылаңыз.

Егер үйде боқауыз сөзді пайдаланбаса, уақыты өте келе баланың аузынан бұл сөздер өздігінен кетеді. Бастысы – балаға оның жақындары боқтық сөздерді пайдаланбайтындығын, оның аузынан естігенде ауыр әсер ететіндігін миына сіңіру керек.

Басқа да зиянды әдеттер сияқты жастардың аузынан шығатын боқтық сөздерің тарауы неліктен көкейкесті проблема болып отыр?

Себебі сөз – ол тек қана дыбыста жиынтығы емес, ол адамның рухани жағдайы жайлы көптеген құпияларды ашып бере алады. Сократ “Адам өзі қандай болса, сөзі де сондай» деп анықтама берген. Сөз шебері, атақты сөздіктің авторы В.Даль: «Тілмен, адам сөзімен, сөйлеу тілімен жазасыз әзілдесуге болмайды; адамның сөз сөйлеуі – ол көрінетін, сезілетін байланыс» деп жазған.

Ғылыми тұрғыдан қарағанда нормативті емес лексика (бейпілауыздылық) айтушының сөйлеп тұрған адресатын төмендету, мінеу, сөгу, ұятқа қалдыру мақсатымен айтуын білдіреді, оның үстіне бұл дөрекі түрде болады. Жаман сөз ішімдік, темекі сияқты өкпеге бармайды, асқазанды күйдірмейді, бірақ, соған қарамастан, адамзат адамгершілігінің бейнесі осы боқауыздылықты қабылдамайды. Сөз, дауыс, тіпті сөйлеу мәнері де бізге ықпал етеді. Сөз емдейді және жаралайды. Адамның психикасы сөздің алдында ашық. Жүйке жүйесі жалғыз ғана бір ауыз дөрекі, әділетсіз немесе сыйласымсыз айтылған сөзден тозуы, қажуы мүмкін.

Жүйке тамырлары бүкіл адам денесіне «Жамандық!» деген белгілерді береді. Дәрігерлер себебін анықтай алмайтын аурулар туындайды. Осы кезде жүрек пен қан тамырлары бірінші кезекте ауруға шалдығады. Сондықтан, адам ағзасы жағымсыз әңгімелерге жүрек және ми спазмаларының болуына әсерін тигізеді. Және де, байқаңыз, жағымсыз сөз бірнеше минут қана әрекет етеді, ал оған көңіл бөліп әрекет жасау көптеген сағаттарға, тіпті күндерге жалғасады!

Сол жаман сөздердің айтқандардың өзіне де бейпілауыздылық негативті әсер етеді. Жаман сөз – жаман әдеттерді тудырады, жаман әдеттер – жаман әрекеттерге жетелейді. Бейпілауыздылық артықшылық, дұрыс еместігін білдіре отыра, адамдарға орасан зор зиян әкелетіндігімен қауіпті!

Балаларын жұқпалы, тұмау ауруларынан қорғаушы ата-аналар неліктен олардың жүйке жүйесіне қаталдықпен қарайды?

Бұл жерде мәселе ересектердің өздерінің келтірген зияндарын сезінбейтіндігінде ғана емес, сонымен қатар, олады шыдамдылығының жетіспеуінде, сондықтан тәртіпсіз, адамды балағаттайтын сөздер балаларды ақыл-санаға үйретудегі әдепсіз дағды болып қалыптасатындығында.

Дөрекі сөздер және шексіз айғайлар адамның өзіндік мендігін балағаттайды, олар отбасыдағы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты күрделендіреді, дөрекілік, ересектердің талаптарына іштей қарсылық білдіру, демек, баланың, үлкендердің жүйке жүйесін одан бетер бұзатын жаңа қақтығыстарды - кері реакцияны әкеледі.

Бейпілауыздылық құбылысы тұлғаның көзге ұрып тұрған адамгершілік құлдырауын көрсетеді. Адамның тілі кездейсоқ нәрсе емес, бұл көңілдің жағдайын білдіретін таңдау (саналы немесе санасыз).

Адам қандай болса, сөзі де сондай болмақ. Адам арсыз болса, сөздері де, әрекеттері де, өмірі де арсыз. «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» деген мақал бар. Адам жүрегі өкпеге, наразылыққа толы болса, шіріген, бейпіл сөздер рухани азғандықтың белгісі ретінде көрінеді. Сөздер, ойдың айнасы іспеттес, жанның катализаторы ролін атқарады. Адам сөзінен оның құндылықтар жүйесі

мен өмір сүру бейнесін айқындауға болады. Егер адамның ойы, санасы, әрекеті мейірімділікке бағытталған болса, онда адамның өзі қайырымдылыққа қарай бет алады. Егер адамның сөздері, әрекеті мен ойлары жауыздыққа бағытталса, адамның өзі-жауыз болып табылады. Бейпілауыздылық арсыздықты, адамның арын аттап жүре беруді тудырады, және де шынайылық, адалдық, өзара сенімділік, мейірімділік, ашықтық, жолдастарға адалдық сияқты қасиеттердің күшін азайтады.

Қоғамымызға осындай үстемшіл, өктем, принципсіз адамдар қажет пе? Жоқ, әрине!

«Жас адамдар заманауи, жаһандану әлемінде коммуникабельділік, белсенділік, мобильділік, өзімен үнемі жұмыс істеу, шыдамдылық, сөзге сенімділік бағаланатынын түсінуі қажет... жастарды басқалардың сөзін тындап, түсінуге, басқа елдердің тілін, дінін және салт-дәстүрін құрметтеуге үйрету қажет. Онсыз қазіргі заманда жемісті болу мүмкін емес».⁵⁸

Бейпілауыз сөздер көптеген халықтардың лексикасында болған. Ертеде боқтау арбау сөз ретінде айтылған. Біздің бабаларымыз бұл сөздерді жамандықтың күштерін өздеріне көмек ретінде шақыруға пайдаланған. Сиқыршылар мен мыстан кемпірлер өздерінің үшкірулерінде жамандық жібере отырып, бейпіл сөздерді пайдаланған. Барлығы балаларды боқтау керек еместігін білген, өйткені оларды шайтан қысатын болған. Үйде боқтап сөйлеуге болмайды: жындар осы үйге тұрақтанатын болады. Сонымен бірге, орманда да, су жағасында да жаман сөйлеуге болмайтын болған: орман перісі немесе су перісі ренжіп қалуы мүмкін. Сонда адамға қай жерде өзінен барлық жамандықты шығарып, боқтап алу керек болған? Жалғыз ғана жер ол егіс даласы. Сондықтан «Ұрыс даласы» (поле брани) деген сөз осыдан шыққан. Бұл сөздің шығуын білмей көптеген адамдар соғыс даласы деп түсінеді. Бірақ бұл фразаның мағынасы басқа – бұл боқауыз сөз айту даласы дегенді білдіреді.

Достармен, туыстармен сөйлесу кезінде боқауыз сөздерді пайдалана отырып, қазіргі адамдар өздері сезінбестен өз басына, жақындарына күннен күнге, жылдан жылға жамандықты шақыру жоралғысын жасап отырғанын білмейді. Ал бейпілауыз сөздердің саны сапаға да ауысуы және орасан зиян келтіруі мүмкін емес пе: денсаулыққа, жақындармен байланысқа, қызметке.

Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының эксперттері кез-келген мемлекет халқының жағдайы неге байланысты болатын формуланы анықтап шығарған:

ол 10% елдің медицинасының ғылым ретінде дамуына және медициналық қызмет көрсету жағдайына байланысты, 20% -тұқым қуалаушылық факторларға және қоршаған ортаның жағдайына, 50% - осы мемлекет халқының өмір сүру бейнесіне байланысты деп тапқан.⁵⁹

⁵⁸ Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халықтары ассамблеясының XII сессиясындағы материалдардан Астана, 2006 жыл 24 қазан.

⁵⁹ «XXI ғасырда барлығына денсаулық». Бүкіләлемдік денсаулық сақтау стратегиясы.

Осыдан мынадай қорытындыға келуге болады: әрбір адамның денсаулығын сақтайтын жалғыз жол – ол адамның өзіне деген көзқарасын өзгерту, салауатты өмір салтын қылптастыру.

Өзіңіз отбасыда пайдаланатын лексика туралы ойланып көріңіз. Егер сіз балаңыздың көзінше ұрсуда кінәлі болсаңыз, бұдан былай істемеймін деп өзіңізге уәде беріңіз. Сонымен бірге, балаға боқауыз айтуға болмайды деп айту және дәл осы кезде өзіңіз бейпідауызды болсаңыз – тәрбиеге орасан нұқсан келтіріп отырсыз деген сөз.

*Бала үйде не көреді,
Соны үйренеді.
Ата-аналар-оған үлгі.
Себастьян Брант.*

Егер ересек адам өз баласына бұдан былай жаман үлгі болғысы келмесе, бейпілауыздықтың тұншықтырар ахуалында тұрғысы келмесе, осы зиянды әдеттен бас тартуға шешім қабылдайды. Оны қалай істеуге болады?

Біріншіден, өзіңізге жаман сөздер айтпауыңыз керек. Ақ қарға болудан қорықпаңыз. Адам өз сөзі арқылы тілдің жағдайына әсер ете алады. Өзіңізге: «Барлығы айта берсін, ал мен айтпаймын!» деңіз. Әрине, ол үшін ерлік керек. Сізге күлетін болады, әзілдеп келеке етеді. Ой, сен ішпейтін болғансың ба? Әлі күнге дейін шылым шекпейсің бе? Боқтамайсыңба? Мұндай жағдайда өзіңізді ұстап көріңіз. Осы сөздерге іштей қарсы тұрып көріңіз, ол сөздерден қорықпауға тырысыңыз.

Екінші. Біз, әрине, толығымен қоғамды түзете алмаймыз, бірақ отбасы ішінде, топта боқауыздылықты жоя аламыз. Ең жаман деген ортада өздеріне кір жұқтырмайтын адамдарды көріге болады. Мына кеңестер сөйлеген сөзіңізді бай, таза қылуға мүмкіндік береді:

Барлығы сияқты сөйлеуге тырыспаңыз, көшірмеңіз, біреуге ұқсауға тырыспаңыз, өзіңіздің ерекшелігіңізді сақтаңыз және есте ұстаңыз: «ауызға кірген нәрсе арам болмайды, ауыздан шыққан нәрсе арам болады».

Үшінші. Өзіңізді жай ғана әдемі, сыпайы сөйлеуге үйретіңіз. Ойлап үйрену және тек қана жақсы сөз айтып үйрену өте маңызды, себебі барлық сөздер іске асатынын (материалданылатынын) ұмытпау керек. Өз сөзіңізде барынша позитивті мысалдарды көбірек пайдалануға тырысыңыз (мақтау, мадақтау, жақсы ойлар мен сөздерді айту). Күнделікті басқа адамдарға көбірек қошемет сөздер айтып отырыңыз, мысалы, «Бүгін сен ерекше әдемісің», «Сені көруге қуаныштымын», «Бүгін сабақта сен күшті жауап бердің» және т.с.с. Уақыт өте келе бұл сізге ұнайтын жақсы әдет болып шыға келеді.

Төртінші. Кейбіреулер ұсынғандай, бейпілауыз сөздердің орнына алмастырғыштарды пайдалануға болмайды («елки – палки, «блин», «фиг»). Кейбір елдерде осы ауыстырғыш сөздер арқылы адамдар боқтауды қойған. Мысалы, Швецияда бейпілауыздылықпен күресу қоғамының барлық мүшелеріне жаман сөздер орнына «РО-до-ден-дрон» (гүл) деген сөзді айтуға кеңес берген. Бұл шынында да іске асқан!

Тек қана ересек адам өзінің бойында осы әдеттеі жеңе білсе, ол баласының осы әдетін де жеңе біледі.

Бала тіліндегі бейпіл сөздерді түбімен жоюға төрт қадам.

1 қадам. Рұқсат етілгендер шекараларын тағайындаңыз.

Өзіңіз қорлаушы деп санайтын сөздер мен әзілдерді, қимылдарды анықтап алып, балаға оны түсіндіру қажет. Баладан және достарынан естіген боқауыз сөздерді есіне салыңыз. «Егер бір нәрсеге күмандансаң, оны айтпа» деп ережені бекітіңіз. Сіз құрған тізімге кинода, әйгілі өлеңдерде, басқа адамдардан естуге тура келетін бейпіл сөздерді де қосуға болады.

2 қадам. Бейпілауыздылықтың неліктен пайдасы жоқ екендігін түсіндіріңіз.

Егер балаңыз мінез-құлқын өзгертсін десеңіз, ол неліктен пайдаланатын сөздердің жаман және қорлаушы сөздер екенін түсінуі керек. Бұл әңгімені бастау үшін қажетті бірнеше сөздерді ұсынамыз:

«Бейпілауыздылық артынан арыла алмайтын жаман әдетке айналуы мүмкін».

«Бастасаң болды, мұндай боқауыз сөздер сенің аузыңнан жеңіл шығады. Оны кез-келген адам естуі мүмкін, мысалы, атаң мен әжең, немесе мұғалімің».

«Адамдар сені жаман тәрбиленген деп ойлауы мүмкін».

«Жақсы адамдар боқауыз пайдаланбайды, ал мен сені жақсы адам деп ойласа екен деймін».

«Бейпілауыздылық адамдарды қорлайды. Көптеген адамдар мұны естігісі келмейді, сондықтан, олардың көзінше боқауыз пайдалану – ол дөрекілік».

«Адамдар сенің отбасың туралы жаман ойлауы мүмкін, ол сенің мінез-құлқың үшін бүкіл отбасымыз зардап шегеміз деген сөз».

«Кейбір жаман сөздердің мәні нәсілдік тіл тигізумен немесе нәпсі дәмеленушімен шектеседі. Мұндай сөздер айтылғандарды ренжітіп қана қоймай, заңмен проблема тудыруы да мүмкін».

Әңгіме барысында өзіңіздің күтпелі үміттеріңіз бен құндылықтар туралы түсініктеріңізді де айтуды ұмытпаңыз.

3 қадам. Баланы әдеттегі синоним сөздерді пайдалануды үйретіңіз.

Әдетте бейпілауыздылықпен ренжуді, ашуды және қатты есеңгіреуді білдіреді. Балалар бірнеше ғана балағат сөздерді біледі, себебі оның алмастыратын сөздерден хабары жоқ. Балаға осындай сөздердің бірнешеуін үйретіп қойыңыз. Біріншіден, ешкімді ренжітпейтін және қорламайтын осындай сөздерді іздеу бойынша ойын ұйымдастырыңыз (бұл тәсілмен «Джентельмены удачи» киносының кейіпкерлері қалай әрекет еткендігін еске түсіріңіз: «Василий Алибабаевич аяғыма батареяны түсіріп алды. Ол жаман адам!»). Немесе өзінің бір сөздерін ойлап тапсын. Балаға бір-екі сөзді таңдайға рұқсат беріңіз және бейпілауыз сөздің орнына пайдаланғандығын ынталандырыңыз.

Балаңыз нормативті лексиканы пайдаланып жүргенін мақтап отыруды ұмытпаңыз!

4 қадам. Бейпілауыздылық үшін айыппұл тағайындаңыз. Оны бірқалыпты және бірізді түрде қолданыңыз. Баланың боқауыздылығы сізді қатты қобалжытуы және састыруы мүмкін, бірақ қатты әсер етуге тырыспаңыз. Көбінесе балалар сіздің алған әсеріңізді тексеру үшін әдейі тәжірибе жүргізуге тырысады. Баламен әңгіме барысында «Сен ережені білесің. Мен бұдан былай мұндай сөздерді естігім келмейді».

Егер бейпілауыздылық әдет болып қалыптасса, сәйкес келетін айыппұлдық санкцияларды енгізіңіз.

Баланың проблемалық мінез-құлқын кезеңмен өзгерту жоспары. *Берілген мәліметтер қазіргі қоғамда елу жыл бұрынғыға қарағанда бейпілауыз сөздерді пайдалануда бейберекеттілік танытады. Осыған келісесіз бе? Сіздің балалық шағыңызға қарағанда қазіргі боқауыздылық қаншалықты тараған? Сіз анаңыздың көзінше боқауыз сөздерді пайдаланушы ма едіңіз? Олар сізбен қалай айналысты? Ол тәсілдерді тиімді болды ма?*

Енді балаңыздың мінез-құлқын өзгерту бойынша әрекеттену уақыты келіп жетті. Енді баланың проблемалық мінез-құлқын кезеңмен өзгертудің Күнделігін қарастырайық:

1. Баланың дамуы өтіп жатқан мәдениет ахуалын мұқият бақылаңыз: теледидар, Интернет, кино, бейне ойындар және компакт дискілерден. Мүмкін, осы факторлар оның сөздік қорына жаман әсер етіп жүрген шығар? Мүмкін, оның қызығушылықтарына қаталырақ стандарттарды тағайындау қажет шығар? Егер осылай болса, сіз қандай шара қолданасыз? Ал оның достарының жағдайы қалай екен? Олардың барлығы да бейпілауызды болған «тамаша» деп санай ма екен? Баланың жағдайын дұрыс көре біліңіз.

2. Балаңыз неліктен бейпілауыздылыққа барғанын ойланыңыз. Мүмкін, ол ересектеу болып көрінгісі келетін шығар, немесе өз теңдестері арасында белгілі бір ұстанымын нықтау үшін, әдейі эмоционалдық реакция жасап, өзіне назар аударту үшін істеп жүрген шығар? Мүмкін, бала бәр нәрсеге қатты ашуланып, қобалжып жүрген шығар және осы сөздермен қатты сезімдерін шығарғысы келетін шығар? Егер де сіз бейпілауыздылықтың басқа бір себептерін анықтасаңыз, оны ойланып, өзгеріс жоспарын нақты құрыңыз.

3. 1 қадамға қараңыз. Қандай сөздерді, ишараттарды, әзілдерді сіз айтуға болмайды деп ойлайсыз? Тізімін құрастырыңыз және балаға көрсетіңіз: ол өзінен нені талап ететіндігін түсінсін.

4. 2 қадамға барыңыз және сіздің көзқарасыңызды максималды түрді көрсететін бірнеше сөздер жазыңыз. Оны баламен талқылаңыз.

5. 3 қадамға қараңыз. Балаға жаман сөздердің орнын алмастыратын сөздерді табуға көмектесіңіз.

6. Егер бейпілауыздылық жалғаса берсе, 4 қадамға барыңыз және тағайындалған ережелерді бұзған жағдайда қандай-да бір айыппұл санкцияларын таңдауға шешім қабылдаңыз.

Боқауыздықты елемей баланың мінез-құлқын өзгертуге әсер етпейді, сондықтан жазалау шараларын қолдануда бірізді болыңыз.

Баланың проблемалық мінез-құлқын өзгерту бойынша міндетемелер

Балаңызға көмектесу үшін сіз төрт қадам мен баланың проблемалық мінез-құлқын кезеңмен өзгертудің жоспарын қалай пайдаланасыз? Баланың проблемалық мінез-құлқын кезеңмен өзгертудегі 24 сағаттың ішінде қандай шара қолданатыңызды жазып көріңіз.

Баланың проблемалық мінез-құлқын кезеңмен өзгертудің нәтижелері. Мінез-құлқын өзгерту – бұл бірізді және ата-аналық ынталандыру арқылы нәтижелерді бекітуге негізделген ауыр, көп еңбекті керек ететін жұмыс. Баланың өзгеріске әрекеттері баяу болуы мүмкін, бірақ сіз міндетті түрде оның осы жолдағы әрбір қадамын мадақтаңыз.

Бірінші нәтижелердің пайда болуына кем дегенде 21 күн қажет болады, сондықтан берілуге асықпаңыз. Егер де бір қадамыңыз іске аспаса, екіншісі міндетті түрде болатынын ұмытпаңыз. Апта сайын баланың мінез-құлқындағы алға жылжуларды тіркеп отырыңыз. Күн сайынғы жетістіктерін Күнделікке жазып отыру қажет.

Біздің еліміз табиғи ресурстарға бай, өнерлі де білімді. Ол жақсы өмір сүруге лайықты. Бейпілауыздылық эпидемиясы – осыған нақты тоқсауыл бола алады. Мүмкін, «Сенің соңыңнан сәтсіздіктер қалмаса, басында тәртіп орнатып ал» деген ежелгі нақыл сөзге көңіл аударуымыз қажет шығар? Ойдағы тәртіп сөздерді тәртіпке келтіреді және жақсы сөз аурулар мен зиянды әдеттерден тазартады.

6.2. Әкелік тақырыбына байланысты интерактивтік сабақтарды өткізуге арналған материалдар.

6.2.1. «Жарнамаға қарсы (бейпілауыздылыққа қатысты) ұрандарды құрастыру»

Ата-аналарға тапсырмалар таратылады: жаңадан жарнамаға қарсы ұрандар құрастыру (бұл жаттығу 3-4 адамнан құралатын кіші топтарда жақсы орындалады).

Ата-аналар құрастырған ұрандар мысалдары:

- өмірде адам болу үшін, боқауыздықтан бас тартамыз!
- біздің шартымыз- боқауыз сөзді тартыңыз!
- Боқтық – қоқыстар жинағы!
- Боқтық- қыздарға жараспас!
- Өмірде жеңістерге жеткің келсе – кітап оқып, боқауыз сөз қолданба!
- балалар, боқтық сөз –сөздің уы!

6.2.2. Әңгімелесішуні тыңдай білу дағдысын қалыптастыратын жаттығулар⁶⁰

Нұсқау: Сіз тыңдай білесіз бе? Бұл қарапайым ойын сіздің қаншалықты шебер екендігіңізді білуге көмектеседі. Егерде сіз жұбайыңызбен немесе

⁶⁰ Р. Зигерт. Кикілжіңсіз басқару. Москва, 1990.

балаңызбен «дауыс көтеру» арқылы сөйлессеңіз, олармен ереже сақтауға келісіп алыңыз: «Әрқайсысы өзінің оппонентінің алдындағы айтқан сөзін қалай берсе, содан кейін ғана пікірлесуді жалғастырады». Тек қана екіншісі «Иә, мен дәл осыны ойлап едім» деп растағаннан кейін ғана жауап үшін жасыл түс жанады». Бұл ойынға үшінші жақты да тартуға болады – ол ережелердің сақталуын қадағалайтын бақылаушы адам болады. Рөлдермен ауысуға болады. Бұл ойын қарапайым болып көрінеді. Бірақ, егер де кімде-кім осы тесттен өткісі келсе, әңгімесінің тыңдау қалай қиын екенін, оның айтқанынан аз нәрсені ғана тыңдай алатындығын түсінеді. Әрқайсысы күрделі де ұзын ұсыныстар адресатқа жетпейтіндігіне көзі жетеді. Бұл тест – «бақылаулық диалог» – серіктестің не айтқандығының, оның көңіл-күйі мен айтылмаған ойларының толық концентрациялануын талап етеді. Сіз серіктестің өзін түсінікті қылып сезінуінен гөрі позитивті және мейірім әсер ететіндігінің қорытындысын жасайсыз.

6.2.3. Жанасқыштық деңгейін бағалау (В.Ф. Ряховскийдің тесті)

Тест адамның байланысқа бейімділігінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сұрақтарға жауаптардың «Иә», «Жоқ», «Кейде» деген үш нұсқасын пайдалану керек. Нұсқау:

Сіздің назарыңызға бірнеше қарапайым сұрақтар ұсынылады.

«Иә», «Жоқ», «Кейде» деген үш жауаптың бірін тез арада таңдаңыз:

1. Сізді ерекше және іскер кездесу алда тосып тұр. Сізді оны күтуіңіз қынжылтады ма? Сіздің бойыңызда кез-келген бір жиналыста, мәжілісте, немесе соған ұқсас іс-шарада доклад оқу, сөз сөйлеу, ақпаратпен алмасу кезінде қобалжу туғыза ма?

2. Сіз дәрігерге баруды ең соңғы күнге дейін қалдырмайсыз ба?

3. Сізге өзіңіз бұрын-соңды болып көрмеген қалаға іссапарға баруды ұсынды. Бұл іссапардан бас тартуға барлық күшіңізді саласыз ба?

1. Сіз өзіңізді қобалжытып жүрген мәселелер жайлы біреумен бөлісуді ұнатасыз ба?

2. Егер де көшеде бейтаныс адам бір өтініш білдірсе (жол көрсетіп жіберу, уақытты айтып жіберу, бір сұраққа жауап беру) Сіз оған ашуланасыз ба?

3. «Әкелер мен балалар» проблемасы бар екендігіне сенесіз бе және әртүрлі жас буынындағы адамдарға бір-бірін түсіну қиын деп ойлайсызба?

4. Сіз танысыңызға оның бірнеше ай бұрын қарызға алған ақшасын беруді ұмытып кеткендігін есіне түсіруге ұяласыз ба?

5. Ресторанда, немесе асханада Сізге сапасы төмен тағам ұсынылды. Сіз қапаланған сыңай танытып, тарелканы итеріп қоя саласыз ба?

6. Бейтаныс адаммен бетпе-бет қалғанда Сіз онымен әңгімеге кіріспейсіз және егер ол бірінші болып сөз бастаса, қиналасыз. Солай ма?

7. Кез-келген тым ұзақ кезек (кітапханадағы, дүкендегі, кинотеатр кассасындағы) сіздің құтыңызды қашырады ма? Сіз өз ойыңызды іске асыруды қалайсыз ба әлде кезектің соңында тұрып, күтесіз бе?

8. Қақтығыстық жағдайларды қарастыратын қандай-да бір комиссияның жұмысына қатысуға қорқасыз ба?

9. Сіздің өзіндік жеке әдебиет, өнер, мәдениет шығармаларын бағалау критерийлеріңіз бар ма және бұл мәселеде ешқандай бөтен пікірлерді есепке алмайсыз ба? Солай ма?

10. Сізге жақсы таныс мәселе бойынша қате көзқарасты айтып тұрғанды естігенде Сіз үндемей қалып, әңгімеге кіріспеуді қалайсыз ба?

11. Басқа біреудің кез-келген қызметтік сұрағы немесе оқу тақырыбын шешуде көмек сұрауы Сізді қынжылтады ма?

12. Сіз өз көзқарасыңызды (пікіріңізді, ойыңызды) ауызшаға қарағанда жазбаша түрде жақсы білдіре аласыз ба?

Жауаптарды бағалау: «Иә» – 2 ұпай, «Кейде» – 1 ұпай, «Жоқ» – 0 ұпай.

Жиналған ұпайлар қосылады.

30-32 ұпай. Сіз қарым-қатынасқа бейімделмегенсіз және бұл сіздің көкейкесті мәселеніз, себебі бұдан бәрінен бұрып өзіңіз жапа шегесіз. Сізге топтық күшті қажет ететін істерде иық арту қиын. Ашық болуға тырысыңыз, өзіңізді бақылаңыз.

25-29 ұпай. Сіз тұйықсыз, жалғыздықты ұнатасыз, сондықтан сізде достар аз. Жаңа жұмыс пен жаңа байланыстың қажеттілігі сізді көп уақытқа дейін бірқалыпты жағдайыңыздан шығарып тастауы мүмкін. Мұндай наразылығыңызбек шектелмеңіз– мінез-құлқыңыздың ерекшеліктерін қайта өзгерту өз қолыңызда. Тіпті бір нәрсемен қызығушылықпен айналысқан кезде Сіздің толық қарым-қатынасқа бейімділікке ие бола алатын жағдайыңыз болады ғой?! Тек қана бір сілкініп тастау керек.

19-24 ұпай. Сіз белгілі бір дәрежеде ашықсыз және бейтаныс жерлерде өзіңізді нық сенімді ұстайсыз. Жаңа проблемалар сізді қорқытпайды. Сонда да жаңа адамдармен артыңызға қарайлай отырып сөйлесесіз, пікірталастар мен дауларда ынтасыз қатысасыз. Сіздің сөздеріңізде кейде ешқандай себепсіз кекету сияқты құбылыстар көптеп кездеседі. Бұл кемшіліктер түзетілмейді.

14-18 ұпай. Сіздің қарым-қатынасқа бейімділігіңіз бірқалыпты. Сіз басқа адамды жақсы тындайсыз, қарым-қатынаста мейлінше шыдамдысыз, өз көзқарасыңызды қызуқандылыққа салынбай түсіндіре аласыз. Ешқандай жағымсыз толқуларсыз жаңа кездесуге қорықпай бара аласыз. Сонымен қатар, шулы компанияларды ұмытпайсыз; шектен тыс әрекеттер мен көп сөйлейтіндер сіздің ашуыңызды келтіреді.

9-13 ұпай. Сіз өте (тіпті кейде тым артық) ашық адамсыз. Сөйлесуге әрқашан дайын, әртүрлі сұрақтар бойынша пікіріңізді айтуды ұнатасыз, кейде тіпті бұл әдетіңіз басқалардың ызасын да келтіреді. Не нәрсенің ортасында болғанды ұнатасыз, орындай алмауыңыз мүмкін болса да, ешкімнің өтінішіне қарсылық білдірмейсіз. Кейде қатты ашуланып тез басылатыныңыз да болады.

Сізге шыдамдылық, ауыр мәселелермен кездескенде байсалдылық жетіспейді. Керек кезде, бірақ, сіз артқа да шегінбейсіз.

4-8 ұпай. Сіз, аңқылдаған, ақкөңіл жігіт боларсыз. Сіздің ашықтығыңыз айтқызбай-ақ көрініп тұр. Сіз әрқашанда барлық істен хабардарсыз. Тіпті маңызды тақырыптар сізде бас қатыру мен көңіліңзді кірбің түсірсе де, кез-келген пікір таласқа қатысуды ұнатасыз. Тіпті үстіртін сол сұрақ туралы білмесеңіз де кез-келген сұраққа шын кірісіп кетесіз. Барлық жерде өзіңізді еркін сезінесіз. Осы себепке байланысты басшылар мен ұжымдастыраңыз сізге сақтықпен және күдікпен қарауы мүмкін. Осы фактілер бойынша ойланыңыз.

3 ұпай және одан төмен. Сіздің қарым-қатынасыңыз ауру сипатында. Сіз көп сөйлейсіз, сізге қатысы жоқ істерге араласасыз. Өзіңіздің біліктілігіңізге қатысы жоқ проблемаларды талқылауға қатысасыз. Сіздің ортаңыздағы көптеген қақтығыс жағдайлардың сіз ерікті және еріксіз түрде себебі болып шыға келесіз. Қызуқанды, тез ренжігіш, көбінесе әділетті бола бермейсіз. Ауыр маңызды жұмыс сіз үшін емес. Адамдарға сізбен-жұмыста да, үйде де, тіпті барлық жерде де сізбен араласу қиынға соғады. Иә, сізге өз мінезіңізді түзететін уақыт келді! Бәрінен бұрын, өзіңіздің бойыңызда шыдамдылық пен ұстамдылықты тәрбиелеңіз, адамдарға сыйластықпен қараңыз, тіпті, өзіңіздің денсаулығыңызды да ойлаңыз – мұндай өмір сүру ізсіз кетпейді.

6.2.4. Өсиет әңгімені талқылау

Бір күні бір император солдатты көреді: ол шаршаған, үсті-басы кір, жыртық шинельде тұрады. Оны император аяп, күймесіне отырғызып алып сарайға әкеледі. Солдатты жуындырып киіндіреді. Қызметке жібереді. Ол жақсы адам болып шықты. Уақыт өтіп жатады. Ол жиі ашуланғыш болып, дауыс көтере бастайтын болады. Бірақ, осылай болған кезде ол өз бөлмесіне ақырын кетіп қалып отырады. Өз бөлмесінде біраз уақыт болғаннан кейін, байсалды, қуанышты болып шығатын болған. Мұны императорға баяндайды. Ол солдатты өзіне шақырып алып «Сенің бөлмеңде сені тынышталдыратын соншалықты не зат бар?» деп сұрастарады. Солдат өз бөлмесінің есігіне қарай жол сілтейді. Император кіріп, ондағы тұрған жыртық шинелін көреді. «Мен қатты ашуланып, ашына бастаған кезімде осы шинельге келіп, қарап бұрын кім болғанымды және қазір кім екенімді есіме түсіремін» деген екен.

Әр адамның өмірде қалай жүріп, тұру керектігінің құқығы бар. Айтылғандарды қорытындылай отыра, өзіндік кредомызды айқындайық: «Менің сөзім – менің айнама, менің абыройым. Елімнің бөлігі мен мәдениеті менің өзімнен басталады».

7 ТАРАУ. МАДАҚТАУ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАР: ҚАЛАЙ АҚЫЛҒА ЖҮГІНГЕН БАЛАНСТЫ ТАБУҒА БОЛАДЫ

*Каинның кезінен бастап...
әлемді жазалаумен не түзете,
не қорқыта алмаған: керісінше
болған..*

*В.А.Сухомлинский
Жазалау ар-ұят азабынан
арылтады.*

Ф.М. Достоевский

Баланы тәрбиелеу үрдісі кезінде ата-аналардың балаға, баланың ата-анаға деген сезімдердің маңызы зор, бұл бір таяқтың екі ұшы іспеттес. Егер балалар мен ата-аналар қарым-қатынасының негізінде махаббат болмаса, қалғанының барлығы өтірік және қалтылдақ іргетаста болады (қауіпте, бағынуда және т.с.с.).

Ата-аналардың балаларымен толыққанды, үйлесімді әрекет етуі үшін бәрінен бұрын, баланы қабылдауға және соның нәтижесінде оның сыртқы келбетіне де, оның талаптарына да, ата-аналардың одан келешекте күтетін арман-үміттері мен тіпті бүгінгі күнгі оның мінез-құлқынына да тәуелсіз сөзсіз, еш шартсыз **сөзсіз махаббат** қажет⁶¹.

Баланы қабылдау дегеніміз- ол, әрине, баланы түсіну- демек, оны сұлу, ақылды, талапты, көмекші, оқу үздігі болғандығы үшін емес, жай ғана. Бар болғаны үшін жақсы көру. «Сөзсіз махаббат – махаббатпен аталатын жалғыз ғана махаббаттың түрі» деген екен бір данышпан. Ол – қиындықтар мен келіспеушіліктерден туындайтын тәрбие үрдісінде пайда болатын шешімдерді табуда жолдан тайдырмайтын және адастырмайтын шамшырақтың жарығы тәріздес. Бұл жарық ата-аналар үшін бағытты ұстап тұруға көмектеседі: бұл балалардың бақытты және жемісті болашағы.

Махаббатқа деген қажеттілік, немесе бір-біріне керектігі – адам талаптарының негізгісі. Оны қанағаттандыру – баланың дұрыс дамуының қажетті шарты. Баланың туғаннан бастап тұлғалық қалыптасуына дейінгі жолы ата-ана махаббатына боялған жолдар іспеттес: ол барда, бала бойында өзінің қажет екендігіне және қорғанышта болуына күмәнданбайды, және ол толыққанды дамиды.

Бірақ, ата-аналардың ұлына немесе қызына келесідей сөйлегенін жиі естисің:

«Егер сен жақсы бала болсаң мен сені жақсы көретін боламын». Немесе: «Жалқаулықты (төбелесті, дөрекілікті) қоймасаң, (жақсы оқи, үйге көмектесе, тыңдай) бастамасаң..». Тыңдайықшы: бұл сөздерді айта отыра, ата-аналар

⁶¹ Э.Фромм. Жақсы көру өнері. Махаббат табиғатын зерттеу. Л.А.Чернышеваның ауд. М.: Педагогика, 1990 ж.

балаларды шартты түрде қабылдайтынын, оны «тек қана ...істесе» оны жақы көретін болады деп хабарлайды.

Баланың ата-ана махаббатын өзінің жетістіктерімен, үлгілі тәртібімен, талаптарды орындауымен лайық болу керектігін хабарлайды. Махаббат өзінен-өзі берілмейтін, ал тек тырысу мен еңбектенуді талап ететін игілігі. Аталардың мұндай қарым-қатынасы бала бойында қорқыныш пен сенімсіздікті ұялатады.⁶²

7.1.Тәрбиелеу әдістері

Баланы тәрбиелеу бойынша бір ғана жолы болмайды, дәл сондай-ақ үлгілі бала мен үлгілі ата-ана болмайды. Себебі бала тәрбиелеу – бұл шешімі көп күрделі математикалық теңдік. Бұл теңдеуді шешудің жолдары мен тәсілдері–тәрбиенің әдісі мен әдістері, оны таңдау көбінесе ата-аналардың педагогикалық және психологиялық білімдерінің деңгейінің қандай екендігіне, олардың өзін ата-аналары балалық шағында қалай тәрбиелегендігіне байланысты болады. Сонымен қатар, қоғамның ата-аналарға қоятын талаптары - әлеуметтік сұраныстарына да тәуелді болады.

Осы орайда тарихи келешектегі тәрбиенің әдістеріне үңілу қызықты болады.⁶³

Көрнекілік үшін ол кестемен берілген.

Әртүрлі педагогикалық модельдерге сәйкес келетін тәрбиенің әдістері

Педагогикалық модель	Тәрбиенің негізгі әдісі
Ян Амос Коменскийдің педагогикалық жүйесі (XVII ғасыр, қайта өрлеу кезеңі).	Бұйрық тәрбиеленушімен мүлтіксіз орындалуы керек. Тәрбиеші (педагог, ата-ана) бұйрықтың орындалуын, мүмкіндігінше, адамгершілік тәсілдері арқылы қол жеткізеді.
Джона Локктың педагогикалық көзқарасының жүйесі (XVIII ғасыр, Ағарту кезеңі) .	Тәрбиешінің еркін бағындыру, соның ішінде ұрып-соғу арқылы.
Жан Жак Руссоның педагогикалық жүйесі (XVIII ғасыр).	Тәрбиеленушіге ешқашан, ештеңе бұйырмау, ересектің балаға билік жүргізуге ұмтылысы туралы байқамау қажеттілігі; тәрбиеші баланың бойындағы бар талаптарды ғана дамыту тиіс.
Л.Н.Толстойдың педагогикалық тұжырымдамасы (XIX ғасыр).	Ересек адамның өз беделінің күшімен балаға әсер ететін ересектер мен балалардың ынтымақтастығы.

⁶² О.А.Карабанова. Отбасылық қарым-қатынас психологиясы және отбасылық кеңес беру негізі М.: Гардарики, 2005 – 320 б.

⁶³ Н.А.Пастернак. Тәрбие психологиясы. М.: «Академия» баспа орталығы, 2008, 221 164 б.

А.С.Макаренконың ұжымдық тәрбие жүйесі (XX ғасырдың 20-30 жылдары).	Өзара әрекеттесу мен дәстүрлер перспективасы арқасында бірігетін ұжымның тәрбиеленушісінің тұлғасына ықпал ету.
Тәрбиенің технократтық моделі (XX ғасырдың басы, XX ғасырдың АҚШ педагогтары мен психологтары).	«Мадақтау мен жазалау» әдісімен, ынталандыру мен жазалауды тіркестендіру арқылы баланың мінез-құлқын басқару.
«Икудзи» – тәрбиенің жапондық әдісі.	Мағыналы топтан айыру әдісі.
Тәрбиенің адамгершілік моделі (XX ғасырдың екінші жартысы).	Баланы эмоциялық қолдау және тұлғалығын қабылдау әдісі.

Қазіргі кезде педагогиканың жинақталған тәжірибесінің байлығы, белсенді ата-ананың мақұлданған ұстанымы, тәрбие мәселесіне қоғамдық көзқарастың өсуі, өмірдегі тәрбие әдістерінің көптеген авторлық әдістерін құрастыруға негізеді. Олардың ішіндегі ең әйгілілері: Фридрих Фребель, Рудольф Штайнер әдістемесі (Вальдорф педагогикасы), Мария Монтессори,

Шиничи Сузуки, Гленн Доман және басқаларының авторлық әдістері. Олардың арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, олардың бәрі ата-аналарды келесіге шақырады:

1) тәрбиелеу үрдісін өзіңізден бастаңыз, себебі – бір мезгілде тәрбиешіні де, тәрбиеленушіні де қатыстыратын екі жақты үрдіс; өзіңізді өзгерту үшін саналы жағдайлар жасауға тырысыңыз;

2) баланы жақсы көреңіз және өзіңіздің махаббатыңызды білдіре біліңіз;

3) өз балаңызды мақтай біліңіз («мақтау грамотасының ежелерін игеріңіз»);

4) балаға қойған талаптарыңызды саналы түрде сезініңіз және оларды ынтымақтастық үлгісінде ұсына біліңіз;

5) жазалау – тәрбиенің басты әдісі емес, мадақтау, жазалауға қарағанда, тәрбиелеудің әсері күштірек әдісі екенін ұмытпаңыз.

7.2. Ата-аналар махаббаты: баланың оны қалай сезініп, естіп және көруіне қалай қол жеткізуге болады?

«Бала саналы және қайырымды адамзат болып өсу үшін туады. Оны жақсы көруден қорықпаңыз. Әр балаға оны аймалау, оған күлімсіреу, оны жақсы көру, онымен мейірімді болу өмірлік маңызды жағдай».⁶⁴ Әрбір отбасыдағы махабат тілі алуан түрлі болып келеді.⁶⁵ Бірақ оның әрқайсысында «суырып алып тастай» алмайтын сөздер бар. Бұл: а) жылы көзқарастар; б) жұмсақ жақындасулар; в) көңіл қою; г) мақтау, мадақтау сөздері. Олардың әрқайсысын толғырақ қарастырайық.

⁶⁴ Б. Спок. Бала және оның күтімі. М.: РУССЛИТ, 1991.

⁶⁵ Г. Чепмен. Махаббаттың бес тілі. С-Петербург, 2009, 180 б.

Көзбен байланыс жасау. Өз баламыздың көзіне біз қай жағдайда тура қараймыз? Біз оның көзіне қарап тұрғанда ол бізді мұқият тыңдайды. Өкінішкен орай, біз баланың көзіне тек қана оған ұрысқан, сынаған, ақыл үйреткен кезде ғана тік мұқият қараймыз («Кәне, тура менің көзіме қарашы, тағы не бүлдірдің?!»). Мұндай кездерде көзімізде найзағай жарқылдағандай болады- және баламыз махаббатымызды сезуі мүмкін емес болады. Одан да жаман әдет- балаға мүлдем қарамау («сені мүлдем көргім келмейді!»).

Қандай да болмасын, бір жазалауды пайдалансаңыз, сіздің көзіңізде, кек емес, махаббат тұру керек.

Көз тігуді жазалау кезінде пайдаланудың қауіптілігі баланы оған деген сіздің махаббатыңыздың сенімділігінен айрып қана қоймайтындығында. Есейген соң, біздің баламыз сырттай жағдай оған бейтаныс немесе жайсыз болса көзқарастан қашуда болады, сонымен қатар өзін сенімсіздікте ұстаған кезде де көз тігуден тайқақтайтын болады. Ол жұбайына немесе балаларына өзінің құштарлығын көрсету үшін ол көзге қарауды пайдалануы мүмкін емес болады. Мұндай адамға қарым-қатынастық қиыншылықтар кездесетіні де анық.

Көзбен байланысқа мұқтаждық адамға туғаннан берілген: анасының мейірбандылық көзіне мұқтаж жаңа туған сәбилер көбірек ауыратындығы, нашар дамидынығы айқындалған.⁶⁶

Беймаза, сенімсіз балалар олармен кез-келген деңгейде байланысты, соның ішінде көзбен байланысуды реттеуге мұқтаж болады. Көзбен берілген ақпарат баланың санасында айтылған сөздерден гөрі жақсырақ сақталады. Егер көзбен байланыс қажеттіліктері қанағаттанса, онда бала айналадағылармен байланысты көзбен оқи алады, көзін тігуге батыл болады, ондай баламен қарым-қатынасқа түскің келеді.

Денелік байланысы. Бұл баланың эмоционалдық резервуарын махаббатты сезінумен толтырудың бір тәсілі. Отбасымен көп және жемісті жұмыс істеген Вирджиния Сатир, ата-аналарға балаларын күніне бірнеше рет құшақтау керектігіне нұсқау береді, «Әр балаға төрт рет құшақтау жай өмір сүру үшін, ал өзін жақсы сезіну үшін күніне сегіз рет құшақтау керек» деп жазады.⁶⁷ Және де, тек қана баланы емес, ересек адамды да құшақтау қажет.

Денелік байланысқа мұқтаждық қай жасында ерекше қажет болады? Өзінің ата-аналарымен денелік байланысқа кез-келген жастағы бала мұқтаж болады. Оның үстіне бұл қажеттілік ер балаларда, қыз балаларға қарағанда, кем емес.

Әурешілік, күресу, иығынан қағу, қалжындасып алысу ер балаға өсіп келе жатқан күші мен ептілігін, әкесінің еркектік қолдауын сезіндіреді. Бұл «Аю сияқты» арпалысулар ұлдарға маңызды болса, қыздарға «Бұзаудай аймалаулар» қажет.

Ер балалардың өсуіне байланысты олар аяқасты болатын аймалауларға шыдамсыз келеді, бірақ олардың бойында кейде ата-ана махаббатына деген аса

⁶⁶ Доман Г. Баланың үйлесімді дамуы. М: 2009.

⁶⁷ Сатир В. Сіз және сіздің отбасыңыз. Тұлғалық өсу бойынша басшылық. М.: ЭКСМо, 2002, 314 б.

мұқтаждық туындауы мүмкін, ол денелік байланыс, аймалау мен мейірімділік таныту болмақ, осы маңызды кезеңді жіберіп алмаңыз!

Қыз балаларға денелік тәндік байланыс 11 жасқа жақындағанда өте маңызды. Осы кезеңде бойжеткендікке дайындық жүреді. Әкесімен денелік байланыс арқылы қыз бала өз жынысымен жеңсіктік ұқсастығының бейнесін қалыптастырады, басқаша айтқанда, жеңсіктік сүйкімділігі көзқарасынан өзіне деген сенімділікті қалыптастырады. Қыз балаға өзін жақсы, «Жоғары сапалы» қыз екендігін сезінуі маңызды. Егер ол өзін осылайша сезінсе, бойжеткен кезі жеңіл өтеді, оған қарама-қарсы жыныстағылардың мақұлдауы да қажет емес болады. Өзі туралы қаншалықты жаман пікірде болса, теңдестерінің басынғандығына жеңіл беріледі және өзінің ата-аналарының құндылықтарын сақтауға жеткіліксіз дәрежеде қабілетті болады.

Көңіл бөлу – уақытты талап ететін ата-аналар махаббатын білдірудің бір тәсілі. Көбінесе балаға мұқият көңіл қою қажет болатын жағдайлар жиі кездеседі бірақ, дәл осы кезеңде ата-аналар оны тыңдауға мүлдем уақыты болмайды. Мұқият көңіл бөлу ата-ана ешқандай ұсақ-түйек басқа істерге назар салмай, баланың өзіне деген толыққанды риясыз махаббатын сезінетіндей балаға толығымен қараған жағдайды атайды. Мұндай кездерде бала өзінің жалғыз ғана осындай екенін, ата-анасына-маңызды, ерекше екенін сезінеді.

Қазіргі ата-аналардың әдеттегі қиыншылығы – уақыттың жоқтығы, оның үстіне осы көңіл бөлуге уақыттың жетіспеушілігінде. Үнемі болып тұратын цейтнот жағдайында ата-аналарға олар үшін қандай құндылықтардың бірінші кезекте тұрғандығын білу маңызды: құндылықтар шкаласында - отбасы, жұбайы, баласы.

Егер бала бірінші дәрежедегі құндылықтардың бірі болса, неге болса да уақыттары жететін болады. Балаға көңіл қоюды ата-ана бірлесіп ойын ойнағанда, әңгімелескенде, саяхатқа барғанда көрсете алады. Тіпті осы қызметтің өзі ата-анаға қызық емес болып көрінсе де, бала оны басқаша қабылдайды. Оның үстіне ата-аналар да мұндай жағдайлардан шынайы рахат табады, баласымен бірге уақыт өткізуге көзқарасын өзгертеді. Егер ата-аналар кішкентай балаға мұқият назар аударса, ол үлкендермен өз ішіндегі қобалжулармен бөлісе алу талабы және мұқтаждығына ие болады, әрі қарай тіпті өмірдің дағдарыстық кезеңдерін басынан өткерсе де мұны табиғи түрде жасайды.

Ата-аналар махаббатының білінуіндегі материалдық құндылықтар мен оның маңыздылығы. Әрине, бала ата-анадан сұрағысы келетіндерге қандай-да бір дәрежеде мұқтаж екені сөзсіз. Бірақ ата-ана махаббатына мұқтаждығы өскен баланың материалдық «махаббатты алмастырушы» талаптары өсе түседі. Бала үшін «Менің ата-аналарым мені жақсы көреді, себебі олар маған ... әпереді» деген сөздер заңдылық болып қалыптасып кетуі де мүмкін. Бірақ, егер ата-аналар өз махаббаттарын бір нәрсе сатып алу арқылы білдірсе, бұның ең қарапайым, бір-біріне деген ынтызарлықтың тиімді тәсілі екенін тез түсінеді. Баламен қарым-қатынастағы уақыттың жетіспеушілігін оған ойыншық, киім-кешек әперумен толықтыруға тырыспаңыз. Уақыт өте келе

бала басқа құндылықтарға қажеттілігін жоғалтады да, есейген соң, басты және жалған құндылықтарды (ақша, материалдық құндылықтар) таңдай отыра басқа адамдармен қарым-қатынасын құрайды.

Мадақтаудың материалдық үлгілерін баланың нақты жетістіктерімен, оның тілалғыштығымен, тыйымдар мен талаптарды орындауымен байланыстыру қажет емес. Ынталандырудың материалдық үлгілері баланың көзінше оның маңыздылығын, ата-аналардың эмоциялық қабылдағанын, оның мұқтаждығы мен талаптарын орындауға дайындығын білдіру керек.

Мақтау, жақсы сөздер – ата-ана махаббатын көрсетудің тамаша тәсілі және мадақтау кезінде екі аспектіні бөліп қарастырған жөн. Біріншісі – ересек адамның балаға айтқаны, екіншісі – баланың өз-өзіне айтқаны: ата-ана мақтауынан кейінгі қорытындылары. Тек сонда ғана, бірінші аспект нақты және шынайы болады (ата-ана балаға жағынбай, оның нақты жемістерін бақылайды), ал екінші – позитивті және тиімді болады. Бағалау арқылы мадақтау баланың тұлғалық даму көзқарасы тарапынан пайдасыз болады, себебі ол соңында өзін реттеудің негізі болып табылады мінез-құлық пен қызметін бағалаудың жеке критерийлерін жасауға әкеліп соғады.⁶⁸

Нәтижелілік мақтау, біріншіден, баланың әрекеттерін, ұмтылыстары мен сезімдерін оның нәтижесі мен салдарын сипаттау арқылы бағалайды; екіншіден, баланы басқа балалармен салыстыруды қарастырмайды; үшіншіден, баланың өзіне бағалау критерийлерін беріп, оны жүзеге асыруын ұсынады.

Мақтау-бағалау несімен жаман? Бәрінен бұрын, ата-ана жиі мақтаған кезде бала мақтау бар жерде сөгіс болатындығын түсіне бастайды. Бір жағдайларда мақтай отыра, оны екінші бір жағдайда сөгеді. Уақыт өте бере бала мақтауға тәуелді болуы мүмкін: оны тосып, іздейді. («Бүгін мені неге мақтамадың?»). Және де ол ата-аналарының шынайы емес екенін сезуі мүмкін (демек, оны қандай да бір оймен мақтайды деген сөз).

Баланың жетістіктері мен үлгілі тәртібіне қалай дұрыс әрекет ету қажет? Бәрінен бұрын – «сен» деген есімдіктің орнына «мен» және «маған» деген есімдіктерді пайдалана отырып, оған сезімдеріңізді білдіріңіз. Мысалы,

ҚЫЗЫ: Шеше, бүгін мен мұғалімге дәптер жинауға көмектестім және гүлдерді суардым!

АНАСЫ: Мен өте қуаныштымын! («Сен қандай жақсысың» дегеннің орнына).

ҰЛЫ: Мен жаман сөйледім және тақпағымды нашар оқып шыққаным рас қой?

ӘКЕСІ: Маған олай көрінген жоқ. Керісінше, маған ұнады (және де сондай сөздер). («Жоқ, қойсаңшы, сен әдеттегідей тамаша сөйледің!»деудің орнына).

Балалар психологы Х.Дж. Джайнотт «Ата-аналар мен балалар» дейтін өз кітабында бір ананың педагогикалық журнал редакциясына жазған хатын

⁶⁸ И. Медведева. Мақтауды қорғау үшін (отбасыдағы бала тәрбиесі туралы). «Отбасы және мектеп» журналы, №8, 1993.

келтіреді:⁶⁹ «Мен бала тәрбиесі туралы көп кітаптар мен мақалалар оқыдым. Біреулерінде балаларды мақтау керек туралы кеңестер кездесті, бірақ олар мені қымсындырды. Себебі мен өзім содан өткем. Мені балалық шағымда көп мақтайтын. Мен оған өте тез үйрендім және мен өскен кезде мені мақтау бағалауымен ескермейтіндігі үнемі ашуландырып, қапаландыратын. Мектепте, университетте мен мақтайтын сөздерсіз мүлдем жүре алмайтын болдым: мені байқағанша ешнәрсеге зауқым соқпай, ешнәрсе істегім келмейтін. Соңында нәтижесін емес, мақтауын күтетін едім. Енді қазір балаға «Сен жарайсың!» деудің орнына «Сен осылай істегеніңе ризамын» деп айту керектігін біліп отырмын. Енді мен бұл тәсілді өз балаларыммен қарым-қатынаста қолданамын!»

Ата-аналар естерінде мынаны сақтау керек: баланың өзін емес, істерін ғана бағалау қажет. Дұрыс мақтау мысалы: (Х.Дж.Джайнотт): “Сегіз жасар Джим бақта жақсы жұмыс істеді: жапырақтарды жинады, қоқысты төкті, құралдарды жинастырды. Мамасына жұмысы ұнады, ол баласына «Бақтың іші кір болатын. Мен тіпті бір күнде осыншама таза қылып жинауға болады деп ойламаппын. Жұмыс деп осыны айт!» деді. Баласы бұл сөздерден кейін өзінің істеген әрекеті үшін мақтаныш сезімінде болды және тағы да осы сөздерді есту үшін анасына көмектесуге тура жүгірді. Ал егер ұл бала «Сен керемет баласың! Нағыз анасының көмекшісі!» деген сөздерді естісе, ол дабыл қақтыратын еді.

Бала өзінің ондай керемет емес екендігін біледі, әрине, онысын бір қылық жасау арқылы сезінеді. Және де жалпы қабылданған мақтаудың болмауы («Сен менің тамаша баламсың! Ең жақсы баласың!») бала бойында өзіне сенбеушілік кемшілігін тудырады деп қорықпау керек.

Егер де ата-анасы баласын белгілі бір әрекеті үшін мақтаса, ол өзін және өзінің қабілеттерін толығымен бағалай алады. Бала шынында да жақсы істегені үшін, баланы мақтап отырған маңызды.

Махаббатты білдіру, мақтау мен ынталандыру – бұл риясыз қабылдау мен махаббаттың белгілері балаға эмоционалдық азық береді, оның дамуына көмектеседі. Баланың үлкендердің беделіне және ата-анаға құштарлығына ұмтылуын таразылаға сала бастаған ересек жасына қарай оның естеліктері бұрын көрген ата-ана махаббатының және мейірімділігінің бейнесін есіне түсіреді. Жасөспірімнің балалық шағы туралы эмоционалдық естеліктері жанына қаншалықты көңіліне жақын болса, жасөспірім кезеңіндегі қиындықтардың тап беруіне ол қарсы тұра алады.

7.3. Тәрбиедегі талаптар.

Баланың өзіне, оның іс-әрекетіне ешқандай талаптар қоймай-ақ тәрбиелеуге бол ма? Бұл бекер сұрақ емес. Талаптар, оның мазмұндары, бағыттары тәрбиелік жүйенің «жұмсақтығы» мен «қаталдығын» белгілі бір

⁶⁹ Х.Дж. Джайнотт, Ата-аналар мен балалар. Мәскеу: Білім, 1986, 96 б.

мөлшерде анықтайды. Ал тәрбиелік жүйелер нақты отбасыларда ғана емес, тұтас халықтың өзінде әр түрлі болып келеді.

Әр халықта балаларға неге шек қою керек, неге рұқсат беру керектігін баяндайтын өзінің тәрбиелік жүйесі қалыптасады. Рұқсат ету шекарасының проблемасы ата-аналар алдында үнемі тұрған. Күні бүгінге дейін ғылым тәрбиенің нәтижелерінің ересектердің балаларға көзқарасындағы жұмсақты-каталдық дәрежесінен нақты тәуелділігі туралы мәліметтерді көрсете алмай отыр.

Мысалы, тәрбиенің жапондық жүйесінде мектепалды жасындағы балаларға жұмсақ, талап қойылмайтын қатынас сипатталады. Бірақ, мектеп жасында бұл біржақтылық талаптылықпен, тым қаталдылықпен теңестіріледі. Тәрбиенің еуропалық үлгісі өзгешерек: кішкене кездерінде тәрбиелеу ересектердің ережелерімен реттеліп отырады, бірақ есею барысында сыртқы бақылау әлсірей бастайды. Қазіргі педагогикада «талап» деген түсінік барынша кеңінен түсіндіріледі: сөзбен өкім шығарудан басқа, ол бала өмірінің регламентін, оны ұйымдастыруды кіріктіреді. Отбасыдағы баланың өмірін ұйымдастырудың ортақ тәсілі ретінде күн тәртібі қарастырылған, ол, өз кезегінде, негізгі өмірлік үрдістерді уақыт бойынша дұрыс бөлуді, қызметтің алуан түрлерін және демалуды саналы түрде дұрыс уақытымен пайдалануды көздейді. Күн тәртібін орындау – ол, бәрінен бұрын, мектеп оқушысының жүйкелік жүйесін сақтау және бекіту, демек, оны бірқалыпты, байсалды және қызметті жағдайда ұстау дегенді білдіреді. Күн тәртібі балалар бойында тәртіпке, реттікке деген әдетті қалыптастырады. Балалар шыдамдылыққа, өз міндеттерін, ересектердің талаптарын мерзімінде орындауға жаттығады. Педагогикалық талаптарда екі қыры көрсетіледі: мінез-құлықтың және адамгершіліктің кез келген нормалары айқындалатын мазмұны мен оны жүзеге асырудағы тәсілі – талапты білдірудің айқын үлгісі. Мысалы, «Тамақ ішкен соң – ыдыс-аяғыңды жинау», «Егер саған айту керек болса, ал әңгіме тоқтамаса, «Кешіріңіз, сіздің сөзіңізді бөлуге бола ма?» деп өтін».

Талаптың қозғаушы және дәлелді күші оның анықтығына, ойды тұжырымдауына байланысты болады. Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары талаптарды, әрекеті бойынша, «орын-орнына орналастыруы» керек, олардың кейбіреуін көрсетуілері керек. Мұндай әдістің арқасында, бала бойында алдында тұрған қызмет бейнесі, мінез-құлықтың қажетті үлгісі қалыптасады. Мінез-құлық тәжірибесін баланың жинақтауы дәрежесі бойынша талаптың жинақталған тұжырымдамасы болуы мүмкін: «Артем, ұйықтатын уақыт келді, «Олег, өз үстелінің үстін ретке келтірші, өтінемін».

Талап қою баланың дамуының жеткен деңгейі мен жақын перспективаларына сәйкес болуы керек. Талаптар саналы түрде қойылуы керек. Мұнда баланың мүмкіндіктері мен күшіне деген сыйластық, оның тұлғасына деген сенімділік болады. Баланың өзі істей алатын үйренген істі, бала үшін істеуге болмайды, ата-аналар оны келесі жетістіктерге ынталандыру, ұмтылдыру керек.

Талаптар орынды болуы керек. Ол баланың нені не үшін істеп жатқанын түсіну керектігі. Сонымен бірге, талаптарды, ересек адамдардың бұйрықтарын орындау үшін нақты жағдайлар жасалуы, талаптарды орындудың материалдық жағынан қамтамасз ету қажет. Оның үстіне, қойылған талаптарда баланың күші мен мүмкіндігін ескеруі маңызды. Мысалы, егер, балаға ересек адамның асханалық аспалдарын берсе, ол шанышқы мен пышақ арқылы тамақ жеуді тез үйрене қоймайды.

Кейде балалар ересектердің берген тапсырмасын дағдысы мен біліктілігінің жетіспеушілігінен орындай алмайды. Сондықтан, ата-аналар бала бойында, бала мінез-құлқына біртіндеп талаптарды күшейту арқылы алуан түрлі дағдыларды қалыптастыруы керек. Талаптар баланың оны орындағандығы, аяғына дейін жеткізілгендігінде ғана мақсатына жетеді (соның ішінде ата-ана көмегімен де). Және, керісінше, балаға ұйымдаспаған түрде әсер ететін факторларды да айта кету керек: ересектермен келісілмеген және орындауға міндетті емес талаптар. Бала үшін оған талап қою арқылы сөйлеу екпіні де маңызды болады. Жылы, жұмсақ, ұстамды интонация балаға жағымды әсер етеді, кішкене әзіл мен қалжың да кедергі болмайды, бастысы, бала өзінің тұлғасына деген ересек адамның қатысы бар екенін, қызығушылық танытатынын сезінуі керек. Айқайлау, қорқытумен ашуланған интонацияда берілген талаптар баламен жақсы қабылданбайды және оның бойында ересектерді тыңдауға зауқы болмайды. Қазіргі отбасылардың тәрбиелік жүйесінде талап қоюға әртүрлі көзқарастары бар, ол тәрбиедегі алуан түрлі тактикалық жолдарды айқындайды: үстемдік, қамқорлық, кіріспеу негізіндегі бейбіт өмір сүру, ынтымақтастық.⁷⁰

Үстемдік баланың өміріне бұйрық, қорқыту, тіпті басқа да қатал шаралар арқылы ата-аналардың «енгізетін» ережелері, талаптары. Үстемдіктің адамгершілік кейіпте болмауы ерекше аргументтікті талап етпейді: баланың еркі жойылады, өздігінен әрекет етуге, жігерлілікке ұмтылуы тамырынан «солады», өзінің абыройы тапталады. Әрине, ата-аналар мұндай нәтижелерге ұмтылмасы сөзсіз, мүмкін, олар осындай жоғары талап қоюға шын көңілмен қараған шығар, бірақ, баланың тұлғалық дамуына келтірілген зиянның орнын толтыру мүмкін емес

Үлкен талап қою қажеттілігі туралы өз кезінде А.С. Макаренко айтқан болатын, бірақ егер ол талап баланың өзіне деген үлкен сыйластық пен сенімділік болған жағдайда ғана қойлатындығын атап өткен. *Балаға деген сыйластық пен сенімділік талаппен сәйкес болмаса бала үшін ол дәрекі қысымшылық, мәжбүрлеуге айналады.*

Қамқорлық бір қарағанда үстемшілдікке қарама-қарсы құбылыс және өз мақсаты ретінде баланы қиыншылықтан, «артық» талаптан босатуды көздейді. Бірақ, ата-аналардың диктаты мен қамқорлық көрсетуі – бір тәртіптің

⁷⁰ А.В.Петровский. Балалар мен отбасы тәрбиесінің тактикасы. – М.: білім. 1981;

А.В.Петровский. Әрқайсымыз туралы психология және әрқайсымызға психология туралы– М., 1996.

құбылыстары, олар бір-бірінен үлгісімен емес, маңыздылығы бойынша айырықша болады. Нәтижелері көбінесе бірдей болып келеді.

Араласпау, кіріспеу негізіндегі бейбіт өмір сүру – қазіргі отбасыларда барынша кеңінен тараған тәсіл, ол жас, көбінесе, білімді ата-аналардың мынадай принципке жүгінуімен мазмұндалады: балалар өздігінен әрекет ете алатындай, тәуелсіз, еркін болып өсулері қажет.

Осыдан – талаптардың аз болуы да, тәртіптік нормалардың аз талап етілетіндігінде. Ата-аналар мен балалардың – екі әлемнің - тәуелсіздікке барар жолы – ересектердің өз проблемаларымен айналысып жүретін, әкесі мен шешесінің өз тыныштықтарын «сақтайтын», араласпаушылық ұстанымын ұстайтын, өмір сүрудің жайлы және ерекше шығынын қажет етпейтін үлгісін тұтынатын отбасыларда кездеседі. Мұндай тәрбиенің нәтижесі – ата-аналардың суынуы, балалардың жекешеленуі.

Ынтымақтастық балаға (және отбасының барлық мүшелеріне) деген махаббат, сыйластық және талап қою теңгерімімен сипатталады. Мұнда талаптар «көзге ұрып тұрмайды», олар табиғи түрде өтеді, бала кез-келген талапты орындау немесе орындай алмауы бойынша ешқандай қауіпте болмайды, себебі, оған есіне салады, қажет болса - көмектеседі. Ең бастысы оған өз күшіне деген сенімділікті үйретеді, басқаша айтқанда, оның *біліктілігін* жағымды түрде мадақтайды.

Бала бойында өзіндік біліктілігіне деген қажеттілік өмірлік тәжірибені жинақтау бойынша қалыптасады.⁷¹ Бала өздігінен ертерек әлемді танығысы келетіндігі мен күшін танығысы келетіндігіне көптеген дәлелдер келтіруге болады. Мысалы, «Мен сырғанағым келеді!» деп бала мұз жолына қарай жүгіріп бара жатыр. Осы кезде анасы қайтпек? Баласына үстемдік көрсететін немесе қамқорлық танытатын анасы оған өз еркін білдіріп: «Жоқ! Керек емес, құлап қаласың, ауыртып аласың бір жерінді..» дейді. Ол баланың белсенді болуын, өз күшін көргісі келетіндігіне тосқауыл қояды. Мұндай жағдайларда баланың біліктілігін мадақтаудың кері әсері жайлы айтылады. Басқа ана, баласының өздігінен әрекет етуіне ұмтылатынын түсіне отыра, басқаша айтады: «Сен сырғанай аласың. Мен көмектесем, қолыңды бер» деп. Баланы қолдау, оған бір әрекетін іске асыруға көмектесу біліктілікті ынталандырудың жағымды жағын көрсетеді.

Теріс ынталандыру кезінде ата-аналар қауіптеніп, баланы айнытады, оған «Сенің қолыңнан келмейді!» деп сендіреді. Бала жерден құрғақ ағаш бұтасын алса: «Көзіңді шұқып аласың», шалшыққа жақындаса: «Құлап қаласың!» деп жаны шыға бастайды. Бір сөзбен айтқанда, баланың қолынан келмейтіндігін көзбен де іспен де өзіне сендіреді. Бұл неге әкеледі? Өз күшіне сенімділігінің әлсіреуіне, өзі және өзінің мүмкіндіктері туралы теріс пікір қалыптасуына жетелейді. Бала сыртқы бақылауға бағытталып, негізделеді, ол жауапкерлікте болу қорқынышына, жағдайға тәуелді болу, ересектер талаптарын орындай алмайтындай қобалжуларына әкеліп соғады, басқаша айтқанда, өзіне сенбейтін адам өсіп шығады.

⁷¹ Й.Раншбург, П. Поппер. Тұлғаның құпиялары. «Педагогика», басп.: 1983, 162 б.

Баланың біліктілігін жағымды ынталандыру барысында оған, керісінше, қолынан бәрі келетіндігін сендіреді. Бала өз көзінің алдында өседі, балалардың байқалмас көмегі баланың ішкі бақылауының дамуына бағытталған. Бұл өздігінен әрекет ету, жауапкершілікті қалыптастыруға жағымды әсер береді. Жиынтығында ынталандырудың барлық жағымды тәсілдері ата-аналарға өзіне сенімді бала тәрбиелеуге көмек көрсетеді.

Жалпы айтқанда ата-аналар міндеті – сыртқы регламентация көмегімен, талаптар мен ережелерді анықтау арқылы ғана емес, баланың ішкі ынталарының, талаптарының, жақсы болуға ұмтылыстарының жан-жақты белсендірілуі жолымен ұйымдастыру болып табылады.

7.4. Жазалау.

Баланы тәрбиелеуде жазалау қажет пе деген сұрақ төңірегіндегі пікірталас әлі күнге дейін жалғасып келеді. Украина педагогы В.А.Сухомлинский жазалауға қарсы шыққан педагог болып саналады. Ол отбасыда, балабақшада, мектепте бала өмірін мақсатты түрде ұйымдастыру арқылы балаларды мейірімділікпен ғана тәрбиелеу қажеттілігін атап өткен.⁷²

«Адамгершілік, ақпейілдік, қайырымдылық, ықыластылық - жауыздыққа қарсы, адамның кішкене кезінде мейірімділік, нағыз адамгершілік қарым-қатынас мектебінен өткенде игерілетін, адалдық иммунитеті»– деп жазған А.С.Макаренко, егер баланы бірінші күннен бастап-ақ тәртіпке, талапты орындауға, оны шыдамдылықпен, байсалдылықпен жүзеге асыруға үйретсе жазалаусыз тәрбиелеуге болады деген көзқараста болған. А.С.Макаренконың пікірінше, жазалаусыз зиян келтіретін жағдайлар: жазалау керек кезде ол да тәрбиелеудің кез-келген әдісі сияқты табиғи әдіс болып саналады.

Жазалау дәстүрлі түрде қабылданған нормаларға карама-қайшылық танытатын баланың әрекеттерін, тәртіп нормаларын айыптауды білдіретін балаға әсер етудің түрі ретінде қарастырылады. Жазалаудың мағынасы «Баланы қамшымен емес, ұятпен жазала» деген мақалда білінеді.

Баланы жазалау – балаға өзінің әрекетін сезінуге, ұялу мен өкіну сезімін шақыруға көмектесу деген сөз. Жазалау әсерінен бала бойында бұдан әрі бекітілген ережелерге сәйкес қызмет етуге ұмтылыс пайда болу керек. Жазалау – ересек тарапынан болатын әрекет қана емес, ол жазаланатын баланың өзінде болып жатқан әрекеттің маңыздылығы. Психологиялық тұрғыдан қарағанда жазалау - әрбір адамға белгілі ұят пен кемсitudiң басқыншылықты, жағымсыз сезімі, одан тезірек құтылуға және осындайды басынан екінші рет кешірмеуге бала тырысады. Сондықтан, балаға өткен жазалары туралы есіне салу қажет емес.

Егер бала өз кінәсін сезінбесе, жақын адамдармен қарым-қатынасын белгілі бір себептермен бүлдіргенін сезінбесе, жазалаудың өзі күш көрсетудің әктісі ретінде қабылданады, тек қана өкініш, ренжу, жазалауды жасап отырған адамға кек сақтауды ғана көрсетеді. Демек, жазалауды дұрыс пайдаланбау, бұл

⁷² В.А. Сухомлинский. Азаматтың туылуы, М: Просвещение, 1973.

әдістің педагогикалық мағынасының болмауына әкеліп соғады. Бұрыс әрекет болғанда, балалардың жас ерекшеліктерін естен шығармау керек. Бала өз әрекетімен өзін жазалайды, сондықтан жазалау шараларынан гөрі, ересек адамдардан аяушылық пен жұбатуды күтуге мұқтаж болады. Мысалы, портфелін жинарда сүйікті кітабын жыртып алды. Егер бала әрбір жіберген қателігіне жазаны тосатын болса, онда қорқыныш қаупі өз әрекетін өздігінен құруға ұмтылысын жансыздандырады. Жазалаудан қорқатын болғандықтан, бала ересектерді алдап, кулыққа салынуы мүмкін. Бірде-бір рет сарайдың, шарбақтың басына шықпай бала өсе ме? Жоқ, бұл мүмкін емес, әрине! Мұны түсінген ата-аналар баяғыда ақ жақсы жол тапқан: егер балады сәнді киімі болса, ойынға да арналған киімі болу керек. Еркіндік әрекет пен әлемді танудың қуанышын танып білу үшін баланы көшеге жіберсе, оған сәйкес киім кигізеді. Ол қимыл-қозғалыстарын еркін жасау үшін ыңғайлы, тез жуылатын киімдер болады. Көшеден қайтып келген бойда көңілді және байсалды түрде баланы үйретеді: аяқ сүрту және киім-кешегін, аяқ киімін қалпына келтіру үрдісіне бой алдыртады. Бұл әдетке айнала бастайды, бірақ оны үнемі қолдап отыру керек, айқаймен емес, түсіністікпен және бірлесіп әрекет етумен.

Отбасылық тәрбие тәжірибесінде жазалауды дұрыс пайдаланбауы - ата-аналардың өздері шаршаған, ашуланған күйінде балаларын жиі жазалайтындығын және жазалау үшін бірнеше айыптарды қосып жазалауды көрсетеді. Бала мұндай жазалаудың әділетті болмайтындығын түсінеді, сондықтан олар ата-аналармен қарым-қатынаста жаңа қақтығысқа әкеліп соғады. Еңбекпен («сабақ оқымасаң - өз бөлмеңді жина»), қорқыныш тудыратын жазалау («қараңғы бөлмеде жалғыз отырасың») жазалаулар болмауы керек. Дөрекі балағаттау, тіл тигізу, ренжітетін сөздер баланың психикасын жарақаттайды, оның еркін әлсіретеді, ересектерге мейірімсіз көзқарасын қалыптастырады.

Көптеген қазіргі отбасыларда балалардың зардап шегіп жүрген **денелілік/тәнді жазалаулар** туралы ерекше атап өтуге болады. Неліктен қазіргі жетілдірілген заманда отбасы жағдайындағы тәнді жазалау туралы «Балалар құқығы туралы Конвенциясында» (1989 ж.) айқындалған халықаралық деңгейде айтыла бастады.

Себебі, көптеген ата-аналарға балалардың даму ерекшеліктері, оны тәрбиелеуде шыдамдылық пен ұстамдылықтың болуы туралы кәдімгі білімінің жетіспеушілігінде. Балаға қатысты ойланбаған үстемдік әрекеттер ата-аналардың шаршағандығынан, жағымсыз жағдайларды басынан кешіргендігі мен ашушандығынан болуы мүмкін. Ата-аналар балаға төгілген ашудың ешнәрсеге үйретпейтіндігін, тек қана оны қорлайтындығын және кемсітетіндігін ұмытып кетеді.

Басқа ата-аналар тәнді жазалаулар арқылы баланы тез тыңдатуға қолжеткізуге болатындығы жайлы бұлдыр-елес қоршауында болады, сөйте тұра олар әрекет ету «үлесінің» үнемі көтеріліп отыратындығын да жасырмайды.

Мұндай ата-аналар балаларын жазалай отыра ең қысқа жол көздері мен құлақтары арқылы емес, ал «жамбасы арқылы» жатыр деп шешеді. Қысқа

мерзімге ғана баласының тілалғыштығына қол жеткізген ата-аналар өз қаталдықтарымен өтірік пен жалғандылықты тәрбиелейді, баланың қалыпты дамуы үрдісін мұқалтады.

Ал үшінші типтегі ата-аналар адамгершілік тұрғыда құлдырағандар, осыдан қатты ұрып-соғулар мен кішкентай балаларды жәбірлеулер туындайды.

Кез-келген денелік жазалау (тіпті ақырын шапалақ берудің өзі) баламен жүргізілген барлық тәрбие жұмысын сызып тастайды. Үйлерінде жазаланатын балалар ересектердің жақсы сөзіне сенбейді, «...кішкентайларды ренжітпе, әлсіздерге көмектес...» дегендей ақылдарға шүбә көзімен қарайды. **Қамшы мен таяқ арқылы жазалаудан өткеннен кейін балалар басқа әсер етудің тәсілдеріне көңіл де қоймайтын болады.**

Тыйым салу, ойынға жібермеу, бір қызықты істен алшақтату түрінде де жазалаулар болады. Табиғи салдарлар әдісі орынды: айнаны ластасаң – сүрте сал, қоксытсаң-жина. Үлкен балалар сенімді жоғалтуға сезімтал келеді («Өткен жолы сен допты қуып көрші көшеге кетіп қалдың, сені далаға жібере алмаймын»).

Балалар өздірені деген көзқарастың өзгеруін ауыр қабылдайды. Сондықтан жазалау шаралары ретінде ересектер балаға шыдамдылық, небір ресмилікті, салқындықты таныта білуі керек. Мысалы, бірінші сыныптың оқушысы: «Мені папам Александр деп айтқанын ұнайтпаймын, ол маған ренжүлі дегенді білдіреді» дейді.

Баланың мінез-құлқын болжау негізінде баланың әрекеттерін әлеуметтік заңдалықтарға қарсы болмауының алды-ала білетін ата-аналар тәрбиесі тиімді. Бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын-алудағы маңызды фактор болып **тыйымдар** саналады. Жалпы және нақты тыйымдарды айыра білу керек. Жалпы тыйымдар өмірге, басқа адамдардың қауіпсіздігі мен абыройына қауіп төндіретін, немесе материалдық құндылықтарға шығын келтіретін жалпы, абсолютті және таңдаусыз үлгіде қалыптасады.

Нақты тыйым салулар келесі компоненттерден құралады: 1) баланың сезімері, тілектерін көрсету, оның кері әрекетін сипаттау; 2) нақты тыйым салу; 3) тыйым салынатынның орнына басқа әрекетті ұсыну; 4) баланың тыйым салуға сәйкес негативті әсер етуін ересек адамның түсінуінің коммуникациясы.

Сонымен қатар, отбасылық тәрбие тәжірибесінде ата –аналардың барлық адамдардың көзінше өзіне тез арада көндіретінін көрсеткісі келетін кезеңдері жиі кездеседі. «Кәнеки тез!» бол деген сөзі ойынның қызған сәтінде, теледидардың алдынан, бітуіне он минут қана қалғанында, жолдасына бармайсың, мен нұсқаған жерге барасың деуінде көрінеді. Ата-аналардың көргенсіздігі мен ештеңінің байыбына бармастан талап етушілігі кейбір отбасыларда кей кездері тіпті шексіз болып кетеді. Баланың жоспарын бұзғаны үшін кешірім сұрау мұндай ата-аналардың ойына мүлдем келмейді: «Неліктен мен кешірім сұрауым керек? Сол ғана жетпеп еді..» деп білдіреді.

Осылайша көптеген балаларда ұрысқа және әзірше әлсіз ашуға деген дайындығы көріне бастайды. Бала үшін ата-ананың өктемдігі қатты байқалады, «Тура дәл қазір істе!» деген объективті қажеттіліктің болмауы сезіледі. Оның

үстіне «Бірінші гарнирін же, сосын етін жейсің». «Балғаны оң қолда емес, сол қолда ұста!», «Анаумен емес, мынаумен дос бол!» деген сөздері тіпті өрескел емес пе?!

Қажет емес, орындауға міндетті емес, өрескел талаптар мен өкімдерді үйіп төгу, олардың қарама-қайшылығы мен үстемдігі негізінен оларға деген негативті көзқарасты, әдеттегі қарсылықты және көнушіліктің инерциясын қалыптастырады.

Біздің талаптардың артықтығы мен дұрыс еместігінен орындаушылықты қалыптастыру бұзылады, ол өте бағалы іскер қасиет. Ата-аналар орындаушылық қасиетті көбінесе объективті қажетті істі тез арада орындаушылық, олардың ата-аналық еркіне бас ұру, мұқият тыңдаушылықты - сезімталдылықпен алмастырып алады.

Бірақ кешегі кіші мектеп оқушысы сынап-мінеусіз үнедемей ғана тыңдауымен кез-келген өктемшілдік қоғамдық құбылыс ретінде азықтанады. Мұндай ата-аналар кімді өсіреді? Нақты жауапкершілікке бейімделген тұлғаны ма, әлде заңдылықты өтірік орындаушы болып жүрген тәртіп бұзғышты ма? Ерікті адамды ма, әлде жағымпаз адамды ма? Балалар үстемшілдікке, заңсыздыққа, өктемшілдікке бағынбаушылық ерлігіне ие бола ала ма? Немесе табынушылықтың белгісі болып қала бере ме? Ынталандыру немесе мадақтау тәрбие тәсілі ретінде, жазалаудан гөрі, мағыналы болады. Бірақ жазалаусыз да тәрбиелеу іске аспайды. Баланы тәрбиесінің бел ортасын қалай табуға болады? **Кешірімділікте!** Көптеген ғалымдар ересек адамдар кешіре білу өнеріне ие болу керек деп тұжырымдайды.^{73, 74, 75.}

«Егер де біреуді жақсы көргіңіз келсе, алдымен кешіре білуді үйреніңіз» - деп тамаша драматург Александр Вампилов жазған еді. Кешіре білу, былайша алғанда, түсіне білу деген сөз, демек, татуласу, ал ол бала жүрегінде кешіре білетін және кең пейілді анасы мен әкесіне жақсы сезімдер толқынын туындатады.

Бала кешіруді мейірім, жақын адамдарының сенімділігі ретінде қабылдайды. Бала тәртіп бұзды, ал әкесі: «Сен дұрыс істеген жоқсың. Бірақ мен ендігіде сенің бұлай істемейтіңе сенемін. Сенің жақсы екеніңді білемін. Жақсы балалар мұндай істемейді» деп айтады.

Мұндай қарым-қатынасты психологтар риясыз⁷⁶ деп атайды. Ол қоғамдық нормаларды «бұзушылардың» адамгершілік дамуына жақсы ықпалын тигізеді.

Әрине, ата-аналардың баланы үнемі кешіруге дайын болуы беделінің түсіуімен және балаға ықпалы етуінің әлсіреуімен анықталатынын түсінеді.

Екінші жағынан, қатал, ешқашан кешірмейтін ата-аналар бала мен өзінің арасындағы тұңғықты тереңдете береді, оны басқа кеңес берушілерге, достарға өздері-ақ итермелейді.

⁷³ Матейчик З. Ата-аналар мен балалар. Поляк тіл. ауд. М.: Просвещение, 1992, 319 б.

⁷⁴ М.Земска. Отбасы мен тұлға. Поляк тіл. ауд. М.: Прогресс, 1986, 135 б.

⁷⁵ Е.В.Субботский. Әртүрлі мәдениет жағдайындағы балалық шақ //Психология сұрақтары, 1979 – № 6.

⁷⁶ Ю.П.Азаров «Отбасылық педагогика.махаббат пен бостандық педагогикасы». М.,1993.

Иә, балалар өздерін періштедей ұстай бермейді, оларды тәрбиелеу – жеңіл іс емес. Бірақ, барлық қиын жағдайлардың ішінен баланың адамдық қасиетін қорламайтын, тіл тигізуді және денелік жазалауды пайдаланбай-ақ шығатын жол табу керек. Жазалау қажет болатын жағдайдан шығу немесе жағдайдың алдын-алу үшін ата-аналарға келесі ұсынымдамалар көмек болады:⁷⁷

1. Балаңызды тыңдаңыз, оны түсініп, естуге тырысыңыз. Баланың проблемасына еніңіз. Баланың көзқарасымен келісу міндетті емес, бірақ, ата-ана назарының арқасында ол өзінің маңыздылығын сезінеді және өзінің адамзаттық абыройын түсінеді.

2. Шешімді баламен бірге қабылдаңыз, сонымен қатар, оған өздігінен шешім қабылдауға рұқсат беріңіз: бала өзі тағайындаған ережелерге тез көнеді. Оның үстіне, біз кейбір ата-аналардың шешімдерді өздері ғана қабылдайтынын жоққа шығармаймыз. Балаға таңдау құқығын беріңіз, ол бірнеше мүмкіндіктің ішінен өзі таңдауға ерікті болсын.

3. Бала өзін дұрыс ұстауға тырысатындай қылып жағдайдың алдын-алуға немесе өзгертуге тырысыңыз.

4. Балаға бір қызмет түрінен екіншіге ауысуға, демалуға мүмкіндік беріңіз.

5. Баладан бір нәрсені талап ете тұра оған нақты және түсінікті сілтемелер беріңіз. Егер де бала бәр нәрсені ұмытып, не түсінбей қалса, ашуланбаңыз. Сондықтан, қайта-қайта, ашуланбай-ақ, шыдамдылықпен өз талаптарыңыздың мағынасын түсіндіріңіз. Балаға қайталау қажет.

6. Баладан бірден көп нәрсені талап етпеңіз, оған біртіндеп сіздің талаптарыңызды игеруге жағдай жасаңыз: ол барлығын бір мезетте іске асыра алмайды.

7. Балаға күші келмейтін талаптарды бермеңіз: одан күші келмейтін талаптардың орындалуын күтуге болмайды.

8. Қызуқандылық танытпаңыз. Балаңыз неліктен өзін осылай ұстайтындығын сараптап көріңіз.

9. Баланың тап болған жағдайы несімен қиын екенін ойланыңыз? Бұл жағдайда сіз қалай көмектесе аласыз? Оны қалай қолдау қажет?

7.5. Ата-аналар семинарына арналған материалдар

7.5.1. «Балаларды мадақтау және жазалау» тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама

(сауалнаманы семинарды дайындау алдында өткізген дұрыс).

Қымбатты ата-аналар!

⁷⁷ «Тәрбиенің үздік әдістері». «Отбасылық бос уақыт клубы» баспасы, Харьков-Белгород, 2011.

Алдағы ата-аналар семинарына сіздерден мына сауалнаманы толтыруларыңызды өтінеміз.

1. Сіз балаңызды жазалайсыз ба?
2. Баланы жазалауға болады және қажет деп ойлайсыз ба, неше жасынан бастап?
3. Жазалау шараларын қаншалықты жиі қолданасыз?
4. Баланы жазалаусыз тәрбиелеуге бола ма?
5. Сіз не үшін жиі жазалайсыз? _____
6. Сіз балаңызды көбінесе қалайша жазалайсыз:
 - бұрышқа қоясыз;
 - онымен сөйлеспейсіз;
 - айқайлап, ұрсасыз;
 - ұзақ уақыт ақыл үйретесіз;
 - теледидар көруге, компьютер ойнауға рұқсат бермейсіз және т.с.с.;
 - сүйікті ісінен айырасыз (қыдыруға, достарымен қатынасуға және т.с.с.);
 - қол күшіңізді жұмсайсыз (желкесінен ұру, кейде белдікпен ұру);
 - достары мен таныстыраның көзінше ұялтасыз;
 - тоқбасар мен тәттісіз қалдырасыз;
 - басқа тәсілдер: _____
7. Балаңыз жазалауға қалай әрекет етеді? _____
8. Жазалаудың орнына не ұсынар едіңіз? _____
9. Мадақтаудың қандай түрлерін пайдаланасыз?
 - онымен бірге жетістіктеріне қуанасыз;
 - жай ғана мақтайсыз;
 - сыйлықтар аласыз;
 - ұзағырақ ұйқыға жатпауына рұқсат етесіз;
 - теледидар көруге, компьютер ойнауға рұқсат етесіз;
 - тәттілермен еркелетесіз;
 - бірлесіп ойын ойнайсыз;
 - Басқа тәсілдер: _____
10. Балаңызға қатысты нені көбірек пайдаланасыз: жазалау ма әлде мадақтау ма?

Бінтымақтастығыңызға рахмет!

7.5.2. «Сіз қандай ата-анасыз» тесті

Қандай ата-ана бұл сұраққа жауап алғысы келмейді дейсіз? Сондықтан осы тесті ұсынып отырмыз. Балалармен жиі қолданатын тұжырымдарды белгілеңіз.

	Сұрақтар	Ұпайлар
1.	Саған қанша рет айтуға болады?!	2
2.	Маған кеңес берші, өтінемін.	-
3.	Сенсіз мен не істер едім.	1
4.	Осындай боп кімге тартып туған екенсің өзі?!	2

5.	Сенің достарың қандай тамаша!	1
6.	Мұны істеуші болма!	2
7.	Мүмкін, басқаша істеуге болатын шығар, ойланып көрші.	2
8.	Мен сенің кезінде!	2
9.	Сен менің қамқорымсың және көмекшімсің.	1
10.	Не ойлап тұрасың осы?!	2
11.	Сен менің ақылдымсың!	1
12.	Сен қалай деп ойлайсың ұлым (қызым)?	1
13.	Бәрінің баласы бала да, ал сен.	-
14.	Сен менің ойлап тапқышымсың!	-

Ұпайлардың жалпы санын есептеп шығыңыз. (Әрине бұл тест тек қана нақты іс жағдайына ишара ғана. Сіздің қандай ата-ана екеніңізді өзіңізден артық ешкім білмейді).

Егер сіз 5-6 ұпай алсаңыз – балаңызбен өте жақсы тіл табысасыз. Ол сізді шын жақсы көреді және сыйлайды, сіздің қарым-қатынастарыңыз тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді!

7-8 ұпай алсаңыз – сіздің балаңызбен қарым-қатынасыңыздағы болатын қиындықтар, оның проблемаларын түсінбеушілік, оның дамуындағы кемшіліктерді өзіне жаба салуы тырысу туралы мәлімдейді.

10 ұпай – сіз баламен қарым-қатынаста бірізділік, бірқалыптылық сақтамайсыз. Ол сізді сыйлайды, бірақ сізбен әрдайым ашық емес. Оның дамуы кездейсоқ жағдайлардың ықпалына байланысты болады.

7.5.3. Ата-аналарға жадынама

(төменде келтірілген жадынамалар мен ережелер жиынтығы пікірталастарда, дөңгелек үстелдерде және басқа интерактивті сабақтарда үлестірілмей немесе талқылауға арналған материал ретінде пайдаланылады).

Егер бала кінәлі болса:

1. Жаман көңіл күймен шешім қабылдамаңыз;
2. Әрекетін бағалаңыз және кідіріс жасаңыз;
3. Ескертуден кейін балаға жақындаңыз және сіз оған аяушылық танытатыныңызды, сенетініңізді сездіріңіз;
4. Оның уәдесін талап етіп сұрап алмаңыз, ол балаға ешқандай мағыналы болмайды.

Баланы жазалай отыра, есте сақтау керегі:

- Істеген теріс қылығын кешіру, көбінесе, тәрбиелік күшке ие болады, ал жазалау ұят сезімінен арылтады;

- Жазалау үйренген қалпыға айналып кетпеу керек, ол шектен тыс жағдай болу керек;
- Жазалау құқығы баланың сыйлайтын, жақсы көретін адамында ғана болуы керек;
- Кінәлі әрекетінен кейін үнемі бірден жазаламаңыз («Жақсы, мен ертеңге дейін сенімен не істейтінімді ойланамын»);
- Істеген қылығын есіне түсірмеңіз.

7.5.4. «Тәрбиенің үш ережесі»

1 ереже: шектеулер, тыйымдар, талаптар әр баланың өмірінде міндетті түрде болу керек.

Балаларын қолдарынан келгенше азырақ ренжітіп, олармен қақтығыстардан қашқақтайтын ата-аналар да бар. Нәтижесінде, олар өз баласының жетегіне кететін болады. Бұл тәрбиенің жіберіп алған стилі. Мұндай жағдайларда балалар менменшіл, тәртіпке үйренбеген, өздерін ұйымдастыра алмайтын болып өседі. Үйде ол онша білінбеуі мүмкін, бірақ олар үй сыртына шығып қандай-да бір ортақ іске кіріскенде, әртүрлі топтарда қиыншылықтарға тап болады және олармен ешкім мәмілесіп жүрмейді.

Айналасындағыларға өздерінің жоғарылаған талаптарымен және басқаларға көмекке баруды білмегендігінен олар жалғыздықта қалады, оларға көбінесе сырттай күлетін болады.

2 ереже: тыйымдар, шектеулер, талаптар тым көп болмауы қажет.

Бұл ереже басқа шеткі жағдайлардан сақтап қалады, немесе қарым-қатынастың үстемдік стилінен қорғайды. Мұндай ата-аналар баланы сындыру, оның қарсылығын басу қажетті деп ойлайды. «Оны еркіне жіберсең, мойнына отырады». Өздері байқамастан, олар балаларға мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді: «Өзің нені қалайсың, соған қайтсең де, ешкімнің пікірін елемей жетуге тырыс». Балалар үнемі жеңіліп отырады. Ереже бойынша, олар немесе үстемшіл, немесе өте баяу, енжар болып өседі. Кез келген тыйым салуды бала қиын көтереді. Оған көмектесуге болады, егер де оған қысқаша болмайтындығын айтып түсіндіре білсеңіз («тым кеш», «бұл қауіпті»), бір түсіндіргеніңізді қайта-қайта қайталамай, ал сөйлемді жақсыз сөйлем үлгісінде құрастыру керек.

3 ереже: мінез-құлқын жұлделер арқылы бақылауға болады.

Жұлдені алу үшін ұмтылыс жасау керек: еңбектеніп, жұлдеге лайықты болып, беделге жету қажет. Мадақтаудың мұндай түрі бала өзінің артынан бөлмесін жинау үшін, жатар алдында ерегесуді тоқтату үшін пайдаланылады.

1. Түзетуге жататын фактілерді нақты айту керек.
2. Өзі қалаған нәрсесі үшін бала күнделікті ұпай алып отыру керек.
3. Егер бала сізбен келіскендей өзін ұстамаса, оған ұрыспаңыз – ол жұлде алу уақытынан кешіктіре отырып, өзін жазалап отыр.

4. Бала алдында келісілген ұпай санын жинаған кезде сіз оған белгілеген жүлдеңізді бересіз.

5. Келісілген ұпай саны тым көп болмау керек. Баланың жақсы тәртіп сақтауы бір апта бойы бақыланады. Егер мектеп жасындағы бала болса, ұпайлар ұзақ уақытқа беріледі.

6. Жұлделерді бір ғана істеген іске тағайындамау керек – бұл зиянды және тиімсіз, сатып алынған дай болып көрінеді.

7.5.5. В.А. Сухомлинскийдің отбасылық тәрбие уағыздары

- Кемсітпе.
- Қорқытпа.
- Уәдесін зорлықпен алма.
- Адамсыма.
- Баланың өзімен-өзі болу мүмкіндігінен айырма.
- Зиян келтірме.
- Қателікті мойындауға қорықпа.
- Тәрбиені өзіңнен баста.
- Өз балаңа сен.
- Балаға өзіне сенуге көмектес.

7.5.6. «Баланы жазалаудың салдарлары» жадынамасы

Егер баламен ұзақ уақыт сөйлеспесе. Қарым-қатынастан айырылу ол үшін қатал сынақ. Бала онсыз да ұят сезімін қалай жеңерін білмейді, оны күдіктер мазалайды. Қиын кезде баладан артық жақын адамға мұқтаж ешкім болмайды. Сондықтан, үлкен өмірде бала ерекше сөзшең болып кетеді, оны ешкім естімей қалуы мүмкін деген перспективаның өзі жегідей жейді. Ол сөйлеп тұрған мезетте, ата-аналары келіп «Аузыңды жап! Біз сенімен сөйлескіміз келмейді!» дейтіндей болып тұрады. Сондықтан да шығар, осындай адамды әңгімеге қатысушылар бір нәрсені жүз рет қайталайтын жалықтырғыш адам ретінде қабылдайды.

Егер ата-аналары денелік жазалауды қолданған болса. Ата-аналар бала тәрбиесінің қай әдісі қолайлы екені туралы ойламайды. Олар бұдай былай қайталамасын деп, сөйтіп, баланы қорқыту және өздеріне эмоционалдық босансу сияқты екі бірдей проблеманы шеше отырып, баланы ұрып-соғады. Жазалау шарасы өмірдегі немесе қызметтегі ата-аналық сәтсіздіктер санына байланысты болады.

Мұндай жазалау аяқастынан, жарқ еткен найзағайдай не үшін екені белгісіз болады. Осылайша, сіз баланы белсенді қызметтен айырысасыз. Қандай-да бір қызметті бастай отыра, ол: «Жұдырықтың астында қалмас үшін, дер кезінде тоқтаған жұрыс шығар» деп күдіктеніп отырады. Оның табиғи аяқастылығы, шығатын жол таба алмай, басқара алмайтын қозуларда білінеді.

Бұл бейбітшілік жағдайда пайдалануға болатын сол қажетті энергия еді. Бірақ, дәл сол бейбіт өмірге балаңыз үйретілмеген.

Егер баланы достарының немесе таныстарының көзінше ұялтса немесе басқалармен салыстырса, онда бұл ескертулер баланы жолы болмайтын адам ретіндегі ойға итермелейді. Мадақтау мен мақтау мұндай балаға қанат бітіреді, қоғамдық жазалау осы қанаттарын қиғандай болады және ол өзінің қиялын тағы да неге сәтсіздікке ұшырағанын ата-аналарға түсіндіруге жұмсайтын өтіріктерге бағыттайды.

Егер ата-аналар бала бостандығын шектесе. Көптеген ата-аналар балалары бір ізбен жүріп, тіл алғыш болғанын армандайды. Достарымен ортақ шулы ойындарды ойнауға тыйым салуда сіз оның еркіндікке деген ұмтылысын сынайсыз, сіздің көмегіңізсіз ол ешнәрсені орындай алмайтын сенімге жетелейсіз, теңдестерінің алдында оның беделін түсіресіз. Біртіндеп еркіндікті аңсау балада тәуелділіктен қалай да болса қашу тілегімен шығарылып тасталынады. Бірақ, тағы да қиын жағдайға тап болып, ол көңілінің ар жағында өзінің ата-аналарының көмегіне жүгінеді – бала өзіне сенуді сол қалпы үйренбеген.

Егер баланы сүйікті ісінен айырса. Бала бәрінен де барлық ынтасын сала отырып, өзінің сүйікті істерін бағалайды. Соны біле тұра ата-аналар, жазалау шарасы ретінде баланы сүйікті ойыншығынан, кітаптарынан, конструкторынан және т.б. айырады. Мұндай тәрбиелік шаралар енді сүйікті ісімен айналысқысы келіп, оқшау қалғанда мүмкін болатын өкініштер мен наразылықтардан өзін қорғау үшін, баланың эмоционалдық тұрғыда айналасындағылардан оқшауланатындығына әкеліп соғады. Бала адамдарға сенуге байланысты келтірілген ойлар мен мысалдардың біріне де сенбейді. Бір кішкене қауіп кезінде ол ішінен тынуды үйреніп алып, ол енді ешкімнің құрығына түспейді.

Егер ата-аналар ұзақ уақыт ақыл-кеңес үйретсе. Нәтижесінде балада онсыз да ұятты сезінуі одан ары ұлғаяды. Ата-аналар өздерінің ақыл-кеңестерімен оның кінәсін екі есе ұлғайтуға қол жеткізеді және барлық игі істерін бір таза емес, нас нәрседей санауға итермелейді. Балада алдын-ала кешірім сұрап, ақталу әдеті қалыптасады, бұл әдет өзіне жек көрінішті болып көрінеді және айналасындағыларға да жаға қоймайды. Бөтен ашу, шыдамсыздық пен ашуланшақтықты ол өзін шеттетуге мен алшақтатуға ұмтылыс деп түсінеді. Өзін өзі кемсітудің зардабын тартқан бала өзіне деген махабатты қалыпты жағдай емес, бір керемет артықшылық ретінде қабылдайды.

Егер ата-аналар балаға айқай мен балағаттау арқылы әсер етсе.

Бала өзінің маңыздылығына жақсы қарайды және өз мәртебесін бағалай біледі. Ата-аналардың айқайлары мен ұрысулары оның, өзі шытынап тұрған өзіне деген осал бағалауын, быт-шыт қылып шашады. Кезекті шабуылдан кейін бала өзін бұзылған заттар мен сынықтар ортасында жалғыз тұрғандай сезінеді. Ең қайғылысы, бұл балалық тәжірибе оның ересек өміріне ауысады. Себепті және себепсіз ол ұрысулармен және айқайлаумен өзіне жауапты шақырта отырып, айналадағыларға тап беретін болады.

Егер баланы бұрышқа қойса. Ол өзіне қатысты ескертулерді өте ауыр қабылдайтын болады, көбінесе үндемейді және басқа балалардан өзін бөлек

ұстайды, өйткені кездейсоқтықта бір қателікке тап болу қаупінен арыла алмайды. Бала егер мереке болса, нағыз қызған шақта ата-анасының қатты «Кәне, тез бұрышқа тұр!» деген айқайын естіп қалу қаупінде болады. Бәрінен бұрын бала өзіне сезімтал қарым-қатынасты талап етеді, бірақ, оның шеттелген мінез-кұлқы ешкімге мұндай ой әкеле қоймасы анық.

Егер баланы тоқбасар мен тәттіден айырса. Ол мүмкіндігі болғанда қарнын тойдырып алып, мүмкін солай болып қалар деген оймен бәрін қол астында ұстағысы келеді. Сөйтіп, жинаушылық пен ашқаралыққа деген құмарлық осылайша туындайды. Баланың ең басты міндеті – үзіліссіз және кідіріссіз рахат алу. Бұл баланы жеткен жетістіктерді сақтауға үйретеді, бірақ жаңа жетістіктерге талпынысын тоқтатады.

7.5.7. «Мен өз баламды жақсы білемін бе?» тесті.

1. Сіздің балаңызда биылғы оқу жылында қанша оқу пәндері жаңадан қосылды?

а) 4; б) 3; в) 2.

2. Сіздің балаңыз оқитан сыныптағы барлық мұғалімдерді білесіз бе?

а) барлығын білемін; б) жартысын білемін; в) кейбірін ғана.

3. Қызығушылық үшін балаңыздың дәптерлерін (оқулықтарын) қанша рет қарастырасыз?

а) үнемі; б) тоқсанына 1-2 рет; в) бірде бір рет.

4. Егер сіздің балаңыз бір немесе бірнеше пәннен қиналса, бірақ оған сіз көмектесе алмасаңыз, қандай әрекет жасар едіңіз?

а) мұғалімдерге көмек сұрау үшін барамын; б) оқу ісі меңгерушісіне барамын; в) баланы пәнді дұрыстап оқуына мәжбүрлеймін.

5. Өз балаңыздың қызығушылықтарын (айналысатындарын) білесіз бе?

а) иә, білемін; б) кейбіреуін; в) білетін сияқтымын, бірақ нақты емес.

6. Балаңыз бос уақытын кіммен, қайда өткізетінін білесіз бе?

а) иә; б) кейде; в) жоқ, бірақ білетін сияқтымын.

А, б, в сұрақтарының ұпайларын бөлек санаңыз.

Егер а жауабы алда болса, сіз балаңызды білесіз, балаңыздың көмегіңізге мұқтаж екенін білесіз және осы көмекті мезгілінде бересіз.

Егер б жауабы алда болса, сізді балаңыз емес, проблемалар мен жағдайлар көбірек толқытады. Бірақ оқуға байланысты келеңсіздіктер баланың барлық қалған қызметін істен шығаруы мүмкін.

Егер в жауабы алда болса, сіз балаңыздың істерімен айналыспайсыз, сіз және отбасының басқа мүшелері баламен айналысуларыңыз керек.

7.5.8. «Баланы қалай дұрыс мақтау керек» атты тренингтік сабақ.

Тренингке ата-аналар мен бастауыш сыныптың ата-аналары, жасөспірімдердің ата-аналары қатыса алады. Дұрыс мақтаудың дағдыларын игеру ешқашан да кеш емес!

Ата-аналарға біреу оларды мақтайтын гипотетикалық жағдайлар келтірілген қағаздар таратылады. Тапсырма: әрбір жағдайдың сипаттамасын оқып шығу және алған мақтауына өзінің алған әсерін жазу.

1 жағдай. Сізге түскі асқа күтпеген қонақ келу керек болды. Сіз тез арада тауық пакеттегі пюре-сорпасын дайындайсыз, ал екінші тамаққа кешегі кешкі астан қалған тауықты жылытасыз және тез дайындалатын күрішпен қонаққа бересіз. Қонағыңыз:

– Сен тамаша аспазшы екенсің!-дейді

Сіздің ішкі реакцияңыз:

2 жағдай. Сіз жаңа ғана қалың күртеңізді және шалбарыңызды шешіп, маңызды кездесуге бару үшін жаңа костюмді кидіңіз. Сіздің танысыңыз сізге келіп, үсті-басыңызға көз салып, былай дейді:

– Сіз әрдайым тамаша киінесіз!

Сіздің ішкі реакцияңыз:

3 жағдай. Сіз курсқа барып жүрсіз. Жанданған пікірталастан соң, тыңдаушының бірі келіп, сізге былай дейді:

– Сіздің ақылыңыз жүйрік екен!

Сіздің ішкі реакцияңыз:

4 жағдай. Сіз теннис ойнауды енді ғана үйрендіңіз, бірақ қанша тырыссаңыз да доп беруіңіз дұрыс шықпайды. Добыңыз үнемі торға немесе корт сыртына кете береді. Бүгін сіз жаңа ойыншымен ойнадыңыз және сіздің бірінші берген добыңыз тиісті жеріне барып түсті. Сіздің серіктесіңіз сізге былай деп айтты:

– О, тамаша бердіңіз!

Сіздің ішкі реакцияңыз:

Кеспе қағаздарын толтырған соң, мұғалім ата-аналармен бет бұрып: «Сұрақтарға жауап беру барысында, мүмкін, өздеріңізге мадақтауға

байланысты проблемалардың басын ашқан боларсыздар. Жағымды сезімдерден басқа ол басқа реакцияны да тудыруы мүмкін.

1. *Мақтау мақтап тұрған адамға құмандануға әкелуі мүмкін* («егер мені жақсы аспазшы деп ойласа, әлде өтірік айтады, әлде дәмді тағам туралы ешнәрсе білмейді»).

2. *Мақтау тез арада оны жоққа шығару тілегіне әкелуі мүмкін.* («Ылғи тамаша киінеді дейді! Мені бір сағат бұрын көрсеніз ғой!»).

3. *Мақтау көңілге қонымсыз жағдайларды тудыруы мүмкін* («Келесі жолы, келесі кездесуде мен қалай болып көрінер екем?»).

Мақтау өзінің кемшіліктеріне назар аудартқызуы мүмкін («Жүйрік ақыл? Қалжыңдап тұрған шығарсыз? Мен өз жауабымды ешқашан уақытында айта алмаймын!»).

4. *Мақтау күдіктілікті тудыруы және белсенділікке кедергі болуы мүмкін* («Мен енді ешқашан осылай допты дәл тигізе алмаспын! Енді мен расында да епсіз екеніме қобалжитын боламын!»).

5. *Мақтау манипуляция ретінде де өтуі мүмкін* («Бұл адамға менен не қажет екен?!»).

Енді сіздерге пайдалы мақтаудың ережесін түсініп, игеруге жеңіл болады: **пайдалы мақтау екі бөлімнен тұрады:**

1. Ересек адам өзі көргені мен естігенін құрметпен сипаттайды.

2. Бала, сипаттауды ести, соның негізінде өзін мақтауға қабілетті болады.

Мысалдар:

1. Қызыңыз өз бөлмесін жинастырды.

А нұсқасы

Анасы: «Сен бөлмеңді жинадың. Қандай жақсы қыз едің!»

Қызы (мүмкін болатын реакция) «Мен сондай жақсы емеспін – кейбір заттарды керуеттің астына тыққыштай салдым».

Б нұсқасы

Анасы: «Бұл жерде көп жұмыс атқарылғанын көріп тұрмын. Әрбір зат өз орнында жатыр. Әрбір диск өз қапшығында. Қарындаштар мен қаламұштар ыдысына ұқыпты салынған екен».

Қызы: «Мен егер көңілім түссе қалай жинау керек екенін білемін!»

2. Қызы әкесіне өзі тоқыған бөкебай сыйлады.

А нұсқасы

Әкесі: «Сенің маған деп тоқыған бөкебайың өте әдемі, өте сүйкімді».

Қызы (мүмкін болатын реакция): «Қызық, оған шынында ұнай ма екен?»

Б нұсқасы

Әкесі: «Қандай көк қанық түсті таңдап алғансың! Бөкебай та жалпақ, жолақтары оған кермет сән беріп тұрады. Ол мені шынында да суықта жылытады».

Қызы: «Оған ұнайды!»

3. Ұлы анасына өзі жазған өлеңін әкеліп берді.

А нұсқасы

Шешесі: «Бұл тамаша! Сен тамаша өлең шығарыпсың!»

Ұлы: (мүмкін болатын реакция): «Шынында да солай ойлай ма екен?»

Б нұсқасы

Шешесі: «Мен сенің бүркіт туралы өлеңіңді толқумен оқыдым. Маған әсіресе мына жолдары ұнады: ...»

Ұлы: «Мен жақсы өлеңдер жаза аламын, ертең тағы жазамын!»

Қол жеткілікті түсінікті бекіту үшін және тәжірибеде пайдалы мақтауды пайдалану үшін ата-аналарға келесі жаттығулар ұсынылады:

Тапсырма: ұсынылған гипотетикалық жағдайды оқып шыққан соң сіздің балаңыз не істегенін елестетіп көріңіз, сосын не көріп, сезіп отырғаныңызды толғымен сипаттап беріңіз.

1 жағдай. Сізді балаңыз ойнайтын мектеп спектакліне шақырды. Ол патшаның немесе патшайымның рөлін ойнайды. Көріністен кейін балаңыз сізге жүгіріп келіп сұрайды: «Мен қалай ойнадым?»

Әдеттегі мақтау: _____

Сіз көріп не сезіп отырғандағы мақтау: _____

Бала өзіне не айтуы мүмкін: _____

2 жағдай. Сіз балаңыз жақсы оқи бастағанын көрдіңіз. Дәптерлерінде ұқыпты жазулар пайда болыпты. Ол сөздікті жаттайды. Өздігінен баяндама дайындады.

Әдеттегі мақтау: _____

Сіз көріп не сезіп отырғандағы мақтау: _____

Бала өзіне не айтуы мүмкін: _____

3 жағдай. Сіз ауырып қалып бірнеше күн төсек тартып жаттыңыз. Сіздің қызыңыз сізге тез жазалып кету тілегімен ашықхат салды, оған сурет салып - сары шарлар мен жүрекшелерді бейнеледі. Ол сізге ашықхатын ұсынып, сіздің әсеріңізді күтеді.

әдеттегі мақтау: _____

Сіз көріп не сезіп отырғандағы мақтау: _____

Бала өзіне не айтуы мүмкін: _____

Бұл жаттығуды орындаған соң, сіз, мүмкін, баланың бағалаулы мақтауды қалай қабылдайтыны білетін шығарсыз:

1. «Сен – тамаша актерсің».
2. «Сен біртіндеп оқу озаты болып келесің!»
3. «Сен сондай қамқоршысың!»

Осы жаттығуларды орындаған соң, сіз бала өзінің жетістігін сипаттайтын бағалау мадақтаманы естіген кезде өзін қалай сезінетінін анық елестете алатын шығарсыз:

1. «Сен тамаша патшайым болдың! Сондай биік, түзу тұрдың және дауысың да көрермен залының барлығына естіліп тұрды».

2. «Маған сен соңғы кездері оқуда тырысып жүрген сияқты болып көрінді. Мен орыс тілі дәптерлерің ұқыпты болғанын байқадым. Баяндамаларды сен мерзімінен ерте, өзің істей алатын болыпсың. Сөздік сөздерді қалай жаттап алу керек екенін де ұғып алыпсың».

3. «Маған мына сары шарлар мен жүрекшелер өте ұнайды. Олар көңілімді көтерді. Мен оларға жай қарағанның өзінде көңілім көтеріліп қалады».

Және, соңында, пайдалы, тиімді мақтаудың тағы бір ережесі; **сипаттаудың соңында ересек адам баланың мақтаулы әрекетіне қорытынды жасайтын бір-екі сөз қосады.**

Мысалдар:

1. Анасы - қызына: «Саған мына бәліш ұнаса да бір кішкене тілімін жедің. Бұл шынында да, табандылықты талап етеді» (күш жігерін, өзінді билей алатынынды).

2. Әкесі - ұлына: «Сен футболға сондай барғың келіп еді, матч болмайтын болғандықтан, жоспарыңды тез өзгерттің. Икемді болу деген осы шығар (тапқыш, жағдайға тез бейімделу).

3. Әкесі-қызына: «Сен басқа сыныптастарың оны кінәлағанына қарамастан, өз құрбыңа болыстың. Достық деген осы (сенімділік, ерлік)».

Балалар үшін, өздері сияқты балалардың бойындағы, барлық ең жақсы қылықтарын қолдайтын кездер, күмәнданған немесе рухтың құлдырауы кезеңдерінде (күш жинау үшін) қайтып келе алатын сәттер болып қалыптасады.

Егер бала өткен кезеңдерді өзі мақтан ете алатын ісін есінде сақтаған болса, ол оның көңілінде қалады және оны ол қайта істейді.

Сабақ соңында ата-аналарға жадынама таратылады.

«Мақтау және өзін бағалау» жадынамасы.

Бағалау сөздерінің орнына «Бұл тамаша! Сен мықтысың! Бұл-менің сенен күткен нәрсем!».

1. **Не көріп** тұрғаныңызды сипаттаңыз:

«Мен таза еденді, тегіс салынған керуетті және сөрелерде ретпен тұрған кітаптарды көріп тұрмын».

2. Сіз **не сезіп** тұрсыз, соны сипаттаңыз:

«Енді осы бөлмеге кіру сондай жағымды!»

3. Баланың мақтаулы іс-әрекетін **қорытындылаңыз**:

«Сен өзіңнің қарындаштарың, қаламдарыңды бөліп, орнына қойыпсың! Ұйымдасқандық деп осыны айт!»

7.5.9. «Адамды ренжітпей және түсінбеушілік туғызбай қалай өзгерту керек екендігінің тоғыз ережесі», Дейл Карнегидің кеңестері:

1. Адамның абыройын шын ниеттен мойындаудан және мақтаудан бастаңыз.

2. Адамдардың көңілін қателіктеріне аударғанды жанама үлгіде жасаңыз.

3. Басқа біреуді сынамақ бұрын, өз қателіктеріңіз туралы айтыңыз.

4. Бұйрық берудің орнына сұрақтар қойыңыз.

5. Адамға өз тұлғалық абыройын құтқаруға мүмкіндік беріңіз.

6. Адамды әрбір, тіпті қарапайым, жемісі үшін мақтаңыз және өзіңіздің мақтауыңызды жасырмай жақсы сөздерді аямаңыз.

7. Өзі сонымен сәйкес өмір сүру үшін, адамға адал ат қойыңыз.

8. Адам бойындағы түзеткіңіз келген қателік тез түзелетін сияқты қылып, ал оны әуестендіретін ісіңіз оңай орындалатын сияқты етіп, мадақтауды дұрыс пайдаланыңыз.

9. Сіздің қалауыңыздағы істі адамдарға орындау ыңғайлы да жағымды болуына қол жеткізіңіз.

Балаларды шартсыз сүю – оларды сол күйінде қабылдау деген сөз:

1. Менің балаларым – кәдімгі балалар.

2. Өздерін әлемдегі барлық балалардай ұстайды.

3. Балалар әрекеттерінде ашуландыратын нәрселер көп, ол дәл солай.

4. Бірақ егер мен балаларды жақсы көруге тырыссам және жақсы ата-ананың рөлін ойнайтын болсам, онда өздерінің тәртіп бұзушылықтарына қарамастан, олар есейеді және өздерінің жаман әдеттерінен бас тартады.

5. Егер де мен балаларды тек қана мені тыңдаған кезде немесе қуантатын кезде жақсы көретін болсам, онда балалар шынайы махаббатты сезбейтін болады, бұл олардың өзін бағалауын төмендетеді, олардың жақсы жаққа қарай дамуына кедергі болады.

6. “Мен ата-анамын” – баланың дамуы мен мінез-құлқы үшін, жауаптылығым баланың өзінікінен кем емес.

7. Егер мен өз балаларымды ешқандай шартсыз жақсы көрсем, олар өздерін үнемі сыйлайтын болады, олардың іштей тепе-теңдігі мен қанағаттану сезімі пайда болады. Бұл оларға өз мінез-құлқын бақылау мен үрейлікті азайтуға мүмкіндік береді.

8. Егер мен шартты түрде жақсы көрсем, ол толық дамымағандыққа әкеліп соғады, балалар үлкен адамдардың көңілінен шығу үшін тырысуын бекер деп санайтын болады, олардың эмоционалдық-сезімталдық мінез-құлқында ауытқулар кездеседі.

9. Өз баласы үшін қам жеп жүруші ретінде өзім үшін және өз балаларымның келешегі үшін мен барлық күш-жігеріммен махаббатымның шартсыз және шексіз болуына тырысуым керек.

Эмоциялық қажеттілігінің тек толық қанағаттанғандылығы ғана баланы бақытты ете алады. **Бізге бұл махаббат қайтады, сол сияқты махаббатсыздық та қайтып келеді.**

8 ТАРАУ.

АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР: АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ.

Тәрбие үш нәрсеге мұқтаж болады:
Дарындылыққа, ғылымға,
жаттығуға.

Аристотель

Ата-аналар еңбегінде, кез-келген еңбектегідей, қателік пен күмән, жығылыстар мен сәтсіздіктер уақытша болып тұруы мүмкін. Әрине, жеңістер де болады! Бірақ бұл «Еңбек майданында» нені жеңіс, нені жеңіліс деп айтуға болады?

Ата-аналар өздерінің педагогикалық ұмтылыстарының дұрыс екендігіне күмәндануы баламен қарым-қатынасында көбінесе байқалады. Бұл әділеттілік пе? Қақтығыстың өзі – адам өмірінің константасы, кез-келген қарым-қатынастың, соның ішінде, жұбайлық, ата-ана мен бала арасындағы байланыстың серігі емес пе?

Қақтығыс/жанжалдасу - бұл көзқарастардың сәйкессіздігінің, мүдделерінің ортақ еместігіндерінің, дауласуды ашатын жағдай. Ал әрбір адамға оның мүддесі қымбат болғандықтан, жақын адамның келіспеушілігі табиғи қарсылықты білдіреді, бұл қарсылық жағымсыз эмоциялардың гаммасымен, ашумен, ренішпен, қызбалықпен жалғасады. Сөйтіп, адам күн сәулесіндей махаббат пен түсіністіктің кей кездері бұлтпен торланатын әлемде өмір сүретіні анық болып шығады.

«Үйдегі ауа-райын» сақтап, бейбітшілік пен қуанышта қалай өмір сүруге болады? Түсінбеушілік жауынының астында су болып қалмай, бір-біріне қалай көмектесуге болады?

Қазіргі психологияда қақтығыста келіспеушіліктің фактісі ретінде қарайтын жағымды көзқарасы бар. Қақтығысты жағымды түрде қабылдаудың ортақ формуласы:

*Ол өзгерістерге әкеледі,
өзгерістер-бейімделуге,
бейімделу - өмір сүре білуге.*

Қақтығыстарды, өзгерістер қажеттілігі ретінде, қарастыра отыра, қарым-қатынастарды бұзу қаупінен оны сақтау мен жаңару фактісіне айналдыруға болады. Әрине, бұл жағдай белгілі дағдыларды қажет етеді.

8.1. Балалар-ата-аналар қақтығыстарының пайда болу себептері

Балалар мен ата-аналар қақтығыстарының жиі кездесетін түрлері мен одан шығатын ата-аналар міндеттерін қарастырайық.

1. Ата-ананың біреуінің немесе екеуінің де тұлға ерекшеліктері.

Адамдар бір-бірімен алуан түрлі себептер бойынша қақтығысады. Жағдайға қарай және перманенттік (франц. permanent, лат. permaneo — жалғаса беремін, осы қалпындамын; үздіксіз жалғастыратын, үнемі) қақтығысқа бейім тұлғалар болады. Біріншілерлерді, шиеленіске пайда болған жағдай итермелейді. Екіншілерінде, қақтығыс - мінезінің үнемі байқалатын бір сипаты. Мұндай қақтығыстық тұлғаларға өзін төмен немесе жоғары бағалайтын адамдар жатады. Олар тіресіп қалған немесе қызбалылық білдіретін адамдар.

Қақтығысқа дайын тұратын ата-ана баланың кішкене ғана кемшілігіне шыдамсыз, онымен өзін тым алыс та жоғары ұстайды. Ол риясыз тыңдауды талап етеді және қорытындысында, бала бойында, өзінің санасыз тисе беруіне қарсы әрекетті тудырады. Ал баланың қарсылық көрсетулерімен кездескеннен кейін, оның себептерін анықтауға қарамастан, «кемедегі көтерілісті» басып тастайды.

Мұндай ата-ананың міндеті: өзіне-өзі талдау жасау, өзін түсіну, қақтығыстық жағдайларға құмарлығының шығу көзін сараптау; қиыншылық туғанда психологқа бару.

Сонымен қатар, балалармен қақтығысқа ата-ананың тұлғалық ерекшелігі ригидті болуы (латын тіліндегі rigidus – қатты – жағдайдың жаңа талаптарына сәйкес өз мінез-құлқын өзгертуге дайын еместігі), ескі көзқарастағы ойлауы, мінез-құлқы мен зиянды әдеттердің ескірген ережелерін ұстануы, пікірлерінің үстемділігі ықпалын тигізеді. Ата-аналардың консервативтілігі, мысалы, жасөспірімнің сыртқы бейнесі үшін қақтығысты тудырады. Ата-аналар балаларға аса қажет заманауи моданы, киімдердің құнын да ұнатпайды, ал жасөспірім өзін бірегей тұлға ретінде санай отыра, өзінің замандастарынан қалыспауға тырысады.

Әсіресе, отбасыда алкоголь ішімдігін көп пайдаланатын ата-ана болуы патогендік болып саналады. Өкінішке орай, мұндай патогендік аномальдық отбасылар қазіргі кезде әжептәуір кең тараған құбылысты білдіреді. Алкогольдік отбасыда өсіп келе жатқан балалардың дамуы күрделі психикалық ауытқулармен өтеді. Балалар өзін-өзі төмен бағалау синдромымен сипатталады, жиі құлдырау, депрессия, қорқыныш пен үрей жағдайында болады. Маскүнем ата-аналардың балаларында өзінің қажетсіздігін сезіну жиі пайда болып отырады, себебі олардың бойында әлемге деген, үлгілі отбасыдағы жақсы өмірді аңсаудың негізгі сезім қалыптаспаған. Олардың ішкіш ата-анамен қақтығысы үздіксіз сипатта болады.

2. Ата-аналар арасындағы жанжал, қақтығыстар, ұрыстар жіне өзара арақатынастардың анықтауы астмосферасы.

Егер ата-аналар өздері үнемі ұрсыса берсе және өздерінің қақтығыстарын конструктивтік салаға аударма алмаса, балаларға сол жолмен жүруден басқа ештеңе қалмайды. Ең жаман жағдайларда балалардың көз алдында салауатты отбасылық қарым-қатынас үлгісі болмайды, олар қақтығыстарды норма ретінде қабылдайды.

Ата-аналардың міндеті: отбасыға махаббат пен түсіністікті қайтару болып табылады. Олар осындай өмір туралы армандап па еді?

3. Ата-ананың тәрбиеге деген әртүрлі көзқарасы.

Бала ата-ана арасындағы келіспеушіліктерді тез «қағып алады» немесе тез арада өзіне пайдасын (әдетте жалқаулық, жаман оқу, тыңдамау жағына қарай және т.с.с.) ойластыра отырып, олардың арасында өте жеңіл әрекет етеді, немесе ата-аналардың біреуімен коалиция құруға (екінші ата-анаға қарсы «достаса» бастайды) тырысады, әрине, екінші ата-ананың ашуы мен ызасын келтіреді.

Ата-аналар міндеті: тәрбиенің ортақ стратегиясын құру, тәрбиелік тактикаларды келісіп алу. Екі жақтың әрқайсысы бұл сұрақта ымыраға келу керек, бірақ негізгі талаптар міндетті түрде қанағаттануы керек. Бір ата-ананың шешім қабылдаған кезіндегі жағдайларда ол екіншінің ұстанымы туралы есте сақтауы тиіс. Ата-аналар арасындағы қарама-қайшылықты баланың байқамағаны абзал, демек тәрбие сұрақтарын оның жоғында ғана талқылау керек.

4. Ата-аналардың балаларға қойылатын талаптарының қарама-қайшылығы, барабар еместігі және тұрақсыздығы.

Ата-аналар уәдесін береді, бірақ өздері орындамайды, өздерінің жеке ауыспалы көңіл-күйіне тәуелділіктің шеткі дәрежесін көрсетеді, әрбір жағдайға байланысты, баладан мінез-құлық жолы мен адамгершілік нормаларын өзгертіп отыруды талап етеді (мысалы, бүгін ата-аналар одан әділдікті талап етсе, ертең-өтірік айтуын сұрайды). Осының бәрі баланың өзіне деген нық сенімін жояды, олар күдіктілікте болады, әрі қарай олар, әрине, оларға жапсыруға тырысатын дыңғайсыздықтан қашып құтылуға тырысады.

Ата-аналар міндеті: Егер ата-ана өз баласының бойында қазір және келешекте қандай қасиетті көргісі келетіндігін нақты түсінсе, балаға қоятын ата-ананың талаптары қарама-қайшы болмайды. Сондықтан, ата-аналардың осы міндетті шешу барысында, ең бастысы - өздеріне және балаға мұқият болуы, сезімтал және адал болуы қажет.

5. Баланың ата-ананың тұрақсыз түрде қабылдауы (баланы бағалау критерийлерінің үнемі ауысып тұруы).

Ата-аналар балаларына қарама-қайшылықты сезімдерде болады, бұл оның жағымды қасиеттерін толық бағаламауымен және шектен тыс көңіл аударуында және, соған сәйкес, оның кемшіліктерін сынауда байқалады. Бұл құбылыс жасөспірім-балаға қатынас бойынша айқын көрінеді. Бұл жастағы кемшіліктер өте көп: ұқыпсыздық, беймазалық, шыдамсыздық, сыртқы бейнесі кейде мүлдем түсініксіз, ол әлі бала, бірақ өзін үлкен адамдардай ұстағысы келеді, өзіне сыйластықпен қарауды талап етеді, өз құқығының бар екендігін дәлелдегісі келеді. Бірақ, кей кездері бала сияқты барлығын ұмытып, киімдерін лақтырып, уәделерін орындамайтын кездері де болады.

Ата-аналар міндеті: өзінің қарама-қайшылық сезімдерін түсіну мен өз бойындағы жек көрініштік пен ызакорлық сезімін өшіруге тырысу. Жасөспірімнің жетістіктері мен кемшіліктерін әділетті түрде бағалау, оның міндеттері мен құқықтары жүйесін теңгерімге келтіру.

6. Үстемдік, ата-аналар тәрбие стилі ретінде тандап алған әдіс.

Ата-аналар балаға қатысты барлық мәселелерде өздерінің биліктерінде шек жоқ деп ойлайды және баланың өз еркі мен жеке абыройы сезімдерін басына отырып өздерінің басшылығын қатаң бақылау арқылы жүзеге асырады. Мұндай ата-аналарға әдепсіздік пен даңғойлық тән болып келеді. Бұл келесі құбылыстарда байқалады: а) ата-аналар үнемі балаға не істеу қажеттілігін айтып отырады; б) егер бала өз пікірін айтса, ата-аналар, шешімін қарастыра отырып, оның дауысын есепке алмайды; в) жекелеген шешімдерді бала өзі қабылдай алады, бірақ ата-аналардың міндетті түрде құптауы қажет.

Ата-аналар, әрине, балаға талап қоюға құқы бар және талап қою керек. Бірақ, олардың талаптылығы оған деген сенім және сыйластықпен үндесу қажет. Олай болмаған жағдайда ол дөрекі қысымдық жасау мен мәжбүрлеуге айналады. Жасөспірім балаға бұйрық пен күш көрсету арқылы ықпал етеін ата-аналар дөрекілік, екіжүзділік, алдау, кейде ашық жек көріністілікпен.

Қарсылығын сындырған кезде де, жеңіс елес болып көрінеді, себебі, өзіне тіл тиген, қорланған бала барлық тәрбие үрдісінен тек қана «Кім күшті, соныкі дұрыс» деген принципті ғана меңгереді. Ал бұл - дөрекілік пен арсыздыққа апаратын тура жол.

Тіпті бұл үрдіс осындай ауыр салдарларсыз өтсе де, мұндай ата-аналардың ұлынан не қызынан өздері мүлдем күтпейтіндей адамдар өсіп шығады толық сеніммен айтуға болады.

Ата-аналар міндеті: кез-келген адамда, әсіресе, есейіп келе жатқан адамда «Бөгде адамдарға кіруге болмайтын» аумағы болатынын сезіну керек. Және егер осы аумаққа қайта-қайта кіре берсе, жасөспірім тұйықталып қалады, дөрекілік танытып, жүйкесі бұзылады. Отбасының әрбір мүшесінің жеке кеңістігіне байланысты қақтығыстардың алдын-алу үшін сақталуға тиісті кейбір қарапайым қарым-қатынас, жатақхана ережелерін енгізу қажет:

- бір-бірінің бөлмесіне есік қағусыз немесе иесінің жоғында кіруге болмайды;
- жеке заттарына тиіспеу;
- телефонмен сөйлесуін тыңдамау.

Ата-аналар жасөспірімге достарын, киім-кешегін, музыканы таңдау құқығын беру керек. Және егер де таңдауы сондай сәтті болмаған болса, ата-аналар неліктен солай екендігін шын көңілмен, шындықпен айтып түсіндіруі қажет. Мұнда баланың бұрынғы ескі қателіктерін «үйіп-төгіп» есіне сала бермей, қазіргі кезде пайда болған проблемалар туралы айту керек. Ата-аналарға баланы төмендетпей, кемсітпей үйрену маңызды, оған басымдық көрсету, денелік жазалау жасамау абзал болады.

7. Ата-аналардың шамадан тыс (гипер) қамқорлығы.

Кішкентай кезінде ата-аналары үнемі баласын бәйектеп, оларды қиындықтан қорғап, барлық айтқандарын орындап, тәртіп пен ұқыптылық ережелерімен мазаламаған ата-аналардың балалары жасөспірім шағында ересектерден «өшін алып», «қарсы шығуы» кездеседі.

Шамадан тыс гиперқамқорлық танытушы ата-аналар жасөспірімге кішкентай баладай қарайды, оның жігерлілігін басып тастайды, оның өзіне және отбасыға қатысты сұрақтардың шешіміне қатыстырмайды. Егер кішкентай кезінде осындай қамқорлық танытқан ата-аналардың балалары басылып қалған, сылбыр болса, есейген жасында ол «кішікентай диктаторға/басқыншыға» айналып, ата-аналарын басқарып, өзінің тілектерін орындатуға мәжбүрлеуі мүмкін. Көбінесе, мұндай балалар, баланы зарығып күткен отбасылар мен оның бақыт жолындағы соңғы үміті болған отбасыларда пайда болады.

Ата-аналар міндеті: онсыз тәрбиелеу мүмкін болмайтын бақылауды жіберіп алмай, өзінің ұстанымын өзгертуге тырысу, қамқорлықты азайту. Баладан тек қана дұрыс әрекеттерді қаламай, оны сол күйінде қабылдау. Көмектесу, бірақ ол үшін проблемаларды шешуге тырыспау. Оның өз құрбыларымен қарым-қатынасын ынталандыру.

Қамқорлық танытуды, еркіндік беруді, мақтау мен мадақтауды шамалау – берілген жағдайдан позитивті жол тауып шығудың міндеттері осы.

Баласымен эмоционалдық жақындықты санасыз түрде сақтап қалуға ұмтылатын ата-аналар балаларына қажет емес қызмет көрсететінін ұмытпау керек.

Балалары отбасылық қиындықтармен кездеспесін деген, күнделікті жұмыстардан шаршамасын деген мақсатта қамқорлық танытып жүрген үлкендер «мамасының ұлы мен қызын» тәрбиелеп шығады. Бұл балалар өз құрбыларының ішінде бақытсыз, олар өмірдің қиындықтарына дайын болмайды, себебі оларға жақындарынан басқа ешкім «жайлы жұмсақ төсек» сала қоймайды. Адамды проблемалар мен ауыртпалықтардан гөрі, көбінесе, шамадан тыс гиперқамқорлық аздырады. Себебі, баланың жігерсіздігі мен тәуелділігі ата-анасының ызасын келтіретін кездер де келіп жетеді ғой.

8. Ата-аналардың немқұрайлығы (гипоопека).

Ата-аналар жасөспірімдерге ойларына не келсе соны істеуге рұқсат береді, олардың ішкі өмірі мен оқуы қызықтырмайды. Жасөспірімдердің мінез-құлқы басқарусыз болады.

Баланың «еркіндігіне» ата-ананың шексіз ұстанымы, адамгершілік парыз бен қарым-қатынас ережелеріне бағынуға «тыйымсыз» тәрбиелеу, шектеулер мен талаптар қоймай тәрбиелеу ата-аналардың дағдарыс жайдайында болғанда (мысалы, баланың өте нашар оқу үлгерімін байқағанда), оның мінез-құлқын бақыланатын ресурстарға енгізуге тырысып-ақ бағады, ал, ережелерсіз тәрбиеленген бала дер кезінде «тежегішті басуды» білмейді және ата-аналарымен қақтығысқа түседі.

Ата-аналар міндеті: баламен қарым-қатынас тактикасын ауыстыру, тыйымдардың анық және нақты жүйесін тағайындау, өздеріне жасөспірімнің өміріне толығымен кірісуі және оның отбасы өміріне қатысуына көмектесу. Ол үшін отбасының көптеген проблемалары шешілетін өзіндік отбасылық кеңес құру қажет.

9. Ата-аналардың баласынан ақтауға шамасы келмейтін үміттерді күтулері.

Тәрбие жүйесі ретінде диктатураны да, шамадан тыс қамқорлықты да пайдалану ата-аналардың баладан өздерінің іске аспай қалған армандарын жүзеге асыруға тырысқан шынайы талпыныстарымен айқындалады. Сөйтіп, балерина бола алмаған анасы, өзінің қызық балет мектебіне беруге барлық «өмірін салады», тіпті қыздың бойында жақсы биші болу үшін қабілеті жоқ болса да.

Кезінде математика пәнінен емтиханнан құлап, жоғары оқу орнына түсе алмаған әкесі ұлын физика-математика мектебіне беріп, одан «бірнеше терісін» сыпырады. Мұндай ата-аналар баланың өзінің мүддесін есепке алмай, өздерінің бағасы жоғары идеяларымен өмір сүреді. Жасөспірім өзіне не қажет екенін өзі шешкісі келеді және өзіне бөтен талаптардан бас тартып, соған қарсы шығады.

Ата-ана міндеті: балаға деген өзінің көзқарасын оның мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын барабар бағалау негізінде құрау.

10. Балалардың жас ерекшеліктерінің дағдарысы.

Жас ерекшеліктерінің дағдарысы деп бала дамуының бір кезеңнен екіншісіне ауысуын атайды. Осындай сындарлы кезеңде балалар тілазар, ерке, қыңыр, ашуланшақ болады. Олардың бойында қасарушылыққа дейін баратын бұрын орындалған талаптарға теріс көзқарасы қалыптасады. Олар айналасындағылармен жиі қақтығысқа түседі, әсіресе ата-аналарымен.

Балалардың осындай дағдарысының келесі түрлері қарастырылады:⁷⁸

- Бірінші жылдың дағдарысы (сәбиліктен ерте балалық шаққа өту кезеңі);
- «үш жастағы» (ерте балалықтан мектепалды жасына дейін);
- 6-7 жас дағдарысы (мектепалды жасынан бастауыш сынып жасына);
- Жыныстық жетілу дағдарысы (кіші мектеп жасынан жасөспірімдікке өту (12-14 жас);
- Жасөспірімдік дағдарыс - 15-17 жас.

Ата-аналармен қатты қақтығыстар баланың балиғат жасына жеткен кезеңіне келеді. Жыныстық жетілуінің басталуымен (11-12 жас) жасөспірімнің мінез-құлқы да өзгереді: ол ырықсыз бола бастайды, көңіл-күйінің ауыспалылығын жиі көрсетеді, өзінің тең құрбыластарымен жиі келіспейді. Оның тәртібінің басты себебі: өзін-өзі тағайындау, көрсету, өз мәртебесін анықтау (кейде негізделмеген артық кеткен). Осы орайда, ата-аналар мен педагогтардың беделдігіне де көзқарасы өзгереді.

Осыған дәлел болып, Испанияда өткізілген ген қызықты тәжірибе саналады. 25 адамнан тұратын жасөспірімдердің екі топ құрылды: 8-11 жастағы және 14-17 жастағы жасөспірімдер. Таңдау критерийлері ретінде баланың әкеге деген көзқарасы белгіленді: тәжірибеде тек қана өз әкесін ең сүйікті адам ретінде танитындар қатысты.

⁷⁸ Д.Б.Эльконин. Даму психологиясына кіріспе (Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теория дәстүрлерінде). – М.: Тривола, 1994. – 168 б.

Тәжірибенің барлық қатысушыларына дене жаттығуларында олардың әкесі мен өзінің жақсы досының көрсеткіштерін бағалау ұсынылды (ауырды көтеру, жұдырық күші және т.с.с.). Абсолюттік көпшілігі – бір топтан 20 жасөспірім және екіншіден 19 бала – өз құрбыларының жобалы нәтижелерін жоғары бағалаған. Нақты сайыста нәтиже керісінше болып шықты. Құрбыларын бағалау нәтижелерін көтеріп жіберудің мәнісінде саналы емес, бірақ күрт көтеріліп кеткен өзіндік бағалау білінді: жасөспірім өзін тағайындауды және әкесінен озып кетуді қалайды.

Қатал бақылау мен үздіксіз бағалау ахуалында өскен жасөспірім балиғат жасында дәрменсіз болып қалады және бөтен адамның ықпалына тәуелді болады. Шамадан тыс тәртіпті белгілеу және тоталитаризм махаббат, мейірімділік және сыйластыққа негізделген құндылықтар мен беделдерді жоққа шығаруға әкеліп соғады.

Ата-ана міндеті: баланы сыйлауға негізделген демократиялық тәрбиелеу үлгісін пайдалану; насихат пен ақыл-кеңесті бере бермеу: жасөспірім ересек адамның өзінің пікірімен санасқанын, оның көзқарасын сыйлағанды қалайды; жасөспірімге ата-аналардың тең дәрежеде кеңес немесе өтініш жасауы, айқай мен тыйым салудан гөрі, тезірек әсер етеді.

Әдетте ата-аналарының талаптануы мен қақтығыстық әрекетіне бала келесідей реакциялармен жауап береді:

- Қарсылық реакциясы (негативті сипаттағы көрнекі әрекеттер);
- Бас тарту реакциясы (ата-аналар талаптарына бағынбау);
- Оқшаулану реакциясы (ата-аналармен қажет емес байланыстардан қашу, ақпаратты немесе әрекетті жасыруға ұмтылу).

8.2. Қақтығыстарды реттеудің конструктивті тәсілдері: ата-аналар да, балалар да жеңісті болады.

Балалармен қақтығыстың болатындығын түсіне отырып, ата-аналар тиімді реттеу әдістерін игеруге көңіл аударуы қажет. Қарама-қайшылықтарды барлығы бірдей ұтатындай етіп шешуге болады!⁷⁹

Қақтығыс басталарда бір ата-аналар өз дегенін айтқаннан басқаны көрмейді, екіншілері, керісінше, бейбітшілікті сақтай отыра, келісуді жөн көретін жағдайлар да кездеседі. Осылайша «Біреуі ғана ұтады» («ата-ана ұтады» және «бала ұтады») деген ортақ атымен әйгілі қарама-қайшылықтарды шешудің екі конструктивтік емес тәсілі пайда болады.

Мысалы: анасы баласымен теледидар алдында: анасы сериалдың кезекті бөлімін көргісі келеді, ал ұлы – футбол қарағысы келеді. Анасы баласының өтінішін тыңдаған соң «Ештеңе етпейді, футболың тұра тұрсын. Осыдан каналды тағы ауыстырып көр!» деп өзі сериалын көруді жалғастырады. Ал осы жағдайда анасы: «Жарайды, сериал кейіпкерлерімен не болатындығын ертеңгі

⁷⁹ Т. Гордон «Тиімді ата-ана тренингі». М.: 2006;

Гиппенрейтер Ю.Б. «Баламен байланысу. Қалай?» М.: аСТ «Астрель», 2011, 238 б.

сериясында түсініп көрермін» деп, баласына футбол көруге мүмкіндік бергенде «Тек қана бала ұтады».

Әрдайым ұтуға бейім ата-аналар оның қарсылыстығын сындыру, баланы жеңу, пайдалы деп санайды. Олар «мойынға отырып алады», «ойына не келсе соны істейді» деп тұжырымдайды. Өздері түсінбестен, олар «әрдайым нені қаласаң соған жетуге тырыс, басқалардың ойын есепке алма» деген мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді. Балалар осылайша жасауды тез үйреніп алады. Есейе келе, олар үлкендерге өздері үйреткен сабақтарын қайтарады.

Үнемі жол беріп, келісуге ұмтылатын ата-аналар қақтығыстардан қорқады (олар үшін «кез-келген бағамен өмір сүру» принципі бойынша ыңғайлырақ болады) немесе «баланың бақыты үшін мен бәріне де келісемін» деген тұғырнаманы ұстанады және өздерінің меншіктік мүдделерін баласының жолына қияды. Бұл жағдайларда балалар менменшіл, тәртіпке үйренбеген және өздерін ұйымдастыра алмайтын болып өседі. Ал, ата-аналарда өз баласына және өз тағдырына дыбыссыз көңіл толмаушылығы жинақтала береді. Қартайғанда мұндай «үнемі жол беруші» ата-аналар жалғыз және тастанды болып шыға келеді. Тек сол кезде ғана көздері ашылады: олар жұмсақтықты, бос қоя бергендікті және жауапсыз махаббатты өздеріне кешіре алмайтын жағдайда болады.

Келіспеушілікті конструктивті тәсілмен шешудің негізінде жатқан базалық принципті былай деп тұжырымдауға болады: әрдайым альтернатива табуға болады, немесе қақтығысты шешуде қақтығысқа қатысушының әрқайсысы – бала мен ата-ана – нәтижесінде, олардың арасындағы шиеленістің мәнісін түсініп, өздерін жақсы сезінетіндей қылып қақтығыс мәселесін шешуге болатындығын мазмұндайды.

Альтернативаны іздеу – бұл «Мынаны істе», «Сен солай істеуің керек деп ойлаймын...» деген кеңестер мен жарлықтарды «үлестіру» емес.

Мұндай директивалық кеңестер келесі себептер бойынша пайдасы жоқ болып танылады:

– директивалық кеңес беру (тура жарлық) баланы ата-анаға тәуелді қылып, баланың өздігінше проблемасын шешу мен тәуелділік алуына ықпалын тигізбейді;

– бала жиі ересектердің кеңесін күдікті сенімсіз түрде қабылдайды және оған не нәрсені, қалай және қашан істеу керектігін айтқанын ұнатпайды: керісінше, ол проблеманы талқылауға кіріскісі келеді;

– егер ата-ана кеңесі іске аспай қалса, онда «Кім кінәлі - бала ма әлде ата-ана ма?» деген сұрақ туындайды.

Альтернативаны табуды балаға үйрету оған әрекеттің ең ұтымды үлгісін таңдауға және шешемідерді орындауда жауапкершілікте болуына үйретеді. Альтернативаны іздеудің белгілі кезеңдері болады:

- қарама-қайшылықты немесе проблеманы анықтау;
- альтернативтік шешімдерді дайындау;
- альтернативтік шешімдерді ойластыру және бағалау;
- альтернативаны таңдау және шешімді жүзеге асыру;

- келешектегі прогрессті бағалауға болатын кезеңді анықтау.

Бір қарағанда осының бәрі өте қарапайым және ыңғайлы болып көрінгенмен, ата-аналардың бұл әдістемені пайдаланбас бұрын балаға түсіндіруге қажетті негізгі кезеңдері бар:

а) балаға альтернативтік шешімді іздеу үрдісін, сонымен қатар, олардың қарама-қайшылықты шешуге көмегін түсіндіру қажет.

б) балаға әдістемені тек қана әрбір қатысушы сыйластықпен бір-біріне қарайтын болса ғана жемісті пайдалануға болатынын түсіндіру.

Келіспеушілікті тиімді реттеу үрдісі келесі кезеңдерден тұрады:

I кезең. Қарама-қайшылық пен проблеманы анықтау.

1. Ата-ана альтернативаны іздеуге арналған кезең өзіне де, балаға да ыңғайлы екеніне сенімді болу керек. Барлығы сиықты, бала да егер оны тоқтатса немесе шеттетсе ренжиді.

2. Ата-ана келесіні айтудан қорықпауы керек: «Болған нәрсе проблема болып табылады, мен соны шешуге сенің көмегіңді қалаймын». Ата-ана келесі мақсаттар мен ережелерді сақтау керек:

- барлығын болған қалпында айту және егер осы тармақта ата-ана өзін күшті санаса балаға өзі сұрақ қойғаны дұрыс болады;
- баланы тек қана қорғануға мәжбүрлейтін және қарама-қайшылықты шешу мүмкіндіктерін азайтатын кінәлаулардан алшақ болу;
- біріккен әрекеттерді пайдалана отырып, ата-анаға ешқайсысы қысым көрмейтін және бала мен ата-ананың кездесуін талап ететін белгілі бір шешім жолын іздегенде күштерін біріктіру қажет екенін балаға түсіндіру керек.

Баланың ата-анасының шынайы көмектескісі келетінін түсінгені өте маңызды.

Альтернативаларды іздеудің бірінші кезеңі қалған төрт кезеңін жүзеге асыруға тәуекел жасалғанша бітіуі қажет. Кейбір жағдайларда бұл кезең өте қарапайым болады, мысалы, киім таңдауда. Проблемасы анық: «Қандай көйлек сатып алу керек?». «Соняға жаңа көйлек қажет пе?» деген проблема онша нақты емес. Мұнда «Ол жаңа аяқ киімнен гөрі жаңа көйлекке мұқтаж ба?» немесе «Оған тіпті жаңа көйлек қажет пе немесе ақылы қосымша оқу сабақтарын төлеуге ақша керек пе?» деген қарама-қайшылық туындауы мүмкін.

II кезең. Альтернативтік шешімдерді іздеу және дайындау.

Бұл кезең баладан және ата-анадан әртүрлі шешімдердің сараптауын талап етеді. «Ми шабуылы» бастамас бұрын ата-ана балаға: «Біз нақты нені сараптауымыз керек? Біздің проблемамыз бойынша сенде қандай идеялар бар?» немесе «Бір бастан екі бас мықты. Мен тіпті екеумізде жақсы идеялар пайда болатынына бәстесе аламын» деген ұсыныстарды береді. Проблеманың шешуін табуға көмектесу үшін ойда келесідей негізгі жағдайларды ұстау керек:

- балаға бірінші болып өз шешімін айтуды ұсыныңыз; өзіңіздің шешіміңізді айту мүмкіндігіңізді баланікін тыңдаған соң пайдаланыңыз;
- баланың өз ұсыныстарын ойлануға талқылауға жеткілікті уақыт беріңіз, әсіресе, жасы кішкентай болса;

- ашық болыңыз, баланың ұсынған сөйлемдерін бағалаудан, сынаудан және кемсітуден аулақ болыңыз;
- балада ұсынған сөйлемдерінің біреуін де қабылдамайды деген күдік туындататын тұжырымдамадан аулақ болыңыз;
- баланы қолду, әсіресе альтернативаны іздеуде бірнеше бала қатысса;
- «Ми шабуылымен» жаңа альтернативаларды «сығымдап алу» мүмкін емес екендігі анықталғанға дейін жалғастыру керек. Ереже бойынша, идеялардың көптеген саны алғашқы 5-10 минутта көрінеді.

III кезең. Альтернативтік шешімдерді зерттеу, ойластыру, бағалау.

Бұл кезең қарама-қайшылықтар мен проблемаларды шешуге қабілетті шешімде мен зерттеулерді қарастырады. Барлық мүмкін болатын альтернативалар ойға келіп жатады, сонымен қатар қабылданған шешімнің салдарлары да ойластырылады.

Берілген кезеңде ата-ананың баланы шешімдерді ойласытыру мен бағалауға қатыстыруы өте маңызды. Ата-ана: «Біз тапқан шешімдер туралы не ойлаймыз?» немесе «Қандай да бір шешім екіншісінен жақсы деп айтуға бола ма?» деп айтуы мүмкін.

Бұл фраза «елегіштен өткізу» фразасы деп аталуы мүмкін. Шешімдер алынып тасталынады, тек қана бала мен ата-анаға қажеттісі қалады. Ата-ана шешім бойынша, өзінің ойларын ашық айтуы керек. Мұны «Мені бұл нұсқа онша қуантпайды», «Бұл менің талаптарыма жауап бермей ме деп ойлаймын» деген сөздермен жеткізуге болады.

IV кезең. Альтернативаны таңдау және шешімді жүзеге асыру.

Егер қалған кезеңдер өтілген болса және ата-ана мен баланың арасында ашық және әділетті пікір алмасу болған кезде ғана альтернативаны таңдау және шешімді жүзеге асыру кезеңі жеңіл өтеді. Үздік альтернативаны таңдап алу үшін келесіні есте сақтау керек:

- «Сен осы нәрсе шешімге әкеледі деп ойлайсың ба? Шешіміміз барлығын қанағаттандыра ма? Ол біздің проблемамызды шеше ала ма?» деген сұрақтарды қою.
- шешімдер нақтыланбайды. Ата-ана баласына: «Жаман емес. Ол біздің проблемамызды шеше ме екен соны көрсек қайтеді?» немесе «Мен мұны сынап көргім келеді Ал сен ше?» деген сұрақтарды айтуына болады.
- егер де бірнеше бөлімнен тұрса және кейбіреуін ұмытып қалмас үшін шешімдерді қағазға жазу керек.
- қатысушылардың барлығы шешімдерді іздеуге әрқайсысы өз үлесін қосатынын түсіну керек. Қорыта келе «біз келісімге келген сияқтымыз» немесе «Мен біз ... болуға дайындығымыз түсінікті» деп айтуға болады.

Талқылаудың барлық қатысушыларына өзара келісімге келуіне болады. Оларға үнемі «Кім?», «Не?», «Қайда?», «Қалай?» деген сұрақтарды үнемі қойып отыруы қажет. Мысалы, «Бұған кім жауап береді? Осының бәрі қайда өтеді? Бұның бәрі қалай жүзеге асырылады?».

Үй шаруасына және жұмыстық «міндеттерге» байланысты қарама-қайшылықтар «Қалай жиі болады? Қай күндері? Бағалау критерийлері қандай?» деген сұрақтар көмегімен реттелуі мүмкін. Ұйқыға байланысты қақтығыстарда ата-ана мен бала уақытты кім қадағалау керек, бала дер кезінде ұйықтамаса немесе төсекке жатқысы келмесе не болатынын талқылау керек. Жүзеге асыру сұрақтары пікірталасқа қатысушылар проблеманы шешу бойынша өз пікірлерін толығымен айтып шыққанда талқылануы қажет. Жүзеге асыру әдетте пікірлердің келісімділігінде жеңіл өтеді.

V кезең. Қабылдаған шешімнің дұрыстығын бағалауға ыңғайлы уақыт таңдау.

Бұл көбінесе ұмытылып кететін кезең, негізінде өте маңызды, себебі, барлық шешімдер әрбіреуінің мүддесіне жауап беретіні мүмкін емес. Сондықтан, балаға да, сонда-ақ ата-анаға да артқа қайту қажет және анықталған шешім қаншалықты дұрыс болғандығын қарастыру керек.

Бала жүзеге асырылуы қиын болып шығатын шешімге, көбінесе келіседі. Бір-бірімен тексеру жасау өте қажет, мысалы «Шешімнің орындалуы қалай жүріп жатыр? Сен оны бұрынғыдай қанағаттандыратын деп ойлайсың ба?» деген сұрақтармен өзара келісу керек. Кейде бағалау кезеңінде алғашқы шешімді қайта қарастыруда талап ететін жаңа ақпарат пайда болады.

Бағалау табылған шешімнің қаншалықты сәтті екендігін, қандай-да бір түзетулер қажеттілігін көрсетеді.

Альтернативаны іздеу үрдісінде ата-ана мен баланың ішкі ұстанымдары маңызды болып табылады. Екеуі де міндетті:

- серіктесін естігісі келуіне;
- дау-қақтығысты шешкісі келуіне;
- түсіну және, мүмкіндігінше, серіктесінің сезімін қабылдау;
- басқа адамның да дұрыс шешім таба алатындығына сенуіне;
- басқа адамға, өзінің ерекше сезімдері бар, жеке адам, тұлға ретінде қарауға.

Түсінуге, эмпатияға, сенімге және қабылдауға нұсқаманы жүзеге асыратын мінез-құлықтың үлгілері:

- көз байланысы (серіктесіне қарау, бірақ оны көзбен «бұрғыламау»);
- ымдасу тілі (табиғи ашық ымдар мен ишараттар), мұнда қақтығысты реттеуге тілек білдіретін ата-ананың өзін-өзі ұстауы де жатады;
- серіктесінің айтқанын емес, оны қолдау және өз ойлары мен сезімдерін білдіруге жетелейтіндей қылып серіктесін мұқият тыңдау.

Альтернативаны зерттеу әдісі неліктен тиімді? Альтернативаларды зерттеу үрдісі балалар-ата-аналар қарама-қайшылықтарын келесідей себептерге байланысты тиімді шешеді:

- бала бойында шешімді тауып, жүзеге асыру себебі пайда болады.
- дұрыс шешімді табу мүмкіндігі пайда болады.
- баланың ойлау қабілеті дамиды.
- үздік нәтижеге ата-аналардың демократиялық пәлсапасы жетелейді.

- отбасы мүшелерінің арасында үйлесімділік пен махаббат пайда болады.
- мәжбүрлеуге деген ата-ананың қабілеті әлсірейді.
- ата-ана тарапынан да, балалар тарапынан да күшін көрсету қажеттілігі жойылады.

- альтернативаларды зерттеу оған кірістірілген адамдардың нақты проблемаларына қатысты болады.

Егер, әдісті кезеңмен пайдаланудан кейін де шешім табылмаса, ата-ана, келесі жағдайларды есте ұстаған абзал болады:

- талқылауды жалғастыра беру керек, бірақ, алдын-ала үзіліс жасап алу керек. Кейде үзілістен кейін адамдарда проблемаға және оның шешіміне қатысты жаңа идеялар пайда болады:

- 2 кезеңге қайта бару және шешімнің басқа жолдарын қарастыру пайдалы;

- өзіңді және басқа қатысушыларды көңілдендіру қажет. «Біз мүмкін болатын шешімдерді таптық па?» деп сұрауға болады;

- жасырын проблеманы іздестіру. Ата-ана «Бізге проблеманы шешуге не кедергі болып тұр екен, қызық» деп айтуына болады.

Әдетте ұсынылған бір немесе бірнеше жолдар тығырықтан шығуға жол табады. Ата-ана бірінші кездерде қол жеткізген келісімдер келесі себептермен бұзылуы мүмкін екенін есте сақтау керек:

- Келісім орындауда қиыншылықтар болды.

- Тәжірибенің, өзіндік тәртіптің немесе ойланған нәрсені жүзеге асыруда өзін реттеудің болмауы.

- Қақтығыс қатысушысының екіншісіне тәуелділігі, оны шешу жолында кедергі болуы мүмкін.

- Ұмытшақтық.

- Екіншісінің шынайы мүдделілігін тексеруге ұмтылыс.

- Талқылауға қатысушылардың бірі ұсынылған шешіммен келіскен болады, себебі өзі басқа нәрсемен айналысуға ұмтылады.

Егер келісім бұзылса, кінәлі адамға не болғанын ашық және тура көрсету керек. Мұны тез істеу қажет. Бұл қисындық салдардың формасы болып табылады. Альтернативаларды зерттеу үрдісі егер ата-ана да, бала да олардан не қажет екенін түсінсе, жақсы жұмыс істейтін болады.

Баламен қарым-қатынасты құрай отыра, ата-ана альтернативаларды тыңдай білу, жауап беру және зерттей білу керек.⁸⁰ Осы дағдылардың әрқайсының басты мақсаты бала бойында өзінің пайдалылығын және біліктілігін сезінуде құру.

Ол үшін «Бұл кімнің проблемасы» деген сұрақты сараптау қажет. Кейде проблема тек қана баланың немесе тек қана ата-ананың проблемасы болады, басқа жағдайларда ол екеуінің арасында бөлініп қарастырылады немесе проблема толығымен отбасыға қатысты болады. Ата-ана проблеманың «иесін» анықтай білуі үшін ол өзінен сұрау керек:

⁸⁰ Н.Пезешкиан. Күнделікті өмірдің психотерапиясы: келіспеушілікті шешу тренингі. СПб: Речь, 2002.

- Бұл кімнің проблемасы?
- Кімге кіммен қиын?
- Өз мақсатына кім жете алмауы мүмкін?

Баланың проблема «иесі» болатындығын, немесе ол ата-ананың проблемасы екендігін анықтау үшін келесі жағдайлар көмек көрсетеді:

1. Бала бойында өзіндегі бар талаптың қанағаттанбағандығынан проблема пайда болады. Бұл ата-аналық емес, себебі бала өзінің мінез-құлқымен ата-аналарға мүлдем кедергі жасамайды. Балаға қатысты проблемалардың мысалдарын келтірейік:

- а) Света құрбысы Таняның өзін шеттететінін сезеді;
- б) Мектепте Диманың жағдайы жақсы емес;
- в) Петя есік алдындағы балалардан футбол командасын құра алмағанына өкінуде.

2. Баланың жеке талаптары қанағаттандырылды бірақ, баланың тәртібі ата-анаға өзінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға кедергі келтіреді. Сондықтан, ата-анада проблема пайда болады.

Ата-аналар проблемасының мысалдары:

- а) бала диван үстінде секіреді;
- б) ата-ана достарымен сөйлесіп тұрғанда бала сөзін бөле береді;
- в) баласы ойыншығын және заттарын үйде шашады.

Ата-аналар, көбінесе, проблемалардың барлығы дерлік ата-аналардікі деп қателеседі. Бұл дұрыс емес және балаға зиян. Негізінде, осындай жағдайларға сәйкес әрекет ете отырып, ата-ана баланы проблеманы шешуде өз күшін сынап көреуден шеттетеді.

Бала проблеманың шешімін табуға және өзі шешуге құқылы. Мысалы, егер проблема балаға қатысты болса, ата-ана не істеу керектігін таңдап ала алады:

- мұқият тыңдап алу;
- альтернативаны іздеу;
- балаға өзінің жеке әрекеттерінің салдарымен өздігінше қақтығысуға мүмкіндік беру;
- жоғарыда келтірілген мінез-құлық нұсқаларын біріктіру.

Егер проблема ата-анаға қатысты болса, ол өздігімен альтернативаларды зерттеуіне болады. Жауапкершілігі бар ата-ана берілген проблема кімге қатысты екенін анықтай алады; ол өзара сенімділікке әкелетін барабар мінез-құлықты таңдай отыра, қанағат табады.

Қорыта келе, тағы да бір рет қайталап айту қажет:

Балалар мен ата-аналар қарым-қатынастарындағы дағдарысты фактор болып қақтығыстың пайда болуы емес, оны қалау шешу керектігі саналады. Қарым-қатынастар салауатты бола ма жоқ па, достықта немесе қастықта болама, өзара қанағаттандыратын ба әлде, өкінішке әкелетін бе, осының бәрі де қарым-қатынасқа қатысушылардың қақтығыстық жағдайлар барысында ұрыстарға, өкініштерге, ренжулерге альтернативаны табу тілегімен

анықталады. Осыған орай, ата-аналардың балалармен қақтығысудың алдын-алудың негізгі бағыттары келесідей болуы мүмкін:

1. Ата-аналар өзінің жеке мәдениетін көтеруі, қақтығыссыз қарым-қатынасқа түсу және қақтығыстарды нәтижелі түрде шешу дағдыларын меңгеру.

2. Ата-аналардың педагогикалық білімін көтеру, балалардың жас ерекшеліктерін, олардың эмоционалдық жағдайын ескереуге мүмкіндік беретін білімдерді меңгеруі.

3. Отбасыны басқару мен баланы тәрбиелеу үрдісін демократтандыруы: балаларды қоса, отбасының әрбір мүшесіне отбасылық міндеттерді шешуде, отбасылық жоспарлар мен перспективаларды құруда дауыс құқығын беру. Үй шаруашылығын жүргізуге байланысты еңбектік міндеттерін бөлісу. Өзара көмектесу, демалу мен бірлесіп қызықты істермен айналысу – осының бәрі пайда болатын қарама-қайшылықтардың алдын алуға, анықтауға және шешуге көмектеседі.

4. Ата-аналардың сөзбен талап еткендерін тәрбие үрдісінің жағдайларымен нақтылап бекітуі.

5. Ата-аналардың баланың ішкі әлеміне, оның айналысулары мен қамқорлықтарына қызығушылығын ынталандыру. Балалармен қақтығыстардағы ата-аналардың конструктивті әрекеттері оны келесі жағдайларды есте сақтауға мәжбүрлейді:

- Баланың қайталанбастығын әрдайым есте ұстау керек;
- Кез-келген жаңа жағдай жаңа шешімді талап ететінін ескеру;
- Баланың талаптарын түсінуге тырысу;
- Үзілістерге уақыт керек екенін есте сақтау;
- Қарама-қайшылықтарды қалыпты дамудың факторлары ретінде қабылдау;
- Балаға қатысты тұрақтылықты білдіру;
- Бірнеше альтернативалардың ішінен таңдауға жиі кеңес беру;
- Конструктивті мінез-құлықтың әртүрлі нұсқаларын мақұлдау;
- Жағдайда ауысу арқылы шығатын жол табу;
- «Болмайды» дегеннің санын азайтып, «Боладыны» көбейту;
- Әділеттілігі мен қажеттілігін сақтай отыра, жазалауларды шектеулі түре қолдану, балаға оның әрекеттерінің негативті салдарлары болу мүмкіндігін сезіндіру;
- Негативтік салдарлардың болуын қиыснды түрді түсіндіру;
- Материалдық емес, адамгершілік мадақтаулар диапазонын кеңейту;
- Басқа балалар мен ата-аналардың үлгі болатын мысалдарын пайдалану.

Қорыта келе, тағы да бір рет қайталап кету маңызды: балалар мен ата-аналар қарым-қатынастарындағы қиын фактор болып қанша қақтығыстың пайда болғаны емес, оның шешілуі саналады. Қарым-қатынастар салауатты бола ма жоқ па, достықта немесе қастықта болама, өзара қанағаттандыратын ба

әлде, өкінішке әкелетін бе, осының бәрі, қатысушылардың қақтығыстық жағдайларды шешу барысында ұрыс-керістерге, өкініштерге альтернатива табу тілегін қарастырады.

Бала мен ата-аналар қарым-қатынасын реттеудің тиімді әдістерін игеру ата-аналардың Педагогикалық білім университеті бағдарламасының шеңберінде өтетін тренингтік сабақтарда өткізілуі мүмкін.

8.3. Тәжірибелік сабақтар материалдары: тесттер, жадынамалар, жаттығулар.

Тәрбиелеу - бұл балаларға жақсы сөз, ақыл-кеңес айту ғана емес, бәрінен бұрын өз баласына үлгі болатындай өмір сүру. Өзінің ата-аналық парызын лайықты түрде жүзеге асырғысы келген ата-ана, өз балаларының есінде, өмірді қалай сүру керек екендігі туралы өсиет болып қалатын, өзі туралы жақсы естелік қалдырғысы келген ата-ана, тәрбиені өзінен бастау керек.

Балаларымыз бізді көреді де, естиді де,
Әрқашанда жауаптымыз өз ісімізге
Сол сияқты, жауаптымыз сөзімізге:
Итермелеу сұмдыққа өз үлгіңмен,
Балаларды жаман жолға оңай-ақ,
Сондықтан да, таза ұста шаңырағыңды
Пәледен!
Өкінбейтін боларсың сен ең соңында!
(Себастьян Брант, XV ғасырдың неміс сатиригі)

Өзінің дұрыс еместігіне қарамай үнемі айтқанынан қайтпай, өзінікін істететін қарама-қайшылықтар эскалациясында емес, келісімге келу мақсатындағы тиімді қарым-қатынас дағдыларын игеру барысында бірінші кезекте базалық принципті меңгеру қажет: барлығы қалай пайдалану керектігін шебер білетіндігіне қарамастан қарым-қатынас техникасынан емес, адамның өзінен, оның ішкі жан дүниесінің жағдайынан басталады. Қарым-қатынастың барлық техникасы әдеп сақтаудың алтын ережесі болып саналатын біреуінен туындайды: басқалармен өзіңмен қалай араласқанын қалайтындай аралас. Ережелер жиынтығы (олар бұдан да көбірек болуы мүмкін, бірақ, біз негізгілері туралы сөйлесеміз).

8.3.1. Тиімді қарым-қатынастық байланысқа/коммуникацияға бейімделу ережелері

1. *Рухани көзқарасыңызды іске қосыңыз* – сіздің бетіңізде ол эмоционалды жағымды ахуалды құруға көмектесетін күлкімен белгіленеді. Жымиып күліп тұрған бет кеңесушіні құлшындыра түседі. Есімізге түсірейік: егер күліп тұрған бала көңілсіз ересек адамды қарсы алса, ол оның түрін көре

сала күлкісін тоқтатады және неліктен осылай істегенін өзі білмейді, солай емес пе?

Қарым-қатынас ахуалын жеке тұлғаның қасиеттері, құндылық бағыттары мен ұстанымдары құрастырады, олар адамдарға деген көзқараста пайда болады. Қарым-қатынас құралдарын - сөзді, интонацияны, ишаратты, ымды меңгеру білу де маңызды.

2. Дауысыңыздың ырғағын қадағалаңыз. Ол сөзіңізді бейнелейді: жұмсақ дауыс ырғағы – қобалжушылықты азайтады, жігерлі дауыс – қимылдатады, жылы – жақындастырады және әңгімелесушілер арасында түсіну мен келісу энергиясы пайда болады.

3. Әңгімелесушінің толқынына ауысыңыз. Ойланып көріңізші, егер сіз әңгімелесушінің музыкасын естімей өзіңіздікін қоссаңыз, онда үйлесімді дыбыс шықпайды, какофония шығады.

4. Өз сөзіңізді қадағалаңыз және барлық кір, улайтын, төбелестіретін, ластайтындарды лақтырыңыз. Әрбір сөз өзінің соңынан эмоцияны жетелейді. Ашулы және өктемді сөйлемдер қобалжушылықты тудырады. Ешкім туралы жаман нәрсе айтпауға тырысыңыз. Сынамаңыз, талқыға салмаңыз. Өзіңізге кішігірім емтихан құруыңызға болады: бір апта бойы ешкім туралы ешқандай жаман сөздер айтпауға, мінемеуге тырысыңыз, осы шыдамдылығыңыз үшін өзіңізге жүз ұпай беруіңізге болады.

5. Қарым-қатынасты тең дәрежеде құрыңыз. Адамдарға қымбат нәрсеге тиіспеңіз: оның таныстарын, қызығушылықтарын, идеалдары мен құндылықтарын, ұлттық абыройын (біз нәсілшілдер емеспіз ғой, солай ма?..), өзіңіздің бағалау пікірлеріңізге мұқият болыңыз.

6. Әзіл-қалжыңды дұрыс пайдаланаңыз. Қалжыңсыз өмір қызықсыз болады, жақсы әзіл тамаша емес пе. Бірақ егер ол кекетушілікке көшсе, ол қорлаған болып шығады. Есіңізде ұстаңыз: жақсы достар арасындағы жақсы нәрсе басқа жағдайларда найзағайдай болуы мүмкін. Әңгімелесушіні қорғаңыз, оны кінәлаудан, ренжулерден құтқарыңыз.

7. Әңгімелесушінің сөзінде қателікті байқасаңыз, мүмкін, мұны өзіңіздің ішіңізде қалдыруға миыңыз жететін шығар. Егер түзеткіңіз келсе, оны өте әдепті түрде жасаңыз.

8. Ақыл-кеңес беруде абайлаңыз. Егер олар жауап ретінде берілетін болса, оның ақыл үйретуі шамалы, көбінесе, олар ашуландырады («өзім білемін» – мұндай жағдайларда бала айқайлайды).

9. Құрдан-құр дауласпаңыз. Басқа біреудің пікірімен кездескенде біз неліктен қарсыласуға дайын тұрамыз, неге түсінуге тырыспаймыз? Әдетте біз қарсы шыға алмағандықтан ғана келісеміз. Ал неге мүлдем келіскіміз келмейтін жағдайларда қарсы шықпаймыз? Бөтен пікірге деген шыдамсыздық екі жаққа да жағымды емес. Келісімге келуге тырысу керек, бірақ келіспеушіліктен қорықпай керек. Өмірде олар табиғи құбылыстар ретінде кездеседі, бірақ қақтығыстар мен ұрыстарға, реніштері мен өкініштерге үнемі негіз бола бермейді.

10. Ұсақ түйекке бола дауласпаңыз. Бірақ әркім өз пікіріне ие болу құқығы бар. Кеше далада неше градус ыстық болғандығын айтып неге соншама дауласамыз? Қаншама энергия жайдан-жай күйіп кетеді!

Дау үстінде шындық туады деседі, бірақ, сол қандай азаптардан жаралады екен!.. Ал соның қиналмай-ақ табылатын жолы бар емес пе, ол – қайырымдылық пен конструктивті талқылау. Ол дауға жатпайды!

11. Үзілді-кесілді болмаңыз. Оның артында не тығылып жатыр: сананың өресіздігі, шектеулік, мәдениетсіздік, өзіне сенімсіздік? Үнемі өзінің қызуқандылығы мен үзілді-кесілді болатынын есіне түсіре отырып, адам не ұялады, не күлкісі келеді, немесе көңілі түседі, немесе барлығы бірге болады. Ең бастысы, бұл әңгімелесушіні сізге қарсы қояды.

12. Әңгімелесушінің пікіріне кері пікір мен бағалауыңызды беруге тырыспаңыз, керісінше, оның сөздеріндегі барлық ұтымды жерлерін белгілеңіз, оның біліктілігін сезуіне қолдау көрсетіңіз. Әңгіме барысында диалог құрған абзал болады, себебі ол тиімді, нәтижелі, әсіресе, осы тұста **Сократтың әдісі** ыңғайлы болмақ: өз ойыңызды кішкентай тізбектерге саласыз және қысқа, қарапайым, алдын-ала білінетін жауапты білдіретін әрқайсысын сұрақ түрінде бересіз. Оның ерекшеліктері: ол әңгімелесушінің назарын тыс қалдырмайды, егер әңгімелесушіге қисынды тізбектерді бір нәрсе түсініксіз болса, сіз оны дер кезінде байқайсыз;

әңгімелесуші шындыққа өзі келеді.

13. Өткен-кеткенді, болғанды өзгертуге тырыспаңыз (үгінділерді араламаңыз).

Бізге жағымсыз жағдайды біз өзгерткіміз келсе де ол өтіп кетті. Ең жақсысы - өткеннен пайданы алудың ең жақсы тәсілі – біздің жіберген қателіктерімізді ақырын ғана сараптап алып, «Төгілген сүтке жылама» деген мақалды естен шығармау арқылы барлығын естен шығару керек.

14. Не айту керектігі туралы ғана ойламай, қалай айту керектігін де ойлаңыз. Ол туралы сізге мына мысал есіңізге түсіріп отырады: «Патшаға жаман түс кіреді. Оның тістерінің барлығы түсіп қалыпты. Ол өзінің ақылгөйін шақыртып алып, түсін жорып беруді өтінеді. Ол «Бұл қайғылы хабар. Тісінді қалай біртіндеп жоғалтсаң, туыстарыңды да солай біртіндеп жоғалтасың» деп айтқан екен. Түсті былай жору патшаның ашу-ызасын келтіреді. Оны қуып шығады да, екіншісін шақыртады. Ол әңгімесін тыңдаған соң, «Мен саған қуанышты хабарды айтуға өзімді бақытты сезініп отырмын. Сен өз туыстарыңның барлығынан да үлкен боласың олардың тағдырлары сенің көз алдында өтеді, сен олардың барлығына көмектесе аласың және олар өмірінің соңына дейін саған шексіз риза болады» деген екен. Патша бақытты болып, оған сый-құрметін көрсетеді.

15. Кешірімді бола біліңіз және сөзіңізбен не ісіңізбен адамды жағымсыз жағдайға итермелесеңіз, шын көңілден кешірім сұраңыз. Сөйтіп сіз жаныңыздың тазалығын және әңгімелесушінің сізбен байланысын сақтап қаласыз.

8.3.2. «Қақтығыс жағдайларында стратегияны таңдау»⁸¹ тесті (авторы – К.Томас)

Тест берілген бес стратегияның қайсысы сізге қатысты екенін анықтауға мүмкіндік береді.

а) жалтару, жылыстау (қашқалақтау) – нәтижесінде жеке мүдделері қанағаттанатын немесе қанағаттанбайтын қақтығыстық жағдайлардан шешуге тырыспай кетіп қалу;

б) ыңғайлану – құрбандықтағы адам ұстанымы, өз мүдделерінен толығымен бас тарту;

с) келісім – екі қатысушының да мүдделері жартылай қанағаттанады;

д) ынтымақтастық – ортақ мүдделерді іздеу;

е) бәсекелестік – өз мүдделері басқалардың нұқсан келтіру арқылы қанағаттанады.

Нұсқау: ұсынылған нұсқалардан сіздің көзқарасыңыз бен мінез-құлқыңызға сай келетінін таңдаңыз:

I. а) Кейде мен дау тудырған сұрақты шешу үшін жауапкершілікте болу мүмкіндігін басқаға беремін.

б) Келіспеушіліктегі нәрсені талқыламас бұрын мен екеуміздің неге келісетінімізге назар аударамын.

II. а) Мен келісімге келуге тырысамын.

б) Мен келіспеушілікті басқа адамның барлық мүддесін және өзімдікін есепке ала отыра жоюға тырысамын.

III. а) Әдетте мен өз дегенімді орындауға барынша тырысамын.

б) Кейде мен басқалардың мүдделері үшін өзімдікін есепке алмаймын.

IV. а) Мен келісімге келуге тырысамын.

б) Мен басқа адамның сезіміне көңіл аудармауға тырысамын.

V. а) Дау тудырған жағдайды реттеу барысында мен үнемі басқа адамнан қолдау іздеймін.

б) Мен пайдасыз қобалжушылықтан алшақтау үшін барлығын жасауға тырысамын.

VI. а) Мен жайсыздықтарды болдырмауға тырысамын.

б) Мен өз дегенімді орындауға тырысамын.

VII. а) Дау туғызған сұрақтың шешімін уақыт өткен соң толығымен шешу үшін уақытша қоя тұрамын.

б) Басқа нәрсеге қол жеткізу үшін бір нәрсеге жол беру мүмкін деп санаймын.

VIII. а) Мен әдетте өз дегеніме жетуге барлық күшімді саламын.

б) Мен бәрінен бұрын қандай мүдделер туралы болатынын және қай сұрақтар дау тудыратынын анықтап алуға тырысамын.

⁸¹ Рогов Е.И. Білім берудегі тәжірибелік психологтың үстел кітабы : Оқу құралы. – М.: Владос, 1996. – 529 б.

IX. а) Пайда болған келіспеушіліктер үшін үнемі қобалжи беруге болмайды деп ойлаймын.

б) Мен өз дегеніме қол жеткізу үшін алдын-ала күш саламын.

X. а) Мен өз дегеніме жетуге нық тырысамын.

б) Мен келісімдік шешімге келуге тырысамын.

XI. а) Қозғалған мүдделер мен даулы сұрақтардың мәнісін анықтап алуға тырысамын.

б) Мен басқаны сабырға келуге шақырамын, ең бастысы қарым-қатынасымызды сақтап алуға тырысамын.

XII. а) Көбінесе мен дау шақыратын ұстанымдардан қашқақтауға тырысамын.

б) Мен басқаға, егер ол мені қолдаса, кей мәселелерде өз пікірінде қалуына мүмкіндік беремін.

XIII. а) Мен орта ұстанымды ұсынамын.

б) Мен барлығы менің қалағанымдай болғанын талап етемін.

XIV. а) Мен басқаға өз көзқарасымды айтамын және оның көзқарастары туралы сұраймын.

б) Мен өз ұстанымымды аргументпен негіздеуге және көзқарасымның артықшылығын дәлелдеуге тырысамын.

XV. а) Мен басқаны сабырға келуге шақырамын және қарым-қатынасымызды сақтап алуға тырысамын.

б) Мен қобалжушылықты болдырмау үшін барлығын істеуге тырысамын.

XVI. а) Мен басқаның сезімін қорламауға тырысамын.

б) Мен әдетте басқаны өзімнің ұстанымымның артықшылығына сендіруге тырысамын.

XVII. а) Мен әдетте өз дегеніме жетуге барынша тырысамын.

б) Пайдасыз қобалжушылықты болдырмау үшін мен барлығын істеуге тырысамын.

XVIII. а) Егер бұл басқаны бақытты ететін болса, мен оның өз дегенінде тұруына мүмкіндік беремін.

б) Егер ол мені қолдаса, мен басқаға өз дегенінде қалуға мүмкіндік беремін.

XIX. а) Бәрінен бұрын қозғалған мүдделер мен даулы сұрақтардың мәнісін анықтап алуға тырысамын.

б) Дау туғызған сұрақтың шешімін уақыт өткен соң толығымен шешу үшін уақытша қоя тұрамын.

XX. а) Мен біздің келіспеушіліктерімізді тез арада жеңіп шығуға тырысамын.

б) Мен екеуміз үшін де шығындар мен пайдалардың дұрыс тіркесін табуға тырысамын.

XXI. а) Келіссөздер жүргізгенде басқаны ықыласпен тыңдауға тырысамын.

б) Мен әрдайым пробелманы тура талқылауға ұмтыламын.

XXII. а) Мен менің және басқа адамның ортасындағы ұстанамды табуға тырысамын.

б) Мен өз ұстанымымда тұрамын.

XXIII. а) Әдетте мен әрқайсымыздың тілегімізді қанағаттандырумен абыржуда боламын.

б) Кейде мен дау тудырған сұрақты шешу үшін жауапкершілікте болу мүмкіндігін басқаға беремін.

XXIV. а) Егер ұстанымы оған маңызды болып көрінсе, мен оған қолдау көрсетуге тырысамын.

б) Мен басқаны келісімге келтіруге тырысамын.

XXV. а) Мен басқаны өзімнің дұрыстығыма сендіруге тырысамын.

б) Келіссөздер жүргізгенде, басқаны ықыласпен тыңдауға тырысамын.

XXVI. а) Әдетте мен орта ұстанымды ұсынамын.

б) Мен әрдайым әрқайсымыздың мүддесін қанағаттандыруға ұмтыламын.

XXVII. а) Мен дау тудыратын сұрақтарды болдырмауға тырысамын.

б) Егер бұл басқаны бақытты ететін болса, мен оның өз дегенінде тұруына мүмкіндік беремін.

XXVIII. а) Мен әдетте өз дегеніме жету үшін барлық күш жігерімді саламын. б) Жағдайды реттей отыра, мен әдетте, басқа біреуден қолдау табуға тырысамын.

XXIX. а) Мен орта ұстанымды ұсынамын.

б) Пайда болған келіспеушілікке үнемі қобалжи беруге болмайды деп ойлаймын.

XXX. а) Мен басқаның сезімін қорламауға тырысамын.

б) Мен дауласқан кезде әрқашанда екеуіміз бірге жеңіске жететіндей ұстанымда боламын.

Сауалнаманы топ үшін де, жеке адамдарға да пайдалануға болады.

Нәтижелерді өңдеу: алынған нәтижелер кілттері берілген кестеде салыстырылады.

К.Томастың сауалнамасына арналған кілттер

№ п/п	бәсекелестік	ынтымақтастық	келісімге келу	қашқақтау	бейімделу
I				а	б
II		б	а		
III	а				б
IV			а		б
V		а		б	
VI	б			а	
VII			б	а	

VIII	а	б			
IX	б		а		
X	а		б		
XI		а		б	
XII			б	а	
XIII	б		а		
XIV	б	а			
XV				б	а
XVI	б				а
XVII	а			б	
XVIII			б		а
XIX		а		б	
XX		а	б		
XXI		б		а	
XXII	б		а		
XXIII			а		б
XXIV			б		а
XXV	а				б
XXVI		б	а		
XXVII				а	б
XXVIII	а	б			
XXIX			а	б	
XXX		б			а

8.3.3. «Өз сөздігіңнің бақшасын қалай отау керек» (қақтығыс тудыратын сөздерден арылу)

Кейде келіспеушіліктер, маңызсыз себептерсіз, екі немесе одан да көп адамдар арасында бір-бірін өзара кінәлау жолына тұрып алғанда пайда болады. Келіспеушілік немесе қақтығыс «сөзден сөз» сияқты таныс сызба бойынша дамиды және оның кінәлау тізбесін тоқтата білетін, психологиялық тұрғысынан, сауатты адам ғана тоқтата алады. Келіспеушілік тудыратын сөздер конфликтогендік сөздер деп аталады.

Мысалға ашу-ызаны шақыратын сөздердің бірнешеуін келтіріп отырмыз:

- Жазасыз және кемсіту арқылы жазғырулар («Саған ешнәрсені сеніп тапсыруға болмайды!», «Түскі асқа қандай жаман нәрсе дайындағансың?») және т.б.);

- Негативті жалпылау, жарлықтарды жапсыру («Барлықтарың осындайсыңдар..»)
- Басқа адамға өзін қалай ұстау керектігі бойынша табанды ақыл-кеңестер беру («Бұл қызға қарап жымиушы болма, ол - менікі!»);
- Әңгіме тақырыбына қатысы жоқ немесе әңгімешінің күші келмейтін фактілерге көрсету («Сенің әкең – маскүнем!»);
- Әңгіме шекараларын табанды түрде тағайындау, талқылау үшін анықталған тақырыптарды «жабу» («Болды, енді талқыламаймыз!», «Бұлай айтушы болма!»);
- Орынсыз кекесін, мысқыл («Әрине, жүдеу керек. Әйтпесе кинодағыдай болады. Әлемдегі ең семіз адамның қалай жарылғанын көрдім»);
- Мақсаты «Іштегі ызаны» шығару болатын балағаттаулар, қарғыстар, кемсітетін сөздер.

Келіспеушіліктердің алдын-алу жолдары:

1. конфликтогендерді пайдаланбау;
2. конфликтогенге конфликтогенмен жауап бермеу;
3. эмпатияны, басқа адамға түсінікті білдіру және оған қатысты айрықша мейірбандылықты білдіру.

8.3.4. «Келіспеушілік жағдайда жұбайлардың өзара әрекеттерінің сипаты»⁸²

Әдістеме, зерттелетін жұбайлық жұптарды, параметрлер бойынша сипаттауға мүмкіндік береді:

Жұбайлық қарым-қатынастардың көбінесе конфликтогендік салалары, Келіспеушілік жағдайларындағы келісім (немес келіспеу) дәрежесі, Жұптағы конфликттіліктің деңгейі.

Әдістеме бланкілі сауалнама-тест түрінде болады - ол келіспеушілік, дау-жанжал түріндегі, жұбайлық өзара әрекеттесу мазмұнымен айқындалған 32 жағдаяттарды сипаттайды.

Жауап ретінде, респонденттерге екі белгісі енгізілген, белгілі бір жағдаятқа мүмкін бола алатын, реакциялар шкаласы ұсынылады: реакцияларының белсенділігі мен енжарлығы және серіктеспен (даудың ішіндегі) келісу мен келіспеу.

Шкаланың сол жақ полюсі – келіспеушіліктің белсенді айтылуы, келіспеушіліктің нейтралды көзқарасы, келісудің әрекетсіз, енжарлық білдіру түрі және, соңында, оң полюсі – келісуді белсенді білдіруі. Шкаланың бөліктеріне мағыналары «-2»-ден «+2»-ге дейін ұпаймен жазылады.

Нұсқау: «Жұбайлар арасындағы қарым-қатынастарда, жиі кездесетін, түсінбеушіліктер, мүдделерінің қақтығыстары, қарама-қайшылықтар отырады. Сізге үнемі кездесетін жағдайлар ұсынылады, мұндайлар немесе осыған ұқсас жағдайлар әрбір жұпта болып тұрады. Мұндайлар, әрине, сіздерде де болатын

⁸² Психологиялық тесттер//А.А. Карелиннің редакциясымен, 2 т. М. 2000, 2 т.

шығар. Ұсынылған жауаптардың ішінен өзіңізді мұндай жағдайларда ұстауыңызға лайықты болатынын таңдаңыз:

«-2» – мұндай жағдайда оның істегені мен айтқанына үзілді-кесілді келіспеймін; келіспегендігімді белсенді түрде танытамын және өз дегенімнен қайтпаймын;

«-1» – мұндай жағдайда оның істегені мен айтқанына келіспеймін, өзімнің наразылығымды көрсетем, бірақ талқылаудан қашамын;

«0» – ештеңе істемеймін, өз көзқарасымды білдірмеймін, жағдайлардың әрі қарай дамуын тосамын.

«+1» – оның не айтқанымен толығымен келісемін және өзімнің көзқарасымды білдіру керек деп санамаймын.

«+2» – берілген жағдайда оның не айтып, істегеніне толығымен келісемін, оны белсенді түрде қолдаймын және мақұлдаймын.

Жауап таңдауда көп ойланудың қажеті жоқ, себебі бұл жағдайда «дұрыс» немесе «дұрыс емес» жауаптар болмайды. Жауап беру парағында сізге лайықты болып көрінген нұсқаның нөмірін белгілеңіз және келесі жағдаятқа көшіңіз. Барлық жауаптар құпия түрде сақталады.

Әдістің мәтіні

Әйелі үшін нұсқа;

1. Сіз өз туыстарыңызды қонаққа шақырдыңыз. Күйеуіңіз, мұны біле тұра, үйге жұмыстан кеш келді, сіз оған ренжідіңіз және қонақ кеткен соң күйеуіңізге ренішіңізді білдіресіз, ал ол сіздің наразылығыңызды түсінбейді, сіз..

2. Күйеуіңіз үй шаруасында бір нәрсені істеймін деп көп рет уәде берді, бірақ әлі күнге дейін түк те бітірген жоқ, сіз...

3. Сіз дүкенде кезекте ұзақ тұрып қалдыңыз. Сатушы үнемі алаңдап, әңгімелесуден қолы босамады. Сіздің кезегіңіз келгенде, күйеуіңіз, сіздің ойыңызша, сатушымен өте қатал сөйлесе бастады, сіз оның сөйлеу мәнеріне жағымсыз таңқалдыңыз. Сіз...

4. Балаға жату керек, кеш болды, бірақ ол ұйықтағысы келмейді, ал күйеуіңіз оны қалай да керуетіне жіберуге тырысуда. Сіз кірісесіз де балаға тағы кішкене ойнай тұруға рұқсат бересіз. Күйеуіңіз өз дегенінде тұрады... , сіз...

6. Күйеуіңіздің көңіл-күйі жоқ, ол өзі айтпаса да сіз оның жұмысында бір жағдайлар болғанын түсінесіз. Оны әңгімеге тартуға тырысасыз, бірақ оның зауқы соқпайды... , сіз...

7. Сіз күйеуіңізбен бірге досының туған күніне қонаққа шақырылдыңыз, сыйлыққа ақша жеткіліксіз. Сізге күйеуіңіз осы айда ақшаны көп жұмсағандай көрінді. Сіз...

8. Сіздің құрбыңыз сізбен және күйеуіңізбен өзінің проблемаларын бөліседі. Сіздің ойыңызша, күйеуіңіздің бір ескертуі жалпы әңгімеден тыс қалады және әңгімелесуші үшін бұл ренішті болады. Сіз...

9. Екеуіңізге де жұмыста кідіріп қалуға тура келеді, ал баланың жанында отыратын кісі жоқ. Сіз өзіңіздің жұмысыңыз маңыздырақ деп санайсыз және күйеуіңіз баламен отыруға келіспейді. Сіз...

10. Сіз пәтеріңізде жөндеу жұмыстарын бастадыңыз. Бұл жұмыс сіз ойластырғаннан да қымбаттырақ болып шықты. Күйеуіңіз басынан бастап сіздің жоспарларыңызға күдікпен қарайтын және енді осы ақталмаған шығындар үшін ренжулі. Сіз...

11. Сіздің сүйікті ісіңіз бар. Күйеуіңіз бұл іске баланы қатыстыруды ұсынады. Сіз бала кедергі болады деп санайсыз, ал күйеуіңіз, керісінше, өз ұсынысында тұрады. Сіз...

12 Сіз үйден өз шаруаларыңызбен кетуге жиналдыңыз. Ал күйеуіңіз сізбен сөйлескісі келеді және бірнеше минуттарға қалудан бас тартуыңызға ренжиді. Сіз..

13. Жастық шағыңыздан сізде көп ер адамдар - достар қалған және сіз олармен жақсы қарым-қатынастасыз. Күйеуіңіз бұл қатынастарыңызға ренжиді.. Сіз...

14. Сіз күйеуіңіздің жұмысына келдіңіз. Ол орнында болмай шықты, сіз оның ұжымдастары, ер адамдардың көңілінен шықтыңыз. Сізді күйеуіңіздің негативті әрекеті сізді түсініксіз таң қалдырды. Сіз..

15. Сізге күйеуіңіз ақшаны дұрыс жұмсамайтындай көрінеді. Міне, ол тағы да қажет емес затты сатып алды деп ойлайсыз, бірақ күйеуіңіз ол зат үйге зажет ден санайды.

16. Сіз күйеуіңізді баланың сабағына дайындауға көмек етуін сұрайсыз, себебі өзіңіз бұл пәнді нашар білесіз, ал күйеуіңіз өз ісімен айналысып отыра береді. Сіз..

17. Соңғы кездері жұмыста сіз өзіңіздің ұжымдасыңыздың біреуімен жиі араласасыз. Бір-біріңізге жиі хабарласып, ол туралы күйеуіңізбен сөйлескенде есіне салып отырасыз. Күйеуіңізге бұл ұнамайды. Сіз..

18. Сіз кездейсоқ ескі құрбыңызды кездестіріп, сөйлесіп тұрып қалдыңыз, кешті құрбыңызбен өткізіп, үйге кеш келдіңіз. Күйеуіңіз алаңдаған және сіз кешігіп келгенде өзінің наразылығын білдірді. Сіз...

19. Еңбек жалақысын алуға дейінгі бірнеше күн бұрын ақша жоқтығы туралы әңгіме қайта пайда болды. Күйеуіңіз отбасыны қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз жұмыс жасайсыз деп санайды.

20. Сіздер күйеуіңізге ұнайтын жаңа достарыңызбен кеш өткіздіңіз, олармен көңілсіздеу болды, бірақ оны көрсетпеуге тырыстыңыз. Күйеуіңіз, үйге қайтып бара жатқанда, сіздің достарыңызбен өзіңізді қалай ұстағандығыңызды ұнатпай, айтып салды. Сіз...

21. Сіздің күйеуіңіз өзінің ескі достарына қонаққа жиналып жатыр. Сіздің бірге барғыңыз келеді, бірақ ол ұсыныс жасамайды. Сіз...

22. Сіздің арнайы уақыт бөліп айналысатын сүйікті ісіңіз бар. Күйеуіңіз бұл қызығушылығыңызды ұнатпайды, тіпті онысын ашық білдіреді. Сіз...

23. Күйеуіңіз баланы жазалады және сізге оның істеген әрекеті сондай маңызды емес болып көрініп, баламен ойнай бастайсыз. Күйеуіңіз оған риза емес. Сіз...

24. Қонақта сіздерді әдемі әйелмен таныстырды. Сіздің күйеуіңіз кеш бойы сол әйелдің жанынан шықпай, билеп, қызу әңгіме жүргізіп отырды. Сізді бұл әрекет қынжылтты. Сіз..

25. Сіз демалысыңызды үйде өткізуді жоспарлаған едіңіз, бірақ, күйеуіңіз достарына баруға уәде беріп қойыпты. Сіздің мүлдем барғыңыз келмейді, Сіз...

26. Сіз құрбығыңызға отбасылық проблемаларыңыз туралы айттыңыз. Күйеуіңіз ол туралы біліп, мүлдем реніш білдірді, себебі ол басқаларға бұл проблема туралы айту қажеті жоқ деп есептейді. Сіз...

27. Күйеуіңіз шалбарын тігіп беруді сізден ертеректе өтінген еді. Бүгін киімін десе, олар сол қалпы тігілмей қалған. Ол сіздің қолыңыз тимегендігін біле тұра, өзінің ренішін білдіреді. Сіз...

28. Отбасыңыздың таныс адамы сізді бірнеше рет алдады және сіз оған өзіңіздің реніштіңізді білдіру керек деп санайсыз. Күйеуіңіз оған мән бермей-ақ қоюы керектігін айтады. Сіз...

29. Сіздің көңіл-күйіңіз жаман және сіз күйеуіңізбен сөйлесуге тырысасыз, бірақ ол сіздің жағдайыңызды байқамайды және қазір уақытының жоқтығынан кейінірек сөйлесетінін айтты. Сіз...

30. Күйеуіңіздің танысы телефонмен хабарласып, күйеуіңіз үйге келген соң, оған бір нәрсені айтуды өтінді. Сіздің жұмысыңыз көп болып, тек кешке ғана есіңізге түсті. Күйеуіңіз наразылық білдіріп, сіздің осы жауапкершілігіңіздің жоқтығы бірнеше рет оны ыңғайсыз жағдайға қалдырғанын бетіңізге айтып салды. Сіз...

31. Кешке қарай сіз күйеуіңізбен бірге теледидар қарамақшысыз, бірақ сіздердің мүдделеріңіз әртүрлі болды. Сіз әртүрлі бағдарлама бойынша теледидар көргіңіз келеді. Әрқайсыңыз өз дегенінде тұр. Сіз...

32. Сіз достарыңызбен бірге демалу жоспарын құрасыз. Күйеуіңіз аяқастынан сіздің ұсыныстарыңызға қарсы шыға бастайды. Сіз...

Күйеуге арналға нұсқа.

1. Сіз өз туыстарыңызды қонаққа шақырдыңыз. Әйеліңіз мұны біле тұра, үйге жұмыстан кеш келді, сіз оған ренжідіңіз және қонақ кеткен соң әйеліңізге ренішіңізді білдіресіз, ал ол сіздің наразылығыңызды түсінбейді, сіз...

2. Әйеліңіз үй шаруасында бір нәрсені істеймін деп көп рет уәде берді, бірақ әлі күнге дейін түк те бітірген жоқ, сіз...

3. Сіз дүкенде кезекте ұзақ тұрып қалдыңыз. Сатушы үнемі алаңдап, әңгімеделсуден қолы босамады. Сіздің кезегіңіз келгенде, әйеліңіз, сіздің ойыңызша, сатушымен өте қатал сөйлесе бастады, сіз оның сөйлеу мәнеріне жағымсыз таңқалдыңыз. Сіз...

4. Балаға жату керек, кеш болды, бірақ ол ұйықтағысы келмейді, ал әйеліңіз оны қалай да керуетіне жіберуге тырысуда. Сіз кірісесіз де балаға тағы кішкее ойнай тұруға рұқсат бересіз. Әйеліңіз өз дегенінде тұрады..., сіз...

5. Сіздер демалысты үйде өткіземіз деп келістіңіздер. Бірақ аяқ астынан ата-аналарыңыз телефон шалып өздеріне шақырды және сіздер тез жинала бастадыңыздар. Әйеліңіз бірлескен жоспарларыңыздың бұзылғандығына реніш білдірді. Сіз...

6. Әйеліңіздің көңіл-күйі жоқ, ол өзі айтпаса да, сіз оның жұмысында бір жағдайлар болғанын түсінесіз. Оны әңгімеге тартуға тырысасыз, бірақ оның зауқы соқпайды..., сіз...

7. Сіз әйеліңізбен бірге досының туған күніне қонаққа шақырылдығыз, сыйлыққа ақша жеткіліксіз. Сізге әйеліңіз осы айда ақшаны көп жұмсағандай көрінді. Сіз.

8. Сіздің досыңыз сізбен және әйеліңізбен өзінің проблемаларын бөліседі. Сіздің ойыңызша, әйеліңіздің бір ескертуі жалпы әңгіме тақырыбынан тыс және әңгімелесуші үшін бұл ренішті болады. Сіз...

9. Екеуіңізге де жұмыста кідіріп қалуға тура келеді, ал баланың жанында отыратын кісі жоқ. Сіз өзіңіздің жұмысыңыз маңыздырақ деп санайсыз және күйеуіңіз баламен отыруға келіспейді. Сіз...

10. Сіз пәтеріңізде жөндеу жұмыстарын бастадыңыз. Бұл жұмыс сіз ойластырғаннан да қымбаттырақ болып шықты. Әйеліңіз басынан бастап сіздің жоспарларыңызға күдікпен қарайтын және енді осы ақталмаған шығындар үшін ренжулі. Сіз..

11. Сіздің сүйікті ісіңіз бар. Әйеліңіз бұл іске баланы қатыстыруды ұсынады. Сіз бала кедергі болады деп санайсыз, ал әйеліңіз, керісінше, өз ұсынысында тұрады. Сіз...

12 Сіз үйден өз шаруаларыңызбен кетуге жиналдығыз. Ал әйеліңіз сізбен сөйлескісі келеді және бірнеше минуттарға қалудан бас тартуыңызға ренжиді. Сіз...

13 Жастық шағыңыздан сізде көп әйел адамдар - достар қалған және сіз олармен жақсы қарым-қатынастасыз. Әйеліңіз бұл қатынастарыңызға ренжиді..., Сіз...

14. Сіз әйеліңіздің жұмысына келдіңіз. Ол орнында болмай шықты, сіз оның ұжымдастары әйел адамдардың көңілінен шықтыңыз. Сізді әйеліңіздің негативті әрекеті түсініксіз болып қалды. Сіз...

15. Сізге әйеліңіз ақшаны дұрыс жұмсамайтындай көрінеді. Міне, ол тағы да қажет емес затты сатып алды деп ойлайсыз, бірақ әйеліңіз ол зат үйге қажет ден санайды.

16. Сіз әйеліңізді баланың сабағына дайындауға көмек етуін сұрайсыз, себебі өзіңіз бұл пәнді нашар білесіз, ал әйеліңіз өз ісімен айналысып отыра береді. Сіз...

17. Соңғы кездері жұмыста сіз өзіңіздің ұжымдасыңыздың біреуімен жиі араласасыз. Бір-біріңізге жиі хабарласып, ол туралы әйеліңізбен сөйлескенде есіне салып отырасыз. Әйеліңізге бұл ұнамайды. Сіз..

18. Сіз кездейсоқ ескі досыңызды кездестіріп, сөйлесіп тұрып қалдыңыз, кешті досыңызбен өткізіп, үйге кеш келдіңіз, әйеліңіз алаңдаған және сіз кешігіп келгенде өзінің наразылығын білдірді. Сіз...

19. Еңбек жалақысын алуға дейінгі бірнеше күн бұрын ақша жоқтығы туралы әңгіме қайта пайда болды. Әйеліңіз отбасыны қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз жұмыс жасайсыз деп санайды.

20. Сіздер әйеліңізге ұнайтын жаңа достарыңызбен кеш өткіздіңіз, олармен көңілсіздеу болды, бірақ оны көрсетпеуге тырыстыңыз. Әйеліңіз, үйге қайтып бара жатқанда, сіздің достарыңызбен өзіңізді қалай ұстағандығыңызды ұнатпай, айтып салды. Сіз...

21. Сіздің әйеліңіз өзінің ескі достарына қонаққа жиналып жатыр. Сіздің бірге барғыңыз келеді, бірақ ол ұсыныс жасамайды. Сіз...

22. Сіздің арнайы уақыт бөліп айналысатын сүйікті ісіңіз бар. Әйеліңіз бұл қызығушылығыңызды ұнатпайды, тіпті онысын ашық білдіреді. Сіз...

23. Әйеліңіз баланы жазалады және сізге оның істеген әрекеті сондай маңызды емес болып көрініп, баламен ойнай бастайсыз. Әйеліңіз оған риза емес. Сіз...

24. Қонақта сіздерді қызықты ер адаммен таныстырды. Сіздің әйеліңіз кеш бойы сол еркектің жанынан шықпай, билеп, қызу әңгіме жүргізіп отырды. Сізді бұл әрекет қынжылтты. Сіз...

25. Сіз демалысыңызды үйде өткізуді жоспарлаған едіңіз, бірақ, әйеліңіз достарына баруға уәде беріп қойыпты. Сіздің мүлдем барғыңыз келмейді, Сіз..

26. Сіз досыңызға отбасылық проблемаларыңыз туралы айттыңыз. Әйеліңіз ол туралы біліп, мүлдем реніш білдірді, себебі ол басқаларға бұл проблема туралы айту қажеті жоқ деп есептейді. Сіз..

27. Әйеліңіз үтікті жөндеп беруін сізден ертеректе өтінген еді. Бүгін пайдаланайын десе, ол сол қалпы жөнделмеген. Ол сіздің қолыңыз тимегендігін біле тұра, өзінің ренішін білдіреді. Сіз..

28. Отбасыңыздың таныс адамы сізді бірнеше рет алдады және сіз оған өзіңіздің ренішңізді білдіру керек деп санайсыз. Әйеліңіз мән бермей-ақ қоюы керектігін айтады. Сіз...

29. Сіздің көңіл-күйіңіз жаман және сіз әйеліңізбен сөйлесуге тырысасыз, бірақ ол сіздің жағдайыңызды байқамайды және қазір уақытының жоқтығынан кейінірек сөйлесетінін айтты. Сіз...

30. Әйеліңіздің танысы телефонмен хабарласып, әйеліңіз үйге келген соң оған бір нәрсені айтуды өтінді. Сіздің жұмысыңыз көп болып, тек кешке ғана есіңізге түсті. Әйеліңіз наразылық білдіріп, сіздің осы жауапкершілігіңіздің жоқтығы, бірнеше рет оны ыңғайсыз жағдайға қалдырғанын бетіңізге айтып салды. Сіз...

31. Кешке қарай сіз әйеліңізбен бірге теледидар қарамақшысыз, бірақ сіздердің мүдделеріңіз әртүрлі болды. Сіз әртүрлі бағдарлама бойынша теледидар көргіңіз келеді. Әрқайсыңыз өз дегенінде тұр. Сіз...

32. Сіз достарыңызбен бірге демалу жоспарын құрасыз. Әйеліңіз аяқ астынан сіздің ұсыныстарыңызға қарсы шыға бастайды. Сіз...

Нәтижелерді интерпретациялау.

Жұбайлық жұптардағы келіспеушіліктерді зерттеу, көбінесе қақтығыстар туындайтын 8 саланы бөліп қарастыру мүмкіндігін берді:

1. Туыстармен және достармен қарым-қатынастары проблемасы.
2. Бала тәрбиесіне қатысты сұрақтар.
3. Оқшаулануға ұмтылудың білінуі.
4. Рөлдік болжаулардың бұзылуы.
5. Мінез-құлық нормаларының келіспеушілігі.
6. Жұбайының біреуінің билігінің үстем болуы.
7. Қызғаныштықтың білінуі.
8. Ақшаға көзқарастың алуан түрлілігі.

Берілген негіздемелер бойынша 8 блок келесідей топталады:

Блок нөмірі	Жағдайлар нөмірі
1	1, 5, 8, 20
2	4, 11, 16, 23
3	6, 18, 21, 22
4	2, 12, 27, 29
5	3, 26, 28, 30
6	9, 25, 31, 32
7	13, 14, 17, 24
8	7, 10, 15, 19

Сонымен қатар, жағдайлар «келіспеушіліктегі кінәлі адам» негізі бойынша екі топқа бөлінуі мүмкін. «Кінә» деген сөзді тырнақшаға алу керек, себебі бұл жерде әңгіме нақты кінә жайында емес, ұрысты туындайтын себеп туралы болады:

№ 4, 5, 9, 10, 11, 13, 14, 17, 18, 19, 22, 23, 26, 27, 31 жағдайларында, көбінесе, келіспеушіліктің туындауында респондент «кінәлі» болады.

№ 1, 2, 3, 6, 7, 8, 12, 15, 16, 20, 21, 24, 25, 28, 29, 32 жағдайларында мұндайға жұбайы кінәлі болады.

Зерттеулер нәтижелері жалпы индексті есептеумен алынады (әрбір блок бойынша орташа арифметикалық). Индекстер мағыналары «-2»-ден «+2»-ге дейін өзгереді. Индекстің кері мағынасы келіспеушілік жағдайларындағы респонденттің негативті реакциясы туралы мазмұндайды, жағымдысы - позитивті реакциялар туралы. «+1»-ге (немесе «-1»-ге) жақын мағыналары отбасылық түсінбеушіліктердегі мінез-құлықтың әрекетсіз сипатын көрсетеді.

Алынған нәтижелер жұптардағы келіспеушіліктердің жалпы деңгейі туралы да айтуға мүмкіндік береді. Жалпы индекстің мағынасы «-2»-ге қанша жақын болса, жұптардың қарым-қатынасының келіспеушілік сипаты көбірек болады.

Бұл әдіс, зерттеу мақсатында да, жұптардың қарым-қатынастарын бұдан әрі түзету үшін диагностикалауға да пайдаланылады.

8.3.5. Келіспеушілік жағдайлардан сабақ алуға көмектесетін ұсынымдамалар:

1. Келіспеушілік сізге нені үйрететінін ойланыңыз.

2. Өзіңіздің ішкі дауысыңыздан, осы қайғылы тәжірибеден нені үйренуге болатынын, қандай пайда алу керектігін сұраңыз.

3. Осы келіспеушілікке тиісті орнын бөліңіз:

а) теріс өмірлік тәжірибеңізге өзіңізді жолдан тайдыруға рұқсат бермеңіз.

б) өзіңіздің жеке ұстанымыңызды тағайындаңыз және басқа адамдардың ықпал етуіне мүмкіндік туғызбаңыз.

в) қақтығыстың өзіңізге деген сеніміңізді жойғызуға және өзіңізді бағалауды төмендетуіне жол бермеңіз.

г) келіспеушіліктер өміріңіздің тек қана кішігірім бөлігін құрайтынын ұмытпаңыз.

4. Қақтығыстан кейін қалған кері эмоциялардан келесі мысалдар үлгісі бойынша құтылуға тырысыңыз:

а) өзіңізді өзіңіз кешіре біліңіз;

б) келіспеушілікке байланысты сезімдердің жойылғанынша біраз уақыт тосыңыз;

в) басқа адамдар сізді, өзіңізге қарағанда, азырақ сынауы мүмкін екендігін түсініңіз.

5. Басқа адамдардың кедергі болуына жол бермеңіз.

а) сізді сынап-мінейтін жаман адамдардан аулақ жүріңіз: жағымды және мейірбанды адамдармен байланысуға ұмтылыңыз;

б) Күшіңіздің көбін күдікшіл адамдардың жалған сеніміне немесе сізді тыңдағысы келмейтіндермен араласуға жібермеңіз;

а) басқа адамдарға сіздің бойыңызда кінәлілік сезімін қоздыруға жол бермеңіз:

б) сіздің ойыңызша, келіспеушіліктен кейін көңілдерінде жағымсыз түйткіл қалып қойғандармен араласуға дайын болыңыз.

Келіспеушілікті жеңе білуге көмектесуге арналған нұсқамалар:

«Бұл өмір мен өлімнің мәселесі емес, мұны жеңе білемін», «Барлығы жақсы жүріп жатыр», «Ол мұны зиян келтіру үшін емес, өзінің тілектерін қанағаттандыру үшін істеп отыр», «Мен бірқалыптымын», «Біз барлығын жақсы шешеміз».

9 ТАРАУ. ЖАСӨСПІРІМДІК СУИЦИДТІҢ АЛДЫН-АЛУ

*Ең бастысы, өмірдегі еңбасты нәрсе –
өмірдің өзі.*

Теодор Драйзер

*Бір гана абырой бар –
көмек көрсете алатын абырой,
Бір гана күш бар –
Көмекке келе алатын күш.*

Р.У. Эмерсон

Суицид (латын тілінен *sui caedere* – өзін-өзі өлтіру – тойтарылмас ақыры өзін өлтіру актісі) қазіргі қоғамды мазаламауы мүмкін емес. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының он жылдығымен 10 қыркүйек күні - өзін-өзі өлтіруді болдырмаудың бүкіләлемдік күні деп жарияланғаны осы проблеманың мазасыздық тудурып отырғанын білдіреді. Өркениеттің прогресі алға жылжыған сайын, әлем соншалықты осал және әлсіз болып барады. Әлемдегі жүз мыңдаған адамдар жыл сайын адамзаттың психикалық және адамгершілік денсаулығына орасан зор зиян келтіретін өмірмен өз еркімен қоштасу актісін жасайды.

Әлемдегі 2010 жылғы денсаулық сақтау жағдайы туралы баяндамада «өзіне қол салу» қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі проблемасы болып табылатындығы жайлы айтылған. Әсіресе, психологиялық және әлеуметтік әлсіз топ ретіндегі жастардың арасында өзіне қол жұмсау проблемасы күрделеніп барады.

Жас кезіндегі өлімнің себебі ретінде өзін-өзі өлтіру жиілігі бойынша екінші орынды алады, ал егер басқа да зорлықпен өлтірудің бетпердесін жамылған басқа да өзін-өзі өлтірулерді санасақ, бірінші орынға шығатыны сөзсіз. Әлемдік статистиканың көрсетуі бойынша соңғы 30 жылда 10 мен 14 жастағы балалар арасындағы суицид 8 есеге көбейген. Ұл балаларда суицидалдылықтың шыңы 11-14 жасқа, ал қыз балаларда - 15-18 жасқа келеді.

Қазақстан жастарының арасында суицидтің жоғары деңгейіне байланысты қоғамдық мазасыздықтың өсуі билікте отырғандарға шаралар қабылдауды мәжбүрледі. Елімізде сенім телефондары, 168 балалар қоғамдық және 14 дағдарыс орталықтары қызмет атқарады. Соған қарамастан, эксперттер жасөспірімдер көмек пен кеңес алу мүмкіндігінің бар екендігі туралы білу үшін көбірек жұмыс жасау керектігін мазмұндайды.

Жасөспірімдер арасындағы суицидті фактілерді болдырмауда отбасының рөлі өте маңызды, отбасы жасөспірім үшін – эмоционалдық қолдаудың ресурсы және де жасөспірімді суицидке әкелетін қобалжуларды балалардың дұрыс игере

білуіне көмектесудің дұрыс түсініктемелерін беретін мамандары бар мектеп те қолдау көрсетеді.

Балалардың өміріндегі жасөспірімдік кезеңі – бұл, өз туа біткен педагогикалық данышпандығына сеніп қалып және бәрі жақсы болатындығына үміттеніп отырып, ата-аналар өз қырағылығын жоғалтуға болмайтын мерзім. Өзін, баласына барынша сауатты көмек көрсету үшін, оны түсініп, қолдау үшін қажетті біліммен қарулануы қажет. Ата-аналардың педагогикалық білімі қаншалықты терең болса, өз балаларының бойына жалпы адамдық және адамгершілік құндылықтары қаншалықты сіңіре білсе, соншалықты балалары девиантты мінез-құлықтың әртүрлі формаларында мағына іздемейтін болады.

9.1. Жасөспірімдерде суицидалды мінез-құлықтың болу себептері мен ерекшеліктері.

Жасөспірімнің басты ерекшелігі – тұлғалық тұрақсыздығы. «Қарама-қарсы келетін қылықтары, талпыныстары, тенденциялар есейіп келе жатқан баланың мінез-құлығының қарама-қайшылығын және сипатын анықтай отырып, бір-бірімен қатар өмір сүріп күресуде болады»⁸³.

Бір жағынан, жастар қауымдастықтың өміріне шындырап кірісіп кетеді, ал екінші жағынан – олардың бойын жалғыздыққа құмарту билейді. Олардың көңіл-күйі жарқырап тұрған оптимистік пен ең көңілсіз пессимистік арасында толқымалы болады. Кейде жай айтылып қалған сөз, мадақтау немесе келеке ету өзіндік санасында көзге байқалатын қозғалысты білдіреді. Тіпті, өзінің меншіктік қасиеттерін бағалау, ең бастысы, отбасысы мен құрбы-құрдастарының ықпал етуінен пайда болатын құндылықтар жүйесіне байланысты болады. Ата-аналарымен және достарымен қарым-қатынастары дұрыс қалыптаспаған жасөспірім өзін жалғыз, бөтен және қабылданбағандай сезінеді. Мұның үстіне тағы өмірді қараңғы түстерде көруге мәжбүрлейтін көңілінің жабырқаулығы, барлық нәрседі, ең алдымен, жат, кері нәрселерді байқау құбылыстары қосылады. Осылайша, ауыр дәрежедегі қобалжулар және әртүрлі депрессиялық жағдайлар пайда болады.

Басқаша айтқанда, барлық үрдістер мен жағдайлардың екі жақтылығы (амбиваленттілігі) жасөспірімді абыржуға, бейімделе алмаулыққа әкеліп тіреді. Осының өзі, өзін-өзі қирату қаруын іске қосу немесе соған ықпал ететін ағытқыш ілмегі болып табылады.

Тұлғаралық келіспеушілік жағдайындағы тұлғаның психологиялық әлеуметтік-психологиялық дезадаптациясы өзін-өзі өлтірудің негізгі себебі болып табылады деп санайды жетекші суицидологтар.⁸⁴

⁸³ Жас ерекшеліктерінің психологиясы: балалық, жасөспірімдік, жастық шақ. / Хрестоматия/ құраст., В.С. Мухина, А.А. Хвостов – М.:2000 – 624 б.

⁸⁴ А.Г.Амбрумова, Е.Г.Тройнина. Жасөспірімдердің өзінен-өзі бұзылу мінез-құлқы туралы сұрағына// Жасөспірімдердің өзінен-өзі бұзылу мінез-құлқы. Л., 1991.

Суицидалды мінез-құлық бойынша тәуекел тобының жасөспірімдерінің белгілері болып басқыншылығы, еріктік бастамасының болмауы, өзін-өзі төмен бағалау негізіндегі шеттетілгендігін сезінуі, өзіне сенбейтіндігі және ересектер тарапынан түсіністік пен қолдаудың болмаулары табылады.

Жалпысында, суицидалдық мінез-құлқына ұрындыратын жасөспірім жасының ерекшеліктерін осылайша бейнелеуге болады:

– проблеманың нақты мағыналылығы және жасөспірімнің оған реакциясы өлшеусіз (ересектердің көзқарасы тарапынан) және апаттық үлкен шамаға дейін ұлғаюы мүмкін;

– жасөспірімдер ақыры ажалға әкелетін өздерінің шектен тыс әрекеттерімен қоғамды эпатаждауға талпынады; шынайы және көрнекілікті-бопсалаушы суицидалды мінез-құлық арасындағы шекара жасөспірім бойынша тіпті шартты болады;

– үлкендердің қамқорлығына үйреніп алған жасөспірімдер суицидалдық әрекеттерді көңілінің түбінде ересектер оны ақырына дейін жеткізбуге жол бермейді деген сеніммен, өзгеше, бірақ ересектермен бақыланатын ойын ретінде қарастырады. Бұл өзіндік бопсалау, айналадағы дүниені және, ең алдымен, ата-аналарын басқару тәсілі;

– өмірлік тәжірибенің, жауапкершіліктің болмауы, қабылдаудың бұлдырлығы жасөспірімдердің суицидтің нақты қайғылы жағдай екендігі туралы өздеріне есеп бермеуіне әкеліп соғады;

– жасөспірімдер, егер оларға ортаның өзі өзіне қол салуға мәжбүрлеп тұрғандай, осы өмірлік проблемалардың шешуін ұсынып тұрғандай көрінсе, тез иланғыш келеді, олар жауапкершіліктен өздерін босағандай сезініп, соған жеңіл түрде қарайды;

– жасөспірімдерде өлім туралы адекваттық көрініс болмайды (құтқарып алып қалған балалардың көбі өз әрекеттерінің салдарын сезінбеген және іс жүзінде өлгісі келмеген; одан да кішілері мәңгілікке өлеміз деп ойламаған, анасы мен әкесін, немесе ашуланып жүрген басқа адамын қорқыту үшін ғана жасайтын әрекетім, артынан оянамыз деп ойлаған).

Жасөспірім үнемі меңгере алмайтын үш проблемасы жайында уайымдайды:

- Қиыншылықты жеңе алмауын.
- Бақытсыздықтың бітпеуін.
- Жабырқау мен жалғыздықты басынан өткере алмауын.

Жанынан безген жасөспірім келесі проблемалармен күресуге мәжбүр болады:

- Көмекке мұқтаждықпен.
- Әлсіздікпен.
- Үмітсіздікпен.⁸⁵

⁸⁵ Е. Вроно. Дар арканына не итермелейді// Искерлік әлемі. – 1994, (30.05 – 06.06) – 30 б.

Осы күрес үрдісінің барысында ол ештеңеге жарамайтындығына көзі жетіп, өзіне өлім жазасын шығаруы мүмкін.

«Суицид арқылы тұлға өзінің жағдайларын өзгертуге талпынады деп саналады: жанға батарлық қобалжулардан құтылу, жара түсіретін жағдайлардан кету, өзіне аяушылық пен мүсіркеушілікті шақыру, көмек пен қатысуға қол жеткізу, өз проблемаларына назар аударту. Суицидалдық мінез-құлық «артынан өкінетін» жәбірлеушілерге өштесу сезімімен де болады, онда өз мақсатына қалай болса да жетудің патологиялық қыңырлығы жатыр. Тұлғаға өзінің барлық күші мен мүмкіндіктерін тамамдаған сияқты болғанда үмітсіздіктің бұл акті жасалады.⁸⁶

Суицидогендік факторларға (суицидті тудыратын) келесі проблемалар мен жағдайлар жатады:

1. Ішімдік пен есірткіні пайдалану (статистикаға сәйкес бұл фактор суицидалдық мінез-құлықтың 75% жағдайында кездеседі).

2. Көбінесе тәнік емес, адекваттық емес болып қабылданбайтын, ішкі дағдарыс пен жағдайлардың өкініштілігін болдыратын мағынасы мен жарақаттылығы асыра қабылданатын тұлға аралық қақтығыстар. Қабылданбаған махаббат және қызғаныш, өзіне деген аяныштылық жан ашу сезімін шақыру, жалғыздық, теңдестеріне еліктеу немесе мысқылдау және жаман оқитын жасөспірімдердің толыққандылық сезімінің болмауымен қатар, мақтауға үйренген және ата-анасының үмітін ақтамағандықтан ұят, реніш сезімін басынан өткізе алмайтын талапты жасөспірімнің кездейсоқ жеңілісі мен сәтсіздігі де суицидке әкеліп тіреуі мүмкін.

3. Қалжырау жағдайы.

4. Ата-анасының отбасысының бөлінуі, ата-аналарының айрылысуы, оның қобалжуларына туыстары мен жақындарының көңіл бөлмеуі, істеген қылығына жазалануда болуға қорқуы, нақты ата-аналарының махаббатын жоғалтуы, ата-аналар маскүнемдігі, отбасылық тәрбие кемшіліктері: отбасыдағы жиі келіспеушіліктер, қаталдық, айыптаушылық қорқынышы.

5. Тағамдық мінез-құлықтың бұзылулары. Анорексия мен булимия сияқты тағамдық тәртіптің бұзылуы бойжеткен қыздардың анық суицидалды тәуекелін арттыру туралы тұжырымдамалар алынғанына аз уақыт қана болды.

6. Мұғаліммен келіспеушілік – әділетсіздікке қарсылық немесе жазалау мен ұятқа қалу қаупі.

7. Жақын адамның өлімі.

8. Денелік, адамгершілік, нәпсі зорлық, жазықсыз жәбірлеу, ортаның талауы.

9. Өзін бағалаудағы қақтығыстар, тым қиялшылдық (нақты өмірмен шектескендегі психологиялық жарақат), өмірдің мағынасын түсінбеу тағдарысы.

⁸⁶ Р. Снайдер. Жасөспірімдерге арналған тәжірибелік психология . – М., 1995.

10. Денелік/тәндік кемшіліктер, сырқаттығына байланысты қатты аурулар;

11. Мінез құлықтың акцентуациялары (шизоидтық, психастеникалық, лабильді, сенситивті, истероидты)

12. Психикалық аурулар (невроздар, депрессиялар, қауіптену, көңілсіз күйі, ашуланшақтығы, шизофрения).

13. Анамнездегі суицид, генетикалық бейімділік, суицид жасаған туысы немесе жақын адамының болуы; танымал психолог Э. Гроллман «суицидгендік отбасы» деген түсінікті енгізген, ол – эмоционалдық, соның ішінде, отбасылық айнала ерекшеліктерінің негізінде өз проблемаларын суицид арқылы шешетін отбасы. Әр түрлі зерттеушілердің мәліметтері бойынша отбасының деструктивті бейнесі шешілмеген дағдарысы – айырылысу, біреудің өлімі, отбасылық құпия - негізінде құралады делінеді. Шешілмеген дағдарыс жинақталған кіші жарақаттар арқылы суицидті жіберетін өзекті қақтығыс ретінде көрінеді.⁸⁷

14. Отбасыдағы, мектептегі ортодоксалдық ұстанымдар, жазалау тәжірибесі (қатал, кемсітуші), эмоционалдық байланыстардың болмауы баланың суицидіне аффект тұрғысынан әсер етеді. Балалар жасындағы суицидке арты уланумен, асылумен, терезеден секірумен, оқ атуды пайдаланумен, суға батумен бітетін қашу реакциялары жатады.

15. Өздерінің құзырсыздығына байланысты, өз әрекеттерінің медициналық зардаптарын дұрыс болжамағандықтан. Манипуляциялық көрнекілік суицидті істей тұра, психикасы сау жасөспірімдер нақты зиян келтіреді де, өледі, себебі өздері істеп жатқан нәрсенің салдарын түсінбейді.

16. Тілемеген жүктілік.⁸⁸

Аталған әрбір жағдайдың және проблемалардың бәрі бірдей суицидалды тәуелдің аймағына әкеліп тірмейді. Осы аталған жағдайлардың бірінің астында қалып қойған кейбір жасөспірімдерде кез-келген жайсыздықтарға қарсы тұра алатын жеткілікті түрдегі эмоционалдық, ойлау және денелік күшінің болмауы мүмкін. Сол кезде суицид жасөспірімге тығырықтан шығатын жалғыз ғана жол болып көрінеді. Оның үстіне, суицидалды әрекетті жасөспірім, көбінесе романтикалық-ерліктік жасау тұрғысында ашық, батыл істер ретінде қабылданады.

Сондықтан, суицидті мінез-құлық, көбінесе көрнекі түрде өтеді, онда «көпшілік алдында ойнау» белгілері болады. Суицидалды мінез-құлық көбінесе аффектілікпен, ұмтылыспен реттеледі, онда ойлау, салыстыру, салмақтау, есептеу деген болмайды.

⁸⁷ Э.Гроллман. Суицид: превенция, интервенция, поственция. Суицидология: кешегі мен бүгінгісі. Философтар, социологтар, психотерапевтер еңбектеріндегі және көркем мәтіндегі суицид проблемасы. – М.: Ко-гито-Центр, 2001. 352 б.

⁸⁸ Э. Шнейдман Өзін-өзі өлтірушінің жаны. – М.: Смысл, 2001.

Жасөспірімдердің суицидалды мінез-құлқы үшін негізді құрай білетін **отбасылық тәрбиенің қателіктерін** мұқият қарастырайық (суицидгендік факторлардың жоғарыда келтірілген тізімінде 4 пункт)

А. *Ата-аналар ерікті немесе еріксіз баланың бойында кінәлі сезімін тудыруға итермелейді.* «Сен мені өзіңнің әрекетіңмен және бағаларыңмен ренжітесің»; «Сенде екіліктер болғандықтан жазда біз теңізге бармаймыз. Егер сен болмасаң, біз тамаша демалып қайтар едік, сен болсаң жоспарымызды бұздың» және т.с.с. Егер, ата-аналар өз баласына оның қалай кінәлі екендігін, ол қанша өкініш әкелгендерін, олар өзін кемсітетін баланы тәрбиелеп отырғандығын айтып, мүмкіндігін жібермейтін болса, жасөспірім бүкіл кінәні өз мойнына алып, керісінше нәрсені дәлелдегісі келеді: «Міне, мен өлемін! Қалғандарың кінәлі боласыңдар!».

Б. Ата-аналар балалардың мінез-құлқын, күн тәртібін, оқуы мен тіпті көңіл-күйін қатаң бақылауға алады. Мұндай ата-аналар өз баласының кішкентай ғана эмоционалдық қобалжуларына өздері жауапкершілікте болады. Нәтижесінде, өздеріне және әрекеттерінің салдарына жауап бере алмайтын балалар өсіп шығады. Жасөспірім шағында қиын жағдайлардағы көмексіз қалу сезімі өзіне өзі қол салудың себебі болуы әбден мүмкін.

В. Ата-аналар балаға өзінің соңғы ойыншығына қарайтындай көзқараста болады. «Оған оқудың не керегі бар – ол әлі кішкентай ғой? Оған спортпен айналысудың керегі жоқ – ол өте әлсіз ғой. Бірақ ол өте тамаша бала!». Бұл балалардың жағдайларды жоспарлап, мақсат қоя білуі мен соларға жетуге үйретеді.

Г. Ата-аналар баланың өміріндегі адамның өзінің өмірі мен тағдырына ие болуын елемеу арқылы барлық жағдайларды сыртқы себептермен түсіндіруге тырысады. Мұндай тәрбие эмоционалдық жағдайлардың сыртқы ортаға тәуелділігі мен қиындықпен өздігінше күресе білмеуін тудырады.

Д. Ата-аналар баланы қателіктерден үнемі қорғайды. Кейбір адамдар көп нәрсеге қолжеткізуге тырысады, кейбіреулері – қателік жіберуге қорқып тұрады. Қателік қаупі келешекке перспективалық көзқарасын жоғалтуға және соның салдарынан өмірдің мағынасын жоғалтуға әкеліп соғады.

Тәрбиенің ығын-шығыны өмірлік диагноз емес. Ата-аналарға өз қателіктерін мерзімінде түсінуі мен өздігінен немесе психологтың көмегімен қателіктерін түзетуге тырысу керек.

Адамдардың қандай типтері «суицидті қауіпті», екенін білу мүмкін емес болса да, өздері тап болған спецификалық жағдайлар мен олардың алдында тұрға спецификалық проблемалар нәтижесінде жасөспірімдер үлкен тәуекелге келеді. Көтеріңкі суицидалды тәуекел аймағына жататындар:⁸⁹

- депрессивті жасөспірімдер,
- ішімдік және есірткіні пайдаланушы жасөспірімдер,

⁸⁹ Г.В.Акопов және басқ. (ред.) Суицидалды мінез-құлықтың алдын-алу – Самара-Ульяновск, 1998.

- суицидалдыққа барғандар немесе отбасысының бір мүшесінің суицид жасағанын көргендер,
- талапты жасөспірімдер,
- мектептегі үлгерімі нашар оқушылар,
- жүкті қыздар,
- жасөспірімдер, зорлық құрбандары.

Көрсетілген жеті топтың әрқайсысын қарастырайық.

Депрессивті жасөспірімдер. Депрессия және өзіне қол салу – екеуі де бір нәрсе емес. Депрессиядан қам жеуге болады, бірақ суицид туралы ойламауы да мүмкін. Суицидке бейім жас өспірімдерінің көпшілігін жабығуларға әуестіктері бірлестіреді. Жабырқаңқылықтар қайғының сезінуідің алдында, әдетте, жиі, жауапсыз және амалсыздық болады.

Барлық жас адамдардың түгелі дерлік депрессияға жақын келеді. Көңіл-күйлерінің ауыспалы болуы жастарға тән, бірақ, бұлар бір-екі күн жалғасады. Жағдайлы депрессиялар жасөспірімнің өмірінде болып жатқан не болған жағдайлармен тура байланысты болады: қыздар мен ұлдар жаман бағалардан, достарымен келіспеушіліктен, отбасылық жайсыздықтардан, жұмысты жоғалтудан қатты әсер алады. Бір емес, бірнеше проблемаға кездесетін жасөспірімдер депрессияға ұшырайды, тап болған жайғдайынан шығу қабілеттілігін жоғалтады.

Депрессия жас адамдарды суицидалды әрекетке мәжбүрлеуі мүмкін, себебі депрессияға түскендер бақытсыздықтарының шегі болмайды деген ойда болады. Олар сәтсіздіктің жолағына тап болғандай сезінеді, «Одан әрі бұдан да жаман болады» деп ойлайды. Оларға өздерінің өмірі, осылайша, сәтсіз жалғаса беретіндей болады. Бұл жағдайдан шығу суицид қана болады. Депрессияға түскен жасөспірімдер өмірге қызығушылығын жоғалтады, достарымен қарым-қатынасын тоқтатады, бұрын қызығушылықпен айналысқан ісімен айналыспайды.

Олардың түрлері жабырқаулы, басылған болып көрінеді, олар көп ұйықтайды, әдетте шаршаған, ақырын дауыспен сөйлейді, тіпті біреу зорлықпен өмір сүргізіп жатқандай көрінеді. Олар шығатын жолы жоқ шеңберге кіргендей болады, депрессия жатырқауға әкеліп соғады, жатырқау – уайымға, уайым – депрессияның жаңа ағымына әкеліп соғады. Бұл кезең қаншалықты ұзаққа барса, тәуекелдің мүмкіндігі де соншалықты үлкен болады. Жасөспірім жалғыздық пен меланхолиядан құтылу үшін, өмірмен қоштасуға бел буады.

Жасөспірімдер – маскүнемдер мен есірткі құмарлар. Есірткі мен алкоголь ішімдіктерінің депрессивті жасөспірімге тигізген әсерінің үш тәсілін қарастыруға болады:

1. Егер жасөспірім, негізінде, ішпейтін болса, бірақ депрессия жағдайында болып, суицид туралы ойланса, ішімдік пен есірткі оны суицидке итермелейді.

2. Егер жасөспірім– ішкіш немесе есірткі тартушы болса, ішімдік пен есірткі оның бойында депрессия мен суицидалды ойларды шақыруы мүмкін.

3. Егер жасөспірімнің ата-анасы маскүнемдер немесе нашақорлар болса, онда осы жағдай негізінде болған отбасылық ұрыс-керістер жасөспірімнің психикасына әсер етуі мүмкін және оны толығымен суицидалдық сызыққа әкеліп тіреуі мүмкін.

Суицид жасаушы жасөспірімдердің жартысынан көбі нашақор, ал ішкіштері - әдетте сыраны пайдаланады: ол арзан және қолжетімді. Сыраны ешқандай қауіпті деп санап жүрген жоқ шығарсың? Егер осы сыраның әсерінен сенің досың о дүниеге кеткен болса, сыра, ататын пистолет сияқты, сондай қауіпті болып көрінеді анық шығар. Нашақорлық пен маскүнемдік әсерінен суицидке баратын көптеген жасөспірімдер негізінде нашақорлар да, маскүнемдер де емес. Егер, олар ішіп алса немесе «инеді болса», онда тек қана өздерін жаман сезінгендіктен істеген болады. Алкоголь мен есірткі миды тұмандайды, «салқынқанды ойлау» мүмкіндігінен айырады.

Алкоголь мен есірткіден милары тұманданған суицидалды жасөспірімдер өмірден кетуге шешімді қабылдау жеңіл болады. Олар онсызда жабырқаулы күйде болады.

– алкоголь мен есірткінің әрекетінен өзіне - өзі қол салу олар үшін жан ауруын тоқтататын жалғыз тәсіл болып көрінуі мүмкін. «Будың астында» немесе «инеді отырғанда» олардың милары айналып, ішпеген кезіне қарағанда, тәуекелге жақын болады.

Есірткі мен алкоголь, әке-шешелері маскүнем және нашақор болған жасөспірімдердің өміріне де, жаман әсерін тигізеді. Жас адамдар өздігінен есірткі мен алкогольге тәуелді болуы мүмкін емес, бірақ олардың өмірі отбасының бытырауынан бейнетке толы болады.

Суицидологтар арасында жасөспірімдердің көбінің суицид жасауға талпынуы немесе жасауы алкоголь немесе есірткімен байланысты деген пікір қалыптасқан. Бұл топқа тура суицидалды әрекет жасаудың алдында алкоголь ішіп алған немесе есірткі тартып алғандар да кіреді, және де бұрын үнемі алкогольдік ішімдіктер пайдаланып және есірткі шегіп жүргендер де, ата-анасы маскүнем және нашақорлар жасөспірімдер де кіреді - барлық өзіне-өзі қол салғандардың 75%.⁹⁰

Өздеріне қол салуға әрекет жасаған ересек балалар немесе отбасысында бұрын-соңды суицид болған жасөспірімдер. Әдетте, жасөспірімдер өмірінде бір-ақ рет өздеріне қол салуға әрекет жасайды, бірақ та қайталанған суицидалды әрекеттердің жағдайлары да тіркелген. Бұл әдетте алдыңғы әрекеттен кейін үш айдан кейін қайталанатын. Бұл жағдайды суицидалды әрекет жасауға ұмтылған жасөспірімнің ата-аналары білу керек және сол әрекеттен үш ай өткен кезде балаға мұқият қарап, бақылауға алу керек.

⁹⁰ И.Пуриг-Пейаковиг, Д. Й. Дуньиг Жасөспірімдердің өзіне қол жұмсауы. – М.: Медицина, 2000.

Жоғарғы суицидалды тәуекел тобына жататын жасөспірімдердің ата-аналарына жыл бойы суицидтік қауіпті болып саналады. Осы уақыт бойы олар егер де өмір тағыда жағымсыз тосынсыйлар әкелетін болса, оларға арқа сүйейтінін адамы бар екенін білу керек. Суицидалды әрекетті өзіне қол салған адамдары бар отбасылардың жасөспірімдері де жасайды. Олар зарығу, уайым, сағыныш, ашуды басынан өткереді және туысының өмірден кеткендігіне өздерін де кейде кінәлі санайды. Кейде жақын адамнан айырылғандықтан депрессияда болу мүлдем төзгісіз болады және жасөспірімге әрі қарай өмір сүру мүмкін еместей болып көрінеді.

Өзіне қол салған туысқаны, осылайша тығырықтан шығатын жол табатындығын иланыдратындай болады, сондықтан, суицид-дағдарыстан шығудың жалғыз ғана дұрыс жол деп шешіп, жақын адамынан айырылуды басынан өткергендер оның тәжірибесін пайдалануы таңқаларлық емес.

Дарынды жасөспірімдер. Осындай ақылды, талапты бала өмірден кетуге әрекет жасайтындай проблемалармен кездесуі мүмкін еместей болып көрінеді. Ол дарынды балалардың барлық салаларда өзінің артықшылығын көрсету қажеттілігінде болатындығы, соның нәтижесінде, оларға көп міндеттемелер артылады. Олардың көбіне, алған наградалары мен сыйлықтары, жүлделері қажет сияқты болып, өздерін жақсы көрмейтіндей болып көріне бастайды.

Сондықтан, оларға тек, бір жаман бағаға, спорт сайысында жүлделі орын емес, екінші орынға ие бола қалса, немесе тағы сол сияқты, басқа жолмен өздерінің талаптарының артықшылығы жағын көрсете алмай қалса болды, бірден депрессияға ұшырайды, оларға өздерін де, басқаларды да ұятқа қалдырғандай болып көрінеді.

Кез-келген салада дарынды жасөспірім, көбінесе, тым қазымыр болып келеді; өздерінің әрбір қадамын мұқият тексеріп, ойланады; өздерінің қабылдаған шешімі жалғыз ғана дұрыс шешім болатындай көрінеді. Оларға өздерінің есептеулерінде қателескендігінен басқа жол табу күрделірек, тіпті мүмкін емес болады.

Мұндай қазымырлық, әдістік өте қауіпті болуы мүмкін, әсіресе, егер суицид жасау қабылданған болса. Дарынды балалар осы өткір қадамға осындай шешім қабылданып және басқа шешім болуы мүмкін емес болғандықтан барады.

Мектепте үлгерімі төмен жасөспірімдер. Оқу қиынға соғатын және нашар үлгерімдегі жасөспірімдер өзінің төмен бағалануынан жапа шегеді және ізінше депрессияға ұшырайды. Екеуі де суицидке әкелуі мүмкін.

Сыныпта осындай оқушылар, көбінесе, ерекше қиындықтармен кездесетіндіктен, олар жоғары есеңгіреу қалпында болады. Олардың өзін бағалауы үнемі сыныптастарының және мұғалімдерінің жанына тиетін және шағып алатын сөздерінен бейнет шегеді, себебі, олар өздерін ақымақ санап, өмірде еш нәрсеге қол жеткізе алмайтындай сезінеді.

Барлық балалар сыныптастары мен мұғалімдерінің жақсы көргендігін ұнатады, мұндай махаббаттың жоқтығы - жасөспірімді нақты шаралар қабылдау арқылы ғана құтылатын ауыр жүктей болып көрінеді.

Жүктілік. Жасөпірімдердің жыл сайын жеңсіктігі белсенді болып барады және осы жеңсікті белсенді жасөпірімдер, әдетте, бала бітірмейтін тәсілдерді қолдана қоймайды. Сондықтан, қазіргі кезде қыз балалардың ерте жасынан бастап аяғы ауыр болатындығына таң қалмау қажет. Көбісі, жүктілігін сезінгенде үйрейленіп, топалаң салады. Кейбіреуі ата-анасының ашу-ызасынан қорықса, кейбіреулері мұғалімдері мен достарына не айтамын деген үрейде болады. Соның ішінде, өзімен бірге болған балаларға да. Енді олар, әрине, тастап кетуі мүмкін немесе тастамас? Жүктілік олардың жоспарына қалай әсер етеді?

Жүктілікке байланысты қыз балалардың қабылдайтын шешімдері де (баланы қалдыру керек пе әлде жоқ па? Егер қалдырса, кім бағады?) біркелкі емес. Және олар ата-аналар немесе өзінің досы өзі қаламайтын шешімге мәжбүрлейді деген қорқынышта болады.

Сондықтан, көптеген қыздар өз жүктілігін шешілмейтін проблемадай қабылдайды: жүктілік – жасырып қалуға мүмкін емес нәрсе, ол ата-аналары және достарымен қарым-қатынастарын мәңгіге бұзатынын түсінеді. Оларға өмірі тоқтап қалғандай болады, сондықтан, өлімге бас тігеді – одан басқа жол табылмайды.

Жасөпірімдер – зорлық-зомбылық құрбандары. Жасөпірімдер үйде немесе тағы басқа жерлерде денелік, тәндік, эмоционалдық және жеңсіктік жарақат алағандығын жиі жасырып қалады. Эмоционалдық жарақаттың бар болғандығы өзін-өзі төмен бағалаумен, сонымен қатар, жасөпірім мен ата-ананың арасындағы дөрекі келіспеушіліктерден білінеді. Эмоционалдық жарақат алған жас адамдар әдетте өздеріне назар аудартудан қорқып, өздерін ұяң, жасық ұстайды. Оларға қолдарынан ешнәрсе келмейтін, ақымақ және есерсоқ адам деген ойларға үйтретіп тастаған. Сондықтан, олардың өзіне деген сенімділігі болмайды, өздерін қорғау үшін әрбір сөзді айту орасан зор қиындық тудырады.

Кең тараған эмоционалдық жарақатқа мектепшілік рәкет (үлкендер және күші мықтылау жасөпірімдер тарапынан мәжбүрлеу), бұл өзіндік мектептің «аталығы». Мұндай жарақаттарды қадағалау қиынға түседі, себебі, «аталар» жағынан жазалаудан қорқады және педагогтар мен ата-аналардың көмегіне үміттенбейді.

Осындай жағдай жеңсіктік жарақаттарда да қайталанады. Жеңсіктік жарақат алу жастарды үрейлендіреді, ұятқа қалдырып, жиіркеніштік сезімде болады. Осы жарақатын кұпияда ұстауға тырысады, себебі, оларға ешкім сенбейді деп қауіптенеді. Сонымен қатар, олар зорлаушының өзімен және отбасысының мүшелеріне тиісе ме деген қорқынышпен де жүреді.

Суицидалды әрекет жасаған жасөпірімдердің психологиялық белгілері.⁹¹

⁹¹ К.Помро, М.Делорм және басқ., Жасөпірім кезіндегі суицидалды мінез-құлық// Әлеуметтік және клиникалық психиатрия. – 1997. – № 3. –63–68 б.

Импульстілік. Жасөспірімдер арасында өзіне өзі қол салудың ең жиі себебі, депрессия мен басқыншылықтың және эмоционалдық тұрақсыздықтың тіркесінен болады. Суицидалды әрекет жасаған жасөспірімдердің өз құрбыластарынан айырмашылығы - өзінің ұмтылыстарын, импульстілігін бақылай алмайтындығында. Бірақ, импульстілігі суицид жасаған барлық жасөспірімдерге тән деп санауға болмайды.

Ашушаңдық. Көптеген зерттеушілер жасөспірімдер арасындағы суицидалды әрекеттердің көбі ашушаңдық деп белгілейді. Суицид жасаған жасөспірімдердің көбі әрекет алдында бастарынан өткерген ашу туралы айтады.

Қауіптілік/үйрелік. Себепсіз үрейленудің ұлғайған сезімі жастар арасындағы суицидалды мінез-құлықтың тәуекелділік факторы болып табылады.

Демонстративтік (наразылық-көрсеткіштік). Өзінің бақытсыздықтарына айналадығалардың назарын аударуға ұмтылу, жанашығандыққа қол жеткізу (кіші сынып оқушылары мен жасөспірімдерге тән).

Аффектілік. Жағдайды бақылаудағы, зияткерлік бақылаудың эмоцияларының үстемдігі; ең соңғы жағдайы – зияткерлікті блокадалау (көбінесе жасөспірімдерге тән).

Құштарлықтың шамадан тыс деңгейі, өзінің тұлғасын ең үлгілі ретінде қабылдауы, өзінің және басқаның өмірлік тәжірибесін пайдаланудағы жеткіліксіз дағдысы (кіші мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерге тән).

Ұшқарылық (шегіне жеткізе талап қоюшылық), максимализм. Баланың тұлғасының санасында шығынның шамадан тыс мағыналы болуы және кез-келген жетістіктің құндылығының төмендеуі; тұлға тек қана сәтсіздіктерде есепке алынады және келешегін жоспарлауды құра алмайды (кіші мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерге тән).

9.2. Суицидалды мінез-құлықтың белгілері

Өзіне қол жұмсауға тырысқан жасөспірімдердің көбі үнемі өздерінің қылығы жайлы алдын-ала ескертетіндей болады: өзінің ата-аналары мен достарына олар тура немесе жанамалай өмірден кеткісі келетіндерін түсіндіруге тырысады. Олар тығырықта қалғандығын және өлім туралы ойлайтындығын қандай-да бір ескертулер арқылы немесе бір істерімен білдіреді. Суицидалдылыққа ұмтылудың белгілері 3 топқа бөлінеді: сөздік, эмоционалдық және мінез-құлықтық.

Сөздік. Жасөспірім көмексіз қалу сезімі, сенімсіздік жайлы әңгіме қозғап, өмірмен қоштасу сөздерін («Осы партада соңғы рет отырмын»,

«Келесі дүйсенбіде мен тірі адам қатарында болмаймын»), өлгісі келетіні туралы қалжыңдарын айтады, оның сөздерінде нақты жоспары мен өлігісі келетіні туралы хабарламалар естіледі, оның сөзі ақырын, әлсіз, бірсарынды

болады. Көбінесе өзін кінәлау мен басқаларды айыптаулар болады. Кенеттен ол айналасындағыларға алғыс сөздерін айтады.

Суицидалдылыққа әрекет ету туралы тура айтылған сөздеріне, тіпті театрландырылған - өксікке толы болса да, өте мұқият назар аудару керек.

Өзін-өзі өлтіру туралы ойлармен жайдан-жай бөлісу үшін немесе біреуді алдау үшін істеу - екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өзінің өміріне қол салған он жасөспірімнің ішінен жетеуі өз жоспарларымен алдын-ала бөліскен екен. Осыдан, суицид туралы айтқан жасөспірімдер қалжыңдамайтыны туралы қорытынды жасауға болады.

Жасөспірімнің сөйлеген сөзіндегі көп мағыналы ишараттарға да реакция жасау керек. Оларды бақылап, байқап қалу, әрине, қиындау. Егер қызыңыз кенеттен: «Менсіз өмірлерің жаман болмайды» немесе «Кейде осының бәрін біржолата бітіріп тастағым келеді!», немесе «Құдайым-ау, өмір сүруден жалықтым!» десе, оны қалай түсінуге болады?

Ол өзіне-өзі қол салмақшы ма әлде жай ғана бүгінгі күні ойындағыдай болмады ма? Жанама қорқытуларды әңгімеден байқау оңай емес, кейде оларды қазіргі кезде әрбір адамға тән болып келетін «өмірге наразылығын» білдірудің ең қарапайымы ретінде қабылдауға болады. Соған қарамастан, оларға өте мұқият назар аудару керек: оларға сөз ішіндегі «сәтсіз фигура» ретінде қол сілтемей, мағынасын түсініп, нақты сұрақтар қою арқылы жасөспірімнің ойын ашу керек.

Эмоционалдылар. Өзін-өзі өлтіру идеясын ұстаушы жасөспірімдер әдетте көңілсіз, көп ойланғыш немесе тіпті ашуланғыш, наразы болып келеді. Көбінесе, өздерін жек көреді. Олар жиі жылайды, өз сөздерінде ұзақ тоқтаулар жасайды, сөздерді бір күшпен әрең айтады. Мұнда қайғыны, кінәлық сезімін, жеңілісті, қандай-да бір нақты немесе жалған үрейлер мен қауіптерді басынан кешірудің барлық белгілері көрініп тұр.

Мінез-құлықтық. Суицидтың алдындағы мінез-құлық баланы өзіне мағыналы адамдардан немесе істерден алшақтататын кенеттен болатын себепсіз өзгерістермен және өмірі мен денсаулығына қауіпті болатын, ойланбастан істелген, әрекеттерімен сипатталады.⁹² **Айналасындағыларға, бірінші кезекте – ата-аналарына, келесі параметрлер бойынша, жасөспірім мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аударуы қажет.**

Тамақтану. Жақсы тәбеті бар жасөспірімдер әрдайым тамақ талғайды, ал әрдайым тәбеті жоқ балалар жанталасып ішеді. Сондықтан, арық жасөспірімдер семіреді, ал, толықтар, керісінше, ари бастайды.

Ұйқы. Суицидалды жасөспірімдердің көбі күні бойы ұйықтаумен болады; кейбіреулері, керісінше, ұйқысы жоқ болады және «жапалаққа» айналады: олар өз бөлмесінде түні бойы ерсілі-қарсылы жүреді, кейбіреулері ешқандай себепсіз жүріп алып, таң ата ғана ұйықтайды.

⁹² Э.Шнейдман. Өзін-өзі өлтірудің ортақ он белгісі және оның психотерапияға маңызы / Суицидология бойынша хрестоматия- К.: А.Л.Д., 1996.

Мектеп. Бұрынғы кезде жақсы және үздік оқыған оқушылардың көбі кенеттен сабақ босата бастайды, олардың оқу үлгерімі күрт төмендейді. Ал бұрын үлгермеушілер қатарында болғандар мектептен шығуға дейін барады.

Сыртқы келбеті. Суицидалды жасөспірімдер өздерінің сыртқы түріне қарамай қоятын жағдайлар белгілі. Олар шаштарын тарамайды, ұқыпсыз киінеді және сыртқы келбеттеріне қарауды мүлдем қояды. Дағдарысқа тірелген жасөспірімдер ұқыпсыз, салақ, кір киіммен жүре береді және оларға айналасындағылардың пікірі бәрібір еленбейтіндігін білдіреді.

Белсенділік. Дағдарысты басынан өткізіп жүрген жасөспірімдер бұрын жақсы көрген нәрселерінің барлығына қызығушылығын жоғалтады. Спортшылар өз командаларын тастап кетеді, музыканттар өз аспаптарында ойнауды қояды, ал күнде таңертең жүгірумен айналысатындар бұл ісіне суына бастайды. Көбісі достарымен кездесуді тоқтатады, өздерін оқшау ұстап, ескі компанияларынан қашқақтайды.

Оқшаулануға ұмтылу. Суицидалды жасөспірімдер тұйықталып, өздерімен-өздері болып кетеді, айналадағылардан алшақтайды, олар музыканы қосады, ал өмірді істен шығарады. Кейде олар ешкімнің назарына ілінбей байқатпай кетіп қалуға тырысады. Кейде олар өздерінің барлық болмысымен өмірден жалыққандығын көрсетеді. Егер, ашық қарым-қатынастағы бала белгісіз бір себеппен, кенеттен тұйықталып, сыныптастарымен кездескісі келмесе, мүмкін, оның миында өлім туралы ойлар пайда болған шығар.

Жанға батар шығын. Жасөспірімдерді өзін-өзі өлтіруге жақын адамдарының қайтыс болуы да итермелеуі мүмкін: ата-аналары немесе туған аға-қарындастары. Мұндай шығыннан кейін жасөспірімнің өмірі түбегейлі өзгереді, енді оған сүйікті адамнан айырылғандығымен сабырға келіп қана қоймай, оның өмірінде осы қайғының істеп отырған орнын жабу керек болады. Кейбір жасөспірімдер әрі қарай қалайша мүлдем ата-анасыз, аға-қарындасыз өмір сүретіндігін көз алдына елестете алмайды.

Құнды заттарды тарату. Өмірден кеткісі келетін адамдар, көбінесе, өзіне құнды болып саналатын заттарды тарата бастайды. Егер, жасөспірім суицид жасау туралы ойласа, өзінің сүйікті компакт-дискілерін, бейне таспаларын, плакаттарын тарата бастайды. Жасөспірімдер өздерінің қол ашықтығымен белгілі, ал кішкентай бала егер де кенеттен себепсіз сүйікті затын таратса, бұл ата-аналарда және жақындарында күдік тудыруы қажет.

Істерін ретке келтіру. Егер, кейбір суицидалды жасөспірімдер өлер алдында сүйікті заттарын тарата бастаса, кейбіреулері «істерін ретке келтіруді» қажет деп ойлайды. Біреулері пәтерді жинай бастайды, басқалары қарыздарын таратады, үшіншілері баяғыдан бері жауап берілмеген хаттарын жаза бастайды. Бұл әрекеттердің барлығында ешқандай күдікті нәрсе жоқ: керісінше, былай қарағанда әрқайсысы қалыпты және заңды түрде әрекет етеді, бірақ, басқа да «ескерту белгілерімен» қосылғанда мұндай ұқыптылық жасөспірімнің бұл әлемде ұзақ тұрмайтындығын білдіруі мүмкін.

Басқыншылық, қарсыласу немесе көнбеу. Өмірмен қоштасқысы келетін жасөспірімдер, көбінесе, қажыған және ашуланған болып келеді: олар өзіне

жақпай қалған, ренжіткен, немесе үмітін ақтамаған ата-аналары мен мұғалімдеріне, достарына ашулы. Кейде олардың өздеріне де наразы болуы мүмкін, олардың бұл әрекеті агрессия, қарсы шығу немесе көндікпеумен сипатталады. Көңіл-күйдегі кез-келген ауысу сияқты мұндай «жарыстар» сақтандыруы қажет. Ешкімнің де ашулы, ызақор, қызуқанды ұлмен немесе қызбен қарым-қатынаста болғысы келмейді. Нәтижесінде, олар еріксіз оқшаулануда қалады, олардан нақты көмек көрсететін адамдардың өзі қашқақтайды. Жалғыздық тек қана суицидалдыққа бағыттайды, одан жасөспірім суицидалды тәуекелдің күшейген аймағына ену қаупіне келіп тіреледі.

Өзін-өзі бұзу мен тәуекелдік мінез-құлық. Кейбір суицидалды жасөспірімдер өзіне зиян келтіруге ұмтылады, өздерін «тәуекел ұшында» ұстайды. Олар машинада, велосипедте, мотоциклдарда қатты жүреді, қай жерде болса да – шулы кептелістерде, тар көпірде, темір жолдарда – олар барлық жерде қатты жылдамдық пен тәуекелмен жүреді. Кейбіреулері үйлерінде оқ ататын қару-жарақ ұстайтын ата-анасының рұқсатынсыз осы қаруды ұрлап, өздерін гангстер ретінде көрсетеді, мылтықтың дүмпілін өз маңдайларына тосады, қалжындап жасанды түрде салқынқандылық танытып ойнаған болады.

Суицидалды тәуекел тобындағы кейбір жасөспірімдер өз денсаулықтар туралы ойлауды қояды. Олар көп темекі шегіп және арақ іше бастауы мүмкін, есірткіні пайдаланып, немесе есірткіні алкогольмен араластырыа бастайды. Суицидалды жасөспірімдердің, әсіресе, қыздардың, ашыға бастағандығы да кездеседі.

Анорексиямен ауыратындар мүлдем тамақ ішуді қояды немесе аздап қана тамақтанады. Булимиясы барлар әрбір тамақтанудан кейін құсады. Бұл қыздар қалай да болса өз пішінін сақтап қалу үшін неше түрлі әдістерге баруы да мүмкін, бірақ психологтар мен психотерапевтер жүдегісі келгендігі емес, көме сұрап айқайлауын есту қажет деп пікір білдіреді.

Өзін сыйламау. Кез-келген жасөспірімнің өзін ұсқынсыз, епсіз және ең ақымақ адам ретінде қабылдайтын кездері болады. Бірақ мұндай «өзін кемсіту» әдетте ұзаққа бармайды. Қандай-да бір жағымды кездейсоқтық болып, өзін-өзі мақтауға кіріседі және де бәрі қаз-қалпына келеді. Әдетте, жас адамдарда қиын уақыттар мен кезеңдерді өткізу үшін өзін-өзі сыйлау мен сенімділігі жеткілікті болады, бірақ, өзін-өзі құнсыздандыру кезеңі ұзап кетсе, жасөспірімді ата-аналар назарында ұстауы керек болады.

9.3. Жасөспірімдер суицидтерінің алдын-алу және болдырмау шаралары.

Суицидологтар кеңінен тараған қоғамдық пікірлерге қарамастан, өзін-өзі өлтіру әрекетін көптеген жағдайларда алдын-ала сезуге және білуге және және болдырмауғы болатындығын айтады.

Оған дәлел ретінде, өзіне қол жұмсауға әрекет еткен жасөспірімдердің көбі басында оны айналасындағыларға айтқандығын мәлімдеген 70–80% өздерінің ойлары туралы айтқан, 10–15% кейінірек өздерін өлімге қиған.⁹³

Өзін-өзі өлтіруге әрекет – бұл жасөспірімнің өзіне назар аударумен, өзінің қайғысына ортақтасумен айналасындағылардың жанашырлығын күткен көмек туралы жан айқайы.

Бұл әрекеті міндетті түрде өлгісі келетіндігімен емес, осылайша, экспериментті түрде жанындағыларға өзіндегі жағдайды білдіру болып табылады.

Кейде, мұндай нақты қадам, өмірдегі қажетті өзгерістердің болатындығына ықпал етеді. Бірақ, көмек сұраудың көптеген мысалдары күтпелі нәтижелерді бермейді және өліммен аяқталады. Егер, жақындары бұл айқайды мерзімінде естісе және оған барлық байыптылықпен қараса, қандай-да бір шығатын жол іздеп табуға тырысады, бақытсыздықты болдырмауға жол салады.

Егер де, жасөспірім бірінші рет өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті іске аспаса, ол осы әрекетін өз дегеніне жеткенше қайталау береді деп саналады. Негізінде, жастар мұндай әрекетті бір-ақ рет жасап, өзін өлімге қияды. Олардың көбі, бірінші әрекеттен кейінгі 24 сағаттан 72 сағатқа дейінгі қысқа мерзім ішінде ғана өздеріне қауіпті болады. Егер, осы уақытта оның жоспарына біреу кіріссе, онда олар ешқашан бұл әрекетті қайталамайды. Екінші суицидалды әрекетті жасау мүмкін болатын жасөспірімдер біріншіден кейін 80-100 күн ішінде өзіне қауіпті болады. Неліктен? Себебі, бірінші әрекеттен кейін жасөспірімдер айналасындағылардың қолдауын сезіне бастайды. Достары, ата-аналары, мұғалімдері оған көбірек көңіл бөледі және оның бойында өзін жақсы көретін сезім пайда болады. Бірақ, бір үш айдан соң, өмірі бұрынғы қалпына қайта келеді, былайша айтқанда, әркім өз істерімен айналысып кете барады. Сонымен қатар, жасөспірімнің көңіл-күйі жақсы – осылайша, барлығы жамандық артта қалды деп ойлайды.

Бірақ, суицидалды әрекет жасаған жасөспірім қалыпты жағдайға баяу келеді. Оны суицидке итермелеген үрейлер мен қобалжулар толығымен кеткен жоқ, әлі білінеді. Сондықтан, осы кезең қауіпті болып саналады: барлық жасөспірімге қамқорлық танытушылар өз істерімен айналысып кетеді, ал жасөспірімнің бойында одан бәрі теріс қарағандай сезім туындайды және айналасындағылардың көңілін өзіне бұру үшін, оған тағы бір суицидалдық әрекет жасау туралы ой келеді.

Суицидалды мінез-құлықты «қалыпты емес» және «дені сау емес» деп санағандықтан, көптеген адамдар осы суицидті жасаушыларды қателесіп «басы істемейтіндер» қатарына жатқызады. Және психикалық аурулармен шатастырады.

Өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет жасағандардың өзіне ғана емес, басқаларға да қауіпті екендігі туралы көзқарас та бар. Бірақ, өзіне қол салуға әрекет ететін

⁹³ Д. Хелл. Депрессия ландшафты. – М.: Алетейа, 1999, 23 б.

жасөспірімдердің көбі психикалық ауру емес және олар тек ғана өздеріне ғана қауіпті екендігі клиникалық зерттеулермен дәлелденген. Олар, көбінесе, өте қатты эмоционалдық қақтығыс жағдайын да болады, кішкене ғана уақыт ағымында өлім туралы ойлауы содан болады. Тек қана, жастардың біразында ғана ми қызметінің химиялық және физикалық бұзылулары байқалады, сондықтан, олардың әрекеттері көп уақыт ағымында дұрыс еместігімен айрықшалаанады.⁹⁴

Суицидтердің алдын-алу және болдырмау бойынша педагогтар мен ата-аналардың алдындағы міндеттер қандай болмақ?

Жасөспірімдермен жұмыс істеуге бағытталған қызмет келесі бағыттардан тұруы қажет:

1. Суицидтік мінез-құлық бойынша тәуекел тобына кіретін жасөспірімдерді бөлу. Бұл міндетті орындау үшін мектеп оқушысының мүмкін болатын суицидалды мінез-құлқының әрекетке ұмтылысын анықтайтын белгілер тізбесін пайдалану керек. Сонымен қатар, қиын жағдайда жасөспірімдердің ерекшеліктері мен мінез-құлқын, олардың суицидалдық әрекетке бейімділігін анықтайтын әдістерді де пайдалану керек.

Психолог келесі тәуекел факторларына назар аудару керек:

- генетикалық бейімділігін, суицид жасаған туыстарының болуын;
- отбасыдағы жылы, сенімді қарым-қатынастың болмауы;
- ата-аналарын жоғалту, отбасының ыдырауы;
- ұрып-соғу немесе зорлық-зомбылық;
- өкпе, реніш, үрей сезімдері;
- мұғалімдермен, сыныптастармен қақтығысы;
- алкоголь мен есірткіні қолдану.

2. Түсіндіру жұмыстары. Жасөспірімдермен «суицидалды» тақырыптарға әңгімелесу қауіпті деген пікір бар, себебі олар осы қауіптілікті өздері сынап көргісі келеді деп түсіндіріледі. Бірақ, балалар суициді проблемасымен айналысатын психология мамандары жасөспірімдермен суицид туралы әңгімелескенде, ересектер оны суицидке мүлдем итермелемейтіндігін айтып, жоғарыда айтылған әңгімені жоққа шығарады. Керісінше, жасөспірімдер оларды көптен бері толқытып жүрген мәселе жөнінде ашық айтып, ой қозғай алады.

3. Жасөспірімдерді психологиялық жүктемеден арылту, психоэмоционалды қысымды түсіру, есеңгіреу белгілерін жою бойынша тренингтік жұмыстар.

Ата-аналармен жұмыс істеуге бағытталған қызмет келесі бағыттарды қарастыру керек.

1. Ақпараттық. Суицидалды мінез-құлық бойынша тәуекел тобы анықталғаннан кейін, осы топқа түскен балалардың ата-аналарына сыпайы түрде, олардың балалармен өзара әрекеттесуінің нұсқауын беру керек. Бұл

⁹⁴ К. Меннингер. Өзімен өзі соғысу / аудар.Ю. Бондарева. – М.: 2000, 480 б.

ақпарат жеке немесе сынып жиналысында берілу керек. Егер, нұсқаулар жеке берілсе, ата-аналардың дұрыс қабылдай алмауы ықтимал, сондықтан, сынып жиналысында барлығына ортақ проблемалар қозғалатын болғандықтан, ортақ ақпарат түрінде барлығына бірдей жеткізе білу қажет. Ата-аналармен сенімді түрде әңгіме жүргізу барысында талқылау қажет:

– ата-аналар баласының жеке психофизиологиялық және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін қаншалықты жақсы білетіндігі; оның мінез-құлқындағы өзгерістер ата-ананы сақтыққа шақыру керек;

– жасөспірімнің өзіне қиындық туған жағдайларында үйден кетуінің теріс әсер беретінгін, «Кет, қайта қайтып келме!» деген ұранмен білінетін жазалау шарасын қолданбау керек екендігін сезіне білетіндігі: бұл қорқынышты сөздер кейде соңғы ақыл болып, ата-ананың аузынан жиі естіледі;

– ата-аналар өз балаларына қаншалықты көңіл қояды, балаларының сөзбен айтқан өтініш-арыздарын (сенімсіздік, әлсіздік жайлы хабарламалар) қалжыңға немесе түкке тұрмасқа айналдырмай қарайтындығы, олардың жан қиналысының эмоционалдық белгілерін (жылау, ыңырсу, ұзақ кідірістер, әрең шығатын сөздер, нақты және елестей қауіптер мен қорқыныштары), мінез-құлқындағы себепсіз кенеттен өзгеру белгілерін (алкогольді пайдалану және т.б.) сезетіндіктері; дәл осы кезеңде балаға не қажет екенін түсіне біле ме;

– жасөспіріммен сенім арқылы сөйлесу үлгісін таба ала ма, балаға «сенімді адам» бола ала ма.

2. Оқыту-ағартушылық. Мектепішілік конференцияларда, ата-аналардың педагогикалық білім Университеті дәрістерінде ата-аналармен бірге жасөспірім жасының ерекшеліктері мен оның салдарлары; олармен сенімді және ашық қарым-қатынасты тағайындау маңызы; жасөспірім өмірінде пайда болатын негативті беталыстарды жеңе білу әдістері; баланың психологиялы-эмоционалдық көңіл-күйіне сезімтал болу сұрақтары бойынша талқылау. «Әкелер мен балалар» ұрпағын жақындастыру, ата-аналардың білім мен үйлесімді тұлға тәрбиелеу дағдыларын меңгеруі, позитивті ата-аналық ұстанымын дайындау.

3. Кеңес берушілік-тренингтік. Ата-аналарға тәрбие үрдісінде қиыншылық туғызатын мәселелер бойынша жеке кеңес берушілік көмек алу мүмкіндігін беру; отбасылық жүйені, ондағы тиімді қарым-қатынастарды дамыту, оптимизм мен жақсы көңіл ахуалын құру үшін тренингтер өткізу.

Суицидологтар балаға көмек беру қиындығын сезіне отыра педагогтар мен ата-аналар **«Енді ешқашан сүйікті адамыңызды көре алмай және оған жақындай алмайтын сезімнің алдында әлсіздік танытқанша, көмекке мұқтаж адамдарға көмек бергенде күшті болған жақсы»** екендігін түіснү керектігі жайлы айтады.⁹⁵

Алдын-алу шараларының ішінде келесілерді бөліп қарастыруға болады. Ата-аналар жасөспірімдерді неге үйрету керек:

⁹⁵ Э.Гроллман. Суицид: превенция, интервенция, поственция. Суицидология: өткені мен бүгінгісі: Философтар, социологтар, психотерапевтер еңбектеріндегі және көркем мәтіндегі суицидология проблемасы– М.: Ко-гито-Центр, 2001. 352 б.

– өзінің назарын жақсы нәрсеге ғана аудару; қоршаған ортаны кедергілер арқылы емес, мүмкіндіктер көзқарасы тарапынан көре білу;

– өзіңе дене шынықтырулық жаттығулар және үнемді тамақтану арқылы қамқорлық жасау;

– адамдармен де, құрбылармен де, ересектермен де ынтымақтастықта бола білу; түсінік пен әлеуметтік қолдауды ала білу; біреуден көмек сұрағанның еш айыбы жоқтығын есте сақтау;

– жасөспірімнің өзі қалайтын қызмет салаларында өз мүмкіншіліктерін жүзеге асыру: спортпен, бимен айналысу, саяхатқа шығу, сурет, фото, дизайн өнерімен айналысу; жасөспірімнің мүдделері мен қызығушылықтары көп болса, негативті факторлардың ықпалына тәуелділігі болмайды және ол проблемаларды шешуде қашу тактикасын таңдайды; әртүрлі курстар мен үйірмелерге қатысуы тынымын кеңейтумен қатар, оған көбірек достар мен қолдау табуына көмектеседі.

Суицидтердің алдын-алудың маңызды элементі ретінде жасөспірімдердің депрессияға ұшырауының алдын-алу болып табылады, мұнда, әрине, ата-аналардың рөлі мықты болуға тиіс. Жасөспірімнің көңілсіз күйі және депрессиялық жағдайды басқа белгілері білінген кезде оған осы жағдайдан шығуға бірден көмектесу қажет.

Біріншіден, баламен сөйлесу қажет, оның көңіл-күйі, өзін сезінуі, қобалжулары мен келешегі жайлы сұрақтар қою керек. Әңгімелер позитивті болу керек: баланы «үнемі наразылық түрін» және «жиіркеніштігін» бетіне басып кінәлау пайда әкелмейді. Ол өзі де осылай қапаланғысы келмейді ғой! Сондықтан, кінәлап, ашуланғандықтың орнына сезімдері мен эмоцияларын түсінетінізді көрсету керек, оның тұлғалық позитивті қырларын, проблеманы шеше білетін қабілеттері барлығын және мақсатқа жете білетіндігін басқа жетістікті балалармен, салыстырмай-ақ, атау керек.

Мұндай салыстырулар жағдайды одан әрі ушықтыруы және өзін бағалауды төмендетуі мүмкін. Оны ертеңгі жасөспірімнің позитивті бейнесіне бейімдей отырып, бүгінгі жасөспірім мен кешегі жасөспірімді ғана салыстыруға болады.

Екіншіден, жасөспірімнің күнделікті өміріне өзгерістер енгізу қажет; онымен жаңа бір істермен айналысу немесе оған басқа бір жұмыс тауып беру.

Мысалы, оны тренажерлық залға жазу. Баламен өте көп уақыт өткізу маңызды: жаяу жүріп қыдыру; демалыс күндері қызықты саяхатқа шығу, киноға, концертке, көрмеге бару; үй шаруасы бойынша міндеттерді орындаудың жаңа тәсілдерін ойлап шығару; үйдің ішін толығымен жинап шығу. Баланың келісімімен өзі бағып күткісі келетін үй жануарын алуға болады: итті, мысықты, тотықұсты немесе балықты. Үй жануарына деген қамқорлық оған жаңа эмоциялар береді, белсенділігін оятады.

Үшіншіден, жасөспірімнің күн тәртібін сақтауын бақылауға алу керек: ұйқысы қанғандығын, жақсы тамақтанғанын, таза ауада жеткілікті демалғанын, спортпен айналысқанын қадағалау керек. Жасөспірімнің денінің және тәнінің

саулығы мұқият назарда болу керек, себебі– психофизиологиялық жағдайға жатады.

Төртіншіден, өзінің жеке күштілігіне сүйенбей-ақ, ата-аналар көмек берудің басқа көздерін де алу керек: жасөспірімнің достарының, психологтың, психотерапевттің, дін адамдарының. Егер, жасөспірімді мамандарға (психологқа, дәрігерге) баруға көндіре алмаса, ата-аналар балаға көмектесу стратегиясын бірге жасау үшін оларға өздері бару керек. Пессимизмді, өзіне және өзгеге көзқарасының төмен болуын жеңуде «Жақсы жаңалықтар диетасы» әдістемесі әрекетті құрал болып табылады.

Тамақ диетасын сақтайтын адам тағамдардың бір түрлерін қабылдаудан бас тартса, сол сияқты «Жақсы жаңалықтар диетасын»⁹⁶ ұстаушылар жаман сөздерді пайдаланудан бас тартады, өзінің «Жолы болмайтындығына, сәтсіздігіне және де басқа өзін «марапаттаушы» теріс қылықтарды» басына үйіп-төгуді қояды. Отбасының әрбір мүшесі кешке отбасылық ас үстінде мақтанып айта алатын күн ағымында болған, үш ойын, эмоциясын, әрекетін есте сақтау міндетін алады, әрқайсысы жақындарымен осы бақылағандарын ортаға салып бөлісе алады. Бұл жақсы кезеңдерді қайта бастан кешіруге мүмкіндік береді және жақындардың бір-біріне жетістіктерін бағалауға, мақтау және мадақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша ол 1) өмірден өзінің ішкі көзқарасымен жағымды нәрселерді алуға үйренеді; оны өзінің көңіл қою сиқырымен істейді; 2) өзіне, жақын адамдарына және өмірінің жағдайларына өзі және өмір туралы көріністері мен түсініктерін жаман деңгейде білдіретін теріс жарлықтарды жапсыруын қояды.

Отбасының барлығының осы диетаны жүзеге асыруға кірісуі отбасының ішкі қарым-қатынасына дамудың жемісті векторын береді, бір-бірінде тек қана жақсы жағын көруге үйретеді.

Ата-аналарға да, педагогтарға да суицидке қарсы байланыс (әңгіме) бағдарламасымен танысқан пайдалы болады, оның мақсаты – өзін-өзі өлтірудің алдын-алу болып табылады. Көптеген жылдар бойы АҚШ-на өзекті мәселе – суицид проблемасын (АҚШ ұлттық статистикалық денсаулық сақтау орталығы 1992 жылы суицид құрбаны 5000 адам болғанын есептеген) зерттеген белгілі американдық психолог Эрл Гроллманмен дайындалған бағдарлама, біріншіден, өзінің тиімділігін дәлелдеп, тәжірибеде сыналған, екіншіден, бұл бағдарламаны мамандармен қатар, қауіпті қадамда және ордың шетінде тұрған адамдардың проблемаларына бей-жай қарамайтын қарапайым адамдардың пайдаланатындығымен қолайлы болып табылады. Бағдарлама суицидалды әрекетке бару себептері, суицидтің алдындағы мінез-құлық түрлері, суициденттердің мінездерінің сипаттамасы туралы бергендерді қазіргі кезге жинақтаған нәтижесі болып табылады.

⁹⁶ Н.А.Цветкова. Отбасылық тарихты қайта жөндеу - психокоррекциялық жұмыстағы тиімді құрал ретінде. «IDEAL-Тойч әдісі». М.: Москва психологиялық-әлеуметтік институтының баспасы. Воронеж: «МОДЭК» МЕҰ баспасы, 2010 – 232 б.

Көмектесу үшін не істеу қажет (педагогтар мен ата-аналарға жадынама):⁹⁷

1. Суицидті шешудің кілтін таңдаңыз. Суицидалдықтың превенция (алдын-алу шаралары) жақындарға қамқорлық таныту мен өміріне қатысу ғана емес, келе жатқан қауіптің белгілерін танып білуде болады. Оның принциптерін білу және ақпаратты меңгеруге ұмтылу біреудің өмірін құтқарып қалуы мүмкін. Олармен басқа адамдармен бөлісе отыра, көптеген суицидтерді болдырмау шаралары жүзеге аспағандығынан болатын қателіктер мен мифтерді жоққа шығара аласыз.

Мүмкін болатын қауіптердің себептерін іздестіріңіз: суицидалды қауіп-қатер, өзін-өзі өлтіру алдындағы әрекеттер, депрессиялар, адамның мінезі мен әрекетіндегі өзгерістер, және соңғы көңілін білдіруге дайындалуы.

Күшсіздік пен сенімсіздіктің белгілерін байқап отырыңыз, және адам жалғызбасты немесе рқшауланғандығын анықтаңыз. Осы сақтандыруларды сезінетін адамдар көп болса, өлімнің негізгі себептері тізбесінен өзін-өзі өлтіру мүмкіндіктері жоғалады.

2. Суицидентті тұлға ретінде (өзін-өзі өлтіруге әрекет жасағысы келген адамды) қабылдаңыз. Адам расында да суицидалды тұлға болады деп ойлаңыз. Ол өзін-өзі өлтіруге қабілетті емес немесе ол қолынан келмейді деп ойламаңыз. Кез-келген адам суицидтен адамды ұстап қалу мүмкіндігі бар адамның мүмкіндігін мойындамау еліктірерлік болады. Сондықтан, әр түрлі жастағы, нәсілдегі және әлеуметтік топтағы мыңдаған адамдар өзіне-өзі қол салады. Басқалардың нақты суицидалды жағдайдың маңыздылығын мойындамайтын пікірлерін сенбеңіз. Егер де сіз біреуге өзін-өзі өлтіру қауіпі туып тұр деп санасаңыз, өзіңіздің жеке сезімдеріңізбен әрекет етіңіз. Сіз потенциалды қорқынышты ұлғайта отырып, тым әрекетшіл болады деген қауіп – ешкім кірісіп, дер кезінде көмектесе алмағандықтан, өліп қалатын адамның қайғысымен салыстырғанда түк емес.

3. Қамқорлықты қарым-қатынас тағайындаңыз. Өзіне-өзі қол салу сияқты маңызды проблемаға барлығын қамтитын жауаптар болмайды. Бірақ сіз қиналып, қажыған адамның сенімді қабылдауы ұстанымына тұрсаңыз, алдыға үлкен қадам жасағандығыңыз болады. Әрі қарай көп нәрсе қарым-қатынас сапасына байланысты болады. Оларды сөзбен ғана емес, вербалды емес эмпатиямен білдіруге болады; бұл жағдайларда ақыл-кеңес беруден гөрі, жай ғана кеңес берген абзал болады. Өзін-өзі сынап-мінегеннен гөрі және басқа қобалжуларды басынан өткізгеннен гөрі, қауіпті тұлға өз сезімін сезінуге тырысу керек, қауіпті тұлға өзінің сезімдерін түсінуге тырысу керек. Өзін пайдасыз және ешкімге сүйкімі жоқ деп санайтын адам үшін мейірімді адамның қамқорлығы мен қатысуы күшті мақұлдаушы тәсіл болып табылады. Осылайша, торыққан адамның оқшауланға жанын барынша терең ене аласыз.

⁹⁷ Э.Гроллман. Суицид: превенция, интервенция, поственция. Суицидология: кешегісі мен бүгінгісі: философтар, әлеуметтік ұстаздар, психотерапевтер еңбектеріндегі және көркем мәтіндердегі суицид проблемалары. – М.: Ко-гито-Центр, 2001. 352 б.

4. Мұқият тыңдаушы болыңыз. Суицидентті адамдар әдетте қатты жатырқаулық сезімнен жапа шегеді. Олар, көбінесе, өздерінің жан ауруын талқалауға, «Менде өмір сүруге ешқандай жақсы себептер жоқ» деп айтылатын сөздерді фрустрациялауға мұқтаж болады. Егер, адам депрессиядан зардап шексе, онымен әңгімелескеннен гөрі, оның өзін көбірек сөйлету керек. Өзіңіз қамқорлық танытып жүрген адамның суицидалды бағыт алғанын түсіну әдетте көмекшінің бойында жек көрініш, әлсіздік пен қажетсіздік қорқынышын шақыруы мүмкін. Осыған қарамастан, суицидентке өзінің тығырыққа тірелгендігіне сүйенуден басқа еш нәрсеге сүйене алмайтынын естен шығармаңыз. Ол осы аурудан құтылғысы келеді, бірақ емдік жолын таба алмайды. Егер, кез-келген адам сізге өзіне қол салу туралы айтса, оны бұл пікірі үшін талқыға салмаңыз. Мүмкіндігінше, сабырлық танытып, түсінуге тырысыңыз. Сіз: «Мен сенің ашықтығыңды құптаймын, ал өзіңінің сезімді бөлісу үшін саған ерлік қажет қой» деп айтуыңызға болады.

Сіз бұл адамның қайғысы болсын, кінасы, қорқынышы немесе үрейінің сезімін білдіретін сөздерін тыңдап алып, қажетті көмек көрсете аласыз. Кейде, сіз оның жанында үндемей отыра тұрсаңыз да, бұл сіздің мүдделі және қамқорлықты көзқарасыңызды білдіреді.

Өз бойында «үшінші құлақпен» ести білуді дамыту керек. Бұл ауызша емес түрде болатын нәрселерге сіңу дегенді білдіреді: тәртіппен, тамақтанумен, көңілімен немесе ыммен, қозғалыстарымен, ұйқысының болмауымен, қатты күйзеліс жағдайларында жігерлілік әрекеттерге ұмтылуымен блінеді. Өзін-өзі өлтірудің алдыңғы белгілері бетперденің астында білінбей өтетіндіктен, олар тыңдай білуші адамға естіледі.

5. Дауласпаңыз. Суицидалды қауіппен кездескен соң, туыстары мен достары жиі: «Ойланшы, сенің жағдайың басқа адамдарға қарағанда жақсы емес пе? Сен тағдырыңа риза бол» деп жиі жауап береді. Бұл жауап бұдан былай талқылауға бірден тосқауыл қояды; мұндай ескертулер онсыз да бақытсыз адамның бойында жабырқаулығын тым күшейтеді. Осылайша, көмек көрсеткісі келген жақындар кері әрекетке ықпалын тигізеді.

Көбінесе, басқаша да ескертулерді кездестіруге болады: «Сен өз отбасыңа қандай бақытсыздық пен ұят әкелетініңді білесің бе?!» деген ескертулерді де жиі естуге болады, бірақ, мүмкін оның артында суициденттің жүзеге асырғысы келген ойы жатуы да ықтимал. Егер, өзін-өзі өлтіру туралы әңгімеге қатыссаңыз, ешқашан да басқыншылық танытпаңыз және естігеніңізден есеңгіреп қалғаныңызды білдірмеңіз. Қажыған адаммен пікірталастырада одан ұтылып қана қоймайсыз, оның өзін де жоғалтып аласыз.

6. Сұрақтар қойыңыз. Егер де сіз «Мен сен өзіңе-өзің қол жұмсау туралы ойлап жүрген жоқ шығарсың деп ойлаймын?» деген жанама сұрақтар қойсаңыз – онда, өзіңіз естігіңіз келген жауапты естисыз. Егер, жақын адамыңыз: «Жоқ» деп жауап берсе, онда, сізге суицидалды дағдарысты шешуге көмектесе алмайсыз дегенді білдіреді. Дағдарысқа араласудың ең жақсы тәсілі – қамқорлық танытып, «Сен өзіңді өлтіру туралы ойлайсың ба?» тура сұрақ қою. Егер, адам миында ондай ой болмаса, ол оны осыған жетелемейді;

керісінше, өзіне жаны ашитын, мәселелері толағныдратын жақынын табады. Онғың жағдайы жеңілдейді және оған өзінің сезімдерін түсінуге мүмкіндік туады.

Мазасын алып жүрген жағдай туралы ақырын және түсінікті қылып сұрау керек, мысалы, «Сен қашаннан бері өміріңді үмітсіз деп ойлайсың? Сенде неге ондай сезімдер пайда болды деп ойлайсың? Өзіңді қалай өлтіру туралы қандай ойларың бар? Егер бұрын өзін-өзі өлтіруге барсаң, сені не тоқтатқан еді?» деген сұрақтар қою керек. Суициденте өз ойларын қалпына келтіру үшін, кейде оның мағыналылық жауаптарын қайта өңдеуге, қайталауға болады: «Басқа сөзбен айтқанда, сен былай демексің ғой...». Сізбен өз ойын бөліскісі және талқылағысы келгенін білдіргенде, келісім беруіңіз, қажыған, үміті үзілейін деген қорқыныш сезімі болған адам үшін көп жеңілдік тигізеді.

7. Ақталмаған жұбатуларды ұсынбаңыз. Психологиялық қорғаныштың маңызды механизмі рационалдау болып саналады. Сіз біреуден суицидалды қауіп туралы естіген соң сізде «Жоқ, шынында да сен олай ойламайсың!» деп айтқыңыз келеді. Бұл тұжырымдамалар үшін сіздің жеке қауіпіңізден басқа ешқандай негіз болмайды.

Суициденттің өз ойын айту себебі, мүмкін, өзін толғандырып жүрген нәрсеге сіздің қатысуыңызды талап еткендігі болуы мүмкін. Егер, сіз қызығушылық танытпасаңыз, онда депрессиялы жасөспірім «Сен расында да олай ойламайсың» деген пікіріңізді шеттегендік пен сенбеушілік ретінде қабылдауы мүмкін. Егер, сіз онымен шын көңілмен және қамқорлықпен әңгімелессеңіз, онда бұл өзін-өзі өлтіру қаупін төмендетеді. Оның өзінің тағдырына шынайы, қамқорлықты және ашық қатысуына мұқтаж кезінде қарабайыр сөздермен жұбату – оны суицидке итермелеуі де ықтимал.

Суицидалды адамдар «Ештеңе етпейді, барлығында да сенікіндей проблема бар» немесе оның азаптарымен кереғар болатын осындай сөздерге жек көрінішпен қарайды. Бұл тұжырымдар олардың сезімдерін кішкене ғана азайтады, олардың сезімдерін таптайды және бұдан да қажетсіз, сенімсіз қылып өзін сезіндіреді.

8. Конструктивті тәсілдемені пайдаланыңыз. Суицидентке «Сенің өлімің жақындарыңа қандай жара әкелетінін ойлан!» деудің орнына, оның басына келмейтін басқа да альтернативті шешімдер туралы ойланып көруін ұсыныңыз.

Суицидтің алдын-алудың маңызды міндеттерінің бірі психикалық ыңғайсыздықтың негізін анықтауға көмектесу болып табылады. Суицидтің «Азықтандыратын ортасы» құпия болғандықтан, бұл қиын болуы мүмкін. Пікірталасты ынталандыру үшін қажетті сұрақтар: «Саған соңғы кездері не болды? Сен өзіңді қашаннан бері нашар сезіне бастадың? Сенің өзіміңде өзгерістер болғаннан бері өмірінде нелер өзгерді? Қасындағылардың қайсысына олардың қатысы болды?». Ықтимал өзін-өзі өлтірушіні, проблеманы теңдестіруге және оны не нәрсе өршітіп тұрғанын барынша анықтағандығына итермелген дұрыс.

Қажып, шаршаған жасөспірімді өз сезімдерін ұялмай, айтуына көндіру қажет, тіпті, тіпті жек көру, қайғыру немесе өшін алу сияқты теріс эмоцияларын да білдіруге. Егер, өзінің көңіліндегі сезімін көрсеткісі келмесе, оны жауапқа жеткізуге күшіңіз жетуі мүмкін: «Менің ойымша, сен қазір жылайтын сияқтысың». «Сен дегенмен қобалжулысың. Егер проблемаларыңмен бөліссең, мен сені түсінуге тырысамын» деп айту да маңызды болады.

Өзекті психиканы жарақаттау жағдайы ата-аналармен, мұғалімдермен, достармен қарым-қатынасының бұзылуынан болуы мүмкін. Адам шешуін таппаған қайғыдан немесе қандай-да бір соматикалық аурудан жапа шегуі мүмкін. Балаға позитивті мағыналы не болу мүмкін екенін қарастырыңыз. Ол нені бағалайды. Эмоционалдық жаңару себептерін белгілеңіз. Өмірдегі «ең жақсы» уақыт туралы айтқанда, оның көзіне ерекше назар аударыңыз. Оны әлі күнге дейін толқытып жүрген адамдар кімдер? Енді, өмірлік жағдай сарапталған соң, басқа альтернативалар пайда болған жоқ па? Үміттер пайда болды ма?

9. Үміттендіріңіз. Өзін-өзі жоқ қылуға бағытталған депрессиялы жасөспірімдермен жұмыс байсалды және жауапкершілікті болады. Психотерапевтер олар нені айтып, сезетіндігіне тоқталу құнды деген пікірін тұжырымдаған. Мазалайтын жасырын ойлар бетіне шыққанда, қайғылар тойтарылмас және шешілетіндей болып көрінеді. Қауіптен жапа шегіп жүрген адам «Мен бұл жағдайды қалай шешу керектігін білмеймін. Бірақ, енді менің қиындықтарым анық болғанда, мен қандай-да бір үміт бар екенін көріп тұрмын» деген ойға келуі мүмкін. Лайықты болашаққа деген сенімді жоғалту өзін-өзі өлтірушілердің қалдырып кеткен хаттарынан да көруге болады. Егер жасөспірімдер оптимизмнің соңғы үмітін жоғалтса, және жақындарының өзі үміттерінің ақталмайтынын қалай да дәлелдесе өзін-өзі бұзушылық басталады.

Егер, сіз адамның күштері мен мүмкіндіктерін нықтасаңыз, оның дағдарыстық проблемалары өтпелі, ал өзін-өзі өлтіру қайтарылмас құбылыс екендігіне иландырсаңыз маңызды іс атқарған боласыз.

10. Өзін-өзі өлтіру тәуекелінің дәрежесін бағалаңыз. Мүмкін болатын өзіне қол салудың маңыздылығын анықтауға тырысыңыз. Өйткені, мұндай «мүмкіндіктер» туралы өтпелі, көмескі ойлардан бастап, ниеттері және улану, терезеден секіру, қару-жарақты пайдалану немесе асылу жоспарымен аяқтап, айырмашылықта болуы мүмкін. Маскүнемдік, есірткіні пайдалану, эмоционалдық бұзушылықтардың дәрежесі және көмексіздік, әлсіздік сезімі сияқты басқа факторларды да анықтау маңызды. өзін-өзі өлтіру әдісі көбірек дайындалса, соншалықты оның әлеуметті тәуекелі жоғары болады. Егер, депрессиялы жасөспірім, жасырмай, өзінің сүйікті таспасын біреуге сыйласа, жағдайдағы маңыздылыққа аз күмәндану қалады. Бұл жағдайда дәрілерді, қаруды және пышақтарды тығып тастау керек.

11. Жоғары суицидалды тәуекел кезінде балаларды жалғыз тастамаңыз. Онымен көбірек қалуға тырысыңыз немесе дағдарысы шешілгенше, немесе көмек келгенше оның жанында отыра тұруға біреуге

өтініш жасаңыз. Мүмкін, жедел жәрдем бекетіне немесе поликлиникаға хабарлау керек шығар. Қолдау көрсету сізге белгілі жауапкершілікті артатынын есте ұстаңыз.

Адамға айналасындағылардың қамқорлығын көрсету үшін және өмірлік перспектива сезімін болдыру үшін онымен суицидалды мүмкін болатын альтернативалық мінез-құлықты талқылау үшін әрекет істер алдында, сізбен бірге байланысатын уәдесін беруді өтінетін - суицидалды байланыс орнатуыңызға болады. Мұндай келісім тиімдірек болып шығады.

12. Мамандарға көмек сұрап барыңыз. Суициденттерде тарылтылған көзқарас, саналары өздеріне тән «туннельді», «қараңғыланған» сияқты болады. Олардың миы, осы қиын проблемаларды қалай шешуге болатындықтың, толық бейнесін көз алдына елестете алмайды. Бірінші өтініш, көбінесе, өзіне көмек берілу қажеттілігіне байланысты болады. Достары, әрине, жақсы ниетте болуы мүмкін, бірақ оларға біліктілік пен дағдысы жетіспеуі мүмкін, олар шетен тыс эмоционалдыққа жатын келеді.

Суицидалдық тенденцияларды бастарынан кешіретіндерге, мүмкін болатын көмекшілер ретінде, дін адамдарын қарастыруға болады. Дінге қызмет етушілердің көбі түсінетін кеңес берушілер, сенімді және сезімтал адамдар болып келеді.

Бірақ, солардың арасында дағдарысқа араласуға дайын еместері де баршылық. Ақыл айтып және қарапайым сөздермен кеңес берумен олар келушіні оқшаулануға және өзін кінәлауға итеруі мүмкін. Жасөспірімге діни адамдарға көмек сұрап баруына ақыл беру керек, бірақ ол бас тартса, оны көндіруге тырыспау қажет.

Суицидалдық қауіп кезінде психиатрлар мен клиникалық психологтардың көмегін бағаламаудан аулақ болыңыз. Қазіргі кезде көмектің түр-түрін көрсететін мемлекеттік және жеке мекемелер бар. Жалпыға бірдей пікірге қарсы, психологиялық көмек бай адамдардың астамдығын білдірмейді. Өзінің білімдері, дағдылары мен психотерапевтік ықпал арқасында бұл мамандар жан сезімін, талаптарын және күтулерін түсіне білудің бірегей талабына ие болады. Психотерапевтік кеңестер кезінде жанынан безген адамдар өзінің қайғыларын мен қауіпін тереңірек ашуға тырысады. Егер, депрессивті жасөспірім ынтымақтастыққа келмесе және мамандардан көмек сұрамаса, емдеудің тағы бір әдісі болып отбасылық терапия саналады.

Бұл жағдайда, жанынан безген адамды «пациент» деп атамау керек. Отбасының барлық мүшелері қолдау табады, бірлескен өмірдің мейлінше жайлы стилін дайындау арқылы өздерінің ниеттері мен наразылықтарын білдіреді. Отбасылық терапия кезінде эмоционалдық ыңғайсыздықты түсіруде айналада дербес өзгертулер болуы мүмкін. Егер, жағдай сенімсіз болатын болса, суицидентке көмек көрсетудің жалғыз альтернативасы болып психиатрлық ауруханаға жатқызу саналады. Баяулату қауіпті болуы мүмкін; ауруханаға жатқызу ауруға да, отбасысына да жеңілдік әкеледі. Бірақ, оған қарамастан, ауруханалар панацея бола алмайды. Егер, ауруға ауруханадан шыққан соң немесе ем кезінде үйіне баруға рұқсат берсе, өзін-өзі өлтіруге

баруы мүмкін. Зерттеулер суициденттердің оларды ауруханаға жатқызуды қалай қабылдайтындығы маңызды болатынын дәлелдеген. Олар аурухананы «абакты» ретінде қарастырмай ма екен? Психиатриялық стационардағы ем алуға негативті көзқарасы барлар ауруханаға түсерде және шығарда жоғары суициалды тәуекелде болатыны анық. Өзін-өзі күйзелтуге ең жақын адамдардың өз дағдарысына өте жақын қарайтындығы белгілі. Олар мағыналы адамдарға бағытталған көкейкесті проблемаларға өте ашулы, қаһарлы түрде әсер етеді, содан кейін өшін алудың барлық ызасын өзіне аударады.

Қарым-қатынастарды реттеудегі көптеген сәтсіздіктер арқасында олар отбасыға бір негативті «басқалар» ретінде қарайды. Ауруханадан шыққан соң суицидалды тәуекелі жоғары адамдар өмірге және айналасына өте нашар бейімделеді. Кейбіреулері өзіне қол салады, кейбіреулері суицидалды әрекет жасап, ауруханаға қайта түседі.

13. Қамқорлық пен қолдауды сақтаудың маңыздылығы. Егер, күйзеліс жағдайы өтіп кетсе де, педагогтар мен отбасылар жайбарақаттанбау керек. Ең жаманы мүмкін алда күтуі ықтимал. Өзіне-өзі қол салудың алдында депрессиялы адамдар қызметтің науқанына кірісіп кетуі мүмкін. Олар ренжіткен адамдарынан кешірім сұрайды, осыны көре тұра, сіз қырағылығыңызды әлсіретесіз. Бірақ бұл әрекеттер артынан өзін-өзі өлімге қиюға болатындай етіп, барлық қарыздарын тарату шешімі туралы айтуы мүмкін. Және де, суициденттердің жартысы психикалық дағдарыстың басталғанына кейінгі үш айда өзін-өзі өлтіруге барады. Кейде өмір қарбаласында, айналадағылар суицидалды әрекет жасаған жасөспірімдер туралы ұмытып кетеді. Көбінесе, оларға қолдарынан ештеңе келмейтіндер ретінде қарайды. Көбінесе, олар екі жақсы жек көрініштікке жолығады: бір жағынан, олар өлгісі келетіндіктен, «бірқалыпты адамдар емес», екінші жағынан, - тіпті осының өзін сапалы түрде дұрыс істей алмайтын біліксіздер деп танылады.

Олар отбасы мен қоғамның қабылдауын және жаны ашуын іздеуде қиыншылықтарға кездеседі. Суицидке әкелетін эмоционалды проблемалардың толық шешіле қоятындығы сирек кездеседі, тіпті барлық жамандықтың артты қалғанының өзінде. Сондықтан, толық құпиялылық болады деп ешқашан уәде бермеу керек. Көмек көрсету толығымен үндемеу керек дегенді білдірмейді. Әдетте болатын өзін-өзі өлтіру жайлы белгілер бере отырып, қапаланған адам көмек сұрайды. Және суицидалды адам өмірге бейімделмегенше, жағдай шешімін таппайды. Қорыта келе, ата-аналарға тағы бір жадынама ұсынамыз, онда барынша, қысқа үлгіде баланың суицидалдық ниетте болуын білдіретін белгілері туралы қысқаша берілген.

Жадынама күнделікті қарбалас тіршілікте көз алдында болып жатқан маңызды нәрселерді жіберіп алмауды есіне салып отыруға қызмет етеді.

Баланың суицидалды ниетінің белгілері.

- Әдеттегі мінез-құлқындағы байқалмалы өзгерістер.
- Ұйқысыздығы, ұйқысының қанбауы.
- Тәбетінің жақсаруы, төмендеуі.
- Мазасыздық белгілері.
- Үнемі шаршау белгілері.
- Ұқыпсыз сыртқы келбеті немесе сыртқы келбетіне педанттық көзқарасы.
- Шаршағандығына наразылығын білдіру.
- Көңіл-күйінің тез ауысуы.
- Отбасысы мен достарынан алшақтау.
- Күш-қуатының төмендеуі.
- Клубтар мен үйірмелерден бас тартуы.
- Әрекеттеріндегі артық тәуекел.
- Өлім және о дүние туралы ойларының болуы.
- Ашуланшақтық немесе жақсы көрушіліктің аяқ асты көрінулері.
- Қауіптіліктің өршіген сезімі.
- Көзге көрінетін үмітсіздік.
- Алкогольге, есірткіге жақындауы, оларды жиі пайдалануы.
- Сыйлыққа бағалы дүниелерін таратуы.
- Барлық істерін тәртіпке келтіруі.
- Өзінің өлуі туралы әңгімелер.
- Өмірден кетуге хат құрастыруы.
- «Өмірді жек көрем», «Олар маған істегендеріне өкінеді», «Бұған енді шыдай алар емеспін», «Мен өзіме қол салам», «Мен ешкімге керек емеспін», «Бұған шамам келмейді» деген сөздерінің болуы.

10 ТАРАУ. ОТБАСЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ – РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУДЫҢ ЖӘНЕ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

*Мен өмірге келгенім бекер емес,
Өзенменен бастауым тепе-теңдес.
Басталамын алыстағы қашықта...
Бірақ, қанды тамырларым жалғасуда.
Оның алды – бұлақтарым,
Қайдасыңдар?
Қане, жауап беріңдер,
Шежірелерім!*

Вадим Шефнер

Қоғам, рухани бағдарларының құндылығы бар кезінде ғана, қомақты ұлттық міндеттерді қойып, шеше алады. Бұл бағдарлар өзіндік мәдени құндылықтарға, ата-бабаларының естеліктеріне, ел тарихының әрбір бетіне сыйластық сақталған жерлерде көрінеді.

Өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі болмаса, эконмикада да, мәдениет те де, білім беру ісінде де алдыға қадам басу мүмкін емес екені бүгінгі күні анық болып отыр.

Заманауи ұлттық тәрбиелік үлгі, идеал – бұл отанының тағдырын өзінікіндей қабылдайтын, өз елінің бүгінгі мен ертеңіне жауапкершілігін сезінетін, көпұлтты Қазақстанның рухани және мәдени дәстүрлерінде тамырланған, жоғары адамгершілікті, шығармашыл, білікті Қазақстанның азаматы.

Рухани-адамгершілік дамудың, тәрбиенің және әлеуметтенудің негізгі өзегі базалық ұлттық құндылықтар саналады. Бұл құндылықтарды сақтаушы ретінде мәдени және отбасылық дәстүрлері қарастырылады, ол дәстүрлерді отбасы ұрпақтан ұрпаққа әкеле жатыр. Ұлттық дәстүрлер, ұлттық діл жеке тәжірибеде ғана емес, ата-бабаның көрнекті тәжірибесіне негізделген отбасыдағы тұлға аралық қарым-қатынастарда, ата-аналарының мінез-құлқы стереотиптерінде бекітілген. Сондықтан, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде өз отбасысының өткен тарихын білудің өзі маңызды болып табылады.

Кішкентай кезінен бастап-ақ, адам өзін отбасысының, ұлтының, өз Отанының бір бөлшегі екенін сезіне бастайды. Бәрінен бұрын, осы отбасыда тұлғаның құндылықтары қалыптасады және оның адамгершілік негізі қаланады - болашақ азамат болатын бала адамдардың бір-біріне және қоғамға қарым-қатынасы ережелерінің жиынтығын игереді: мейірімділік, әділеттілік, жауапкершілік принциптері. Отбасы тұлғаны дамытудың, оның таңдаған мақсаттарына жетудің, өзін-өзі тәрбиелеудің, өзін-өзі дамытудың бағытын береді, демек, тұлғаның рухани құндылығын анықтайды. Отбасыдағы игерілген

құндылықтар адамға есейген шағында қиратушы әсерлерге қарсы тұруына мүмкіндік береді.

Рухани-адамгершілік тәрбие рухани өмірдің орталығы ретіндегі баланың «жүрегін кеңейтуге» бағытталған. Мектеп пен ата-ананың міндеті – уақыт пен ұрпақтар тәжірибесі қолында компас болып, өзінің өмірлік тәжірибесіне жол ашып, оны өзінің уақыты мен өмірінің ізін қалдырып кеткендер ізімен жүргізетіндей мектеп оқушысының жанына жұмыс беру болып табылады.

Адам-шексіз уақыт кеңістігіндегі құм қиыршығы емес. Ол, өзіне тамырларының күшін сіңірген өскін тәріздес. «Өз тамырынан кеткен адам, ешкімнің түбіріне жақындамайды» деп халық даналылығы жай айтылмаған.

«Отбасы мен ұрпақтың, өз ата-аналары мен бабаларын рухани-саналы қабылдауы – адам бойында туады және бекітіледі. Ішкі еркіндіктің бірінші негізі – өзіндік рухани абыройын сезіну, рухани мінез-құлық пен салауатты азаматтылықты сезіну. Керісінше, өзінің өткеніне, бабалар мұрасына жек көріністілік таныту адам бойында өзінің ел тарихына деген тексіз, елсіз, құлдың психологиясын қалыптастырады. Бұл отбасы – Отанның бірінші негізі дегенді білдіреді» – деп ғұлама философ Иван Ильин (1883-1954 ж.ж.) жазған еді.

Осылайша, өзінің отбасысының, тегінің өткенін білу өскелең ұрпақты азаматтық және елжандылыққа тәрбиелеуде ерекше маңызға ие болады.

Ол, елдің қоғамдық-саяси дамуының ерекшеліктерімен тіпті де көкейкесті болады. Қазір әрбір отбасыда дерлік тарихи-әлеуметтік жарлықтармен бұрмаланбаған өткен ұрпақ туралы білімнің жетіспеушілігі байқалады.

Көптеген отбасыларда ұзақ уақыт бойы әлеуметке ата-бабасы туралы шынайы ақпаратты беру қауіпті болған. Нәтижесінде, өз ұрпағының тарихынан мүлдем алыс болған, немесе еріксіз өз тегін білмейтін болып шығып, осы ақпаратты мүлдем қысқартылған түрінде алып отырды.

Ал қазіргі уақытта өткенмен қауіпті алшақтық бірнеше күш жинап келе жатқан беталыстар негізінде ұлғайып кетуі мүмкін. Біріншіден, нуклеаризация жағына қарай отбасының дамуы (отбасының кеңістігінің ересектердің бір ұрпағына дейін кемуі) отбасылық ынтымақтың, эмоционалдық толыққандылық пен ұрпақ аралық өзара байланыс бірлігінің азаюына, үлкен ұрпаққа деген ықылас пен қызығушылықтың жойылуына әкеліп соғады. Екіншіден, айырылысудың саны көбеюі (кетіп қалған жұбайы қалып қалған отбасысы мен баласымен үйлесімді өзара әрекеттен мүлдем байланысын үзеді). Үшіншіден, күнен-күнге кеңінен таралып бара жатқан тәуелсіздік пен өзін жүзеге асыруға табынушылық, қайсыбір дәнекерліктен босауы жас адам өткенін ұмытып, өмірін жана тараудан бастайды, әлеуметтік баспалдақ бойынша секіру адамды оны отбасысының ықпалынан босатады деген жалған сезімдерді тудырады.

Шежірені құрастыру міндеті – бұл отбасының ортақ міндеті.

Отбасы тарихын зерттеу рухани-адамгершілік, елжандылық және азаматтық тәрбиенің жаңа үлгісі болуы керек. Шежірені құрастыру отбасыны біріктіреді, оның тұрақтылық және экономикалық және әлеуметтік катаклизмалар жағдайында оның отырықшылық дәрежесін көтереді, адам

абыройы үшін күресте қосымша ресурстарды береді, ал былайша айтқанда – бүкіл қоғамның мәдени деңгейін көтеруге әсерін тигізеді.

Әрбір жеке отбасыдағы отбасылық ынтымақтастықтың бекуі, «әкелер мен балалар» ұрпақтарының жақындасуы; өткен ұрпақтың тәжірибесінің беделін арттыру, оқушының рухани құндылықтары мен мәдени деңгейін жоғарылату – отбасы тарихын зерттеу үрдісіндегі қол жеткізетін мақсаттар. Мектеп психологтары мен педагогтарының міндеті – ата-аналар мен балалардың күшетрін біріктіру, осы үрдісті пайдалы және қызықты қылу.

10.1. Генограмма тектің тарихын зерттеудегі негізгі технологиялық тәсіл.

Өзінің отбасысының тарихын зерттеуге кіріскен оқушы бәрінен бұрын, ақпараттың үлкен көлемін жинақтап алуы қажет. Ол зерттеу жұмысының алуан түрін оқып-үйренуге мүмкіндік алады: сауалнама, интервью алу, отбасы мүшелері мен туыстарынан сауалнамалар алу; қызықтырушы проблематика бойынша әдебиетпен танысу; үй мұрағатындағы тектің тарихы бойынша құжаттарды зерделеу; алынған ақпаратты сараптау және жинақталған материалды қорытындылау; кестелерді, сызбаларды құру, көрнекілік материалдар таңдау.

Ол өзінің туыстарымен жай ғана әңгімелеспейді, ел мен аймақтың тарихына кіретін ата тектің үш-төрт ұрпағының өміріндегі отбасылық траекторияның толыққанды бейнесін құрастыру үшін сұрақтарын нақты сызба бойынша қояды. Алынған мәліметтерін сипаттау генограмманы сызумен жалғасады.

Генограмма – шежіре ағашы іспеттес, бірақ жазбаларының басқаша жүйесі және басқа мақсаттары болады. Оны технологиялық тәсіл ретінде құрастыру отбасылық терпаия шеңберінде пайда болған. М. Боуэнның идеясы бойынша, адам генограмманың көмегімен қандай адамдар отбасының өткені мен қазіргі тарихын құрайтындығы туралы білімін жүйеге келтіре алады.⁹⁸

Барынша толықтырылған генограмманы құрастыру маңызды міндет болып табылады, себебі, отбасының тарихын құруға ғана емес, отбасы мүшелерінің өзіндік ұқсастыруларына, эмоционалдық алшақтықты игеруге, дисфункционалды үшбұрыштар мен одақтардан құтылуға, отбасы мүшелерінің кейбіреуінің үрейлігін азайтуға жақсы әсерін тигізеді.

Және, әрине, өткен ұрпақтың өмірінің белестерінен отбасыда қазіргі қалыптасқан стереотиптерді анықтауына, «Жақсы деген немене, жаман деген

⁹⁸ Ф.Каслоу «Генограмма психотерапиядағы және диагностикалаудағы проектті техника ретінде» кіт.цит.: оқу құралы/Ф.Каслоу; ағылш.тіл.ауд. және ред. Н.А.Цветкова – М., 1996, – 160 б.

немене» тұжырымдамасына отбасылық тұрақты көзқарасты тағайындауға, отбасылық салт-дәстүрлерді оқып-үйренуге ықпалын тигізері сөзсіз.⁹⁹

Мәліметтерді жинақтау бойынша, әдістермен салыстырғанда, генограмманың ерекшелігі – құрылымдылығы мен көрнекілікті болуында. Отбасылық қауымның мүшелері – еркектер генограммада үшбұрыш немесе шаршымен белгіленеді, әйелдер – шеңбермен белгіленеді (әр ұрпақтағы отбасы мүшелерін сызу белгілері жоғарыда аталғандай жалпыға бірдей болуы керек, немесе терапевттің және оның клиентінің ойлап шығарғанындай болуы керек). Геометриялық фигуралар жанында оларды аты-жөндері мен өмір сүру кезеңдері белгіленеді. Туыстық дәрежесі шаршылар мен шеңберлерді қосатын сызықтар сипатымен анықталады (ресми неке – тұтас горизонтальды сызық, азаматтық неке – үзбелі сызық, балалар мен ата-аналар тұтас вертикалды сызықтармен белгіленеді). Сонымен қатар, некенің ұзақтығы, бірлесіп өмір сүрген кезеңдері, айырылысудың болғандығы белгіленеді. Тектің кез-келген мүшелері арасындағы қарым-қатынас сипаты – жақын, келіспеушілік, қарама-қайшылық – әртүрлі сызықтармен сызылады (екі сызық, сынған сызықтар және т.б.). генограмманы құрастырудағы шартты белгілер Қосымшада көрсетілген.

Генограмманы құрастыруды отбасы мүшелерінің есінде қалған және білетін бұрынғы өткен уақыттан бастау керек. Әдетте, бұл ата-бабасы туралы ақпарат болады. Отбасылық ағаш ата-бабасынан кішкентай балаға дейін, қағаздың үстіңгі жағынан төменге қарай түседі. Отбасылық хрониканың әрбір кейіпкері зерттеледі, туыстық байланыстары анықталады, тарихи контекспен өткен оқиғалардың мерзімдері мен орны сәйкестендіріледі. Жиналатын және тіркелетін ақпаратты әрқайсысы өздігінше пайдалы болатын жеті қабатқа бөлуге болады.¹⁰⁰

Бірінші қабаты: генеалогиялық (генеалогия) – қазіргі өмір сүріп жатқан адамдардың тегі туралы ғылым) ақпараттың үш түрін көрсетеді:

а) қандас туыстықпен және некелік-отбасылық байланыспен жақын болатындардың шеңберіне кіретін адамдар (олардың аттары);

б) берілген отбасының өкілдері қандай туыстық байланыста тұратындығы;

в) қандай тарихи кезеңде өмір сүргендігі (қашан туғаны, өмір сүргені және қайтыс болғаны).

Осымен, генеалогиялық ағаштың құрылуы көбі, жиі, аяқталды деп есептейді. Бірақ, генограмманы құру жұмысы енді ғана басталады. Себебі, генограмманы құруда бізді туыстық қатынастар ғана емес, кең көлемді ақпарат қызықтырады.

⁹⁹ Н.А.Цветкова. Отбасылық тарихты қайта құру психокоррекция жұмысындағы тиімді құрал IDEAL-Тойч әдісі». М.: Москва психологиялық-әлеуметтік институтының баспасы. Воронеж: «МОДЭК» МЕУ баспасы; Воронеж: нПо «МоДЭК» баспасы, 2010. – 232 б.

¹⁰⁰ Н.А. Цветкова. Шексіз мүмкіншіліктерді ашу немесе арғы аталардан сюрприз. М.: Центрполиграф, 2009. – 219 б.

Екінші қабаты: Қарым-қатынас динамикасы отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай қарайтындығын келесі параметрлер бойынша айқындайды:

а) бүкіл отбасының тіршілік әрекеті басшылығының мінездемесі, келесі типтердей болуы мүмкін:

- отбасыдағы барлық шешімдерді қабылдайтын және осы шешімдердің орындалуын қадағалайтын; мадақтау мен жазалау өлшемін тағайындайтын; барлық отбасының және жеке мүшелерінің алдында стратегиялық мақсаттарды қойатын; отбасының қалған мүшелерінің барлығы осы мүшеге қатаң түрде бағынатын;

- даналық – отбасының қалған мүшелерінің ерекшеліктерін есепке ала отырып, өмірі мен қызметіне икемді басшылық жүргізу – отбасының бір мүшесінің басым болуы ;

- серіктестік қарым-қатынастар;

- отбасы өмірін бейберекет басқару – отбасыда нақты көшбасшысы болмайды, отбасының ересек мүшелерінде шешімдерді қабылдауды өз мойнына алудың қорқынышы болады; шешімдер аяқ астынан, алдын-ала қарастырылмай қабылданады;

- отбасыдағы баланың мәртебесі екі ата-ананың бірінікінен жоғары болғандағы аударылған иерархия.

б) қарым-қатынастар ашықтығының дәрежесі: отбасыда ашықтық пен шынайылық болғанды қалау немесе отбасының әр мүшесі өз эмоцияларын өздері басқару керектігі;

в) отбасы мүшелерінің бір-біріне сыншылдықпен қарау дәрежесі;

г) қарым-қатынастағы дағдарысты шешу тәсілдері: дағдарыс жағдайларында кімнің қолында артықшылық болды, манипуляциялық шаралар қолданылды ма, табылған келісімді шешімдерге не нәрсе негіз болды;

д) отбасы мүшелерінің бір-біріне эмоционалдық жақындығының дәрежесі: отбасы мүшелерінің арасындағы немесе отбасылық топтар арасындағы қарым-қатынас «Алыстаған, жауапгершілікті немесе жақын, қолдаушы» шкаласы бойынша бағаланады;

е) ерекше қарым-қатынастар: егер отбасы мүшелерінің арасында қандайда бір ерекше қарым-қатынастар болса, оларды бөлек сипаттау орынды болады;

ж) қарым-қатынастардың бұзылуы: айырылысулар, жұбайлардың бөлек тұруы, отбасылық «ұсқынсыз үйрек»а немесе проблемалы болып саналатын отбасы мүшесі;

з) отбасының әртүрлі ұрпағындағы жұбайлардың бір-біріне қанағаттануы дәрежесі.

Үшінші қабат: отбасы жүйесі отбасы жүйелерінің бөліктерінің бірлесіп жұмыс істейтінін немесе бұл неге қолдан келмейтіндігін көрсетеді. Бұл қабаты отбасының белгілі мүшелері немесе бөліктеріне берілген рөлдерді сипаттауды көздейді, сонымен қатар, отбасыда бірге болатын және басқа отбасы мүшелерін енгізбейтін коалицияларды сипаттайды. Мысалы,

а) ұрпақтар арқылы коалиция:

- ата-ананың біреуі баласымен бірге екіншісіне – қашықталған ата - анасына қарсы коалиция құрады; бала осылайша, осы қашықталған ата-ананың талаптарын орындамау мүмкіндігіне ие болады, себебі оны екінші ата-ана қолдайтынына кәміл сенеді (кең тараған мысал: анасы мен қызының үнемі қолы босамайтын, сондықтан үйде болмайтын әкесіне қарсы коалиция);

- әжесі (немесе атасы) баламен бірігіп оның ата-анасына қарсы коалиция құрады (айырылысқан қызы өз ата-анасының үйінде баласымен тұрып жатқан отбасыларда жиі кездеседі және олар балаға осылайша жақын, мағыналы адамдар болу шешімі ретінде шешесінің тәрбиелік шараларына қарсы коалиция құрады);

- жұбайлардың бірі екінші жұбайға өз ата-анасымен бірігіп қарсы болады.

б) жасырын коалиция: ортақ құпия негізінде отбасы мүшелерінің арасында пайда болады (мысалы, шешесі әкесінен баласының сабаққа бармағанындығын жасырып, сол баланың сыбайласы болып шыға келеді).

Коалициялар отбасы мүшелерінің әлсіздеріне өзінен күштілерін жеңе білу үшін көмектеседі. Олар коалиция мүшелеріне өзін құрметтеудің төменгі дәрежесін жоғарылатуға, үрейін азайтуға және үшінші жақты бақылауға мүмкіндік туғызады.

Төртінші қабаты: отбасы мүшелеріне қатысты эмоционалдық стереотиптер отбасы мүшелерінің өздеріне, басқа адамдарға, тіпті өмірге деген сезімдерін көрсетеді:

Отбасының бір мүшелері ашық тез қабылдағыш, көңілді және оптимист болады, кейбіреулері депрессиядан, әртүрлі қорқақтықтан, қатал пейілден, жек көрініштіктен, қызғаныштан немесе негативизмнен жапа шегеді. Бұл стереотиптерді «Қалай ойлайсыз, қандай бес сөзбен әжеңізді жақсы сипаттауға болады?» деген сұрақтар арқылы анықтау мүмкін болады.

Содан кейін генограмманы құрушы адам мен отбасы мүшелерінің әжесін қалай қабылдайтынын салыстыру керек. Кейбіреуі «90% уақытта ол ашулы болып жүреді» десе, екіншісі «Иә! Қалған 10 %- айналадағыларға қалай бақытсыз екенін көрсетіп отырады!» деп кірісуі мүмкін. Мұрагерлердің барлығы дерлік әжесінің үнемі ашулы болатындығын біле отыра, қалайша өзінің эмоционалдық негативті әдеттерін дамытықандығын түсіне алмағандығын көрсетеді.

Бұл келесі ұрпаққа тұқымнан берілген өмірмен теріс эмоционалдық стереотиптерін игеруге көмектеседі.

Отбасының әрбір мүшесі өзін қалай көретіндігін және өмірді қандай критерийлер бойынша бағалайтындығын бақылау маңызды болады.

Бесінші қабат: отбасылық аурулар мен денсаулығының нашарлығын көрсететін медициналық мәліметтер маңызды болуы мүмкін, себебі көптеген соматикалық проблемалар тұқымқуалаушылықтан болады.

Алтыншы қабат: Отбасылық діншілдіктер (ойдың серіктестері отбасының әр түрлі ұрпақтарында өмірдің әр саласына қатысты жағдайларын қарастырады: кімге және қашан үйлену керек, қанша бала болу керек, оларды

қалай тәрбиелеу қажет, өмірге қалай қаражат жинақтау керек, қандай жұмыс таңдай керек, жеңісті қалай бағалау керек, дағдарысты, жоғалтуды, жарақатты, трагедияны қалай игеру керек, қалай қартайып, өлімді қарсы алу керектігін көрсетеді. Бұл сенімдер көбінесе, отбасылық қысқа әңгімелерде, қанатты сөздерде, сүйікті оқиғаларда көрінеді.

Жетінші қабат: отбасы мен қоғам жалпы отбасы мен қоғамның қарым-қатынасын көрсетеді: отбасы өзін қоғамның қандай бөлігі ретінде қарастырады, өзін қоғамға қалай көрсетеді, қандай басқа жүйелермен өзін ұқсатады, қоғам отбасыға қалай жауап береді.

Біз генограмманың барлық қабаттарының сипаттамасын беріп отырмыз. Бірақ, ата-аналар мен балалардың барлық қабаттарды бірдей көрсететін отбасылық ағашты құра алмайтыны түсінікті. Шежірені зерттеуде ата-аналардың бабаларының бейнелерін анық және жан-жақты көре білуі, олардың жеке басының мықты қасиеттерін сезінуі, жетістіктерінен хабардар болуы өте маңызды.

Адам өмірі, бір мезеттей, сәт қана.
Шексіз дүние мерзімінде сақтала.
Тірілердің естерінде...
Өшпес болып қала берер, мақтана.

Бір тағдырмен шиеленісе,
Тамшы қанмен, бір ұямен,
Байланыстық мәңгілікте,
Жалғастыра қиялдарды.

Үміт, Сенім, Махаббат боп,
Ұрпағымыз өмірлердің жалғасы,
Ешқашан да үзілмейтін,
Ғасырлардың байланыстық желісі.

Геннадий Кабаев


Шежірені зерттеудің нәтижелері ата-аналар және балалармен әртүрлі мектепішілік іс-шараларда көрсетілуі мүмкін болады: арнайы ұйымдастырылған Отбасы күнінде, сынып сағаттарын өткізуде, ата-аналар жиналыстары мен конференцияларда.

Мысалы, Николай Рерихтің отбасысының генограммасын ұсынамыз. Николай Рерих – суретші, ақын, саяхатшы, Орта Азияны зерттеуші, «Урусвати» (Үндістан) Гималай Зерттеулері Институтының негізін қалаушы. Космонавт В.Севастьяновтың айтуынша, оның шығармашылығы, оның тұлғасы, «Адамға және Адамзатқа, оның рухани мәдениетіне және мәдени мұрасына деген албырт

махаббатымен, сана, махаббат, әлем деген критерийлерінің таңқаларлық пәлсапалық және бай мазмұнымен таң қалдыратын еді».

Рерихтер отбасысы рухани бірліктің, эмоционалдық ынтымақтың, сенімділіктің, өмірлік мақсаттарының ортақтығымен үлгі бол алады. Оның жұбайы, сәулет өнерінің академигі И.И.Шапошниковтың қызы және М.И.Кутузовтың немере қарындасы - Елена Ивановна, 46 жыл бойы сенімді жұбайы болып өтті. Ол күйеуі ұйымдстырған барлық экспедицияларға қатысқан, соның ішінде, орта Азияның қиындықпен жететін және аз зерттелген аудандарына да саяхат жасаған. Оның көптеген қоғамдық-мәдени бастамаларының, көркем және ғылыми мекемелерді және тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі Халықаралық Келісімнің авторының көмекшісі болған (Рерих пактісі).

Олардың ұлдары, Юрий мен Святослав, жан-жақты білімді бола тұрып, ата-анасының шығармашылық идеяларын дамыта білді. Юрий Николаевич, 30 – дан астам еуропа және азиаттар тілінде, соның ішіндеб қазақ тілінде сөйлей білген лингвист жаңа ғылымның – номадистиканың (көшпелі тайпаларды зерттеу) негізін қалаған. Көптеген жылдар бойы, әкесі іргетасын салған, «Урусвати» Институтын басқарды. Святослав Николаевич жұмыстары әлемнің ірі мұражайларында сақталып қалған, тамаша суретші болған. Лондон мен АҚШ оқығаннан кейін, ата-аналармен бірге Үндістанға көшіп барған, сонымен қатар, әкесінің Бутан және Непалға жасаған экспедициясына қатысқан. Содан кейін, Нью-Йоркте әкесі негізін салған Халықаралық «бейбітшілік тәжі» орталығын басқарған.



Ал өмірінің негізгі бөлігін, 60 жылдан астам, Рерихтармен құрылған «Урусвати» Гималай зерттеулерінің Институты орналасқан Кулу алқабында өткізген. Ол үнді фольклоры, ежелгі тибет медицинасын және өзінің суреттерін салып отырған. Суреттерінің ішіндегі ең әйгілісі – бақытты некеде 48 жыл бірге өмір сүрген жұбайы - үнді кино әртісінің қызы Девика Ранидің портреті бар.¹⁰¹

¹⁰¹ И.Г.Гальперина. Әйгілі ата-аналардың әйгілі балалары.– М., АСТ-ПРЕСС КНИГА, 2010. – 304 б.

Қорытынды жасай отыра, жасөспірімдерге өздерінің шығу тегі тарихын білу өздерінің тарихқа қатысының болуына, ал ата-аналар мен педагогтарға шағын отанына, ата-бабасына, отбасысына, отбасылық құндылықтарға деген махаббат сияқты азаматтық және елжандылық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді; отбасылық құндылықтарға, дәтүрлерге сыйластықпен қарау; өзіндік зерттеу қызметі дағдысын қалыптастыру; өз елінің тарихын оқып үйренудің қызығушылығын жоғарылату.

...Қазақтарда «Ақыр заман» деген түсінік бар. Бірақ бұл сөз тіркесі астрономиялық емес, дәлме-дәл мағынаны білдіреді. Ақыр заман – өмірдің табиғи заңдылықтары бүлініп, өмір тоқтаған кезі. «Ақыр заман» отбасыларда уақыт пен ұрпақ байланысы үзілгенде, жас ұрпақ өз ата-бабаларын сыйлауды, мақтануды және олар үшін қам жеуді тоқтатқанда басталады.

10.2. Отбасымен жұмыс істеудегі түзету техникалар

Жоғарыда аталғандай, отбасы тарихын зерттеу үрдісі барлық отбасы мүшелері кірісетін балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасын түзету бойынша мықты әдістеме болып табылады. Бірақ, мектеп психологы ата-аналар мен балалар арасындағы позитивті өзара әрекеттесуді дамытуға, проблемаларды шешуге және қиын жағдайлардан жол табуға көмектеседі. Солардың кейбіреуінің сипаттамасын беріп отырмыз. Бұл әдістерді таңдадығанымыздың себебі: өйткені, оларды пайдалану әдетте, ата-аналар мен балаларда қызығушылығын оятады, шығармашылық қарым-қатынас емін-еркіндікте өтеді, психологпен одан әрі байланыста болуын ынталандырады.

10.2.1. «Отбасылық фотосурет»¹⁰²

Бұл техника мүшелері ауызша байланыса алатын кез-келген отбасымен жүргізілетін жұмыста пайдаланылады. Отбасының құрылымын, рөлдерін, коммуникациясы мен отбасының ішкі өзара әрекеттесуін зерттеу үшін қолданылады. Осы техниканың негізінде отбасының өткенінің қазіргіге ықпалын сараптауға болады. Бұл техника отбасы мүшелерін отбасылық аңыздарға, ережелерге, діни нанымдар мен өздері атқаратын рөлдерге күдікпен қарауға ынталандырады. Әдістеме отбасылық қарым-қатынастарды диагностикалау мен түзету үшін қолданылады.

Психолог отбасының әрбір мүшесі отбасыдағы қарым-қатынастары туралы бір маңызды нәрсе айтатындай фотосуреттерін әкеліп беруді өтінеді.

Фотосуреттер саны шектеулі болады. Фотосуреттерді таңдауда ерекше нұсқаудың қажеті болмайды. Егер көп ұрпақты отбасыдағы қарым-қатынастар талқыланса, фотосуреттер саны көбейеді. Келесі кездесуде отбасыдағы қарым-қатынастың басты тақырыбы талқыланады. Отбасының әрбір мүшесіне 15 минут уақыт беріледі, осы уақыт ішінде ол таңдаған суреттерін көрсетіп,

¹⁰² А.А. Осипова. Жалпы психокоррекция. Оқу құралы. – М.: Сфера, 2002 – 510 б.

неліктен осыны таңдағанын, оған қай жағынан маңызды екендігін және қандай сезімін оятатыны туралы әңгімелеп беруі керек.

Фотосуреттерді көрсету тәртібі және оның жүзеге асырылатыны да маңызды болады. Ретпен көрсету ерекше маңызды: қайсысы-бірінші, қай фотосурет-соңғы. Көрсету жылдамдығы да, қызығушылық пен үрейлілік дәрежесі де, сонымен қатар, барлық әрекет кезіндегі отбасы мүшелерінің мінез-құлқы: байсалдылығы, қалжыңдауы, қобалжуы да маңызды болады.

Осылайша, әрбір фотосуреттің мазмұны талқыланып, онда бейнеленген отбасы мүшелерінің бір-біріне қаншалықты жақын екендігі, олардың арасындағы қарым-қатынастың ресмилігі, сонымен қатар, суреттегі туыстардың болуы немесе болмауы қарастырылады.

Психолог фотосуретте бейнеленген адамдар мен түсірілген жерлері, жалпы көңіл-күйі, суреттегі ахуал туралы сұрақтар қояды. Мысалы, келесідей сұрақтар қойылуы мүмкін: «Мына суреттерге кімдер түскен?», «Бұл суретті кім түсірді?», «Фотосуретші аппаратын басқаннан кейін не болып еді?», «Осы бөлме туралы айтып беріңіз», «Адамдар неліктен бұлай киінген?».

Отбасы мүшесі өзі әкелген фотосуреттерін көрсетіп болған соң, отбасының басқа мүшелерін сұрақтар қоюға және отбасының ішкі қарым-қатынасында жаңа көкжиектерді ашуға мүмкіндік беретін көрсетілім кезіндегі сезімдерін айтып беруге өтініш жасалады.

Фотосуреттерді қарау бірнеше кездесулер ағымында жалғасуы мүмкін.

Бұл жаттығыу қызықты, ешқандай қауіпті шақырмайды және естеліктердің, естен шыққан эмоционалды тәжірибені, эмоционалдық қобалжуларды ынталандырады. Талқылау кезінде психолог отбасының ішкі қарым-қатынастарындағы билік, тәуелділік, үрейлілік, отбасы мүшелерінің еркектік және әйелдік рөлдерін сарапқа салады.

10.2.2. «Отбасылық мүсін» және «Отбасылық хореография».

Бұл әдістер отбасымен түзету жұмыстарының социометриялық әдістеріне жатады. Мұндай әдістемелер психологқа келесідей мүмкіндіктерді береді:

1) Түзету үрдісін эмоционалды және зияткерлік талқылаудан отбасы мүшелерінің нақты өзара әрекетіне қарай әкеледі. Бұл отбасының әрбір мүшесінің белсенділігін көтереді, ол, өз кезегінде, тосындылықты күшейтеді және негізінде зияткерлік сала жатқан клиенттің қарсылығын азайтады.

2) Қазіргіні, өткенді және келешекті «осында және қазір» деген операциялы жүйеге біріктіреді. Клиент (ата-ана немесе бала, отбасының басқа мүшесі) өткенді есте сақтауы мүмкін, бірақ оны өзгертуге жағдайы жоқ. Клиент келешекті болжай білуі мүмкін, бірақ онда тұра алмайтындай болады. «Осында және қазір» дегенге осылардың бәрін біріктіре отыра, клиенттер өзінің, тұлға аралық және отбасыдағы мінез-құлықтарын өзгерту арқылы өткенмен және келешекпен өзара әрекеттесе алады.

3) Әдістемелер тұлғалық кескіндеу/проекциялау мен теңестіру элементтерін қарастырады: сезімдер, ұстанымдар тұлғалардың өзара әрекетінде білінеді, осылайша, оқып үйренуге және өзгертуге қолжетімді болады.

4) Рөлдік мінез-құлықты рельефті түрде көрсетеді және драмалайды. Отбасы мүшелері әрқайсының не істеп жатқандығын, басқалармен оның мінез-құлқы қалай қабылданатынын, отбасыда қандай рөлдер атқарылатынын, қандай рөлдер шеттетілетінін бақылай алады.

5) Құрамында клиенттер үшін тосындық, аяқ астылық элементтері болады, олар түзету сабақтарындағы жұмысты көз алдарына елестетулеріне сәйкес келмейді, сондықтан, қалай болса да кездесіп қақтығысатын клиенттердің қарсылығын алып тастайды.

6) Метакоммуникацияның өзіндік үлгісін көрсете отырып, клиенттің көңілі мен қызығушылығын өзіне аударады. Жаңа хабарламалар тұжырымдаларды, алдын-ала талқыланусыз айтылады және қабылданады. Мысалы, отбасы мүсінді жасаумен айналысып жатқанда, әкесін отбасылық шеңберден тыс, басқа отбасы мүшелеріне арқасын бергізіп отырғызады, осы жерде күйеуі, әйелі, балалары және жалпы отбасыға тиімді хабарламалар пайда болады.

7) Зейінді әлеуметтік жүйеге және әлеуметтік әрекеттесуге бір орынға жинастырады. Отбасының айтуы бойынша, отбасының «ауыратын» мүшесінде, теңдестірілген (идентификацияланған) клиентте, пайда болған жалғыздық пен оқшаулық сезімі, отбасы өзіне сырттан көз қарас тастаған сияқты кездерде пайда болады. Социометриялық әдістемелер негізінде жекелену, келіспеушіліктерді, жақындықты, алыстықты реттеу және т.б. факторларды шешу дағдыларын бақылап, зерттеуге мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта «Отбасылық мүсін» әдістемесінің танымалдылығы «Отбасылық мүсін» әдістемесінің дамуы болып табылатын Берт Хелингердің отбасылық орналастыру әдісінің кең тарағандығының арқасында өсіп келетінін атап өтейік.¹⁰³

«Отбасылық мүсін»¹⁰⁴

Берілген әдістеменің мағынасы қазіргі берілген уақытта отбасының ішкі қарым-қатынастарын нақты белгілейтін адамдар мен нысандардың орналасуын білдіреді.

Отбасының әрбір мүшесі, өзінің көзқарасына сәйкес, жақын туыстарын өздерінен қашықтықта қою арқылы, отбасының өмірдегі тіршілік суретін құрайды. Осылайша, әрқайсының тәжірибесі көз алдында тіршілікке сай суретпен бейнеленеді және соған көшіріледі.

¹⁰³ Б. Хеллингер. Махаббат тәртібі: отбасылық – жүйелі келіспеушіліктер мен қарама-қайшылықтарды шешу. – М.: Психотерапия институтының баспасы, 2003. – 400 б.

¹⁰⁴ Л.Кэйдис МакКлендон Р. Жұбайлық және отбасылық терапия: оқу құралы/ Н.А. Цветковамен ағылшын тілінен аударылған және редакцияланған. – М., 2006, 208 б.

Бұл әдістеменің басты ерекшелігі вербалды емес, отбасыларда жиі кездесетін тақырыпты талдаудағы тым зияткерлілікті игеруге, әртүрлі қорғауларды, кінәлауды, проекциялауды алып тастауға, түсіруге көмектеседі. Мүсінді құру отбасының әрбір мүшесінен жеке тәжірибесін, оны ойланып, саралауын, одан кейін талдауын талап етеді.

Әдістемені жүргізу үшін отбасының мүшелері қажет, сол сияқты, жоқ мүшелердің орнына пайдаланылатын жеңіл жылжитын жиһаздар мен заттар қажет болады. Мүсін отбасының бастан өткен-кешкенін де, қазіргісін де бейнелей алады және кеңейтілген отбасының кез-келген мүшелер санын кіргізеді.

Тапсырманы орындар алдында психолог отбасы мүшелеріне берілген әдістеме отбасы мүшесі болу маңыздылығын сезінуге көмектесетінін түсіндіреді. Және, осыны айтқаннан гөрі, көрсеткен дұрыс болып табылады. Сондықтан, отбасының әрбір мүшесі кезекпен тірі мүсін түрінде бейнелеу арқылы отбасының ішкі қарым-қатынасын өздігінше қалай түсінетінін көрсету қажет. Мұндағы кеңістіктегі кейіптері мен қалыптары отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сезімін бейнелеуі тиіс.

Психолог мүсіншіні ойнайтын отбасы мүшесіне, қалған отбасы мүшелеріне олар саздан жасалғандай қарауын өтінеді. Демек, ол өзінің бойындағы, отбасы мүшелеріне деген көзқарасын толығымен көрсете алатын, жеткізетін қалпына қойып келтіру керек.

Отбасының басқа мүшелері өздерімен материал сияқты еркін айналысуына мүмкіндік бергені маңызды болады. Отбасының әрбір мүшесі қазіргі кездегі отбасының эмоционалдық жағдайын білдіретін өзінің нақты отбасылық мүсінін жасау керек.

Мүсіндерді жасау кезінде психолог көрнекі болатын және мүсіншінің белгілі бір дәрежеде бейнелеген әрекеттерінен көрінетін келіспеушіліктерді, одақтарды, үшбұрыштарды қағазда тіркейді. Отбасының әрбір мүшесі өз мүсінін жасап болғаннан кейін, жұмыстың келесі кезеңі – алынған нәтижелерді өңдеу кезеңі басталады.

Отбасылық мүсін әдісін қолданудың бірнеше нұсқалары бар. Кейбір мамандар мүсіншілерді отбасының әрбір мүшесінің әрекетін толық сипаттайтын сөз немесе сөйлем ойлап шығаруын талап етеді. Отбасы мүшелері бұл сөздерді бірізділікпен айтуы қажет болады. Бұл жағдайда көзге көрінетін ғана емес, құлаққа естілетін әсерлерге де қол жеткізуге болады. Бұдан соң мүсін толығымен ғана талқыланбай, оның жеке бөліктері толығымен талқыланады.

Отбасының әрбір мүшесіне **сұрақтар** қойылады. Мысалы:

– мүсіншіге: «Өзіңіздің шығармаңыздың атын қалай деп қояр едіңіз қойыңыз?»;

– отбасының әрбір мүшесіне: «Өзіңізді туыстарыңыздың ортасында осы жерде қалай сезінесіз?»;

– отбасыға: «Осы мүсін сіздерді таң қалдырды ма?»;

– отбасының әрбір мүшесіне: «Мүсінші сізді қалай бейнелесе, бұрын солай қабылдайтынын біліген едіңіз бе?»;

- отбасыға: «Сіздің отбасыңыз мүсінде бейнеленгендей қызмет атқаратынымен келісесіз бе?»;
- мүсіншіге немесе отбасыға: «Отбасыңызда қандай өзгерістерді көргіңіз келеді?»

«Отбасылық мүсін» әдістемесінің нұсқасы.

Отбасылық мүсін әдістемесінің нұсқаларының бірі келесідей мазмұнда болады: отбасының әрбір мүшесі отбасыдағы қазіргі жағдайды бейнелейтін өзінің нақты мүсінін құрған соң, одан үлгілі, идеалды отбасы мүсінін құрауды өтінеді. Мүсінді жасау үрдісінің өзі отбасы мүшелеріне отбасыдағы өз орнын бағалауға мүмкіндік береді және үлгілі отбасыны қалай ойлайтындығын ауызша емес түрде көрсетуіне жағдай туғызады.

Берілген техника кез-келген әлеуметтік топпен, жұбайлар жұбымен, отбасылық субжүйелерімен: ата-ана – балалар, ағалар-қарындастар, толық отбасы жұмыстарында қолданылады.

Әдістеме отбасылық жүйені бағалау тәсілі және ондағы интервенция тәсілі ретінде пайдаланылады, сонымен қатар, клиенттермен қарым-қатынастың ерекше механизмі болып табылады.

Әдістемені орындау барысында отбасылық рөлдік үлгілер анықталады: үшбұрыштар, одақтар, ерекшелікті эмоционалдық қарым-қатынастар, сонымен қатар, билікке таласу, жақындық, қашықтық, шекаралар сияқты проблемалар.

«Отбасылық мүсін» әдістемесі бақылаудың жақсы тәсілі, әсіресе, сөзбен манипуляциялау ды пайдалануға әдеттенген немесе, әңгімелесу сияқты, дәстүрлі әдістерді мүлдем пайдаланбайтын отбасыларда пайдалы.

Мүсіншінің рөлін жасөспірімдер жақсырақ орындайды, олар сезімтал болғандықтан, жақын туыстарын басқарғысы келетін табиғи тілегінің арқасында отбасыда не болатынын терең сезінеді. Тұйық балалар да жақсы мүсінші болады. Олар, мүсін арқылы өздерінің құпиялы жалғыздығын, қауіпін, өшпенділігін көрсете алады.

«Отбасылық мүсін» әдістемесі жеке отбасымен жұмыста та қолданылады. Бұл жағдайда отбасы мүшелерінің рөлін психолог кабинетінде тұрған жиһаздар орындайды. Мұндай жұмыс түрінде отбасы мүшелерінің өздері қатысуы жетіспесе де, әдістеме отбасылық жүйеге оңтайлы өзгерістерді енгізуге мүмкіндік береді.

«Отбасылық хореография»¹⁰⁵

«Отбасылық хореография» әдісі «Отбасылық мүсін» әдістемесінің нұсқасы болып табылады. Ол нуклеарлы отбасыдағы өзара қарым-қатынасты

¹⁰⁵ Э.Бэйдер, П.Пирсон аңыз жұптарды іздеу: жұптардың диагностикасы мен психотерапиясындағы эволюциялық тәсіл: оқу құралы/ағылш.тіл.ауд. және ред. Н.А.Цветкова– М., 2006. – 302 б.

қайта құруға (аталар мен әжелерден бөлек тұратын, ересектердің бір ұрпағы және балалары бар отбасыны), келіспеушілікті ұлғайтуға әкеліп соғатын мінез-құлық актілерін бірізді бейнелей отыра, мінез-құлықтың негативті үлгілерін бақылап, оны тоқтатуға бағытталған.

Осы әдістемені құру идеясы Вирджиния Сатирдің сөздеріне негізделген, ол үйлесімді некені әрбір серіктесі екіншіге қажет болатын, бірақ, сонда да өзімен-өзі болатын вальс биіне теңейді.

Балалардың және ата-аналар қарым-қатынастарының белгілерін біріктіру отбасы мүшелерін өз сезімдерін ашық білдіруге мүмкіндік беретін коммуникацияның вербалды емес салаларымен қамтамасыз етеді.

Егер «мүсін» термині отбасылық ішкі қарым-қатынас статистикасына жататын болса (эмоционалдық қарым-қатынастар үнемі қозғалыста болады), онда «хореография» термині динамикалық үрдісті сипаттауға дәлірек болады.

«Отбасылық хореографияның» тиімділігі кез-келген отбасыға түсінікті, әсіресе, өз проблемаларын сөзбен тұжырымдауға қиналатын отбасыларға түсінікті болуымен мазмұндалады. Проблемалар және оларды шешудің альтернативті тәсілдері қозғалыста көзбен шолу арқылы көрінеді.

Отбасының бір мүшесінен қалғандарының бәрін сахнада, қандай-да бір проблема немесе оқиға контекстіндегі отбасылық ішкі қарым-қатынасты көрсететін бейнедей, тұрғызуды өтінеді және осы көріністі ойнауды сұрайды. Отбасының әрбір мүшесін бөлменің кеңістігінде отбасы проблемасын жақсылап көрсететіндей орналасуын талап етеді, одан кейін отбасы мүшелері сахналық көріністі сөзсіз, «тірілтіп», ойнап шығуы керек.

Сахналық көрініс ойналған соң, отбасы мүшелеріне қазіргі кезде, өзара қарым-қатынастарындағы, көз алдарында көрініп тұрған үлгілі жағдайды бейнелеулеріне өтініш жасалады.

Үлгілі жағдай отбасымен ойналып жатады. Осы кезде психолог отбасысының жеке бір мүшесімен өзінің нақты және үлгілі ұстанымын бейнелеп беруін өтіне отырып, жұмыс істейді.

Психолог отбасының дисфункционалды ішкі мінез-құлықтық көріністерін, сонымен қатар, оларды жеңе білу көріністерін қайталауын да талап ете алады. Оның үстіне, әр қайталанған дубль сайын көріністі өз көзқарастары тарапынан жақсырақ қылатындай істеу керектігіне кеңес береді. Көріністер ойналғаннан кейін талқылау басталады. Отбасының проблемасын нақтырақ тұжырымдау үшін психолог отбасының бір мүшесінен отбасыдағы көкейкесті жағдайдың негізін құрайтын нәрселер туралы қысқа тұжырымдап беруін өтінеді. Содан кейін кезекпен, осыны, отбасының барлық мүшелері қайталайды. «Отбасыда осындай жағдайда болған қандай және отбасының осы мүшесінде басқа мүшеге қатысты қандай сезімдер пайда болады?» деген үнемі бір сұрақ қойылады.

Берілген процедура жетерліктей икемді және өзара әрекеттің нақты үлгілеріне қарай өзгеріп отыра алады.

10.2.3. «Рөлдік карта ойыны» – отбасы мүшелерінен күтілетін және осы отбасының басқа мүшелерімен барабар, адекватты ретінде қабылданатын рөлдік мінез-құлықты анықтау әдісі.

«Рөлдік карта ойыны» әдісі отбасының әр мүшесі орындайтын отбасының ішкі қарым-қатынастарындағы рөлдер мен міндеттерді анықтайтын вербалды емес әдістемені көрсетеді.

Ойынға қатысу топ мүшелеріне отбасыдағы міндеттердің толық жиынтығын көруге мүмкіндік береді, және оның отбасы мүшелерінің арасында қалай бөлінетінін түсіндіреді.

Әдістеме отбасы мүшелерінің жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін, негативті механизмдерді және отбасылық динамиканы анықтауға мүмкіндік туғызады.

Осы әдістемені өткізу үшін қажеттері: 36 рөлдік карталар (әрбір рөл жеке кеспе қағазында жазылады), әр қатысушыға қағаз, қарындаштар, өшіргіштер, карта колодасын қыстырғыштар таратылады.

Нұсқаулықты алған соң отбасы мүшелері (алдын-ала талқылаусыз) өзіне және өзгелерге карталарды таңдайды. Карталарды үйдегі міндеттер жазылған және бір-бірімен қарым-қатынастағы отбасының рөлдері сипатталған. Отбасы мүшелері нақты отбасы мүшесіне қарай әрбір картаның сәйкестігіне келіседі немесе келіспейді, сонымен қатар, өздеріне алғысы келмеген карталарды алып қояды.

Психолог отбасыға келесі нұсқаманы береді: «Қазір мен алдарыңа карта колодасын жазып саламын. Әрқайсыңыз өзіңізге тиісті картаны алып, басқалары көретіндей етіп қойыңыз. Егер, сіздің ойыңызша, өзіңізге тиісті картаны алдым деп ойласаңыз, оны алдыңызда жатқан қағазға жазып қойыңыз. Бұл, картаны көп алатындай, жарыс емес екенін ұмытпаңыз. Үндемей ойнау қажет. Сондықтан, бір-біріңізбен сөйлеспеуіңізді өтінемін. Карталар тек сіздің отбасыңызға ғана мақсатталмаған, сондықтан оның ішінен бәрін бірдей алу міндет емес. Сіз қандай-да бір белгілі карта бір адамнан гөрі көбірек адамға тиісті деп санауыңыз мүмкін. Егер, осылай болса, оны қағазыңызға белгілеп қойыңыз».

Карталарды бірінші таңдау болғаннан кейін, келесі нұсқама ұсынылады: «Сіздің карталар жиынтығын тексеріңіз және олар дұрыс бөлінгендігіне көз жеткізіңіз. Егер, сіз, белгілі бір карта сізге немесе басқа біреуге тиесілі екенін білсеңіз, онда магнитофонды қосып, осы туралы айтыңыз. Егер, қандай-да бір карта тек осы адамға тиесілі десеңіз, сол туралы да айтып, оны «дұрыс емес» колодаға салып қойыңыз».

Әрбір қатысушы карталар жөнінде өз ойларын айтып болған соң, отбасыға өздеріне ұнамайтын кез-келген рөлден құтылуға мүмкіндік беріледі.

Одан кейін қатысушыларға қалған карталарды резеңкемен буып қоюды талап етіледі.

Карталарда белгіленген рөлдер-міндеттер:

- үй шаруасын ұйымдастырушы;
- азық-түлікті сатып алушы;

- кешкі асты ұйымдастырушы;
- еден жуушы;
- «жоғары мәртебелі»;
- барлық міндеттерді нашар орындаушы;
- бұйрық беруші;
- тамақтан соң үстел жинаушы;
- сусындарды дайындаушы;
- аспаз;
- дастархан жаюшы;
- үстелдің үстін жинаушы;
- ыдыс-аяқ жуғыш машинаны босатушы;
- ыдыс-аяқ жуушы;
- тамақтан соң жинаушы;
- жануарларды тамақтандырушы;
- кішкентай сәбилерді суға түсіруші;
- балаларды ұйқыға жатқызушы;
- бағбан;
- мерекелерді ұйымдастырушы;
- ережелерді құрастырушы;
- «зырылдап жүретін ұл бала»;
- тәртіпті бақылаушы;
- барлығына жауап беретін адам.

Карталарды жазылған өзара әрекеттесу рөлдері:

Позитивті: Негативті:

- Шындықты айтушы; – Айыптаушы;
- Көмектесуші; – Тыныштандырушы;
- Түсінуші; – Компьютер;
- Шығармашыл; – Жалғыз бөрі;
- Бақытты; – Жаңылыстырушы.
- Дипломат; – Құрбан.
- Байсалды, қолдаушы; – Айқайлаушы.

Қатысушылардың картаны таңдауы кезінде, психолог ойын кезінде болған жағдайды жазып отырады: отбасы мүшелерінің көңіл-күйінің жағдайы; барлығы ұйымдасқан ба, байсалды ма немесе апатты ма; қатысушылардың карталарды қалай орналастырды (барлығына көрінетіндей қылып па әлде тығып, немесе лақтыра салып па және т.б.).

Берілген әдістеме қысқа мерзім ішінде отбасы мен ондағы бір-бірімен өзара әрекеттесу туралы барынша көп ақпарат жинап алуға мүмкіндік береді. Отбасылық міндеттемелерге қатысты барлық жасырын нұқсамалар – позитивтісі де, негативтісі де – үстіңгі қабатқа шыға келеді.

Кеспе қағаздар таңдалып алынған соң, психолог отбасының әр мүшесінің атын санамастан, сегіз бағанадан тұратын кестені толтырады.

1. Рөл.
2. Жағымды мінездеме.
3. Жағымсыз мінездеме.
4. Таңдалған рөлдер (ойыншының өзі таңдаған рөлі).
5. Берілген рөлдер (басқалармен ойыншыға берілген рөлдер – қабылданған және қабылданбағандар).
6. Дұрыс емес рөлдер (өздеріне қажет емес, дұрыс берілмеген рөлдер).
7. Сәйкес келмейтін рөлдер (басқа ойыншының пікірінше, осы ойыншыға келмейтін рөлдер).
8. Қабылданбаған рөлдер (ойыншы ойын соңында алып тастаған рөлдер).

Рөлдік техника отбасыдағы міндеттерді бөлуді және оларды сызба түрінде көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдің отбасылық рөлдерді ауызша талқылаудан айырмашылығы бар.

Берілген әдістеме отбасы мүшелеріне позитивті топтық жұмыс аясында өздеріне жаңа рөлдер алуға және ескілерін лақтырып тастауға мүмкіндік береді. Ойынды өткізген соң, отбасының біліктіліктері зерттелетін талқылаулар, көрінетін негативті механизмдер; отбасылық динамиканы талқылау болуы мүмкін.

10.2.4. Отбасылық салт-жоралар.

Әдістеме отбасылық қарым-қатынастағы психологиялық түзету жұмыстарының құрылымдық әдістеріне жатады. Құрылымдық әдістемелердің мақсаты – оның мүшелері бір ұстамынан екінші ұстанамыға жеңіл ауыса алатындай етіп жүйені қайта құру, жүйедегі ұстанымдар арасындағы барабар шекараларды тағайындау және қолдау, және, осылайша, жүйенің өзін-өзі қайта құруына ықпал ету.

Құрылымдық әдістемелер өте маңызды және түзету жұмыстарының бастапқы кезеңдерінде қолданылады.

Берілген жүйеде психолог үшін ең бастысы – жүйеге қосылу және бір мезгілде онымен мүлдем айналысып кетпеу. Жүйе ретінде отбасымен жұмыс істеу жаңа психологиялық түзету жүйесін құрайды, ол:

- үрдісті құрылымдауды (ойын ережелерін);
- эмпатияны (жаңа топ, отбасы+психолог қалай жұмыс істейдіндігі бойынша келісімді).

Психолог клиенттеріне, оларды түсініп, еститінін және олардың өз басын бағалайтынын, олардың жеке басының бағалы және жеткілікті екендігін түсіндіреді.

Құрылымдық әдістеме келесі міндеттерді шешу үшін қолданылады:

Қозғалысты жасау. Клиенттер өздерін нақты белсенді жағдайда «тоқырап» қалғанын сезеді және одан қалай шығатындығын білмейді. Құрылымдық жолдар тез арада жағдайдың өзгертілуін қарастырады. Бұл клиентті одан әрі қозғалуға ынталандырады. Баланы ата-аналық рөлден босату

ата-ана үшін кеңістікті құруы мүмкін және оның қозғалысын үлкен біліктілікке, өзіне ата-аналық рөлді қабылдауға ұмтылуға жетелейді.

Перспективаларды өзгерту. Жаңа рөлдерді ойнай отыра клиенттер отбасылық жүйеде жаңа ұстанымда болады, жаңа ережелерді орындай бастайды. Бұл заттарға басқа көзқараспен қарауды және ескі фактілерге жаңа ойларды туғызуға мүмкіндік береді.

Билікті қайта бөлісу. Әртүрлі субжүйелерге қосыла отыра, психолог конфронтацияға, тайталасқа әкеліп тіреген бір туыстың мағынасын екіншіге ұлғайтуын, теңсіздікті болдырмау және тығырықтың жолын табуы мүмкін. Отбасылық ережелерді құрушы рөліндегі ата-аналарды қолдау және сыйластық пен үлкен жауапкершілігіндегі балаларды қолдау осындай одақтардың мысалы ретінде бола алады.

Коалициялардың бұзылуы. Кейде екі немесе одан да көп адамдар үшіншіге қарсы тұру үшін бірігеді. Мысалы, ата-ананың бірімен, баламен екінші ата-анаға қарсы тұру үшін бірігеді. Бұл жағдайда, осылайша құрылған одақты бұзуды, баланың ата-аналар ісіне қатысын тоқтату керек.

Жаңа одақтарды құру. Клиенттерге бірігу мен бірлесіп қызмет атқару ұмтылыстарына көмектесуге болады. Мысалы, ата-аналарға олардың ата-аналық ұстанымы бойынша және оны өмірде орындауда келісімге келуге көмектеседі.

Отбасылық субжүйелер шекарасының арасын анықтау (жұбайлық – күйеу-әйел, балалық – ата-аналық – шешесі-ұлы, шешесі-қызы, әкесі-ұлы, әкесі-қызы). Психолог клиенттерге кім, қандай жағдайда және қандай қызметте осы субжүйеге қосылғанын, кім неге жауап беретінін түсінуге көмектеседі. Талқылаудың қажетті мысалдары - бірлескен қызметтерді қолдау үшін тым қатал шекаралардың санын азайту болып табылады.

Өз тұлғасының жаңа қырларын ашу. Отбасылық ішкі әрекеттер жүйесінде өз орнын өзгерте отырып, адамдар жаңа мінез-құлықтық бейнелерді көруге және өзінің тұлғасының жаңа қырларын ашуға мүмкіндік алады.

Белгілі ұстанымды табу тәжірибесін қалыпқа келтіру. Кейде адамдар өздерін жаман, құндылықтары жоқ, жүйеде белгілі бір орынға ғана ие болатындықтан өздерін әлсіз адам ретінде қарастырады. Психолог: «Мен сіздің орныңызда болсам, менің де ұнжырғам түсер еді» немесе «Сіз сияқты жағдайдағы адамдар әдетте осындай қалыпта болады» деп айтуы мүмкін.

Белгілі ұстанымды табу мағынасын өзгерту. Клиенттердің бірі отбасыдағы үлкен бала болу ыңғайсыздығын айтып, наразылық білдіреді. Психологтың айтуы: «Иә, мұныңыз шындық. Көптеген үлкен балаларда осындай жағдайлар болады. Бірақ, бұл жағдайға басқа жағынан қарасақ, үлкен балалар отбасыларында көшбасшы болу үшін және басқалары оған төменнен қарауы үшін жақсы дайындықтан өтеді» деп айтуы мүмкін.

Отбасының бір мүшесімен жұмыс атқара отыра, отбасы жүйесін өзгерту. Жүйедегі бір адамның өз жағдайын өзгертуі қалған жүйенің барлығы осы өзгеріске ұшырайтындығы туралы айтылған сөз бар. Мұндай жағдайда

психолог отбасының бір мүшесінің жағдайын өзгерте отырып, отбасылық жүйенің өзгеруіне өз әсерін тигізеді.

Отбасылық жүйеде құрылымдық жүйелерді жүзеге асыру әдістерінің бірі болып «Отбасылық салт-жора» саналады. Бұл отбасы құрылымын өзгерту арқылы іс жүзіндегі отбасылық ойынның ережесін және ондағы өзара әрекеттесу тұрақты тәсілдерін өзгертуге бағытталған. Әдістің берілген нұсқасы Миландық отбасы терапиясы мектебімен дайындалған (1977-1978). Одан басқа да әдістің нұсқалары бар.

10.2.5. Әлеуметтік салт-жоралар – қызметінің барлық түрлері қатал бірізділікпен анықталған топ мүшелерінің бірлесіп дайындаған әрекеттерінің жүйесі.

Дәстүрлер топтық біріккендіктің және топ ішіндегі байланыстардың негізгі көзі болып табылады. Олар ортақ мақсатты жүзеге асыру үшін әрқайсысының мінез-құлқын реттей отырып, топтың қызмет етуін нормативті реттеуге қызмет етеді. Мәдениеттік және отбасылық дәстүрлер мысалдары ретінде жерлеу және қара жамылу жоралғылары, туған күндер, үйлену тойлары, жылдықтары, институтты бітіру және осы топқа қатысты басқа да маңызды жағдайлар жатады.

Өзара әрекеттесудің қайталана беретін белгілік стереотиптері мінез-құлықтың дәстүрлік формалары ретінде болады.

Отбасылық дәстүр әдісі – психологпен құрылған және отбасыға ешқандай түсіндірусіз берілген өзіндік дәстүр болып табылады, мұндай талап етілген мінез-құлықты отбасы мүшелері аналогиясы бойынша жүзеге асыруы көзделіп отыр. Осы кезде уақытты, бірізділікті, жердің детальдарын, сонымен бірге, қажетті әрекетті кім, қалай орындау талабын ескере отыра, нақты жазылған әрекеттерге басты назар аударылады.

Отбасылық жүйеге іс жүзіндегіні дисфункционалды түрде алмастыратын жораны ойлап шығару қиынға соғады. Сондықтан, психологқа отбасылық жүйенің қызметін, оны сақтап қалу үшін өмірлік маңызды дисфункционалды отбасының аңыздарын анықтап алу керек. Егер, отбасының өмір сүруі қауіпті жағдайда болса, аңызға қызмет көрсету үшін оның сақталуына әсер ететін қатал дәстүрлер құралады.

Отбасылық аңызды және белгілік мінез-құлықтың мағынасын анықтау үшін психолог отбасының бірнеше ұрпағын зерттеуге мәжбүр болады. Осыдан кейін ғана, іс жүзіндегі жүйені өзгертуге қабілетті отбасылық жоралғыны дайындауға, ұжымдық нормаларды енгізуге дайын болады. Егер отбасы алдынала жазылған жорасы бойынша әрекет етуге келіссе, ол өзінің отбасылық жүйесінің қызмет етуін өзгерте отырып, жаңа нормаларды қабылдайды.

«Отбасылық жоралар» әдісі іс жүзіндегі отбасылық үлгілерді отбасының барлық мүшелеріне көрсете отырып, драмалық үлгіде сипаттайды. Ол позитивтік өзгерістер үшін отбасылық құрылымның ригидті жақтарын қызықты етіп пайдаланады және мінез-құлықтың және мінез-құлықтық нормалардың жаңа конструктивтік үлгілерінің пайда болуына ықпалын тигізеді. Дәстүр

метакоммуникация мен аналогия әдісі бойынша қызмет етеді сондықтан, белгілі тура интерпретациялаудан гөрі, азырақ қарсылықты білдіреді. Осы әдістің арқасында психолог отбасыға ере отыра (қарсы болмай), отбасылық қарым-қатынастар сапасын біртіндеп өзгертеді.

Әдістеме отбасылық байланыстары шиеленіскен және шатасқан ригидті отбасылармен, сонымен қатар, отбасысының бір мүшесінің психикалық патологиясы бар отбасылармен жұмыс істеуде ерекше тиімді болады.

Мысалы, отбасылық проблемалар туралы айтылмайтын, сынауға алмайтын, наразылық білдірмейтін отбасылық ортақ түскі астың уақытын тағайындау. Түскі ас дастарханының басында отбасы өткен күннің оқиғаларын, отбасы мүшелерінің көрген түстерін, не ойлайтындары мен қазіргі уақытты оқып жатқан кітаптары жайлы талқылаулар болу керек.

Басқа мысал ретінде: а) отбасы мүшелерінің туған күндерінің тізімін құру; б) осындай әрбір оқиғаға алдын-ала дайындалу. Жаңа салттар мен дәстүрлерді дамыту - жаңадан құрылған отбасылар мен бала асырап алған отбасыларға өте маңызды.

Отбасымен, оның даму қозғалысымен, ережелерімен, аңыздарымен тереңірек танысып, сенімді қарым-қатынас орнатқаннан кейін психолог отбасының қажеттіліктерін есепке алатын дәстүрді немесе жоралғыны дайындайды. Оны құрастыруда отбасының нақты мәдени-тарихи жағдайын, сонымен бірге келесі параметрлерді назардан тыс қалдырмау қажет:

- Оның қаншалықты ұзақ пайдаланылуы мүмкіндігін (бір рет немесе белгілі уақыт аралықтарында қайталанып отыруы);
- Қашан болатынын, үрдіске отбасы мүшесінің қайсысы қатысатынын;
- Қандай факторлар пайдаланатынын (мысалы, есіктер жабылып тұру керек, телефон сөндірулі және т.б.);
- Қандай тақырыптар талқылану керек;
- Егер де қатысушының біреуі үндемеуді қаласа, не істеу қажет.

Отбасылық дәстүрге қолданылатын түзету мақсаттары өзіне келесі үрдістерді қарастыруды енгізеді: ішкі отбасылық шекараларды анықтау; отбасы мүшелерінің тәуелсіздігін көбейту; қарым-қатынасты түзету, бір ұрпақтағы одақты нығайту.

Психолог отбасыдан берілетін алдын-ала жазбалардағыны жауапкершілікпен орындайтыны туралы нақты сенім білдірулерін алады. Отбасы мүшесінің біреуінің басқаларына белгілі жерде, белгіленген уақытта жазбаларды оқуы – жоралғының бір бөлігі болып табылады.

Өз мазмұны бойынша, жоралғы өте қарапайым болуы мүмкін: «Ұлыңыз күнделікті кешкі сағат жетіден сегізге дейін өз бөлмесінде отырып ойлануы керек және оған ешкім бөгет жасамайды. Ол осы уақытта отбасының жайлылығы және өзінің жайлылығы туралы ойлау керек. Одан кейін ол өзінің ойларын жазуға тырысады, ешкімге жазуын көрсетпейді».

Бұл алдын-ала жазудың мақсаты – баласының отбасы қорғаны ретіндегі рөлін ашық қылу және жазбадан тура ұғынықты болғандай, осы қызметті ұлғайтудың орнына, отбасының басқа мүшелерін осы қызмет түрінен босату.

Психологиялық түзету жұмысының осы әдісіне мысал ретінде осы әдістемені құрушылардың бірі отбасылық терапевт Мара Сельвини Палаззоли, жүйке анорексиясымен ауыратын (тамақтанудан бас тартқан) және өзінің туыс сіңілісінің сұлулығына қызыққан кіші 15 жастағы қызы бар отбасыны сипаттайды.

Оның үлкен 22 жастағы қызы колледжде оқыған және кіші сіңілісінен эмоционалдық қашықтықта болған. Осы екі қыздың анасы үнемі өзінің туысқандарына қамқорлық танытудан қолы босамайтын болған. Әкесі, отбасының басқа мүшелері сияқты, барлық қиын отбасылық жағдайларда қолайлы отбасылық ұранға сүйенеді: «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін».

Осылайша, осы отбасыдағы сын мен бәсекеге, эмоционалдық өшігулер мен реніштерге тыйым салынған. Ашу үстіндегі адамды отбасысы сабырлыққа мәжбүрлеген.

Кішкентай қызы өзіне қол жұмсау әрекетінен кейін отбасылық психотерапевт келесі дәстүрді орындау жазбаларын ұсынған:

«Күнде кешке, кешкі астан кейін кіретін есікті жабады. Отбасының төрт мүшесі сағаттан басқа заттардың бәрін жиыстырып тастаған дастархан басына жиналады. Үлкенінен бастап отбасының әрбір мүшесі отбасыдағы басқа мүшесіне қатысты өзінің сезімдері, әсерлері мен ескертулері жайлы айтуға 15 минут уақыттан алады. Айтатын ешнәрсесі жоқтарға, немесе айтқысы келмегендер 15 минут бойы үндемеуі қажет болады және мұқият көңіл қоюы керек болады. Басқа уақытта пікірталасты жалғастыруға үзілді-кесілді тыйым салынады. Барлық осындай талқылаулар жоспарланған кешкі кездесулермен шектеледі.

Күнделікті өз отбасысымен қарым-қатынасқа байланысты отбасы мүшелеріне бір-біріне өте мейірімді болып, көңіл қою керектігі, әрдайым туысына көмекке дайын тұратындығы жазылған болады».

М.С. Палаззоли осы жағдайдағы түзетулік міндеттерді былай сипаттаған:

1. Отбасыны негативтік тақырыпта айтуға тыйым салыну отбасының басқа мүшелеріне қатысты құпия жағдайда тыйым салынған тақырыптарды ашық және тура айту міндетімен алмастырылатын нуклеарлы отбасы ретінде анықтау.

2. Кіші қызына нуклеарлы отбасының толық құқылы мүшесі ретіндегі өз орнын қайтарып беру.

3. Екі апалы — сіңілі арасында одақтың құрылуына ықпал ету (бір ұрпақта).

4. Отбасының әрбір мүшесінің сынап-мінеуден қорықпай, өз сезімдерін білдіру құқығын тағайындау.

5. Отбасының әрбір өздігінен тұйықталған мүшесінің бойында оның үндемейтіндігі бойынша үрейді шақыру.

6. Осындай пікірталастарды кешкі кездесулерден басқа жерлерде өтуіне тыйым салу арқылы, отбасылық коалициялардың құрылуын болдырмау.

Нуклеарлы отбасының әрбір мүшесі басқа мүшеге қатысты өз түсінігі мен наразылығын айту құқығына ие болған кезде, отбасы өзгеріске ұшырайды.

«Өз туыстары жайлы кім жаман айтса, соның өзі жаман» деген ереже жойылып, ескі отбасылық аңыз бен отбасыдағы өзгерістерден бас тартуға әкелді. Отбасыға өте қатты сенімде болу маңыздылығын айта беру негізінде осы ережеге қарсылықтың әсеріндей болады.

10.2.6. «Ұқсас/аналогиялық жағдайларды құру» әдісі.

Аналогиялық немесе ұқсас жағдайлар деп клиенттерге шешімін табу үшін өзінің проблемасын анықтап алуға көмектесетін метафораларды пайдалану жағдайы айтылады. Метафора өмірлік тәжірибені сынаудың тиімді тәсілі және топ ішіндегі өзара әрекеттесудің басқа жүйесіндегі мүлдем басқа құбылысты көрсететін қарым-қатынас пен мінез-құлықтың нақты үлгілерінің белгісін сипаттайды. Аналогиялар арқылы позитивті әрекеттегі өзгерістер аяқ астынан және түзету үрдістерінің ортақ мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылуы мүмкін.

Метафораларға негізделген әдістемелер стратегиялық және отбасылық тәрбие мектептерінде ұсынылған.

Психологқа отбасының барлық қиындықтары анық болған жағдайда ол әңгімелесу үшін тақырып ретінде аналогиялық жағдайды немесе метафоралық жағдайды таңдайды. Мысалы, мүшелері үнемі бір-бірімен келіспейтін отбасыға кәсіпкерлер және кәсіподақтар арасындағы немесе екі жауапгершілік жақтардың келіссөзді жүргізуін талқылауды ұсынуға болады.

Егер баланың тәрбиесінің өзі проблема болса, баланы тәрбиелеу аналогы ретінде баққа қараушы бейнесін алуға болады, ондағы тәрбие үрдісі өсімдіктерді баптап, күтуге ұқсас келеді.

Өртүрлі отбасылық жағдайларда тәртіптің дағдыларына үйрету тақырыбы жануарларды жаттықтыру немесе жануарларды тәртіптің жаңа түрлеріне үйрету деп алмастырылуы мүмкін.

Мысал ретінде жұбайлар жұбының келіспеушілігін қарастыруға болады. Әйеліне күйеуінің өзінің талаптарына назар аудармайтын, елемейтін сияқты болып көрінеді және ол өзінің өмірімен қанағаттанбаған.

Психолог жұбайлық жұп бірге болатын және жұбайлардың белсенділігін алды-ала болжай отыра, талқылауға жеңіл жағдайды таңдайды. Мұндай тақырып ретінде бірге тамақтану туралы әңгімені қарастыруға болады. Талқылау кезінде психолог: «Үстел басында тек қана екеуі отырғанда, балалар жоғында жұбайлардың бірге тамақтанатын кездері болды ма?» деп сұрауы мүмкін. Ол адамдардың мінез-құлқы арасындағы айырмашылықтарын қарастырады.

Мұндағы мақсат – жұбайлар арасындағы қарым-қатынас пен аспаздық тақырыпқа қатысты келіспеушіліктерді байланыстыру. «Бұл алма бәліші сияқты, кәдімгі американдық» деген сөз метафора тілінде отбасыдағы байланыс

пен қарым-қатынасты қарастыруға мүмкіндік беретін аналогияны көрсетеді. Бәліштің неден тұратыны, қандай ингредиенттері оны дәмді қылатыны, ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан дайындау тәсілінің қалай өзгеретіндігі, отбасының жағдайын және онда өтіп жатқан құбылыстарды бейнелейді.

Проблеманы шешуге ықпалын тигізетін сұрақтар келесідей мысалда болады: «Отбасы мүшелеріне ұнау үшін бәліштің қай ингредиенттерін өзгертуге болады?», «Бұл бәлішке не жетіспейді?», «Бәліш отбасының психологқа барған проблемасының белгісі болсын», «Кімге үлкен бөлігі тиесілі болады?».

Әдістеме клиенттердің өздерін өздері түсінуі үшін, айналасындағылармен қарым-қатынасын жақсарту, тығырықтық қарым-қатынасты игеру, отбасы мүшелерінің арасында билікке таласуды тоқтату, отбасылық ішкі қарым-қатынастарды өзгерту үшін пайдаланылады.

10.2.7. Психологиялық ойын: «Сөйлемді аяқта»

Психолог кеңестік үрдіске қатысушыларға «Сөйлемді аяқта» ойынын ойнауды ұсынады. Келісімге келгеннен кейін психолог ойыншыларды бір-біріне қарсы отырғызып, келесі нұсқаулықты ұсынады: «Мен сіздерге бірнеше аяқталмаған сөйлемдер беремін. Сөйлемнің аяғын сіздер өздеріңіз ойлап табуларыңыз қажет. Мұнда сіздер ойыңызға келген нәрсені істеулеріңізге болады. Барынша еркін болуға тырысып көріңіздерші, сіздерге ойларыңызға келген нәрсенің барлығын айтуға болады. Бірақ еш уақытта бір-біріңіздің жұмыстарыңыз бен сөздеріңізді талқыламаңыз. Тек қана бітірген кезде талқылау басталады. Егер сұрақтарыңыз болмаса, бастайық».

Аяқтауы қажет болатын сөйлемдер нұсқалары:

«Мен ...тиістімін»;

«Мен ашуланған кезде, мен...»;

«мен махаббатымды білдіремін»;

«Менің маңыздылығым мынадайда білінеді.»;

«Менің жағдайымның өзгеру маған »;

«Егер мен қорықпайтын болып, күш жинасам, мен....»;

«Сіз егер мені білсеңіз, сіз....»;

«Мен жақсы көретін адам ...тиісті»;

«Менің анам...тиісті...»;

«Менің әкем ...тиісті»;

«Менің жақсы көретін адамым, ...тиісті»;

«Мен үшін ең жақсы кезең, ...кезде».

Клиенттердің ұсынған ең қызықты аяқтаулы сөйлемдерін одан кейінгі негіздің конструкциясына пайдалануға болады. Мысалы, «Мен жақсы қыз болуым керекпін..» мысалының аяғы «жақсы қыз...тиісті» деген негізге қайта құрылуы мүмкін.

Әдістеме балалармен де, ересектермен де жұмыс жүргізуде қолданылады. Клиентке жаңа сезімдердің пайда болуына және білінуіне әкеліп соғатын

жағдайды жаңаша түсіну және қабылдауға мүмкіндік береді. Жаттығуды орындай отыра, клиенттер бір-бірінің күтулерін, өз сезімдерін, проблемаларын мейлінше анық түсінеді.

Өзін және басқаларды жай ғана тыңдау клиенттерге ішкі отбасылық қарым-қатынастардағы нақты позитивті өзгерістерді көруге көмектеседі. Ал клиенттердің айтқан сөздерін бағалау мүмкіндігінің жоқтығы оларға психологиялық қорғанышты және санадан жасырын проблемаларды талқылауда жайлылықты қамтамасыз етеді.

10.2.8. «Құндылықтарды салыстыру»

Жүйелік талапқа негізделген бұл әдістеме, отбасыдағы кез-келген қарым-қатынас тұтас ретінде қарастырылу мүмкіндігін көрсетеді. Әдістеме құндылықтар мен әлеуметтік рөлдерді әлеуметтік-психологиялық үрдістің мағыналы бөлігі ретінде анықтайды және жұбайлық жұптар немесе отбасы мүшелерінің өзара қабылдауы мен өзара түсіністігіне негізделген. Ол отбасының ішкі қарым-қатынастарына ықпал ететін құндылықтарды анықтауға бағытталған және психологтарға да, клиенттерге де берілген отбасының іс жүзіндегі проблемаларына, ұқсастықтарына, айырмашылықтары мен қосымша ұстанымдарына қол жеткізуге болатынын мазмұндайды.

Берілген әдістеме отбасы мүшелерінің бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасауында, біреу біреуді бағаламайды деген күдікті айқындауға, манипуляциялауға күдіктенгенде тиімді болады.

Берілген әдістеме отбасы мүшелеріне бірімен бірі араласуды нәтижелі қылу жолында әсерін жақсы тигізеді; клиенттерде біреу басқа клиентті пайдаланатындығы, басқа клиенттің немқұрайлы көзқарасынан жапа шегетіндігі, олардың қарым-қатынастарында қиындықтың пайда болатындығы сезімдері пайда болса, отбасымен жұмыс істеудің алғашқы кезеңдерінде қолданылады.

Берілген әдістеме, егер, кем дегенде, екі адам қатысса, топтық болып саналады. Топтың әр мүшесіне келесі кездесулерде талқыланатын тапсырмалар беріледі. Ол, осы адамға қандай құндылықтар мағыналы екендігін ойлануы керек және құндылықтар тізімін дайындауы қажет.

Бір тізім – клиенттің өзінің құндылықтары, екіншісі клиенттің көзқарасы тұрғысынан серіктестің құндылықтарын мазмұндайды.

Құндылықтарды маңыздылығы бойынша орналастыру қажет. Құндылықтар мазмұны бойынша ешқандай шектеулер болмайды. Клиенттер психологта бір-бірімен кездескенше талқыланбауы керек.

Келесі кездесулерде клиенттерден өздері үйде құрастырған тізімін дауыстап оқып шығуды өтінеді. Содан кейін психолог бір қағазға салыстыру үшін ыңғайлы болатындай етіп жазып алады. Қатысушылар берілген тізімді салыстырады және келесі сұрақтар бойынша ойланады: құндылықтардың мүмкін болатын көздері, тізім арасындағы және тізім ішіндегі қарама-

қайшылықтар, тізім мазмұнындағы айырмашылықтар, клиенттер басқалардың құндылықтарын қабылдауы және т.б.

Ортақ тізімді құрастырғаннан және талқылағаннан кейін клиенттерді серіктесінің тізімімен танысқандағы өздерінің әсерлерін айтып беру ұсынылады.

Клиенттер бір-бірінің ұстанымдарын сынамауы тиіс, олардың міндеті– басқа адамның құндылықтарына оның және өзінің көзқарасы тұрғысынан қарау.

Мысал ретінде, күйеуінің және әйелінің құндылықтарының келесі тізімін қолдануға болады:

Күйеуінің тізімі

Менің құндылықтарым Әйелімнің құндылықтары (күйеуінің көзқарасымен)

1. Отбасы. 1. Үй жинастыру.
2. Жұмыс. 2. Отбасы.
3. Жеңсіктік. 3. Достар.
4. Жүгіру. 4. Жұмыс.
5. Алыс елдерге саяхат. 5. Дін
6. Достар . 6. кештер.
7. Оқу. 7. Жеңсіктік.
8. Жаңаны тану. 8. Сатып алулар.

Әйелінің тізімі

Менің құндылықтарым Күйеуімнің құндылықтары

1. Жақсы денсаулық. 1. Жұмыс.
2. Бақыт. 2. Ақша.
3. Отбасы. 3. Спорт.
4. Жеңсіктік. 4. Сүйікті болу
5. Достар. 5. Отбасы.
6. Оқу. 6. Саяхаттар.
7. Жұмыс. 7. Жеңсіктік.
8. Спорт. 8. Тамақ.
9. Дін. 9. Достар.

Бұл тізімдерді салыстыру күйеуі мен әйеліне отбасының маңыздылығын талқылауға бағыт берді. Серіктестерінің бірінің қолданатын құндылықтарының болуы және осы құндылықтардың екіншісінің тізімінде болмауы, мысалы, әйелі үй жинауды, кештерді және сатып алулар көрсетпеген, бірақ күйеуі оны әйелінің құндылықтары ретінде ескерген.

Ортақ мүдделердің болуы да көрінеді: отбасы, білім, саяхат, спорт, жеңсіктік, достар. Берілген тізімде уақыт сияқты құндылықтардың жоқтығы да, оның ішінде, сол уақытты бір-бірімен қаншалықты өткізетіні де байқалады.

Бір-бірінің тізімін бағалауда мұқият болмағандық та байқалады. Біреуінің құндылықтарын бағалау және қабылдау басқа серіктестің құндылықтарымен тығыз байланысты болады.

Берілген әдістемені пайдалану жұбайларда құндылық бағдарларының сәйкессізлігін конструктивті талқылау мүмкіндігіне әкеледі және берілген құндылықтардағы сәйкессіздіктерді сараптауға азық болады.

10.2.9. «Сабаннан жасалған мұнара» жаттығуы

Клиенттерге сабан шөбі бар жәшіктерді, жапсырғыш лентаны алып, сабаннан жасалған мұнара тұрғызу ұсынысы жасалады. Басқа материалдарды пайдалануға болады, мысалы: құрылыс блоктарын. Бұл міндетті шешу бірлесіп қызмет атқарғанда ғана жүзеге асады, ал психолог отбасы тәртібін клиенттердің әңгімелері бойынша емес, тура іс-әрекет үстінде бақылауға мүмкіндік алады.

Берілген міндетті орындау барысында отбасы мүшелері өздерін әдеттегі өмірде қалай ұстаса, солай ұстайды.

Басқа социометриялық әдістермен қатар бұл жаттығу отбасыда көшбасшыны анықтауға қарым-қатынастардағы тығырықтарды, өзара қолдау көрсетуді, отбасылық ішкі одақтарды, отбасы шекараларын және отбасылық қарым-қатынас жүйесіндегі динамиканы анықтауға мүмкіндік береді.

«Сабан мұнарасын» құру үшін сабан шөптері бар пакет пен жапсырғыш лента қажет болады. Келесі нұсқау ұсынылады: «Сіздерге осы сабаннан мұнара құру керек. Сіздердің мұнараларыңыз үлгісі бойынша бірегей, әдемі, жақсы құрастырылған болуы керек. Ол ешқандай тіреусіз болсын және бір жерден екінші жерге ауыстыруға ыңғайлы, мықты болу қажет. Сіздер бұл жұмысты 10-15 минутта бітірулеріңіз керек».

Бұдан әрі нұсқау беріледі: бірінші 5 минут ішінде бір-біріне мүлдем сөз айтпастан үндемей құру қажет. Бұл талап фрустрацияны ұлғайтуы мүмкін және кейбір кедергілерді айналып өтуге, отбасыдағы өзара әрекеттің әртүрлі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. 8-15 минуттың ағымында өтіп жатқан үрдісті бақылай отыра, психолог өзі үрдіске кіріседі. Ол кеңестер беріп, үрдісті зерттеуге отбасы мүшелері кірісу үшін өтіп жатқан үрдісті белгілі бір көзқарас тұрғысынан түсіндіреді.

Егер отбасы үлкен болса, олар топтарға бөлінуі мүмкін, олардың әрқайсысы мұнараны салады. Бұл тәсіл іс жүзіндегі құрылымдық шекараларды бұзу үшін және отбасылық үшбұрыштармен жұмыс істеуде қолданылады.

Таң қаларлық интервенция мысалы ретінде, 5 жастағы балаға мұнараны құрастыру мен құрылысын басқаруға рұқсат беруді айтуға болады. Ол ата-аналарға өз баласына қалай әрекет еткісі келсе, солай істеу мүмкіндігін қандай шамада беретіндерін көруге мүмкіндік береді.

Мұнара құрылғаннан кейін, психолог, олардың пікірінше, пайда болған жағдайдан қалай шығу керектігін сұрастыра келе, құрылыс кезінде отбасы мүшелері қандай сезімде болғандығын талқылайды. Психолог біріккен қызметтегі берілген міндеттер шеңберінде әрқайсының рөлін және мінез-кұлқын сараптайды.

Осыдан кейін, отбасы мүшелерін өткізілген талқылау нәтижелерін пайдалана отырып, қайтадан мұнараны құруын талап етуге болады. Кейбір жағдайларда отбасы мүшелерін бірлескен жұмыс әдістері және өзара көмек көрсету тәсілдеріне үйретуге болады.

10.2.10. «Отбасылық кеңістік»

Отбасылық кеңістікті отбасының ішкі ұстанымдарын өзгерту үшін зерттеу мен пайдаланудың әдісі.

Берілген әдістемені өткізудің келесі процедурасы ұсынылады. Ата-аналарға қағаз, фломастерлер немесе қарындаштар үлестіріледі. Оларға өздерінің үйленгенге дейін тұрған үйлерінің жоспарын салып беру туралы ұсыныс беріледі. Бұл кезде балалар ата-аналарының істеп отырған істерін тыңдап, қарап отырады. Егер ата-аналар тұрған жерін бірнеше рет ауыстырған болса, олардан естерінде қалған үйдің жоспарын салу ұсынылады. Сурет салу кезінде психолог оларды біртіндеп сұрақтар қою арқылы жағдайға енгізеді:

- Сурет сала отыра, қай бөлменің қандай көңіл күйге байланысты болғанын белгілеңіздер;

- Осы бөлмедегі иісті, түстерді және адамдарды естеріңізге түсіруге тырысыңыздар;

- Сіздің үйіңізде отбасының барлық мүшелері кездесуге арналған бөлме болды ма?

- Сізге отбасыңыздың мүшелері кіргенде қай бөлмеде кездесуші едіңіздер?

- Сіздің кіруіңізге тыйым салынған бөлмелер болды ма?

- Сіз үшін үйіңізде қандай-да бір ерекше орын болды ма?

- Толығырақ естеріңізге түсіріп көріңіздер: сіздердің ата-аналарыңыздың үйлерінде жақындық, қашықтық пен оқшаулық мәселелері қалай шешілетін еді?

- Осы кварталдағы басқа үйлерге қарағанда сіздің ата-анаңыздың үйі қалай орналасқан еді, бір нәрсесімен ерекшеленді ме?

- Ата-анаңыздың үйінде болып тұрған кез-келген бір жағдайды есіңізге түсіріңіз;

- Сіздің отбасы мүшелерінің әдеттегі айтатын сөздері, фразаларын естеріңізге түсіріңіз.

Берілген әдістемені пайдалану ұсынымдамалары:

1) психолог әкесін немесе анасын өздерінің ата-аналарының үйлерінің жоспарын салып беруді сұрайды, ал балалар осы кезде оларды бақылап отырады;

2) балалар қазіргі кезде тұрып жатқан ата-аналарының үйінің суретін салады, ал әкесі мен шешесі қатысушылар есебінде қатысады;

3) отбасының барлық мүшелері тұрып жатқан үйлерінің жоспарын салады.

Психологтың сұрақтары берілген отбасыдағы іс жүзіндегі ережелер мен олардың ата-аналарының үйіндегі бастауларын еске түсіруге бағытталған.

Сонымен қатар, естеліктер қаншалықты ішкі отбасылық қарым-қатынастарды көрсететіндігіне зерттеледі. Берілген әдістеме естеліктердің қаншалықты ішкі отбасылық қарым-қатынасқа әсер ететіндігін анықтау үшін зерттеледі. Берілген әдістеме материалды анықтауға бағытталған, жұбайлардың ата-аналық отбасысындағы рөлдік мінез-құлқымен байланысты, сонымен қатар, отбасылық-түзету үрдісінің түпкі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Бірінші нұсқаны пайдалану (ата-аналардың жаттығуды орындауы, ал балалардың бақылауы кезінде) отбасыдағы ұрпақтар арасындағы байланысты көрсету және әртүрлі отбасылық субжүйелердің шекарасын анықтауға мүмкіндік береді.

Мұндай қызмет түрі отбасыда оқушыларға оқушы рөлі берілгендегі ата-аналардың бірегей орнын бекітеді.

Өздерінің ата-аналарының үйіндегі тарихының мазмұнында ата-аналар берілген отбасының мәдени мұрасына қатысы бар екендігін сезінуді қалыптастыруға маңызды үлесін қосады, мүшелерінің арасында өзара сыйластық пен көмектесуді дамытуға ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, қазіргі кезде жұбайларды толғандырып жүрген проблемалардың отбасылық тарих материалдары арқылы жариялануы мүмкін.

Әдістемені пайдаланудың екінші нұсқасы (балалар сурет салады, ата-аналар бақылайды) психолог бірегей көзқарас пен балалардың отбасылық ішкі қарым-қатынасқа әрекет ету сезімдерін анықтайды және қолдайды.

Әдістеме өзінің үшінші нұсқасында пайдаланылған кезде (отбасы түгелі үйдің жоспарын салады), психолог отбасыдағы көкейкесті мәселелер мен қақтығыстарды барынша тереңірек зерттеуіне мүмкіндік алады. Берілген әдістеменің осы нұсқасы субжүйелер арасындағы шекаралардың анық еместігінде және отбасының сыртқы әлеммен шекаралары екіге бөлініп кеткен отбасылармен жұмыс істеу кезінде ерекше пайдалы.

Өтіп жатқан құбылыстар мен жағдайларға отбасылардың алуан түрлі көзқарасы пен сезімін білдіру отбасының ішкі шекараларын белгілі бір шамада анықтауға мүмкіндік береді. «Отбасылық кеңістік» әдістемесін ата-аналар топтарымен жұмыс кезінде отбасылық-топтық психологиялық түзетулерде пайдалануға болады.

Топтардың мақсаттарына сәйкес назар өзекті отбасылық қақтығыстарға немесе отбасы тарихына аударылады. Әдістеме кішкентай балаларға пайдаланылмайды.

Күйеуімнің мінезінде маған не нәрсе, қатты ұнайды, оның қандай әрекеттері мені қатты қуантады.	Әйелімнің мінезінде маған не нәрсе қатты ұнайды, оның қандай әрекеттері мені қатты қуантады.
1.	1.
2.	2.
3.	3.
4.	4.

10.2.11. «Өзара жағымды мінез-құлық» әдістемесі¹⁰⁶

Оның мақсаты – жұбайлардың күштерін біріктіру, олардың бір-бірінен тосып жүрген және жетіспейтін бір-біріне қарым-қатынасының қуанышын қайтару. Қандай адам болмасын күйеудің немесе әйелдің рөлін көбінесе өз ата-аналарынан үйренеді және өзіне бұл үлгі ұнайтығындығына тәуелсіз, өздерінің ата-аналарының қарым-қатынасы моделін пайдалануға тенденцияда болады. Сондықтан, өзінің жеке некесіне әрбір серігі өзінің отбасысында ұғынған махаббат тілімен келеді.

Нұсқау: (жұбайлардың әрқайсысына психолог береді): қандай махаббаттың түрлері мен көңіл бөлудің белгілерін алғыңыз келетіндігін кесте құрау арқылы, көрсетіңіз.

Тізімді құрауда келесі ережелерді пайдаланыңыз:

1. Бірінші кезеңде өз тілектеріңізді шектемеңіз, күйеуіңіздің (әйеліңіздің) мүмкіншілігі туралы сіздің ойларыңызбен сәйкестіндермей-ақ қиялдаңыз;

Әрине, мұндай жағдай да тізімде өміріңіздің дәл қазіргі кезеңінде орындала қоймайтын тілектеріңіз пайда болуы мүмкін, мысалы «Күйеуім соны ...істегенді қалар едім» немесе мүлдем орындалмайтын «Күйеуім өз анасын Марсқа ұшырса екен», «Әйелім өзінің барлық туыстарын ұмытса екен» деген тілектер де болады.

Сіздің қиялыңыз сіздің қарым-қатынастарыңыздағы проблемаларды көрсетеді және сіз оларды талқылай аласыз.

2. Тізімнің «редакциялық» өзгертуін жүзеге асырыңыз: тізімнің ішінен жұбайы келіспесе де нақты іске асырылатындарын алыңыз, мысалы, егер күйеуіңіз «Әйелім жұмыстан қашан келетіндігіме бостандық берсе екен, демек жұмыстан жарты сағат кешігіп жатқанда күннің қорытындысын жасап, офисте қағаздарымды жинастырып жатқанда телефон шалмаса, ашулы түрмен қарсы алмаса екен» деп жазса, егер тіпті бұрын әйелі асықтыру және жазалау оның

¹⁰⁶ Н.А. Цветкова. Дағдарыссыз отбасылық өмір. М.: Центрполиграф, 2010. – 157 б.

құқығы деп білсе де, өзінің мінезін күйеуінің тілегіне қарай өзгертуге тиіс болады.

3. «Эквивалентті айырбастау» ұстанымынан бас тартыңыз, ол дегеніміз, өзіңіздің жұбайыңызға деген тілеген әрекеттеріңізді оның сізге деген тілектеріне айырбастамаңыз. Бұл әдістемеде бастысы уақыт ағымымен жойылып кеткен сүйіктіңді қуанту тілегін қайта орнына келтіру. Жай ғана қуанту, себебі ол да маған көп жақсы нәрселер жасайтындықтан емес, себебі жақсы көргендіктен.

Сондықтан, тізімнің редаKTураға қалған тармақтарын санамаңыздар! Кейде бір тілектің орындалуының өзі үлкен қуаныш әкеледі, ал серігіңінен өзіне көп күш жұмсауын талап етеді. Психологтың кеңесі: «Әрекет жасамай тұрып, өзіңізге сәтсіздікті болжамаңыз – тура бір айдан соң тізімге инвентаризация жасаңыз. Және де қол жеткізген нәрселеріңізді бағалаңыз: қайсысы негізінде расында да қуантқандығын, қайсысы ерекше әсер қалдырмай, жай қиял болғандығын өзіңізге анықтаңыз. Сіз некеңіздің біріктілігіне деген сеніміңіздің артқанын білесіз».

10.3 Отбасыны психологиялық-диагностикалық зерттеу әдістемелері

10.3.1. «Отбасының өмірлік жолындағы маңызды оқиғалар» әдістемесі (автор Е.Ю. Коржова, Т.А.Заеко модификациясында)

Отбасы тарихы – отбасыда өткен негізгі оқиғалардың тізбесі. Сондықтан, отбасының тарихын зерттегенде кеңінен пайдаланатындардың бірі ретіндегі және өздерін жақсы жағынан көрсеткен тұлғаны зерттеудегі оқиғалық-өмірбаяндық әдістемелердің бірі болатын «Отбасының өмірлік жолындағы маңызды оқиғалар» әдістемесі.

Оқиғалық-өмірбаяндық зерттеудің негізгі бірлігі болып оқиға саналады. «Оқиға» деген терминнің көптеген анықтамалары бар. Соның кейбіреуін ұсынамыз. «Оқиға» - өмірдегі өзгеріс; тез уақытта және жылдам өтетін нақты кейбір өзгеріс; «Оқиғалар қандай-да бір шешімді қабылдауда адамның келешек өмірлік жолын анықтайтын белгілі бір кезеңнің шешім қабылдайтын тұлғаның өмірлік жолындағы кезеңдер мен бұрылыс кезеңдері».

Отбасыдағы маңызды оқиға – отбасының қызмет жасауына сапалы өзгеріс енгізетін оқиға, ол отбасылық өмірдің барлық саласына қатысты болады, отбасылық оқиғаға отбасының барлық мүшелері қатысады, оның үстіне әрқайсысы өтіп жатқан оқиғаны өздігінше қабылдайды, өздігінше бағалайды, бұл отбасының оқиғалық жолында субъективті көзқарастардың сәйкессіздігін тудыруы мүмкін.

Мұндай сәйкессіздік отбасыны дамыту резерві және оның шатынауы қаупін көрсететін күшті факторы болып табылады (мысалы, күйеуі әйелінің бала тууға байланысты жұмыстан кетуін дұрыс қалыпты жағдай деп есептейді, ал әйелі - көңілсіз, амал жоқ жағдай деп қарайды).

Әдістемені өткізу техникасы. Әдістеме жеке зерттеу үшін де, топтық үшін де пайдаланылады. Әдістеменің тапсырмасы отбасының әрбір мүшесімен жеке орындалады. Кішкентай оқушылармен жұмыс кезінде тексеру бланкісін психолог толтырады. Жасөспірімдер, жоғары сынып оқушылары және отбасының ересек мүшелері бланкті өздері толтырады. Тапсырма келесідей мазмұнда болады: зерттелушіге жұбайымен танысқан кезден бастап бүгінгі күнге дейін өмірінде болған оқиғаларды еске түсіріп көрсету керек және, зерттелушінің болжамынша, келешекте болатын жағдайларды белгілеу. Мұнда зерттеушінің көрсететін жағдайларының саны шектелмейді. Зерттелушіге, сонымен қатар, әрбір оқиғаны бағалау (өткен және келешек оқиғаны) және оның мерзімін белгілеуі қажет.

Нұсқау: «Жұбайыңызбен танысқан кезден бастап өміріңізде болған және келешекте болатын маңызды оқиғаларды көрсетіңіз. Әрбір жағдай, болған және болатын сияқты, қуанышты да өкінішті де болады. Өзіңіз көрсеткен оқиғаларға көзқарасыңызды көрсетіп көріңіз, қуаныштысына «+1»-ден «+5»-ке дейін, ал өкініштісіне «-1»-ден «-5»-ке дейін сандарды қойыңыз.

Мұнда келешектің оқиғасына қарағанда өткен оқиғаларды екі рет бағалайсыз:

- бірінші баға – **ретроспективалы** –жағдайды болып жатқанда қалай бағалағаныңыз;

- екінші баға – **актуалды** – қазір қалай бағалайтыныңыз.

Бланкіде оқиғалардың болған мерзімін жобамен жазыңыз.

Нұсқау (кіші сынып оқушылары үшін): бүгінгі күнге дейін сенің өміріңізде болған оқиғаларды еске түсіріп, айтыңыз. (Бала атайды, зерттеуші жазып алып отырады) ... Бұл саған қуанышты немесе өкінішті оқиға болды ма? ... Егер қуанышты болса, мына шкаладағы «+1-ден +5-ке дейін» қайсысын қояр едің? Егер бұл өте қуанышты болса, «+5» қоюға болады, егер бұл оқиға қуанышты болып, бірақ өмірде бұдан да жақсы кезеңдер болады десең, онда «+4» бағасын қой. Егер өткен жағдай сені онша қуанта қоймаса, оны «+3» бағала. Егер ол жағымды оқиға болса, оған «+2» қой, ал егер сондай жағымды емес десең «+1» деген баға лайық болады. Қандай баға қояр екенсің?... Егер ол өкінішті болса, онда қаншалықты өкінішті? Өкініш шкаласы бойынша бағалап көр: 1-ден 5-ке балға дейін, бірақ «-» таңбасы арқылы.

Ең өкінішті оқиға «-5» деген бағаға ие болады, саған өкініштірек болғаны «-1». Бұл қашан болғаны есінде ме? (Зерттеуші берілген сұрақты әр оқиға бойынша қояды, барлық жауаптар тіркеледі).

Ал енді сені келешекте қандай жағдайлар күтіп тұрғанын болжап көр.

(Бала оқиғаны атайды, зерттеуші тіркеп отырады)... «Бұл қуанышты немесе өкінішті бола ма? Бағалай ғой. Бұл оқиға қашан болады деп ойлайсың?»

Нұсқауды оқыған кезде және орындауда зерттелуші тарапынан «Оқиға деген не?» деген сұрақ қойылуы мүмкін. Зерттеуші нақты мысалдар келтірмей-ақ, оның анықтамасын түсіндіріп беруге тиіс.

Берілгендерді интерпретациялаудың негізгі параметрлері:

1. Өмірлік жолдың бейнелерін қабылдаудың нәтижелілігі.

Аталған оқиғалардың саны бойынша анықталады (№ 1 кесте). Тиімділігі психологиялық уақыттың байлығымен немесе өткен мен кеткеннің бейнелерін актуализациялау, сонымен бірге психикалық жағдайдың және әлеуметтік бейімделудің байлығы мен жеңілдігін мазмұндайды.

Әсіресе, маңызды белгісі, келешек оқиғалар туралы және өткен оқиғалардың көңілсіз (ерекше көңілсіз) оқиғалары туралы жауаптардың болуы. Мұндай жауаптар аз болған сайын, келешекке деген, әсіресе, отбасының келешегіне деген жауапкершілік арта түседі.

Сыналатындардың өткен тәжірибенің адамға қуанышты жағдайлар үшін табиғи тіректің үлкен көлін көрсететін өткен оқиғаларды батыл көрсетуін зерттеушілер айқындады. Сонымен қатар, аталатын оқиғалардың көп санымен айқындалатын жоғары тиімділік «Бүкіл өмірін орын-орнына қойып», қобалжулықты игеруге ұмтылуды білдіруі мүмкін.

2. Оқиғаларды бағалау. Сыналушының кез-келген оқиғаны «салмағы» бойынша анықтауы (№2 кесте).

Оқиғалардың санын ғана көрсету жеткіліксіз. Оқиғаларды бағалау берілген оқиғаның тұлға үшін басқаларымен салыстырмалы бағалауы. Екі бірдей көрсеткішті есепке алған дұрыс саны мен оқиғаның «салмағы».

Оқиғаларды зерттеулерде «салмақ» қосындысында қобалжудың дәрежесін білдіретін олардың ортақ алынған оқиғаларды сараптаудағы есепке алуы жалпы «салмақтың» құрамдастары туралы ақпаратты бермейді. Сөйтіп, ортақ үлкен «салмақ» бір үлкен оқиғада да, көптеген кішігірім оқиғаларда да болады.

3. Ықпал ету дәрежесі. Берілген көрсеткіш алдындағыны нақтылайды. Ықпал ету дәрежесі бойынша оқиғалардың келесі топтарын бөліп қарастыруға болады (№3 кесте):

- маңыздылырақ әсер ететін оқиғалар (4-5 ұпай).
- орташа ықпал ететін оқиғалар (3 ұпай).
- аз ықпал ететін оқиғалар (1-2 ұпай)

4. Оқиғалардың ретроспекциясының және антиципациясының орташа уақыты (№4 кесте).

Ретроспекцияланудың орташа уақыты көрсеткішін алу үшін әрбір фактіден кейінгі өтілген уақытты қосу керек және алынған нәтижесін өткендегі оқиғалардың жалпы санына бөлу керек. Антиципацияның орташа уақыты (латын тілінен *anticipatio* – алдын-ала тамашалау: олардың жүзеге асу актісіне дейін пайда болатын зат пен оқиғаны елестету, оқиғаның болатындығын күту; нақты жүзеге асқанға дейінгі және әрекеттерді құруда кері байланыс тәсілі болып қызмет атқаратын үрдістің көрінуі): келешектегі оқиғалардың жалпы санына бөлінген әр оқиғаның келешекке алшақтауының сомалық уақыты. Бұл кезде оқиғалардың өткенге алыстауы көбірек болса (ретроспекцияның орташа уақыты), олардың жүзеге асу дәрежелері көп болады, ал оқиғалардың

келешекке алыстауы (антипацияның орташа уақыты) көп болса, олардың мүмкіншіліктерінің дәрежесі көбірек болады.

5. Психолог үшін маңыздырақ болатын оқиғаның мазмұны оқиғаларды мазмұнды талдау болып табылады. Тек қана осы мазмұн тұлғамен өмірдің қандай маңызды оқиғаларын – жағымды және жағымсыз, тіпті жарақаттаушы - бағаланатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Оқиғалар түрлері мен типтеріне бөлінеді:

Оқиғалар типтері:

- биологиялық (мысалы, жарақат, баланың тууы);
- тұлғалық-психологиялық (мысалы, бос уақытын өткізуге байланысты өмір жолын, оқиғаларды таңдау);
- өмір сүретін ортаның өзгерістеріне жататын оқиғалардың түрлері (мысалы, жер сілкінісі, ұшу);
- әлеуметтік ортаның өзгеруіне жататын оқиғалар түрлері (мысалы, некеге тұру, қызмет бойынша жоғарылау).

Оқиғалардың түрлері келесі өмір салаларын сипаттайды:

Ата-анасының отбасысы; неке; бала; мекенж-ай; денсаулық; «Мен»; қоғам; тұлғаралық қатынастар; оқу; материалдық жағдай; оқу; біліктілігін көтеру; жұмыс; табиғат; заңмен кездесу.

«Араласқан» жағдайлармен жұмыс істеу. Егер сол бір оқиғаны сараптау барысында бір типтің екі түріне жатқызатын болсақ, онда шартты түрде олардың әрқайсысына «оқиғаның 0,5» жатқызамыз; үш түріне – үшеуінің әрқайсысына «оқиғаның 0,33»; төртеуіне – әрқайсысына «оқиғадан 0,25» жатқызамыз. Сонымен қатар, егер сол бір оқиғаны әртүрлі типтердің бір және бірнеше түрлеріне жатқызуға болса да осылай әрекет жасаймыз. Оқиғаны араласқа жатқызу сыналушының оқиғаны атағанда нені көздегені анықталатын әңгіме нәтижесінде болады.

Зерттеу хаттамаларын салыстырғанда отбасының оқиғалық жолының суреттерінің субъективтілігінің бірге ілеспелігіне, біруақыттылығына, басқаша айтқанда, синхрондылығына (біруақытсыздығына немесе әруақытылығына, басқаша айтқанда, асинхрондылығына) көңіл аудару қажет.

Өткен оқиғаларды қабылдаудағы бірге ілеспелігі, біруақыттылығы (синхрондылығы) – бұл:

а) отбасының барлық мүшелері құрастырған өткен оқиғалар тізімінің сәйкестігі (сәйкессіздігі);

б) отбасының барлық мүшелері атаған өткен оқиғаларды бағалау келісімділігі (келіспейтіндігі).

Егер кез-келген оқиға отбасылардың барлық мүшелерінің хаттамаларында кездесе (отбасының өмірлік циклінің кезеңіне және дәл осы кезеңдегі құрамына байланысты), онда зерттеліп отырған отбасы үшін толығымен осы оқиға маңызды болғаны, оның үстіне, бірлескен өмірлік жолының оқиғасы деуге де болады. Зерттелушілердің оқиғалық отбасылық жолының субъективті суреттерінің мазмұнды және бағалау жоспарларында сәйкестік көбірек байқалса, олардың арасындағы психологиялық жақындық

ұлғаяды, бір-біріне деген қатысының, «тағдырларының ортақтығы» сезіле түседі.

Келешектегі оқиғалардың сипаты, ол оқиғаларды бағалау: берілген мәліметтер өз некесінің күтулері туралы, отбасы мүшелерінің келешек өмірін бағалау туралы қорытынды жасауға болады.

Ұсынылып отырған әдістеме тұлғаға бағытталған сараптама ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік береді және зерттелушілердің көп санын зерттеудің нәтижелерін жинақтауға және топтық заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік туғызады.

Берілгендерді өңдеу кестесі.

№1 кесте. Оқиғалар саны

Оқиғалар	Өткен	Келешектегі	Барлығы
Қуаныштысы			
Көңілсіздері			
Барлығы:			

№2 кесте. Оқиғалардың сомалық «салмағы»

Оқиғалар	Өткен	Келешектегі	Барлығы
Қуаныштысы			
Көңілсіздері			
Барлығы:			

№3 кесте. Әсер ету күшітілігімен айрықшаланатын оқиғалар саны

Әсер ету	Оқиғалар				Сомасы
	Өткен		Келешек		
	Қуанышты	Көңілсіз	Қуанышты	Көңілсіз	
Маңыздысы					
Шамалысы					
Азы					
1 Сомасы					
2 сомасы					

№4 кесте. Оқиғалар антиципациясы мен ретроспекциясының орташа уақыты.

Оқиғалар	Өткен	Келешектегі
Қуаныштысы		
Көңілсіздері		
Барлығы:		

Әдістеме бойынша зерттеу бланкісі

«Отбасының өмірлік жолының мағыналы оқиғалары»

ТАЖ

Жасы

Білімі

Жұбайлық өмір өтілі

Тапсырманы орындау мерзімі

Жұбайыңызбен танысқаннан бері өміріңізде болған ең маңызды және келешекте күтетін оқиғаларды айтып беріңіз. Кез-келген күтпелі және өтпелі оқиға қуанышты немесе өкінішті болады (болған). Өзіңіз көрсеткен оқиғаларға көзқарасыңызды келесідей бағалау арқылы білдіріп көруге тырысыңыз: қуаныштысын «+1»-ден «+5»-ке, ал көңілсіздерін «-1»-ден «-5»-ке дейін бағалау керек. Өткен оқиғалар келешек оқиғаларға қарағанда екі рет бағаланады:

- бірінші баға – ретроспективалық (Р) бағалау – бұл, жағдайды болып жатқан кезінде қалай бағаладыңыз;
- екінші баға – актуалды (А)
– бұл, сол жағдайды қазір қалай бағалайсыз.

Бланкілерде жобамен оқиғалардың мерзімін қойыңыз.

	№	Оқиғалар	Баға		Мерзім
			Р	А	
Өткен					
Келешек					

10.3.2 «Ата-аналар шығармасы» әдістемесі (авторы – В. В. Столин, бейімдеу – А. И. Ташеванікі)¹⁰⁷

Бұрынғы тарауларды бірнеше рет айтылғандай, мектеп мамандарының пайдаланып отырған әдістері ата-аналарды тәрбие үрдісіне баулуға, ойлануға жағдай жасауға, өзін-өзі бағалау мен рефлексия жүргізу үшін ақпаратпен қамтамасыз етуге және де ата-аналардың шығармашылық бастамасына мүмкіндік беруге бағытталған. Бұл тұрғыда «Ата-аналар шығармасы» әдістемесі өте пайдалы болып табылады. Берілген әдістеме отбасыдағы балалар – ата-аналар қарым-қатынастарын және бала мен ата-ананың тұлғасының ерекшеліктерін зерттеудегі негізгі және көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Нұсқау: «Құрметті ата-ана, сізге өзіңіздің балаңыз туралы барынша толық, еркін түрде жазып беру қажет. Ол туралы ең бастысын айтыңыз, өз үрейлеріңізбен бөлісіңіз, тек осы жағдайда ғана психологтар сіздерге нақты көмек көрсете алады. Сіздің әңгімеңіздің көлемі шектелмейді».

Шығарма контент-сараптау әдісімен өңделеді. Мұнда келесі жағдайларға назар аудару керек:

1. Сараптау үшін жеңілдетілген кезең болып бала туралы көптеген мәліметтер алдын-ала және толық белгілі болатындығында, мысалы, оның жынысы, жасы, ұлты, тұратын жері, әлеуметтік шығу тегі және т.б.

2. Шығарманың көлемі 30 сөйлемнен аспайды, проекциялық өнімнің құндылығы – ақпараттың көбеюімен ұлғаяды. Егер әңгіменің көлемі тыс аз болса, демек, бала да, оның проблемалары да қарардың шынайы себебі болмай шығады.

3. Барлық шығармалар негізінен кеңес алу себебімен байланысты болады. Проблеманың көкейкестілігі болып уақытша перспектива саналады, онда келесідей ақпарат жазылады: егер автор негізінен өткен шақты пайдаланса, берілген проблема артта қалғандықтан және қазіргі кезде мағынасы жоқтығын білдіреді.

4. Шығарманың мазмұны, әсіресе баяндау мәнері психолог пен ата-ана арасында қалыптасқан қарым-қатынастар сипатымен айқындалады. Сөйтіп, психологтың құрғақ формальды қарым-қатынасында мәтін салқындықпен жеткізілсе, онда шығарма ақталу үлгісінде болуы ықтимал. Ата-аналар шығармаларын контент-сараптау келесі категориялар бойынша жүзеге асырылады: сүйіспеншілік-жек көру; жақындық-алшақтау, сыйластық-сыйламау.

Мәтінде аталған категориялардың индикаторлары:

Сүйіспеншілік:

- баланы аймалау, сүйсіну, оның әрекеттерін мақұлдау, мейірімділік;
- баланың атын атау, эмоционалды сөздерді, құлағына жағымды еркелететін, оның сүйікті сөздерін айту;

¹⁰⁷ О.Н.Истратова, Г.А.Широкова, Т.В.Эксакусто. Бала психологының үлкен кітабы. Ростов-на-Дону, «Феникс», 2010, – 568 б.

– баланың мінезіндегі негативті белгілері мен әлеуметтік параметрлерін жұмсарту немесе ақтау.

Жек көру:

– баланың сырт келбетіне негативті көзқарас, тіпті әлеуметтік мақұлданған мінез-құлқының белгілеріне негативті көзқарас таныту;

– тұлғаға, оның ойларына, сезімдеріне, қызығушылықтарына негативті түрде қарау;

– оның мінез-құлқының динамикалық белгілері бойынша ашулану, ұсақ-түйек бойынша барабар емес ашуланшақтық;

– түсінбеушілік, баланың оқуы бойынша жек көрініштік мысқылдау, оның құрбыластары мен ересектерге қарым-қатынасын кекету;

– оның шаш қию үлгісін, киіну мәнерін және т.с.с.мақұлдамау.

Сыйластық:

– зияткерлікті жоғары бағалау, ерекшеліктерін қабылдау, баланың сабақтары мен айналысатын істеріне сыйластықпен қарау;

– баланың тұлғасындағы әлеуметтік мақұлданған ерекшеліктерін көрсету;

– балаға өзімен тең дәрежеде қарау;

– баланы бәсекелес ретінде сыйлау, бала тарапынан бәсекелестікті сезіну.

Сыйламаушылық:

– талаптарын, зияткерлігінің барлығын жоққа шығару, оның перспективаларын елемеу;

– бала құқығын мойындамау, оның жасын кішірейту, оған үстемдік, билік жүргізу;

– оның бейімделмейтіндігін көрсететін жеке қасиеттеріне сілтеу (әлсіз, жауапкершілігі жоқ, өздігінен ештеңе істей алмайды және т.б.);

– баланың әлеуметтік мақұлданбайтын мінезінің белгілерін көрсету;.

Жақындық:

– туыстықты, бірлікті («біз», «біздікі» және т.с.с. сөздер) сезіну;

– баланың жақсы білімі (оның тұлғалық қасиеттерінің, сезімдерінің, сүйікті кітаптарының, фильмдері, музыкасының және т.б.);

– автор сөзін пайдалану;

– баланың қазіргісі мен келешегі үшін ойлану;

– баланы ақтау, оның кемшіліктерін жасыру;

– «нормамен» салыстырмай, мұғалімдер, тәрбиешілер және басқалардың ол туралы бағыттауынсыз баланың ішкі әлеміне үңілу.

Алшақтау:

– ата-ананың баласының достарын, айналысатын ісін, проблемаларын, құштарлығын шеттетуі, елемеуі, білмеуі;

– балаға «нормаға» бағытталу арқылы қарау;

– баланы басқа адамдардың сипаттауы бойынша сипаттау: мұғалімдердің, көршілердің, таныстардың;

– «ол» - «біз» деген қарама-қарсы қою;

– баланы жай ғана формалды түрде сипаттау, оның қасиеттерін тармақ бойынша тізіп шығу, баланың жеке өмірін сипаттаудағы немқұрайлық;

– баланың атын үнемі пайдаланбау.

Бала туралы ақпаратты талдау тәртібі келесідей болуы мүмкін: бала туралы, шығарма авторы туралы (анасы не әкесі-ата – анасы туралы), олардың арасындағы өзара әрекеттесу туралы, отбасыдағы әлеуметтік мәртебе туралы.

10.3.3 Баланың отбасыда алатын көңіл қоюдың түрін анықтау әдісі.¹⁰⁸

Бұл әдіс тренингтік сабақтарда өзінің тиімді екенін дәлелдеді, себебі басқа әдістерден өзінің көрнекілігі жағынан айырмашылықта болады: оны орындау үшін әрбір ата-ана түрлі-түсті жасыл, қызыл және сары түстерден төртбұрышты қағазшаларды алады. Одан кейін, сұраққа жауап бере отырып, ата-ана одан сұрақтың жауабына сәйкес түсті таңдайды.

№	Сұрақ	Иә	Жоқ
1	Мен балама өзімнің балалық шағым туралы жиі айтамын.	Жасыл	Сары
2	Балалармен біз сирек ойнаймыз.	Сары	Жасыл
3	Менің балам маған әрқашанда жаңалығын, кейде құпиясын айтуға дайын.	Жасыл	Сары
4	Менің баламда проблема пайда болса, менен көмек сұрайтынына сенемін.	Жасыл	Сары
5	Баланың кішкентай қателіктеріне көңіл аудару қажет деп есептеймін, себебі ол оған жинақы болуға көмектеседі.	Қызыл	
6	Айына екі рет мұражайға, театрға, киноға барамыз.	Жасыл	Сары
7	Маған балаларым үй тапсырмасын бойынша көмек сұраса, көмектесуге дайынмын.	Жасыл	Сары
8	Менің балам қазір қандай кітап оқып жатқанын білемін.	Жасыл	Сары
9	Егер менің балам «2» немесе «3» алса, жазаланады.	Қызыл	
10	Мен баламды мақтау үшін жиі себеп табамын.	Жасыл	Қызыл
11	Біз ашық, шын көңілмен әңгімелесіп отыруды ұнатамыз	Жасыл	Сары
12	Кейде маған, уақытымды балаларыма ұрсу үшін ғана жұмсайтындай көрінеді.	Қызыл	
13	Мен баламның басынан жиі сипаймын, құшақтаймын.	Жасыл	Сары

¹⁰⁸ Отбасы психологтың көз-қарасымен: әдістемелер жиынтығы. Құр-шы: С.Ф.Спичак. М.-Воронеж: НПО «МОДЭК» баспасы, 2007. – 64 б.

14	Менің баламмен сөйлеу мәнерім жиі қатаң және үйреткіштік.	Қызыл	
15	Мен балаларымның сабағын бірге істеймін, әйтпесе, олар менсіз тіпті орындай алмайды.	Қызыл	
16	Менің баламның нені армандайтынын білемін.	Жасыл	Сары
17	Мен балама жиі басқа балаларды немесе өзімді мысалға келтіремін.	Қызыл	
18	Егер бала ашулы кезінде заттарды бұзса, жазаланады.	Қызыл	
19	Біз баламызбен кітаптар мен киноларды талқылаймыз.	Жасыл	Сары
20	Мен балаларыма отбасыдағы проблемалар туралы айтамын.	Жасыл	
21	Егер мен шаршасам немесе ауырып қалсам, балам сезеді және көмектеседі	Жасыл	Сары
22	Кейде менің балам менімен жиі болғысы келетіндігін айтады.	Сары	
23	Баламмен сөйлескенде рахаттанамын.	Жасыл	Сары

Жасыл түстер (позитивті көңіл аудару):

А) 0-ден 5-ке дейін – сіздің балаңызға позитивті көңіл аудару жетіспейді. Сіздің жұмыстан және үй шаруасынан қолыңыз босамайды, ал балаңызға сіздің назарыңыз жетіспейді! Көңіл аударудың саны емес, сапасы маңызды екенін ұмытпаңыз! Үй шаруасын тындырып жүріп, балаңызға балалық шағыңыз туралы айтып, оның мектептегі проблемалары туралы сұрастырып отыру керек.

Б) 5-тен 10-ға дейін- балаңызға назарыңыз жетіспейді. Мүмкін сіз формальды түрде ғана көңіл аударатын шығарсыз, ойланып көріңіз: тамақтандыру, күнделігін қарап шығу. Бұл өте аз! Оның күнделікті тұрмысы мен сезімдерін де назарға алу керек!

В) 10-нан 15-ке дейін- балаңызға жақсы көңіл аударасыз. Сіз сенімділік қарым-қатынасты құра білдіңіз. Бала өзін жақсы қорғанышта екенін сезеді, сізден кеңес сұрап отыратынын біледі. Бұл оның тұлғалық, зияткерлік және эмоционалды дамуына жақсы негіз болып табылады.

Жеткіліксіз көңіл (сары түстер):

А) 1-ден 4-ке дейін – сіздің балаңызға көңіл аударуыңыз жеткілікті. Тіпті, асып кетуі де мүмкін. Оның еркіндігі жеткілікті ме, ойланыңыз? Немесе оның барлық проблемаларын бірге немесе өзіңіз шешесіз бе? Оның әрбір ойы мен әрекетіне кіріскенде тіптен артық кетпейсіз бе? Мұндай жағдайда баланың әлеуметтік және жеке дамуы баяулайды, және де ол ұзақ

уақыт өзіне-өзі сенбейтін, тәуелді, өз еркімен жұмыс істей алмайтын балаға айналуы мүмкін.

Б) 5-тен 9 ұпайға дейін – бала сізбен қарым-қатынасқа мұқтаж болады. Өз балаңыздың өтініштері мен ұсыныстарына көбірек көңіл қоя біліңіз, жалпы отбасылық істерде олармен одақтас болыңыз: жаңа жиһаз таңдауда, үйдегі шаруа бойынша көмектесуде және т.с.с.

В) 9-дан 13-ке дейін- сіздің балаңыз қарым-қатынасқа өте мұқтаж! Егер жұмыстан қолыңыз босамайтын болса, әрбір минутыңызды арнауға тырысыңыз. Басынан сипап, мадақтап, мақтаңыз, себебі, өте аз уақытта онымен тіл табысу мүлдем қиынға соғады.

Негативті көңіл (қызыл түстер)

А) 0-ден 2-ге дейін – сіздің отбасыңызда бәрі жақсы: балаңызға жеткілікті позитивті көңіл қоя білесіз. Және балаңыз өзін-өзі бағалай біледі!

Б) 2-ден 4-ке дейін- әлде сіздің қаталдығыңыз, әлде баламен аз араласатындығыңыз ба, ол өзіне тәртіпсіздігімен назар аудартқысы келеді. Ұсақ-түйек нәрсеге бола балаға ұрса бермеңіз. Одан да балаңызды қолдап, келесі жолы барлығы жақсы болатындығына сендіре біліңіз!

В) 4-тен 8-ге дейін – балаңызға үнемі ұрса беретіндіктен, ол басқаша болу мүмкіндігін ұмытқан. Өзіне назар аударту үшін балаңыз өзін әдейі Сізді ашуландыратын әрекеттер жасайды. Өзіңіздің балаға деген көзқарасыңызды түзетіңіз. Оны басынан жиі сипап, жай ғана тәртіпке шақырмай-ақ сөйлесіп отыруға тырысыңыз. Біраз уақыт өткен соң үйдегі қақтығыстардың азайғандығын байқайсыз. Ең бастысы, баламен позитивтік қарым-қатынас өзіңізге де, балаға да жайлы екенін түсінесіз.

10.3.4. И. И. Марковскаяның (ВРР) ата-аналардың балалармен өзара әрекеттесуін зерттеу үшін сауалнама.¹⁰⁹

Автор сауалнаманың үш түрін ұсынады: 1) мектепалды жастағы балалар ата-аналарына; 2) бастауыш сынып оқушылары ата-аналары үшін; 3) жасөспірімдер мен олардың ата-аналары үшін.

Жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына арналған сауалнамада келесідей 10 шкала бар:

1-ші шкала: оның баламен өзара әрекеттесуінде білінетін ата-ананың талап етпеушілігі. Бұл шкала бойынша көрсеткіштер қаншалықты биік болса, соншалықты ол баладан жауапкершілік деңгейін жоғары талап етеді.

2-ші шкала: ата-ананың қаталдығы-жұмсақтығы. Бұл шкала нәтижелері бойынша балаға пайдаланылатын қаталдық, өктемдік, бала мен ата-ананың өзара қарым-қатынасында тағайындалатын ережелердің қаталдығы, баланы бір нәрсеге мәжбүрлеу дәрежесі туралы айтуға болады.

3-ші шкала: жекешелену – балаға қатысты бақылау жүргізу. Бұл шкала бойынша көрсеткіш қаншалықты жоғары болса, соншалықты балаға қатысты

¹⁰⁹ «Тәжірибелік психологтың журналы», №3, 1998, 51-55 б.

бақылау тәртібі анығырақ болады. Жоғары дәрежедегі бақылау ұсақ-түйек камқорлықта, шектеулікте көрінеді; төменгі дәрежедегі бақылау баланың толығымен жекешеленуіне, балаға немқұрайлықпен қарау немесе оған ерекше сүйіспеншілік білдіруден туындаған барлығына рұқсатының болуына әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, төменгі дәрежеде қалыптасқан бақылау балаға деген сенімді білдіру немесе ата-ананың оған өздігінен жұмыс істеу дағдысын сіңіруге тырысуынан да туындауы мүмкін.

4-ші шкала: эмоционалдық қашықтық – ата-анаға баланың эмоционалдық жақындығы. Бұл шкаланың баланың ата-анаға жақындығы туралы арнайы көңіл бөлетіндігіне назар аудару керек. Мұндай тұжырымдама сауалнаманың айна тәріздес үлгісіне байланысты, ол бойынша балалар өздерінің ата-анаға жақындығын, өздерінің ең маңызды және құпиялы нәрселерімен бөлісу тілегін бағалайды. Ата-ана мен баланың берілгендерін салыстыра отырып, ата-ананың ойларының нақтылығы, оларға баланың жақындығын басыра бағалау немесе жеткізбей бағалау туралы айтуға болады.

5-ші шкала: баланы ата-аналардың шеттетуі- қабылдауы. Бұл шкала ата-ананың балаға деген базалық қатынасын, оның жеке тұлғалық қасиеттерін, мінез-құлқы тәртібін қабылдауды немесе шеттетуді көрсетеді.

Баланы тұлға ретінде қабылдау оның жеткілікті дамуындағы, оның өзін бағалаудағы маңызды шарты болып табылады. Ата-ананың мінез-құлқын бала қабылдаушы немесе шеттетуші ретінде түсінеді.

6-шы шкала: ынтымақтастың болмауы-ынтымақтастық. Ата-аналар мен балалар арасында ынтымақтастықтың болуы өзара әрекеттесу сипатын мейлінше жақсы сипаттайды. Ынтымақтастық баланың өзара әрекеттесуге кірісуінің, оның құқықтары мен ерекшеліктерін қабылдау нәтижесі болып табылады. Ол ата-ана мен бала арасындағы теңдік пен серіктестікті білдіреді. Ынтымақтастықтың болмауы қарым-қатынастардың бұзылуын, тәрбиенің үстемдік, немесе немқұрайлылық, жіберіп алғандық стилінің нәтижесі болуы мүмкін.

7-ші шкала: бала мен ата-ана арасындағы келіспеушілік-келісімдік. Бұл шкала да ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастар сипатын және әртүрлі өмірлік жағдайлардағы олардың арасында болатын келісімдік дәрежесін айқындайды. Сауалнаманың екі үлгісі пайдаланылады: балалар және ересектер сауалнамасы, келісім дәрежесін тек қана осы шкала бойынша емес, басқалары бойынша да анықтауға болады, себебі бұл жерде олардың арасындағы келіспеушілік - ата-ана мен бала арасындағы әр түрлі көзқарастың болатындығы туралы айтуға болады.

8-ші шкала: ата-ананың бірізділікте болмауы- бірізділік. Бұл шкалада ата-ананың өзінің қойған талаптарында, баласына қатысты жазалаулар мен мадақтауларды пайдалануында қаншалықты бірізді екені айқындалады. Ата-ананың өз сөзінде тұрмауы эмоционалдық тепе-теңдіктің болмауы, балаға деген шеттетулі көзқарас нәтижесі болуы мүмкін.

9-шы шкала: ата-ананың беделділігі. Бұл шкала нәтижелері ата-ананың балаға әсер ету саласындағы өзін бағалауды білдіреді, оның ойлары, пікірлері, әрекеттері мен істері балаға қаншалықты беделді, үлгілі болатынын көрсетеді.

Баланың берілгендерімен салыстыру ата-ананың беделдігін бағалауда келіспеушілік дәрежесі туралы талқылауға мүмкіндік береді. Балалар ата-анасының беделділігіне жоғары баға берген кезде ол, көбінесе ата-анаға деген жағымды көзқарасты білдіреді, сондықтан бұл шкаланың көрсеткіштері келесі 10 шкаланыкіндей ата-ананың балаға көзқарасының позитивтілігі-негативтілігін диагностикалау үшін өте маңызды болып табылады.

10 шкаланың көрсеткіштері бойынша қанағаттанудың ортақ дәрежесі туралы талқылауға болады. Қанағаттанудың төменгі дәрежесі ата-ана – бала қарым-қатынасындағы кемшіліктерді және мүмкін болатын келіспеушіліктер мен қалыптасқан отбасылық жағдайға қобалжулықты меңзейді.

Жасөспірімдердің ата-аналары үшін сауалнама нұсқасы мектепалды мен бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына арналған сауалнаманың басқа нұсқасына негіз болды. Бұл жастағы балаларға сәйкес келмейтін кейбір сұрақтар өзгертілді және «келіспеушілік-келісім» және «ата-ананың үстемшілдігі/авторитарлығы» екі (7 және 9 шкалалар) шкаласының орнына жаңа екі шкала енгізілді:

7-ші шкала: бала үшін қобалжу, қауіптену;

9-шы шкала: отбасыдағы тәрбиелік конфронтация.

Мұндай ауыстыру бұл шкалалардың көрсеткіштері психолог-кеңесшіге құнды ақпаратты беруі мүмкін. Сонымен бірге, 7 және 9 шкалаларды ауыстыру балаларға арналған параллельді үлгінің болмауымен себепті, себебі бұл жастағы балалар сұрақтарға жауап беруге қиналады, ал балалардың берілгендерімен келісім мен авторитарлықты салыстырмау диагностикалық мәнін жояды.

Сауалнама «Ата-ананың баламен өзара әрекеттесуі» – кіші буын оқушыларының ата-аналарына нұсқа.

Нұсқау: алдарыңызда 60 пайымдама бар. Солармен келіскендігіңізді 5 ұпай қоя арқылы белгілеңіз:

5 – әрине солай (өте нық келісу);

4 – иә, солай ғой;

3 – иә де, жоқ та;

2 – иә дегеннен гөрі, жоқ-дұрыс шығар;

1 – жоқ (мүлдем келіспеу).

Алынған жауаптарыңызды бланкке тіркеңіздер.

1. Мен баладан бір нәрсені талап етсем, соған міндетті түрде қол жеткіземін.
2. Мен оны жаман қылықтары үшін үнемі жазалаймын.
3. Ол қандай киім кию керектігін өзі шешеді.
4. Менің баламды жалғыз қалдырып кете беруге болады.
5. Ұлым (қызым) онымен не болып жатқанның бәрін маған айтады.
6. Ол өмірде ешнәрсеге қолы жетпейді деп ойлаймын.
7. Мен оның бойында маған ұнайтыннан гөрі, ұнамайтындарын жиі айтамын.
8. Біз үй жұмысын жиі бірлесіп атқарамыз.
9. Мен баламның денсаулығы үшін үнемі қобалжимын.

10. Мен өз талаптарымда бірізді емес екенімді сезінемін.
11. Біздің отбасыда келіспеушіліктер жиі болып тұрады.
12. Мен балаларым өз балаларын дәл өзімдей сияқты тәрбиелегенін қалар едім.
13. Менің ұлым (қызым) анда-санда ғана мен сұраған бір нәрсені айтқанда істейді.
14. Мен өз баламның әрекеттерін бақылауға тырысамын.
15. Оған ең бастысы мені тыңдау керек деп есептеймін.
16. Егер де ол бір бақытсыздыққа ұшыраса, ол бірінші кезекте менімен бөліседі.
18. Мен оның айналысатын ісін ұнатпаймын.
19. Мен оны өзім қалағандай ақылды және талапты деп санамаймын.
20. Өзімнің дұрыс істемегенімді қабылдап, кешірім сұрай аламын.
21. Мен баламмен бір жаман жағдай болуы мүмкін деп жиі ойлаймын.
22. Менің оған деген көзқарасымды алдын-ала болжау қиынға соғады.
23. Егер де отбасының басқа мүшелері кедергі болмаса, менің баламды тәрбиелеу жақсырақ болар еді.
24. Маған баламмен екеуіміздің арамыздағы қарым-қатынасымыз ұнайды.
25. Үйде, достарына қарағанда, оның орындайтын міндеттері көп.
26. Оған денелік жазалауды пайдалануға тура келеді.
27. Оған тіпті өзі қаламаса да менің айтқанымды істеуіне тура келеді.
28. Мен оған не керек екенін ұлымнан (қызымнан) артық білемін.
29. Мен өз балама ылғи жаным ашиды.
30. Мен оны түсінбейтін сияқтымын.
31. Мен оның бойында көп нәрсені өзгерткім келеді.
32. Отбасылық шешім қабылдағанда оның пікірін есепке аламын.
33. Мен өзімді қауіпшіл анамын (әкемін) деп ойлаймын.
34. Менің мінез-құлқым оған жиі күтпегендей болады.
35. Мен баламды жазалаған кезде менің күйеуім (әйелім, әжем және т.б.) тым қаталдығымды бетіме басады.
36. Мен өз баламды былай алғанда дұрыс тәрбиелеп жатырмын деп санаймын.
37. Мен оған өте көп талап қоямын.
38. Мен - мінезім жұмсақ адаммын.
39. Мен оған жалғыз есік алдында қыдыруға рұқсат беремін.
40. Мен оны өмірдің қиындықтары мен жағымсыздықтарынан шет ұстауға тырысамын.
41. Мен кемшіліктерім мен әлсіздіктерімді байқатпаймын.
42. Маған баламның мінезі ұнайды.
43. Мен оны ұсақ-түйекке бола жиі сынаймын.
44. Әрқашанда оны тыңдауға дайынмын.
45. Оны кез-келген қауіп-қатерден сақтау-менің парызым деп есептеймін.
46. Мен өзім жасағандай қылықтарым үшін оны жазалаймын.
47. Баланы отбасының басқа мүшелеріне қарама-қарсы қоятыным болып тұрады.
48. Мен онымен күнделікті қарым-қатынастан шаршаймын.
49. Маған оны істегісі келмейтін нәрселерге мәжбүрлеуге тура келеді.

50. Мен оған басқалары сол үшін жазалайтындай нәрселерді кешіремін.
51. Мен ол туралы білгім келеді: не ойлайтынын, өз достарына қарым-қатынасын және т.б.
52. Ол бос уақытында үйде немен айналысқысы келетінін өзі таңдайды.
53. Мен оған ең жақын адамымын деп ойлаймын.
54. Мен оның тәртібін қолдаймын.
55. Мен оған наразы екенімді жиі білдіремін.
56. Ол өзі ойлап шығарған істерге қатысамын.
57. Мен оны біреу ренжітеді деп жиі ойлаймын.
58. Жиі мен оны сол бір нәрсе үшін кемшілігін бетіне басатын, сол үшін мақтайтын да кездерім болады.
59. Мен оған бір нәрсені айтап жатсам, күйеуім (әйелім, әжесі және т.б.) керісінше айтатын жағдайлар болады.
60. Көптеген таныстарымыздың отбасыларына қарағанда менің баламмен қарым-қатынасым жақсы сияқты.

Тіркеу бланкі

Ата-ананың аты-жөні _____
 жасы _____
 білімі _____
 баланың аты-жөні _____ оның жасы _____

Ұпайлары

	Ұпай		Ұпай		Ұпай		Ұпай		Ұпай
1		13		25		37		49	
2		14		26		38		50	
3		15		27		39		51	
4		16		28		40		52	
5		17		29		41		53	
6		18		30		42		54	
7		19		31		43		55	
8		20		32		44		56	
9		21		33		45		57	
10		22		34		46		58	
11		23		35		47		59	
12		24		36		48		60	

Сауалнаманың нәтижелерін санау және өңдеу

Сауалнаманың барлық үш формасы (балалар мен ересектердікі) ұқсас сызба бойынша өңделеді. Әр шкала бойынша ұпайлардың жалпы саны есептеледі, мұнда ол тура немесе кері пайымдамалар екендігі есепке алынады. Кері тұжырымдар ұпайларға келесі тәртіппен ауыстырылады:

жауаптар 1 2 3 4 5
ұпайлар 5 4 3 2 1

Бланк-кілттерде кері сұрақтар жұлдызшалармен белгіленген. 3 және 5 шкалалар 5 емес, 10 тұжырымнан тұратын болғандықтан, арифметикалық ұпайлардың сомасы бұл шкалалар бойынша екіге бөлінеді. Жиынтық бағасы тіркеу бланкінің соңғы бағанасына қойылады. Бланктің жауаптарға арналған бір шкалаға тиісті болады (кілтті қараңыз). Мысалы, 1 шкалаға 1, 13, 25, 37, 49 тұжырымдары жатса, 10 шкалаға: 12, 24, 36, 48, 60; , 3-шіге: 3, 4, 15, 16, 27, 28, 39, 40, 51, 52 жатады және т. с.с.

	Ұпай		Ұпай		Ұпай		Ұпай		Ұпай	Шкаласы бойынша нөмірі
1		13	***	25		37		49		1
2		14	***	26		38	***	50	***	2
3	***	15		27		39	***	51		3
4	***	16		28		40		52	***	/2
5		17		29		41	***	53		4
6	***	18	***	30		42		54	***	5
7	***	19	***	31	***	43	***	55		/2
8		20		32		44		56		6
9		21		33		45		57		7
10	***	22	***	34	***	46	***	58	***	8
11		23		35		47		59		9
12		24		36		48	***	60		10

Кіші сынып оқушылары ата-аналары үшін сауалнаманың шкалалары

1. Талап қоймау – талаптылық.
2. Жұмсақтық – қаталдық.
3. Жекешелену – бақылау.
4. Эмоционалдық қашықтық – жақындық.
5. Шеттету – қабылдау.
6. Ынтымақтастық болмауы – ынтымақтастық.
7. Бала үшін қауіптену.
8. Тұрақсыздық - бірізділік.
9. Отбасыдағы тәрбиелік конфронтация.
10. Баламен қарым-қатынасқа қанағаттану.

Кесте. Мектепалды жасындағы балалардың және кіші сынып оқушыларының ата-аналарын іріктеуінің ВРР сауалнамасының пайыздық стандартталуы (280 адам).

Процентили	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
10	11	7	10,5	14	12	15	11	10	5	13
20	12	9	12,5	16	14	17	13	12	6	15
30	13	10	13	18	15	17	15	15	8	16
40	14	11	14	19	16	18	16	16	9	17
50	14	12	14,5	20	16,5	20	18	17	9	18
60	15	13	15,5	20	17,5	20	19	19	10	19
70	16	14	16	21	18	21	20	20	12	20
80	17	15	17	22	19	22	21	21	14	21
90	18	17	18	23	19,5	23	22	22	17	22
100	23	15	21	25	21,5	25	25	25	25	25

10.3.5. Е. Шефер, Р.К.Белл (Т.В.Нещерет бейімдеуімен) ата-аналар ұстанымдары мен реакцияларының өлшемдері (PARY) әдісі.¹¹⁰

PARI әдісі (Parental Attitude Research Instrument) ата-аналардың отбасының неше түрлі қырларына деген көзқарасын зерттеуге бағытталған. Оның авторлары – американдық психологтар Е. С. Шефер мен Р. К. Белл. Көптеген жылдар бойы бұл әдістеме АҚШ-та және де көптеген Еуропа елдерінде жемісті қолданылып келеді.

PARY сауалнамасы ата-ана тәрбиесінің ортақ ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Ол нақты баланы тәрбиелеудің нұсқамаларына байланысты емес. Ата-аналар жалпы баланың тәрбиесіне қатысты өз пікірлерін білдіреді. Жалпы сұрақтарды берілген сауалнаманың нәтижелерін шығару, әрине, психодиагностика саласындағы арнайы дайындықты қажет етеді, сондықтан оны мектеп психологы жүзеге асырады.

Біз сауалнаманы кітапқа оның үлкен ақпараттық күшінің болу себебінен енгізіп отырмыз. Бір рет игерілген соң, ол психолог үшін оның ата-аналармен жұмысына ұзақ уақытқа жақсы қызметін атқаратын болады.

Әдістемеді ата-аналардың балаға және отбасыдағы өмірге алуан қырлы қарым-қатынасының 23 аспектісі белгісі бөлінген. Олардың 8 белгісі отбасылық рөлге көзқарасын сипаттайды және 15-і ата-ана – бала қарым-қатынасына қатысты. Бұл 15 белгісі 3 топқа бөлінеді:

- I – тиімді эмоционалдық байланыс,
- II – баламен артық эмоционалдық қашықтық,
- III – баладағы артық концентрация.

¹¹⁰ Экспериментті және қолданбалы психология бойынша практикум / А.А. Крыловтың редакц. – Л., 1990.

Бұл шкалалар келесідей түрде болады:

Отбасылық рөлге көзқарас 8 белгінің көмегімен бейнеленеді (олардың нөмірлері сұрақ қағазында 3, 5, 7, 11, 13, 17, 19, 23):

- әйел адамның отбасы шеңберімен, отбасы туралы қамқорлықпен шектелуі (3);
- ана рөлінде өзін құрбандыққа шалуды сезіну (5);
- отбасылық келіспеушіліктер (7);
- ата-аналардың тым үлкен беделі (11);
- әйелдің үй иесі рөліне қанағаттанбауы (13);
- күйеуінің «қатыспаушылығы», оның отбасы істеріне кіріспеуі (17);
- анасының үстемдігі (19);
- анасының тәуелділігі мен өздігінен әрекет ете алмауы (23).

Ата-аналардың балаға көзқарасы:

I. Тиімді эмоционалдық байланыс (4 белгіден тұрады, олардың нөмірлері сұрақ қағазы бойынша 1, 14, 15, 21):

- сөздік белгілер, вербализациялауды ояту (1);
- серіктестік қарым-қатынастар (14);
- баланың белсенділігін дамыту (15);
- ата-ана мен бала арасындағы тепе-теңдік байланыстар (21).

II. Баламен артық эмоционалдық қашықтық (3 белгіден тұрады, нөмірлері 8, 9, 16):

- ашуланшақтық, қызулық (8);
- қаталдық шектен тыс өктемдік (9);
- баламен байланыстан қашқақтау (16).

III. Баладағы артық концентрация (8 белгімен сипатталады, олардың нөмірлері 2, 4, 6, 10, 12, 18, 20, 22):

- шектен тым қамқорлық, тәуелділік қарым-қатынасын орнату (2);
- қарсылықты жеңу, еркін басу (4);
- қауіпсіздікті құру, ренжітіп алу қаупі (6);
- отбасыдан тыс ықпал етулерді болдырмау (10);
- агрессиялығын басу (12);
- әңгілігін басу (18);
- баланың өміріне тым көп араласу (20),
- баланың дамуын тездетуге ұмтылу (22).

Әрбір белгі өлшегіш қабілеті мен мағыналық мазмұны көзқарасы тарапынан 5 тұжырым көмегімен өлшенеді.

Барлық әдістеме 115 тұжырымнан тұрады. Олар белгілі бір тәртіппен орналасқан және жауап беруші белсенді немесе жартылай келісу немесе келіспеу түрінде өзінің көзқарасын білдіруге тиісті. Сандық мағынасының жиынтығы белгінің анықталғандығын білдіреді. Осылайша, белгінің максималды білінуі 20, минималдысы 5; жоғары бағалар – 18, 19, 20, осыған сәйкес, төмен бағалар – 8, 7, 6, 5.

Бірінші кезекте жоғары және төмен бағаларды сараптау мағыналы болады.

Әдістеме отбасының ішіндегі қарым-қатынас ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік береді. Отбасыда қарым-қатынастың жеке аспектілерін бөліп қарастыруға болады:

– шаруашылық- тұрмыстық, жанұяда тұрмысты ұйымдастыру (әдістемеде бұл 3, 13, 19, 23 шкалалар);

– жұбайлар арасындағы адамгершілік, эмоционалдық қолдауға, демалысты ұйымдастыруға, өзінің және серіктесінің дамуы үшін ортаны құруға байланысты қарым-қатынастар (17 шкала);

– баланың тәрбиесін қамтамасыз ететін «педагогикалық» қарым-қатынастар (әдістемеде 5, 11 шкалалар).

Сандық көрсеткіштер бойынша отбасының алдын-ала портретін құруға болады. 7 шкала өте маңызды (отбасылық келіспеушіліктер). Бұл шкала бойынша жоғары көрсеткіштер келіспеушілік туралы, келіспеушілік отбасыдан жұмыс, өндіріс салаларына ауыстырылуы туралы мазмұндайды.

Психологиялық көмек отбасылық келіспеушілікті шешуге және өндірістік ұжымда қарым-қатынасты жақсартуға бағытталады.

3 шкала бойынша жоғары бағалар өндірістік проблемалардан гөрі отбасылық проблемалардың басымдылығын, «істің» мүддесінің екінші мағынасын көрсетеді, ал керісінше 13 шкала туралы айтуға болады. Осы белгі бойынша жоғары бағаға ие болған тұлғаларға отбасыға тәуелділік, шаруашылық қызметтерді бөлгендегі төменгі келісімділік тән болады. Отбасының нашар интеграциялануы туралы 17,19,23 шкалалардағы жоғары бағалар айтады.

Отбасылық рөлге көзқарасты сараптау психологқа зерттелушінің отбасылық қарым-қатынасының ерекшелігін түсінуге, оған психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Ата-аналар мен балалар қарым-қатынасы әдістемедегі негізгі сараптау заты болып табылады. Бірден жасауға болатын негізгі қорытынды – бұл ата-ана мен бала арасындағы байланысты оның тиімділігі тарапынан бағалауға болады. Ол үшін шкалалардың бірінші үш топтары бойынша орта бағалары салыстырылады: тиісті байланыс, эмоционалдық қашықтық, концентрация.

Жекелеген шкалаларды сараптау арнайы қызығушылықты танытады, ол ата-ана мен бала арасындағы сәтсіз қарым-қатынастардың, бұл байланыстағы қобалжушылық аймағының ерекшеліктерін түсінудің кілті болып табылады. Әдістеме психодиагностикалық әңгімелерді дайындау және өткізуге де көмегін тигізеді.

Нұсқау: сіздің алдыңызда ата-ана ретінде бала тәрбиесі туралы не ойлайтыныңызды түсінуге көмектесетін пайымдамалар жатыр. Мұнда «дұрыс» немесе «дұрыс емес» жауаптар жоқ, себебі әрқайсыңыздікі жеке көзқарастарыңызға байланысты дұрыс болып табылады. Дұрыс нақты және

ашық жауап беруге тырысыңыздар. Кейбір сұрақтар сіздерге бірдей сияқты болып көрінеді. Бірақ, бұл олай емес. Ұқсас, бірақ бірдей емес сұрақтар бар. Бұл бала тәрбиесіне көзқарастағы кішігірім айырмашылықтарды ұстап алуға көмектеседі. Сауалнаманы толтыруға 20 минуттай уақыт керек болады, жауапты ұзақ ойластырмай, тез жауап беріңіз, ойыңызға келген бірінші жауапты белгілеуге тырысыңыз.

Сауалнама қағазында сұрақ нөмірінің жанында 4 немесе 3, немесе 2, немесе 1 қойыңыз, оларды берілген ереженің дұрыстығымен өзіңіздің пайымдамаңызға байланысты таңдайсыз:

- 4 – егер берілген ережеге толығымен келіссеңіз;
- 3 – егер берілген ережемен келіспегеннен гөрі, келісетін болсаңыз;
- 2 – келіскеннен гөрі, келіспейтін болсаңыз;
- 1 – берілген ережемен толығымен келіспейтін болсаңыз.

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ОТБАСЫЛЫҚ ПАЙЫМДАМАЛАР ТІЗІМІ:

1. Балалар өздерінің ойлары дұрыс екендігін сезінсе, ата-аналар пікірімен келіспей-ақ қоюына болады.

2. Жақсы ана баласын тіпті маңызы аз өмірдің қиындықтарынан қорғауы керек.

3. Жақсы ана үшін үйі – ең бастысы.

4. Кейбір балалардың жаман болатындығы соншалық, тіпті ересектің алдындағы қорқынышы оларға жақсы әсер етуі мүмкін.

5. Өз ата-аналары балалары үшін көп нәрседен бас тартанынын балалары білуі тиіс.

6. Баланы шомылдырған кезде қатты ұстап тұру керек, себебі ол қолдан тайып кетуі мүмкін.

7. Некеде ұрыспай тұрамыз деп ойлайтын адамдар өмірді білмейді.

8. Уақыт өте бере балалар қатал тәртіп үшін рахмет айтатын болады.

9. Балалар кез-келген әйелді ашуландырады, егер олардың жанында күні бойы болуға мәжбүр болса.

10. Бала шешесінің дұрыс айтқандығына ешуақытта күманданбаса бала үшін ол өте жақсы болады.

11. Көптеген ата-аналарға балаларының бойында ата-аналарды тыңдау мен пікірін қабылдауды тәрбиелек керек еді.

12. Бала кез-келген жағдайда төбелесті болдырмайтындай қылып тәрбиеленуі тиіс.

13. Үй шаруасын жүргізуде әйел үшін ең жаманы – ол барлығын істеп үлгере алмайтындығын сезінуі.

14. Ата-аналарға балалардың өзіне бейімделуін күткенше, өздері балаларға бейімделуі қажет еді.

15. Балаға өмірде көп нәрсені игеру қажет болғандықтан, оған жайдан-жай уақытын өткізу кешірімсіз болады.

16. Егер сіз балаңызға наразылығын білдіруге рұқсат берсеңіз, ол есейген сайын одан да көп наразылығын білдіреді.

17. Егер әкелер мейірімдірек болса, аналар балаларымен жеңіл айналысар еді.

18. Кішкентай балаға жеңсіктік туралы әңгіме есту қажет емес.

19. Егер анасы үйде жақсы дәстүрлерді құрай алмаса, онда күйеуінде де, баласында да артық қиыншылықтар болады.

20. Анасы баласының не ойлайтындығы туралы барлығын білу керек деген ережені ұстануы керек сияқты.

21. Егер де ата-аналар олардың істеріне қызығушылық танытса, балалар бақыттырақ болар еді.

22. Балалардың көбісі 15 айға жақындағанда дәретханаға отыруға үйретілуі керек.

23. Жас ана үшін бірінші туған баласын ешкімнің көмегінсіз бағуынан жаман нәрсе жоқ.

24. Егер балалар отбасыдағы кейбір ережелер дұрыс емес десе, балалардың айтуға ұмтылуын ынталандыру қажет.

25. Анасы баласын түңілуден қорғау үшін барлығын жасауы керек.

26. Кештерге көп баратын ана сирек жағдайда ғана жақсы ана бола алады.

27. Баланың жаман әрекетінің себебін жою арқылы жаман қылықты болдырмауға болады.

28. Баласының бақыты үшін анасы өз бақытын беруге дайын болуы керек.

29. Барлық жас аналар бала бағуда епсізбін деп қорқады.

30. Кейде әйел адамның өзінің жағдайын бекіту үшін еркекпен ашық және қатал сөйлесуі қажет болады.

31. Қатал тәртіп күшті мінезді дамытады.

32. Аналарды өз балаларына енді бір минут та шыдай алмайтындай сезім жиі пайда болады.

33. Ата-аналар балаларының көзінше ешқашан жаман көрінбеуі тиіс.

34. Балаларды басқа үлкендерден гөрі, өз ата-аналармен санасуға үйрету керек.

35. Қақтығыс жағдайында ол төбелес шығармай, ата-анасы мен мұғалімімен байланысатындай қылып тәрбиелеу керек.

36. Барлық уақытын баласына бөлетін әйелде «Қанаты қиылғандай» сезім болады.

37. Ата-аналарға балаларының сыйластығын өз әрекеттері арқылы алуға болады.

38. Жеміске жету үшін күш салмайтын балалар кейінірек көп нәрсені жіберіп алғанын түсінеді.

39. Баланы өз проблемалары туралы айтуға ынталандыратын ата-аналар кейде оны өз жайына қалдыру керектігін түсінбейді.

40. Еркектер өзімізді азайтса, үй шаруасы бойынша өзінің жұмыс бөлігін белсендірек атқарар еді.

41. Кішкентай қыздар мен ұлдарға бір-бірін жалаңаш көруге рұқсат бермеу өте маңызды.

42. Балалар үшін және күйеуі үшін анасының қиыншылықтарды өзі жеңе білгендігі жақсы болады.

43. Баланың ата-анасынан құпиясы болмау керек.

44. Егер баланың әзіліне күліп, онымен бірге күлсеңіз, отбасыда көп нәрсені жеңілдетеді.

45. Бала жүруді қаншалықты тез үйренсе, оны үйрету соншалықты жеңіл болады.

46. Егер әйел адам үнемі тәрбие жүгін өзі ғана арқаласа, бұл әділетсіздік болып саналады.

47. Баланың өзіндік көзқарасына құқысы бар және оған онысын білдіруге мүмкіндігі болу керек.

48. Баланы өзіне өте ауыр және қажытатындай жұмыстан алшақтату керек.

49. Әйел таңдай жасау керек: немесе ол жақсы үй иесі болады, немесе көршілермен және достарымен қарым-қатынаста болады.

50. Ақылды ата-аналар отбасыда шешімді кім қабылдайтынын балаға ерте түсіндіреді.

51. Әйелдердің көбісі балаларына жасаған жақсылықтары үшін алғыстарын ала алмайды.

52. Шешесі, егер баласы бақытсыздыққа ұшыраса, өмір бойы өзін кінәлайды.

53. Тіпті күйеуі мен әйелі бір-бірін жақсы көрсе, олар бәрібір бір-бірін ашуландырып, ұрсысуы мүмкін.

54. Қатал ережелерде тәрбиеленетін балалар өте жақсы адамдар болып өседі.

55. Анасының баласымен күні бойы өте кішіпейіл, мейірімді болу сирек кездеседі.

56. Балаларға ата-аналардың көзқарасына күмән келтіретіндей үйден тыс жердегі нәрсені білуге болмайды.

57. Ата-анасының ақылдылығынан артық ақыл жоқ екендігін бала ерте түсіне бастайды.

58. Басқа баланы ұратын баланы ақтауға болмайды.

59. Көптеген жас аналар үйге байланып қалғандығын ауырлық деп санайды.

60. Балаларды өте жиі келісімге мәжбүрлеу әділетсіз болады.

61. Ата-аналар балаларын өмірде бір нәрсеге қол жеткізу, уақытын зая кетірмей, іспен айналысу керектігін түсінетіндей қылып тәрбиелеу қажет.

62. Ата-аналар балалардың өздерінің мазасын алмайтындығындай қылып бірден жолға қоюы керек.

63. Анасы баласының тәрбиесіне күші жетпей жатса, ол әкесінің үй шаруасына көмектеспейді дегенді білдіреді.

64. Жеңсіктік проблемасы қызықтыратын балалар, есейе келе, жеңсіктік қылмыстар істейді.

65. Үй шаруасын жоспарлауды анасы жүзеге асыру қажет, себебі, ол үйде не болып жатқандығын біледі.

66. Қобалжулы ата-аналар баласының не ойлайтындығын білгісі келеді.

67. Баласының кештері, ғашықтығы, қалжыңдары туралы әңгімелерін қызығушылықпен тыңдайтын ата-аналар олардың есеюін жеңілдетеді.

68. Ата-аналар баласымен эмоционалдық байланысын ертерек үзсе, өзінің проблемаларын шешу оңайырақ болады.

69. Ақылды әйел баласы туғанға және туғаннан кейін де қасында үнемі біреудің болғанына барлық күшін салады.

70. Қандай-да бір шешім қабылдарда ата-аналар өз балаларының пікірімен санасуы қажет.

71. Ата-аналары баласының қиын жағдайға ұшырамауы үшін барлық күшін жұмсайды.

72. Көптеген аналарының өз орындары үйде екенін ұмытып кетеді.

73. Балаларға өздерінің табиғи зиянды әдеттерінен бас тартуға көмектесу керек.

74. Балалар өздерінің аналарына барынша көңіл бөлуі керек, себебі олар көп нәрсені солар үшін басынан кешіреді.

75. Көптеген ата-аналар кішкентай сәби баласын күтуде бір жерін жарақаттап аламын деп қауіптенеді.

76. Отбасыда бейбіт жолмен шешілмейтін келіспеушіліктер болып тұрады.

77. Көптеген балалардан, әдеттегіден гөрі, тәртіпті болуын көбірек талап ету керек.

78. Баланы тәрбиелеу – жүйке үшін бұзушылық жұмыс.

79. Балаға ата-анасының не ойлап отырғаны туралы сұрамау керек.

80. Ата-аналар өз балаларының жоғары бағалауы мен сыйласымдылығына лайықты.

81. Балаларды төбелестіру мен күресуге ынталандырмау керек, себебі бұл жағымсыздықтар мен жарақаттарға әкеледі.

82. Баланы тәрбиелеудегі жағымсыз жақтың бірі сіздің қалағаныңызды істеуге уақытыңыздың жеткіліксіз болуында.

83. Белгілі бір шеңберлерді ата-аналар баламен тең дәрежеде байланыста болу керек.

84. Ата-анасымен формалды емес қарым-қатынасы орнаған бала көбінесе бақытты болады.

85. Егер бала бір нәрсеге қапаланса, онда бұл мәселеге маңызды көңіл аудармай, оны жалғыз қалдырғаны дұрыс.

86. Егер аналар ең қажетті арманын жүзеге асыра алатын болса, олар күйеулерінің мейлінше сезімтал болуларын тілер еді.

87. Секс – тәрбиенің ең күрделі жүйесінің бірі.

88. Отбасы үшін барлық жауапкершілікті анасы өзіне алса, отбасы үшін бұл жақсы.

89. Анасы баласының өмірінде не болып жатқанын білуге құқылы, себебі бала-оның бір бөлігі.

90. Егер ата-аналар кейде балалармен әзілдесе, онда балалар кеңестерін жақсы қабылдайды.

91. Баланы дәретханаға ертерек үйрету үшін анасы барлық күшін салу керек.

92. Көптеген әйелдерге қазіргіге қарағанда бала туғаннан кейін үйде отыруға көбірек уақыт қажет.

93. Егер балада бір жайсыздықтар болса, ол ата-анасына сол туралы айтса, ол өзін жазаламайтындығын білген абзал.

94. Өздеріне деген сенімдіктен айырмау үшін балаларды ауыр жұмыстардан арылту керек.

95. Жақсы анаға отбасы ішіндегі байланыс толығынан жеткілікті болады.

96. Кейде ата-аналардың балалардың жігерін сындыруы қажет болады.

97. Аналар өздерінің барлық сүйікті істерін бала үшін құрбандыққа шалады.

98. Анасы өзінің кінасынан баласына бір нәрсе болып қалмасын деп қорқады.

99. Егер некеге әрқайсының өз пікірі бар екі адам отырса, ұрыс-жанжалдардың болуы табиғи нәрсе.

100. Қатал тәрбиедегі балалар бақыттырақ болады.

101. Егер бала «менменшіл» және талап қойғыш болса, ол анасының ашуын келтіреді.

102. Баласының көзінше анасын сынаудан жаман нәрсе жоқ.

103. Балаларда ең алдымен ата-аналарды тыңдау мен ата-аналар пікірін қабылдауды тәрбиелеу керек.

104. Көптеген ата-аналар байсалды балаларды қалайды.

105. Жас ана үшін баланы күту ауыртпалық әкеледі, себебі ол өзін өмірдің басқа салаларында жүзеге асыруына мүмкіндік бермейді.

106. Ата-аналардың қалай өмір сүргісі келсе солай өмір сүруіне, ал балаларға соны жасауға тыйым салуға ешқандай негіз жоқ.

107. Жайдан-жай өткізген уақыт бос кеткен уақыт екенін бала ертерек ұқса, оған жақсы болады.

108. Егер сіз бала проблемаларына қызығушылық танытсаңыз, онда балалар әдетте оны қолдау үшін неше түрлі оқиғаларды ойдан шығарады.

109. Бала тәрбиелеуші әйелдердің де демалғысы келетінін еркектердің көбі түсіне бермейді.

110. Бала жеңсіктік туралы сұрақты көп қойса, онда бір тауқымет бар деген сөз.

111. Күйеудегі әйел отбасылық істерді жүргізуде инициативаны өзіне алу керек екендігін біледі.

112. Анасы баласының барлық құпия ойларын білетіндігіне сенімді болу керек.

113. Егертсіз бір нәрсені баламен бірге жасасаңыз, олар өздерін сізге жақын сезінеді және оларға сізбен байланысу жеңіл болады.

114. Сәбиді ертерек емшектен ажыратуды және құмырадан ішуден бас тартуға үйрету керек.

115. Кішкентай бала жайындағы қамқорлықтың көптігі сонша, онымен әйел жалғыз айналыса алмайды.

PARI тестінің кілті

- 1 – вербализациялау
- 2 – шамадан тыс қамқорлық
- 3 – отбасыға тәуелділік
- 4 – еркін басу
- 5 – өзін құрбан етуді сезіну
- 6 – ренжітіп алу қаупі
- 7 – отбасылық келіспеушіліктер
- 8 – ашуланшақтық
- 9 – шамадан тыс қаталдық
- 10 – отбасыдан тыс ықпал етулерді жою
- 11 – ата-анасының үстем беделі
- 12 – агрессиялықты басу
- 13 – үй иесі (әйел) рөлімен қанағаттанбауы
- 14 – серіктестік қарым-қатынастар
- 15 – баланың белсенділігінің дамуы
- 16 – келіспеушіліктен бас тарту
- 17 – күйеуінің қатыспайтындығы
- 18 – жеңсіктігін басу
- 19 – ананың үстемдігі
- 20 – баланың әлеміне шамадан тыс кірісу
- 21 – қарым-қатынастарды теңестіру
- 22 – баланы тез дамытуға ұмтылу
- 23 – ананың өздігінен әрекет ете алмауы

РАІ тестінің жауаптарына бланкісі

ТАЖ _____

Сіз неше жастасыз _____

Ұлыңыз немесе қызыңыздың) тегі, аты _____

Ол неше жаста _____

Мерзімі _____

Кім толтырды: әкесі, анасы, басқа тәрбиеші _____

Сізде неше бала бар және нешеде _____

1		24		47		70		93		
2		25		48		71		94		
3		26		49		72		95		
4		27		50		73		96		
5		28		51		74		97		
6		29		52		75		98		
7		30		53		76		99		
8		31		54		77		100		
9		32		55		78		101		
10		33		56		79		102		
11		34		57		80		103		
12		35		58		81		104		
13		36		59		82		105		
14		37		60		83		106		
15		38		61		84		107		
16		39		62		85		108		
17		40		63		86		109		
18		41		64		87		110		
19		42		65		88		111		
20		43		66		89		112		
21		44		67		90		113		
22		45		68		91		114		
23		46		69		92		115		

PARY сауалнамасының тестік нормалары
(таңдау —169 адам, аналар)


Шкаланың №	сұғән бағалары									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	5-12	13	14	15-16	17	18	19	20	20	20
2	5	6-7	8	9-10	11-12	13-14	15-16	17-18	19	20
3	5-8	9	10	11-12	13-14	15-16	17-18	19	20	20
4	5-10	11	12	13	14	15-16	17	18-19	20	20
5	5-9	10-11	12	13-14	15	16-17	18	19	20	20
6	5-10	11	12-13	14	15-16	17	18	19	20	20
7	5-9	10-11	12	13-14	15	16-17	18	19	20	20
8	5-6	7	8-9	10-11	12-13	14-15	16-17	18-19	20	20
9	5-7	8	9	10	11-12	13-14	15	16	17-19	20
10	5-10	11	12	13-14	15	16-17	18	19	20	20
11	5-8	9	10	11-12	13	14-15	16-17	18	19	20
12	5-7	8-9	10-11	12-13	14	15-16	17-18	19	20	20
13	5-6	7	8-9	10	11	12-13	14-15	16	17-18	19-20
14	5-10	11	12	13-14	14	16	17	18	19	20
15	5-11	12-13	14-15	16	17	18	19	20	20	20
16	5-7	8-9	10-11	12	13	14-15	16-17	18	19	20
17	5-10	11-12	13	14-15	16-17	18	19	20	20	20
18	5-9	10	11	12-13	14-15	16-17	18-19	20	20	20
19	5-7	8	9-10	11	12	13-14	15-16	17-18	19-20	20
20	5-7	8-11	12-13	14	15-16	17-18	19	20	20	20
21	5-15	16	17	18	19	19	20	20	20	20
22	5-10	11	3	13-14	15	16-17	18	19	20	20
23	5-10	11	12	13-14	15-16	17	18	19	20	20

PARY сауалнамасының тестік нормалары (таңдау – 94 адам, әкелер)

шкал аның №	Стэн бағалары									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	5-11	12-13	14	15-16	17	18	19	20	20	20
2	5-7	8	9	4	11-12	13-14	15-16	17-18	19-20	20
3	5-8	9-10	11-12	13	14-15	16	17-18	19	20	20
4	5-9	10	11-12	13	14	15-16	17	18	19	20
5	5-11	12	13	14	15-16	17	18-19	18-19	20	20
6	5-10	11-12	13	14	15-16	17	18	19	20	20
7	5-9	10	11-12	13	14-15	16	17	18-19	20	20
8	5-6	7-8	9-10	11	12-13	14-16	17	18-19	20	20
9	5-7	8	9-10	11	12-13	14-15	16	17	19	20
10	5-10	11-12	13	14	15	16	17	18-19	20	20
11	5-8	9	10	11-12	13-14	15-16	17	18-19	20	20
12	5-8	9	10	11	12-14	15-16	17	18	19-20	20
13	5-7	8	9	10-11	12	13-14	14-16	17-18	19	20
14	5-11	12	13-	14	15	16	17	18-19	18-19	20
15	5-12	13	14	15-16	17	18	19	20	20	20
16	5-9	10	11	12	13-14	15	16	17	18-19	20
17	5-10	11	12	13-14	15	16-17	18-19	20	20	20
18	5-8	9-10	11-12	13	14-15	16-17	18	19	20	20
19	5-7	8	9-10	11	12-13	14-15	16-17	18	19	20
20	5-9	10	11-12	13-14	15	16-17	18	19	20	20
21	5-14	15	16	17-18	19	19	20	20	20	20
22	5-8	9-12	13	13	14-15	16	17-18	19	20	20
23	5-12	13-14	15	16	17	18	19	20	20	20

Генограмманың форматы

Генограмманы құрастыруда қолданылатын белгілер (отбасыда тұрған немесе отбасы мүшелеріне қамқорлық танытқан басқа мағыналыларды генограммаға кіргізіңіз; оларды генограммдан оң жаққа орналастырыңыз, кім екендерін көрсетіңіз).



ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ¹¹¹

1. Абай. «Қара сөздер» (қазақ тілінен ауд. С. Санбаев), Алматы, Жалын, 1979 ж.
2. Азаров Ю.П. «Отбасылық педагогика. Махаббат пен еркіндік педагогикасы». М., 1993 ж.
3. Алтынсарин, И. 3- томдық шығармалар жинағы: Алма-Ата, 1975 ж.
4. Андреева Т.В. Заманауи отбасының психологиясы. Монография. – СПб.: Речь, 2005 ж.
5. Арғынбаев Х.А. Қазақтардың отбасы мен некесі. Автореф., дис. тар.ғыл.докт. – Алматы, 1975-130 б.
6. Бала құқығы туралы Конвенция, 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас ассамблеясының №44/25 резолюциясымен қабылданған.
7. Боулби Д. Үйреншіктілік. – М.: Гардарики, 2003. – 477 б.
8. Гиппенрейтер Ю.Б. Баламен қарым-қатынаста болу. Қалай? – М.: ЧеРо, Сфера, 2003 ж.
9. Гордон Т. «Тиімді ата-ананың тренингі». М: 2006 ж.
10. Гроллман Э. Суицид: превенция, интервенция, поственция. Суицидология: өткені мен бүгінгісі: философтардың, әлеуметтік мамандардың, психотерапевтің еңбектері және көркем мәтіндердегі өзін-өзі өлтіру проблемасы.— М.: Ко-гито-Центр, 2001 ж.
11. Давлетова А.Д. Ата-ана отбасысының психологиялық кеңістігінде тұлғаның бағытталуы (қазақ отбасысын зерттеу материалдарында). Канд.дисс. М., 2003.
12. Дереклеева Н.И. Ата-аналар жиналыстары. 5-11 сыныптар. – М.: ВАКО, 2004 ж.
13. Джайнотт, Х.Дж. Ата-аналар мен балалар. Москва : Знание, 1986 ж.
14. Джеймс М. Неке мен махаббат / Ағылш.т.ауд.– М., 1985 ж.
15. Доман Г. Баланың үйлесімді дамуы. М: 2009 ж.
16. Жұмабаев М. 3-томдық шығармалар жинағы. Алматы, Жазушы, 2002 ж.
17. Захаров А.И. Балалар неврозы және психотерапия. СПб.: Лениздат, 2000ж.
18. Земска М. Отбасы мен тұлға. Поляк тіл.ауд. М.: Прогресс, 1986 ж.
19. Клауд Г., Таунсед Дж. Адамдар қалай өседі /How People Grow. М.: «Триада» баспасы, 2009 ж.
20. Карнеги Д., «Достардың сенімділігінде қалай болу керек және адамдарға ықпалынды қалай тигізу керек» ағыл. тілін. ауд.: Д.С.Лободенко – Мн.: ООО «СЛК», 1997 – 640 б.

¹¹¹ Педагогтардың назарын тізімде келтірілген классиктердің - әйгілі педагогтардың, ағартушылардың, әдебиетшілердің - Абай Құнанбаевтың, Мағжан Жұмабаевтың, Ыбрай Алтынсариннің, Ян Амос Коменскийдің, Константин Дмитриевич Ушинскийдің еңбектеріне аударамыз. Олармен танысу сіздерге отбасы, мектеп және қоғамның өзара ынтымақтастық үрдісін дамытудағы көзқарасыңызды кеңейтуге мүмкіндік береді.

21. Клецина И.С. Маскулиндылықтың зерттеу аналитикалық жолдарындағы әкелілік. Ресей қоғамындағы әйел. Ресейлік ғылыми журнал. № 3 (52) – 2009. 29-41 б.
22. Коменский Я.А. 2 томдық таңдамалы педагогикалық шығармалар. «Педагогика» баспасы, «Педагогикалық кітапхана» сериясынан: 1982 ж.
22. Кон И.С. Еркектің рөлі мен гендерлік тәртіп //қоғамдық пікір жаршысы. 2008. № 2 (94) наурыз-сәуір, 37-43 б.
23. Кон И.С. Өзін іздеуде. Тұлға және өзіндік санасы. М.: «Политиздат», 1984 ж.
24. Кон И.С. Өзгермелі дүниедегі ер адам. - М.: Время, 2009 ж.
25. Кипнис М. Отбасылық қарым-қатынастың тренингі. 2 бөлім. Ата-аналылық. – М.: «Ось-89», 2008 ж.
26. Қазақстанның демографиялық жыл сайынғы басылымы 2009: М.ж. / ҚР статистика агенттігі. К.С. Әбдиев ред. – Алматы, 2009.
27. Лесгафт П.Ф. «Баланың отбасылық тәрбиелеуі және оның маңызы», 8 басылым. – М.: «ЛИБРОКОМ» кітап үйі, 2010 ж. – 216 б.
28. «Тәрбиенің үздік әдістері». «Отбасылық демалыс клубы» баспасы, Харьков-Белгород, 2011 ж.
29. Макаренко А.С. Шығармалар жинағы, 4 т. М: Изд-во АПН РСФСР, 1957ж.
30. Макаренко А.С. Ата-аналарға арналған кітап. Саратов кітап баспасы, 1953 ж. – 336 б.
31. Мальтеникова Н.П. Полимәдени ортада ата-аналықтың қалыптасуының этнопсихологиялық ерекшеліктері (қазақ, татар және орыс отбасыларының мысалында). Кан.дисс.: Қорған, 2005.
32. Матейчик З. Ата-аналар мен балалар. Поляк тіл. ауд. М.: Просвещение, 1992 ж.
33. Минияров В.М. Отбасылық тәрбиесінің психологиясы (диагностикалық-коррекциялық аспект). – М.: МПСИ; Воронеж: «МОДЭК» МЕҰ баспасы, 2000 ж. («Мектеп психологының кітапханасы» сериясы).
34. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президентінің Кіші ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі, 24 қазан, 2006 жыл.
35. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясының материалдары. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясындағы сөйлеген сөзі. Астана, 2006 жылдың 24 қазаны.
36. Назарбаев Н.Ә. «Оңсыз және солсыз». Өмірбаян беттері, ойлар, баспа сұрақтарына жауап беру. 1991 ж.
37. Пастернак Н.А.. Тәрбие психологиясы. М.: «Академия» баспа орталығы, 2008 ж.
38. Петровский А.В. Балалар және отбасы тәрбиесінің тактикасы. – М.: білім, 1981 ж.
39. Петровский А.В. Әрқайсымыздың психологиясы және әрқайсымызға психология туралы. М., 1996 ж.
40. Психологиялық тестер / А.А. Карелиннің редак: 2 т. М. 2000 ж.

41. Пуриг-Пейаковиг И., Дунъиг Д. Й. Жасөспірімдердің өзіне қол салуы. – М.: Медицина, 2000 ж.
42. Раншбург Й., Поппер П. Тұлғаның құпиялары. «Педагогика» баспасы, 1983 ж.
43. Ратанова Т.А., Шляхта Н.Ф. Тұлғаны зерттеудің психодиагностикалық әдістері. Оқу құралы. – М.: Флинта, 2005 ж. 125 б.
44. Самоукина Н.В., Ойнайтын ойындар, ... Дубна: Феникс, 1997 ж.
45. Сатир В. Отбасының психотерапиясы. «Ювента» баспасы, Санкт-Петербург, 1999 ж.
46. Сатир В. Сіз және сіздің отбасыңыз. Тұлғалық өсу бойынша нұсқау. М.: ЭКСМО, 2002 ж.
47. Снайдер Р. Жасөспірімдер үшін тәжірибелік психология. – М., 1995 ж.
48. Спиваковская А.С. «Қалай ата-ана болуға болады: ата-ана махаббатының психологиясы туралы» М.: Педагогика, 1986 ж.
49. Спок Б. Бала және оның күтімі. М.: РУССЛИТ, 1991.
50. Сухомлинский В.А.. Жүрегімді балаларға беремін. – Киев: «Радянська школа», 1974ж.
51. Сухомлинский В.А. Азаматтың туылуы, М: Просвещение, 1973 ж.
52. Сухотина-Толстая Т.Л. Естеліктер – 359 б.
53. Ушинский К.Д. Педагогикалық шығармалар, 6-томдық. «Педагогика», баспасы, 1988 ж.
54. Фалькович Т.А., Толстоухова Н.С., Обухова Л.А. Ата-аналармен дәстүрлі емес жұмыс түрлері. – М.: Білімдер үшін «5», 2005ж.
55. Филиппова Г. Г. Ана болу психологиясы: Оқу құралы.-М.: Психотерапия институтының баспасы, 2002 ж.
56. Фромм Э. «To Have Or to Be?» («Бір нәрсенің қолда болғаны немесе біреу болу»), М.: АСТ, 2000.
51. Фромм Э. Жақсы көре білу өнері. Махаббат табиғатын зерттеу. Л.А.Чернышеваның ауд. М.: Педагогика, 1990 ж.
52. Хямяляйнен Ю.Ата-аналарды тәрбиелеу: тұжырымдамалар, бағыттар мен перспективалар: бала бақша тәрбиешілері мен ата-аналарға арналған Кітап.М., Баспа: Просвещение, 1993, 112 б.
53. Цветкова Н.А.Күйзеліссіз отбасылық өмір. М.: Центрполиграф, 2010ж.
54. Цветкова Н.А. Отбасылық тарихы қайта құру-психокоррекциялық жұмыстағы тиімді құрал. «IDEAL-Тойч әдісі». М.:Москва психологиялық-әлеуметтік институтының баспасы МЕҰ «МОДЭК», 2010 ж.
57. Чепмен Г. Махаббаттың бес тілі. С-Петербург, 2009, 180 б.
58. Шалғынбаева С.Х. Алматы және Тараз қалаларының қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары мен әлеуметтік мәдени бейнесі (этноәлеуметтік зерттеу): автореф., дис.тарих ғыл.канд. – Алматы, 2002. – 29 б.
56. Эльконин Д.Б. Даму психологиясына кіріспе (мәдени-тарихи теория дәстүрімен, Л.С. Выготский теориясы). — М.: Тривола, 1994 ж.
57. Эриксон Э. Балалық шақ пен қоғам. – СПб: «Питер», 1996 ж.

С.Л. Евдокимова
Н.А. Цветкова

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

1 кітап

30.07.2018 басып шығаруға қол қойылды. № 3603 тапсырыс.
Пішімі 60x84 1/8. 34,4 шарт. басыл. бет. Times New Roman гарнитурасы.
Офсеттік қағазы. Таралымы 300 дана.

«Реграст» баспаханасында тапсырушының электрондық
тасушысынан басылып шығарылған.
Қарағанды қ., Ермеков к., 112/5. Тел.: 8 (7212) 43-17-05



instityt-sv@mail.ru